

3  
TOM


ТОҚАЕВ

Кемел

ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кемел



Кемел  
ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

**3**  
ТОМ



АЛМАТЫ  
"АНА ТІЛІ"  
ЖШС БАСПАСЫ  
2018

ӘОЖ 821-512-122  
КБЖ 84 Қаз-44  
Т 52

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен  
насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін  
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды  
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші  
бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

*Құрастырған Жақау Дәуренбеков*

Т 52 **Тоқаев К. Шығармалары:** (роман және повесть)  
– Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС,  
2018.

ISBN 978-601-251-136-9

Т.З. – 2018 – 384 бет.

ISBN 978-601-251-126-0

Қаламгердің бес томдық шығармаларының 3-томына «Ұясынан безген құс» романы мен «Қастандық» повесі енді. Бұл аталған туындылар кезінде республикалық әдеби бәйгелерде үздік шығып, жоғары бағаланған дүниелер.

Шытырман оқиғалы роман мен повестің қызғылықты оқылатыны өмірде дәлелденіп, талай рет қайта басылғаны мәлім, орыс тілінде де көп данамен жарық көргені баршаға аян.

Туындылардың оқиғасы қою, тілі көркем.

Оқырман көңілінен шығары сөзсіз.

ӘОЖ 821-512-122

КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-251-126-0  
ISBN 978-601-251-136-9

© Тоқаев Кемел, 2018  
© «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018

## ӘРҚАШАН ОЗЫП ЖҮРДІ

1956 жылдың ақпан айының басында маған Өтебай Қанахин келді. Ол алдыңғы жылдан, мен былтырдан «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакциясында істейтінбіз.

– Тоқаев Кемел дегенді білесің бе? – деді.

Мен білмейтінімді айттым.

– «Қазақстан пионері» газетінің редакторы. Ертең екеуміздің редакциясына кіріп-шығуымызды сұрайды.

Өтебай екеуміздің әскерден босап келгендегі арманымыз – жазушы болу. Газет-журналдардың қайсысы шақырса да лыпылдап тұрмыз. Міне, Тоқаевтың шағын кабинетінде отырмыз. Стол басында көмірдей қара шашын ұқыптап жатқызған, сымбатты жігіт отыр. Ол Өтебай екеумізді орнынан тұрып аса бір жылышырайлылықпен күлімдеп қарсы алды. Қайсымыздың кім екенімізді іштей біліп тұрсақ та, аты-жөнімізді айтып таныстық. Кемел орнына отырғаннан кейін «Әдебиет және Искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналына шыққан Өтебайдың «Ауыр күндерде» повесін, менің әңгімелерімді оқығанын айтты. Жазушылық соқпағына жаңа түсіп келе жатқан кезімізде әлдеқайда шыға қалған бірлі-жарымды еңбегімізді әлдекім әлдеқалай аузына ала қалса, өзімізді әдебиет классигіндей сезініп, марқайып қалатынымыз бар. (Бұл қолына қалам алып, ойын қағазға түсіре бастағанның бәріне де тән әдет болса керек). Содан кейін бойымызда оқ-дәрі иісі әлі аңқып тұратын соғыс тақырыбына көшітік. Жас жеткіншектерді патриоттық дәстүрде тәрбиелеуде өткен соғыста көрсеткен қазақтар ерлігінің ұрпаққа жақсы сабақ екенін де еске алдық. Сөзінің аяғында Кемел 23-ақпанда өтілетін Қызыл Армия күніне арнап әңгіме-очерк жазып беруімізді сұрады. Екеуміз де оның тапсырмасын орындадық. Тіпті, қазақ елінің жаңа бір мерзімдік басылымының бетіне тұңғыш рет «шыққанымызды» ерекше атап өттік те.

Адам мен адамды екі жайт жылдам таныстырады: бірі – жолсапар, екіншісі – бірге қызмет істеу. Кемел «СҚ-ға» жауапты хатшы болып келгеннен кейін бірімізге біріміз бұрынғыдан да жақындаса түстік. Кемел қандай да бір оқиға болмасын, соған байланысты көңіл күйінен сыр бере қоймайтын жұмсақ дауысты биязы жігіт екен. Тіпті басынан асып бара жатқан «сорақылық» орын алса да дауыс көтере қоймайды-ау. Әлі есімде, газетіміздің бірінші бетіне жүз жолдық хабар шықты. Қазір мазмұны есімде жоқ, алайда Жеңсікбаев деген біреудің шаруашылық басқарғандағы жетістіктері жөнінде жазылған хабар болатын. Оның үстіне, газетте қате дегеніңіз кері мағына беретін ұқсас сөздерден кетеді ғой. Мысалы, «қорытынды – қыртынды», «Ұлы – улы» деп кететіні сияқты. Ал ол жолғы сорақылық басқа түрінде сораң етсін. Жеңсікбаев фамилиясы ылғи тасымалдауға ұшырап, жоғарғы жол бірінші буынмен аяқталып, қалған буындары жаңа жолдан басталып отырыпты. Айқай салып, жер тепкілейтін-ақ сорақылық. Кемел соның өзін корректор келінішекке майда даусымен-ақ айтып, ұялтты ғой.

– Осы хабарды оқығанда не ойлап отырдың? – деді де жауап күтпестен өзі де отырды. Корректор оттай жанып, қып-қызыл болып кетті. Яғни әлгі сөз, дауыс көтермесе де нысанаға дөп тиді. Жалпы осылай сөйлеу Кемелге тән екенін алдағы күнгі қарым-қатынастарымыз көрсетіп жүрді.

1958 жылы Қазақ елі Мәскеуде өтетін әдебиет пен өнердің онкүндігіне дайындалып жатты. Газет бетінен соған байланысты материалдар түспейді. Осы күндері, әсіресе онкүндіктің ашылу салтанатына арнайы 8 беттік газет шығаруға келгенде мен Кемелді бұрынғыдан да жақынырақ тани түстім. Тек фотоның өзі 60-тан астам болу керек. Әдебиет бөлімінің әдеби қызметкері болғанымнан кейін (бастығым Жекен Жұмақанов) баспаханада қонып-жатуымызға да тура келді – жауапкершілік дегеніңіз жағадан алады. Әсіресе мұндайда әлденеге шыр-пыр ете қалатын мінез өзімде де бар болатын. Сабырмен сөйлеп, асықпай тыңдап, мыңқ етпей жүрген Кемелді көремін де, әлде неге қаншама «шыбжыңдағым» келіп тұрса да, өзімді өзім басамын. Кемелде бірдеңені айтпас бұрын «һе» деп алатын әдет болатын. Сол әдеті бойынша жұмысты

әрман қарай асықпай, байыппен жылжыта береді ғой. Сонда байбалам деген атымен болмайды.

1960 жылы Кемел Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысының» Бас редакторлығына ауысып, өзім Ертіс-Қарағанды каналы құрылысына кетіп, біраз уақыт бірімізден біріміз хабар үзіп алып жүрдік. Десем де канал құрылысында жазды өткіземін де, күн суыта Алматыда үйде боламын. Ұмытпасам, 1970 жылдың күзі. Бір күні Кемел үйге телефон соғып, Жоғарғы Кеңеске келіп кетуімді сұрады. Бардым. Республика Ішкі істер министрлігі мен Жазушылар одағы милиция ерлігін насихаттайтын кеңес құрыпты. Оған Жазушылар одағынан Кемел, мен және сынышы Николай Ровенский үшеуімізді енгізген екен. Соның бірініші мәжілісіне баруымыз керек екен. Кеңес мүшелігіне министрліктен бөлінген насихатшылар тобын саяси тәрбие бөлімінің меңгерушісі Лисин деген полковник, жазушылар тобын басқаруға Кемел және біріккен кеңес төрағалығына министрдің орынбасары, генерал-майор Филипенко тағайындалыпты. Мәжілісті осы генерал ашып жүргізді. Міндет айтылып жатыр. Іс-жоспарымыз бойынша милиция тақырыбына жазылған прозалық шығармаларға бәйге жариялауымыз керек екен. Бас бәйгеге 700 рубль (ол кезде 1 доллар 95 тиынға тең) белгіленіпті.

Бәйге шартын орысша да, қазақша да дайындап, газет, журналдарға жариялап, радио, теледидардан да хабарлап жатырмыз. Біраз уақыттан кейін кеңесіміздің хатшысы Қабден Сәуіркенов деген подполковник қолына қолжазбалар келіп түсе бастады... Шартта көрсетілген уақытқа дейін келіп түскен шығармаларды оқи бастадық. Сол күндері Кемел мені кеңсесіне тағзы шақырды.

– Мен қиын жағдайда отырмын.

– Иә, үй-іші, бала-шаға аман ба? – деймін.

– Шүкіршілікте. Ал менің кездесіп отырған қиындығым, бәйгеге шығарма ұсынып, өзім де қатысқалы отырмын. Қазақ тілінде түскен шығармаларды іріктеу салмағы саған гана түсейін деп тұр.

– Айтайын дегенің осы ма? Сол да сөз болып па екен. Бәрін мойныма аламын, – деймін. Осыған жә достік. Шығармаларды сараптау үш кезеңнен тұратын болды. Біріншіде сын көтермейтін шығармалар алынып тасталды да, одан қалғандарды министрліктен кеңеске мүше болған және көлденең жазушы жігіттерге ұсыну арқылы іріктеуге тура

келді. (Әрине, соңғы да ақылы жұмыс). Осылай, сыйлық тағайындайтын ең соңғы кезеңге де жеттік-ау. Кеңес мәжілісі жиі өтеді. Кемел көбіне, белгілі себеппен әрине, сылтау тауып қатыспауға тырысады. Ал қатыса қалған күнде талқыға араласып, белсенділік көрсете қоймайды...

Сөйтіп, соңғы тұрға таңдап алған повесть, әңгіме, очерктердің әрқайсының алқашқы озық деген үшеуін бәйгеге, олардан көркемдігі төмендеу дегендерді ынталандыру сыйлықтарына белгіледік. Бәйгеміз жабық болатын. Шарты бойынша шығарма бүркеме атпен түсуге тиіс. Ал автордың нағыз аты-жөні мен адресі – конвертте – Сәуіркенов сейфінде. Ал қазір – алдыңда және өзі қаулы жазып отыр. «Бірінші сыйлық «Көмескі із» повесіне берілсін!» Дереву конвертке ұмтыламыз. Қабден ашады – Кемел Тоқаев. Ду қол шапалақтау. Құттықтап жатырмыз. Ал Кемелде асу да жоқ, тасу да жоқ. Миығынан жымыиып, жұмсақ дауысымен алғысын айта береді. Повесть маған оқиғасының шымырлығымен, сюжетінің сәтті өрілуімен, адамдардың мінез-құлықтарының даралануымен және тілінің жатықтығымен ұнаған еді... Осыдан кейін бір кездескенімізде мен оған:

– «Ана повесть менікі еді» дегендей емеурін білдіріп қоймадың ба? – деймін.

– Онда кеңестің басқа мүшелерінің алдында арымыз таза болмайды ғой, – деді Кемел.

– Мұның да дұрыс болар, – деп қостадым.

– Өзің былай, повестің менікі екенін сездің бе?

– Алдында «мынаның авторы жазуға төселген адам. Сонда бұл кімдікі болды екен?» деген ойда болғаным рас. Сонан соң сенің 1956 жылы милиция тақырыбына жазылған шығармалардан оза шығып, Сафуан Шаймерденов ұсынысымен сыйлық алғаның есіме түсті де, әрине, мынау да сенікі деп түйдім. Шынын айтқанда осы жөнінде өзіңмен сөйлескім де келіп ішіме сыймай жүрді ғой. Әй, әйтеуір аузымды буып жүріп, шыдадым-ау.

– Шынымды айтсам, өзім де сеңдей күйде жүрдім сол күндері, – деді Кемел. Екеуіміз жарыса күліп алдық.

Үш жыл өткеннен кейін тағы да бәйге жарияладық... Межелі уақытқа жеткенде кеңес мүшелері бас қосып, қолжазбаларды бөліске салдық. Қазақша жазылғандары менің үлесіме тиді.

– Әңгіме, очерктерді маған бер, – деді Кемел Сәуіркеновке.

– Повестерден неге алмайсың? – дедім мен. Кемел жымылып қана үнсіз отыра берді. Одан әрі, әлде неге түсінген мен де үндемедім. Жеті повестен үшеуін келесі кезеңге салу үшін таңдап алдым. Бұл үшеуін де төрт аяғы тең шығарма деуге болмаушы еді. «Орыс авторларынан түскен повестерден сыйлыққа татитыны шығып қалса, қазақша повестің әлсіздеуін шегеріп тастармын» деген оймен іріктегенмін. Айтқанымдай-ақ, екінші кезеңнен бір орыс авторының повесі алға шығып, менің қолымдағы үш шығарманың «әлсіздеуі» көтермелеу сыйлығына шегерілді.

Міне, соңғы отырыс. Мен «Сарғабанда болған оқиға» деген повесті «Мынаның авторы қылмыс ашу тәсіліне қарағанда сіздердің қызметкерлеріңіз, ал жазылу стиліне қарағанда біздің жазушы ағайын», деп бірінші сыйлыққа ұсынайын. Бұл да Кемекеңдікі екен. Даусыз алды сыйлығын.

Бір еркін отырыста оған:

– Сен елуінші жылдардың орта кезінен бастап осы тақырыпқа ғана жазып келе жатырсың. Сталин заманында «Кеңес Одағында қылмыс болмайды» дейтін. Ал сен шығармаларыңда «қылмыс бар» дейсің. Қалай қорықпай барып жүрсің осы тақырыпқа? – деймін.

– Сен қызықсың, – дейді Кемел маған. – Қылмыс болмаса, милицияны неге ұстайды?

– Оны «ішкі тәртіп сақшысы» дейді зой. Бұл – бір, екіншіден, бір күні «партия қағидасына қарсы жазады» деп өзіңді айыптап жүрмесе.

– Айла бар, айла, – деді Кемел. – Қылмыс атаулыны орысша «буржуазная пережитка» демей ме? Міне, мен қылмыс істеген адамдарымды осыған апарып тіреп қоямын. Кітабым шығады.

– Хрущев пен Брежнев заманында да партия өзінің сол қағидасымен әлі тұғырда еді зой. Енді ана «пережитканы» сылтау қыла алмайсың.

– Өткен соғыс ше? – деп қайырды Кемел.

– Иә, иә, – деймін мен. – Сенің повестеріңде гитлершілдерге қызмет істеген полициялар да жүруші еді-ау...

– Әзірше, еліміздегі қылмыстар осындай зардаптардан туды деп келе жатырмыз зой.

– Болашақта ше? Соғыс «пережиткасынан» да алыстайтын уақытымыз болады зой.

– Адам біріне бірі түр жағынан қандай ұқсамаса, мінез-



құлқы жағынан да сондай ұқсамайды. Ал мінез әртүрлі болады екен, ендеше адамдар арасында қылмыс та болады. Мұны әлі бүкпентайсыз, ашық айтатын уақытқа да жетеміз, – деді Кемел. Міне, үшінші рет тағы бәйге жарияладық. Байқаймын, Кемелім мәжілістерде әлі де шегіншектей береді. Айтысқа араласпайды, ештеңеге де пікір білдірмейді. Оның бұл кейпі маған түсінікті болды...

Бұл жолғы бәйге де мәресіне жетті. Мен бірінші сыйлыққа «Соңғы соққы» деген повесті, кеңестің басқа мүшелері өздері «тәуір» деп санаған шығармаларын сыйлықтың одан төменгі сатыларына ұсынып жатыр. Мені «Соңғы соққыны» оқыған басқалар да қолдады. Конвертті ашқанымызда мұның авторы да Кемел болып шыға келсін. Бәріміз де жадырап күлісіп, автордың қолын алып құттықтап жатырмыз. Бұл – елімізге тағы да қанды қырғын салу мақсатымен Синьзянда келесі соғысқа дайындалып жатқан Дутов ұясының қалай талқандалғаны жөніндегі роман болатын. (Белгілі «Атаманның ақыры» кинофильмі осыдан кейін шығады – Қ.И.)... Кенеттен полковник Лусин бұлқан-талқан болып шыға келсін:

– Бұл жолы Тоқаев өтпейді! – деген ол булығып отырып, қолындағы қарындашын да тастай берді. – Бірінші сыйлыққа мына повесть өте керек, – деп бір қолжазбаны ұсынды. Қазір ол қолжазбаның аты мен авторы есімде жоқ. Әйтеуір орыс екені жадымда қалыпты.

– Ол нашар повесть қой, жолдас полковник, – деймін мен.

– Оны немен дәлелдейсің? – деді полковник.

– Мен оны пікірімде жазып бергенмін. Сонда да қайталауға бармын. Сюжетінде реттілік жоқ. Адам портреттері жасалмаған. Бұл повестің ең бір сәтсіздігі: қылмыс жасаушылардың бәрі қазақтар, ал ұстаушылар – өңкей орыстар.

– Өмірде солай болса, не шараң бар? – деді Лусин.

– Әдебиет өмірдің көшірмесі емес. Өмірде болған оқиганы өңдеусіз, сол қалпында ұсынуға болмайды.

– Дутовты өлтіргендер өңшең қазақ, ұйғыр, татарлар зой. Сонда Тоқаев қолжазбасын сыйлыққа неге ұсынуымыз керек?

– Оларды жұмсап отырған Мәскеуден Дзержинский, республикадан – Оразов, губерниядан – Суворов... – деймін мен. Бұл – бір. Екіншіден, мен бір қазақ авторының повесін қайтардым. Ондағы айтқан негізгі кемшілігім, оның

қылмыскерлері орыс пен корейлер де, ашатын, ұстайтын қазақтар. Сізді сыйлаймын, бірақ өз принципіме өзім қарсы шыға алмаймын. Сіз ұсынып отырған повестің үлкен кемшілігі – авторының халықтар арасына іріткі салуға тырысуы. Сөз таластырып отырған шағымызда Лисин Ровенскийге жалтақтап қарай берді – көзінде «сен де орыссың ғой. Қолдасайшы мені» дегендей сыңай бар. Осыны түсінді ме, болмаса, кеңес мүшесі ретінде үнсіз қалғысы келмеді ме, әйтеуір көтерілді.

– Мен қазір сізді қолдап, мына қолжазбаға сыйлық берсек, ол ертең оны маған әкеледі (Ол кезде Ровенский «Простор» журналында істейтін – Қ.И.). Мен оны баспаймын. Өйткені нашар шығарма. Баспалар да сөйтеді. Сонда не болады? Біздің сыйлығымыз оған неге берілген болады? – деді.

– Ендеше, бұл мәселені басшылық алдына қоямыз, – деп Лисин мәжілісті жапты. Оның айтқан басшылығы генерал Филипенко. Міне, Лисин екеуміз соның алдында отырмыз. Полковник мән-жайды түсіндірді де:

– Қашанғы бірінші сыйлықты қазақ алып кете береді, – деді. «Е-е, сенің ой түбіне көмгенің осы екен ғой», деп отырмын. Филипенко «сіз не айтасыз» дегендей маған қарады.

– Милиция ерлігін насихаттауға үш жүздей жазушыдан суырылып дара шыққан осы Тоқаев қана. Не жазушылар одағы, не Сіздер оны милиция ерлігін насихаттауға шақырған жоқсыздар. Ол тақырыпқа өзінің жүрек қалауымен келді. Сіздер оған осы үшін ғана былай да алғыс айтуға тиіссіздер. Бұл – бір, екіншіден, біздің бәйгеміздің түп мақсаты кітап шығару болса, Тоқаевтың қолжазбасы кітап болып шығады. Ал полковник ұсынған қолжазба өмірінде шықпайды, – дедім мен.

– Осы айтқандарыңызды қағазға түсіріп бере аласыз ба? – деді генерал.

– Ертең-ақ алдыңызға қоямын, – деді мен. Генералдың сұраған қағазын бердім... Көп кешікпей кеңестің соңғы бәйге жөніндегі қаулысын министр бекітіпті – жазушы Кемел Тоқаевқа «Соңғы соққы» үшін бірінші сыйлық беріліпті. Бұл дауға түсуін мен түскенмен, Кемел шығармасының өзінің жеңгенін айту керек. Егер ол шығарма мықты болмағанда мен не айтар едім. Осыны біреу айту керек болса, сол үлестің маған тигеніне бүгінге дейін мақтанамын.

Әлде, Лисиннің «сыйлықты қашанғы қазақ әкете береді» дегені себеп болды ма екен, әлде, «даудан» арылудың ең

оңай жолы осы деп шешті ме екен, әйтеуір көп кешікпей кеңесіміз таратылды... Кемелдің кітаптары түгел дерлік дерекке құрылған. «Арнаулы тапсырма» бүгінде ортамызда жүрген, халық қаһарманы, айбынды партизан Қасым Қайсеновтің ерлігі жөнінде. Халқымыздың маңдайына жазған осынау батыр перзенті жөнінде тұңғыш рет шығарма жазғандардың бірі Кемел. (Әдетте Қасекең «өзге емес өзі айтатын» жазушы). Қайсыбіріміз қолымызға түскен «солдат күнделігін» сол қалпында жариялауға асығамыз. Ал Кемел «Солдат соғысқа кетті» повестінде «солдат күнделігінің» әр күнін даралап, талдап, соғыстың мән жайын өзінің көруі, сезінуі бойынша жаза білген. «Соңғы соққыда» облыстық ЧК басшылығы мен Жаркент уездік милициясында жүрген 20 шақты нұсқау, телеграмманың сырын ашып, соларға байланысты жергілікті жерде мақсатқа жету үшін не істеліп жатқаны толық айтылып шығады... Яғни, Кемел кітаптары – көркем әдебиетте деректі қалай пайдалануға болатындығының үлгісі. Кемел кітаптары үнемі мол тиражбен және қайталап шығып тұрды. Мысалы, «Көмескі із» 4, «Түнде атылған оқ» 3, «Қастандық» 4, «Арнаулы тапсырма» 3 рет қайталанып шыққан екен. Кеңес Одағы жылдарында, әсіресе Қазақстанда, жылында бір автордан бір шығармадан артық жарияланбауы жөнінде қатаң ұсталған «тәртіп» те болған. Осы «тәртіптің» тек Тоқаевқа ғана жүрмегенін «Қыс қарлығашы», «Көмескі із» повестерінің 1955, «Тасқын» және «Көмескі із» повестерінің 1958, «Түнде атылған оқ», «Қастандық» повестерінің 1971, тағы да «Көмескі із», «Қастандық», «Түнде атылған оқ» повестерінің 1972 және 1975 жылдары жеке кітап болып шыққандарын көреміз. Осынысына қарамай, кітап магазиндері сөрелерінен шаң басып тұрған Кемел кітаптарын көрмейтінбіз. Яғни, Кемел Тоқаев, осыны айтқымыз келмесе де, бәрімізден де көп оқылған жазушы болды дей аламыз.

Сол Тоқаев – халқымыздың сүйіп оқитын жазушысы, біздің сүйікті досымыз.

**Қалмұқан ИСАБАЙ,**

жазушы,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

# ҰЯСЫНАН БЕЗГЕН ҚҰС



## ҚАСТАНДЫҚ



*Роман  
және  
повесть*

## ҰЯСЫНАН БЕЗГЕН ҚҰС

(роман)

Арманда кеткен аяулы Майра  
Сыбанбаеваға ескерткіш.

### БІРІНШІ ТАРАУ

Облыстық ішкі істер басқармасы өз территориясындағы барлық милиция бөлімшелеріне шұғыл телеграммалар жолдады. Сондай шифротелеграмма Көктас қаласына да келген еді. Онда былай деп жазылған:

Мүлде құпия  
Шифротелеграмма  
«Көк толқын»  
Көктас милиция бөлімшесіне  
Серқожаев жолдасқа!

Биылғы жылдың сентябрь айына қараған түні өте қауіпті қылмыскер НОЯН ТАЙШЫҚОВТЫҢ қашып кеткенін хабарлаймын. Қатты ескертем: қылмыскер қаруланған. Күзетшіні өлтіріп нағанын алып кеткен.

Қылмыскер 201-статья бойынша айыпталып, еңбекпен түзеу орнында жазасын өтеп жатқан. Туған жылы – 1936. ЕРЕКШЕ БЕЛГІСІ: орта бойлы, қара торы келген. Көзі шүңіректеу. Сөйлегенде аздап тұтығады. Соны сездіргісі келмей баяу, жай сөйлеуге тырысады. Қасы қара. Құсмұрын. Шашы дудар. Иек ұшында шұқыры бар. Сол жақ бармағының астында пышақ осқан тыртық қалған.

Қылмыскерді ұстаған кезде өте сақтық керек. Ол бокс, каратэ тәсілдерін жақсы біледі. Тағы да ескертем: қылмыскер қаруланған. Кез келген сәтте мылтық атып қарсылық жасауы мүмкін...

Қылмыскерді іздеу, зиянсыздандыру жөнінде пәрменді шара қолданыңыз.

Полковник Әкімғалиев,  
Облыстық ішкі істер басқармасы».

Майор Серқожаев қатырғы қағаз папкаға салған шифротелеграмманы тағы бір рет оқып шықты да, стол шетіндегі дөңгелек табақшаның қара ноқатын басып қалып қысқа әмір етті:

– Маған оперативтік қызметкерлерді тез шақырыңыз!

Табақшадан әйел дауысы естілді:

– Қазір шақырам, Әли Серқожаевич.

Аз уақыттан кейін кабинетке бірден, ек-үштен кісілер кіре бастады. Бастыққа үнсіз, бас ие амандасып ұзын столдың екі жағына тізіле отырысты.

Секретарь әйел:

– Бәрі түгел жиналды, – деп есікті ақырын жапты.

Серқожаев отырғандарға қарап өтіп:

– Жолдастар, онда төтенше мәжілісімізді бастайық. Қазір ғана облыстық Ішкі істер басқармасынан шифротелеграмма алдық. Түрмеден аса қауіпті қылмыскер күзетшіні өлтіріп қашып кеткен. Оның қаруы бар, – деп шифротелеграмманың тексін дәлме-дәл қайталап шықты. Кабинет іші тым-тырыс тына қалған. Әр сөзді таңырқай, күйзеле тындасқан түрлері бар. Серқожаев ауыр денесімен қозғала көтеріліп:

– Бұған орай не айтуға болады? Ауданның қалай орналасқаны бәріңе жақсы мәлім. Көктас – аудан орталығы болумен бірге ірі өндірісті қала. Шығыс пен батысқа баратын темір жол осы жерден өтеді. Қала төңірегі сығысқан шаруашылық. Оның жайлауы да жақын. Қаратал өзенінің арғы беті шексіз құм. Үшөзек, Байтоқ, Қаражал құмдарының арасы қалың қыстау. Көгілдір көлдің бергі беті қалың жынысты тоғай. Қайратты кісіге теңізге жету қиын емес. Қылмыскер өзіне тиімді осындай жерді пайдалануға тырысады. Оның Мұқыр қыстағында нағашылары тұрады екен. Бұл қылмыскер осы маңнан бой көрсетіп қалуы ықтимал деген сөз. Сондықтан әркім өз істеріне ұқыпты қарап, қырағылықты күшейткені жөн. Әлде біреу күдік туғызып, оның ерекше белгілері

қылмыскердің сыртқы бейнесіне ұқсай қалған күнде бұл туралы бөлімшеге дереу хабарлауы керек. Өз бетімен асығыс әрекет жасауға тиым салам. Сәл кателік құрбандыққа соқтыруы мүмкін. Ескертем: қылмыскер қаруланған! – деді де, отырғандарды жағалай шолып. – Сұрақ бар ма? – деді.

Отырғандар бір-біріне қарасып: – Түсінікті!

– Сұрақ жоқ! – десті.

– Іске сәт!

Серқожаев мәжілістің тамамдалғанын білдірді. Жиналғандар тарай бастады. Босағада бөгіліп қалған Құрбановаға:

– Майра, неге тұрсың? Бірдеңе айтайын дедің бе? – деді.

– Жолдас майор, өтінішім бар.

– Тыңдап тұрмын. Айта бер.

– Қауіпті қылмыскерді іздеу жөніндегі істің бас-аяғына түгел қатыстыруыңызды сұраймын.

– Сонан соң?

– Практикада жүргенде сіздерден алған тәлім-тәрбием болсын.

– Қылмыскердің қаруы бар екенін естідің бе?

– Білем.

– Онда несіне сұрайсың. Ертең оққа ұшсаң кім жауап береді?

– Бұған бүкіл оперативтік топ қатысқалы отыр ғой.

– Бұл олардың қызметі. Ұқтың ба? Олар солай жасауға тиіс.

– Жолдас майор, мен мұнда оққа ұшам деп келгенім жоқ. Алған білімімді жүзеге асырсам деп жүрмін. Сенбейтін болсаңыз, бос жүрістің қандай мәні бар?

Серқожаев қарауындағы қызметкерлердің пысықсып қарсы сөйлей қалғанын, керіскенін қаламайтын. Ол қабағын шытып:

– Ойланып көреміз, жүре бер! – деді.

Бұл кезде Шегебай Қөкнардың қалың шатқалдарының арасында жападан жалғыз машинасын жүргізе алмай әлекке түсіп жатқан. Күн ұясына қарай еңкейген мезгіл. Тау іші көлеңке тартып, қарауыта бастады. Айнала төңірек жым-жырт. Сонау биік шыңға сұр тастарға шаншыла түскен қызғылт сәуле бара-бара үзіліп, семіп, өшіп барады. Шегебай

батып бара жатқан күннің сәулесіне телміре қарап:

– Сорлы Шегебай, құрыдың енді! Торға түскен күйкентайдай отыр осылай! – деп қолын сүрткен майлы шүберекті капоттың үстіне лақтырып жіберді.

Шегебай «райпотребсоюздың» автолавкасын ұстайды ғой. Сатушы да, кассир де, шофер де бір өзі. Жайлаудағы ел біраз күннен кейін етекке түспек. Әр отар бытырай, жайыла кешеді. Қыстауға жеткенше арада талай күндер бар. Шегебай қойшы-малшылардың тапсырған аманаттарын апарып тастамақ боп аудан орталығынан таң сәріде шыққан еді. Машина өрге қарай көтеріле бергенде моторы тырылдап сөнді де қалды. Тормоз беріп ақырын кейін сырғанап жылжып донғалақты көк тасқа тіреп қойды. Шегебай машинаны жүргізе білгенмен оның техникасына онша жетік еместі. Мотордың бүлінген ақауын таба алмай әбден дағдарды. Оның сөзін біреу тындап тұрғандай бөгде дауыс естілді.

– Ағай, не боп қалды? Сонша түңілгеніңіз не? Шегебай шошып кетті. Жан-жағына қарады. Қара тастың арасынан көтеріліп келе жатқан кісіні көріп кабинаға қарай тығыла берді.

– Ей, кімсің? Жынбысың, перімісің? Қайдан жүрген адамсың?

– Қатты қорықтыңыз ғой. Менің түрім кісі үрейленетіндей ме? Сірә, солай болар. Әуелі өлтіріп кетсе қайтер едім? Қайта бұған да шүкір. Киім-кешек бастан садаға! – деді бейтаныс адам.

Шегебайға бұл сөздер соншалық бір жай, момын, шын кеңілмен айтылғандай көрінді.

– Жөніңді айт! Кімсің өзің?

– Қорықпа, ағай. Мен осы жаққа командировкаға келген едім. Көрдіңіз бе, осындай бакытсыз күйге ұшырадым.

– Командировкаға келген кісі ауданға, қалаға бармай ма екен? Тау қуысында жын-перідей неғып жүрсің?

– Мұның бәріне өзім кінәлімін. Вокзалға келіп билет алайын деп тұрғанымда, кассаның алдынан тәуір киінген жас жігіт жолыға кетті. Қолымдағы чемоданымды көріп, «Қайда барасыз?» деп ақырын сыбырлай қалды. «Қызылжар деген



сөз аузымнан шыққаны сол екен, ол «Осында бір шофер өзінің «Жигули» машинасымен апарып тастауға келісті. Біз үш адамбыз. Қасымда екі қыз бар. Сізбен төртеу боламыз. Күннің мына ыстығында вагон ішінде пысынап отырғанша үш-төрт сағатта-ақ тамашалап жетіп барамыз. Әр кісіге он сом деген не тәйірі! Қалай, кеттік пе? – деп жабыса қалды. «Қыз» деген сөзді естігенде көңіл құрғыр босап кетті. Тәуір әйелді кергенде қозып, құтырынып кететін жаман әдетім бар еді. «Екі қыз болса оның біреуі мына жігітке ашына болған күнде екіншісінің басы бос қой» деген ой келе қалды. «Мақұл, кеттік» дедім. Алғаш машина ішінде үндемей томсарып отырдық. Үлкен автотрасса Ақөзек станциясын басып өтеді ғой. Жолда тоқтап тамақ іштік. Тәбет ашарға жүз елу – екі жүзден қағып жібердік. Әлгі жігіт екі шөлмек арақ алған соң, құр қалғаным ыңғайсыз болар деп мен де бір коньяк пен шампан алдым. Қыздар жомарттығымды мақұлдағандай бір-біріне қарап жымындасып, күлісіп қойды. Олар күлсе мен дәмеленіп мээ болам. Мына Көкнардың қуысына кіргенде «Енді қала алыс емес. Сәл аялдап, аяқ-қолымызды жияйық!» дедім. Бұл сөзді айтуыма қасымда отырған қыз себеп болды. Ресторанда ішкен арағына балқыды ма, басын иығыма қойып, нәзік саусақтарымен басы-көзімді сипалап маза бермей келе жатқан. Бір-екі мәрте ернінің ұшын құлақ түбіне тақап «Сүйіктім менің» деп сүйіп те алды. Оңаша қалсақ қыз оңай көніп құлай кететіндей көрінді. Қыздың аты Сайра екен. Ол өзін солай таныстырған. Ағаштың тасасында отырып екеуміздің коньяк ішкеніміз есімде бар. Одан кейін не болғанын білмеймін. Көзімді ашып алсам, қалың жынысты тоғайдың ішінде осындай күйде жатырмын. Үрейім ұшып, тұра салып айқай салдым. Жаңғырықтан басқа дәнеңе естілмейді. Әлгі оңбағандардың орман ішіне елсіз жерге апарып тастағанын білдім. Құр айқайдан түк шықпайтын болғаннан соң мына сүрлеу жолды тауып алып кешеден бері қарай жүріп келем. Бұл жолы елді мекенге апарар деп ойладым. Бірақ, бірде-бір ауыл көрінбеді, кісі де өтпеді. Сөйтіп тарығып келе жатқанда өзіңізге жолықтым. Міне, бар әңгіме осы.

– Сен әлі жарым жолда жүрсің. Күшінді сақта, әйтпесе

далада қалып, ит-құсқа жем боласың.

– Білем, менің айтқаным сенбей тұрсыз. Сізді көргенде қуанып кетіп едім.

– Ал мен қуанып тұрғаным жоқ. Ұқтың ба? Жолыңнан калмай жүре бер!

– Әрине... Құсаңыз амалым қайсы. Кете барам да. Мұсылман баласыз ғой. Аты-жөнімді біліп қалыңыз. Менің фамилиям мына командировка куәлігінде жазылған, – деп төс қалтасынан қағаз алып ұсынды.

Шегебай колфонарының сәулесін түсіріп куәлікке көз жүгіртті.

Жігіт сөйлеп тұр.

– Сіз де осы жердің тұрғынысыз. Әрі-бері біреулер жүре қалса көмектес деп айтарсыз. Сізден өтінем.

Шегебай қағазға үңіле түсіп:

– «Қазпотребсоюздың командировкасы ма? Бұл қалай, сонда біздің системада жұмыс істейсіз бе? – деп жігіттің иығынан түртіп қалды.

– Фамилияң Құдияров қой? Байыс Құдияров... Ондағы қызметкерлердің бірсыпырасын танимын. Құдияров... Байыс... Есімде жоқ.

– Білмеуіңіз әбден орынды. Бұрын облыста істеген едім. Жақында ғана ауыстым. Менің ағайым министрлікте істейді ғой. Сол Рыскеңмен ақылдасып орталыққа алдырды. Мұнда беделді дәрежелі кісілердің ортасында боласың, көзге ілігесің, өсуіңе де жол ашылады деген соң келдім. Әйтпесе бұрынғы қызметім де жайсаң еді.

– Тоқтай тұр, сен қай Рыскеңді айтып тұрсың?

– Бастық Рыскеңді айтам да.

– Өзіміздің Рыскең бе?

– Иә.

– Құдай-ау, не дейді? Ол кісімен былай жақын таныссың ба?

– Қалай деп айтсам екен. Рысекеңнің сапарлап қайтқанын білетін шығарсыз. Содан келгеннен кейін бізді қонаққа шақырды. Шет елден әкелген арақ-шараптары бар екен. Соның дәмін таттық. Сонан соң өзіңіз білетін ала сиырдың терісін айналдырып жіберіп, таң атқанша соқты-ау кеп.

Әрине, мен олардың карта ойынына араласқаным жоқ. Жай, анау-мынау тасып қызмет жасадым.

– Бауырым, Байыс-ау баяғыдан бері солай демейсің бе? Жақсыны кебенек ішінде таны деген. Өзіңнің осал емес екенінді байқап қалып едім. Рысекеңдер анау-мынау кісіні үйіне шақыра бермейді ғой.

– О не дегеніңіз, ағасы, – деді Құдияров сынық, жуас үнмен.

– Рысекең біздей жас балаларды қайтсін. Біздің ағаймен өздері баяғыдан дос, ашына-жай, сырлас кісілер. Күріш арқасында күрмек су ішеді дегендей, бәрі ағайдың арқасы да.

– Онда қайсы бөлімде істейсің?

– Техникалық жабдықтау жағындамын.

– Мына машинаға қалайсың? Мұның тетігін білетін бе едің?

– Үйреншікті жұмыс қой.

– Қане, көріп жіберші. Тәп-тәуір жүріп келе жатып моторы сөнді де қалды. Осындай алыс жолға шығарда механикке қаратып алушы едім. Бүгін үйіне барсам антұрған басын көтере алмай жатыр. Кеше тойда көп сілтеп жіберсе керек.

Құдияров копотты ашып мотор қуыстарына қол жүгіртіп қарай бастады. Кішкене сым темірдің ұшын ұстап тұрып:

– Стартерді басыңызшы! – деді.

Шегебай педальді басып қалғанда мотор айналып машина дүр сілкінді. Шегебай қуанғаннан айқайлап жіберді:

– Жарайсың, Байысым! Сабазым! Бәсе, Рысекеңнің қолқанаттары осылай болса керек еді! Шіркін, әулие кісі ғой. Өзі сонау орталықта отырса да айдалада жүрген пақырларына пайдасын тигізіп жатқанын қарашы! Ырысым ғой ол!

Құдияров қолын шүберекпен сүртті де:

– Ағай, менің өтінішімді ұмытпаңыз. Әрі-бері өткен біреулер болса, ала кет деп айтарсыз, – деп, кетуге ыңғайланғанда Шегебай кабинадан атқып шықты.

– Жоо-о-оқ, Байыс-жан, сені ешқайда жібермеймін. Менің ең құрметті қонағым боласың. Сені қаңғытып-жіберіп, ертең Рысекеңнің бетін қалай көрем. Жайлауға апарам. Ел аралайсың.

– Бармағын қақайтып, – мына деген келіншекпен

таныстырам, – деп көзін қысып қойды.

– Ағаңның сыйын көріп қайтасың.

– Мені мазақтайсыз ба, мына түріммен қалай жұрт көзіне көрінем? Адамы түгіл иті шошып кетер.

– Байыс-жан, со да сөз бе екен. Шегебай ағаң аман болса бәрі табылады. Мына машинаның іші толған киім-кешек, азық түлік. Қалағаныңды ішіп, таңдағаныңды киесің. Кел, қасыма отыр. Аздап жүрек жалғап алалық.

Арада үш-төрт сағат өткеннен кейін машина жарығынан алдыңғы беткейден ақ отау көрінді. Шегебай қалғып келе жатқан Құдияровты шынтағымен түртіп:

– Мына үйдің ішінде ай десе аузы, күн десе көзі бар періште отыр. Жасы жиырманың ар жақ – бер жағында. Күйеуі алпысқа тақап қалған қатпа шал. Өздері шет жақтан келген. О жақта қазақтың баяғы кезіндей әлділері жас қызды ала береді екен де. Шал үйінде болса қой күзетуге алып кетіп, өзінді оңаша қалдырам. Жас жанның сауабын алсаңшы, – деп күліп қойды.

Үй-іші түнгі қонақтарды жылы қарсы алды. Жас еттен қуырдақ туралып, самаурынға шай қойылды. Мұның бәрін жасап жүрген жас келіншек Зиягүлдің өзі. Қимылы шапшаң, ісі тындырымды. Ажары соншалық ашық-жарқын. Қасық, пышақ іздеген боп төрде қисайып жатқан мұнтаздай киінген сырт пішіні момақан, жуас көрінген жігітке көз қиығын тастап тамсанып қояды. «Үстіндегісінің бәрі қандай жаңа, таза жіптен шыққандай. Тегі бір үйдің әлпештеген әздегі-ау. Асын алтын қасықпен ішіп жүрген бұл сылқым кесе-шынаяғымызды менсінбей жүре ме?» – деп қауіп те ойлайды.

Құдияровтың екі көзі қанталап шоқ боп жанып кеткен. Зиягүлге қызығып, ынтығып отыр. Шайын жөнді ішпеді. Алдындағы шынысын зыңылдата шертіп:

– Этот дрянъ старик как прицепил такую кралю, просто глаз не оторвать от нее, – деп Шегебайға ыржия қарады:

Шегебай шала орысшасына салып күле жауап қатты:

– Терпи, қазақ, атаманом будешь!

Жәкі бұлардың одағай сөздерін ұға қоймады. Әйткенмен көңіліне күдік алды ма:

– Шеге-жан, мына баланы танымадық. Кісілігінен

кісімсінуі көп пе, қалай? – деді.

– Отағасы, бұл жігіт сонау орталықтан, астанадан келіп отыр. Сонда Рысбек Шолақов деген үлкен кісіміз бар. Мына өздеріңе тасып жүрген қант-шай, жібек кездеме, патсайы пұлдар, түкті жасыл кілемдер сол кісінің қолынан шығады, сол Рысекең бөліп беріп жатқан дүние. Рысекеңнің қарауында мен секілді талай мың қызметкерлері бар. Мына қасыңызда отырған Байысжан сол Рысекеңнің туған бөлесі. Біздің жаққа жолы түсіп, құдай айдап келген екен. Ел көрсін, жұрт танысын деп әдейі жайлауға ертіп шықтым. Осы күнгінің жастарын қойшы, малшы тұрмысын біле бермейді. Өзіңіздей кәрі құлақ қариялардың сөзін тындап ғибрат алсын, жөн білсін дегенім ғой, – деді.

Зиягүл шалына күңк ете қалды:

– Өзің алжып қалғанбысың. Жігіттің әдепті ортада өскені көрініп тұрған жоқ па? Қайдағыны сұрағаны несі!

Жас әйелдің бетіне келмей жасқаншақтай беретін Жәкі «И – иең» деп иегін көтере сақалын шошаң еткізді.

– Жүздің жүзін білгенше бірдің атын біл демейтін бе еді. Аты-жөнін біліп алайын деп жатқаным да, – деп Құдияровка еңсесін бұрды. – Атың барда ел таны желіп жүріп деген бұрынғының сөзі бар. Шақырса да келтіре алмайтын қонақ екенсің. Құдай айдап өзің кепсің. Үй мынау. Қалағаныңша еркін жатып тынық, демал. Әке-шешенің төсегіндей көр!

Шайдан соң Жәкі қой күзетуге кетті. Шегебай қаны тасып, басының ауырғанын сылтауратып шалдың қасына таза ауада серіктесіп отырмақ болды. Ілезде киіз үйдің шамы сөнді. Әлден уақытта Зиягүл:

– Жаным, сабыр етші, шыдашы... қазір, – деп сыбырлап жатты.

Таңертеңгісін Шегебай радиаторға су құйып машинаны жолға әзірлеп жатқанда Жәкі:

– Бұл қалай, жүргелі жатырсыңдар ма? – деді.

– Жоғары отардағы шабандардың тапсырған аманаттары көп. Ол байқұстар да асығып күтіп отырған шығар. Бұл жақтың жолы қиын. Күн көтерілсе моторы қызып пырылдап жүрмей қалады. Салқын шақта жетіп алайық.

– Шеге-жан қасыңда сонау астанадан келген қадірлі

қонақ бар екен. Түнде өздерің кеш келіп отын-суын қамдай алмадық. Бір малдың басын жемей қалай кетесіндер? Бүгін қонып, ертең аттаныңдар. Қалың отар қапталдасып қатар отыр ғой. Аралап үлгірерсің. Бүгінгі асыққаныңның қисыны жоқ. Арнаулы қонағым болыңдар, – деп Жәкі қиыла тілек етті.

Шегебай киіз үй жаққа көз тастады. Зиягүл босағада қолын қусырып тұр екен. Мынау сараң Жәкінің емес, Зиягүлдің өтініші екенін ұқты.

Бір жұма өткен соң бұлар аудан орталығына оралды. Қалаға тура баратын кең жолға түскенде, Құдияров машинаны тоқтатты. Қабинадан түсіп азырақ самал желге төсін қақтап желпініп алды.

– Ағасы, мені жайлау төріне апарып кең қызыққа кенелтіңіз. Бұл жақсылығыңызды Құдияров ұмытпайды.

– Байыс-жан, өкіметтің жұмысын әліміз келгенінше атқарып жатырмыз. Шет жағасын өзің көрдің. Бірақ, мұндағы басшылар оны бағалап жатыр ма? Ыңғайы келе қалғанда Рысекеңе бір ауыз сөз айтып қойсаң қайтеді.

– О не дегеніңіз, ыңғайы келсе емес, осыдан барған соң тура Рысекеңнің кеңсесіне барам. Сіздің жасаған жақсылығыңызды түгел айтам.

– Сенем, Байыс-жан. Жаман ағаң қарыздар боп қалмайды. Осы сөзімді есіңнен шығарма.

– Ағасы, қандай қусыз. Бәрін ұғып тұрмын, – деп жымың-жымың етті. Сол сәт өзгере қалып, ойланғандай шұқшия төмен карап, – Ағасы, осы күнгі жұрттың сырын білесіз. Біреудің жаманын теріп, тізіп шұқырға итере салуға құмар. Оның үстіне келінінің үлкен жердің қызы болған соң мінезі еркелеу, аздап өршіп, егесіп кететіні де бар. Менің бейтаныс сарыетек қыздармен анадай күйге ұшырағанымды естісе шаңымды қағады. Онда маған күн жоқ. Тау ішінде, елсіз жерде бишараға түскен халімді тісіңізден шығара көрмеңіз, – деді.

– Өзің мықты болсаң, Шегебай аузына берік. Қорықпа, жігітім!

Құдияров жолшыбай қалаға кетіп бара жатқан машинаны

тоқтатып мініп жатқанда, Шегебайдың қасына милиционер Дворкин жетіп келді.

– Шегебай, анау тәштиген қалпақтың кім? – деді.

Шегебай танауын көтере мақтанып:

– Ол біздің жиен. Орталықта, Алматыда істейді. Рысекеңнің бөлесі. Осында облысты тексеруге келген, – деді.

– Жиенің болса сөзім жоқ. Жолы болсын!

## ЕКІНШІ ТАРАУ

Серқожаев кабинетте оңаша отыр. Ауданда соңғы аптада істеген жұмыстар туралы облысқа жіберілетін шұғыл ақбарды карап жатқан. Мұндай кезде кісі қабылдамайтын. Ол есікті әлде біреудің ақырын ашқанын байқап, басын көтерместен:

– Бұл кім өзі? Мен бос емеспін. Ешкімді қабылдамаймын! – деді.

– Кешіріңіз, жолдас майор. Асығыс іспен келіп ем!

– Ә – ә, Дарханбысың. Амансың ба? – Серқожаев таңқалған пішінмен қолын жайды. – Облыс таңсәріден бұлай мазалай қояды деп ойлаған жоқ едім. Жоғары шық. Отыр. Тыныштық па, әйтеуір?

Екі жұма өтті. Қарулы қылмыскердің ізін білдіртпей сіңіп, жоғалып кеткені полковник Әкімғалиевті қатты абыржытқан еді. Министрліктен де телефондар соғылып, әрқилы түсініктер, мәліметтер сұратып жатты. Дәл қазір қылмыскер қайда тұрақтауы мүмкін? Осы аймақта сәтті жай тауып бұғып жатыр ма, немесе облыс шегінен шығып кетті ме? Полковник Қылмысты іздеу бөлімі мен Тергеу бөлімінің қызметкелерін жинап бірнеше әңгіме өткізді. Тайшықов жүдеу киінген, ерекше белгілері тез байқалады. Олай болса ол алысқа бара алмайды, осы маңға жасырынған. Әрине ол карап отырмайды. Қайткенде өзіне киім-кешек, документтер тауып алуға тырысады. Ең қауіпті кезең осы шақ. Қылмыскер өз мақсатына жету үшін қатерден тайынбайды, кісі өлтіруі де мүмкін. Полковник Әкімғалиев осындай жағдайды ескеріп, Майлыбаевқа дереу Көктасқа баруға бұйрық берген.

Қала теміржол торабының үстінде. Аудан үлкен. Ондағы жолдастарға көмектесу керек деген-ді. Облыстан түнделете шығып, Көктасқа жеткені осы еді.

Дархан майордың сұрағына:

– Сол тыныштықты сақтау, Әли Серқожаевич, сіз бен бізге жүктелген. Бәрі өзімізге байланысты, – деді.

– Полковник сені бізге жібергеніне қарағанда қылмыскер осы жақтан шығады, ұялайтын ұясы Көктас деп анық сенген ғой.

– Ахмет Әкімғалиевич, сіздерге қолқабыс тигізуді тапсырды.

– Полковникке рахмет. Ондай көмектен қашпаймыз. Біз де мұнда өз тарапымыздан қам жасадық, – деп Серқожаев орындыққа жотасын тіреп шалқая отырды. – Шифровканы алғаннан кейін осында милиция қызметінің барлық адамдарымен кеңес өткіздік. Әрбір учасковойларға, посторға түсінік-нұсқау берілді. Міндеттері түсіндірілді.

– Осында жүрер алдында еңбекпен түзеу мекемесінің әкімшілігімен сөйлескен едім. Тайшықов қылмыскер арасында «Артист деген лақап атпен танымал. Сұмдық айласы ішінде, сырты момын, мүләйім. Серіктерінің сөзін тындауға әуес. Өзі ашылып, сыр шашпайды.

– Оның бірден қолға түспей жүргені ашықауыздықтың да қырсығы ма деймін. Тым көңілшек, аңғал боп кеттік ғой, – деп құлсалғышты итеріп тастады.

– Оны қалайша «Артист атап жүр? Сондай өнері болғаны ма?

– Шынын айтсам, білмедім. Олар да айта алмады. Тегі қасындағыларды алдай білетін амалына қарап солай атаған ба деймін. Ұстап қолға түсірсек сұрап білеміз де.

Стол шетіндегі тесік-тесік бұжыр табакшадан секретарь әйелдің дауысы естілді.

– Әли Серқожаевич, трубку алыңызшы...

– Мен кісімен сөйлесіп отырмын. Бос емеспін. Мазаламаңыз!

– Серқожаев қара ноқатты басып қалып үнді өшіріп тастады.

Соның артынша Зәуре жүгіре кірді.



– Әли Серқожаевич, – деп бұрынғыдай тамағын сипалай берді.

Серқожаев қабағын түйіп:

– Не боп қалды?! – деді.

– Ана жақта кісіні өлтірген!

– Не дейді? Өлтіргені қалай? – деп майор трубкаға жармасты. – Тындап тұрмын. Бұ кім? Ие, айта бер. Так, так. Қай жерде? Алғаш кім көріпті? Жарайды, қазір барамыз. – Ол ауыр денесімен қозғала шапшаң көтеріліп, – іздеген «Артистің» ылаңы шықты міне.

– «Бірлік» колхозының мал дәрігерін өлтіріп кеткен. Денесі машинасының қасында жатқан көрінеді.

– Қашан болыпты?

– Оның өзі жөнді білмейді. Өлікті алғаш колхоз шофері Бәкір деген көрген.

Майор табақшаның түбіндегі қызыл ноқатты басып қалды.

– Бірлік колхозының қырманға баратын айналма жолдың тұсында көпірдің қасында кісіні өлтірген. Сарапшылар шапшаң жолға шықсын! Прокуратураға өзім хабарлаймын.

Серқожаев пен Дархан асыға басып кенседен шықты.

Аз уақыттан кейін тіркесе зымыраған екі машина үлкен асфальт жолмен «Бірлік» колхозына қарай зымырап бара жатты. Көкшіл сәуле машина төбесінде бірде өшіп, бірде өршіп безілдей түседі. Алыста, жол бойында топырлаған адам көрінді. Милиция машинасы азынатқан екпінмен үймелеген жұрттың қасына тоқтай қалды.

Бәкір аудандық милиция бөлімінің бастығы Серқожаевты танып, ентелеген кісілерді сырғытып жолашты. Сарапшылар, тергеушілер өлікті айнала қарап, әр тұсынан суретке түсіре бастады. «Жигули» машинасының ішін, кабинаны сипалай, тінте қарап есік тұтқаларындағы саусақ іздерін бөлек-бөлек таңбалап алды. Серқожаев сарапшыға:

– Өліктің саусағының таңбасын алыңыз да машина тұтқасына түскен ізбен шапшаң салыстырып шығыңыз, – деп қысқа әмір етті.

Кашкина ұзынша жылтырауық қағаздың бетіндегі қара таңбаларды картонға жеке-жеке басып шығып майорға көрсетті.

– Алдыңғы кабинаның есік тұтқасындағы саусақтың сызықтары өліктікіне сәйкес келмейді.

Серқожаев қағаз бетіндегі таңбаға үңіле түсіп:

– «Жигулиді» біреу тоқтатып есігін ашқан немесе дәрігердің қасында біреу отырған. Солай ма? – деді.

– Біреу отырды ма, жоқ па, оны айта алмаймын, жолдас майор. Есік тұтқасында бөгде кісінің саусақ таңбасы қалған. Менің білетінім осы. Сізге тек фактіні бердім.

Майор басын изеп:

– Иә, солай екен ғой. Көмегіңізге көп рахмет. Күдіктің бетін аштыңыз, – деді де Бәкірге бұрылып, – өлікті алғаш көрген сіз ғой? Қалай болғанын басынан айтыңызшы.

Бәкір күмілжіп:

– Айта қоятындай пәлендей әңгіме жоқ. Мен машинамен бара жатқам, – дегенде, майор:

– Қайда бара жаттыңыз? Қалай көрдіңіз? Бәрін толық айтыңыз, – деді.

– Марданды өлді деп ойламадым. Қасынан өткенімде дәл осылай жатыр екен. Мен машинамен келе жатқам, – Бәкір көрген-білгенін бұлжытпай айтып шықты.

Оқиға былай болыпты.

Бәкір селоның шетіндегі осы қара жолмен машинасымен зымыратып келе жатады. Бүгін көңілді. Астық тасудан алда келеді. Әлгінде колхоз радиосы озаттардың қатарында мұның да атын атады. Кабинаның әйнегін түсіріп тастап көңілмен әндетеді:

«Ғайни-ау, сәулем,

Жүргенім менің бүйтіп сенің әурең...»

Жалтырдың шалшығынан айналып өте бергенде анадайдан жол шетіне қисықтау қойған «Жигулиді» көреді. Алдыңғы оң жақ кабинаның есігі ашық. Жақындай түскенде колхоздың бас мал дәрігері Марданның машинасы екенін таниды. Көпірдің тұсына қысаң жерге машинаны қойғанын қарашы! Қанатын жапырып кетеді деп ойламай ма екен деп жалтара бұрылып, қара батпақты шашырата өте шығады. Жолдың шетінде Марданның жатқанын көріп:

– Мына сабаздың жатысын-ай, түнде артығырақ сілтеп жібергенсің-ау!

– Әй, мынаған бірдеңе көрінген бе? Шаңқай түсте жалпайып жатқаны несі! Ұяттан безген бе? Бәлкім, тұра тұр, Әлияға айтып әкеңді танытармын. «Ит жейдені бұрын тоздырдым. Алты ай үлкендігім бар, деп ауыз аштырмаушы ең. Енді қайтер екенсің. Өстіп өшімді бір алайын. – Бәкір машинасын кілт тоқтатып кейін қарай жылжи жүреді. «Жигулиге» тақап қойып, өзі кабинадан секіріп түседі.

– Әй, саған не көрінді? Қара жерді құшақтап жаман ырым бастама! Тұр, шапшаң! – деп иығынан түртеді.

Мардан жауап қатпаған соң Бәкір еңкейіп бетіне үңіледі. Тісі ақсиып, көзі шарасынан шығып кеткенін көріп шошып кетеді. Кейін шегінеді! Не істерін білмей есеңгіреген халде басынан кепкасын жұлып алып айқай салады.

– Ойбай, қайдасыңдар! Кісі өліп жатыр! Бері келіңдер! Кісі, кісі өліп жатыр! Мұнда! Мұнда кісі өліп жатыр!

– Мынау кім? Неден жазым бопты? – деді.

– Ақ-ау, танымай тұрсың ба? Бауырың Мардан емес пе? Марданнан айрылдық қой? – деп жылап жібереді.

– Не дейді? Қайдағы сұмдықты айтып тұрсың! Қазір ғана тілдесіп ем ғой! – Ақберді жүресінен отыра қалып Марданның көз тұсын алақанымен ақырын сипап өтті. Шақырайған көз шарасын саусағымен батырып жіберіп кірпігін жапты. Ернін күбірлетіп дұға оқыды. – Алда, қыршын кеткен арланым-ай! Жаксыдан қалған нәсілім-ай! Қор өлімге қалай тап болдың екен? Ой, арманда кеткен құлыным-ай! – Бүкіл денесі селкілдеп егіліп кетті.

Жүк машинасының шофері Ақбердінің иығынан ғана қозғап:

– Ақсақал, өлікке қол тигізбеңіз. Милиция өлім себебін анықтағанша жолауға болмайды. Тәртіп солай дейді.

– Иванның айтқаны дұрыс. Енді Марданға көмегіміз жоқ.

– Бәкір кимелеген жұртты кейін сырғытып, – Ваня, мен басқармаға жетейін. Сол жерден аудандық милицияға телефон соғам. Кеңседе кісілер болса ертіп келермін, – деді.

Иван қарсылық білдіреді:

– Бұл оқиғаны көрген өзіңсің. Осында қал. Біреулер бірдеме сұрап. жүрсе, дәнеңе айта алмаспын. Оданда мен барып қайтайын. Учасковойды таба қалсам осында жіберем,

– деп машинаға қарай беттейді:

Ақберді көзінің жасын сүртіп:

– Әй, Иван, сен әлгі учасковойды іздемей-ақ қой. Ол құлқынсәриден жүгері басына кеткен. Әлі қайтқан жоқ, – деді.

– Учасковойды таппасам басқа біреуін жіберем, – деп Иван машинаға отырып кетеді.

– Міне, бар оқиға осы, – деді Бәкір. Майор:

– Енді жағдай аздап түсінікті бола бастады, – деді, Бәкір майордың неменені түсінгенін жөнді ұқпады.

Майор қасындағы жас жігітке ақырын салмақты үнмен:

– Жазыңыз, – деп сөзін жатқа айта бастады, – өлікті мұқият қараған кезде мыналар анықталды: жәбір көруші жол шетінде етбетінен жер құшып құлаған. Сол жақ саусақтары шеке тұсына барып жұмылған. Оң қолымен шеңгелдеп шиыршық тас қармаған. Сол тізесі сәл бұғулі. Қалтасында машина жүргізуге берілген куәліктен басқа документтер жоқ. Машина мен өлік жатқан жердің арасы үш метр, жиырма сантиметр. – Серкожаев протоколға көз қиығын тастап, – үлгіріп жатырсың ба? – деді.

– Жолдас майор, айтқаныңыздың бәрін жаздым. Серкожаев сөзін жалғастырды.

– Машина ішін қарағанда бөтен кісінің отырмағаны байқалады. Қабинаны қаптаған қызыл барқыт керген, кептелген қалпында, мыжылмаған...

Майор тізесін бүге тізерлей отырып:

– Енді өліктің бұлай жатқан себебін білейік, – деп екі иығынан ұстап ақырын аударды. Пенжактың түймесін ағытып кеудесін жалаңаштағанда жүрек тұсында ырсиған жара орнын көрді. Пышақты екі жерден салған.

Дархан мен Майра қыдырып жүрген, және бұл оқиғаны байқаусызда көріп бұрылған кісіге ұқсап бөлек машинамен келген болатын. Майор Серкожаев екеуі әлгінде осылай келіскен еді. Дархан мұндағы әңгімелерді мұқият тыңдап, бәрін көзімен көріп тұрған.

Серкожаев күрсіне еңсесін көтерді.

– Осындай болар деп ойлап ем. Солай боп шықты, – деп өзіне-өзі сөйлеген болып Дарханға көз қиығын тастады.

Майра жас жігіттің қорлық өліммен кеткеніне қынжылғандай:

– Жас адамға пышақ салуға қалай дәті барды екен. Кайта-кайта ұрып жанын қинапты. Қорлық өлім ғой бұл! – деді. Дауысының қаттырақ шығып кеткенін байқамай қалды.

Дархан ақырын сыбырлады.

– Болашақ тергеушінің асығыс қорытынды жасамағаны дұрыс.

Малақайының құлағын жымыра қайырып әркімнің сөзіне құлақ түріп жүрген Ақберді көзі бадырайып Бәкірді түртіп қалды.

– Әй, мына бөтен қыз не дейді-ей? Пышақтағаны қалай? Өз ажалынан кетпегені ме? Біреулер өлтірген бе? Кісі өлтірді деген не сұмдық!

Бәкір күнк ете қалды.

– Өзің көріп тұрған жоқсың ба? Несіне сұрайсың?

– Әй, мұны өз машинасынан жазым болған десем, қанқордың қолынан кетті де! Марданды өлтірген қанішерді білем. Қаражан ол! Мынау соның ылаңы. Осы ауылды төңіректеп жүргенінен шошып ем. Ойбай, енді қайттім! Бауырым-ой! Арманда кеткен боздағым-ой! Асыл ерім-ой! – Ақберді анадай жерге оңаша барып бүйірін таянып еңіреп егіліп кетті.

Жиналып қалған жұрт Ақбердінің қасына барып қайғысына ортақ екенін білдіргендей екі-үшеу боп шүйіркелесіп сөйлесе бастады.

– Ажалға араша жоқ. Тірлікте бір өлім бар. Тағдырдың берген ажалынан кетсе бір сәрі. Мынау зорлық өлім ғой. Соған күйінесің де!

– Өзі де кісілігі мол жігіт еді. Қайран ер-ай! Өлдің де қор болдың деген осы-ау!

– Бұл қалай? Зұлымдық, жауыздық, қиянат тиылмап па еді!

– Жақсылық бар жерде жамандық та қала ма тәйірі. Оны пендесі жоя алмас, – деседі.

Бүйірінде қызыл крест белгісі бар үлкен машина кешеуілдеп келді. Марданның денесін машинаға салып жатқанда Ақберді көзінің жасын сүртіп тұрып тілек айтты:

– Өлер адам өлді. Енді қайтып келмейді. Денесін тағы пышаққа салып, қикалап қайтесіз. Сүйегін бұзбай жаназасын шығарайық, – деп еді, Серқожаев:

– Денесін ашпаса, жасалған зорлық және өлім себептері анықталмай қалады. Өйтсек қылмыскерге болысқан боламыз, – деді.

Өздері оңаша қалғанда Серқожаев Дарханның қасына кеп:

– «Артистің» ылаңы ма бұл? Қалай ойлайсың? – деді.

– Машина кабиналарының тұтқасына түскен таңбанын кімдікі екенін білелік. Сонан соң бәрі анықталар.

Серқожаевтар Көктасқа шапшаң жүріп кетті. Кеңсеге келісімен бұл оқиғаны телефонмен полковникке дереу хабарлады. Әкімғалиев майордың сөзін бөлмей үнсіз тыңдап тұрып:

– Ойыңыз қалай? Қандай шара қолданбақсыз? – деді.

– Сарапшылардың қорытындысын күтіп отырмын. Сонан соң өзіңізге жеке баяндаймын, жолдас полковник.

– Күтем! – деп Әкімғалиев трубканы іліп қойды. Дархан майордың трубканы шапшаң іліп қойғанына қарап:

– Полковник ашулы ма? – деді.

– Қылмыс жасалып, кісі өліп жатса басымыздан сипайды деймісің.

– Әли Серқожаевич, манағы қарияның Қаражан деп қарғап-сілеп жүргені кім?

– Көрші «Ақсай» совхозының жігіті. Жақында түзеу орнынан шықты.

– Шартты түрде босатылған ба?

– Дәл солай.

– Шал оның жат қылығын байқап қалған-ау, сірә?

– Милиция Қаражан Егеубаевтың теріс қылығын байқай қоймап еді. Кім біледі? Оның қасында отырған жоқсың. Нені бұлдіріп жүргенін қайдан білейін.

– Ол жөніндегі ойыңыз қалай?

– Қаражан төменгі жақтағы карьерде мәрмәр тасын қиятын машинада істейді. Оның «Бірлік» совхозына қатысы жоқ. Бұл жаққа неменеге келіп жүргенін білмеймін. Қаражан жұмыс жасап жатқан карьер бұл арадан бірталай жер. Өзін

шақырып алып сөйлесем деймін. Бұған қалай қарайсың?

– Мұндай адамдар өте кінәмшіл келеді. Ешбір дәлелсіз себеппен шақырсаңыз милиция қыр соңына түсіп қалмай жүргендей көрінеді. Бірге жұмыс істеп жүрген жолдастары «Ой, мынау тағы бірдемені бүлдірген бе? Милиция іздеп жүр ғой!» деп әңгіме ететіні хақ. Бұл жас жігіттің жүрегіне дақ салады, өзінен өзі оңашаланып, жұртқа күдіктене, өшіге, кектене қарай бастайды.

– Бұл айтқаның дұрыс екен. Жігітке обал жасап жүрерміз. Өзің қандай ұсыныс айтасың?

– Қаражансыз жұмыс бастан асады. Оны мазалап қайтеміз. Алдымен машинаға түскен бөгде кісінің саусақ таңбасын анықтап алайық. Қаражан қылмыс жасаушылар арасымен таныс. Біреу жөнінде білгіміз келсе, кейін куә ретінде шақырармыз. Сонда Ақбердінің не үшін даттап жүргенін білерміз.

– Келістік.

Келесі күні Серқожаев Егеубаевтың ескі істерін ақтарып отырып оның саусақ таңбасына көзі түсті. Алдында жатқан машинаға қалдырған саусақ таңбасымен салыстырып еді. Ұқсас сияқты көрінді. Ол Кашинаны дереу шақырып алып екі таңбаны салыстырып шығуын өтінді. Аз уақыттан кейін Кашина екеуі де бір кісінің саусақ таңбасы екенін баяндағанда, Серқожаев табақшадағы қара ноқатты басып қалып:

– Дархан қайда? Тез шақыршы! – деді.

Табақшадан әйел дауысы естілді:

– Әли Серқожаевич, олар кетіп қалды.

– Қайда?

– Машинаға отырып жатқанда практикант қызға «Оқиға болған жерге барып қайтамыз» деп жатты.

Серқожаев үнемі тершіп, майы шығып тұратын қалың бетін беторамалмен сипалап:

– Иә, айтқандай солай екен ғой. Кеше «Бірлікке» барам деп айтып еді. Склероз құрғыры маған да жетті білем, – деп табақша бетіндегі қара ноқатты басып қалды. Сықылықтап күле бастаған әйел үні де өшті. Сол сәт екінші ноқатты басқанда еркек дауысы естілді:

– Жолдас майор, сізді тыңдап тұрмын.

– Жәркешев, сен Егеубаевтың ескі ісін маған неге тықпалап жүр десем, Марданның машинасында оның саусақтарының таңбасы қалған екен ғой!

– Солай боларын білгем, жолдас майор.

– Маған неге айтпадың?

– Дәлелсіз құр сөзбен кісінің уақытын алу әдетімде жоқ, жолдас майор. Мен фактіні ғана ұнататын кісімін. Сол бұлтартпайтын айғақ алдыңызда жатыр. Сіздің нұсқауыңызды күтем.

– Өз ұсынысыңыз қандай?

– Қылмыскерді еркіне жіберіп, бостандықта қалдыруға хақымыз жоқ. Дереву ұстау керек.

– Кеше ғана Дархан екеуміз осы жайында әңгіме қозғап едік. Көрдіңіз бе, бәрі керісінше шықты.

– Факті үлкен күш. Оны ешкім жоққа шығара алмайды.

– Бұл айтқаның дұрыс, Егеубаевты ұстауға қарсы емеспін. Көп айқай, дабыр жасамай алып келіндер. Кімді жібересің?

– Рұқсат етсеңіз, өзім барып қайтайын.

– «Артисің біздің тізімде екенін ұмытпа. Кургловты жібер. Оған бәрін айтып түсіндірерсің. Кейде қолының шымсымасы барын білем. Ондай әдетін қойсын. Тыйым салам! Ұқтың ба?

– Ұқтым, жолдас майор!

Сол күні Егеубаев ұсталып қамауға алынды.

### ҮШІНШІ ТАРАУ

Ләтифа бойшаңдау келген, шымыр денелі қайратты әйел. Жасы алпысты алқымдасада қиықтанған қара қасы, тұнық қара көзі, қыр мұрыны – жастықтағы сұлу кескінін аңғартқандай, бедені әлі бұзылмаған. Жасынан үсті басын күтіп ұстауға дағдыланған әрі жұмысқа піскен Ләтифа үй ішінің, қора жайының тазалығына қатты қарайтын. Қазір де шыт көйлегенің етегін ышқырына қайыра түріп тастап, мал шашып тастаған кәшекті тырмалап үйіп жатқан. Мал дейтіннен қолда қымызға байлап отырған қара биесі, бес-



алты уақ жаны бар. Колхоз аудан орталығына жақын. Облыста алыс емес. Беделді, зиялы кісілер жолы түсіп келе калса сойыс малы болсын деп баласы Шегебайдың айтуымен бесалты қойын қысы-жазы қолда ұстап бағатын.

Ләтифа қақпадан әлдекімнің бұғына бүкшіндеп кіргенін байқап:

– Әй, бұ қайсың? – деді дауыстады.

Жауап ала алмаған соң айырына сүйене еппен жай басып кілеттің қасына келді. Есік ашық қалыпты. Мұнда ескі-құсқы мүліктер жататын. «Бұ шіркін, не іздеп жүр?» деп басын сұғып қарағанда төр жақтағы бұрышта өзінің қыз кезінде алып келген арса-арсасы шығып жатқан қара сандықты біреудің ақтарып жатқанын көрді. Баласын танып:

– Шеге-жан, не іздедің? Маған айтпадың ба? Керегінді тауып берем ғой, – деді.

– Машинаның кілтін жоғалтып таба алмай жүрсем, ескі шалбарымның қалтасында кетіпті. Сонау жақтан сонша әуре болғанымды қарашы! – деп бармағына іліп алған кілтті көрсетті.

– Бүгін демалыс күнім, калаға барам демеп пе ең? Жаңылды оятайын ба?

– Егін басына шық деп жатыр. Қазір со жаққа кетем. Бұлар кісіге демалыс беруші ме еді!

– Балам, кешеден бері дегбірің кетіп мазан болмай жүр. Жұмысың тиыш па? Бәле-батырдан саумысың өзің?

Шегебай қабағы түйіліп:

– Қайдағыны айтады екенсіз. Күндіз-түні ку даланы, тау-тасты кезіп, әр қойшының босағасында бақалшылап жүрген биік мансап па екен. Көпсінсе, автолавкасын ала қойсын! Өкінбедім, – деп ашуланған қалпы қора жақтағы есіктен жүгіре шықты.

Үйден Жаңыл шықты. Үстінде кеудесі ашық шілтерлі ақ көйлек. Қолаң шашы талданып жалаңаш иығына түсіп, ажарлы аппақ жүзін аша түскен. Дене бітімі тіптік, талдырмаш, сүйкімді. Әшекейі, бояуы жоқ нағыз шын сұлудың өзі. Аса бір ерке назбен шақшиған күн көзіне күлімдей, сығырая қарап керіле құлашын жаяды. Қанатын қағып ұшқалы тұрған аққудай, тұрысы нәзік, үлпілдек жеңіл.

– Апа, Шеге қайда?  
 – Товар аламын деп мана таң ертемен ауданға кетті ғой.  
 – Бүгін мені қалаға апармақшы еді.  
 – Қатты ұйықтап жатыр екенсің. Оятуға қимады.  
 – Әлгі жүрекке берген дәрісін ішсем, ұйқыдан бас алмаймын. Маужырап жата бергім келеді. Кешелі бері Шегенің тұрғанын да білмей қалдым.

– Ұйқың түзелсе ем қонайын деген де. Кісі тамаққа шыдағанмен ұйқыға төзбейді.

– Тұла бойым әлі балқып тұр.

– Шеге-жан келгенше, жатып демала тұр. Осы үйде бітпей жатқан жұмыс жоқ. Өзім-ақ жасаймын ғой.

Жаңыл өз бөлмесіне қайта кіріп кетті. Ләтифа темір күректі ала салып шұқырдың басына келді. Шапшаң қимылмен топырақты атқылай бастады.

Жаңыл терезені ашып айқайлады:

– Апа, жер қазып жатқаның не?

– Кір суы қайбір таза дейсің. Иісі шығып, көгеріп, шыбын-шіркей үймелей бастапты. Бетіне жас топырақ сеуіп тастамасам, иістеніп кететін түрі бар.

– Қазір келіп көмектесем.

– Әуре болма, балам.

Жаңыл келгенше Ләтифа шұқырға тастаған түйіншектің бетін топырақпен жауып та үлгірді. Аяғының ұшымен қаз-каз басып келген келініне күректі ұстата беріп:

– Топырақты шашырата таста, біркелкі жайылсын, – деді.

Шегебай түс ауа келді. Есіктің алдында шие ағашының түбінде, биік сәкінің үстіне бүйірін таянып, қатты қамығып отырған шешесін көріп шошып кетті.

– Апа, түрің сынық қой. Аурудан саумысың?

– Шеге-жан, бауырыңнан, Марданнан айрылды. Қанішер сұм өлтіріп кетіпті! – деп көзінің жасын сығып алды.

– Не дейді? Қайдағы бәлені айтып отырсың! Өлтіргенің не?

– Өлгінде Ақберді келіп кетті. Бар сұмдық кеше азанда бопты. Денесін ашамыз деп қалаға алып кеткен екен. Бүгін үйіне әкепті. Ағайын-жұрт жиналып жатса керек, – деп сәкінің астында тұрған құманды алып бетін шайды. Шегебай

қатты қамығып күйзелген түрмен:

– Есіл арысым-ай! Әлсізге әл берген тірегім-ай! Асқар тауым ең арқа сүйер! Енді қайттым? – деп кемсеңдеді. Әлден соң көзінің жасын тиып, білегін сыбанып жіберді де суық сумен рахаттана жуынып алды. – Жұмыс, жұмыс деп безіп, тентіреп жүреміз. Ауылда кісі өліп жатқанын да білмейсің. Кім өлтіріпті? Қылмыстыны тауып па?

– Осында түрмеден шыққан біреу жүріпті ғой. Өзі қайратты неме дейді. Милиция жабылып жүріп зорға ұстапты.

– Кім екен?

– Марданның өлгенін естігенде есім шығып кетті, аты-жөнін сұрамаппын.

– Ол кім болды екен? – деп Шегебай ойланды.

– Мен білсем, сол Егеубайдың баласы болар. Түрмеден шығып, осында карьерде жұмыс жасап жүр деп естіп ем. Мынау соның лаңы!

Ләтифа қабағын шытты:

– Егеубайдың баласы болса, ол да сенің туысың, бауырың. Кісі өз ағайынына жамандық ойлай ма екен? Бұл сұмдық өзімен кетсін. Ондай бәле сөзден аулақ бол, балам. – Ләтифа көк барқыт камзолының ақық түймесін салып жатып, – өзінді күтіп отыр ем, үйіне барып көңіл айтып шығайық, – деді.

– Келінің бар ма?

Осы кезде Жаңыл күйеуінің соңғы сөзін естіп қап:

– Қайда? Мен де барам ба? – деп елеңдеп кетті.

Ол Марданды біреудің пышақтап өлтіргені, оның бұл үйге жақын адам екені жөніндегі әңгімеден мүлде бейхабар еді. Жай, қонаққа баруға жиналып жатқандай көрінді. Күйеуі мен енесіне «Мен де барайыншы» дегендей жалына жалпақтай қарайды. Осы үйдің босағасын аттағалы бері кіріп-шығып жүрген көрші-қолаң ерін ұшынан құтты болсын айтқаны болмаса, Жаңыл ауыл адамдарын танымайтын. Жаңыл: «Әу, сенде жолдас-жора, ағайын деген болмаушы ма еді. Ешқайсысының жүзін көргенім жоқ. Мені жұрттан жасырып, осылай оңашада ұстай бересің бе?» дегенде, Шегебай: «Жаңыл-жан, сенен аяйтын қызығым дүнием жоқ. Осы үй, осы мүлік өзіндікі. Бір күндік, бір сәткі тамашаңа шашып жоқ ғып жіберсең де еркің. Қолыңнан қақпаймын.

Ағын, адалын айтып қосылған асыл да ақылды жарымсың. Сол ақылыңа жүгін, жаным. Сен екі жыл отасқан жас күйеуінді, мен алты жыл отасқан жақсы жарымды тастадым. Екеуіміз айнымастай сүйіп қосылдық. Бұл қазақ жүрекпен сүйісу, ғашықтық ләззаты, махаббат дегенді білуші ме еді?! Шегебай біреудің сүттей ұйып отырған семьясын бұзып, жас әйелін алдап, азғырып алып кеп отыр. Ұят, ар дегенді білмес антұрған алапес деп бір жағынан мені даттаса, екінші жағынан сені жазғырады. Өзінен он сегіз жас үлкен әкесіндей кісіге тиіп жүрген Жаңылда ес жоқ. Қаңырайған үйі демесе, қайрақтай қатып қалған Шегебайда қандай қасиет, нәр бар дейсің. Сорлы Жаңыл өкінер кейін!» – деп сені кінәраттайды. Бұл лақап біздің бақытымызды көре алмаған қызыл көз қызғаншақтың тілі екенін білем. Жан-жақтан анталап көрер көзге жаулық тілеп отырғанда, дабыратып той жасап жатудың қисыны келе ме, жаным? Сен маған қамшы ұстар біреуді тауып берші! Өсекші атаулының аузына құм құйылсын. Сонда екі тойды шырқатып бір-ақ жасаймыз. Іші күйгендер тұз жаласынң.

Жаңыл, әйтеуір Шегежанның айтқанын теріс демейді. Оның айтқанының бәрі дұрыс, бәрі жөн. Бұл жұрттың не біліп сөйлейтінін кім білсін. «Қосылайық. Бірге тұрайық. Айнымас жарың боп өтемң деп тілек білдірген Шегебай емес, Жаңылдың өзі. Бұл кісіге ыстық ықылас ниеті, аңсары бір-ақ кеште, бір-ақ түнде ауған еді. Онысына қазір өкінбейді. Шегебай аз уақытқа көз алдынан таса болса, қайта сол тәтті, қызықты минуттарын сағына есіне алады.

Қыздай қосылған күйеуі Хасен институтта оқиды ғой. Жылдағы әдеті бойынша Алматыға емтихан тапсыруға кеткен. Шегебай автолавкасымен келетін күні Хасеннің үйі Ақтақырда жалғыз отырған. Ата мен ене Өзен жақта тұратын жақын ағайыны қайтыс боп соған бата оқырға кетіпті де, Жаңыл он жасар қайнысымен үйде қалған. Күндіз Жаңыл өзінің жаңғыздығын сезе қоймады. Қойды қотанға үйіріп, қайнысына тамақ істеп әуре боп жүрді. Ымырт жабылып, қараңғы түскенде елегізіп қорқа бастады. Қойдың шетінде құрым киіздің үстінде тізесін құшақтап бүрісіп отыр. Жапан даладағы жалғыз ұй алыста құлазыған мола секілді түнеріп,

қарауытып суық тартады. Батыстан ескен жел шым-шытырық түсініксіз үрейлі әуенмен ызындайды. Етектегі сай тұсынан шақылдаған үн естіліп, әпсәтте аласұрған жанталасқан, арпалысқа ауысады. Әлден соң әлі құрығандай үзіліп барып тынады. Тағы бір сәтте бұлақ басынан жарқылдаған оттар көрінеді. Біреулер шоқ алып жүгіріп келе жатқан секілді. Жаңыл қорқып бетін баса қалады. Бұлтақтаған оттың үй тасасына жеткенде ғайып боп кеткенін байқағанда, қаншығын ерткен түлкінің арланы ғой деп ойлайды. Бәлкім қасқыр шығар... Әлгі мылтық қайда дегендей жан-жағын сипалады. Шолақ құйрыққара төбет Жаңылдың осы күйін сезгендей, көсіліп жатқан қалпы тұмсығын көтере үрді. Қатер жоқ дегендей белгі секілді.

Әлден уақытта алыстан қос тостаған сәуле көрінді! Бірде жоғалып, бірде көтеріліп кең далаға ұзыннан ұзақ ақ-жолақ жарық шашады. Машина жолсыз жермен шоқалақтап келе жатқаны сезіледі. Көп ұзамай мол жарық қотанға түскенде қойдың шеті тұрып, сілкініп қозғала бастады. Шолақ құйрық қара төбет өршелене үріп тұра ұмтылды. Ала қаншық Жаңылдың қасынан ұзап кетпей шабалана байбалам салады. Жаңыл аса бір қуанышпен «Жолдыаяқ, кет! Жоғал! Тиме!» деп жүгіріп келеді. Көйлегінің омырауын саусағымен бүріп ұстап алған. «Кел, қараңғы түнгі үрейден, оңаша жалғыздықтан құтқар! Кімде болсаң кел!» деп қуана қарсы алғандай.

Шегебай қойды үркітпейін деді ме, жарықты дереу сөндіріп, машинасын тоқтатты. Жаңыл қасына келгенде «Жаңылым, сәулем, сәулем менің. Амансың ба?» – деп білегінен ұстап өзіне қарай тартып иығынан құшақтап қысты. Шегебай бұл үйге Хасеннің барында да келіп жүрген. Домбырасын тартып, әнін айтатын. Ойдағы ауылдың жаңалықтарын жеткізетін. Шолақ саудасын жасайтын. Оңаша қалған сәтте Жаңылға көзін қысып, кеуде-бөкесіне қолының ұшын тигізіп қалып «Сені құшқанның арманы бар ма екен?» деп әзілдеп қалатын. Онысын Жаңыл бір түрлі сөкет көріп «Біздің ағайдың өзі қызық кісі, – деп Хасеннің көзінше ұялтып тастайтын. Шегебай Жаңылдың осы мінезінен қатты сескенетін еді. Қазір Шегебай белінен

қапсыра құшақтап, бетін бетіне тақап сүйіп алғанда, Жаңыл «Қойыңызшы!» – деген сөзін айтпады. Қуанып, шат көңілге бөленген секілді.

Аздан кейін екеуі тізерлесе отырып шұжық турап, піскен құстың етін бөлшектеп жей отырып шампан ішті. Шегебай екінші шөлмектің аузын ашып құйып жатқанда, Жаңыл «Бұ шіркін, кісіні ұйықтатын шығар» деп сыңғырлай күлді. «Қасыңда мен бармын. Сомадай боп, неге ұйықтатам!» деген сөзге үндемеді. Төрге төсек салып жатқанда, Шегебай: «Қаңыраған төсекте қалай жалғыз жатам?» деп тіл қатып қалды. Жаңыл «Мен қой күзетем ғой» дей салды. Жас сұлудың әрі кет демейтін ыңғайын байқаған соң Шегебай батылдау қимылдады. Ол төсекке жатқан жоқ. Шешінген қалпы үстіне қара плашын жамыла салып Жаңылдың қасына келді. Жаңыл құрым киіз үстіне қалыңдап көрпе салып, аяғын қара тасқа тіреп жастыққа шынтақтап жатыр екен. Шегебай қасына жабыса құлай жатты. Жаңыл сәл сырылып орын босатты. Шегебайдың дәті шыдамады. Келіншектің мойнын қарулы қолымен өзіне қарай бұрып алып, бетін, көзін ернін аймалап сүйді.

Екеуі сар даланың таңын көзімен атырды. Таң сәрі де қойды өріске айдар алдында Шегебай машинасын от алдыруға кетті. Сол бір сәтте Жаңыл Хасенді есіне алды. «Туу, байкүс, өнерсіз өлі балық екен-ау деп ойлады.

Шегебай әр сайдың жағасында бұлақ басында бытырап отырған отарларды аралап, саудасын жасап түстен кейін қайта оралды. Жолда, өрісте қой бағып жүрген Жаңылға бұрылды. Оны аттан түсірді. Машинаның ішіне кіргізіп алып, ту сыртынан қапсыра құшақтады. Көйлегін шапшаң түріп жіберіп бөксесін жалаңаштай берді. Түннен бері тыным көрмеген жігіттің жай ойыны шығар деп Жаңыл еркелеп, бойын бостау ұстап тұрған. Шегебай бекер мазаламай бәрін шындыққа айналдырып жіберді. Әлден соң Жаңыл есін жиганда Шегебайдың мойнынан қапсыра құшақтап «Сізді ешқайда жібермеймін. Қасымда боласыз!» – деді.

Бір апта өткеннен кейін Шегебай Жаңылмен өрісте, уәделі жерде жолықты. Жігіттің бұл жолғы өнері Жаңылға мүлде тың, тәтті көрінді. Қоштасқанда Жаңыл «Жаным,

бұл қалай? Ал тірліктің азғана қызығын бүгіп, жасырып, несіне қорлаймыз. Еркексіз ғой. Ашық сайран құратын жол тапсаңызшы», – деп өтініп қалды.

Жас сұлудың көңілі біржола ауғанын білгеннен соң Шегебай көп ойланбады. «Қатыныммен аттай алты жыл тұрдым. Бала таппады? Бедеу болды. Әлім барда жас нәресте сүйгім келеді», – деп Сәнияны шығарып жіберді. Сәния мүлік бөлісіп, арыздасып бейшаралық жасамады. «Біраз жыл дәурен кешіппіз. Жамандасып қайтем. Кінә қайсымыздан екеніне бір құдайдың өзі куә. Енді бет жыртыспай жөнімізге тарайық» деп киім-кешегін алып, үйден шығып жүре берді.

Жаңыл жайы да оңай шешілді. Қыр қазағы қырағы ғой. Шегебайдың Жаңылмен оңаша үйде қонғаны, өрісте кездесіп жүргені бекер емес екенін білген. Сыбыр әңгіме Хасенге де жетті. Жаңылдың үй-тіршілігінен, шаруа қамынай безгенін байқап, «Бұл қалай?» деді. «Бұл солай!» – дегі Жаңыл салқын жауап қатты. Бір күні Жаңылдың өзі «Біз ажырассак қайтеді?» деді. Хасен қарсылық жасамады. Сот алдында «Жаңыл, жаңылдың-ау! Жаңыласың-ау!» деп қалды. Жаңыл өз қызығына, құмарына жетуге асықты. Бір жеті өтпей Шегебайдың үйіне кірді.

Міне, содан бері екі айдан аса уақыт өткен. Жаңыл бұл үйдің босағасынан әрі аттаған емес. Ләтифа мен Шегебайдан басқа кісіні көрмейді. Осы үйдің жақын ағайыны Марданның қайғылы қазасын естігенде жаны түршігіп, аяр залымның аяусыз қылығына қатты жиренсе де, осы қаза ауыл бетін көруге, жұртпен жақын араласуға себеп бола ма деп үміттеніп қалып еді. Енесі бармайтын дәлел айтты.

– Босағасын аттап көрмеген үйдің өлігіне қуана қалғандай қалай желпілдеп барады. Жаман ырым бұл. Жаңыл бармайды! Шегебай Жаңылдың иығына қолын салып қысып:

– Ене бұйрығы бұлталаққа салып, өз ыңғайына туралай, қоятын біздің теке сақал бастықтың әмірі емес. Айтқан соң бітті. Амалсыз көнесің, – деп күлді де шешесіне, – ауданға баратын жұмысым бар. Марданның үй-іші біздің жұбату сөзімізге зәру болса тезірек барып қайтайық. Ертең құмдағы қыстауға жүргелі отырмын, – деді.

Ләтифа қабағын шытып, баласына қадала қарады.

Қоңырқай жүзі сұрланып, түнеріп кетті, тұла бойын қатты ашу қысқандай. Қатты зекіп ұрысып тастайтын шығар деп еді Жаңыл. Ләтифа ашуын тежеп сабырлы қалыппен:

– Бауырың өліп жатқанда кекірейіп кісімсінгенінді қой. Бұл кісілікке жатпайды. Марданның жетісін бермей, ешқайда бармайсың, – деді.

– Жұмыс сенің кісің өліп жатқанына қарай ма? Қыстауға үй жөндейтін жұмысшылар кетіпті. Соған қант-шайын апар деп жатса, не істеймін?

– Қыстау жөндейтін колхоз адамдары. Олар азық-түлігін осыдан алып кеткен. Колхоз сен сияқты бақалшыларға ділгәр емес.

Шегебай аз бөгеліп:

– Маған не ғыл дейсің? Кісі өлсе қайтеміз, барайық, көңіл айтайық, – деп ойланыңқырап қалды. Шегебай райпотребсоюздың жұмысын шешесі бұлай біле қояды деп ойлаған емес.

Ләтифа:

– Марданның үйі өлім күткен жоқ. Бұл ажал төте келді. Қамсыз үйде қайбір дайындық бар дейсің. Келім-кетім кісі, қонақ асы деген болады. Қорадағы қойдың біреуін апарып бер. Товар алуға ауданға барсаң бір жәшік арағын жолшыбай апарып тастарсың. Бергенінді бадырайтпай, жай, елеусіз ғып бер.

Шегебай қынжылып:

– Апамның өзі қызық. Мыңыраған қойы, арақ жасап жатқан заводы тұрғандай-ақ, қит етсе, қойы мен арағын ала жүгіреді. Ертең анау екі-үш қойдың басы құрыған соң не істер екен? – деп төмен қарап бұрқылдады.

Жаңыл енесінің кісілігіне риза болған пішінмен:

– Апамның айтқаны дұрыс. Кісі өліп жатқанда мал-мүлікті аяп қайтесіз. Өйтсеңіз ағайын, туыстығыңызда не қасиет бар? – деді.

– Бүгін енең екеуің бірігіп қапсың ғой, – деп Шегебай қолын сермеді. – Мейілдерің. Осы үйді көшіріп апарсаңдар қой демеймін. Мына үй, мүлік, мал – бәрі сенің дүниен, Жаңыл. Сен ренжімесең болғаны. Екеуіңнің ойың солай болса, мен қойдым. Айтқандарың болсын.



Ләтифа мен Шегебай үйден шығып бара жатқанда телефон шылдырлады. Жаңыл трубканы көтеріп:

– Эло! Бұ кім өзі? Иә, Шегебайдың үйі. Трубкадан күмбірлеген үн естілді.

– Бұл менің күндей сұлу жеңгем бе? Жеңешетайым, амансың ба? Мазалап жатқан баяғы өзіңнен күдерін үзбей жүрген Елемес қайның ғой. Сыңғырлаған дауысыңнан айналайын, үніңді естігенде жүрегім бір түрлі лүпілдеп кетеді. Бұл жалғанда саған деген ынтық зарым басылмас!

Шегебай құлағын түріп босағада кідіріп қалған. «Кім дегендей Жаңылға ым қақты.

– Осы кісі сақалын сапситып ап қылжақтауын қоймайды екен – деп Шегебайға трубканы бере салды.

– Мә, өзіңіз сөйлесіңізші.

Телефон соққан өзінің бастығы Мазабеков екен. Ауданға былтыр келген. Жаңылға үйленгенде әйелі Мүнәйра екеуі тілектес кісі екенін білдіріп, құтты болсын айтып кеткен. Елеместің өмірі кісі қызығатындай емес еді.

Институтта оқып жүргенде Мүнәйраның үйінде пәтерге тұрыпты. Институт бітіргенше алты жасар қызымен қалған жесір әйелге үйленіп те тыныпты. Жастық кезде жас айырмасы онша біліне қоймағанымен, жылдар өте келе екеуі екі ұдай кісі боп шыға келді. Бұл күнде Елемес қырыққа жетпеген сақа жігіт болса, ал Мүнәйра елуді қусырған сарықарын бәйбіше. Денесі әбден семіріп толған. Отырған жерінде пысылдап, сырылдап ылғи дыбыс шығарып отырады. Сыртқа кіріп шығуының өзі үлкен бейнет. Сондай қиналған бір сәтінде кейіс білдірді.

– Әй, ел болмағыр Елемес, мені қайда әкеп азапқа салдың? Колхоз іші кең жайлау дейсің. Үйінде дәретқанасы жоқ мұндай жайлауы құрып қалсын!

Осындай күйіне қарамай күйеуін еркіне жібермей қымтап, қысып ұстайтын секілді. Жас әйелдің көзі түспесін дегендей Елеместің сақал-мұртын өсіртіп, олпы-солпы киіндіріп кәртәміс ғып қойған. Шегебай мұны елемей, бар пейілмен ебелектей қызмет көрсеткенімен, Жаңылға Елеместің тіршілігі ұнамады. Басқа бөлмеде ет турап жатқан енесіне:

– Еркектің ездiк, қорлық ноктасына басы байланған

сорлысын көрмеп ем. Осындай да сұмдық болады екен! – деп таңданды.

Ләтифа асықты жілікті кесек-кесек етімен табаққа тұтас салып жатып:

– Қазақ мұны басы көбейсін, үбірлі-шүбірлі болсын деп ырым етіп береді. Қонағыңның алдына қой. Алдына асыңды қойып, алабөтен сөз айтпа, шырағым, – деді.

Елемес Жаңылдың сөзін құлағы шалған секілді. Шегебай-үшеуі онаша қалғанда:

– Мен Шегебай емес, екеуіміздің арамызда үлкен айырма бар. Көресің әлі, пенсияға шыққан күні бұл кемпірдің көзін құртам. Тастаймын. Өзіме тең жас әйел аламын. Қазір қатын тастау бізге жарамайды. Өкімет адамымын. Оның үстіне қызмет бар, – деп шірене түсті.

Жаңыл жиреніп жауап қайыруға ерінді. Сол кештен бастап Елеместі жек көріп кетті. Жас жарының кесірлігін білетін Шегебай бастығына өрескелдеу сөз айтып қоя ма деп дереу телефон трубкасына жармасты.

– Елеке, амансыз ба? Әйбат келінімнің халі қалай? Дауысыңызды естіп көңілім көтеріліп қалды ғой. Иә, мен кеше де, бүгін де барып едім. Кеңседен сізді таба алмадым.

Трубкадан Елеместің дауысы естілді.

– Е, біз науқаншылап жүрген жоқпыз ба? Жылдың он екі айында бір тыным көрмейсің. Қыста мал күйлі болсын, шығын бермендер деп қыстау қыстауды қыдырып зарласақ, көктем де ойбай мал басы төлден өседі, төлді аман сақтаңдар деп шуылдаймыз. Енді міне астық деп шапқылап жүрміз. Бұл бітсе жүгеріге шығамыз. Солай күн өтеді. Жас келіншекке қарауға уақытымыз жоқ. Сен бақыттысың ғой, Шеге! – деп дәрежелі кісі екенін сездірді.

Шегебай бастығының бекер телефон соқпайтынын біледі. Қазір не айтатынын аңғара алмай тұр.

– Біздің ел қатарлы кісі болып жүргеніміз, Елеке, мына сіздің арқаңыз. Құдайдан сіздер аман болса екен деп тілейміз. Жұмыстарыңыздың көп екенін де білеміз. Сонан соң мазаламайық дейміз де.

– Шеге, телефон соққаным мынау: мына астық жинауға байланысты ауданға облыстан, республикадан кісілер келіп

жатыр. Соларға шай-пай берсек деп едік. Осында ақылдасып, бүгін сенің үйіңе апарайық дедік. Қалай көресің?

– Елеке, қонақтан қашпаймыз. Өзіңіздей зиялы кісілерге дастарханамыз жаюлы, құдайға шүкір, ішім-жем бар, Бірақ...

– Неге күмілжіп тұрсың?

– Осында бір ағайынымыз шетінеп... Соған барайық деп жатыр едік.

– Шегебай жанына қайғы батқан кісідей күйзеле сөйледі.

– Қайда тұрушы еді?

– Осы колхоздың іші ғой.

– Колхоздың мал дәрігерін өлтіріп кетті деп еді. Айтып отырғаның сол емес пе?

– Иә, бізге туыс еді.

– Е, байқұс иманды болсын. Ол өлді екен деп бәріміз қырыламыз ба? Үйіне бас сұғып, көңіл айтып шықсаң жетпей ме? Тіпті болмаса, кемпірдің өзі барсын.

– Сіз айтқан соң сөйтеміз де!

– Бәсе, сөйдесеңші! Жаксылап қамдан. Ыңғайын тапсақ, Алматыдан келген қонақты да азғырамыз. Ұқтың ба?

– Ел ішінің тамағы біркелкі. Ет пен қымыздан басқа көп түрі жоқ. Со жағынан ұятты боп жүрмесек.

– Осы күнгі тамақтың асылы ішек-қарын.

– Елеке, о негіз, бас тартпай қазақ етінің сәні келе ме? Бір марқаны соямыз ғой.

– Жарайсың, Шегебайым, – деп Мазабеков көңілдене түсті. – Әй, сен әнеукүні қатипа, барқыт деп бірдемені айтып жүр ең. Қойма бастығына айтып қоям.

– Рахмет, Елеке!

Шегебай трубканы қойғанда, Ләтифа:

– Көп сөйлестің. Бұл кім? – деді. Жаңыл жауап қатты:

– Бастығы да.

– Өкілдерді ертіп келейін деп жатыр. Көпсінген қойыңның біреуі тағы кетті, – деді Шегебай.

– Сіз бүгін мал басын санаумен болдыңыз-ау, – деп Жаңыл қонақ келетініне іштей қуанса да оны білдірмей, ерекше назбен сыздана қарады.

Шегебай алақанын жайды.

– Айналайын Жаңылым, сен айтсаң болды. Қателестім, жаңылдым.

– Жә, қонақ келсе, құт! Оны не сөз қылатыны бар, – деп Ләтифа келініне сыпайы бұйрықтар берді.

– Жаңыл қалқам, қазір осы үйге Дубекті жіберем. Анау қызыл кебені сойдыра бер. Шегежан барысымен қайтар, көп отырмас. Кешіге қалсақ, бәріне өзің ие бол. Қонақтарға шай-суыңды бере бер.

– Жарайды, апа!

Жаңыл бұл үйге топырлаған көп қонақтың келуін тіледі.

### ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Қырық минут өткеннен кейін Дархан машинасын кеше Марданның «Жигули» тұрған жерге әкеп тоқтатты. Кабинаның алдыңғы он жақтағы есігін ашып қойды. Марданның денесі жатқан жерге келіп:

– Майра, – деді қасында үнсіз состиып тұрған қызға. – Сонда ол қалай қарай барғысы келді? Әлде біреуді қуып жеткісі келді ме?

– Кімді айтып тұрсыз? Ә, кешіріңіз, енді түсіндім. Соны біле алмадым, жолдас лейтенант.

Дархан аз ойланып:

– Маған мынадай бір жай түсініксіз. Кешеден бері ойланып сол жұмбақтың шешуін таппадым. Екеуіміз ақылға салып көрелікші, – деді.

– Бұл оқиғаның сырын ашуда сәл қолқабыс жасасам, өзімді бақытты санаймын.

– Майра, ондай сөзді айтып қайтесің. Аман болсаң, алдында талай оқиға кездеседі. Әлі таңды көзімен атыратын мазасыз күндеріңіз болады. Және мені «жолдас лейтенант демей-ақ өз атыммен атағын. Солай құлаққа жылы естіледі. Сонымен, әлгі жұмбақтың шешуін іздейік. Айталық, белгісіз қылмыскер, – деді Дархан ойлы жүзбен жүре сөйлеп, – Марданды қорқытып оған пышақ салуға оқталсын. Сонда ол не істеуі керек?

Майра иығын қозғап:

– Табанда қарсылық көрсетеді немесе қашып құтылуға тырысады.

– Дұрыс айтасыз, Майра. Сонда Марданның өзі отырған жақтағы кабинаның есігін ашып қашпай, қылмыскер отырған есіктен шығуы қалай?

– Онысын ұқпадым.

– Меніңше, – деді Дархан сөзін жалғастырып, – Мардан қасында отырған кісіні өзіне пышақ салады деп ойламаған. Және өте жақын, таныс кісі. Жайбарақат күліп, әңгімелесіп келе жатқанда серігі қанжарды сілтеп қалады. Мардан: «Ой, сені жын ұрған ба? Мұның не?!» – деп айқайлап жібереді. Қылмыскер Марданның тіл тартпай кетпегеніне өзі шошынады. Пышақты қайта сілтеп тұра қашады. Мардан тұра қуады. Осы жерге жетіп құлайды.

– Кеше қария Қаражан деген біреуді атап жүрді. Айтуынша, Марданға таныс кісі секілді.

– Майра, менің көргенім, білгенім мол деп айта алмаймын. Әйткенмен, сізден бес-алты жас үлкендігім, азғана жұмыс істеген тәжірибем бар. Қылмысты ашқанда әлдекімнің дәлелсіз сөзіне ілесуге, үстірт алдамшы фактілерге сүйенуге болмайды. Бүйтсең теріс кетесің. Қатені түзету адынға түседі. Кейін өкінесіз.

– Ұқтым, жолдас лейтенант.

– Тағы өз әуеніңе бастың ба?

– Училищеден қалған әдет қой.

– Ауру қалса да әдет қалмайды. Солай ма? – деп Дархан жымыып, күле түсіп төңірекке көз тастады. Жолдың оң жағы қалың қамысты, бұталы сай. Табанына шалшық су жайылған. Колхоз фермасына және кең егіске баратын тастақты жол осы үлкен сайды доға жасап айналып өтеді. Алдыңғы жақта көпір бар. Мұнда көпір дейтіндей үлкен көпір жоқ. Терең жылғаның бойымен ағып жатқан судың ағысына үлкен цемент трубаны төсегенде үстін топырақпен нығыздап көміп тастаған. Жұрттың көпір деп жүргені сол. Көпірдің ені тар. Екі машина қатар өте алмайды.

Дархан жолдан бұрылып көпірдің табанына қарай сырғанап түсті. Цемент труба үлкен. Ішіне кісі еркін сияды. Дархан тізерлеп отырып труба ішіне үңілді. Екі трубаны

тізіп жалғастырып салыпты. Цемент түбінде болымсыз ғана жылтырап су ағып жатыр. Қалың қамыс осы судан нәр алып жайқалып өсіп тұрған сияқты. Труба ішінде шіріген ұсақ томар, кураған тал шыбық, жыртылған дәптер, газет қалдықтары шашылған. Мыжғылап тастай салған қағазға Дарханның көзі түсті. Қолына алып қыртысын жазып қарап еді. «Беломор» папиросының қорабы екен. Қорап сарғаймаған, әппақ, жаңа. Темекі қалдығын іздеп көріп еді. Таппады. Біреу цемент трубаның ішіне әдейі тығылып темекі тартқан сияқты. Кім ол? Мұнда тығылғаны несі? Темекі тартуға әке-шешеден сескенген бала болса жол үстінде еркін тарта бермей ме? Төңірек елсіз, ешкім көрмейді. Дархан қасында тұрған Майраға:

– Мынаны қағазға орап, папкаға салыңызшы, – деді. Майра папирос қорабын төңкеріп қарап:

– Біреу труба ішіне жасырынып отырған ба? – деді.

– Айта алмаймын. Бірақ, анықтап білу біздің міндетіміз.

Қалаға қайта қайтқанда Дархан жол бойы терең ойға кеткендей томаға тұйық үнсіз отырды. Майра Дарханның мұнда бүгінгі жүрісінің мәнісін жөнді ұға қоймады. Кеше сарапшылармен келгенде барлық жайды өзі көзімен көріп, әбден анықтаған болатын. Мыжғылап тастаған «Беломор» папиросының қорабын іздеу үшін сонау жақтан әдейі келгені ме? Майра сұрақ қоюға оқталып тұрып, онысынан тыиыла қалды.

Милицияның белгі жасалмаған жаңа жеңіл машинасын Дархан өзі айдап жүрген. Аудандық бөлімшеге келгенде Дархан:

– Бұл жақтың жолын жақсы білмейтін ем. Енді оның ой-шұқырын түгел жаттап алдым. Қай шофермен болса да таласа алам. Жолды жақсы білем десең машинаны өзің жүргізгенің жөн екен, – деп машинаның кілтін Майраға берді де, кеңсеге кіріп, Серқожаевтың кабинетіне қарай беттеді. Секретарь әйелден «Кім бар?» – деп сұрағанда, ол:

– Бөгде кісілер жоқ. Қылмысты іздеу бөлімінің адамдары отыр, – деді,

Кең кабинетке кіргенде Серқожаевтың үлкен столының қарсы алдында екі жақтағы былғары креслода капитан

Жәркешев пен аға лейтенант Круглов отыр екен. Майор орнынан тұрған соң ана екеуі де қозғалақтап түрегеле берді. «Облыстың көмегінсіз өзіміз-ақ тындырып жатырмыз. Сенікі бой көрсеткен жай, бос жүріс қой дегендей өзімшіл еркін тұрыс.

Серкожаев:

– Барып қайттың ба? Қане, не жаңалығың бар? – деді тоқпейілдеу көңілді түрмен. – Бұ жақтың жолының ой-шұқыры көп. Машинаға өте жайсыз. Шаршаған шығарсың, отыр.

– Рахмет, – деді Дархан орындыққа отырып жатып, – Айта қоятындай дәнеңе жоқ. Кешегі жерлерді тағы көріп қайттық.

– Ал бізде жаңалық көп.

– Байқап тұрмын, жолдас майор. Тегі жақсылық болар?

– Біздің істе мынау жақсы, мынау жаман деп айту қиын. Қылмыскерді ұстап жатқанымыз бір жағынан дұрыс болса, екінші жағынан оның қиындығы да бар. Тұзу жолға түсті, оңалды деген кісің қайта қылмыс жасап жатса, оның несі жақсылық. «Жигули» машинасындағы саусақ таңбалары Егеубаевтікі боп шықты. Сарапшылар тексерді. Бөлімшеге алып келмекші болғанда қатты қарсылық көрсеткен. Оны Кругловтың өзі айтсын. Егеубаевты ұстау осыған тапсырылған болатын.

Круглов кеудесін кере басын көтеріңкіреп, сәл қабағын шытып:

– Егеубаевтың лаңы аз болған жоқ. Оның мәрмәр қиятын карьерде істейтінін білетін ем. Онда барғанымда жұмысында жоқ боп шықты. Мұқыр жақта әпкесі тұрады екен. Көптен бері науқас көрінеді. Сол шақырса керек. Сұранып кетіпті. «Бірліктегі» учасковой милиционер Дворкинді тауып алып, екеуіміз Мұқырыға барайық. Біздің алдымызда ғана кетіп қалыпты. Қайда кеткенін ешкім білмейді. Қайта «Бірлікке» келе жатқанымызда алдымыздан Ақберді шал шықты, – деп әңгімесін жалғастыра түсті.

Одан кейінгі оқиға былай болыпты.

Ақберді екі бірдей милиционердің қабаттасып жүргенін көріп:

– Жай жүрсіндер ме? Кім керек өздеріне? Әлгі Қаражан ит

пе? Оны мына менен сұраңдар. Ол дәйіс. Сәнияның үйінде, мана солай кетіп бара жатқанын көргем, – дейді.

– Сәнияң кім?

– Шегебайдың талақ қып тастаған қатыны.

– Қайда тұрады?

– Құс фермасының қасында шатырлы үй бар. Сәнияның шешесі марқұм пысық кісі еді. Шаруаға да тынымды болатын. Үйді сол салдырған. Мынау қатын дайын жайға ие боп отыр ғой, – деп Ақберді алға түсіп жорғалайды. – Қара да тұр, дәл үйінің төбесінен түсірем. Олар жарты сағаттан кейін шағын поселкеге келеді. – Мынау қалың тал арасындағы үй соныкі.

Дворкин есік қағады. Іштен әйел дауысы естіледі:

– Бұ кім?

– Милициядан, учасковой Дворкин.

– Сіздерге кім керек?

– Егеубаев осында тұра ма?

Сол сәт жым-жырт бола қалады. Дворкин тағы тықылдатады.

– Азаматша Шалқарова, есігіңді аш! Әйтпесе, бұзып кіреміз!

Сол кезде Қаражанның терезеден секіріп түсіп қашып бара жатқанын көрген Ақберді:

– Ойбай, қашты! Кетті! Ұстаңдар! – деп айқай салады, Круглов пен Дворкин қуа жөнеледі.

– Тоқта!

– Тоқта, атам!

Егеубаев тығылатын пана іздеп екі этажды мектепке қарай қашады. Босағада шілтер тоқып отырған күзетші кемпірді жүгірген бойда қағып жіберіп есіктің іштен ұзын ілгегін сала қояды. Екінші қабатқа қарай жүгіре шығады. Бұ кезде қора жақтағы есіктен кірген Дворкин коридордың екінші шетіндегі басқыштан көтеріліп Қаражанның алдын тосады. Қаражан да қуғыншыны көріп қалған сияқты. Есіктің қалқасына жасырынып тұра қалады. Дворкин қасынан өте бергенде іштен аяғымен көтере теуіп жібереді. Бұраландап құлап бара жатқан оны желкесінен жұдырықпен қосқолдап ұрып тұра қашады. Қарсы кезігіп қалған Кругловты кеудеден сүргілей ұрғанда балконның ашық есігіней ұшып түседі.



Қаражан мектептен шыға жолға қарай қашып брезентпен қапталған жүк машинасының қорабына жармасады. Круглов пен Дворкин машинаны темір жол өткелінде қуып жетеді. Жүк поезы өтіп жолды жауып тастаған екен. Дворкин шоферға айқай салады:

– Байқа, қорабыңда қауіпті қылмыскер отыр! Шофер кабинадан ыршып шығады.

Круглов пен Дворкин мотоциклмен машинаға тақала кеп тоқтады. Екеуі қораптың екі жағында тұрып:

– Егеубаев, соңғы рет ескертем! Қарсыласудан түк шықпайды.

– Өкімет өкіліне қол көтеріп, қылмысты ауырлата түсесің! Шық шапшаң! –деп кезек айқайлайды.

Қаражан жабық машинаның босағасындағы брезентті түріп тастап:

– Сендердің менде жұмыстарың қайсы! Қауіпті қылмыскерің кім? Қане, соны айтшы. Соңыма түсіп қуатындай не жасап қойыппын?!

Дворкин кіжінді.

– Жерге түс, сонан соң айтам!

– Ал түстік! – Қаражан машинадан қарғып түсе бергенде Дворкин мен Круглов екі қолынан шап беріп ұстай алып, артқа қарай қайырды.

Қаражан бұлқынды.

– Қарсыласып жатқам жоқ! Неге күш жұмсайсың? Шофер таңқалды:

– Осы күнгінің қылмыскері де саналы бола бастаған ба?! Өз еркімен мойынұсынып тұр ғой!

Круглов шоферға зекіп қалды.

– Екінші этаждан қалпақтай ұшып құласаң, саналы ма, жоқ па, сонда білесің!

– Кешір, жолдас лейтенант, жүре беруіме болады ғой?

– Жоқ, мына оңбағанды бөлімшеге жеткізіп тастауға көмектесесің!

– Жарайды, солай-ақ болсын. Круглов әңгімесін аяқтап:

– Егеубаевты осылай ұстадық, – деді.

Серқожаев тершіп, майы шығып тұрған қалың бетін беторамалмен сүртіп:

– Екінші этаждан ұшып түскенде мұның мертікпей аман қалғанына шүкір де. Жинап қойған ескі матрастың үстіне құлап жаны аман қалған, – деді.

Круглов өзінің таяқ жеп қалғанын мін көргендей сәл қызарып, ыңғайсыздана түсіп:

– Екпіндеп жүгіріп келе жатқан адам ондай қайрат жасайды деп ойлағаным жоқ. Әйтпесе, бір кісіге бой бермеймін ғой, – деді.

Кругловтың сөзін бөлмей, бар зейінмен тыңдаған Дархан:

– Соңғы жол Егеубавтың қарсылық жасамай өз еркімен берілгені қалай? Шынымен санасы оянғаны ма? – деді.

Жәркешев отырған орнынан қозғалақтап көтеріле түсіп:

– Кешір, жолдас лейтенант, кісі өлтірушіде сана болмайды. Санасы болса, ондай қылмыс жасамас еді. Егеубаев қарсыласудың мәнсіз екенін білген соң амалсыз берілген. Кейін «Кінәм жоқ еді. Милиция бекер ұстап отыр» деп айтуына жеңіл. Мұндай қаныпезерлер ондай сасық қулықтан да кенде емес, – деді.

Серқожаев саусақтарын көтеріп, «Сәл сабыр ет. Сенен сұрап отырған жоқ дегендей Жәркешевке белгі берді. Круглов иығын бүлк еткізіп:

– Егеубаев қашқанда қайда барады. Бәрібір оны ұстар едік, – деді.

– Айталық, Егеубаевтың қолында пышақ не қанжар болса қайтер еді?

– Онда сізбен бұлай сөйлесіп отырмас едік. Ол бір салғаннан үн шығартпай, сеспей қатырар еді.

– Бір сілтегеннен дейсіз-ә?

– Иә. Жұмысқа әбден шыныққан ондай жойқын күш кісі түгіл өгіздің көкірегін қақ айырады.

– Сіз солай ойлайсыз ба?

– Ойлайтын дәнеңе жоқ. Оны өз басымнан кештім.

– Шындықты мойындағаныңызға рахмет.

Сұрақ астарын аңғарған Жәркешев майорға жалтақтай қарап, саусағын шошаң еткізіп көтеріп қалды.

– Әли Серқожаевич, рұқсат етіңіз, – деді де басын шайқап мырс етіп, көтеріңкі үнмен сөзін шапшаң жалғап кетті. – Лейтенант жолдас, Егеубаевтың қылмыс жасағанына, кінәлі

екеніне күмән келтіретін секілді. Оның сұрақ қою мәнерінен соны байқадым. Бізде факті деген бұлтартпайтын құдіретті күш бар. «Жигули» кабинасының тұтқасында қалған саусак таңбасын былай қойғанда, Егеубаев дәл сол күні, және сарапшылар Мардан Пәременовтің өлгенін анықтаған сағатта жолыққанын мойындап отыр. Кабина ішіне бас сұққанын да жасырмайды. Сөйткен қылмыскерді қорғаштаудың қисынын ұқпай қалдым, Облыс кісісінің қайта бізге көмектесуін тілер едім. Серқожаев орнынан тұрды.

– Егеубаев кінәлі ме, жоқ па деген мәселе қоюдың қажеті жоқ. Оның қылмыс жасағанын барлық факті көрсетіп отыр. Әрине, кісі өлтіргені үшін ең ауыр жазаға кесілетінін ол біледі. Қайткенде мойындамауға тырысып жалтарып, қасарысып бағады. Ондай амал бізге түсінікті.

Круглов қозғалақтап әлдене айтқысы келгендей ыңғай көрсетіп еді, Серқожаев қабағын түйіп:

– Бұл жер бой жеткен бикештердің әңгіме құратын орны емес, – деп зекіп тастады да Жәркешевке – жолдас капитан, бұл іс сізге тапсырылған. Жалтақтамай, аяқтаңыз. Мен айттым, болды! – деді.

Дархан папкасын ашып мыжғылап тастаған «Беломор» папиросының қорабын Жәркешевтің алдына қойды.

– Көпір астындағы цемент трубаның ішінен таптық, Бәлкім, тергеу кезінде айғақтық дәлел ретінде керек болар. Өзіңіз байқаңыз.

Капитан көңілдене түсті.

–Рахмет, жолдас аға лейтенант. Мұның іске пайдасы тиетіні сөзсіз.

Есіктен ентіге басып кезекші кірді.

–Жолдас майор, ЧП, ақша алып келе жатқан кассиршаны тонап кеткен. Қылмыскер жасырынып үлгірген. Қайдан, қалай келгенін ешкім білмейді.

– Кассиршаның өзі тірі ме?

– Аз уақыттан кейін есін жиыпты.

– Банкке жалғыз барып ақша алғаны қалай?

– Қасына өзімен бірге қызмет істейтін кісі еріп барған. О да көрмепті.

– Бұ, не пәле, қылмыскер көз бояушы ма?

– Маған осылай хабарлады, жолдас майор. Оқиғаны да дәл білмеймін.

Серқожаев Кругловқа қарап:

– Қалай болғанын анықтап біл. Сонан соң маған баянда!  
– деді.

– Құп болады, – деп кетуге ыңғайланды.

Дархан орнынан тұрып:

– Кругловпен бірге баруға рұқсат етіңіз, жолдас майор,  
– деді.

– Барғың келсе, оған кім қарсы. Жүре бер. Жиырма минуттан кейін Дархан Круглов екеуі оқиға болған жерге келді. Есік екі қабат. Екі есіктің ортасы кең, екі-үш кісі қатарынан еркін жүріп өте алады. Сыртқы және ішкі есікте тұтас әйнекпен қапталған. Кіре берістегі оң жақ қабырғаға автомат-телефон қойылған. Ішке кіретін есік осы тұста. Үй төрт этажды. Мұнда бірнеше мекеме орналасқан. Облыстық орталық тәжірибе станциясы осы үйдің үшінші қабатын түгел алып жатыр. Кассирша осы мекеменің қызметкері екен.

Круглов оқиғаның қалай болғанын басынан бастап айтып шығуды өтінгенде Ефримова көзінің жасын тия алмай өкси түсіп жауап қатты.

– Тірі қалған соң бұ жұрт ақшаны ұрлауға өзі көмектескен деп айтады ғой. Өмір бойы қызмет істеп жүріп мұндай бәлеге ұшыраған емеспін. Жүрегі құрғыр бір жаманаттың боларын сезіп еді. Банк келесі үйдің бұрышында. Ақшаны көбіне жалғыз өзім барып алатынмын. Көше кең, кісілер жүріп жатыр. Осы жолы Кириловичқа «Таза ауа жұтып, серігіп қайтпайсыз ба?» – дедім. Ол «Егер жас бикеш шақырып тұрса бармасқа амалым жоқ» деп менімен бірге ілесе жүрді.

– Кешіріңіз, Кириловичіңіз кім? – Біздің есепші бухгалтер ғой.

– Иә, айта беріңіз.

– Банктен ақша алатын уақытымыз белгілі. Онда көп аялдағанымыз жоқ. Үйдің алдына келгенде аға инженеріміз қарсы жолыға кетті. Ол облысқа кеткен еді. Сол сапары жайында аудандық атқару комитетіне кіріп шықпақ екен. Кирилович қолын көтеріп «үйге жеткізіп салдым. Енді өзін

басқышпен көтеріле алатын шығарсың» деп әзілдеп күлді. Өзі инженермен сөйлесіп қалды. Сыртқы есіктен кіргенімде біреу теріс қарап автомат-телефонмен сөйлесіп тұр екен. Былай қарағаным болмаса, дәлдеп назар аудармадым. Ішкі есіктің тұтқасына қолым тигенін білем. Со кезде мойныма қылыштың қырымен ұрғандай бірдеме тиді. Кеңірдегіме тас тығылып, тұншығып бара жатқандай көрінді. Айқайладым ба, жоқ па, оны білмеймін. Көзімді ашып алсам қасымда топырлаған адам. Қарыма іліп алған сумкам жоқ. «Сумка, ақша қайда? Ақшаны ұрлап кетті!» деп жұртқа жалына, жылай қарап орнымнан тұрдым. Бәрі тосырқай қарайды. Ешкім ешнәрсе білмейді.

– О кезде Кирилович қайда еді?

– Адамдардың арасында болды, Милицияға хабарлаған сол Кирилович.

– Бұдан басқа осы үйден сыртқа шығатын есік бар, ма?

– Үйдің келесі қанатында қосалқы есік бар. Онымен басқа көшеге шығуға болады. Оған екінші этажға көтеріліп коридордың бойымен солға қарай жүрсеніз тура барасыз. Қажет болса, сіздерге жолды көрсетейін.

– Теріс қарап телефонмен сөйлесіп тұрған кісінің бет жүзін көрмедім дедіңіз. Солай-ақ болсын. Оның сыртқы тұлғасын, киген киімін, тұрған мәнерін сипаттап көріңізші,

– Қалай дейін? Былай орта бойлы. Костюмы көк пе, қара ма, сондай біркелкі түс. Басында қалпағы бар. Сырт тұлғасы оқыған мәдениетті кісі секілді. Трубканы аузына тақап «иә, солай!» деп мақұлдап жатқандай болды.

– Тағы не айтты?

– Басқа сөзін естімедім.

Дархан мен Круглов бұл жайды көрген, қасында болған адамдармен жеке-жеке сөйлесті. Бірақ Ефимова сырт пішінін суреттеген кісіні ешқайсысы көрмеген. Бұл жағдайды майорға баяндағанда, ол:

– Кассирша шындықты айтып отыр ма? Соған өзің сенесің бе? – деп қадала түсті.

Круглов нық жауап қатты.

– Ефимованың ұрлыққа қатысы жоқ. Оның айтқанына сенем.

– Жоғалған ақша көп пе?

– Тәжірибе станциясындағы қызметкерлердің жарты айлық ақысы. Небары – 11215 сом 94 тиын. Оған қоса Ефимованың жұмсап жүрген 19 сомдай өзінің ақшасы бар көрінеді.

Серкожаев сәл ойланған түрмен:

– Күш жұмсау тәсілі біздің іздеп жүрген қылмыскердің айласына ұқсайды. Бірақ түсініксіздеу бір жайы бар: еңбекпен түзеу орнынан қашып, жүдеп шыққан қашқынға аса жақыны болмаса, бөтен біреудің қамқорлық жасай қоюы екі талай. Тайшықов аялдап тоқтайды деген жерлердің бәріне кісілер қойылды. Сонда ол мұнтаздай киініп, мәдениетті күйге қалай түсе қалған? Әлде оның біз білмейтін сыбайласы бар ма? – деп әлдебір нәрсе есіне түскендей орнынан тұрып сейфті ашты. Облыстан келген телеграмманы қолына алып көз жүгіртіп шықты.

Жәркешев өз бастығының кіші офицер алдында бөгелектеп дағдарып қалғанын ыңғайсыз санады ма:

– Жолдас майор, меніңше, лейтенант Круглов тәжірибесіздік жасап отыр ма деймін. Бұл жерде іс айқын. Ақшаны ұрлаған қылмыскер Ефимованың сыбайласы екенін кассиршаның онша қиналмай, аман-сау қалғанынан да көруге болады. Ефимованы ұстап дереу жауап алу керек. Мәдениетті кісісінің қайда жүргенін айтып берсін, – деді.

Серкожаев мойын бұрып Жәркешевке қарап, басын шайқады.

– Саған кісіні ұстау, жауапқа тарту оңай секілді. Егер Ефимова аман қалса, оның бақыты де. Одан да мынаны тыңда, – деп телеграммадан үзінді оқыды. «Мұқыр қыстағында Тайшықовтың нағашылары тұрады...» Байқайсыз ба, Мұқыр қыстағында!

– Әккі қылмыскер ол жақтың бақылауға алынатынын білгеннен соң не істейді? Жолдас капитан, мұны сенен сұрап тұрмын.

Жәркешев көзі жайнап еліріп кетті.

– Әрине, ескі достарын іздейді. Соның бірі Егеубаев. Амалын тауып оған хабар берген. Ал Егеубаев әпкесінің ауырып жатқанын сылтауратып Мұқырыға барған.

Тайшықовқа керекті киім-кешекті тауып беріп, жасырынып кетуіне көмектескен. Дәл солай, жолдас майор!

– «Дәл солай» –деп айту үшін, Шүкір Жәркешевич, дәлел керек. Ал сен дәлел таппай жатырсың. Айқын фактілердің өзін жандандыра алмай жайдақ кетесің. Терең бармайсың. Құр сөз іске тігілмейді. Соны білетін уақытың болды! – деп қолындағы папканы стол үстіне шүйіре сілкіп тастады.

– Ұқтым, жолдас майор, факті де, дәлел де табылад!

Круглов Дарханға көз қиығын тастады. Серқожаев отырған үшеуге кезек қарап:

– Өктем әкімдікті заң көтермейді. Ескертем! – деді,

– Заң көзімізді ашып келеді ғой, – деп Жәркешев бір танауын жыбыр еткізді.

### БЕСІНШІ ТАРАУ

Түнгі сағат екіге кетті. Дархан көз ілген жоқ. Ол «Металлургтар қонақ үйіне тоқтаған. Мана жұмыстан шыққаннан кейін өз бөлмесіне келіп кең, еркін жатып тынығып алмақ еді. Дөңбекшіп ұйықтай алмады. Көз алдына қамысты шалшық сулы сай, оны доғалана айналып жатқан қара жол, табанына цемент труба төсеген тар көпір, есігі ашылып иесіз тұрған «Жигули» машинасы, оның қасында етбетінен жатқан Марданның денесі елестей қалады. Кеше ғана өз қызығына, желігіне тоймай рахат тіршілік кешкен жас қыршын бір күнде, бір сәтте жарық дүниені тастап кете барды. Оны өмірден өшірген, кетірген қаныпезер қасқой қазір араққа бөгіп алып бықсық ұйқыда жатқан болар. Кім ол? Кәсібі не? Қайда істейді?

Кеше қасына Майраны ертіп сол жерге барғанда не тындырып қайтты? Қылмыскердің ізін кесетін саңылау тапты ма? Жүйрік ой үстінде Майраға сәл бір шындықтың ұшын сабақтап шығарғандай боп еді. «Мардан қасында отырған кісіні өзіне пышақ салады деп ойламаған. Және ол өте жақын, таныс кісі. Жайбарақат күліп, әңгімелесіп келе жатқанда серігі қанжарды сілтеп қалады. Мардан: «Ой, сені жын ұрған ба? Мұның не?» деп айқайлап жібереді.

Қылмыскер Марданның тіл тартпай кетпегеніне шошынады. Пышақты қайта сілтеп тұра қашады...» Бұлай деуінің мәнісі қалай? Тегі, оны мынадай себеппен айтқан секілді. Егер Мардан қасындағы кісіні тосыннан жолықтырса және оның сырын білмейтін болса машинасына жолата қоймас еді. Тіпті қасына отырғызған күннің өзінде ол пышақ сілтеген сәтте өзі отырған жақтағы кабинаның есігін ашып қашқан болар еді. Және оны өкшелеп қуғанына қарағанда қылмыскер алып күштің иесі емес, Марданның әлі жететін қан-жілік бопау біреу. Әдетте кісі өзіне қаншама қатер төнгенімен жіті танитын жаннан онша сескене қоймайды. Мардан сондай өжет талпыныс жасаған.

Бұлай болған күнде, «Жигули» кабинасының тұтқасына Қаражанның саусақ таңбалары қалай қалған? Алдын ала тергеу үстіндегі жауабында ол Марданмен жолыққанын бекер демейді. Және сарапшылардың қорытындысында оның жолыққан уақытысы Марданның қайтыс болған мезгілімен сай келеді. Олай болса, Марданды өлтірген Қаражан Егеубаев! Ол жойқын күштің иесі болғанмен, кабина іші тар. Қанжарды салмақты күшпен еркін сілтей алмаған. Ал не үшін өлтірді дегенде, оның сыры мынадай: Тайшықов екеуі бұрыннан бұзық ниетпен табысқан ескі достар. Бір кезде олар Мұқырыда танысуы мүмкін. Біреуінің әпкесі, екіншісінің нағашысы тұрады. Тайшықов астыртын Қаражанға хабар айтып, шапшаң көмектесуін сұрайды. Тайшықовқа қайткенде де бұл ауданның көлемінен ізін білдіртпей сытылып шығуы тиіс. Ол үшін машина керек. Марданды өлтіретін жерді де есеппен дәл белгілеген. Оның денесін көпір астындағы цемент трубаның ішіне жасыруды ойлаған. Бір сөзбен айтқанда, қолдағы барлық фактілер Қаражан Егеубаевтың кінәлі екенін дәлелдейді. Капитан Жәркешев алғашқы сәтте мұның бәрін дұрыс болжап сезе білген, айтқаны қисынды, фактіні ешкім жоққа шығара алмайды.

Дархан істің бағыты осылай екенін мойындағанымен көңілі бір түрлі дауаламайды. «Анық шындық олай емес! Таппай жатырсың. Тереңге бойламай үстірт қалқисың. Алдамшы жылтырға қызығасың. Жылтырауықтың бәрі



алтын емес. Ізден, ойлан!» – деп дүбір қағып түртпектеп тұрғандай.

Біреу есікті тықырлатқандай болды.

– Бұ кім? – Дархан жастықтан басын көтеріп алды. Көк жіппен сырмақтап сырып тіккен жеңіл жібек халатының жеңіне қолын сұға салып есікті ашты.

Босағада Майра состиып тұр.

– Кешіріңіз, жолдас лейтенант, терезеден қарасам, бөлмеңізде шам жанып тұр екен. Ұйықтамағаныңызды білдім. Сонан кейін кірейін деп ойладым.

– Өзіңіз неге ұйықтамағансыз?

– Әрі-бері жатып ем көзім ілінер емес. Түн ортасында бұлай келгенім сөкет көрінетін шығар. Солай ма?

– Жоғары шық, – деп Дархан орындықты нұсқады. – Біз милиция қызметкерлеріміз. Жұмыс сағаты өлшеусіз. Әңгіме іс жайында болса, оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Қалаған кезде кездесе аламыз. Айта бер. Тғындап тұрмын.

– Рахмет. – Майра сәл бөгеліңкіреп орындыққа отырды. – Күні бойғы «барып кел», «алып кел» деген жүгірістен соң аздап шаршаған секілді едім. Төсекке басым тисе, шырт ұйқыға кетермін деп ойлағам. Бірақ ұйықтай алмадым. Кешегі оқиға көз алдымнан кетпейді. Өлген жігітке жаным ашиды. Өмірінің қызығына жетіп, тамашалай бастаған шағында мерт болған. Өзі мал дәрігері екен. Көңілі таза, аңғал, ашық жанды өлтіруге қалай ғана қолы барады?

– Бір өкінішті жері қылмыскер бізден ақыл сұрамайды.

– Оны өлтірген кім деп ойлайсыз?

– Қылмыскер ұсталып, тергеуде жатқанын білесіз. Менен несіне сұрайсың?

– Азамат Егеубаев кісі өлтірген бе?

– Оны көріп пе едіңіз?

– Кеше түстен кейін капитан Жәркешев өзіне шақырды. «Нағыз қылмыскердің қандай болатынын көрген жоқсың. Отыр. Қазір одан жауап алам. Мұндайлармен қалай сөйлесетінін біл, сабақ ал» – деген соң қатысып ем.

– Қандай сабақ алдың?

Майра бір сәт ойланғандай үнсіз отырды да:

– Сізге сұрақ қоюыма бола ма? – деді.

– Неге болмасын. Сұрай бер.

– Айталық, кісінің кінәсіз екенін, қылмыс жасамағанын сезесің. Арашаға түсіп ақтайын десең, барлық пәле қолмен қойғандай соның басына үйіліп тұр. Осындайда милиция қызметкері не істеуі керек? Жалаң фактіні азық қып, соның құлы боп сезім, түйсіксіз суық қалыпта қала беру керек пе, әлде арашаға, түсіп болысқан жөн бе?

– Қылмысты деп айып тағылған адамды ақтау, оған болысу үшін дәлел тап, жалған жала екенін көрсет, ақиқатын анықта дер едім, милиция әрдайым әділет жағында, сені қолдайтынына сенем.

– Дәлел... Айғақ... Ақиқат. Ондай салмақты салдарды қайдан табам? Өзір әлім жетпейтін іс бұл.

Дархан Майраға таңырқай қарады.

– Байқауымша, азамат Егеубаев кісі өлтірмеген. Бұл оқиғаға қатысы жоқ. Нақақтан ұсталып отыр демексің ғой, – деді.

– Қисық, теріс дейін десем дәлел тап дейсіз. Ал фактіге қарсыласуға дәрмен жоқ.

– Мен де осы жайында көп ойландым. Майра жүзі жадырап қуанып кетті.

– Шын айтасыз ба?

– Рас, – деп Дархан басын изеді. Ол қылмыскер туралы және бұл оқиға жөніндегі бірнеше сағат бойы тынышын алған ойларын түсінікті тілмен азғана минуттың ішінде айтып берді. Сөзінің соңында:

– Дәлел, айғақ қылмысты бұлтартпай кесіп түсетін алмас қылыш тәрізді. Ал көрініп тұрған іске, фактіге құр сөзбен дау айту сол алмас қылышты тасқа шапқанмен бірдей. Сілтесең батпайды, жүзі қайрылады. Дәл қазір өзің сияқты мен де шындық алдында дәрменсізбін, – деді.

– Бұл бояма алдамшы шындық қой! Жалаң фактіге үйір болма дегеніңіз қайда?

– Қалай десең де, оқиғаның қазіргі шын сипат сыры осы. Капитан Жәркешевтің қолданған сақтық шарасы дұрыс. Ал біз бұл істің әділетпен шешілуіне капитанға бар ықлас ниетпен жәрдем көрсетейік. Әрине, бұл оңай емес. Көп бейнет, сергелденге түсуге тура келеді. Бізге түсетін салмақ

та аз болмайды, әбден әлектеп, әурелейді.

– Мейлі, ол машақат азабына шынымен шыдадым. Бір кісіні нақақ жазадан алып қалуға немесе адасқан біреуді азғындатпай кісі қатарына қосуға азғантай болса да қолқабыс тигізсем, милиция алдындағы көп борышымның бірін өтедім дер едім. Екі адам деген балалы-шағалы үлкен семья ғой.

Дархан аса ризалықпен қызыға қарап:

– Қандай әдемі айттың, Майра. Милиция қызметкері адамды сүймесе, оның органда жұмыс жасауының қажеті жоқ дегеніңіз ғой бұл. Мұныға қосылам. Шындығында солай. Ондай адам қоғам алдындағы үлкен міндетін өтей алмақ емес. Әділеттік пен адалдықты қорғай да алмайды, – деді де жымия күліп қолын жайды. Бір-бірімізді ұққан секілдіміз. Байқасаң, ертең көп жұмыстар күтіп тұр екен. Бұған қалай қарайсыз? – дегенде Майра «Рахмет!» деп орнына тұрды. Өз бөлмесіне қарай бара жатқанда, Дархан:

– Танертеңгі сағат алтыда жүріп кетейік. Колхозшылар жұмысқа ерте шығады. Үйінен таба алмай қаламыз, – деді.

Сол күні күн көтерілмей Дархандар «Бірлік» колхозына келді. Құс фермасының қасындағы Сәнияның үйін оңай тауып алды. Жай сәнді киінген қыз бен жігіттің машинадан түсіп жатқанын терезеден көріп қалған Сәния сыртқа шықты. Осы үйге арнайы келгенін байқап, ерін ұшымен салқын ғана амандасып есік ашты.

– Төргі үйге шығыңыздар!

Дархан мен Майра ауызғы екі бөлмеден өтіп төргі үйге шықты. Үй үлкен қос терезелі, іші кең, жарық. Оң жақтағы диван тұсы тұтас кілем. Телевизор жақтағы қабырғада кілем ілінген. Еденде де қытай барқыт кілемі жатыр. Көп кілемнен үй іші құлпырып жайнай түсіп өзгеше сәнге бөленеді. Ортадағы столдың үстінде сары самаурын дызылдап түңдігінен бу атып тұр. Оқалы кимешек киген кемпір бұларды көріп қолындағы алтынмен көмкерген қарала кәрлен кесесін самаурынның түбіне қоя салып:

– Жоғары шығындар! – деп ақырын үн қатты.

Сәния самаурын суын ақ подносқа ағызып жіберіп алдындағы таза кесені ыстық суға шайып алды да келген екеуге шай құйды. Көргені барын білдіргендей отырыс-

тұрысы ұстамды, салмақты, сәнді. Жотасына төгіліп түскен қалың қолаң шашы, қыр мұрыны, қара көзі, әдемі ақшыл хас сұлудың өзін танытқандай өзгеше сүйкімді.

Кемпір қонақтарының алдына бауырсақ пен қантты молырақ ысырып:

– Шай ішіп отырыңыздар, – деді де, – Қалқам, танымай жатырмыз. Айып болмаса, аты-жөндеріңді айта отырыңдар.

Дархан Майраға көз қиығын тастап:

– Шеше, біз милицияданбыз. Оны несіне жасырайық, – дегенде, кемпір:

– О, тоба! – деп таңырқағандай, екеуіне кезек қарап, Майраға көз тоқтатты. Өңі ашық, әп-әдемі бүлдіршіндей жас қыздың бейнет-мехнаты көп милицияда жүргеніне жаны ашығандай мүсіркей қарайды. Басқа кәсіп таппай байқұс бала бұ жұмысқа амалсыз келген ғой деп ішінен ойлап отырған секілді.

Сәния шай құйған кесені кемпірге беріп жатып:

– Апа, милицияға барам, арызданам деп жүр ең! Іздеген милицияң өзі келді, – деді де Дарханға қарап. – Мына кемпір Қаражанның шешесі болады. Баласының милицияға түскен жаманат хабарын естіп сонау Қаратаудан келіп отыр. Бір кезде бұл өлкеге аты түгел жайылған Айымгүл деген белгілі сауыншы еді. Бұл байқұстың да бағы тайып, еңбегі өнбей, енді қалың малдың арасында жүр.

Майра жүдеу көңілге медеу болсын деді ме, үнсіз жылап, көз жасын төгіп жіберген Айымгүлге:

– Апа, біз Қаражанның ісіне байланысты келіп едік. Өзіңізге кездесе қалғанымыз өте жақсы болды. Балаңыз жайында сұрайық деп едік. Баланы анадан артық ешкім білмейді ғой, – деді.

Айымгүл көзінің жасын тыя алмай:

– Қалқамның халі қалай? Дені сау ма? – деп кемседеп жылап жіберді.

Майра Дарханға жалтақтай қарап күмілжіп қалды. Сәния жасқа толған нұрлы көздерін Айымгүлге қадай отырып:

– Милицияда жатқан кісіден қандай хал сұрайсың? Кісі өлтірді деген қылмыскермен олар мәпелеспейді. Бәрінен де жаны қалсын десеңші! – деді.

– Балаңыз тергеуде жатыр, – деді Дархан алдындағы кесесін сырғытып. – Аман-сау. Істің ақ-қарасы ашылады деп сенеміз. Әйткенмен, мына Сәния екеуіңіз тергеу ісіне көмектесер деп ойлаймыз. Қаражан жөнінде не білесіз? Жасырмай, боямай айтыңыздар. Айтылған әңгіме сыр боп осында қалады, тарамайды.

Айымгүл көзінің жасын тиып, уһлей түсіп, күйзелген күйінішті қабақпен сөйлеп кетті.

– Қаражан ұлдан жалғыз еді. Ортамызда қарайып жүрсін, көз тимесін дегендей ырым етіп, әкесі атын солай қойған еді. Түтінімді түтетер ұрпағым, өрісімді кеңейтер берекем деп әкесі бетінен қақпады. Тәттіні сол жесін, тәуірді сол кисін дедік. Әкесі баласының содыр, тентек, қаймықпас қайсар болғанын тіледі. Ожар болса, кейін опық жемейді дейтін. Бірақ Қаражан еркелікке бой ұрмай, сондай тұрпайы қылыққа күле қарап пиязы, қагілез өсті. Оқуына зерек болды. Әкесі «Қашанғы өнерсіз жайдақ, жеңіл, шолақ бола берейік. Мен де құдай жаратқан пендемін ғой. Біздің тұқымнан бір дарын шыққалы тұр» – деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, оныншы класты бітірген соң Алматыға оқуға аттандырды. Екі жыл каникулына келіп қайтты. Жаңа жылдың қысында «балаң сотты болды деген суық хабар алдық. Төбемізден жай түскендей болды. Әкесі сол күннің ертеңіне Алматыға ұшып кетті. Жарты ай жүріп сағы сынып, салы суға кеткен шерлі күйде оралды. Марқұмның ойын-сауық, той-томалақ десе делебесі қозып кететін. Қобыз шалатын, гармон тартатын өнері бар еді. Сол сапардан қайтқан соң тірлік, тілек дегеннен түңіліп, күдер үзіп оңашалана бастады. Адам атаулыны жат санап, зарлы үнмен безектеткен қара қобызын серік етіп, күннен күнге күңірене түсті. Тамақтан да безді. Кейін мүлде нәр татпай қойды. Ақыры күйік дерті жеңіп қобызын құшақтаған қалпы дүние салды. Сол қаза болған күні азанда мені шақырып ап «Айымжан, – деп қолын қолымның үстіне салып сырылдап үн қатты. – Бұл дүниенің азынаулақ кызығын бірге өткізіппіз. Жаманы болса кешір, жақсысы болса есіңе ала жүр. Мен енді көзімнің қарашығы Қаражанымды көрмеймін ғой. Сол жас ұрпағымның абырой, айдыны жайылса екен, қызық шаттығын көрсем екен деп ем.

Үлкен мұратым сол еді... Мені құдайдың ауруы алған жоқ, дерт алды. Қарашығым келсе, сөкпесін мені. Ұлын құлай, талып сүйгенінің дерті дерсін...» Әрі қарай сөз айта алмай тілі байланып қалды. – Айымжан «уһ шіркін дүние-ай!» – деп көзінің жасын жаулығының ұшымен сұртті.

Дархан қарапайым әйелдің өзінің күйінішті күйін аз ғана сөзбен жан аштындай мәнерлеп ұқыпты жеткізгеніне қайран қалды. Дана пішінді ана баласын дертті болған әке мұңымен қорғаштап, момын еді, мүләйім жуас еді дейді. Дәлі олай емес. Егеубаевтың ескі ісімен танысқанда ол ұрлығы ғана емес, Совет өкіметінің өкіліне қол көтергені үшін жазаланғаны айтылған. Нағыз басбұзар сотқар деп көрсетілген. Бірақ дәл қазір Қаражанның өткендегі қылмысын дәлелдеп, ананың бетіне салық еткендей айтып жатуды қолайсыз көрді. Тек жаза қылмыс жасаған адамға ғана берілетінін айтты.

– Қаражан өз айыбын сотта мойындаған. Қайта оған кешірім беріліп бұрынырақ босатып отыр, – деді.

– Бәленің басы ұрлық дегеннен басталады дейді ғой. Өзі ұрлықтан аулақпын деп зар қағады. Қайдан білейін, шырағым, нақақтан сор кешті ме дейміз де. Әкесі марқұм өле өлгенінше солай қақсап кетті ғой, – деп Айымгүл күрсінді.

Айымгүлдің сөзін ұйып тыңдап отырған Майра:

– Әділет, шындық деген бар. Бізде ақихатына жетпей кісіні бекер қараламайды, – дегенде, Сәния қара көзінен қызғылт ұшқын атып жалт қарады.

– Әділет... Шындық... Ақиқат, – деп мырс етті. Әй, әйбат сіңілім-ай, әділет, шындық, ақихат дейсің-ау, басын көтере Майраға қадала түсіп сөйлеп кетті. – Бәрімізге ортақ, әдемі таза мағнасында ұғылатын әділет дегеніміз кейде өзін айтқан шындық, ақихатына жетпей әлдінің жетегінде кете ме деймін. Апамның сөзіне зер салсаң, байқұс әке жақсы баласын арашалап алам деп әділет, шындықты іздепті ғой. Ақыры түңіліп, құса боп өліпті. Бәлкім, оның өзінен де кінә бар шығар. Заң жолымен жіңішкелеп қуудың тәсілін білмей, бекер күйреп морт кеткен болар. Қазақ өлгенге өшікпейді, оны даттамайды. Қажымас қайрат, еселі ерлік, өршіл өжет әркімде бола бермейді. Марқұмда сол қасиет жетпеген ғой,

сірә! Қайтеміз, ұлын сүйген әкенің топырағы торқа болсын дейік. Кейде Қаражанның осындай бақытсыз сергелдеңіне мен де кінәлімін-ау деп қоямын. Екеуміз бала күннен бірге өстік қой. Үйде де, дүзде де жұбымыз жазылмайтын, – деп өткен шағын әңгімелеп кетті.

Сол кездегі бастауыш мектептің үйі қазір фермада жұмыс істейтін жастардың жатақханасы көрінеді. Төрт класты бітірген жылы Қаражанның үйі көшіп кетеді. Сәния о кезде бала ғой, қайда кеткендерін білмей қалады. Бірақ оған Қаражан есейіп, ер жетіп, бұрынғының батырларындай ғашығын іздеп келетіндей көрінеді. Онда қазіргідей шатырлы үйлер жоқ, бәрі балшықтан соққан жайпақ там. Сәния тамның төбесіне шығып Қаражан келе ме деп ұзақ-ұзақ қарап жүреді. Осылай жылдар өтеді. Қаражан келмейді. Ыстық қимас сағыныштар көмескіленіп қыз жүрегінен өше бастайды. Сәнияның сегіз жылдық мектепті бітірген жылы әкесі қайтыс болады. Әрі қарай оқуын жалғамай шешесіне болысып, фермаға жұмысқа тұрады. Он сегізге аяқ басқанда Шегебайға тұрмысқа шығады. Оны сүйді ме, жоқ па, қазір есінде жоқ. Бойжеткен қыздың дені сау жас жігітке күйеуге шығуы баяғыдан келе жатқан ата дәстүрі. Со жылы көктен түскендей Қаражан келе қалады. «Ер жетіп, есім кіріп жол тапқаным осы. Кешіксем, ол жазамды тартқан екем. Он сегізге жетпей бай тауыпсың. Қайтем бәріне кінәлі өзім. Сен Шегебаймен бақыт таппайсың, түбі қор етеді. Есің барда соңыма ер, қасымда бол. Биыл институтқа түстім, құрылыс отрядына барып көп ақша таптым, Алматыда пәтерде тұрамыз!» деп қиыла өтінді. Жалынды, жылады. Сәния іші қимағанымен, некелі байын тастап қашу оған сұмдық сияқты көрінді. Арада тағы бір-екі жыл өтеді. Қаражан жайында жаман сөздер естиді. Кейін Сәния ол әңгімені де, Қаражанды да ұмытады. Шегебай алты жыл отасып кеп «бала таппадың, бағымды байладың!» деп тастағанда, Қаражанды өкінішті сағынышпен есіне алады. Шілде айының тамылжыған кешінде еңгезердей жігіт үйге қорбандап кіріп келе жатқанда Сәния Қаражан екенін танып құшағын жайып тұра ұмтылады. Мұнын шаққандай жылап та жібереді.

– Мен онымен бас қосам, тірлік дәурен кешем деп ойлаған

жоқпын, – деді Сәния күрсіне түсіп. – Жиырма бес деген есік көрген әйелге өте қиын жас. Оның үстіне «Бала таппайтын бедеу. Бұған жолаған жігіттің бақыты ашылмайды» – деп кінәраттап жатса, бетіңнен отың шығып кісіге қарай алмайды екенсің. Осындай қиянат, ғайбат таңылған ғаріптік шақта өзіңді есіркейтін, түсінетін кісі барына қуандым. Бірақ бұл қуаныш, шаттық ұзаққа бармады. Енді міне кісі өлтіруші сұмды үйіне жасырған, асыраған бұзық әйел атандық. Бір кездегі сырлас, мұндас құрбыларым мені көргенде үрейлері ұшып тым-тырақай қашады, үйлеріне, кораларға тығылады. Терезеден, босағадан, дуал саңылауынан сығалап «мына бетсіз қар қалай ғана жер басып жүр? Бұйткенше қайырлы өлім тілемей ме!» деп сыбырласып, сырласып тұрғандай көрінеді. – Сәния көз шарасына іркілген жасты беторамалының ұшымен сүртті. – Әкем мұғалім болған кісі ғой. Мардан жетінші класта жүргенде біздің үйде жатып оқыған. Әкем барда екі үйдің алыс-берісі тәуір болатын. Тегі көңіл айтуға келіп қалады деп сескенді білем. «Сәния жақындығын, жақсылығын көрсетті ғой. Үйіне қаныпезерді паналатпаса Мардан мұндай күйге ұшырар ма еді! Қара көңілмен қаралы үйдің босағасын аттамай-ақ қойсын» деп хабар айтып жіберіпті. Ел ішінде «Торқалы той, топырақты өлім дегенге келгенде ағайын арасындағы өкпе, араздық ұмытыла тұратын. Мынау адам санатына қоспағанның белгісі еді. Бәрі де «Жадыгер бұзықсың. Жолама, аулақ кет!» – деп тұрғандай. Ауыл ішінде бұдан ауыр, бұдан қиын жаза болмайды. Қатты күйінген шақта Қаражанның жақсы әкесі осыны білген-ау, сезген-ау, тегі қорлық өмірден қайырлы өлім жақсы-ау дейтін кезім болады.

– Ауыл арасына лақап сөз тарататын кім? Қиянат, қаңқуды кәсіп көрген ғайбатшыл біреу бар ғой, сірә? – деп Майра ойына алған бір күдігін анықтағысы келіп еді, Сәния:

– Шырағым-ай, кім дерің бар ма? Бұл халқы көп қала емес. Естіген-білгенінің бәрі көз алдында. Әрқайсысы өз қалауынша сабақтап таратып әкетеді. Ескіден келе жатқан әдет қой бұл, – деді.

– Бұл үйге Шегебай келіп тұра ма?

Сәния денесі дір еткендей Майраға жалт қарап, сол сәт



екі беті дуылдап қызарып кетті. Осы бір күйін сездіргісі келмегендей:

– Әйбат сіңілім-ау, оны неге сұрадың? – деп, самайына түскен шашын құлағының ұшына қайырған боп қолымен бетін қалқалай берді.

– Жай, білгім келді.

– Шегебай бұрынғы әйеліне, барып жүр деген сыбыс естіп пе ең?

– Бұл ауданға жақында келдім. Осы колхозда алғашқы тілдескен кісім мына сіз. Оның атын бірінші рет естіп отырмын.

– Онда құмарлықпен білгің келген екен де.

– Әуестеніп, қайтем, өзіңіз айтқан соң сұрап жатырмын.

Сәния қолын кеудесіне басып:

– Мен бе? – деп қатты таңырқады.

– Иә.

– Оның келіп жүргенін қалай айтыппын?

– Ауыл адамдары үйінің есігін жаппайды. Сіз әлде кімнен сескенетін сияқтысыз. Есігіңіз кілттеулі тұрады. Біз кіргеннен соң да ілгекті іштен іліп алдыңыз.

Сәния есікке бір қарап:

– Солай екен-ау, – деп ашық ажармен күліп жіберді де, онысын ыңғайсыз көргендей қабағын түйіңкіреп салмақты үнмен, – дәл байқапсың, ақылды сіңлім. Екі-үш жолы осы үйге соққаны бар, – деді.

– Әңгімелеріңіз немен бітті?

– Сикыршының әзәзіл айласын, адасып, ажырасып жатқан еркек пен әйелдің кіргілжің керісін, ұрыс-таласын біліп қайтесің? Басың жас, ол саған тәлім емес, – деп сырын шашпай сырғыта жауап беріп еді. Майра іле сөйлеп:

– Ащыны татпасаң, тәттінің дәмін қалай білмексің? Дәл солай керіс пен келістікті, сый мен сикырлықты, жаман мен жақсыны ұқпасаң адасып маңып кету қиын ба? Тәлім деген сол емес пе? – деп демігіп барып тоқтады.

Айымжан кеудесін көтере түсіп:

– Мен білсем, осы қызымның айтқаны дұрыс-ау, – деді.

Дархан жас әйелдің шын шерлі күймен шерткен әңгімесін бөлейін десе «мынау бір шер ұқпайтын шертиген неме екен

дең деп айта ма деп, көлденең сұрақ қоюдың қисынын таппай қиналып, бөгеліп қалған. Майра еркін ептілікпен әңгіменің желісін оңай өзгертіп, нақты іске қарай бұрғанына ішінен үлкен ризалық айтты. Алғыспен басын иіп:

– Майра, әдемі айттың, – деді де Сәнияға қарай бұрылып, – Милиция Қаражанды осы үйде жатқан жерінде ұстапты. Солай ма? Шегебай да осы тұста келгіштеп жүріпті. Екеуіңіздің араңызда өкпе-наз айтылса, ол жеке бастың ісі, оған ешкімнің араласы жоқ. Бірақ, қылмыскер жатқан үйде сізден күдерін үзген кісінің келген себебі қандай? Оны милиция білгісі келеді.

Сәния Дарханға үнсіз тұнжырап қарай қалды. Сәлден соң катулы үнмен:

– Көп жыл отасқан ерлі-зайыптылар бір-бірінің сырын жақсы білсе керек. Соңыма лақап кінәрат сөз ерген күйінішті шақта бір жолы батып бара жатқан күннің өртенген алқызыл арайына қарап терезе алдында жылап отырғанымда біреу жотамнан сипалап ақырын құшақтады. Үйдің іші шам жағылмаған, күңгірттеу еді. Сәл есімді жиып «бұ кім?» дегендей бұрылып қарадым. Сөйтсем, Шегебай. Шошынған түрмен «Сенбісің? Қайдан Жіүрсің? Неге келдің?» дедім. Ол терезенің алдына бір жамбастай отырып, қолын кеудесіне қусырып, басын шалқайтып «сені қимаймын. Сағынам» – деп өмірі өкінішпен өткендей ақырын сөйледі. Оның айтуынша, аз ба, көп пе бет жыртыспай қызықты дәурен кешіппіз. Ал ажырассақ, оған екі жағымыз да кінәлы емес сияқтымыз. Бала болмаған соң амал бар ма? Өткен-кеткен жақсы күндерді еске алып, мені біраз жұбатқан боп кетті. Келесі бір жетіде таң ертемен тағы келді. «Мен бұрынғыдай сауда ішінде жүрмін ғой. Қазір ауданға базға барып зат алып қайтам. Қандай аманатың бар? Не әкелейін» – деді. «Дүние қызығынан кеткем. Әуреленбе!» – дедім. Қаражан ұсталатын күннен бір күн бұрын көңілім жер тартып, таңертеңнен мазам кетіп кеудеме күйініш оты кептеліп тұрғандай болды. Өзімді қинаған ауыр ойдан бір сәт құтылмақ боп бейнеттенейінші дедім. Далаға ошаққа от жағып, әуреленіп таба нан жауып жатсам. Бір кезде үйге кірсем Шегебай отыр. Қалай кіріп кеткенін білмеймін. Нанды стол үстіне қойғаным сол екен,

иығымнан қапсыра құшақтап «Сенің жөнің бөлек қой. Келші...» деп төсекке қарай құлатып икемдеп барады. Қызуы басылмаған албырт әйел дымы құрып жүргенде қарсылық жасамас деп ойласа керек. Мен қолымды босатып алып, пәрменіммен салып қалғанымда, «әй, саған не көрінді» деп бетін сипалап шегіне берді. «Жоғал, сұмырай! Қараңды көрсетпе!» дегенімде. «Пшту, керек едің, сен маған. Оған сенің нең кететін еді? Сауабыңды алайын десем, соншама бұлдандың. Өлмесең, оба қап. Үйімде мынау деген жас қатыным бар!» – деп есіктен шығып бара жатты. Соны сіңлім байқап қалыпты, содан бері есікті кілттеп жүрем! – деді.

– Милиция келгенде Қаражан осы үйде екен. Оның жұмыс уақытында мұнда жүргені қалай?

– Сәния сабырлы қалыппен:

– Мұқырыда мына апамның үлкен қызы тұрады, – деп Айымгүлді иегімен нұсқады. – Сол кісі көптен бері науқас екен. Соған барып қайтам деп екі күнге жұмысынан сұранып шығыпты. Қарьерден шыққанда облысқа қарай жүретін шофер кездесіп қалып содан Мұқырыға апарып тастауды сұрайды. Шофер алдында тек Мұқырыға дейін бармақ болады да, кейін осы колхоздың үстінен өтетін бұрылыс жолмен қайтуға келісім береді.

Дархан шапшаң сұрады.

– Сіз шоферді көрдіңіз бе?

– Жоқ-ә, қайдан көрейін. Орталықпен екі орта он шақырым жер.

– Азамат Егеубаев колхоз орталығында түсіп қалған ғой.

– Иә.

– Марданмен қай жерде жолығыпты?

– Онысын білмедім.

– Мал дәрігерімен жолыққанын айтпады ма?

– Айтқан. Қаражан осы үйге келгенде ылғи түпкі үйдің терезесін қағатын. Терезені тықырлатқанын естігенде, сол екенін біліп есікті ашқанымда, ол мені құшақтай көтеріп үйге кірді. «Марданмен қазір ғана сөйлестім. Ол кепілдік беріп өз қарауына жұмысқа алатын болды. Бірге тұрамыз. Қасыңда болам!» – деп балаша қуанды. Оның осы бір шаттыққа толы сәттерін күдікті қыңыр сұрақпен бөліп, қажап күйзелткім келмеді.

– Милиция келгенде оның мойынсынбай қашқаны қалай? Қылмыс жасаған ғой, сірә?

– Оған кінәлы менмін.

– Қалай кінәлысыз?

– Қаражан күн көтеріле келді. Ол бұрында әрі-бері өткенде жолшыбай соға кететін. Мен «қона ғой» дегеген соң, ол «жата кетейін» демейтін. Бұ жолы әй-шай жоқ, шешіне салып төсекке қойып кетті. Адам өмірінің шаттық, қуанышты кезі аз ғой. Екеуіміз де бақытты едік. «Жұмысқа кешігесің ғой» дегенімде, ол «әлі бір күн уақытым бар. Күні бойы қасыңда болам» деді. Мен ет асып, нан илеп жатқам. Ілезде айқай-шу естілді. Терезеден қарасам, тыста ерекше оқиға болғандай, бір топ адам бір-бірінен қалыспай даурыға сөйлеп, асығып алқынып келеді.

Алдарында екі милиционері бар. Түрлері суық, сөздері жаман. Үрейім ұшып кетті. Жүгіріп келіп: «ойбай сорлы, тағы бірдеме бүлдіріп пе ең?! Тұр шапшаң! Милиция келіп қалды! Қаш, құтыл!» деп жұлқылап ояттым. «Не дейсің? Қайда?!» деп атып тұрып, ұйқылы-ояу киіне салып тұра қашты. Одан кейінгі әңгіме өздеріңізге мәлім, – деп Сәния күрсіне қозғалып, әлде қашан шайы суып қалған кеселерді жинай бастады.

Дархан орнынан тұрғанда Майра да көтерілді. Сәния екеуіне кезек қарап:

– Қаражанның кісі өлтіргені рас па? Жасырмай айтыңыз-шы! – деді.

– Білмеймін. Бірақ қазіргі қолдағы фактілер оның кінәлы екенін сипаттайды.

– Қылмыс жасағаны анық қой?

– Тергеу жұмысы жүріп жатыр. Қылмысты кім жасағаны – бәрі анықталады. Бізде жазықсыз жазаланбайды.

Айымгүл ақырын күбірледі:

– Ақсүгіме сенем. Балам ондай сұмдыққа бармайды! Айымгүлдің сөзін естіп қалған Майра:

– Біз де кісінің қылмыс жасамағанын тілейміз, – деді. Екі сағаттан кейін Дархандар аудан орталығына оралды.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Бүгін Венераның бірінші сменада істейтін кезегі. Жұмыс сағаты әдеттегідей таңертеңгі сегізден басталады. Мұндай уақытта шаштаразда кісілер көп бола қоймайды. Бұдан бір ай бұрын дәл осы мезгілде сақал-мұрты қобырап өскен біреу келіп еді. Өзі асығыс. Командировкаға жүрмек екен. Көшеде машина күтіп тұрған көрінеді. Тек желке шашын қобыратпай түзеп беруді өтінді. «Экспедициямен кетіп барам. Дала адамы ұзын шашты ұнатпайды. Жалбыратпай қырқып бер. Сақал мен мұртты сапардан қайтқан соң екеуіміз дұрыстап түзеп, салтанатқа кірісерміз. Оған дейін мені ұмытып қалмайсың ба? Осында келіп-кетіп жүрген көп өткіншінің бірі екен деме, Жәмшит сөзін жұтпайды, айтқанында тұрады» – деп Венераның бармағының астына он сомдық қызыл құлақты қыстыра салды. Ақшаны алғанда Венера сәл сескеніңкіреп қалғанымен, Жәмшиттің шын ықласпен бергенін байқап, аса бір жылы мейіріммен күлімдей қарады. «Өзіңізге ыңғайлы қалаған кезде келіп тұрыңыз. Кезексіз қабылдаймыз».

Сол Жәмшитті бүгін Венера есіне алған еді. Оның сапардан қайтатын уақыты жеткен де сияқты. Осы шамада қайтармын дегендей боп еді. Өңі жас па, кәрі ме, қорбиған дорба сақалынан Венера жөнді байқай алмады. Тегі орта жастағы кісі секілді. Есіне алған адамы босаға түбінен шыға келгенде Венера қуанғаны ма, сасқаны ма, состия қарап тұрып қалды.

Жәмшит қасына тақап келіп:

– Танымадыңыз ба? – деді.

– Сіздей кісілерді ұмытпаймыз. Креслоға отырыңыз! – Венера үлкен ақ порстынямен Жәмшиттің иық, мойнын қымтап жауып, – Қалай қырқамыз? – деді.

– Өзіңізге қалай алған ұнайды?

Венера иығын бір қозғап:

– Бізге емес, клиентке ұнағаны керек, – деді де қалың шашты ұстап сүйір саусақтарын арасына жүгіртіп өтті. – Қынамен бояғансыз ба? Қара дейін десем қара емес,

не сарыға жатпайды. Қаражолық бірдене, сізге сары шаш жараспайды.

– Бояп қайтем. Шешем марқұмның шашы осындай сары қойыртпақ болса керек. Соған тартқан ғой. Сізге ұнамаса, осының түрін бір келкі етіп, айталық ақшыл түс жасауға бола ма? – деп Жәмшит күле қарады.

– Химия бәрін жасайды. Сонымен не істейміз? – Бурыл басты қалаймын.

– Сақал-мұртты қайтеміз?

– Оны да солай бояңыз. Ақсақалды кісі боп көрейік. Бізде қарттар құрметке бөленген.

– Бояйтын болсақ, ана жақтағы бөлмеге шығыңыз, – деп Венера бұрыштағы кішкене есікті көрсетті.

Екі сағаттан кейін шаштараздан орта бойлы, бурыл шашты, көзілдірікті әдемі киінген кісі шықты. Венера терезеден кетіп бара жатқан Жәмшитке, сонан соң бармақ астына қыстыра қойған жиырма бес сомдық қағазға қарады. Ақшаны төрт бүктеп ұстатып жатқанда:

– Уақытыңыз болса, сізді «Родина» кинотеатрының алдында күтем. Келеді ғой деп сенем, – деді.

Венера былғары әмиянның арасында бос сала салған өңшең жиырма бес сомдықтан көз айырмай:

– Жұмыстан тек сағат төртте шығам, – деді.

– Оны түсінем, – деді Жәмшит иіле түсіп. – Тірі кісіге о да алыс емес.

Венера кібірткітеп:

– Киноға кіреміз бе? – деді.

Жәмшит қыздың не айтқысы келгенін түсінді. Мұртын сауағымен бастыра сипап:

– Мені сондай қатігез кісі деп ойлап қалмаңыз. Мұндағы сегіз сағаттық әуреден кейін тағы екі сағат қаңтарып қойсам, оным кісілікке жатпас еді. Кинодан басқа да көңіл көтеретін жер бар ғой, – деп ақырын жымиды.

Венера көше бойымен ұзап бара жатқан Жәмшиттің ту сыртынан қарап тұрып «Кәрілеу көрінгенмен, былай тың кісі сияқты. Әрі ақшасы бар. Бір жолға ермек үшін байқап кәруге болады», – деп ойлады.

Олар сағат төртте кинотеатрдың алдында кездесті.

Венера ресторанға баратын шығармыз деп ойлаған. Жәмшит көшеден жеңіл машинаны ұстап алып қала шетіне қарай шығатын жолға түсуді өтінді. Шофер қарсылық көрсеткен жоқ. «Отыр» дегендей басын артқы кабинаға қарай бұрды. Асфальт төселген кең трассамен біраз жүріп отырып жаңа микроауданға қарай бет алды. Өлі салынып бітпеген биік үйлердің арасымен өтіп, тас жолмен өзенге қарай беттеді. Қалың тоғайға жақындағанда Жәмшит машинаны тоқтатты.

– Рахмет, біз осы жерде қаламыз.

Екеуі оңаша қалғанда Венера:

– Біз қайда келдік? – деп төңірекке жағалай қарады.

Жәмшит:

– Маған қонаққа келген жоқсыз ба? – деп күлді.

Екеуі бес жүз метрдей жаяу жүріп, тоғай ішіндегі шатырлы үйге келді. Үй үш бөлмелі. Ортасында ұзынша коридоры бар. Көше жақтағы екі бөлменің есігі жабық. Жәмшиттің айтуынша, ол осында жақын ағайының үйінде тұрады. Үйге ие боп отырған кемпір екен. Баласы облыста істейтін көрінеді. Жақында келіні босанып, баласынікіне кетіпті. Жәмшит өзінің жататын бөлмесіне әкелгенде Венера стол үстінен арақ-шарапқа сығысып тұрғанын көрді. Тоңазытылған құстың еті, білемдеп піскен майлы ет, шұжық, қызыл помидор, көк қияр бөлек-бөлек табақтарға төпелеме салынған. Ыстық астан басқаның бәрі бар. Бұжыр шыны тостағанмен қара уылдықты сәндеп бөлек қойыпты. Дәні жылтырап төгіліп тұр. Ауызға салса еріп кететін секілді. Венера таңертеңнен бері нәр татпаған еді. Жұтына, қомағайлана столға тақай берді. Жәмшит шынтағынан ақырын қысып ұстап қол жуғышты ымдап көрсетті. Қол шайғанды мақұл көргендей. Сәлден соң екеуі дастарханға отырды. Ұзақ отырып, көп ішті. Венера бұрын өзі көрмеген бидай арағы, коньяк, көкшіл шарап бөтелкелерінің аузын ашып дәмін көрді. Азғана тіл қуырған ащы, кермек дәмі демесе, бәрі ішуге ұнамды, әдемі. Денені маужыратып балқыта түседі. Жататын мезгілде тақаған сияқты. Венера қаншама қонақта жүріп еркектің мұндай шашыла мол силағанын көрген емес. Аузына арақ тисе, қол жүгіртіп, сипалап, өңмендей бастаушы еді. Жәмшит өйтпейді, өте

биязы, сыпайы отыр. Оқыған, ұстамды, мәдениетті кісіге ұқсайды. Венера иығына қолын салып, еркелей құшақтап:

– Шаршадым, жатайықшы! – деді. Таңертеңгісін төсектен тұрып жатқанда:

– Түнде сырғыта салып жалтақтап отырғаныңа мынау саудасы біткен кәрі шандыр біреу ме десем, өзің өршіте түссе үдеп кетер сойқансың ғой! – деп күлді.

Бұл күні Венера екінші сменада істейтін. Жұмыстан кеш шығады. Шұлығын жалаңаш санына тартып жатып:

– Кешке келуге бола ма?

– Соны өзім, сұрағалы отыр едім.

– Сен сұраймын дегенше кісінің дымы құриды.

Жәмшит сыпайы басын иіп:

– Сүйіктім, асықпаған жөн. Асықпаған арбамен қоянға жетеді, – деді.

– Қасымда аюым тұрғанда қояныңды қайтем!

Жәмшит қыздың иегін көтеріп ерніне ернін тигізді.

– Жұмыстан кейін кинотеатрдың алдына кел. Кешегі жерде тосам. Бұл жақ қараңғы, қайтарда қорқасың.

Шынында да тоғай маңы шырттай қараңғы екен. Жылт еткен сәуле жоқ. Венера «мұндағы жұрт жарықсыз қалай тұрады?» – деп ойлады. Олар түнгі сағат он бір шамасында қайтқан. Қураған шыбықтар балтырына тікенектей қадалған Венера:

– Қала сыртында, мұндай елсіз жерде не бар? Менің пәтеріме ауыссаңшы. Лукерья кемпірмен өзім сөйлесем. Біздің бөлмеміз бөлек. Ешкім бөгет жасамайды. Бірдеңе алғысы келгенде Лукерьяның бұрқылдайтыны бар. Ақша берсе аузы жабылады, – деді.

– Өзің солай қалап шешсең, мен құлдықтап тұратын құлыңмын.

– Шын айтасың ба? – деп Венера мойнынан секіре құшақтап сүйіп алды.

– Бітті, таңертеңнен бастап менің қарауыма көшесің.

– Айтқаның болсын!

Жәмшит осылай Венераның жалдамалы пәтеріне көшті. Екеуі бірге тұрып жатты. Жәмшит құлап құшақтап сүйгенмен «жарым бола қой» деп айтпады. Венера «тиейін» демеді.



Сұрау-санаты жоқ, екеуіне де ұнаған қызық тату тұрыс. Бір жолы күндізгі сменада істейтін Венера түн ортасында оралды. Өзі масандау. Есіктен кірген бетте Жәмшиттің мойнына асыла түсіп құшақтай кететін әдетін жасамай, босағадағы орындыққа отыра түсті. Жәмшит ұйықтамаған еді. Стол жанында бөтелкені ашып сыра ішіп тұрған. Иық үстінен бұрыла қарап:

– Жұмысың көп болды ма? – деді.

Венера селқостау жауап қатты:

– Жоқ-ә! Таныс кісі бар еді. Сол кездесіп қалды. Соның номерінде отырып аздап іштік.

– Танысың ба, қимасың ба?

– Мені қызғанасың ба?

– Қызғану дегенді қайдан шығардың. Саған сенем.

– Әйелге сенетін әулие екенсің ғой?

– Ондай қасиетім жоқ. Бірақ әркімнің өз қалауынша еркін тіршілік кешкенін қалаймын. Саған да соны тілеймін.

Венера кеш келгені үшін Жәмшит ұрысып жанжал шығара ма деп қатты сескенген. Оның бейбіт, момын түрін көріп:

– Сен ақылды адам екенсің. Олай ойламап ем, – деді.

– Барым алдыңда, жасырған дәнеңем жоқ.

– Сенің мейіріміңе, кісілігіңе сенем.

– Мен де сенің ашық, сыпайы мінезінді ұнатам.

Венера сәл ойланыңқырап тұрып:

– Бірдене айтсам ренжімейсің бе? – деді,

– Айтқын.

– Маған біреу сөз айтып жүр.

– Сөз айтқаны қалай? Үйленем дей ме?

– Дәл олай емес, соған ұқсастау бірдеме!

– Кім ол?

– Танымайсың. Бұл қаланікі емес.

– Қайдан келген неме?

– Облыстан.

Жәмшит ысқыра түсіп:

– Қармақты алысқа сілтепсің ғой!

– Өйтіп күлмегін. О кезде күлкі түгіл бас амандығын тілегем. Әуелі сен менің кім екенімді, колонияға қалай

түскенімді білмейсің.

– Сұрап қайтем. Менің алдымда әдемі қыз тұр. Басқаны білгім келмейді.

– Оныға рахмет, – деп Венера сөзін жалғады.

– Колонияда бізді оқытып, кәсіпке үйретті ғой. Одан шыққаннан кейін осында магазинде істейтін эпкемнің көмегімен дүкенге орналастым. Үйренуші деп қарай ма, сатушылар үлкен саудаға араластырмайды. «Барып кел, алып кел» деген секілді ұсақ іске қолқабыс жасап жүрдім. Мереке алдында дүкендерге товарды көп түсіреді.

Өткен майда барқыт, ала шайы, жібек маталар көп келді. Түске дейін сауда қызу жасалды. Кісі көп. Шаштаразда істейтін құрбым туфли алып онысы аяғына кіші боп шықты да соны маған сатпақшы болған. Алатын ақшам жоқ боп, әрі құрбыма туфлин саттырмай жүргем. Тай кездемені сөреге қойғанымда, қаттап қойған он сомдықты көрдім. Ішінен төртеуін суырып алдым. Сонша көп ақшадан біле қоймас деп ойлағам. Ұрлығым ашылып, дүкенші милицияға хабарламақ болды. «Ертең әкеп берем, бір күнге шыдаңыз» – деп жалындым. Ақшаны қайдан алатынымды өзім де білгенім жоқ. Салым суға кетіп келе жатқанда талдың көлеңкесінде, скамейкада отырған екі кісіні көрдім. Күйінішімді басуға қанша болса да арақ ішкім келді. Әлгілердің бірі «Қарындасым, көңілізсің ғой. Әдемі шырайға ашу жараспайдың, – деп жұқалай бастады. Өздері жұтып алған. Көңілді. Менің де сондай бір сәт көңіл көтергім келді. Ресторанға шақырғанда ләм деп қарсылық көрсетпедім. Сонан соң қонақ үйдегі номерге келіп іштік. Кететін кезде әлгі мейірімді адам ішкі қалтасынан әмиянын алып елу сомдық тұтас көкала қағазды ұстатты. Мен «майдаңыз жоқ па?» дедім. «Қанша?» – дегенде 40 сом жетеді. Артығының керегі жоқ. Егер осы қалаға жолыңыз түсіп келе қалсаңыз, сол мезгілге әзірлеп қоямын дегенімде, ол өзімен бірге жүруімді өтінді. Облысқа апарып жұмысқа орналастырмақ болды. Пәтер ақысын өзі төлемекке келісті. Егде кісімен еріп кете беруді ыңғайсыз көрдім. Шынын айтсам онша зауқым соқпады. Бірақ ол осы күзде қайта оралам, ойлан деп қалып еді. Маған бола әдейі келіпті.

– Енді не істемек ойың бар?

– Мұнда жұрт біледі. Бірі болмаса, екіншісі таниды. Үстіме бір жаңа киім кие қалсам, «қаншаға сатып алдың?» демейді. «Кім әперді, қайдан алыпты?» деп сұрайды. Жеңіл, сайтан жүріспен тапқандай көрінем. Байқасаң, шыны сол ғой. Кім біледі, әкем тірі болса, мұндай теріс жолға түспес ем ғой. Айына алған алпыс-жетпіс соммен қай тесігінді жабасың. Он тоғызға биыл толған екем. Әйел жынысын нағыз құтырар шағы. Шалқып, шарықтап қызықпен өткің келеді. Қатардан қалмайыншы деп тырмысасың, өршелене ұмтыласың! Қанша жұлқыңсаң да өндірген, тапқан түгің жоқ. Тіпті дүниеден торығып, түңіліп кетеді екенсің. Айналаның бәрі бос қуыс секілді, қармаққа ілінетін дәнеңе көрінбейді. Бәлкім үлкен қалаға барсам жағдайым оңалар. Бүйтіп әркім көзге түртпейді және көрінгеннің жетегіне ермей бір кісімен болам ғой. Соны күтем, соның тілеуін тілеймін. Әйтеуір азғантай болса да, үміт, тілек, ләззат бар.

– Оның елуді қусырған кәртәміс біреу де. Не қызық көрем дейсің!

– Әйел еркектің күшінен ғана емес, бір сәт оның жылы лебізінен де ләззат табады. Мұны сен бәрібір ұқпайсың.

Жәмшит басын шайқап, мырс етті.

– Бүгін әуенің өзгеше, өзінді мықтап оқытып жіберіпті.

– Сен өйтіп күлме, бұл басқаның үйреткені емес, өмірдің маған берген сабағы. Үлкен оқуы, не мол табысты кәсібі жоқ мен сияқты қыздарға еркекті сүй, қосақтасып тіршілік кеш, еркексіз береке, бақыт таппайсың дер едім.

– Жақсы қыз еркек қадірін біліп дәріптеп тұрса оны қалай қолдамаймын. Саған үлкен қалада зор бақыт тілеймін.

– Жақсы сөз жарым ырыс. Жылы сөзіңе рахмет.

– Сол кісің қайда жұмыс істейді екен?

– Сұрап жатқанды бір түрлі ыңғайсыз көрдім. Былай салмақты, дәрежелі кісі секілді. Бойы сәл пәстеу. Өзі кәрі-құртандарға пенсия тағайындайтын біреу ме деймін. Телефонмен сөйлескенде «Шүйінші. Пенсия алатын болдың. Ат мінгізетін шығарсың» – деп жатты. Әркімнен ат міне берсе, ол сондай қалталы, ең бай кісі де. Сен қалай ойлайсың?

– Не ойлайтыны бар. Мені кісі ғұрлы көрмей тастап кететініне өкінем. Барымды алдыға қойып жалпылдап жүрсем де әлгі қортық немендей қадірім болмапты.

– Сырын білмейтін кісіні сырттан даттама. Саған қортық көрінгенмен, өзіме бойшаң! Бұл, бір. Екіншіден, сен ерігіп, еркін сайран құрып жүрген ерке бұлансың. Маған үйленбейтініңді білем. Қалтаңдағы ақшаға әуес, қызық қуған қыздың талайын табасың. Ал менің желігім басылған секілді.– Венера айнаның алдына кеп шашын төгілте тарай бастады.

Жәмшит стаканға коньякты құйып жатып:

– Бір көрген бейтаныс адамға соншама аңсарың ауғанына таңым бар, – деп коньякты сыздықтай жұтты.

– Осы азғана жасымда талай еркекті көрдім. Бәрімен қыдырдым, деп айта алмаймын. Соның әрқайсысы өз құлқынын көздеп үздігіп тұрады, ісін тындырған соң уәдесін ұмытып кете барады. Ал менің Әбілім ондай кісі емес, айтқан күнінде сонау жақтан мені іздеп келді. Осы күні серттен таймайтын еркек өте сирек. Ал мен осындай адамды ұнатам, – деді де Жәмшиттің қолындағы бөтелкені жұлып алды.

– Сен ішпейтін ең ғой! Мұның не? Қояншығың ұстап, аузыңнан көбігің шығып тыпырлап жатпақсың ба?

– Кешір, Венера-жан, қояншық деген бәлені қайдан шығардың. Саған солай деп пе ем? Жай, айта салған әңгіме де. Ешқандай дертім жоқ. Қу даланы кезген экспедициядан бір жолға қалада тұрайын деп таныс дәрігермен ақылдасқанымда сондай куәлік бере салды, – деп қолындағы коньякке қарады. – Бала кезімнен бұған көп әуестенген емеспін. Оны өзің байқадың. Қазір ішімді өртеген күйіктің жалынын немен өшірем, қайтсем басам? Тым құрыса, аздап жұтайыншы!

Венера еденді тасырлата басып шифонерге келді де Жәмшиттің чемоданын шығарып босағаға қойды.

– Айыр жолдың үстіне кеппіз, айрылысатын мезгіл жетті, Женя!

– Мені қуғаңын ба? .

– Қуып қайтем. Өзің кетесің.

Жәмшит жалынышты үнмен:

– Осы қаладан кеткеніңше қасында бола тұрайыншы. Өтінем сенен, – деді. Ол бүгін таңертеңгісін келем деген. Қасымда соқталдай мас еркекті көргенде не деймін? Досым деймін бе, бауырым деймін бе, қалай таныстырам? Сен мәдениетті адамсың. Жағдайымды түсін!

– Тәуір сабақ үйреттің. Бұлай ойламап ем...

Венера сөзін бөлді:

– Несіне қиналасың? Қарағайдай үйің бар. Қаланың сырты, оңаша жер. Бүйтіп қысылып, қымтырылып отырмайсың. Қалай сайран кұрсаң да еркің. Саған ешкім қой демейді. Сондай жерді ұнататыныңды білем.

Жәмшит тістеніп, түйіліп көтеріле беріп, сол сәт бетін екі алақанымен басып сұлқ түсіп отыра кетті. Ашуға булыққанда шүңірек қара көздің ақ-қарыс білінбей тұтасып, қара тастай боп түйіліп кете ме қалай, Венераға Жәмшиттің тұнжыраған қара көзі дәл қазір солай көрінді. Осындай жұтына ұшқын атқан қомағай қарасты бір жерден көргені бар. Қайдан көріп еді? Есіне түспеді. Көңіліне секем алып шегіне түсті.

– Мұның қалай?

Жәмшит ашуы тарқамаған кісідей жұдырығымен столды қойып қалып:

– Сайранда дейсің! Сенсіз өткен сайраны құрып қалсын! – деді де, кеудесін керіп басын шалқайтып көзін жұмған қалпы, – Қызыл көрсе қызыға қуып, селдендеп жүре беретін желікпе ме десем, ындының бөлек ынталы жан екенсің. Қадір қасиетіңді енді ғана ұққандаймын. Мені шет кетіп алыстаған, ұзаған сайын саған деген құмарлығым, ынтызарым арта түскендей, кеудемді қапқан қимастық тәтті елжіреу бар. Махаббат деген осы ма екен? Ұқпаймын. Өзімше көргенім көп, піскенмін деуші ем. Сөйтсем, жай ғана көп ақымақтың бірі екенмін, – деді. Венера аяп кетті:

– Өзіңді қорлап, табалап қайтесің. Сендей оқымысты адамға жараспайды.

Жәмшит бұрылып тұнжырай қарады.

– Бір өтінішім бар. Орындайсың ба? Бәлкім, соңғы тілегім болар.

– Біз тілеулес дос адамбыз, оған сөз бар ма?

– Өзіңе деген көңілімнің тазалығын айттым. Шынын

айтсам, қимаймын? Ең болмаса сенің кіммен ілесіп кеткеніңді білейін де. Сол кісімен мені таныстыр. Мектепте еңбек пәнінен сабақ берген мұғалімім еді дерсің. Қорықпа, бар әңгіме көз алдында болады. Ұятқа қалдырмаймын.

Венера сәл ойланып тұрып:

– Жарайды, ертең сағат кешкі алтыда қонақ үйге кел. Номерге кірме, төменде күт. Басқышпен төмен қарай түсіп келе жатқанда сені көріп қалған болайын. Сол жерде кездесесіңдер, – деді.

Жәмшит тізерлей отыра қалып Венераның оң қолын екі алақанына салып ерніне апарды.

– Ақылдым, менің!

Бір ғажап жері осы сөзді бірнеше сағаттан кейін Әбіл Бөлеутаевич те телефонмен сөйлесіп жатқанда біреуге айтып қалған еді. Бірақ ол бұл сөзін еркекке бағыштады.

– Телефондағы кім? Мазабеков өзінде ме? Трубканы беріңізші. Бұ кім? Е, Елеке амансың ба? Бұл облыстан Бөлеутаев қой. Иә, үй ішің аман ба? Келін жақсы ғой? Осында Егеубаев деген біреуді ұстағанын естіген шығарсың. Сол маған қарын бөлесымақ еді. Шешесі жылап қоймаған соң келіп ем. Әрине, оның соңынан кім жүреді дейсің. Жәй, туысы іздеп кепті деген дақпырт әңгіме болсын дегенім де. Ол қанқор өзімен кетсін! Иә, солай. Біз де құдайға шүкір жүріп жатырмыз. Жағдай жаман емес. Оу, Елеке, бұ қалай? Ауылдарыңа келгелі бері шөп-шалаң, капуста жейміз деп ішіміз кепті. Қонаққа деген сорпа-су болмайтын ба еді. О, бәсе солай десеңші. Ә, қалай дедің? Ха-ха-ха! Мынауың тамаша екен! Иә, солай жасағаның дұрыс. Үйде боп жүрміз ғой. Бала-шағаны мазалап қайтеміз. Өзіміз емін-еркін жайласып отырайық та. Қайда? Өте жақсы. Міне, білетін кісі солай жасайды. Ой, ақылдым, менің!

Сонан кейінгі оқиға қалай болған еді? Әбіл қазір темір төсектің үстінде жатып кешегі күнді көз алдына елестетті. Телефон соққаннан кейін сол күні түс әлетінде аудандық тұтынушылар одағының бастығы Мазабеков өзінің жекеменшік «Волгасымен» келіп алып кетті. Жолшыбай аудандық милицияға соқты. Сонан соң Қаратал өзенінің жағасына барды. Онда қалың ағаштың қалқасына когал

алаңқайға шатыр тіккен екен. Әбілді сонда апарды. Тыныс жасайтын орынды әдемі әзірлеген. Көгалға қалыңдап киіз төсеп, үстіне қызылды-жасылды шолақ шайы көрпелер жайып тастаған. Үш-төрт жерде көкшіл барқыт жастықтар қаққан қалпы дөңкіп жатыр.

Жерошақтың қасында сәнді киінген, нұрлы, сұлу жүзді жас әйел кесеге сорпа құйып астың тұзын көріп жатыр. Қонаққа мал сойылғаны ішек-қарынның аңқыған кермек иісінен білініп тұр. Әбіл машинадан түсіп жатып:

– Ойпырай, Елеке, сізде жүрек жоқ. мынадай әп-әдемі келіншекті далаға қалай жалғыз тастап кеткенсіз! Біз сияқты көзі қарайған қалашылар қағып кетеді деп ойламайсың ә! – деп таныс кісідей қасына еркіндеу кеп саусақ ұшын бере амандасты. Өзінің обылыстан жүрген дәрежелі, лауазымды, салмақты кісі екенін сездірді.

Келіншек қымсынбай, жарасты сыпайылықпен:

– Қаладан екен деп оңай жабыса, қабыса алады деп педіңіз? Өз аулымызда аршыл арысымыз бар. Тұмсықтыға жөншеулікпен шоқыттыра қоймас, – деді.

Мазабеков келіншектің қарынан сипалап:

– Алмагүл деген қарындасыңыз осы. Жыбырқай көп сатушының бірі екен деп калмаңыз. Ісіне сай өнері, мінезі келіскен аяулы асылдың өзі. Көрмейсіз бе, жүзінде періштенің нұры бар. Дүние, тірлік қызығын маған Алмагүл аяшым беріп тұрғандай көрінеді, – деп келіншекке қалжың дәмезді көрсетпе дегендей шырай білдірді. Оны сезген Әбіл:

– Елеке, көздің нұрын алатын осындай аруларды қайдан табасыз? – деп қарқылдап күлді.

Елемес төмен қарап мырс етіп күлді де қонағын шынтағынан сәл сүйемелдей көрпенің үстіне әкеп отырғызды. Үлкен көкшіл барқыт жастықты Әбілдің шынтағына қарай сырғытып:

– Мына Елемес бауырың әйел жынысын қызметке алғанда оның ісіне қарап адмайды, түсіне қарап алады. Жұмыс деген, тәйірі қайда қашады дейсің. Жүре келе үйренед те. Бәрінен әйелдің әрлісін табуың қиын. Жұрт та қу боп алған, шырайлысын оңайлықпен бере қоймайды. Бұған үлкен ептілік, айла-қулық керек, Әбеке! – деп еңкілдей күліп

жастыққа қисая кетті.

Сол өнерінді ішіне сақтай бермей бізге де үйретсең қайтеді, – деп Әбіл Алмагүлдің табақпен қуырдақ әкеле жатқанын көріп бөгеліп қалды. Жас сұлудың келуін күтті. Алмагүл қарындағы ақ орамалды дастархан орнына жайып, қуырдақты қонаққа жақынырақ қойып тізесін бүгіп отыра бергенде сөзін жалғастырды. – Әлгінде ошақтың басына кепкен қурайды құшақтап әкеп тастағанда қураған шыбығың неге болмадым екен деп өкіндім. Мен де ақ білегіңіздің үстінде көлденең жататын едім ғой. Ой, шіркін, дүние-ай!

Алмагүл көзінің қиығымен қарап езу тартты:

– Арманыңыз көп екен.

– Несін айтасың, Алмажан. Көкірек шерлі. Сол дертті емдейтін емшім, тәуібім өзің болсаң ед, – деп шынымен дәмеленгендей көзін қысып қойды.

«Мына кісі қандай өзі?» деп тіксініп қалған Алмагүл осы кезде жарқабақтың астынан көтеріліп келе жатқан кісілерге алаң болғансып жүзін тайдыра берді. Көйлегінің етегін тартып тізесін қымтады. Әбіл басын көтеріп қап «мыналарың кім?» – дегендей Мазабековке алара қарады. Тәуір, жайлы отырыстың шырқын бұзғанын жақтырмады. Келген екеу қонақтың ондай күйін байқамай ұмтылыса кеп, қос қолдарын ұсынып амандасып жатты. Әбіл жантайып жатқан қалпы оң қолын еріне әрең көтеріп саусақтарының ұшын ғана ұстатты. Мазабеков бүгінгі сейілге көңілі толғандай жайраң қағып:

– Мына қасыңдағы жігіт Шегебай деген інің болады, – деп таныстыра бастады. Осында автолавка ұстайды. Не керектің бәрі осының қолында. Өзі сатушы, өзі шофер, өзі бастық. Ауылдағы үміткер азаматымыздың бірі. Сөйлесең назыңды, жантайсаң салмағыңды көтеретін жайсаң жігіт. Мен өзім Шегебайға сенем. Ол Алмагүлдің аяқ жағын ала қисайып жатқан бадырақ көз, жалпақ бет, емшек ерін жігітті иегімен нұсқады, анау торсықтай кепкен шойқара менің шоферім, Қарауыл деген азамат. Оның қызметі өзінің атына сай. Біздің үйдегі келіннің сырын білесің. Мені әйел атаулымен бірге жүргенімді көрсе жарылып өле жаздайды. Басқан ізімді бағып, аңдып отырады. Сыртта жүргенде де андусыз қалған



күнім жоқ. Соңыма салып қойған қызыл көз бәлесі осы Қарауыл. Қарауылдың бір қасиеті мен не десем жеңгесіне соны тапжылтпай айтып барады. мен де тыныш, мұның да сыбағасы түгел. осылай бір-бірімізді жағалай алдап тірлік кешіп келеміз.

Әбіл:

– Бүгінде алдаусыз алысқа бармайсың, – деп білгішсіне түсті.

Дастарханды Алмагүлдің өзі билеп кетті.

– Қазір түс мезгілі. Қала адамының тамақ ішетін уақыты. Тамақ алып, ішіп-жеп отырыңыздар, – деп Шегебай құйған арақ, коньякты жағалай ұсына бастады. Қазақ асыл тастан, ақыл жастан дейді. Араларындағы жасың Елемес аға екен. О кісі әрі ауыл иесі. Беташар сөзді Елекеңе берейік. Келген қонақтың құрметіне алдырып қойсын.

– Өйтпесең, Алмагүл болармысың. Сөзіңе құлдық, жаным! – деп араққа шүпілдеген кішкене стаканды басынан асыра көтеріп. – Бүгін осы отырған кісілер бақытты ма деймін. Оның себебі бар. Арамызда шақырсаң да келтіре алмайтын қадірлі қонақ отыр. Ол мына Әбекең. Бұ кісінің сонау облыста істейтінін былай қойғанда, Әбекең танымал дәрігер, құрметті кісі. Әбекеңмен былтыр осы уақытта Қырым жағасында бірге демалып, сайрандап ек. Міне бүгін дәм айдап біздің жаққа келіп қапты. Осы тосты Әбекеңнің денсаулығы үшін көтерем. Жамандық тілегендер ішпейді! – дейді.

– Әбекең үшін неге ішпейік. Әбекене әмісе жолыңыз болсын, осылай келе беріңіз, бізді сейіл, қызыққа кенелте беріңіз дейік, – деп, Алмагүл бұрыла бетін қалқалай стаканды ерніне тигізе бергенде, Шегебай:

– Жақсы кісілердің арағы тәтті болады екен де, тіпті дәмін білмей қалдық, – деп қағып жіберді де, бос стаканды дастарханның шетіне қисайта салды. Аузын саусағымен сүртті де қойды. Шіміркенбеді.

Мұнан соң қонаққа сөз берді. Әбіл көп сөйлемеді. Елеместің кең пейіл жомарт екенін, кісі жатырқамайтынын, мұның өзі әркімде бола бермейтін сирек қасиет екенін бір-екі ауыз сөзбен түйіндеп кетті. Сондай қасиетке тост көтерейік

деп өтінді. Бәрі стаканын көрсетіп түбіне дейін сіміріп салды. Әбіл де жамандық тілегісі келмеді. Ішіп қойды.

Алмагүлден соң сөз кезегі тағы Әбілге тиді. Ол әлгіндей емес шешіле түсті. Осыншама құрмет көрсеткен досқа дән риза. Облысқа жолы түсіп келе қалса, Әбіл де силап алуға шамасы бар. Мынадай коньяк бермегенмен спирт дайын. Аптекада істейтін іні тұрғанда көп қысыла қоймайды. Дегенмен Шегебайдай берекелі, мол қол інісі, Қарауылдай кішіпейіл тындырымды тынысы бар Елемес бәрінен бақытты екен. Осы тұста стакандар тағы сыңғырлай түйістірілді. Әбіл ділмарсып тоқтамады. Алмагүлге әзіл айтқан боп, бейілдене сөйлеп кетті. Бүгін ол мына кең далада, өзен жағасында бір жаңалық ашқандай боп отыр. Бұрын өзі естіп білмеген сұлу, сәнді өзгеше жанға кезікті. Бетінің әрін көтере алмай жүрген жеңіл қылықты, татымсыз біреу емес, кескінінде кеменгердің түрі бар, әріне ақылы сай бөлек туған жан. Тегі мұны күшқан еркекте арман жоқ. Әбіл Алмагүлдің жақсы қасиеттерін термелей түскенде әр жолы тост көтерілді. «Ойпырай, біздің көкейіміздегіні дәл тауып жатырсыз. Тіліміз жетпей айта алмай жүр ек. Тегі облыста отырғанға не жетсін!» деп, арақтарын тауыса сілтейді. Жеп жатыр, ішіп жатыр. Өйткені ешқайсысы жамандық тілегісі келмейді...

Сонан соң ше? Иә, айтқандай біреумен жағаласып қалғаны есінде бар. Күн батып бара жатқан мезгіл ме еді, қалай? Әйтеуір, көкжиек қызарып алаурап тұрған. Кіммен төбелескенін білмейді, біреуі «мына қортықтың әл-әулетін білмей, төбелескішін қарай гөр!» дегенде, «Сендердің бәріңді қаматам, құртам!» деп жұдырығын ала жүгіргені бар. Өтірігі ме, шыны ма, Алмагүлдің шыңғырғанын біледі. Одан арғысы есінде жоқ. Көзін ашып алғанда мына шағын бөлменің ішінде, темір керуеттің үстінде жатқанын көрді. Бұл үйге қайдан, қалай келді? Білмейді. Текеметке жаялықтай құрақ көрпе төсеген екен. Соған киімшең жатқыза салыпты. Шалбарының балағы тозаң, батпақ. Көйлегінің алқа-салқасы шығыпты. Омырау түймелері үзілген. Сағатын құлағына тосып еді. Тоқтап қалыпты. Бүгін қай күн? Мұнда қашаннан бері бұлай ес-түссіз жатыр? Әлгі «Әбекең біледің, «Әбекең сөйлесін, өнеге алып қалалық деген өңшең пысықтар қайда?

Қорлағандай балалардың ескі төсегіне жатқыза салғаны несі. Шәрттік екенін білсін дегені ме? «Бәлем, тұра тұр, көрсетем сендерге!» деп кіжіне атып тұрды. Қора жақтағы терезе ашық екен. Белдеу пердені екі жаққа қарай сырды. Сол сәт тағы ойланып қалды. «Бұларға кәрін төккенде не жасай алады? Елемес те, Шегебай да мұның қарауындағы кісілер емес. Қайта, бұлар жабыла қол қойып жоғары жаққа арызданып жүрсе өзі үлкен бәлеге қалады. Қой, бас амандығын ойлаған жөн.

Сырттан әйел мен еркектің дауысы естілді. Шегебайдың дауысын анық таныды. Ол:

«Апа, сандықта театрдан қалған ұсақ-түйек бірдемелер жатушы еді. Бір жаққа тастағансың ба? Таба алмай жүрмін» – деді? «Апа» десе, шешесі болғаны ғой деп ойлады Әбіл.

Шешесі жауап қатты:

«Балам, бері қарашы, энеукүні ши қалпақ киіп, сақал байлап өңінді өзгертіп жүргенің не сұмдық, не бәле! Соныңды айтшы! Кімнен бұғынып, жасырынып жүрсің? Жүзіңді бүркегеніңнен шошынам!».

– «Е-и, соны елемей-ақ қойсаң қайтеді!».

«Балам, жүрегім бір жамандықты сезеді. Бұлтақтамай, жөніңді айт!»

– «Түу, қайдағыны айтады екенсің. Анау Сәния «келіп кет, айтатын сөзім бар», – деп қиылып қоймаған соң, соған барып қайтқам. Елдің ащы тілі Жаңылға жетпесін деп бүркеншектеп жүргенім сол. Білмегің осы ғой!»

Бұл әңгімені Әбілден басқа тағы біреу естіп тұрған. Ол Жаңыл болатын. «Ой, сұмдық-ай!» – деп, еденді тасырлата жүгіре жөнелді.

«Жылады ғой. Онысы несі?» деп ойлады Әбіл.

Әбіл дауыстады:

– Әй, Шегебай, бері кел!

Әлден соң Шегебай үйге кірді. Кешегідей құрақ ұшып ұмтыла кеп амандасқан жоқ. Салқын ғана:

– Тұрдыңыз ба? – деді.

– Мен қайда жатырмын?

– Далада емессіз ғой.

– Бұл сенің үйің бе?

– Иә.

– Елемес қайда?

– Қазір науқан кезі. Жұрттың бәрі жұмыста. Мен де егін басына жүргелі отырмын.

Әбіл қабағын шытып:

– Әй, сенің есің дұрыс па? Шапшаң облысқа кетуім керек. Қонақ үйге қалай жетем? Соны айт!

– Қорықпаңыз, жаяу бармайсыз.

Бір сағаттан кейін Шегебай Әбілді Көктасқа әкеп тастады. Жұмысқа асығып отырғанын сылтауратып, үйінен шай да татырмады. Әлім ішінен Шегебайға өшігіп келеді. Қатты айтуға дымы құрып отыр. Кеше мас боп бүлдіргем ғой деп қауіп ойлады. Сыр тартып:

– Алмагүл әдемі келіншек екен. Әр десең әр, ақыл десең ақыл бар, – дегенде, Шегебай танауы пысылдай күлді.

– Неге күлесің?

– Кеше күйеуінің көзінше зорламақ болдыңыз ғой.

– Күйеуі кім қайда істейді?

– Біздің колхозда медпункттің бастығы боп істейді. Ет жегелі жатқанда келген. Сізді дәрігер деген соң және үлкен жерде қызмет істейтініңізді естіп сұбхаттасып қалам деп байқұс тоқтысын сойып, әйеліне тамақ дайындатып әлектеніп еді Сіз тәуір-ақ қатынына қикалақ салдыңыз, – деп Шегебай баранқаға маңдайын төсеп шиқылдай түсті.

– Әй ондай әдетім жоқ, жаппа бәленді!

– Сөзге сенбесеңіз суреттерді көрсетейін. Әбіл шошып кетті.

– Оны кім түсірді?

Шегебай өзі екенін жасырды.

– Алмагүлдің күйеуі сізбен отырғанын дәреже көріп «бастығыма көрсетем. Облыстың өзінде танысым барын біліп қойсын», деп сізді суретке түсіріп алмақ боп фотоапаратын алып келген екен. Анадй ойранның үстінен түскенде «әй, мынау әділет шашқан есті ме десем, әбілет басқан елерме ғой! Мұндай жарымес облысқа қалай сиып жүр-ей!?» – деп рахаттана фотоапаратын шыртылдатып жүрген. Осының бәрін тез ұмытып қалдыңыз ба? – деді.

– Кеше сен де тартынбай көсіле сілтемеп пе ең! Оны

қайдан біле қойдың? Алакөзденіп отырған мына өзің болатынсың!

– Кеше сізден басқа кісі ішкен жоқ.

– Не оттап отырсың! Ішпегенің қалай, жамандық тілейтіндер ішпейді дегеніміз қайда?

– Солайы солай ғой. Сіз коньяк іштіңіз. Біз арақ орнына су іштік.

Әбіл албасты басып алданғанын бір-ақ білді. Ыза қысып, күйіп кетті.

– Алда, әкеңнің аузы... Елемес-ай! Нағыз ел емес, кісі еместің өзі екенсің. Өйтпесең, шала қазақ болармысың, сен ит!

Әбіл қонақ үйге келісімен номеріне кіріп шкафта тұрған коньяктан бір стаканын демалмай сіміріп жіберді. Сәлден соң жадырап маңдайынан тер шықты. Елемеске өштігі басылмай тұр. Дәл қазір қолына түссе езгілеп, буындырып тастаудан тайынбас еді. «Сен ит, тұра тұр. Қолыма бір түсерсің. Қарын орнына қағанағыңды тіліп қан қақсатармын», – деп кіжінді.

Номерге Венера кірді. Ұмтыла кеп Әбілді құшақтап:

– Сағат алтыда жүреміз демеп пе едіңіз? Бұл қалай? Сізге не болды? Өңіңіз сынық қой, – деді.

– Машина келді ме?

– Білмеймін. Әйтеуір есік алдында бір «Волга» тұр.

– Кеттік онда, – деп киім-кешектерін чемоданға салып шапшаң жинала бастады. Аздан кейін екеуі төмен түсті. Басқыш алдынан Жәмшит жолыға кетті. Венера жақсы танысын көріп қалған боп:

– Сәлеметсіз бе, ағай? Қайдан жүрсіз? –деп жөн сұраған-сыды. Әбіл кідіріп, Жәмшиттің бас-аяғына көз тоқтатып түйіле түскенде, – менің мектептегі мұғалімім. Танысып қойыңыз, – деді.

Әбіл Жәмшиттің қолындағы кішкене чемоданын көріп:

– Жүргелі тұрсың ба? – деді.

– Дәл таптыңыз. Облысқа барсам деп ем. Көліктің ыңғайы келмей, бүгінше қонақ үйге түнеп шығамын ғой деймін.

– Машинада орын жетеді. Кеттік!

– Сізге қалай рахмет айтарымды білмей тұрмын.

– Білмесең кейін айтарсың, қазір уақыт жоқ!

Венера «бұлай келіскен жоқ едік қой» дегендей Жәмшитке алара қарады. Тыпырлап, асыға басып бара жатқан Әбілге бірдеме айтқысы кеп еді. Оны сезген Жәмшит:

– Маған беріңіз, мен алып жүрейін, – деп Әбілдің қолындағы чемоданын алып, оны алға қарай оздырып жіберді де Венераға зілді үнмен, – Абыройдан айрыласың. Өшір үніңді! – деді.

Лейтенант Круглов кезекші әкімшінің қасында соңғы кезде қонақ үйге тоқтаған кісілердің тізімін қарап жатқан. Әбілді иегімен нұсқап:

– Мыналар кім? – дегенде, әкімші әріп кезегімен журнал бетін аудара қарап, ақтара тескерді. Әбілдің фамилиясының тұсына көз тоқтатты:

– Номерге бронь салған облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі. Бұл кісі облыстан келгенге ұқсайды. Қасындағыларын танымаймын. Сірә, серіктері болар, – деді.

Бұл кезде қара «Волга» жүрісін үдете түсіп қонақ үйдің алдынан зуылдап өте берді.

### ***ЖЕТІНШІ ТАРАУ***

Капитан Жәркешев бүгін аса бір жүдеу, бей-жай күйде еді. Күні бойы томсарып, сұрлана түйіліп қызметтегі адамдармен жөнді сөйлеспеді. Бұған бір жағынан ай бойы тергеуде жатқан Егеубаев ісінің нәтиже бермей жатқаны себеп болса, екіншіден майор Серқожаевпен таңертеңгі оперативті кеңестен кейінгі әңгіме де себеп болды. «Ісің шалағай, қолыңда айғақтық дәлелдер тұрып, өрбітіп әкете алмайсың. Нәрін таппай жадағай қалқисың. Шамаң келмесе, кібіртіктемей турасын айт. Екеумізден көреген, алғыр жастар бар. Тізгінді соларға берейік», – деп қылмысты іздеу бөлімінің жұмысына көңілі толмайтынын ап-ашық айтты.

Жәркешев бастығының сөзін көңіліне ауыр алғанымен, оның да жағдайын түсінгендей болады. Күн сайын облыстан «Тергеу қалай жүріп жатыр? Неге әлі күнге дейін нәтиже жоқ? Егер кінәсіз адамды ұстасандар, тура айтыңдар. Заңды бұзған жазаланады. Сіз де шет қалмайсыз!» – деп Серқожаевтың

өзіне де оңай тимейтінін ескертіп кетеді. Соңғы аз уақыттың ішінде кісі өлтіру, кассиршаны тонау секілді екі үлкен оқиға болды. Мұндай қанды оқиғаны мұндағы тұрғындар соңғы жылдары естіп білген емес. Екі адамның басы қосыла қалса осы сұмдықты шошына әңгіме етіседі. Тыныш, рахат жатқан жалпақ елге келген жұқпалы обадай көреді, милицияға да наразылығын білдіріп шенейді. «Милиция ел тыныштығына әбден бойлары үйреніп алған ғой. Әйтпесе, бұзықтың пиғылын күнілгері біліп отыратындары қайда? Өйтсе, бейшара жазықсыз дәрігер қанқордың қолынан бүйтіп нақак қорлықпен өлмейтін де еді. Тіпті бұлардың шаңқай түсте ақшаны тонатып алып жүргендері қызық. Табанда неге ұстап алмаған?» – деп милицияны кінәлайды. Әрине, мұның бәрі құр сөз түрінде емес, жазба түрде де жетіп жатқаны айқын.

Жәркешев кабинет ішінде әрі-бері жүріп, кілт тоқтап кенет ауыр ойға кетіп, қолын телефонға қарай соза бергенде, «Рұқсат етіңіз!» деген Жайлыбаевтың дауысын естіді. Жалт қарап:

– Кел, Дархан! Кімді ойласаң, сол келеді деген. Қазір ғана телефон соғайын деп жатыр ем, – деді.

– Қызметіңізге дайынмын, жолдас капитан.

Жәркешев түрегеп тұрған қалпы столға жамбасын тірей тұрып:

– Бір сауал қоюға рұқсат ет! – деді. Дархан жымып күлді.

– Неге болмасын, сұрағыңыз болса беріңіз.

– Сен қалай ойлайсың, осы мен қателестім бе, жоқ па?

Шен дәрежең төмен болғанмен облыстың өкілісің, көргенің бар, ортаң бөлек, зиялылардың сөзін тыңдайсың. Соның бәрі тәлім білгенге! Қатем болса, сыпайыламай, сыздамай тура бетіме айт. Оған ренжиді екен деме, көңілге дық алмаймын, – деп шала тартылған папиросын мыжғылап тас күлсалғышқа салды да, екінші темекіні шығарып тұтатты.

Дархан азғана шұғыл ойланып:

– Әуелгі сәттен-ақ үлкен шабыс, әлек үстінде, қылмыстық дереу тежеуді көздеген мақсатпен аңдамай асығыстық жасадық-ау деген күдік келгені рас. Оқиғаның барысы қолданған шараның қисынды, орынды екенін көрсетеді. Теріс жәйттерді байқамадым, – деді.

– Жақсы, сөзіңе рахмет. – Темекі түтінін үсті-үстіне жұтып бір сәт үнсіз тұрды да, шапшаң қозғалып, әрі-бері жүріп сөйлеп кетті. – Марданды өлтірген, Тайшықовты бүркеп жасырып жүрген, кассиршаны тонаған ала жарылып жүрген саяқтар емес, бәрі бір топ, бір шайка, бір кісі деп жорамалдағам. Әлі осы ойға берікпін. Егеубаев арқылы қанқор Тайшықовтың жолын кесем, кассиршаны тонағанды да ұстаймын дегенмін.

Бірақ, аңдамай мүлт кеттім бе, дәл осы тұста жақсы мақсат ниетім сағымдай алыстап, өзім айдалада бос қаңғырып қалғандай көрінем. Меніңше, азамат Егеубаев шынын бүгіп, жасырып отырған секілді. Бәлкім, сен жауап алып көрсен қайтеді? Мұндайлардың екі тергеушінің, біріне шағым жасап, даттайтын әдеті. Сонда бір сәтте мұңын шағар, сырын ашар. Бізге істің ақиқатына жетсек болды ғой! – деді.

Соңғы кездері Дархан осы оқиғамен байланысты Майра екеуі көп кезіп, білетін кісілерден, куәлерден сұрастыра жүріп бірсыпыра материал жинақтаған еді. Қаражанға жақын етбауыр туыстарымен де, бірге қызмет істейтін жұмысшылармен де әңгімелесті. Мұндағы ойы Егеубаевтың кісілік дәрежесін, қанқор Тайшықовпен байланысының бар-жоғын анықтап білмек еді. Жұрттың пікірі бір-біріне қабыспай қайшы жатты. Туыс жағы «бала сыртта, оқуда жүрді. Онда не тындырғанын қайдан білейік. Бұзақыларға ілесіп жүр деп естіп ек. Ақыры шын болды. Мұнда келіп бейуаз адамды өлтірді. Қан көрген қан иіскемей тұра алмайды екен де!» деп, біржола түңіліп шыға келді. Бәрінен жоқшысы атанып жүрген қарын белесінің сөзі өзгешелеу шықты. Бұл әңгімені Дархан мен Майра Серқожаевтың кабинетінде естіген еді. Мезгіл түскі үзіліс алдында болатын. Майордың есігі ашық тұрған. Біреу ұзын коридордың бойымен еркін салмақтай басып сөйлеп келеді.

«Аудандық, қалалық милиция дегеніміз осы ма? Екеуі бір екен ғой!»

«Иә».

«Мұның бастығы кім?»

«Майор Серқожаев».

«Ол өзі қайда отырады?»



«Анау түкпірдегі есік».

Серқожаев бұл сөздерді естіп отырған. Кісінің тықыры тақалғанда:

«Кімде болсаң бөгелмей кіре бер. Есік ашық тұр» – деді.

«Бастық сіз бе?»

«Иә, майор Серқожаев».

«Облыстан Бөлеутаевпын. Сендердің Көктастарыңа облаткомның тапсырмасымен кеп ем. Өтіп бара жатып карасам «Милиция» деген жазу тұр екен. Кіріп шыға кетейін деп ойладым».

«Қонаққа милиция есігі әрдайым ашық».

«Сендерге Егеубаев деген біреу жатыр ма?»

Майор көз астымен Дарханға қарап күмілжіп қалды:

«Қалай деуге болады? Сондай азамат бізде ұсталып отыр».

«Кісі өлтірді дей ме, немене өзі?»

«Дәлін айту қиын. Өзірге тергеу жүріп жатыр. Бұл іспен бүкіл бөлім, облыстық милицияның өкілі де шұғылдануда. Қолқабыс жасасын деп практикаға келген қызымызды да осы іске жектік, деп Майраны нұсқап көрсетті.

«Қайда барсаң да былықтық, волокита қалмайды екен-ау. Көрініп тұрған істі созалаңға салатындарыңа таңым бар. Кісі өлтірді ме? Өлтірді! Мұнда қандай анықтау, тергеу болмақ? Істі дереу сотқа тапсырындар, сонымен жанымыз тыныш тапсын!»

Майра таңқалғандай пішінмен:

«Қаралаушы ма, әлде жақтаушы ма? Сізді қайсына қосайық?» – деді.

«Білгіңіз келсе, Егеубаевтың жоқтаушысы мына мен болам. Ол ит маған қарын бөле, екеуміздің шешеміз бір кісінің баласы. Бірақ бұл қанішердің аты аталса, аза бойым каза болады. Мұндай сұмыраймен Егеубаевтың ұрпағы көбеймей-ақ қойсын. Бұл арам бездің біржола аты өшсін!»

Майра тағы сұрақ қойды.

– «Ақталмасын, сотқа тартылсын дейсіз ғой?»

«Кісі өлтіргенді ақтайтын құдайың кім?»

«Майор сізге істің тергеуде жатқанын айтты емес пе?»

Бөлеутаев шошақтау біткен көзі күлімдеп Майраға басын

бұлғалақтатып қарап отырды да:

«О, тоба, милицияның да кісіге жаны ашиды екен-ау! Және кімге десеңші? Мына менің қарын бөлеме, кісі өлтірген Қаражанға! Осыдан осалдық жасап көріндерші! Айтпады деме, аямаймын! – деді.

«Кісі деген ағайынына, бауырына жаны ашитын болушы еді. Мынауыңыз өзгеше талап екен, деген Майраға жалт қарап:

«Мен облысқа, қала берді сонау орталықтың өзінде беделім, салмағым бар дәрежелі кісімін. Ертең анда отырған үлкендердің бірі «Егеубаев жақының ба еді? Қанқұйлы сұмырай екен десе, не бетімді айтам? Соны әшкерелеуге өзім көмектестім демеймін бе? Саясаттың қайда жатқанын ұқтың ба енді?»

Майра нық жауап қатты:

«Жоқ!»

«Бұл әзірге сенің ақылың жететін іс емес. Екі қап тұз жесең, сонда санаңа кіре бастар!»

Белеутаевтың сөз қимылынан көз алмай отырған Дархан:

«Мен карьердегі жұмысшылармен әңгімелескен едім. Әрине, олар Қаражанға сіз сияқты етбауыр туыс емес. Әйткенмен көңілдеріне күдік алады. «Қаражан есті жігіт, кісі өлтіру секілді сұмдық оның есі түгіл түсіне де кірмейді. Мұнда бір қателік бар, деседі. Бұған қалай қарайсыз?» – деді.

«Сіз сауатты адамсыз. Жұмысшылардың жалған тілек-тестік дегенін қайтесіз? Бұл баяғыдан келе жатқан айла, тәсіл. Бәлкім, шешесі барып көзінің жасын төккен соң біреулері көсемсіп, жаны ашып сөйлеген де, басқалары жай қолдарын қоя салған. Ертең барып «олай емес былай деп үгіт жасап көріңізші, тобырымен тайқып шыға келеді.

Серқожаев сейфті жауып аузындағы кілтін алды.

«Сіз облыстан келіп отырған өкіл екенсіз. Әрі атқару комитетіне қатысыңыз бар көрінеді. Өзіңіз жақсы білесіз, совет өкіметі заңды бұрмалаушылыққа жол бермейді. Біз де бәрі заң тармағымен жасалады. Егеубаевтың ісі де заң бойынша жүріп жатыр. Оны ешкім өз қалауынша жасай алмайды.

«Заң дейсің, жолдас майор. Соның бәрі өзіміз жасаған заң ғой. Қалай бұрсаң, солай дұрыс шығады!

– Бөлеутаев орнынан тұрып кетуге айналды.

– Мен өзім арылдым. Заң алдында да, адам алдында да, милиция алдында да арым таза, ақталып біттім. Егер біреу ертең сұрай қалса, Әбіл Бөлеутаев милицияға өзі келіп ақталып кеткен дегейсің. Мен болдым!»

Жәркешевпен әңгіме үстінде осы бір жайсыз көрініс Дарханның есіне түсті. Осындай қарама-қарсы жайларды анықтау үшін Егеубаевтың өзімен тағы да сөйлесіп, жауап алуды ойлаған еді. Капитан Жәркешевтің ұсынысы Дарханның көңілінен шықты.

– Мардан Қаражанға жақын адам. Беделі, салмағы бар жақсы ағайын ықласымен көмектескелі тұрғанда оны Қаражанның өлтіргені қалай?

Бұл Тайшықовтың әмірі ме? «Жигули» машинасын айдап әкету үшін қанқорлыққа барғаны ма? Әлде Марданды өлтірген тіпті Қаражан емес шығар. Нағыз қылмыскер тасада тығылып отыруы мүмкін ғой? – деген сұрақтар көкейімнен кетпейді.

Әлгінде сіз «азамат Егеубаев шынын бүгіп, шын ниетін жасырып отырға сияқты дегендей пікір айттыңыз. Мұның анығына жету үшін кішкене ғана тәжірибе жасасақ деймін, – дегенде. Жәркешев:

– Пайдалы экспериментке дайынмын, – деп күлді.

– Онда әңгіmemізді Егеубаевтан сұрақ-жауап алудан бастайық.

– Шындықты айтпайынша жауапқа шақырмаймын деп Егеубаевқа нығыздап, сендіріп айтып қойып едім. Амалсыз уәделі сөзді бұзуға тура келді, – деп күле қозғалып трубкаға қолын соза бергенде лейтенант Круглов кірді.

– Рұқсат етіңіз, жолдас капитан.

– Не боп қалды? Қонақ үйге бардың ба? Қандай жаңалық бар?

– Айта қоятындай пәлендей әңгіме жоқ. Күдікті, сезікті жайларды байқай қоймадық. Біреуге секем алып ек, онымыз бекер боп шықты.

– Ол кім екен?

– Облыстан келген өкілдің серігі көрінеді. Соның машинасына отырып кетті.

– Анда-мұнда жүрген кісіде жұмысың болмасын. Онсыз да әурешілігіміз бастан асады.

– Оны түсінем ғой, жолдас капитан.

– Лейтенант Круглов өзіне Дарханның тесіле қалғанын байқап, сұрақ беретін шығар деп ойлап еді. Ол үндей қоймаған соң сөзін жалғастырды. – Кезекші милиционер шұғыл ақбармен әлектеніп жатқандықтан сізге айт деген соң кеп тұрмын: азамат Егеубаев шақырып өзінен жауап алуды өтініпті!

Жәркешев таңқалған түрмен Дарханға қарады.

– Тегі, бүгін жолым болатын шығар. Ойлағаным өзі орала кетеді. Айыпкер өзі жолығуды сұраса, онда өте маңызды әңгіме бар деген сөз. – Алақанын ысқылап, – Шапшаң алып келсін! – деді.

Аздан кейін милиционер Егеубаевты айдап әкелді де өзі қайта шығып кетті. Жәркешев көңілді түрмен:

– Жауап алуды сұрапсың. Солай ма? Отыр. Әңгімелесейік, – деді де, Егеубаев орындыққа кеп отырғанда, – Айта бер, тындап тұрмын. Бәлкім, жазба түрде баяндарсың! – деді.

– Азамат бастық, бүгін асығыс екенсің.

– Құр сөзден гөрі істің болғанын ұнатам.

– Темекімен сыйларсың, азамат бастық.

Жәркешев папирос ұсынып:

– Сонымен, не айтқың келді? – деді.

– Оның бәрі қағазында жазылулы, оқиғаның бәрін тәтпіштеп айтып бергем.

– Тағы да екі жердегі екім бес демексің бе?

– Екіні екіге көбейткенде төрт болатынын баяғыдан білем. Бірақ, оны бес жасап отырған мына өзің!

– Маған осыны айтайын деп жауап алуды сұрап па ең?

– Жазықсыз кісіні бекер ұстап отырсың, Ал бұл уақытта қанқор қылмыскер бостандықта жүр. Жаңсақ кетіп отырсың. Соны айтқым келді.

– Марданды неге өлтірдің? Соны айт! Тайқыма, жаза аспасын, ауырламасын десең мойныңа ал!

– Ондай ақылды естігем!

Дархан ашу тығылып қызарып кеткен Жәркешевке көз қиығын тастап:

– Бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, – деп Қаражанға түйіле түсті. – Әлгінде сіз нағыз қылмыскер бостандықта жүр дедіңіз. Сонда ол кім? Кімді айтқыңыз келді?

– Оның кім екенін табу милицияның жұмысы.

– Солай ойлайсыз ба?

– Қылмысты іздегені үшін оған ақша төлейді.

– Өткен жолы жауап алу кезінде «Бірлік» колхозының орталығына дейін әкеп тастаған шофер жөнінде айтқан екенсіз. Мардан алдында сіздің кінәсіз екеніңізді дәлелдейтін мықты куә сол. Бірақ оның Николай деген атынан басқа, не фамилиясын, не машина номерін білмейтін боп шықтыңыз.

– Соны есімде сақтамағаным өзім де өкінем!

– Бір миллионнан астам халқы бар облыс көлемінен Николай дегенді табу үйілген мая арасынан инені іздегенмен, бірдей. Милиция шындықты анықтаймыз, ақихат түбіне жетеміз деген үмітпен көптен бері әуре-сарсаңға түсіп жүр. Соңғы айдың ішінде радио және телевизия арқылы бірнеше хабар берілді. Николайдан келіп, куәлік беруін өтінеді. Оған «кісі тағдыры шешілгелі тұр, келіп шыныңды айт, көмектес, дейді. Сіз айтқандай жасасақ, онда Николайды іздеудің қажеті жоқ екен. Ол қылмыс жасамаған адам. Өз бетінше жүре берсін. Онда милицияның жұмысы қайсы! Бәрі-бір оған ақша төлеп жатқан жоқ. Солай ма?

Қаражан бұл сөз енді ғана санасына жеткендей төбе шашын шеңгелдеп бүріп ұстап, көзін шарт жұмып алақанымен бетін баса қалды.

– Қандай ақымақпын десеңші! Кешір... Милиция мұндай кісілік, қамқорлық жасайды деп ойлаған жоқ ем! Мен бір дүмбілез шірік неме екенмін!

– Марданды кім өлтірді?

– Оллаһи, білмеймін.

– Солай-ақ болсын. Онда кім деп ойлайсыз?

Туған ауылымды сағынып келгенде анам мен Сәниядан кейін бетіме жылы қарап, бауырлық ыстық лебіз танытқан адамның бірі Мардан. Оны ешқашан ұмытпаймын.

Жәркешев сөзін бөлді.

– Кісінің кісілігін ұмытпаған жақсы. Бірақ оныңнан Марданға келетін пайда қайсы?

– Басыма бостандық күн туса, қанқор қарақшыны қайткенде де табам. Кеңірдегінен шырылдатып тұрып ұстап, тура алдына әкелем!

– Қарай гөр! Милиция білмегенді бұл табам дейді?. Соқыр әулие мұнан шықты ғой!

– Күлме, бастық. Ең соңынан мына мен күлетін болам! Дархан асықпай сабырлы қалыппен сұрағын жалғастырды.

– Сонымен, Марданды кім өлтіргенін білмейсің.

– Жоқ.

– Мейлі, солай-ақ болсын.

– Шүбә келтіргенің қалай? Айтқаныма сенбейсің бе?

– Сізге сену үшін алдымен қылмыскерді ұстауым керек.

– Айтқаның қисынды, шыны солай.

– Николаймен екеуің Марданмен әңгімелескен кезде сол тұста біреудің өткені, немесе жүргені байқалмады ма?

Қаражан иегін саусағымен сипалап:

– Айналмадан өтіп ұзап бара жатқанда біреу кабинаның есігін ашып Марданның қасына отырғандай болды. Машина жүріп кетпеді. Орнында тұрды, – деп әлденені есіне түсіргендей шұқшия қадала қалды.

– Қолын сілкіп атып тұрды.

– Дәл солай, арықшалау қара сұр кісі. Жүдеу жүзін көрсетіп бізге қараған секілді.

– Ерекше белгісін айта алмайсыз ба?

– Біз тым ұзап кеттік. Алыстан, әйнек ішінен бұлдырап көрінді.

Жәркешев мысқылдап:

– Бұл аңызды қазір ғана ойдан қиыстырып шығардың ба? Бұрын мұндай әңгімені айтқан жоқ едің ғой! – деді,

– Өстіп, кісінің дымын құрытасың. Мен айтпайын дедім бе екен? Сұрамаған соң есіме түспеген де.

– Сені қаракесек күштің иесі ғана ма десем, өзің қиялшыл екенсің!

– Николай менің сөзімді қуаттайды. «Бауырың асығып тұрған секілді еді. Біреумен жолықты білем. Машинасы козғалмайдың, – деп айтқаны бар.

– Сенің Николай дегенің кім?

– Мені «Бірлікке» әкеп тастаған шофер ше!

– Ешқандай шофер де, Николай да жоқ. Оның бәрін ойыннан шығарып отырсың. Жұртты ақымақ етпексің ғой!

– Менің айтқаныма титтей де сенбейді екен. Дұрыс, онда шоферді іздеудің мәні жоқ. Бұлай жаппай әуре сарсаңға түспейік. Саған керегі мен екем де. Міне, мен алдында тұрмын. Марданды өлтірген мына мен! Әкел протоколыңды. Бәріне қолымды қоям!

– Не үшін өлтірдің?

– Қан аңсадым, өлтірдім!

– Көздеген мақсатың не?

– Қанішерде мақсат болмайды!

Дархан сылдырмақ ашпалы папкасын көтеріп:

– Марданды өлтірген сен бе, жоқ басқа біреу ме, қазір анықтаймыз.

Қаражан таңырқай қарай қалды.

– Оны қалай білесің?

– Барған соң өзің көресің. Тезірек жиналайық. Түрме машинасының керегі жоқ. Егеубаев менімен бірге «Жигули» машинасына отырады, – деп кабинеттен асыға басып шықты.

Аз уақыттан кейін олар Марданның машинасы тұрған жерге келді. Дархан «Жигулиінің дәл сол орынға әкеліп қойды. Капитан Жәркешев пен Егеубаев екеуі артқы кабинада отырған. Дархан оң жақтағы есікті ашып:

– Азамат Егеубаев мұнда кел. Менің қасыма отыр! – деді.

Қаражан қасына кеп жайғасқанда Дархан папкасынан ет турайтын қара пышақты суырып ап оның қолына ұстатты.

– Мені дәрігер Мардан деп есептеңіз. Сіз оның қасында дәл осылай отырған жоқ па едіңіз? Сол қолым машинаның рулінде, оң иығым ашық, бос. Ал пышағыңды сілтей бер. Пышақ салған сәтті білмей қалған болайын. Ұқтың ба?

Қаражан бармақ ұшымен пышақ жүзін байқады. Жаңадан қайрапты, өткір де үшкір, ұстара жүзіндей лыпып тұр.

– Немене күтіп тұрсың? Баста! – деп Дархан айқайлағанда, Қаражан:

– Бұлай пышақпен ойнау жарамайды! – деп ашық әйнектен лақтырып жіберді. – Мені кім деп ойлайсың! Таптал түсте

нақаттан кісі қанын мойныма жүктемекпін бе? Әуелі сен пышақпен қалай ұратынымды білмейсің. Бір сілтегеннен-ақ кісі түгіл атан өгіздің көкірегін қақыратып түсірем!

Мен сөзге сенбеймін. Сол айтқаныңды іспен көрсет, дәлелде!

– Азамат тергеуші, қандай жаза кессең де мейлін, қалаған протоколыңа қол қоямын. Бірақ кісі өлтіре алмаймын. Ондайға жоқпын.

Дархан шұғыл ойланып қалған Жәркешевке:

– Шүкір Жәркешевич, азамат Егеубаев айтқан бұйрықты орындамайды. Енді не істейміз? – деп тұрды да, – онда басқа бір амалын қарастырып көрейік, – деп машинаның жүк салғышын ашты. Онда үлкен манекен-қуыршақ жатқан. Дархан бұл қуыршақты ғылыми-техникалық бөлімінің қызметкерлерімен кеңесе отырып, тұла бойын адам денесіне сәйкестендіріп, гипспен қаттап қатты оратып тастаған еді. Ішіне сілтеген пышақтың қаншалықты күшпен, салмақпен тиетінін көрсететін арнаулы аспап орнатқан. Бүктетіліп жатқан манекен-қуыршақты көтеріп өзінің орнына әкеп отырғызды. Кеудесін рульге таман жақынырақ тақау үшін жотасына жастық қойды. Дархан Қаражанның қолына қара пышақты ұстатып жатып:

– Өгіздің көкірегін қалай қақыратыныңды көрейік, алдымен сен пышақты мына қуыршаққа салып байқашы!

– Бұдан саған қандай пайда түсетінін білмеймін. Тіпті осындай әлектің қажеті не? Сендерге менің мойындауым керек екен, оныға қарсы емеспін. Протоколыңның бәріне қолымды қоям. Сот алдында тайып кетеді екен деп ойлама, Қаражан екі сөйлемейді. Тірлікте бір өлім бар екен ғой. Кісі екі өлмейді. Сол ажал маған жеткен шығар. Қайтем, тағдырмен тайталасам ба?!

Желке жағында отырған Жәркешев зекіді:

– Сенің мылжыңыңнан әбден тойып болдым. Оданда, айтқанды орында!

– Қуыршаққа да обал, әйткенмен бұл бишара жансыз нәрсе ғой, жарасын желіммен жапсыра салсаң түгі кетпейді!– деп сілтеп қалғанда қоңыраудың болымсыз ғана дызылы естілді.

Әйнектен үңіле қарап тұрған Дархан:



– Болдың ба?– дегенде, Жәркешев:

– Бұл пәлсапашының қуыршаққа жаны ашып жатыр. Мейлі, ойлансын!– деді.

Қаражан аяқ астында жатқан пышақты көрсетіп:

– Ойланатын дәнеңе жоқ, қуыршағыңды көре бер! – деді.

Дархан манекен-қуыршаққа кигізген пенжактың түймесін ағытқанда кеуде тұсында бармақ сиып кететін үңірейген тесікті көрді. Жәркешев таңғалып:

– Мұны қашан сап үлгірдің-ей?! – деді.

– Пышақ ұшы қоңырау тіліне де жеткен. Мен бұлай ойлаған жоқ едім,– деп Дарханға таңданып, басын шайқады.

Рациямен дызылдаған үні естілді. Біреуді іздеп, шақырып жатқан сияқты. Дархан қобдишаны ашып трубканы құлағына тоса қойып еді. Кезекші милиционердің дауысы шаңқ ете калды:

– Ол маңда капитан Жәркешев жоқ па?

– Осында, қазір трубканы берейін.

Капитан Жәркешев трубканы көтеріп:

– Тыңдап тұрмын. Не дейсің? Қандай шофер? Так, так, Майор Серқожаев онымен сөйлесті ме? Солай де! Фамилиясы кім? Рыбаков па? Николай Рыбаков. Жарайды, қазір барам,– деп трубкаға бір қарады да құтыға тыға салды. Қалтасынан темекі алып, тартты. Кабина ішінде жайбарақат отырған Қаражанға сығырая қарап,– Жігітім, бақытты күні туған екенсің. Жұлдызың жарқырап шығайын деді. Неге жымыңдайсың? Иә, сенің күлетін орның бар,– деді де сол сәт катуланып қабағын шытып,– әй, сен ақ болсаң, адал болсаң, кінәң жоқ болса милицияға неге қарсылық көрсетесің? Дворкинді ұрғаның қалай, Есің дұрыс па?

– Азамат бастық, алғашқы әңгімеде оның себебін айтқам. Шырт ұйқыда, нашар түс көріп жатыр екем. Айналаның бәрі айқай-шу, атыс, шабыс. «Ал, кеп қалды! Құтыл, қаш!» деп жұлқылап оятқанда, үйден қалай атып шыққанымды өзім де білмей қалдым. Есімді жиған соң, ешқандай кінәмнің жоғын білгеннен кейін өз еркіммен берілдім. Өткен жолғы өкінішім көкейімнен кетпейді. Өзімнен өзім күйініп, өртеніп кете жаздаймын. Ашынғаннан аласұрам! Ең жақын, қасиетті адамнан айрылдым ғой. Соған кінәлі өзіммін! Осы қатені

қайталағым келмейді.

Жәркешев тілін тістене сөйлеп:

– Мұның ақылғөйсүйін қара, басында миың болса, баяғыдан бері қайда қалдың? «Неге солай жасамадың?» – деді де еңсесі түсе Дарханға бұрылды. – Сенің практикант қызың анау шоферді тауып әкепті. Қазір бөлімшеде отырған көрінеді. Майор Серқожаев та, тергеуші де онымен әңгімелескен. Мені шапшаң шақырып жатса керек. Көбіктей көпірткен іс осымен жарылды да тынды.

Дархан дәл осы сәтте Жәркешевтің көңіл күйінің қандай екенін түсінді. Капитан Жәркешев колхоздың мал дәрігерін өлтірген әрі қауыпті қылмыскер Тайшықовпен астыртын байланыс жасап жүрген кісі біреу, ол – Егеубаев деп ұққан. Кейде көңіліне күдік алғанмен, осы жорамалына өзі берік сенген. Бұл ойын осы жаққа келместен бұрын Дарханға ашық айтқан болатын. Егер негізгі куәгер Николай Рыбаков Қаражанның бұл оқиғаға қатысы жоқтығын дәлелдесе, онда қылмысты іздеу бөлімінің жұмысы далаға кеткен болады, бүкіл істі қайтадан қозғап, бастауына тура келеді. Әрине, бұл оңай емес.

Жәркешев кеудесін кере күрсіне тыныс алып:

– Бұл тентектің аман құтылғанына өзім де қуанам, Кісінің, қайткенде нақақ күймегені жөн. Солай болсын, бірақ... Мардан Пәрменовты өлтірген кім деп ойлайсың? Қім болса да, көктен түскен жоқ, арамызда жүр ғой, – деді,

– Кейде осы сұрақты өзіме қайта-қайта қойып, көп ойланатынымын, – деді Дархан капитанның қарынан ұстап, былай оңашарақ апарып.

– Оның Қаражан емес екеніне қазір өзіңнің де көзің жетті. Менің байқауымша, Марданды өлтірген кісі бұрын пышақ салып дағдыланбаған, оны қолдану тәсілін жете білмейді, долбармен ұрған.

– Біздің санағымызда жоқ біреу десеңші?

– Солай болуы да ықтимал.

– Үлкен жұмбаққа енді кезіккен екем ғой!

Ертеңіне Дархан облысқа жүрер алдында аудандық бөлімшеге кіре кетейін деп келе жатқанда сыртта, скамейкада отырған Айымгүл мен Сәнияны көрді. Айымгүлдің қолында

қомақтылау ғып орап алған түйіншегі бар. Сәния шырамытты білем, қозғалақтай орнынан тұрып, ернін қыбырлатып амандасқандай түр білдірді. Дархан қасына кеп:

– Сәния, бұл сіз бе? Сәлеметсіз бе, апа. Мұнда неғып жүрсіңдер?– деді.

Айымгүл қатты толқып:

– Ей, шырағым-ай, неғып жүрсің дерің бар ма? Кеудеден жан шықпаған соң, көз жұмылып топырақ астында жатпаған соң, үмітті арқаланып сүйретіле береді екенсің. Көзімнің қарашығы, тәтті тілегім Қаражанымды көрем бе, көрсете ме екен деп кеп едік. Мына Сәния осындағы бір бастығына жолыққан екен. Тоссын, күте тұрсын!» – депті. Сонымен жәутендеп отырған түріміз мынау. Ісін тиянақтап сотқа тапсырыпты деп естіп ек. Сорлы жалғыздың жаны қала ма? Сенде ана құшағында өскен перзентсің ғой, зарлының мұңына құлағыңды сала кет. Амандығын біліп бер! – деді.

– Соншама түңілгеніңіз не, апа? Менің ойымша, Қаражан шығуға тиіс.

Көйлегінің кеудесін бүріп ұстап алған Сәния көзі танадай жайнады:

– Апа-ау, естіп тұрсың ба? Балаң шығады, босанады! Мына балаңыз қуаныш, бақытты үйіп-төгіп бір-ақ әкелді ғой! – деді.

Айымгүл екі көзінен сорғалап аққан жасын алақанымен сипалап:

– Балам, шын айтасың ба? Қуанған да қорыққанмен бірдей екен. Тілім күрмеліп қалды. Шүйіншіге қалағаныңды ата, шырағым. Кемпірдің мал-мүлкі жалғызымның жолына садақа! Сені тапқан анаң ғұмыры бақытты боп өтсін! Тілегіңе жет, балам! – деді.

Дархан жайдарылана күліп:

– Шүйіншімді атайын, апа! – деді.

– Айт, шырағым!

– Қалағаныңызды алыңыз! – десіп Айымгүл мен Сәния қуаныса ұмтылды.

– Қаражан есейіп, ер жеткен азамат. Соқталдай жігіттің енді сидаңдап бос жүруі жараспайды. Балаңызды шапшаң үйлендіріңіз. Маған берген шүйіншіңіз, сол болсын!

– Айтқаның болсын, шырағым!

Сәния кеңсеге кіріп бара жатқан Дарханның соңынан мойнын соза қарап:

– Апа-ау, ел қатарлы біз де бақытты болар ма екенбіз!– деді.

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Жәмшит газет сататын киоскінің алдында кезекте тұрған. Жергілікті «Октябрь жолының» номерлерін жібермей оқитын. Газетте халықаралық шолумен бірге, облыс, қала жаңалықтары жазылып тұрады. Геологиялық барлау экспедициясының қызметкері бұл жаңа хабарды біліп отыруға тиіс қой. Қолына іліне қалғанда комсомол газеттерінің жаңа сандарын ала салатын.

Бұл жолы да үш-төрт газет алып, қолтығына қысып, шеткерірек барып «Октябрь жолының» бетін жайып жіберіп қарай бастағанда, көшенің қарсы жағындағы гастронмның үлкен есігінен бір әйелдің шыққанын байқап қалды. Жәмшит киоскі алдында тұрған кәртамыстау кемпір «әй, Мақпал, бері кел!» – деп шақырмаса, бұл әйелге, тіпті назар аудармаған болар еді. Орта бойлы, толықтау келген әппақ әдемі әйел күлімдей түсіп кемпірге қарай келе жатты. Қолында қара сумкасы және жібек баулы дорбасы бар. Әйел магазин қыдырып базарлап жүргенімен сәнді киінген. Белін қынамалап, тартып тіккен қара барқыт көйлек, аяғындағы өкшесі біздей сүйір тұмсық жылтыр туфли толықтау денесіне құйып қойғандай жарасып тұр. Әппақ білегіндегі сылдырмақ баулы алтын сағат, құлағындағы айшықты үлкен сырға жас. әйелдің камсыз, мол, тоқ тірлігін паш еткендей шақшиған шағырмақ күнмен ойнап болымсыз сарғылт сәуле шашады.

Жәмшит Мақпалды айнымай таныды. Институтта оқып жүргенде Мақпал ашамайлылау, сылаңдау секілді еді. Қазір денесі толып, әдеміленіп кеткен. Бұдан сегіз жыл бұрын жатақханада, ашық терезе алдында, түрлі тағамға толы стол басында екеуі иықтарын түйістіріп бірге отырған еді.

Олар бір жолдасының туған күніне жиналған болатын. Көп отырды, ұзақ ішті, жеді. Биледі. Содан соң оңаша бөлмеге кірді. Барлық бәле осы жерден басталды. Сол күні азанда әйелді зорлаған аса қауіпті қылмыскер ретінде қамауға алынды. Сот болды. Бір адам мұның сөзін сөйлемеді. Бес жыл бірге оқыған, қыдырған, қолтықтасып теңселіп жүріп ішкен достары жалт беріп тайқып шыға келді. Солай түрмені қуалап кете барды...

Енді міне, сол Мақпал қасында тұр. Киоскінің қасына келген соң газет алмауды мін көрді ме, «Маған да газет беріңізші» – деп бес тиындық қара бақырды терезешіктен тастай салды. «Қандай газет? Ескі ме, жаңа ма?» – Оны сұрамады. Берген газетті олжадай көріп дорбасына мыжғылап тыға салды да кемпірдің қолтығынан ұстап, еңкейе құлағына сыбырлай сөйлеп, күліп бара жатты. Жәмшит оқтын-оқтын газетке үңілген боп соңынан ілесіп отырды. Оның қай үйде тұратынын білгісі келді. Олар орталық көшенің бойымен біраз жүріп барып өзен жаққа бұрылды. Сырлы – көк тақтаймен қоршалған, қалың ағаштың арасынан шатыры ғана көрінген үйдің алдына келгенде Мақпал үлкен тұтас қақпаның қасындағы кішкене есіктен кемпірді кіргізіп жіберді де өзі оның ұзағанын күтіп күлімдей қайта-қайта қолын бұлғап тұрды да қалың баққа қарай суырылып жүре берді. Қала паркін кесіп өткен жолмен тіке жүріп, көп биік үйлердің тұсынан шықты. Жас ағаш отырғызылған кең аулаға кірді. Бұрыштағы сыртқы есіктен қара жолақ пижама киген семіз еркек қарсы алды. Әбіл Мақпалдың қолындағы қара сумканы алып, алдына түсіп жорғалай жөнелді.

Жәмшит тістене, тесіле қарап:

– Баяғыдан іздегенім сен едің. Қайда ұялағаныңды таптым. Еселеп кек алатын сәт келген шығар! – деді.

Әбілдер үшінші этажда тұратын. Тас басқышпен шапшаң көтеріліп барып кілт тоқтады. Ақырын асықпай, кербез басып келе жатқан әйелін күтті. Басқыш бұрылысында кідіріп төбесіне бажырая қараған Мақпалға еңкейіп ақырын сыбырлады:

– Үйде қонақ бар. Мақпал қабағын түйді.

– Оның кім?

– Апамның колхозда тұратын әпкесі ше, сол келді.

– Осы қақбастың бауыры езіліп-ақ тұрады. Үйдің ішін бықсытып, сасытқаннан басқа дым бітірмейді. «Келмесін, жоламасын!» деп айтқаным қайда? Біреудің кір-қоңын жуудан көзіміз ашылмайтын болды! Кеше ғана көрпелерді кептіріп жайып едім.

Әбіл біреу естіп қояма дегендей жалтақтай қарап:

– Ақырын сөйле, келсе, саған зияны тиіп жатқан жоқ. Қоржындары тоқ көрінеді, – деді.

Мақпал ойланғандай көзін жыпылықтатып:

– Кім келді дедің? Быдықтамай түсінікті ғып айтсайшы!

– Айымгүл деймін!

– Анау Қызылжардағы баласы кісі өлтірген кемпір ме? Ия!

– Баласын ақтап, босатып жіберіпті.

– Не дейді! Босатқаны қалай? Кеше ғана сен «түрмеде шіриді! Ататын бопты!» – деп қуанып келіп едін ғой!

– Кім біледі, бір жолын тапқан да!

– Не әкепті?

– Апам тегешке үйіткен қойдың семіз еттерін сап жатты. Сан, қол еттері тұтас, бұзылмаған. Қарынға салған жентін де көріп қалдым.

– Баласы түрмеде жатса араға дәрежелі, беделді, зиялы кісі салған боп, семіз ту биесін соғымға сойып алам деп жүр еді. Енді бие түгіл байтал да жоқ десеңші! Сонда бұ қу кемпір бір қойдың етімен құтылайын дегені ме?

– Өзің тамырын басып, жұқалап сөйлесіп көрсеңші. Қалай айтуды білесің ғой.

Мақпал асыға басып үйге кірді. Тар коридордан өтіп енесі жатып жүрген бөлменің есігін ашып:

– Мынаны қара, апам бауыры кеп, көзайым боп жатыр ғой! – деп, күйеуіне жайдарылана қарап алды да жүгіріп барып оң қолымен Айымгүлді иығынан құшақтап бетіне бетін басты.

– Менің өзіме меншікті апатайым ғой бұл. Амансың ба, апатайым. Тіпті көптен бері келмей, мұнша сағындырғаның не? Бізді ұмыттың ғой, сірә. Өзіңді анықтап, әйбаттап көріп алайықшы. Түү, өңің жақсы, нұрың таймаған. Жасарып қыз

кезіңе түскенсің бе, қалай? – деді. Келінінің сырын білетін Асыл:

– Тфу, тілім тасқа да! Соншама сұқтанғаны несі! – деді. Макпал қызара күліп:

– Апам сөйтеді. Әкпесіне жаны ашып жатқанын карашы. Қала адамы бос, болбыр, келеді, көзі тимейді. Қорықпа! – деді де, енесі мен күйеуіне қынжыла сөйлеп.– Менің апатайымды тар үйге қамап қойғандарың не? Әкімдердің маймандаған шешесінен кем боп па? Әркімнің шешесі өзіне дәрі. Анау залға, кең жерге дастархан жайыңдар. Сонда қол-аяғымызды жайып, кең отырып сөйлесейік,– деп Әбілге әмір етті.– Апам шөлдеген шығар, бекер тұрмай, салқын шампань ашсаңшы! – деді.

Айымгүл ұзын столдың шетіне ақырын ғана жайғасып, басына бос жамылған бөртпе шәлісінің бір жақ ұшын иығына көлбей тастайды да салмақты баяу үнмен сөйлеп кетті.

– Бір ананың ақ сүтін кезек емген төлдесімнің нәсілін құшқан келінім болған соң, сені Әбілімнен, Қаражанымнан неге бөлектейін. Өңің жақсы, нұрың таймаған деп жатырсың. Жақын болған соң, жаның ашып айтып жатқан шығарсың. Оныңды қазір тіптен сөкет көрмеймін. Нұрлансам, жасарсам оның жөні бар. Тәтті үмітім тіріліп, түрленіп, гүлденіп қайта туды. Қаражаным ақталып, босанды! Енді мен көгермей, кім көгереді!–деп салқын шампаньға ернін тигізіп қайта қойды.

– Апатайым-ау, Қаражанның босанатынын сенен бұрын мұнда біліп жатқанбыз. «Кісі өлтірген боп қараланыпты. Ісі милицияда жатыр!» дегенді естіген соң мына сіңлің Әбіл екеуіміздің құлағымызға тыныштық берді ме! «Бауырсың, қарын бөлесің, барып халін біл. Ыңғайы келсе, қол ұшын беріп көмектес деп қыңқылдап қоймады. Әбіл екеуіміз осында көп ойландық. Үлкен қызмет орындағы жолдастармен ақылдастық. Осы күні жұрт қорыққанын ғана силайды. Төтеннен барып «Мынау менің туысым едің дегенді кім тыңдайды, дейсің. Өкімет атынан барсам сөзім өтімді бола ма деп бауырың осынан әдейі командировка алып кетпеді ме? – дегенде, Айымгүл Макпалдың сөзін қостап басын изеді.

– Неге естімейін, сырт адамының құлағы түрік келеді.

Ауданға келіп-кетіп жатқан кісілердің кімге жақын екенін жұрт біліп жатады.

– Білгеніңе де құдайға шүкір. Кейбіреулер ісін тындырып ап, соңынан мысық секілді көзін жұма қалады. Аудан бұрын Әбілдің өзі көрмеген, білмеген жаңа жер екен. Ондағы адамдарыңда жөнді танымайды. Әкімет атынан командировкада жүрген соң тыңдатпай қояма? Әйтеуір үлкенімен де, кішісімен де сөйлесіп, қайтты ғой. Милиция бастығы солқылдақтық жасаған екен. Облысқа келісімен осындағы ең әйдік бастығымен де сөйлесті. Семіз үйректей маймандаған шешесі бар екен. Терімізге отырғызып, төбемізге түкірткіздік қой. Кісідегінің кілті аспанда деген емес пе? Қаражанның әңгімесі оңайға түскен жоқ,– деп енесіне қабағын шытты.

– Өз балаңның мұндай пәледен аулақ болғанына шүкір де. Басқаның бәлекетін тыңдап қайтесің. Қазаныңа тамағыңды сап, асыңды әзірле. Әлгінде магазин алдында анау бастықтың шешесіне жолығып қап, үйден шай ішерсіз деп шақыра салып ем. Тоңазытқышта сиырдың жас еті бар шығар, соны асарсың. Асыл қипақтап:

– Айымгүл қой үйтіп әкелген екен. Көрмейсің бе? – деп еді. Мақпал:

– Қала адамы қолаңсыған қой етін жейді деймісің. Аңсасаң, өзің бөлек кастрөлге бір-екі қабырғасын асарсың,– деп Айымгүлдің әкелген сыбағасын менсінбей, бұйым көрмей елеусіз тұқыртып тастағысы келді.

Айымгүлдің ашық, кесек, морт мінезін білетін Әбіл қолбалақтап күлген боп:

– Бастықтың шешесі үйіткен қойдың етін жемейді екен деп өлеміз бе? Жемесе, мейлі. Апамның әкелген етін маған-ақ асып беріңдерші. Тегі басқа тамақ сұрамайын!– деді.

– Бұл өстіп апасының сүрлеген етін сағынып тұрады, бармағын жалап, тойып жемесе көңілі көншімейді, – деп сиқырлана күліп, енесін ас үйге ертіп шығып кетті. Бұдан кейінгі сөздерге Асылды күә еткісі келмеді.

Әбіл пижамасының ышқырын қарнына көтеріп қойып:

– Ой, апа, дәнеңе білмейсің ғой. Саған бәрі жеңіл, бәрі оңай сияқты көрінеді, – деп орындықты атша мініп,



арқалығына шынтағын тірей отырды. – Мына бауырың кіріспейді, ал егер кірісті бар ғой, шегелеп тұрып мықты жасайды. Өткен жолы Көктасқа барғанымда милициясына әдейі кірдім. Жаңағы келініңнің айтып отырғаны бекер емес. Облыстан командировка алып барғаным мұндай жақсы болар ма? Әйтпесе, сөзді тыңдату қиын. Бастығы Серқожаев деген біреу екен. Өзі майор көрінеді. Ондай капитан, майорлардың талайы қолдан өтіп жатыр ғой. Байқаймын, айналасына өңшең практикант-срактикант секілді немелерді жинап алыпты. Ондайлар істің жөнін біле ме, тәйірі.. Салған жерден осал жерінен ұстап ап, өздерін жақсылап тұрып бұрадым-ау! Облыс жолдамасымен жүрген өкіл екенімді білгеннен соң байқұстың зәресі кетті. «Біз де аудандық Советке бағынамыз. Мекемеміз тетелес екен, – деп қипақтай бастады.

– Ойбай-ау, қипақтамағанда қайтеді! Ертең сенің аузыңнан теріс сөз шықса, жеп отырған нанынан айрылып қалмай ма? – деп Мақпал күйеуінің жанына бұраландай келіп отыра кетті.

– Елдің бәрі сендей бесаспап маман деймісің. Мына қызметінен алып тастаса, құдайға шүкір дәрігерлік кәсіб дайын тұр. Ал ол бишаралар иығындағы жұлдызынан айрылса, қалай күнін көреді? Сонан соң жалпақтайды да!

– Өңгіменің қызығын енді тыңдайсың,– деп Әбіл быртиған саусақтарын көтере жыбырлатты.

– Мен Қаражанның жайын сұрағанда не дерін білмей сасып қалды. «Е, осында тергеуде жатқаны рас. Ісін аяқтап қалды, сотқа тапсырғалы отырмыз, – дей бастағанда, мен төтесінен кеттім.

Мақпал:

– Мұның сондай көзжұмбақы бар,– деп нығынан сипалап қойды.

– Ей, ағайын, сотыңыз не? Қаражан менің қарын бөле бауырым. Төрт аяқты да бота тату, екі аяқты да бөле тату демей ме? Тату, тәтті туысым сол, деймін. «Ойпырмай, мынау қиын болды-ау, ертерек неге айтпадыңыз. Документтерінің бәрін реттеп жазып қойып едік, – деп қипалақтата бастады. «Сен ондай сөзіңді қой, документ болса өзіміз жазып жүрген

қағаз ғой. Анау-мынауды қайтесің. Жобаға келсе, тоқтатпай босатып жіберіндер. Ер мойнында қыл арқан шірімейді. Біз де қарыз қалмаспыз!» дедім.

Мақпал шытынап:

– Бұл естіп көрінгенге уәде беріп, қарызға батып жүреді. Кейін жұрттың бетіне қарауға дәтің шыдамайды. Қалай құтылам деген ой жоқ мұнда! – деді.

– Мен айтпаймын ғой, айтсам бек айтам. Дәл сол жерде қарыз-парызын есептеп таразыға сап жатқан кім бар дейсің. Қайткенде Қаражанды бостандыққа шығару керек болды. Үлкен олжа сол емес пе? Басқасын қайтесің! – деп Әбіл мен айтарымды айттым, дегендей тоқтап қалды.

Айымгүл омырауын ашып, шиырыға еңсесін көтеріп:

– Басымызға іс түскенде оқығанымыз, жетілгеніміз әрі жөн білетін кісіміз еді деп өздеріңе сүйене салмақ салдық. Құдай жолды қабыл алды. Енді міне, ақ түйенің қарыны жарылған шақ. Үйімде екі тойды бірдей жасағалы отырмын. Қаражан есін жиғаннан соң ағасына мінгізетін аты болса өзі бере жатар. Ал, келін шырақ, сен жұрттан ұялмай ақ қой. Мына бес жүз сомды жолдастарыңды шақырып, шай-пай берерсің, деп қойнынан шүберекке ораған бір буда ақшаны шығарып берді.

Мақпал ақшаның көлеміне бір қарап шыны-аяқтар тұрған әйнектің ішіне қарай тастай салды. Ернін шығара иегін көтеріп:

– Жасағалы жатқаның қат-қабат қандай той? Біз неғып білмей қалдық. Өзі кісі жиналатын кеш пе? – деді.

– Ел жиналмаса тойдың сәні келе ме? Өздеріңді де сол тойға шақыра келдім. Қаражанымның ақталып шыққаны, оның үстіне үйлену тойы бар. Екеуін қатар жасамақпын. Алты арыс ел Егеубайдың баласы барын өз көздерімен көрсін. Ұрпағы жойылмағанын білсін. Той алдағы жұмада басталады. Үш күн ойын-сауығын жасап, дүйсенбіге қараған түні тарқатамыз деп отырмыз. Тегің бір кұрсақтан шыққан бауырсың. Осы қуаныштың басы-қасында болмайсың ба? – деп Әбілге өзімсіне, иектей сөйледі.

Мақпал өз сыбағасын оңай алған соң енді Айымжанды бұл үйден біржола шеттетіп, сырғытып тастамақ болды.

Кінәні кемпірдің өзіне аударып құтылғысы келді. Қабағын түйе көтеріле түсіп:

– Басыңды бұлт шалғанда бұғына түсіп бері қарай жорғалайсың. Ал, той-жиынға келгенде ақыл салғың келмейді-ә, қу кемпір. Түрмеден шығу, босану – ақталу емес. «Кісімізді өлтірген бұзығын түрмеден шығарып ап кетті. Қанқорды өкімет тимаса, жазасын өзіміз кесеміз!» деп Пәрменовтың ағайын-туыстары арызданып жатқан жоқ па? Мұны сен қалайша білмей қалдың? Мал дәрігерінің бауырлары осал емес, әлді, беделді кісілер. Арыздың басы Алматыдан қайтқан. Кеше мынаны да, – деп күйеуіне алакөздене қарады, – шақырып ап қысыпты. Осындай әлек үстінде бұл қандай той, қандай жиын? Аз ғана малың мен тиын-тебенің болса, кішкене іркіп сақтай тұрмайсың ба? Әлі сөз салатын, араға жүретін кісілер бар. Әрқайсысының сыбаға – орны бөлек. Ертең сол тойыңда Пәрменовтың туыстары қан төбелес шығарып, қырғын салса қайтесің? Қырыққа кетсең, белің өзіңмен! Енді ағайын, басымызды шатпа, аулақ жүр!

Айымгүл аңырап, дағдарып қалды. Бөртпе шәлісінің шашағын ширата түсіп:

– Ойпырмай, бәріне мынауы қиын болды-ау. Енді қайттік? Милиция үйлендір деп қолқа салған соң көне қойып едім, – деп аса бір шарасыздық білдірді.

– Милиция қашаннан бері сенің жырттысыңды жырттып жүр? Балаңның қыр соңына түсіп жаманат тағып, көзіне көк шыбын үймелеткен солар емес пе еді? Милиция мықты болса, қаулаған арыздан басын арашалап алсын. Ертең өз басын корғаштап, беделін сақтап балаңды абақтыға қайта қамап жүрмесін! – дел Мақпал өкшелене сөйлеп тоқтады.

– Ойпырмай, аузың қандай жаман, Мақпал! Алқынған, алып ұшқан, лепірген қуанышымды жер еттің ғой! – деп сұрлана түсіп, алқымына ашу тығылып бөгеліп қалды.

Мақпалдың сөзінде шындық бар еді. Облыстық милиция басқармасының коллегиясы «Еңбекшілердің арызы деген атпен соңғы аптаның ішінде екі рет мәселе қарады. Бұл ішкі істер министрлігінің тәжірибесінде көп бола бермейтін оқиға. Полковник Әкімғалиев коллегия мәжілісінде хаттың

мазмұнына ерекше назар аударды. Барлық арыз бір қолмен жазылған және мазмұны біреу: колхоздың мал дәрігері Мардан Пәрменов ел арасында құрметті зиялы кісі еді. Бейуаз адамды өлтірген қылмыскерді алғаш милиция дәл тапты. Жанталаса қарсылық көрсеткеніне қарамай ұстап, қамауға алды. Бірақ аудандық милиция басшыларының жемсауын мол ақшамен тыққылап паралап тастаған қанқор Егеубаев айдан ақ боп шыға келді. Бұған халық наразы. Әділет жоқтығына күйінеді. Заң жолымен жауапқа тартылуын талап етеді. Арыз соңында колхозшылар атынан деп көп адамның қолы қойылған.

Басқарманың коллегия мәжілісіне Көктас ауданындағы облыстық милицияның өкілі ретінде Дархан Майлыбаев та шақырылған. Полковник Әкімғалиев шағымды тиюдың оңай жолы – колхоз дәрігерін өлтірген қылмыскерді табу керек екенін айтты. Қылмыс ашылса – арыз да жиылады! Ауданда милиция өз жұмысын осыған бағыттауға тиіс. Майор Серқожаевқа үш күннің ішінде шұғыл шаралардың жоспарын жасау тапсырылды. Дарханнан да пікір сұралды. Милиция жалпы шұбалаң сөзді көтермейді, нақты іс, факті керек. Дарханның қолында ондай дәлел, айғақ жоқ еді. Басқармадан шығып келе жатқанда «Жас жұбайлар» магазинінің алдынан Қаражан жолыға кетті. Ол ыңғайсыздау қозғалақтап, қолын ұсынды:

– Амансыз ба, жолдас лейтенант.

– Рахмет, жаман емес. Ал өз халің қалай?

– Әуелде адам еркіндік, бостандық қадірін білген жоқ. Сол бостандық жолында қаншама жан құрбан болды десеңші! – деп Қаражан сөзін пәлсапаша бастады да, – осыншама мол кеңістікке, жазыққа шыққаныма, еркін жүргеніме сеніңкіремей, жан-жағыма күдіктене қараймын. Ешкімнің менде жұмысы жоғын байқаған соң қайта қомағайлана шалқып кетем. Тегі еркіндік аңсаған кісі осылай бола ма деймін. Басымызға бостандық тигені рас па деп облыстан шырқап бір-ақ шықтық. Мына магазинде жас жұбайларға сән-салтанат киімдерін сатады екен. Соған кеп тұрғанымыз.

– Жалғызсың ба?

– Жалғыздық құдайға жарасқан. Мен құдай болғым кел-

мейді. Адам боп жүрсем де жарайды. Қасымда Сәния бар. Өлгінде магазинге кіріп кетті. Сізді анадайдан танып, сәлем берейін дедім.

– Сәләмат бол, ал мен сенімен қалай кездессем, сөйлессем екен деп келе жатыр ем. Жолым болғанын қуанып тұрмын.

– Не жайында сөйлескің келетінін білем.

Дархан таңқалғандай Қаражанның бетіне бажырая қарады.

– Білсең, айта қойшы.

– Қаражан бұрынғы бұзақы қылмыскер. Сонысынан таймаған қанқорлы милиция ақтап босатып отыр. Пәрменовты өлтіргенін біле тұрып қылмысты әдейі бүркейді. Өйткені арада паракорлық бар. Кісі өлтіруші ұсталсын. Тағысын тағылар. Осы айтқанымды бекер дей қойыңызшы,– деп кадала түсті.

– Міне, ғажап! Оны кім айтып жүр? Қайдан білесің?

– Қазақбыз ғой, қазақ болған соң естиміз де! Дархан ойланыңқырап:

– Әркімнің арыз-шағым айтуға еркі бар. Оған мән бермей-ақ қой,– деді.

– Апам да қалаға келіп еді. Осында сіңлісінің үйіне тоқтаған. «Балам, той-жиынды қоя тұр. Бәле басы алда көрінеді. Басың ақталмапты!» деп үрейі ұшып ауылға кетті. Бізге де тез қайт деп бұйырды.

– Бәрі жай, бос сөз.

– Лайым солай болсын. Ал мен алған бетімнен қайтпадым. Той жасаймын!

– Қаражан әлде бір нәрсе есіне түскендей саусағын иегіне апарып,– уақыт тапсаңыз, тойға келіңіз. Өтінем. Тергеуші көп адамды, алуан мінезді танып білгісі келсе сондай жиында болғаны жөн емес пе? – деді.

– Мына сөзің мені еліктіріп барады. Бұл жайында кейін сөйлесерміз. Әлі уақыт бар. Ал сен менің не сұрағым келгенін дәл таппадың. Қазір біздің үйге барамыз. Сонда шай үстінде әңгімелесеміз,– деп жайдарлана күлді де, қызыл жібек баумен шаршылап байлаған құтыларды көтеріп келе жатқан Сәнияны көріп:

– Сәлематсыз ба, қасыңызда Қаражан болмаса танымай

қалады екем. Құлпырып, әрленіп өзгеріп кетіпсіз. Той тойға ұлассын! – деді.

Сәния Қаражанды тасалай күлімдей тұрып:

– Айтсын! – деді.

Қаражан Сәнияның қолындағы құтыларын алып:

Біз түнгі сағат 12-нің автобусымен қайтамыз. Іші кең, бос. Қызылжарға жеткенше еркін тынығып, ұйықтап барамыз. Ал қазір Дархан Майлыбаевичтің менімен сөйлесетін шұғыл әңгімесі бар екен. Бізді үйіне шақырады, – деді.

Сәния Қаражанның бетіне жалтақтай карап:

– Өзіңіз қалай шештіңіз? – деді.

– Дархан Майлыбаевичтің көңіл-пейіліне көп рахмет. Менің байқауымша, ол жалғыз, бойдақ тұратын жігіт. Қатқабат құтыларды көтеріп үйіне жетіп барсақ көп сыйлықтар апарғандай көрінеміз. Арызшылардың тілейтіні де осы ғой. Булыққан бықсыққа от қойып қайтеміз. Менің тілімді алсаңдар бір жақсы орын бар. Ол – Ресторан. Өкіметтің өзі жасап берген көпшілік орны ғой. Отыр, демал, тынық дейді. Сол рахаттан біз неге қашамыз?

– Мына жігіт білсін, – деді Сәния.

– Онда кеттік, – деді Дархан.

Үшеуі үлкен ресторанның бұрышына оңашалана отырды. Даяшы дастархан мәзіретін көрсетіп қалаған тамақ түрлерін жазып алғаннан кейін Дархан шынтағымен столды тірей екбеттеп отырды да:

– Сәния қарсы болмаса әңгімемізді бастайық, – деді.

– Құпия санамасаңыздар айта беріңіздер.

– Мұнда пәлендей құпия жоқ. Әйткенмен, милиция қызметкерімен арадағы әңгіменің жайылмай сол жерде қалғаны дұрыс. Бірінші сұрақ: сен Тайшықов дегенді білесің бе?

Қаражан күбірлеп қайталады.

– Тайшықов?... Ол кім?

– Қылмыс әлемінде ондай есімді естімедің бе? Қаражан сәл ойланды.

– Жоқ, білмеймін.

– «Артист деген ше?

– «Артисті ме? Неге білмеймін, – деді Қаражан қозғалақтай түсіп.

– Білем. Сол жақ бармағының астында айшық тыртығы бар. Шүңірек көз, құс тұмсық қой?

– Дәл соның өзі.

– Бірге болғандардың ешқайсысы оны ұмытпайды. Тәуір кеңестерін есіне ала жүреді.

– Немене, қылмыскер арасында соншама беделі үлкен бе?

– Қалай дейін? Әйтеуір, айналасындағылар өзін сыйлайды, құрметтейді. Үйінен келген дәмділерін сонымен бөліседі, тәттісін соған қияды.

– Бәрін қорқытып алған ба?

– Ол өзі бөлек, ерекше адам. Оның әлде біреуді балағаттап немесе зорлық жасап күш жұмсағанын байқаған емеспін. Әрнемені сұрап тіленшектенбейді. Өзін бір қалыпты, тыныш, елеусіз ұстайды. Әңгіме тыңдауға құмар, тіпті жалықпайды,— деп бір сәт үнсіз отырды да, – Қылмыскер жөнінде жазылған кітаптарды оқығанда, немесе сондай кинофильмдерді көргенде жырық ерін, тыртық бет, ақыл-есі жарыместеу өңшең сұмырайлар көз алдыңнан өтіп жатады. Бәлкім, жағымсыз бейнені солай суреттеу, жұртқа жиренішті ғып көрсету авторға ыңғайлы шығар. Ал, шыны олай емес қой. Олар әлде қайдан келген сұмырай емес, осы қоғамның ортасында өскен, соның рахат-ләззатын татқан, мектептен сабақ алған, жақсы мен жаманды айыра білетін жандар. Өзіңіз сұрап отырған «Артисті алайық. Он бес жыл бойы үздіксіз оқыған, университеттің заң факультетін бітірген білімдар адам. Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарымен де хабардар.

– Сол білімдар кісің күзетшіні өлтіріп, колониядан қашып кеткен.

Қаражан саусақтарын бүгіп, ернін басып үндемей қалды. Дархан өрнекті жұқа бокалдарға суытылған шырын шайды құйып жатып:

– Арақ ішпейтін өңшең пірәдарлар жиналыппыз. Сен мұны бұрында татпайтын ба едің?— деді.

– Ер жеттім, кісі болдым деп аздап жұтып жүрдім. Сөйтсем, мұным есерлік екен. Сол қайғылы оқиғадан кейін аузыма алмаймын. Жиренем.

Қандай қайғылы оқиға екенін айтар ма екен деп күтіп еді.

Қаражанның өзі айтпаған соң Дархан сұрамады.

– «Артист арақ іше ме?»

– Колониядағылар әрқилы жолмен арақ-шарап тауып ішіп жатады. «Артистін» ішімдікке құмарлығын байқаған емеспін. Ол тәттіге әуес.

– Бұл қанқорда бола бермейтін сирек қасиет екен.

– «Артистің қолдан бекер шығарып алғансыздар. Енді ол ұстатпайды.

– Шынымен, солай ойлайсың ба?

– Жуық арада қолға түспейді. Соны білем.

– Кімді кім жеңетінін майдан алаңында күш сынасқанда білерміз. Оданда сен маған оның жұртты өзіне үйіріп алатын амалын айт. Қылмыскерлер одан сескенетіні қалай?

– Сескенеді деу қиын. Бірақ қасындағыларды еліктіретін, қызықтыратын ерекшелігі бар. Ол пышақ, қанжар, кездікті қолданудың әрқилы тәсілін біледі.

– Ондай суық қаруды қайдан алып жүр? Колонияда тиым салынған емес пе?

– Бұл дүниеде көп нәрсеге тыйым салынған. Бірақ адамдар амалын тауып жасап жатады. Қылмыс әлемінде жұрт біле бермейтін сиқырлы сырлар көп қой. Ондай қаруды қайдан алып жүргенін білмеймін, әйтеуір «Артист» асхананың кәдімгі жалпақ пышағы, екі жүзді қанжар, қара кездік әрдайым болатын. Қабырғаға адамның анатомиясы салынған қызыл-ала суретті іліп қойып алты-жеті қадам жерден пышақты сілтегенде, айтқан жеріне дәл тигізеді. Сондай пышақ шанышқан өнерді бала кезімде цирктен көрген едім. Соны «Артист» үйретті.

Қаражан Дарханның ынтыға тыңдап қалғанын байқап бастан кешкен қиыншылық күйлерін көп сөйледі. Шағынып отырған жоқ, жай сыр ғып айтып отыр. Қылмыс әлемінің әдептен, тәртіптен тыс құпияларын шертіп, криминалистиканың өзі шеше алмаған астарын Дарханнан сұрайды. Осы күнге дейін өзін шошындырған бір оқиға есінен кетпейтін көрінеді. Бір жолы араларынан ақжүрек ақжолтай шығып, бақылаушыға пышақтарды қайда жасырып жүргенін айтып қойса керек. Бәріне ортақ мүлік саналған және сол пышақтарды тығып, жасырып ұстауды



өздеріне міндет көрген өңшең даукес, қызбабас желікпелер қызық ермектерінен айрылып қалған соң ақжолтайға өшігіп оңашада төмпештеп алмақ болады. «Артист бәріне тиым салады. «Өйтіп ұрынбандар. Шетіңнен есерсок, басбұзарсың. Байқамай, жазатайым біреуді жаралап жүрсең қайтесің. Түрмеде шіриін деп пе ең! Құтқарушы Ақжолтайың бұл. Қайта бұған рахмет айт. Пышақ жоғалсын! Енді алаңғасардан қорықпай, алаңдамай жақсы ұйықтайсың», – деп таратып жібереді. Ақжолтайдың беделі көтеріліп қалады. Кәдімгідей қоразданып, қыр көрсетіп жүреді. Осылай бір жеті өтеді. Жексенбіге қараған күні таңсәріде шыңғырған дауыстан бәрі шошынып оянады. Ойбайлап жатқан әлгі Ақжолтай екен. Дамбалшаң, көйлекшең жүгіріп барғандар үрейлері ұшып, бір-біріне тығылып кейін шегініседі. Ақжолтайдың бажырақ көздері орнында жоқ, көз еттері жабысып, бітеліп қалған. Туғанда көзсіз жұмыр бас боп туған секілді.

– Ойбай, сұмдық-ай, не дейді! – деп Сәния жағасын ұстады. – Жаным-ау, шын айтасың ба?

– Оллаһи, бұның көзі кеше ғана бар емес пе еді. Қайда кетті деп орнын саусағымен сипалап көрдім. О баста іштен соқыр боп туғандай бет терісінен жік таппадым. Жыпылмағай, жылтыр.

– Ой, құдайым-ай, өзің сақтай гөр! – деп Сәния орамалмен бетін басты.

– Шынында қорқынышты әңгіме екен. Сәнияның зәресін ұшырмайық. Бұл оқиға немен бітті? Соны айт, – деді Дархан.

– Күн жексенбі дедім ғой. Колонияның бастықтары келгенше талай уақыт өтті. Алдымен айқайды естіген күзетші еді. «Өй, мына иттің көзі қайда кеткен-ей?!» деп өзі шошып кетті. Ақжолтай «Жанарымды ашып беріңдер!» – деп зарланады. «Мені көз салғыш деймісің. Қайдан табам!» – деп күзетші шыр-шыр етеді. Түс әлетінде дәрігерлер келіп ауруханаға алып кетті. Одан кейінгісін білмеймін. – Қаражан салқын тәтті шайды ұрттап бокалды қайта қойды да, – Сіз адамның ащы күйініш халдегі шыңғырған дауысын естіген жоқсыз. Ал мен естідім. Сол бишараның жалынышты үні құлағымнан кетпейді. Сол күні арнаулы адамдар келіп ине шанышар жер қоймай ақтарып, тінтіп қарады. Дәнеңе

таппады. Бұл «Артистің» жасаған сұмдығы екенін сездік. Бірақ оны айтуға ешкімнің батылы бармады. Оның бәлесыры бәрімізге жұмбақ боп қалды. Егер кездесе қалсаңыз, жанына тақай көрмеңіз, – деді.

– «Артистің» кім екенін енді білдім. Рахмет саған, – деп Дархан сағатына қарады. – Қашпақ болсаң зымыра дей ме? Онда жүрелік. Уақыт та тақап қапты.

Дархан жарты сағаттан кейін Қаражан мен Сәнияны автобуска шығарып салды.

Келесі күні түстен кейін полковник Әкімғалиев Дарханды өзіне шақырды. Ол жалғыз емес екен. Прокурордың көмекшісі Морозов отыр. Жасы отыздан жаңа асқанымен полковник өте салмақты, сабырлы кісі еді. Орта бойлы, қою қара шашты, қырмаұрын, өзінде еркекке лайықты әдемі сұлу кескін бар. Кісімен сөйлескенде басын сәл бұрып, қиғаштау қарап ылғи ойланып, алдағыны аңғарып, біліп, сезіп отыратындай көрінетін. Қазір де Дарханға сол мәнерімен қиғаштау қарап сөйледі.

– Рапортыңды оқыдым. Колхоздың мал дәрігерін өлтірген Егеубаев емес екенін өзің жасаған экспериментке және негізгі куәнің сөзіне сүйеніп кеп дәлелдепсің. Шағымарыздың негізсіз екенін айтыпсың. Бұл талабыңды құп аламыз. Бірақ сен Марданның өліміне қауіпті қылмыскер Ноян Тайшықовтың да қатысы жоқ депсің. Байқайсыз ба, облыста бізге беймәлім тағы бір қылмыскер пайда болған. Әрине, бұл милицияға абырой әпермейді. «Тайшықовтың кісі өлтіріп қашқаны, кассиршаның тоналғаны, мал дәрігерінің өлімі аз әлек әкеп жатқан жоқ. Тағы кісі өлтіруші бар дегенді қайдан шығардың? Лағымай, тыныш жүрсең қайтеді!» деп қатты ренжіп, ұрысуға болар еді. Алғаш сондай күйге түсіп шытынағаным рас. Неге бұлай ренжігенімді кейін қызмет дәрежең өсіп, бүкіл жауаптылық бір басыңа жүктелгенде ұғасың. Қызмет тыныштығын тілегенменде шындық деген құдіретті күш бар. Жазған пікіріңнің астарын аңғарып, прокуратурадағы жолдастарға айтқанымда, олар да зейін қоя бастады. Бүгін Юрий Николаевичтің өзі келіп отыр.

Әкімғалиев сөйлеген кезде Морозов Дарханның рапортына шұқшия үңіліп, әр тұсын қаламмен сызып отырған.

Қою мұртты, қалың тығыз сақалды Морозовтың сыртқы кескіні Фрунзеге ұқсайды. Полковник өзінің есімін атағанда басын көтеріп:

– Ахмет Әкімғалиевич, бір сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, – деді де Дарханға шегір көзін қадап. – Мұнда «мал дәрігерін өлтірген қылмыскер бұрын ондаймен шұғылданбаған, тіпті ол бұдан былай қылмыс жасауға бармайды, кегін алып тынған депсіз. Көп жылдар бойы тынып, бұғып жатқан қылмыскер ашық дұшпаннан қауіпті. Бұл жайындағы пікіріңізге толық қосылам. Сонымен бірге қылмыс мүлде ашылмай қалуы мүмкін деген қауып айтасыз. Әйткенмен бұл құпияны ашу ойыңызда бар екен. Біздің прокурор баяғыда өткен көне істі есіне алып, бұ оқиға сонымен байланысты емес пе екен деп қояды. Бұл істі қалай қозғамақсыз? Оның біз үшін де маңызы боп тұр, – деді.

– Қылмыскер алыста емес, «Бірлік» колхозының өз ішінде. Қаражан Егеубаев кеше үйлену тойына шақырып кетті. Бұл адамдармен жақынырақ танысудың, анық көріп, толық білудің оңай жолы ма деймін. Егер полковник рұқсат етсе, Көктасқа дереу жүріп кетем. Онда менің жақсы көмекшілерім бар, – деп қылмысты ашатын жоспарын баяндап шықты. Ол аса қауіпті қылмыскер Ноян Тайшықовты іздеуді тоқтатпақ емес. Арырақ тығылып жатып жамандықты алыстан көздеген теріс ниеттілер кейде қанқор Тайшықов сияқтылардан елеусіз қолжаулық қып жұмсауы мүмкін. Бұлардың арасында сонда байланыс болуы да ғажап емес. Тайшықов осы уақытқа дейін ізін білдіртпей жұрт арасына сіңіп кеткені қалай дегенде, Дарханның пікірі өзгешелеу боп шықты. Ол Қаражаннан естіп білген және өзі дұрыс деп топшылаған жәйттерді ортаға салды. Әжептәуір дәрежелі, салмақты қызметкерлердің өз ісіне шек қоймай тым еркінсіп, дандайсып кетуі кейде қылмысты бүркеуге әкеп соғады Дархан сондайға қынжылатын, сондай мінездерді сынайтын, шенейтін секілді. Осы тұста Морозов шалқая түсіп, ашық жүзбен жарқылдап күлді.

– Ахмет Әкімғалиевич мынадай жігіттің қырына ілікпей аулағырақ жүрген жөн-ау. Көшеде қаздыып, сәлем беріп тұрған соң өзінің қызметшісіндей көріп, машинамен

зулап өте шығатындары рас. Сол милицияның бәрін көріп, сезіп тұрғанын қайдан білсін. Мына сөзінді естісе, кейбір өркөкіректеріміздің күні қалай болар екен? Ондай жасырын саяхатты, ойын-сауықты тілемес! – деді.

Дарханға ұнатқан шыраймен қарап отырған полковник:

– Оның бәрі дұрыс-ау, Дархан. Сен арақ дәмін білмейсің. Тойға қалай барасың? – деді.

– Жолдас полковник, ішпей мас болғанды ұнатам.

– Онда мені көндірдің. Сапар сәтті болсын! Дархан сол күні Қызылжарға жүріп кетті.

### **ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ**

Той жұма күні кешінде колхоздың орталық асханасында жасалды. Орын үш жүз адамға дайындалған. Айымгүл шал кемпірлерді келесі күнге, тойдың жалғасы етіп Сәнияның үйіне бөле шақырды.

Түні бойы отырған сауықшыл топ таң сазара бастағанда тарқаған-ды. Той әнмен, ойын-күлкімен өтті. Қаражанның етбауыр ағайындары «Сәния қыз болса бір сәрі еді. Есік көрген әйел ғой. Біреудің талақ тастаған қатынын алып отырып соншама шашылып шырқаудың жөні қалай болар екен? Мұнда Айымгүлдің өз үйі жоқ. Соны сылтауратып, Сәнияның үйінде азғана ағайынның басын қосып той ырымын жасаса жарамай ма?» – деп Айымгүлге айтып көріп еді. Оны естіп қалған Қаражан: «Өткенде кім қате жасамаған. Өзімде шырмалып қайттым. Өткен көлеңкелі күнді еске алып, алдағы тәтті қызығымнан айрылар жайым жоқ. Ағайын намыстанса, ұятсынса келмей-ақ қойсың, – деп кесіп бір-ақ айтты.

Той колхоз орталығының өзінде өтетін болған соң Дархан ауылдың Бәкір, Иван сияқты естияр жігіттерін жинап алып өздері оңаша кеңес құрған. Той бір кісінің қуанышы боп қалмасын, бүкіл ауыл жасының қызығына айналсын. Арақты сылтауратып ағайын арасының кірбің-керісін қоздырып, қисық мінез көрсеткендер болса, оны өршітпей, тойдың шырқын бұзбай сабырлы тыныштық күйде үйді-

үйлеріне апарып тастауға кеңес берген. Мұны Мардан мен Қаражанға ара ағайын Бәкірге жүктеді. «Ауыл сенікі. Алыс-жақын сыры өзіңе мәлім. Түбі жауапты сенен аламыз деп Дархан қатты салмақ салған Учаскелік милиционер Дворкинді Қаражан кішілік жасап әрі кешірім сұрай кеп тойға шақырған екен. Дворкин бес-алты жасақшыларын сайлап ап «Жастың ақжарқын ықлас-ниетін қайтарсам кісілігім қайсы! Сондықтан да тойынан бас тартпадым. Той үстінің тыныштығын маған тапсырыңдар»,– деп өзі ынта көрсетті. Иван бастаған карьердің Қаражанға дос-тілеулес жұмысшылары жұбын жазбай күйеу мен қалыңдықтың қасында болады. Сән-салтанатпен қошаметтеушілер солар. Әркім өз қызметін пұлдамай елеусіз ғып әдемі атқаруға тиіс. Мұның бәрі өз кезегімен жасалып жатсын, тіпті той иелерінің білмегені жөн десті.

Сәнияның үйі құс фермасында ғой. Ол орталықтан бірталай жер. Иван қалыңдық пен күйеуді машина тізбегін жасап, қызыл жібек баулармен шандып зор салтанатпен әкеп есіктен кіргізгенде, жастар екі жаққа бөлініп «Жар-жардың жырлап кетті. Жеңелер, абысындар жас жұбайлар жолына табақ-табақ шашу шашты. Сонан соң той иелері мен қарттарды жоғары шығарып, жастар төменнен жағалай отырысты. Төрге шыққан үлкендердің арасынан Ләтифа мен Жаңылды көргенде жиналған жұрт таңғалысты. Сәния Ләтифаның бұрынғы келіні. Кеше ғана «бала таппадың. Тұқымым өспеді, көбейтпедің» деп үйінен масқаралап қуып жібермеп пе еді? Енді дым көрмегендей мұнысы несі? Әлде келін болған кездегі үлкен кемшілігін, қатесін, ерескел қылықтарын бетіне басып табалап кетуге келген бе? Ана ғой, жалғыз жүрсе бірсәрі! Қасына «мына келінімді көр дегендей желпендетіп Жаңылды ертіп келгені қалай? Мынау тойды қызықтау емес, қызғаныш отын сала келген сұмдық қой деп күңкілдесіп қалды. Рюмкалар сыңғырлай соғыстырылып, жаңа тостар көтерілгенде «Ащы зәрлі сөз қашан шығар екен? дегендей Ләтифа жаққа мойын созып қарасып қояды.

Ләтифаны тойға шақырған Айымгүл болатын. Бала кезінде бірге қуыршақ ойнаған, бой жеткенде сырлас, мұңдас болған кимас құрбысы еді. Алыстағы қызық жақсылықты

бірге көрсек деп армандаған қыздар осы елге қатар келін боп түсті. Ләтифа күйеуінен ерте қалды ғой. Егеубай марқұм жас жесірдің ғұмыры кәріп болмасын дей ме, қонаққа жиі шақырып, Ләтифаға арнап қобызын ұзақ шалатын. Өлетін күні Ләтифаны қасына отырғызып «Ләтифашым, мына қол семді. Енді саған қобызды кім шалар екен?» – деп талып кетіп еді. Үлкен қуаныш пен қызығына қалай шақырудың қисынын таппай Айымжан қиналғанда, оны сезген Қаражан «Сәния о баста маған жар боп жаралған, ешкімнің ортағы болған жоқ. Бөгелендемей силаған кісінді шақыра бер!» деген.

– Халайық тыңдаңдар, Ләтифа сөйлейді. Қадірлі ана Ләтифаға сөз беріледі! – дегенде, отырғандар бұл не айтар екен дегендей тына қалысты.

Ләтифа төрде сыпайы иіліп түрегеп тұрған Қаражан мен Сәнияға нұрлы жүзімен пейілдене қарап сөйлеп кетті.

– Әй, менің жаны пәк әйбәт балаларым! Қаражан қалқам, тірі жүрген соң құлағы құрғыр кейде жаман сөз естиді. Соншама есірленіп, төгіліп-шашылғаны несі, дейді. Нағыз ес білмес есерлер солар дер едім. Сен жаста болсаң бәрінен көреген көсем болдың. Сәнияны өзімнің жастық шағымның гүліндей, туған қызымдай мәпелеп ем. Қайтейін,– деп көзінің жасын сығып алды,– тағдырдың жазуы солай шығар. Сен әдемі, ақылды жар таптың, балам! «Қосағыңмен қоса ағарыңдар, шырақтарым!–дегенде, «Бәрекелді, той-тойға ұлассын! Той, той бастаңдар!» – деген дауыс естілді.

– Сәнді киінген өрімдей екі жас қыз жібек мата, асыл бұйымдар салған үлкен ақ подносты көтеріп ортаға шықты.

– Қане, батылдарың бастаңдар! – дегенде, Ләтифаның иығына тығыла отырған Жаңыл қозғалақтап жұртқа анық, толық көрініп әппақ әдемі өңі жарқ етіп «Аһау!» – деп көтеріңкі үнмен бастады да «Құтты болсын тойларың, армандасым, замандасым!» – деп шырқап кетті. Қалың жиын, тойларда айтылып жатталып қалған үйреншікті ән емес, сөзі мүлде бөлек, жаңа, осы екі жастың өзіне арнап шығарғандай. Махаббат, ғашықтық дейміз. Шын ғашыққа өмірдің ащы соқпағы, бұлтарыс-қалтарысы кедергі емес екен. Оған бүгін жиналған көп қауымның өзі куә, көзі куә.

Осындай ұл-қызынан халқы айналсын-да! Сүйіп қосылған жүрек әрдайым бақытты. «Жас жұбайлар, құтты болсын тойларың» деп шын тілеумен сөзін бітірді.

– Бәрекелді, той сәні енді келді!

– Көп жаса, шырағым! Бәріміздің ойымызды ақ ниетпен бір-ақ жеткіздің ғой!

– Той бастар силығын жас келінге, әнші келінге әкеліндер! – деп үлкендер жағы мейірлері түсіп тәнті боп жатқанда, танымайтын жастар күңкілдесіп қалды.

– Мына қыз қайдан келген-ей?

– Естімейсің бе, келін деп жатқан жоқ па? Ләтифаның жаңа келіні болар. Шегебай біреудің сұттей ұйыған семьясын бұзып, жас келіншек алыпты деп, еді. Мынау сол болды!

– Дауысы, үні қандай әдемі.

– Дауыс дейсің, бәрінен өзін айтпайсың ба? Аспанда қалықтаған аққу тәрізді!

– Шегебай ит, қатынға жарыған ғой!

Жаңыл мен Ләтифаның бұл келісі үй ішінің көп реніш көрісін туғызған. Келін мен шеше бір жақ, бала бір жақ боп жүз шайқасатын қатты сөздерге барды. Айымжан келіп, тойға шақырып кеткенін естігенде Шегебай «Бұл бейшара, несіне жетісіп жүр! Қандай той? Есері біреудің тастаған қатынына мәз бола ма? О, тоба!» деп шешесіне өз байлауын айтты. «Айымжанмен жасыңнан әкей-укей екенінді естігем. Кәрі сал Егеубайды қимайтыныңды да білгем. Бірақ, елден өткен кәззәп, бұзық баласының тойына бара алмадық. Ауылдың, ауданның, қала берді облыстың зиялы, дәрежелі беделді кісілерімен араласып жүрміз. Қарақшының тойына барғанымызды естісе, ертең олар не дейді! Қаражан парамен ақталыпты деген әңгіме бар. Қара ниеттің тойына бара алмаймыз, қисыны келмейді!» – деген. Әңгіме келінінің алдында болғандықтан, баласымен тайталасып жатуды жөн көрмеді де, Ләтифа «Тойға дейін уақыт бар. Кейін тағы сөйлесерміз, ақылдасармыз, – дей салды. Өзі Жаңылға «Тойға қамдал – деп қысқа әмір етті. Жаңылды тойға алып баруында үлкен сыр бар еді. Соңғы кезде келінінің бөлектеніп, бұл үйге жат боп бара жатқанын сезетін. Оңаша, жалғыз қалғанды тәуір көріп ашық терезе алдында ұзақ

отырады. Әлде қайда алысқа көз сүзіп телміре қарайды. Қимасын, сағынышын аңсап күтетін сияқты. Сонан соң баяу үнмен неше түрлі әндер салады. Бұрынғыдай Шегебайға деген лепілдеген, ағынан жарылып алып ұшқан тәтті көңілі жоқ. Күннен күнге суынып, салқын тартып барады. Шегебай «Керекті кісімен кезігіп қалдым, «Бастығым үйіне шақырып әкетті, «Облыстан өкіл кеп, солармен ішіп қалдық деп үйге апыр-топыр қисалақтай кеп пықсық қорыл ұйқыға кетіп, мұндай өзгерісті сезе қоймайтын. Ләтифа уыздай жас сұлуды бұғауда ұстағанды мін көріп «Көпшіл кең ортада өскен ерке жан кешегі қызықты, тәтті күнін аңсап жүрген болар. Хасеннен ажырасқан соң әке-шеше, жақсы дос-құрбылары бұдан безіп кетті. Сонысына өкіне ме, қалай? Той қызығын көрсін, көңілі ашылсын деп әдейі апармақ болған. Енесінің «Тойға қамдал деген сөзін естігенде Жаңыл мойнынан құшақтай алып:

– Апа, кісі көп бола ма?– деді.

– Асханадағы орын үш жүз ғана екен. Оған симағандарын келесі күнге кемпір-шалдарға қосып Сәнияның үйіне бөлек шақырмақ. Біздің Айымгүл ақылды ғой. Ақырын, үнсіз өмір кешіп кеп, ақыры бәрінен озғалы тұр! – деді.

Жаңыл жүзі сәл салқын тартып:

– Апа, мен ән айтам ба? – деді.

– Тартынба, жаным, сол әнінді естуге өзім де құмармын.

Бүгін таңертеңгісін Шегебай жұмысқа жүргелі жатқанда Ләтифа келіні мен баласын шақырып ап:

– Бүгін Егеубай баласының тойы болғалы жатыр, Айымгүл сыр бермеймін деседе, баласы шатылып кеп шашылды ғой. Біз болсақ басымыз түгел, тоқ қалыпта қайғы-уайымсыз жүріп жаттық. Марқұм Егеубайдың алдында көп қарыздар едім. Сонымды ең болмаса баласының алдында өтейін. Тойына қасқа тайды байладым. Қысырақтың тайы, енесін арда еміп шықты. Сойысына жарар дедім. Жаңыл бір жәшік коньягі мен шампанын қосты, – дегенде, Шегебай ашуға булығып қатты түтігіп кетті.

– Сіз өйтіп шатпаңыз! Мен қанішер қарақшы үшін мал жинағаным жоқ. Бір жәшік түгіл бір бөтелке де бермеймін. Осыдан бар ғой, сөйтсеңдер кешке тура барып тойдың ойран-



асырын шығарам! Бәрін талқандаймын! – деп дір-дір етті.

– Ей, ақылсыз балам, сен не сөйлеп тұрсың! Бұзық кім? Қанқор кім? Оны бір алла біледі. Сен Егеубай баласын кемсітесің, мұрныңды шүйіресің. Талақ еткен қатынымды алды деген сөзіңді естимін. Мен кісі танысам, сол Қаражан бәріңнен озады. Айтпады деме, ел көркі сол жігіт болар. Мен оның қадамын құп алам. Оның тойын өз үйімнің қуанышы деп барам. Жөн білгенге ағайын, дос баласының өніп-өскені таусылмас қуаныш болса керек, – деп баласының оғатына киналғандай «уһ деп барып тоқтады.

Шегебай шеше сөзін тыңдағысы келмей өршелене түсті. Тасқайрақтай көгеріп ап:

– Бұл не, мазақ па, масқаралау ма? Біреу қатын алып мәз болады, ал мен малымды шашып тоз болам! Айтпа, мұндай бәленді! Тыңдамаймын! – деді.

Жаңыл баланың әке-шешеге қарсы салғыласқан сөзін естіп көрмеген еді. Оны үлкен күнә, сұмдық санайтын. Келіспейді екенсің, керіспей өз білгеніңмен жүре бер. Оның үстіне «Елдің ащы тілі Жаңылға жетпесін деп бүркеншектеп жүргенім сол. Білмегің осы ғой!» деген баяғы Шегебай сөзі жүрегіне тас түйіндей қадалып, өзін мұншама уақыт алдап келгеніне іші күйіп қапаланатын. Осыдан соң Шегебайға деген албырт көңілі біржола суыған. Шегебайға аса жиіркенішпен қарап сөйлеп кетті.

– Мен ұзақ жасаған көп біле ме деуші ем. Сөйтсем, адалдығынан алалығы мол, арамдықты ар көрген кісімен азырақ дәурен кешсең де көргенің көп болады екен. Малым шашылды, тозым шықты деп сонша таусылдыңыз. Сол маңдай теріңізбен адал тапқан мал ма еді? Әй, білмеймін. Жайлауға жібек мата, барқыт, кілем апарғанда бағасынан асырып, ылғи үстемелеп сататынсыз. Оны жұрт білмейді дейсіз бе? Біледі. «Ақшаға бола, жырым жеген жырындымен салғыласып қайтеміз. Арына сиса ала берсін. Бастан садақа – дейді. Мына мүлік-дүние момын елдің сізге берген садақасы, арамсынбай алған олжаңыз. Ал өзіңіздің қолыңыздан азғана тиын шықса үрейлене шошисыз. Осы кісілікке жата ма? – деді.

Шегебай дірілдеп, қап-қара боп түтігіп кетті. Ол Жаңылдан мұндай сөзді күткен жоқ еді. Жас ботадай жетегіне еріп, айтқанына көніп жүрген Жаңыл бітіспес қаскөйіндей мұның сұмдығын ақырын теріп жүріпті. Жымба сырының жықпылын біліп алған. Шегебай тұрған жері түпсіз зындан, енді сәл тұрса қараңғы апан аузына құлап, жоғалып, өшіп кететіндей көрінді.

Ләтифа баласына жаны ашып:

– Жә, келін, бала, шеше боп, үшеуден үшеу отырып, шаңқылдап ұрысып жатқанымыз елден ұят. Еркек мал тапса, үй ішінің қамы шығар. Есек көгін жусанда мал тауып кел депті ғой. Соған ұқсаған кәсібі де. Тіршілігін сөкпейік. Ал, балам, сен өзің тойға барасың ба, жоқ па? Соныңды айт, – деді.

Шегебай баж ете қалды.

– Сен байқұс, неменене жетісесің? Ол той емес, тозақ, Егеубай баласының маған көрсетіп отырған қыры. Соны қалай ұқпайсың. О тойдың әлі тоз-тозын шығарам, шаңырағын ортасына түсірем! Ұқтың ба? Өшірем, құртам! – деп селкілдеп барып тоқтады.

– Балам, мынауың білгеннің ісі емес, пейілі шикі, ақылы күйкі пәнденің бишаралығы дер ем. Бауырыңды, жақын жұрағатыңды жат тауып, ортаңнан, жұртыңнан алыстап қайда барасың? Кімнен тірек таппақсың? Ұясынан безген құс оңбайды. Мен білгенімді айттым. Ендігісін өзің біл! – деді.

– Тойға барсаң, өзің кет, өзің құры! Жаңыл бармайды! Барғызбаймын!

Жаңыл ашық қатқыл үнмен:

– Ондай әзілді қойыңыз. Әйтпесе сөз бұзылады, – деді.

Шегебай ашу алқымына кептеліп қалғандай алқынып сөйледі.

– Маған десең өліңдер! Екеуің барып Қаражанның табанын жалаңдар! Жоғал, құрып кет! Мұндай қорлықтан өлім артық! – деп есікті тарс жауып шығып кетті.

Осы ауылға келгелі бері ешбір жанға ашылып, көрмеген Жаңыл «Той бастарын айтып болған соң өнерқұмар, әнші қауымның сұрауымен бірнеше ән айтып берді. Үнінде болмашы діріл, шерлі мұң бар. Көп жастың айтып жүрген

белгілі әндерінің сөзін өзгертіп өзінше толқып жырлайды. «Әлі есімдең әнінің:

Содан бері өтті сәулем талай күн,  
Әлсін-әлсін суретіңе қараймын, –

дегеннен кейін «тағдыр бізді қосып еді, сол бақытымды өзім қор еттім, таптадым деп дертті өкінішпен сыр айтады. «Жас жұбайлар» деп аталатын, бұл ауыл естімеген жаңа ән Қаражан мен Сәиияға арнап шығарғандай. Жігіт сендей өжет өршіл болсайшы, мұңлы жардың бақытын ашқан ақылдысың, асылсың. Кешірім кемеңгерден шығады. «Қайдасың, сәулем, жұбатшы мені де... деп әлде кімге үміт артып жалынғандай болады. Ләтифа тамсанып жалт қарады. Жаңылдың көз шарасында іркілген жасты көрді. Жаңыл сәл толас тапқандай «Ақмаңдайлымдың шырқап кетті. Әдемі ақ сұр жүзі балбырай түсіп ықлас, пейілмен жырлайды. Қайырмасындағы:

Жақсылықтың жоқ, сәулем, ерте-кеші,  
Жадырашы, назданшы, еркелеші, –

жолдарын күлімдеген шыраймен әлде кімге қиғаштай қарап, көтеріңкі шабытпен айтады.

Майра Зиягүлдің қасында отырған. Аракідік екеуі сыбырласып қойып, сыңғырлай күліседі. Өмірінде мұндай қалың жиынды, қызық тойды көрмеген Зиягүл таңғала көбірек сөйлеп отыр. Өзі өте мәз. Қызыл-жасылды жарқырап сәнді киінген өңшең қыз-келіншек пен бозбалаға телміре үздігіп қарайды. Сәл бұрыла ернін Майраның құлағына алақанымен қалқалай тақап:

– Шіркін-ай, әнмен көңіл шерін таркатқан жанның арманы бар ма екен! Біз қойды «Айт деп өргізуден, «Шайт деп жусатудан басқа сөз асылын білмейміз. Түнде кеп жатсаң алақаныңа қара шалдың қыртыс-қыртыс кәрі шандыры тиеді. Осылай кісі боп тіршілік кештіміз дейміз-ау! – деп күрсініп қойды.

Зиягүл ауық-ауық сөйлей отырып, Майраға көп сырларын

ақтарып, ашып тастаған.

Бұл кезде Шегебай асхананы төңіректеп тал-тасқа бұғынып далада жүрген еді. Аракқұмар алапес Сейсен мен Дексенді көп азғырып, қасындағыларын түртпектеп жанжал шығаруға әдейі тойға қосып жіберген. Өзі әумесер Берібасармен сыртта қалған. Керіс, айқай-шу шыққанда лап қоймақ. Таң қылаңдап атып келеді. Іштен ән үзілмейді. Ақберді колхоздың күзетшісі ғой. Қойма жақты шолып шығып келе жатқан ол асхана алдында сәл кідірді. Кербез әнге құлақ түрді. Шегебайды көріп қалып:

– Шіркін, мынаның дауысы-ай, сарайы қандай кең, ашық еді. Ән айтып жатқан қайсы? Білмедің бе? – дегенде, Шегебай:

– Әлгі біздің үйдегі қатын ғой! – деді.

– Ә, келіннің желігі басылмаған екен-де, – деп «шу – деп атын тебіне түсіп жүріп кетті.

Той таркады. Жұрттан бұрын шыққан Жексенді Шегебай қолтығынан шап беріп ұстап тасалау жерге апарып:

– Ей, милау, сен иттерге не айтып ем! Неге жасамадық? – деп зекіп, боқтап жіберді.

Жексен қолын сілкіп тастап:

– Әй, сен бар ғой... кімсің өзің? Кетші әрі! – деп өз жөнімен жүре берді. Бұларды анадайдан байқап қалған Сейсен көптің арасына кіріп көрінбей жылысып кетті.

Сенбі күні түсте Айымгүл қонақтардың екінші тобын күтті. Сәнияның үйі отырған құс фермасы бұрынғы шағын колхоздың бірі ғой. Той соңында Айымгүл келіні мен баласы үшеуі қолқа салып, Ләтифа мен Жаңылды, Дархан мен Майраны әдейі ертіп әкеткен. Бәкір, Иван бастаған күтуші пысық, елкезек жігіттер де тойды аяғына дейін өздері өткізбек болды. Айымгүл іргелес көрші ағайындардың кең дәліздерін, бөлмелерін босаттырып дастархан жайғызды. Әр үйдің қонағына атап жеке мал сойдырды. Тойдың үлкен сойысына деп арда дөненді шалды. Қонаққа тартылған семіз қой еттерінің үстіне түрілген жас қазылар салынбақ. Жер ошақтарда қазан-қазан еттер буы бұрқырап асылып жатыр. Түс кезінде қызылды-жасылды «Москвич», «Жигули», «Волга» машиналары ағылып келе бастады. Алты-жетіден,

он-он бестен топталып, лек-лек боп аттылар жылжып келеді. Араларында күміс ер-тоқымды қыз-келіншектер, сәнді киінген бозбалалар бар. Жайлаудан көшу әбігершілігімен кешегі тойға келе алмай қалған жастар. Дағды бойынша қонақтар әуелі той иелеріне құтты болсын айтып, жас жұбайларға жақсы тілеу тілейді, сонан соң қонақ үйлерге тарайды. Бәкір, Иван секілді күтушілер тойшыларды үйді-үйге бөліп жайластырып жүр. Дархан мен Майрада сол қонақ тосушылардың қасында болды.

Әуелі кемпір-шалдарға қымыз берілді. Жастар жағы тоңазытылған құс еттерін жеп, арақ-шарабымен шайға кірісіп кетті.

Александр мен Александра Максимовтар өздері келгеннен бері дастархан мен ыдыс-аяқтың, әртүрлі тағамның, арақ-шараптың молдығын көріп қатты таңғалысты. Ерлі-зайыпты екі Саша бұл тойға кездейсоқ келген жолаушы. Кеше түнде біреу машинасымен асхананың алдына тоқтай қалған. Жайлаудан жете алмай қалған қонақтардың бірі ме деп Бәкір сыртқа шықты.

– Анда барсаң рестораны ремонт, мұнда келсең той боп жатыр. Бұ қандай, жолаушы тамақ ішеді деп ойламай ма екен? – деп қатты қынжылды.

– О не дегеніңіз, қазақ жерінде жолаушы аш болмайды. Түсіңіз, қонақ болыңыз, – деді Бәкір.

– Таныс болсақ бір сәрі, әй-шай жоқ қалай кіреміз?

– Қазақ танымайтынын силаған.. Қысылмаңыздар! Әйел күйеуін шынтағымен түртіп:

– Қазақтың тойы қалай болады екен? Көрейік те, үйге барған соң достарға айтып тамашалаймыз, – деп әйелдік әуестігіне басты.

Бәкір ашық әйнектен басын сұғып:

– Атыңыз кім? – деді.

– Александр мен Александра, екеуіміздің де атымыз Саша, – деп әйел күлді. Екеуі Новосибирьдің ірі заводының бірінде инженер-аппаратшы боп істейді екен. Институтта бірге оқыпты, жолдаманы да бірге алған, Жақында үйленіп, әке-шеше силаған машинамен саяхаттап бара жатқан беттері екен. Бағыты Самарқанд, атақты Регистанды көріп қайтпақ.

Ұлықбектің обсерваториясын, күмбезді медресесін, алтынмен апталған Тілдә-Қари ғимаратын тамашаламақ ойлары бар көрінеді.

– Міне, жақсы таныстық. Менің атым Бәкір. Осы тойдың асабасы, сіздерше тамадасының бірі, – деп кең залға кіргізіп, бұрыштан орын сайлап, алдарына дәу табақ ет, ыстық сорпа әкеп қойды. Коньяк, арақ шампань тығындарын қатар ашып, – Қане, қайсысынан құяйын? – деді.

Александра жамбастың майлы еттерін көріп:

– Мына еттің бәрі бізге ме? – деп таңданды.

– Тойшылар астарын қазір ғана ішіп болды. Шай күтіп отыр. Қымсынбай алыңыздар, – деп бокалға арақты толтыра құйды.

– Мынадай жас етке арақ ішпей қалай отырасың! – деп бокалды көтерді де қайта қоя салды. – Құрғыр-ай, рульде отыр екем ғой.

Бәкір бокалды ұсынып:

– Бүгін ешқайда бармайсыз. Асығатын жұмысың жоқ. Саяхаттап жүрген адамсыз. Осында қонасыз, – деді.

– Бас тартқаным кісілікке жатпас. Жас жұбайлардың денсаулығы үшін! – деп сіміріп салды.

Алғаш үндемей ішіп, жеп отырған Максимов ащы арақ аш өзегіне түсті ме, өзінен өзі жұлқынып билеп мазасы кеткен соң машинасына отырғызып, Сәнияның көп бөлмелі үйлерінің біріне әкеп жатқызып тастаған. Содан тұрғаны қазір еді. Түс мезгілінде бұл жаққа да қонақтардың ағылып келе бастағанын көріп, қасында тұрған Бәкір мен Иванға:

– Бұл не қылған бітпейтін қонақ, таусылмайтын ас, суша ағылып жатқан арақ-шарап! Мұның шегі бола ма? – деп қайран қалды.

– Машинамен келгендер жәшік-жәшік арақ-шарабын, қойын түсіріп жатыр. Қалың топ аттылар айдаған қойын, жетектеген тана – өгізшесін мына қораға қамайды. Жас жұбайларға силаған жасау-жабдық бір сәрі. Ол әр елдегі бар салт. Мына көп малды неге әкеп жатқанын түсінбеймін.

Бәкір:

– Ағайын-жұрттың тойға қосқаны. Қазақта сондай дәстүр бар, – дегенде, Максимов:

– Жәшік-жәшік арақ, мына көп мал тегін берілген дүние ме? – деді.

– Тойға сауда жүрмейді.

Иван зор денесі селкілдеп ашық үнмен қарқылдай күліп:

– Бауырым, мұнда бөтелкені қойыңға тығып әкелген сөкет, ерсі көрінеді. Оны жарымаған маскүнемнің қылығы сияқты қарайды. Қазақ бар ісін өзіндей кесек, мол, берекелі жасайды. Біздің қазақ жомарт ел! – деді.

Оны Максимовтың өзі де көріп тұр. Ошақ басынан табақ-табақ ет үйлерге тартылып жатыр. Қонақ та, көрші де, жолаушы да ішіп-жеп жатыр. Бәрі мол, бәрі қарық. Еттен соң тағы шай! Тағы тәтті жүзім қосқан бұқар палауы! Барлық уақытта да ән үзілген емес. Жас жұбайлар әр үйге кіріп сәлем беріп шыққанда қоршаған сәнді некерлер келесі үйге дейін әнмен шығарып салады.

Осы қызықтарды қатты тамашалап суретке түсіріп жүрген Александра күйеуінің қасына кеп:

– Той, үйлену тойы деп осыны айт! – деді.

Келесі күні Ләтифа жүргелі жатқанда қасына Қаражан мен Сәния келді. Ләтифа енді байқады: Сәния екіқабат екен. Денесі сәл толып, өңі нұрланып, шырайланып кеткен. Ләтифа екеуінің бетінен кезек сүйіп:

– Бақытты бол, менің ақылды балаларым! – деп Айым-гүлдің иығына алақанын салды. – Сені жұрт азабы көп бейнеттен көзі ашылмаған бейшара деуші еді. Ең бақытты адам сен екенсің. Түбі сен көбейесің! Адал пейілің, ақ тілегің қабыл боп, бақыт құсы қонған екен. Сыртымнан күліп отырыпайтқанмен ішім күйеді. Бұл пасыққызғаныштың күйігі деме, жай, өз басымның күйініші. Амалым қайсы, тағдырдың жазуы солай шығар. Алла амандықпен, осындай қуаныш үстінде табыстырсын. Әмин! – деп бетін сипады.

Дархан мен Майра да шұғыл жүріп кету камын жасап жатқан. Дархан Шегебайдың жас жігітпен жайлауға барғанын, Жәкінің үйіне қонғанын естіген болатын. Сол бір кез Тайшықовтың тұтқын орнынан қашқан мезгілімен сай келеді. «Неғылған жігіт екен? Ақырын сұрап біл. Тайшықовтың сырт кескінін, ерекше белгісін сипаттап көргін. Соған ұқсайтын біреу болмасын, – деп Майраны

әдейі Зиягүлдің қасына отырғызған еді. Дарханның күдігі дәл келеді. Шегебаймен жайлауға барған, Байыс деген атпен жүрген қауіпті қылмыскер Тайшықов боп шықты. Жәкі жайлаудан түсіп қазір жиекте отырса керек. Зиягүл тойдан кейін «қолың тисе келіп кет – деп Майраны шақырған екен. Соған Ноян Тайшықовтың суретін алып барып, әбден анықтап алмақ. Машинаны от алдырып жатқанда қастарына Айымгүл Қаражан, Сәния, Ләтифа мен Жаңыл келді. Қаражан тойшыларға Дарханды бір кезде институтта бірге оқыған жолдасы, ал Майраны оның қарындасы деп таныстырған. Осы сырды сақтаған Айымгүл:

– Қалқам, нағыз тілеулес, жанашыр дос сендей-ақ болар. Қызметіңе ризамын. Көзімнің қарашығы Қаражанмен достығың мәңгі бақи үзілмесін. Қуаныш тойы үстінде өзіңе сый тартқалы отырмын. Мына байлаулы тұрған қасқа тай мінгізген атым. Бұл аналық алғысым, бетімді қайтарма, шырағым, – деп күміс ер-тоқым салынған қасқа тайды тізгінінен ұстап алдына тартты. – Ал мынау қызыма кигізгенім – деп Майраның үстіне омырауына оюлап жалпақ зер жүргізген қызыл барқыт шапан жапты.

Мұндай сый-құрметтен кім бас тартады, – деп Дархан кеп алғыс рахметін айтты. Қасқа тайды алдына көлденең ұстап тұрған Қаражанға;

– Асау емес пе? Үйретілген бе, бас біле ме? – деп сұрады.

Жаныл қолын шапалақтап:

– Сондай жуас, өзінің жорғасы бар, – деді.

Дархан бұл тайдың Ләтифаның үйінен келгенін білді. Тойға келген мал-мүлікті үлестіретін қазақта дағды бар.

– Қазір көрейік, – деп үзенгіге аяғын салып, құранды ердің басынан ұстап секіріп мінді де көшенің бойымен жорғалатып біраз жерге дейін барып қайта оралды. Аттан түсіп жатып:

– Жорғасы майда, жайлы екен, – деді де Айымгүлдің қасына кеп, – Апа, қасқа тай менің меншігім ғой? Олай болса, өз қалауымша жұмсап, пайдаланбаймын ба? – деді.

– Соясың ба, мал етесің бе? Өз еркің шырағым.

– Бері келіңіз Сәния, осындай тойда, мынадай шат шақта қайыңыздан бір ат мінсеңіз артық па екен? Қасқа тай сізге



берген бәсірем болсын, – деп қолтығынан көтеріп тайға мінгізді.

Майра иығындағы шапанын Жаңылдың үстіне жапты. Бір қолымен қарынан құшақтай ұстап:

– Шын көңілмен ұсынам, тартынбай алыңыз. Жақсы таныстығымыздың алды болсын! – деді.

Сәния нұрлы жүзі жайраң қағып:

– Мені көп қуанышқа бөлеп, ат мінгізіп тебемді көкке жеткіздіңіз ғой! – деп маржандай ақ тісін көрсетіп шаттана күлді.

– Сіздің басыңызға да қуаныш, шаттық, бақыт тілеймін. Аман боп арамызда жүре берсеңіз екен! Адал, ақ тілеуім осы, – деді.

Жаңыл шапанының омырауын қымтап:

– Майражан, ақылды ағаң екеуіңді қонаққа шақырам. Қалаған күні келіндер. Күтем! – деді.

Дархандар машинамен ұзап бара жатқанда жақсы иықтарын түйістіріп аса бір ризалықпен қадала қарап қалған Қаражан мен Сәнияға:

– Апам екеуіңді ақылды балаларым деп бекер айтпайды екен. Мынадай жанашыр ынтымақшыл достары бар кісінң арманы жоқ, – деді.

Жексенбі күні ымырт жабыла Дархан мен Майра жиектегі Жәкінің отарына келді. Кешкі мезгілді әдейі дұрыс көрген. Бұл уақытта Жәкі қойын жайып өрістен қайтады. Үйінде болады. Екі бірдей куәге Тайшықовтың суреттерін көрсетіп шын жайды аша түспек. Той үстінде Зиягүл аздап ішкен шараптың буымен жайлауға Шегебаймен бір жігіттің қонып кеткенін, аса құпия сыр ғып айтқанда, Майра:

– Көзі шүңіректеу, құсмұрын, қараторы жігіт пе? – деп сұрады.

– Дәл соның өзі. Танитын ба ең?

– Жастар кешінде көргенім бар. Сол жақ бармағының астында тыртығы бар ма?

– Тіпті сонысын байқамаппын. Өзі сондай өнері көп жігіт екен. Қарауға мұрша бермеді, – деп сыңғырлай күлді де, сол сәт қабағын шытыңқырап ақырын күрсінді. – Келем деп еді. Хабарсыз кетті, – деп сағынып жүргенін білдірді.

Қалың думан үстінде Тайшықовтың кім екенін айту үлкен қате, білместік болар еді. Оған зарығып күтіп жүрген Зиягүл де сене қоймас еді. Асықпай, оңаша отырып барлық шындықты түсіндірген жөн дескен.

Жапандағы жалғыз үйге қарай қос тостаған жарығын қадап шоқандап жылжыған машинаны көргенде Зиягүл жүрегі лүпілдеп, тұла бойын қуаныш кернеп жарылып кете жаздады. Алыстан Алматыдан Байыс мұны аласұрып іздеп, сағынып келе жатқандай көрінді. Жайлауда отырғанда осылай түнделетіп келген. Зиягүл де іштей ынтығып, зарығып күтіп жүретін. Шәлісін жамыла салып үйден жүгіріп шықтыда ұзап барып машинаның алдын тосты. Машинадан Майра мен Дарханның түсіп жатқанын көргенде сәл аңырап қалды. Сол сәт есін тез жинап күле сөйледі.

– Той-думан қуған қала серілері қойшының үйіне бұлай екпіндеп тез жете қоймас деп ем. Қош келіпсіздер. Үйге жүріңіздер! – деп Майраның иығына қолын салып құшақтай алға бастап жүрді. Өзі есікті ашып үйге кіргізді.

Зиягүл өздеріне лайықты етті шақтап асқан екен. Қайта қазан көтеріп, отын-су қамдап мал соймақ еді. Дархан мен Майра:

– Тойдан әбден тойып қайттық.

– Ішіміз жидіп бітті. Айран ауыз тисек болды. Тамақ асылы сол ғой, – десіп, басқа дәм татпады.

Кешкі астан кейінгі әңгіме үй ішіне, әсіресе Зиягүлге ауыр тиді. Дархан қалтасынан Ноян Тайшықовтың суретін алып көрсетіп:

– Шегебайға еріп келген осы жігіт пе? – деді. Зиягүл әрі-бері қарап шошып кетті.

– Қойыңызшы, мынау абақтыдан шыққан біреу ғой, – деп суретті лақтырып жіберді. Аз ғана өшіп, үнсіз қалып, – үлкен салмақ салыңыз. Өз басыма жаманат-қиянат келсін. Бәрін көтерейін. Тек соны айта көрмеңіз, – деді. Дауысы дірілдеп жалынышты шықты.

– Сізді күйзелтіп, күйікке салайын деген ойым жоқ. Бірақ, өзіңіз дәл айттыңыз. Ол күзетшіні өлтіріп тұтқын орнынан қашқан кәнігі қылмыскер. Байыс деген лақап аты, – деп Ноян Тайшықовтың кім екені жайында қысқаша айтып берді.

Зиягүл білтелі шамның сарғыштау жарығына сазара қарап бірталайға дейін тіл қатпады. Байыспен аз ғана сағаттар кешкен ұмытылмас қызығын ертеңгінің тәтті үміті санап, алдағы арманындай көңіліне алданыш етіп еді. Өзіндей жасты, қатар теңін сүйіп, құшып көргені сол еді. Болмашы ләззатын қорлағандай, нәрсіз, дәмсіз етіп бара жатқан жас өмірін мазақтай түскендей қайдағы жылым жігітке кезігіпті. Соншама табалайтындай тағдырға не жазды? Бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар дейтіні қайда?..

Зиягүл Майра екеуі оңаша қалғанда қатты налып көзінің жасын тия алмай өксіп отырып сөйледі.

– Қойшы, малшы деген бұ жақта ерте тұрады. Мен оянған кезде ол ұйықтап жатқан. Жастықтың жанында бүктеліп қалған пенжагін керегенің басына іле салайыншы деп алғанымда қалтасынан тапаншасын көрдім. Өзі орталықтан, Алматыдан жүр, сонда үлкен зиялы кісілермен ашына деген соң онысына назар аудармадым. Шынжанда өкімет кісілері тапанша салып жүретін. Бұл жерде де солай ғой деп ойладым. Қанқол, бұзық, қарақшы екенін қайдан білейін, – деді.

– Шегебай оның нағаны бар екенін білді ме?

– Айта алмаймын. Оны өзінен сұраңыз. Таңертеңгісін Жәкі:

– Күнжарықта дұрыстап қарайын, суретін тағы бір көрсетіңізі! – деп Дарханның қолынан суретті алып шұқшия кадалды.

– Осы үйге келген сұмырайдың үстіндегі киімі жаңа демесең нақ осының өзі. Түрі айнымайды. Ал Шегебайдың мұнысы несі екен? Қайдағы қызылкөз бұзықтығы қолпаштап жүргені қалай? Әй, доңыз-ай, сазайынды берермін-ау! – деп кіжінді.

– Бұл әңгіме ауыздан шықпасын деп келістік қой. Тіс жарып сөз тасысаңыз сол қылмыскерге болысқан боласыз. Осы отырған төртеуімізден басқа тірі жан білмеуге тиіс, – деп Дархан тағы ескертті.

Зиягүл кешегі бергі уақыт ішінде қатты жүдеп, тынып, сынып қалған еді. Басын төмен салып, тұнжыраған қалпы ақырын сөйледі.

– Канқор бұзықты күттік, қондырдық деген мақтаныш

дейсіз бе? Несіне паш етеміз. Ол бәлекет өзімен кетсін. Біздің жақтан шашау сөз шықпайды. Аландамаңыз, – деді.

Дархандар тоқтамай ауданға жүріп кетті. Көктасқа жетуге асықты. Полковник Әкімғалиевтің бір кезде қылмыскер Көктас маңынан шақ көрсетіп қалуы мүмкін деген жорамал күдігі дәл келді. Көктасқа келісімен бұл оқиғаны майор Серқожаевқа баяндады. Капитан Жаркешев үшеуі алдағы кезеңде жұмысты қалай жүргізудің тәсілі жөнінде шұғыл кеңес құрды. Әлі көп жайлар жұмбақ еді. Қылмыскер Шегебаймен қалай табысқан? Тайшыковты ол қайдан таниды? Жаңа киімдерді беріп жүрген кім? Қылмыскер екенін біле тұрып милицияға хабарламағаны қалай? Әлде Шегебайды ұстап, жауап алу керек пе?

Дархан полковник Әкімғалиевке телефон соғып Көктастағы жаңалықты айтты. Үшеуі келіскен жоспарды ортаға салды және Алматыда қызмет істеп жүрген Байыс Құдияровтың документі қылмыскердің қолына түскеніне таңғалғандық білдірді.

Полковник үнсіз тыңдап қысқа жауап қатты.

– Серқожаев қасыңда ма? Трубканы берші, – деді. Майор трубканы алып «Құп болады!» деп қалбақтап қалды. Трубканы Дарханға қайта ұстата берді. Полковниктің дауысы естілді.

– Кешкі рейспен ұш! Кезекші машина аэропортта күтеді. Мен өзім де болам. Осында келген соң ақылдасайық, – деді.

Майор Серқожаев пен Дархан сол күні кешінде облыс орталығына ұшып кетті.

## **ОНЫНШЫ ТАРАУ**

Дархан мен майор Серқожаев полковниктің кабинетіне кіргенде онда подполковник Хохлов отыр екен. Дархан өз бастығын көрмегелі екі айдан асып қалған еді. Сақтық кассаны тонаған қылмыскерді ұстау кезінде қатты жарақаттанып қалып ауруханаға түсті де, сонан соң Алматыға госпитальға алып кетті. Сол жатқан санаторийге жолдама алып демалысқа кетті, деп естіген. Ол Дарханмен

шын пейілмен қол қысысып, иығынан қағып амандасты.

Полковник Әкімғалиев Көктастағы оқиға жөнінде Хохлов толық, мәлімет алсын деді ме, бастан аяқ айтып шығуды өтінді. Майор Серқожаев пен Дарханды кезек тыңдап алған соң Хохловқа қарады.

– Сұрағыңыз бар ма?

– Бұл оқиғаның барысымен бөлімде таныстым. Бәрі түсінікті. Қылмыскерді ұстау жөніндегі жоспар да сәтті жасалған. Майор Серқожаев оқиғаны созбалаңға салмай тезірек аяқтау үшін Шегебан Сүгіровты ұстап, тергеуге алған дұрыс па дейді. Меніңше, асықпаған жөн. Сүгіров пен қауыпты қылмыскер Тайшықов арасындағы байланыс әлі түсініксіз. Оның үстіне Тайшықов қылмысты іздеудің жолдарын, тәсілдерін білетін заң маманы боп шықты. Ол алыстан болса да Сүгіровке көз тігіп, сыртта біліп жүреді. Қысылшаң шақта оны өзінің кәдесіне жаратуға тырысуы ықтимал.

– Өте дұрыс айтасың, Николай Николаевич. Сүгіровты қамауға алсақ негізгі қылмыскерді үркітіп аламыз. Әзірге оны қозғамаған дұрыс. Әлгінде майор қойшы-малшыларға апарған кездеме – мүліктерді артық бағамен сататыны жөнінде Сүгіровтың үстінен арыз түскенін айтты. ОБХСС - тегі жігіттер осымен шұғылдана тұрсын. Бөлімге шақырған кездегі негізгі сылтау осы болсын. Ал Байыс Құдияровқа келсек, шынында сондай адам бар боп шықты. Тұтынушылар одағында істейтіні рас. Бүгін Алматымен сөйлестім. Бұдан біраз уақыт бұрын Байыс Құдияров жолдасының машинасымен біздің облысқа командировкаға шығады. Бұл сапарын жақсы серуен, демалыс қызығына айналдырғысы келсе керек. Қасында таныс қыз-келіншектері болады. Ұзақ жол мезі еткеннен кейін кісі көзінен тасалау қалың ағаш арасына барып, жайласып отырып арақ-шарап ішеді. Жүрейін дегенде Құдияровтың бұтаққа іліп қойған пенжагі жоғалады. Бүкіл топ іздеудің орнына үрке қашады. Машинаға отырып облысқа тезірек жетуге асығады. Кейін командировка куәлігін жаңадан жаздырып жіберіп мөр бастырып алады, – деп полковник қағаз салынған папканы Хохловтың, алдына қойды. Майор Серқожаев: – Қылмыскердің жасырынып

жүруіне колқабыс тигізген десеңші, – деді қынжылған түрмен. – Солар қалай шат-шалағай бетімен жүре береді. Алдын-артын байқау дегенді білмейді. Ақыры қылмыскерді құтқарды!

Полковник сөзін жалғады.

– Кей жолдастар командировка куәлігі деген не, тәйірі. Ол бір құпия дүние емес, – деп қарайды. Әуелі Құдияровтың куәлігі жоғалғанына да милиция кінәлі секілді.

«Тіпті қалада емес, айдалада еркін көсіліп отыра алмайсың. Жуликтер аңша қаптап кетті. Милиция жұмыс істеуді қойды. Құдияровтың пенжагін ұрлап кетсе, ол байқұс кінәлі емес қой. Одан да бұзақыларды тиыңдар!» дейді.

– Құдияров куәлігін жоғалтқаны үшін емес, сол ұрлатқан куәлігін айтпай, жасырғаны үшін айыпты! – деді Дархан сабырсыз қызулана сөйлеп. – Және екінші жолы куәлік жаздырып алу да заңға жатпайды.

– Мен Тұтынушылар одағы басқармасының басшыларымен бұл жайында сөйлестім, – деді Әкімғалиев сабырлы үнмен. – Олар өз тарапынан шаралар қолданбақшы. Әрине, бұл біздің жұмысымызды жеңілдетпейді. Тайшықов кісі өлтіргені үшін ауыр жазаға кесілетінін біледі. Оған аянатын дәнеңе қалған жоқ. Қайткенде қылмысты өршітпей, асқындырмай ұстау керек. Қазір оның қандай бүркеншік атпен жүргені бәймәлім, – деп Хохловқа қарады.

– Маған бір ой кеп тұр. Тайшықов институтта қатар оқып жүрген қызды зорлағаны үшін сотталған. Өзінің қазіргі қуғын-сүргінінде жүрген күйін сол қыздан көретіні хақ. Дархан бұрын колонияда бірге отырған Қаражан Егеубаевпен сөйлескенде, ол Тайшықовтың тымырық, кекшіл зымиян екенін сипаттапты. Тығып жүрген пышақтарын айтып қойғаны үшін жазықсыз адамды қаншама азапқа салған. Ондай сұркия сұмдығы мол кісі сол қызды тауып алып, өшін қайтаруға тырыспай ма деген ой келеді. Николай Николаевич сізден өтінетінім институтқа сұрау салып, сол қыздың қайда жолдама алғанын біліңіз. Бәлкім күйеуге тиіп фамилиясын өзгерткен болар. Табу қиын екенін білем. Әйткенмен, осы іспен өзіңіз шұғылданып көріңіз. Бүгінгі әңгімемізді осымен тәмамдайық. Төтенше жағдай бола қалса, күн-түн демей

қалаған уақытта қызметке немесе үйге телефон соғыңыздар. Барлығынан нәтижелі іс күтем!

Келесі күні Серқожаев пен Дархан сағат күндізгі 12-нің самолетімен ұшпақ болды. Автобус жеті сағаттай жүреді. АН-24-пен бір-ақ сағатта жетіп барады. Автобуспен таңертеңгі сағат сегіздің рейсімен кеткенмен де, самолеттен бұрын жетпейді. Самолетке шығуға әлі талай уақыт бар екенін көріп Серқожаев балаларға базарлық алайын деп магазиндерге қыдырып қайтқан. Қонақ үйге келе жатып мектеп ауласында қара көзілдірік салған, сол қолына қара қолқап киген, сақал-шашы әппақ қудай шалдың сегіз-тоғыз жасар баламен сөйлесіп тұрғанын көрді. «Класқа кірмей, көшеде ойнап қалған немересін мектепке алып келген ғой. Өзі кембағал екен деп ойлады. Қасына тақай бергенде шал немересінің қолынан жетектеп балмұздақ сататын дүкенге қарай кетті.

Бұл Мақпалдың баласымен сөйлесіп тұрған Жәмшит еді. Күніге Мақпалдың үйінің тұсын аңдып жүріп осы баланы мектеп алдында кездестірді. Рауан класқа кіргісі келмей тұрғанда мана шалға жолыға кетті. Енді сабаққа бармауына сылтау табылғандай қуанды. Жәмшит балмұздақты ұсынып жатып:

– Рауан, сен әдемі бала екенсің. Сен папаңа ма, әлде мамаңа тартқансың ба?

– Мен Раушанға тартқам.

– Сенің әпкең бар ма?

– Жоқ-ә, ол өліп қалды ғой. Ол менен жарты сағат бұрын туса керек. Енді әжем әпкең өлді. Егізден қыз өлсе ұл ұзақ жасайды дейді. Қалай ойлайсың, әжемнің айтқаны рас па?

– Әжең өте дұрыс айтады. Мамаң мен папаңның сенен басқа баласы бар ма?

– Жоқ.

– Неге?

– Қайдан білейін. Магазиннен сатып алғысы келмейтін шығар.

– Сен папаңды жақсы кересің бе, әлде мамаңды ма?

– Папам сабақтан екі алып қалсам дереу ұрысады. Осы адам болмайды, тегіне тартқан кісі оңа ма дейді. Неге олай

дейтінін сен білесің бе?

– Неге олай дейтінін ұқпадым.

– Менде білмеймін. Ал мамам әйбат.

– Жәмшит кітаптарын көрген боп Рауанның портфелін ашты. Шығыршық темірге өткізілген қос кілтті балауызға батырып таңбасын түсіріп алды. Портфелді Рауанның қолына ұстатып:

– Қазір үйде кім бар? – деді.

– Мен мектепке кеткенде күндіз әжемнен басқа ешкім қалмайды. Папам жұмыстан ылғи кеш қайтады. Қазір науқан кезі, жұмыс көп дейді ғой. Науқан деген не сөз?

– Егін жинау, шөп шабу, төл алу – осының бәрі науқан деп аталады.

– Ә-ә, аурулар көп келіп, содан қолы босамайтын шығар деп ойлап ем.

– Мен командировкаға кетіп қалмасам ертең тағы келем. Балмұздақ әперем.

– Шал адам жұмыс істей ме екен?

– Мен колхоз-совхоздарға барып тері-терсек жинайтыным бар. Бірақ сен менімен кездескенінді, балмұздақ жегенінді ешкімге айтушы болма. Жігіт деген қайратты, әрі сыр сақтай білуге тиіс. Әйтпесе папаң «Тамағың ауырады. Біреудің әперген балмұздағын неге жейсің!» – деп ұрысып жүрер.

– Мамама да айтпаймын ба?

– Жан адамға айтпа дедім ғой.

– Жарайды. Ертең екі балмұздақ әперетін бол!

– Мен уәде бұзбайтын адаммын.

– Сақал-шашың әппақ боп сөзінде тұрмасаң онда жамансың ғой.

Бұдан кейін Жәмшит Рауанға көрінбеді. Күніге бір уақыт Мақпалдың үйін торида. Осылай бір жеті өтті. Мақпалдың түзде және үйде қалай киінетініне дейін біліп алды. Үйде көбіне шәйі халатпен жүреді. Бүгін ол жұмысқа бармаған секілді. Далаға көрпе, жастық, кілем алып шығып жайды. Осы кезде кемпір қолына қара сумкасын ұстап асыға басып бара жатты. Жәмшит он минуттай тұрып бүкіл ауланы шолды. Келесі үйдің бұрышында ойнап жүрген уақ балалардан басқа жан адам көрінбейді. Қазір нағыз сәтті



мезгіл секілді. Кемпір шыққан подъезге қарай асыға басып жүрді. Дереу үшінші этажға көтеріліп қалтасындағы кілтпен ағылшын құлпын ашты. Екіншісі ашық екен. Ақырын басып ішке кіргенде ванна бөлмесінен әйелдің дауысы естілді.

– Апа, тез қайттың ғой. Магазин жабық па екен? Жәмшит «Кемпір магазинге кеткен. Қазір оралуға тиіс. Шапшаң қимылдау керек – деп ойлады. Ванна бөлмесінің есігін ашып қалғанда тырдай жалаңаш әйел басын сабындап жуып жатыр екен. Маңдайшадағы көгілдір шамның сәулесі. бөлмені қаракөлеңкелеп тұр. Кеудесіне дейін суға малынып отырған әйелдің аяғын тартып қалғанда сабыннан көзін аша алмай отырған Мамық:

– Ойбай, бұ кім? Апа! – деп бақырып жіберді.

– Үніңді өшір, салдақы! Ноян түрмеде шіриді дедің ғой. Тайшықов өлмейді. Біліп қой! Ал сенің отыз-ақ секундтік өмірің қалды!

Мамықтың үні әрең шықты.

– Ешқандай Ноянды білмеймін!

Сол сәт судың беті қайнағандай шорқылдай бастады. Отыз секундтан кейін әйелдің қалың шашы судың бетіне қалқып кеудесін жапты. Ноян ыстық суды ағытып жіберді де, үйден тез шықты. Ағылшын құлпы өзінен өзі жабылды.

Мамықтың соқырішегі түйіліп бұдан екі күн бұрын ауруханаға түскен болатын. Жедел жәрдем машинасы түнде келіп алып кеткен. Үйде әжесі сабаққа бармағанын онша ұрыса қоймайтын болған соң Рауан соңғы екі сабақтан қашып кеткен. Үйге келгенде әжесінің көрші кемпірмен сөйлесіп тұрғанын көріп қасына жүгіріп барды.

– Апа, басым ауырып отыра алмаған соң мұғалім үйге қайтарып жіберді, – деді.

– Басыңнан айналайын, үйге барып жата ғой, – деп Асыл немересінің маңдайынан сипады. Рауан басқышпен қуана көтерілді. Енді емін-еркін күні бойы телевизор көруге болады. Есікті ашып қалғанда еденде шылқылдаған ыстық суға аяғы тиді. Ванна бөлмесінен бу атқылап жатыр. Ақырын барып сығалап қарады. Мамықтың өліп жатқанын көрді.

– Апа-а-а! – деп ойбайлап жылап шықты.

– Апа, Мамық өліп жатыр!

– Тәйт, мына шіркін не дейді!

Екі кімпір тыпырлап жүгіре жоғары көтерілді.

Келесі күні Ноян киоскі алдына келіп газет сатып алды. Төртінші беттің бұрышынан Бөлеутаевқа қалай көңіл айтқанын оқығысы келді. Шынында сондай хабар беріліпті. Бірақ Бөлеутаевқа емес, Белеутаева Мақпалға, сіңлісі Мамықтың қайғылы өліммен қаза тапқанына училищенің мұғалімдер коллективі көңіл айтқан. Тайшықов қатты ашуға булығып, тұла бойы қалшылдап кетті. Бұл қалай? Киген киімі, түр-түсі, дене бітімі Мақпал секілді еді. Оңбай қателескен екен. Ноян тістеніп, газетті мыжғылап лақтырып жіберді. Қателесу жақсылық нышанын білдірмейді. Бәлкім, Жәмшит Қайыров деген бүркеншік атпен жүру енді қатер шығар? Қайткенде шұғыл амал тапқан жөн. Тайшықов ойын осылай түйіндеп асыға басты.

Бұл кезде майор Серқожаев Дархан екеуі Майрамен әңгімелесіп отырған. Практикант қыз кабинетке кіргенде майор жалбақтап орнынан атып тұрып, қарсы алып орындық ұсынды. Серқожаевтың үлкен басымен бүгін елбектеп ерекше ілтифат көрсеткеніне Майра ұялып қызарып кетті. Бұрынғыдай өктем, бастыққа тән мінез білінбейді.

Серқожаев тершіп тұратын қалың бетін орамалмен сүртіп қырылдай сөйлеп кетті.

– Қазір ғана полковниктің өзі телефон соқты. Аса қауіпті қылмыскердің ізін кесіп үлкен жұмыс жасағаның үшін саған алғыс рахметін айтады. Әуелі практика мерзімін бүгін біткенін біліп алған. Екі айдың қалай зымырап өткенін байқамай қаппыз. Алдыңда әлі бір жарым айдай демалысың бар. Полковник Әкімғалиев сол уақытын қиып, бізге көмектеспей ме екен? Мұнда жұртқа Дарханның қарындасы деген атпен танылдың. Қылмыстың беті әбден ашылғанша сол аңызды жалғай тұрсақ дейді. Бұған қалай қарайсыз? – деді.

Майор сөйлегенде, Майра Дарханға нұрлы жүзбен қарап қойып отырған. Бәрі осы жігіттің айтуымен жасалғанын іші сезеді. Бүкіл аудан милициясының екі айғы әбігерлік әлек жұмысының жақсылығын мұның басына әкеп үйе салған. Шынтауайтқа келгенде мұның бәрін саралап жоспарлаған

Дарханның өзі. Майра тек орындаушы ғана. Екі айдың ішінде училищеде дәрісте айтыла бермейтін көп жайды көзімен көріп, тәлім, өнеге алды. Осының өзіне рахметін айтар еді. Ал қазір Майра қылмысты ашқан болып шыққан.

Майра екі беті дуылдаған қалпы көзін төмен салып сөйледі.

– Болмашы қолқабысты дәріптеп, шыны олай болмаса да шырқай бағалағаныңызға рахмет. Әділетке жүгінсек мұның бәрі өздеріңіз жасаған іс қой. Қалғанымыз әмір орындаушымыз, – деп сәл бөгеліңкіреп майорға тура қарады. – Маған тағы үлкен сенім көрсетіпсіздер. Қуанышпен құп алам.

– Кішіпейіл кішік болу жақсы қасиет. Бізде дәрежелі үлкен кісінің айтқанын жоққа шығару білгендікке жатпайды. Айтты, болды! Сондай тәртіп бар. Онда бүгіннен бастап қылмысты іздеу бөлімінің инспекторы деген бұйрық берем. Дарханның қарауында істейсің.

Майра орнынан атып тұрды.

– Құп болады, жолдас майор.

– Осылай тәртіпке үйренгенің дұрыс, – деді де Дарханға карап сөйледі.

– Онда Шегебайдың үйіне телефон соқ. Жаңыл үйінде ме екен? Біл. Егер қарсы болмаса бүгін Майра екеуіңнің қонаққа баратыныңды айт. Бұл істі ұзаққа созбайық.

Трубканы Шегебай алды.

– Иә, тыңдап тұрмын!

Дархан мұны күткен жоқ еді. Шегебай жұмыста деп ойлаған.

– Сәлематсыз ба? Шегебайдың ашулы үні естілді.

– Сәләмат! Өзіңе кім керек?

– Жаңыл үйде ме екен?

– Оны қайтесің? Біреудің қатынында қандай жұмыстарың бар, осы!

Осы кезде Жаңыл трубканы алды.

– Бұл кім екен? Ә, Дарханбысыз? Осыншама сарғайтып күттіргендеріңіз қалай? Машинаның дыбысы естілсе, дегбірім қалмай далаға жүгіріп шығам. Өтінем, келіңізші! Қазір келсеңіздер тіпті жақсы. Үлкен қуанышқа бөлейсіз!

Аржағынан Шегебайдың күжілдеген дауысы анық естілді.

– Әй, оның кім? Қонаққа келе ме, жоқ па? Алдымен сұрамайсың ба?

– Бұлар менің жақсы, сыйлы қонағым, – деді де Дарханға, – Сіздерді күтем, – деп трубканы іліп қойды.

Серқожаев азғана шұғыл ойланып Дарханға қарады.

– Үй, ішінде керіс жанжал боп жатса, сондай кезде бару ыңғайлы ма? – деді.

– Өзіңіз айтандай бұл істі енді кейінге қалдыра алмаймыз. Шегебайдың ұясын, ортасын білу керек. Дәл қазір біз қысылатындай дәнеңе жоқ. Жаңылдың өзі келіңдер деп қиылып сұрап отыр. Қызық, тамаша қуған жандай жетіп барамыз. Қайта осындай дау тұсында көмескі сыр ашылып калар.

– Осының Тайшықовпен кездесіп жүргенінен шошынам. Қалтаңа брауниг салып ал. Білінбейді ғой.

– Мұндайда қаруың болса, кісі қымсынып отыра алмайды. Және Майра екеуіміз бірдей жүріп несіне сескенеміз. Бізге рациясы жоқ машина тауып беріңіз.

– Өзім де соны ойлап отырмын. Інім жақында машина сатып алған еді. Номері де қадалмаған. Сонымен барып қайтыңдар.

Мұнда милиция машинасы жұртқа танымал.

– Жаңа машина болса тіпті жақсы, сұрай қалса нағашымыз сילהан дерміз, – деп Дархан күлді.

Шегебайдың үйінде шынында да жанжал боп жатқан. Жаңылдың тойға барғаны, онда өз қуанышындай түні бойы тынымсыз ән айтқаны Шегебайдың жүрегіне шаншудай қадалған. Аузына арақ тисе соны есіне алып «Мені жұрт алдында табаладың. Өз тойың болса, бір сәрі! Қайдағы қанішер қарақшының үйінде соншама шаттанып шырқағаның не? Кісі де азғана намыс, наз деген болмай ма екен?» – деп дүрсе қоя беретін. Қазір трубкадан еркектің дауысын естігенде терісіне симады. Екі езуі көпіріп сөйлеп кетті.

– Әй, әлгі баса көктеп телефон соғып жүрген кім? Мен білмейтін қайсы байың? Соны айтшы?

– Қадірлі қонағым дедім ғой. Өйтіп кері кетпеңіз. Бұрын

дөрекілігіңізді елемей келсем, енді ондайыңызды көтере алмаймын. Жетті, тойдым!

– Неге көтермейсің? Сен менің қатынымсың. Айтқанда қатты айтам, батырып айтам.

– Біз жақсы тілеу тілеген қимас жар болудан әлде қашан қалғанбыз. Екеуіміз азғындаған бұзық жолмен қосылыппыз. Бары сол ғана!

– Өйтіп оттама! Сені ұядан бездіріп, бұзып аздырып жүрген осындай қыдырымпаз желөкпелер. Қане, осы үйге аяғын аттап бассыншы, ол иттің әуселесін көрейін!

Ләтифаның дауысы естілді.

– Балам, күнде керіс-кіргілжің, бұл неғып бітпейтін дау-жанжал?

– Қайтейін, келініңіз ғой теріс кеткен, – деп шешесіне шағынды.

– Мен байқұста титтей жазық жоқ. Еркек атаулы телефон соқса елеріп елпілдеп кетеді. Маған не дейсің? Үн шығарма, өш, сын демекпісің!

– Қой, балам, келінімді өйтіп даттама. Оныға жоқпын. Жаңылым бойын аулақ салып жатырқаса, салқындаса, оған кінәлі өзіңсің, – деп Шегебайға әлде нені есіне салғандай болды. – Бүгінгі келетін қонақтар Жаңылдың ғана емес, менің де тәуір көрген кісілерім. Өнер – үлгісі өзгеше қасиетті жандар, тіпті кемеңгер дерсің. Қайдағы бір ұсақ жандармен топталып, бір-біріңді мақтап, дәріптеп арақ ішкенше осындай асылдармен табыс дер едім.

Шегебай шешесінің «оған кінәлі өзіңсің» деген сөзінен қатты сескенді. Сақал байлап, ши қалпақ киіп, түсін өзгерткенін айтып қоя ма деп қорықты. Дереу құбылып, жадыраған боп күле сөйледі.

– Немене, асылдарың арақ ішпейтін соншама бітеу ме? Қалай сілтегенін көрерміз әлі!

Жаңыл қабағын шытыңқырап, баяу үнмен: – Бір тамшы арағыңыз да, шарабыңыз да шығындалмайды. Олар әнге, жақсы әнге құмар, – деді.

– Жарқыным-ау, кісіні бекер шырылдатпай, баяғыдан бері солай демейсің бе? Өңкей ішпейтін кісімен отырсақ іш пыспай ма? Ақыры қонақ келеді екен, онда Елеместі де

шақыра қояйық. Көптен бері үйден дәм татқан жоқ. Олардан да құтылып қалайық, – деді.

Дархандар телефон соққаннан кейін бір сағаттан соң келді. Жаңыл есік алдына шығып қонақтарын тосып тұрған. Сарғыштау түсті «Жигули» машинасы өтсе, соған көз сүзіп шығарып салады. Дархан мен Майра Қаражанның үйіне сондай машинамен келген болатын. Есік алдында судай жаңа қызылкүрең «Жигули» тоқтай калғанда «Бұлар кім?» дегендей кабинаның әйнектеріне қарады. Майра мен Дарханды көріп қуанып кетті. Жүгіріп барып Майраны құшақтай алды. Бұл кезде үйден Ләтифа да шыққан еді. Қысқа амандықтан соң есік ашып қонақтарын үйге кіргізді. Үлкен үй көп бөлмелі. Әр бөлме өзінше сәнмен жиналған.

Қабырға бояуларына карай әдемі түкті кілемдер, әшекей оюлы текеметтер, сырмақтар төселген, Шайды Жаңыл өз бөлмесінің қарсысындағы үйге жасаған екен. Диван, креслолар ақсары плюшпен қапталған. Қонақтарын стол басына отырғызып жатып Жаңыл Дарханға наз өкпесін айтты.

– Әбден зарықтырып келдіңіз ғой. Бір жеті бойы қайда жүрсіздер? Қолы бос, қыдырып жүрген кісі сөйте ме екен?– деді.

– Нағашым машина алып соның қызығымен жүріп қалдық, – деді де Ләтифа мен Жаңылға кезек қарап, – Мана Шегекенмен сөйлескен сияқты едім. О кісі бір жаққа кеткен бе? – деді.

Ләтифа:

– Шегебайдың осында Елемес деген бастығы бар. Онсыз ас алса аузының дәмі кірмейді. Үйге қонақ келетінін білген соң соны шақыра қояйын деп кетіп еді. Шайдың алды-арты жоқ, оған қарамай ала беріңіздер, – Жаңылға қысқа әмір етті. – Мына балалар бізді кісі деп, үй деп кеп отыр. Осылардың қасында бол, іркілмей ән, әңгімеңді айт бұл үйдің де тамашасын танып қайтсын. Қазанға тамақ салған соң мен де келем, – деп шығып кетті.

Жаңыл қонақтарына жылы шырай көрсетіп, бұл кездесуді үлкен ән кеші жасағысы келген. Шайдан соң әр алуан ән айтылды. Біруақ қолқа сап, Дархан мен Майраға

ән айтқызады. Әуені келмей жатқан тұсына өзі қосылып, шырқап көтеріп әкетеді. Ән толастаған аз ғана саябыр, тыныста Жаңыл өткен күндерін әңгіме ғып шертеді. Хасенді ыстық сағынышпен қатты ойлай ма, егіліп, еңіреп кетеді. «Түу, қайдағы-жайдағыны қозғанпын-ау. Кешіріңіздер, ән айтайық, – деп жырлай түседі. Көп әннің сөзін өзі құраған. Сағыныш, күйініш, өкініші аралас. Аса бір мұңлы, шерлі әуенмен естіледі. Осы бір кеште Жаңыл Шегебай атын аузына алмады. Майра «ерлі-зайыптының арасында жік салғандай болмайық. Әрі жақсы ана Ләтифаның көңіліне келіп қалар, – деген оймен Жаңылдың иығына қолын салып, құшақтай қысып күле сөйледі.

– Шегекең өз ықтиярыңызбен сүйіп қосылған, іздеп тапқан жарыңыз ғой. Со кісіге арнап бір ән салыңыз, тыңдайық, – деді.

Жаңыл қара көзі ұшқын атып жалт қарады.

– Аз айтып көп сұрайсыз-ау, құрбым. Биыл сіз де жиырмаға толыпсыз. Түйдей жасты екенбіз. Сіз болсаңыз жар қызығын, жастық қызығын көрмеңіз. Ал мен бейбақ тояттамай байдан байға қашып безек қағып жүріппін. Сыр ұқпаған сырттағы сылқымға бұл таусылмастай ләззат көрінер, сор кешкеннің қылығы екенін қайдан білсін. Әрнемені қолқалап қайтесіз, одан да кел, ән шырқайық, – деп «Асыл арманды шырқап кетті. Ән біткен.

«Арманым күнде сені, арманым күнде  
сені, іздеп жүрмін».

деп қайырмасының соңғы сөзін қайталай бергенде, Шегебай мен Елемес тәлтіректей басып, есіктен құшақтаса кірді. Шегебай Жаңылды саусағымен шошайта көрсетіп:

– Әне, өстіп зарлайды да отырады. Таусылмайтын, тозбайтын не қылған арман бұл! – деді.

Елемес сатпақ сақалы селтендеп тілі күрмеліп:

– А-а-рры-ан дейсің бе? Может быть мына мені, қайнысын армандап жатқан болар. Черт повери, дәл сондай. – Шегебайдың құлағына сыбырлаған боп, «Жеңгенің бір бұты...ң – деп бейпіл сөзді әдейі естірте айтты.

Ләтифа сұрланып, оқты көзін қадап:

– Әй, Шегебай, үйде қонақ отыр. Балалардың көзінше әрнемені сөйлемендер. Ұят болады! – дегенде, Елемес қолын сермеп:

– Ой, апа, қойыңызшы. Бұлар ондайды білмейді деймісің. Сырты сыпайы демесең, қала жасының сұмдығы бізден асады. Білеміз оны! – деді.

Ләтифа қолын сілтеп шығып кетті.

Жаңыл Дарханның қабақ шытқанын байқап:

– Әлдекімнің ақымақ қылығына ашулансақ, ол өзімізді табалау емес пе? Сабыр етіңіз, өтінем, – деді.

Елемес Шегебайдың қолтығынан жұлқына босанып, таптап басып Жаңылдың қасына келді.

– Мені армандап, зарыққаның рас қой-ә? Әй, мөлдіреген көзіңнен айналып кетейін. Келші бері, үлбіреген ақша бетіңнен аймалап бір сүйейін! – деп құшағын жая ұмтылды.

Шегебай қажай түсті.

– Елеке, ер екеніңді білейін, осының арманын өлтіре өшірші. Қауқарың жеткенше қаужалап қал. Аяма. Тегі қолыңнан қақпадым! – деп қарқылдап күлді.

Жаңыл бетінен оты шығып, ұялғаннан жерге кіргендей боп отыр. Көз шарасы жасқа толып, даусы дірілдеп шықты.

– Қойыңыз, – деп Елеместің көкірегінен итерді. – Мүнәйрә естісе өкпелейді. Жардай жарыңыз тұрғанда, өзіңізге бұйырмайтын нәрсеге ұмтылып қайтесіз.

– Әй, сол кемпірді қойшы! Қайғысы басынан асып өлгелі жатыр. Жаназасын оқып келдім. Шегежан өзі рұқсат берген соң енді несіне тиылам. Жүр бері! – деп Жаңылдың білегінен шап ұстап сүйрелей бастады.

– Қойыңыз, Мүнәйраға айтам.

– Кемпірден қорықпадық. Жаназасын шығарып келгем!

Осы кезде домаланған жуан ақсары семіз әйел долдана сөйлеп, ақыра кірді.

– Әй, албасты, сен кімді өлтіріп, жаназасын шығарып жүрсін? Өлсем, сенің көзіңді құртып барып өлем!

– Мүнәйра ұмтыла кеп жағасына жармасып сілкілегенде Елеместің екі қолы ербендеп көзі бақырайып кетті.



– Әй, мына бәле қайдан келді-ей!

– Сен итке үйге барған соң бәлені көрсетем! Алдыма түс, жүр шапшаң!

Шегебай араға түсті.

– Мүнәйра, мұның не? Бүлінетіндей дәнеңе бола қойған жоқ. Жаттың көзінше Елекемнің сағын сындырма. Ашуыңды бас. Қайнағасының алдында келін деген сөйте ме екен? – деп жалына жармасты.

Майра Жаңылға иіле мойнын бұрып ақырын сыбырлады.

– Әбден берекемізді алып зықымызды шығарып еді. Тілеуің бергір, мына кемпірі кеп жақсы болды ғой. Екі мастың бірдей жынын қақты. Танисың ба, кім бұл?

– Елеместің әйелі.

– Саған келін болғаны ма? – деп Майра аузын баса сөйлеп булығып отырды да ақыры шыдамай сықылықтап қатты күліп жіберді. Жаңыл да көзінің жасын сүртіп, әдемі ашық үні ерекше сыңғырлайды.

Дархан Шегебайдың мас емес екенін анық білді. Сөзі тың, сергек шығады. Сонда мұнысы не? Жаңылды мазақтау, қатар құрбылары алдында әдейі күлкі ету үшін қасақана жасағаны ма? Жақсы жас жарын соншама табалағаны несі? Осындай доғал дәрекі жолмен үркек жанды жасытып, жасқандырып ыркына оңай көндіріп алмақ кой, сірә. Үлкендердің жырынды тәсілі!

Ләтифа шаң-шұң айқай керісті естіп ақырын басып үйге кірді де, Шетебайға аса бір кейісті кескінмен қарап сөйледі.

– Әй, өңшең нәрсіз шуылдақтар! Жақсы, зиялы қонағымның мазасын алдыңдар ғой түге! Қойындар енді! Ашындырған ашу-зілің болса ертең де күн бар. Ақ-қараң қайсы, сонан соң ажыратып, ұғысып аларсындар. Жә, жетті енді!

Ләтифаның кәрінен қаймықты ма, әлде Мүнәйраның бұрқыраған ашуы басылып қалды ма, үйдің іші жым-жырт тына қалды. Мұндай ұрыс-керісті дағдығып алған Мүнәйра ілезде дәнеңе білмейтіндей момақан бола қалды. Айна алдында түбіт шәлісін иығына түсіріп, төбел тазын жасырған жасанды шашын түзеді. Темір түйреуіштерді тықпалап, қолымен бастырып қойды. Ләтифа қайта шығып кеткенде.

«Мұның қастерлі қонақтары кім екен? Көрейінші!» дегендей әрі-бері жүріп, көп бөлмелерге сығалай қарап, Дархаи мен Майрадан басқа бөтен кісіні байқай қоймады. «Қастерлеп жүргендері мына шіркіндер ме? Кемпір де алжыған екен – деген түрмен ернін шығарды.

Майра мұны сезіп қалып көзінің астымен Дарханға қарады. Ол көрмегенсіп, үй ішінің томсарып, жаттанып қалған күйін жою үшін Жаңылдан ән айтуды өтінді.

Елемес:

– Е, әуезінді бізде тыңдалық. Қайныңа бір әнінді қимайсың ба? Көрінген қызықтап жатқан барынды бізден аяп кайтесің, – деп кекетіп қағытты.

Мүнәйра алакөзімен атып:

– Сыпылдамай тыныш отыр. Сен қайын боп жарытпассың. Жайың белгілі ғой! – деп осындайда кемсітіп, кемітіп қалатын дағдысын жасады.

Елемес алаңғасарлана күліп:

– Менің таразышым осы. Осы бәрін біледі. Әуелі шама-шарқымды өлшеп қойған, – деп Мүнәйраның таққан мінін дарытпай, күлкі жасағысы келді.

Жаңыл Дарханның қолқасын түсінді. Мына есірген ересектерді өршітіп шарпытпай, көңілін дауалап үй ішінде жайлы отырыс жасауға сұрағанын білді. «Құстар қайтып барадың әнін айтты да тиылды.

Астан кейінгі шай алдында екі-үшеу боп үйірілісіп, сырлы сыбыр әңгімеге көшті. Етті жеп болғанда Елемес Шегебайды шеткерірек шығарып алып, тісін шұқып тұрып үйдегілерге естірте сөйледі.

– Шеге, сен байқа, милицияға үстіңнен арыз түсіп жатыр. Бізден «Сол қызметкерің қалай?» деп мінездеме сұратқан екен. Қатырып тұрып жазып жібердім. Маңдай алды кісіміз жұмыс дегенде жанын салады деп көрсеттім. Қағаз қалқан болса, сені әзір құдай алмайды, – деді.

Ләтифа риза боп:

– Е, сондай берекелі сөз айтсаңдаршы. Бір-біріңе бауыр, пана боп жүргендерің жақсы, – деді.

Шегебай сұрланып үрейі ұшып кетті. Онысын сездіргісі келмей:

– Неменені бүлдіріп қойыппыз! Не жазыпты? – деді.

– Бас кетер дәнеңе жоқ. Кілем, кездемелерді, қант-шайды артық баға қосып сатып жүр дей ме, сондай бірдемелерді былжыратқан.

Шегебай көңілі орнығып, бір танауын саусағымен басып күле сөйледі.

– Елеке, көшеде су сатқандар да тиын құрап табыс табады. Біз суық-ыстық күндерде екі-үш жүз километрге қалтырап, қабынып барғанда, ең болмаса шай-пайлық, сусындық ақымызды қайтармаймыз ба? Арам қат, аштан өл дей ме бұ жұрт?

– Қазақ арызданып, бір бірін түртіп жүрмесе ішкен асы батпайды. Соны білмейтін бе ең!

Шегебай мен Елемес қазынаның нарқын бұзып үстемелеп сатқанды қылмыс деп танып тұрған жоқ. Оны мін көрмей алатын сыбағам, меншікті үлесім, олжам деп тұр. Үйдегі бөтен кісілерден де қымсынбайды. Бұл жай ерігіп жүрген, қыдырмандар секілді. Шегебай мен Елемес оңаша, оқшау барып, өздері жөн білетін, көргені көп дәрежелі кісілер секілді екеуден екеу сырласып тұрған соң Дархан бұлармен араласпады.

Дархан мен Майраның арасындағы күндізгі келісім бойынша Майра мәнсіз, жыртақ жеңіл мінез көрсеткен боп Шегебайды сөзге айналдыра тұрады. Бұл кезде Дархан Ләтифамен және Жаңылмен жеке-жеке оңаша сөйлесіп алады, Марданды өлтірген күні Шегебайдың қайда болғанын біледі. Шегебайдың қауіпті қылымыскермен жолығып, жайлауға барып жүргені милицияға үлкен күдік қалдырған еді. Осы бір көмескі жайды Дархан анықтап алғысы келген. Мұндай оңаша әңгіменің басталуына Жаңылдың өзі себепші болды. Дархан сыртқа шығып келе жатқанда ас үйдің қасындағы кішкене бөлмеде темір төсектің басына қолын асып сүйене отырған Жаңыл қасына шақырып орындық ұсынды. Ас үйге шай іздеп кірген Ләтифаға:

– Апа, бері кел, шайды кейін жасарсың. Қазір қонағыңның әңгімесін тыңдайық. Отыр, – деді де ойлы жүзбен сүзіле карап.

– Бүгін аулымыздың естияры жөн білері деп жүрген

үлкендері ішкен арақтың буына бөгіп біраз шарпып, шатасып мазалады білем. Олардың бұл өрескелдігіне кешірім сұраймын.

– Біз жай қыдырып жүрген қонақпыз. Келеміз де кетеміз. Мас кісі не демейді. Тек өз көңіліңізге кірбің алмасаңыз болды, мына апам ренжімесін. Ең үлкен сый сол, – деп Дархан ризашылық айтақанда, Жаңыл:

– Жаныңыз ашып жұбатасыз, білем. Өз аяғыммен іздеп кеп тапқан азабым ғой. Оны енді кімге айтып шағынам? Өз бақытымнан көрермін, – деп күрсінді.

– Шегебайдың қандай жазығы бар? Өзіңіз сүйіп қосылдыңыз емес пе? – деп Дархан Жаңылды күйіндірген шын сырды білгісі келді.

Ләтифа басын изеп қостады.

– Бәсе, десеңші, екеуіңді ықтиярсыз жетектеп әкеп қосқанымыз жоқ. Біреуің ойда, біреуің қырда жүріп табысқан өздерің. Бізге не қыл дейсің, шырағым.

Жаңыл азғана үнсіз тынып қалды да күрсіне екі иығынан демін алып сөйлеп кетті.

– Анамның айтқаны дұрыс. Біз ынтығып, зарығып қосылған жандар едік. Шегебаймен жас алшақтығымыз тарыққан жолаушының алты айшылық жолындай алыс, алшақ жатса да соны біле тұрып келген едім. Қырыққа тақаған кісінің құрбыларымен әзіл-оспағы жиырмадағы жігіттің қалжыңындай ойнақы, пиязы, таза болмайтынын да сезгем. Шегебайдың әйелі өзі қатарлы қырыққа тақаған сарықарын кемпір болса, Елеместей ел білетін қайнысы үздігіп кеп қолын сүйіп тұрса мұнысы кәртамыс әйелге мәз мақтаныш тәтті қызық әкелер еді. Құрдас дегеннің ойрантопыры бұданда өткен сұмдық қой. Қазақтың осы дағды, салтын біле тұрып, көніп келгем. Мен жас санағаным жоқ. Ендігі қызығым, қуанышым, бақытым Шегебаймен болсын деп құлай ынтығып келген жан едім. Сөйтсем, бұл менің ақ, пәк көңілімді мазақтап, таптап жүріпті. Өуірім басылмаған албырт қызығымды күлкі, күйкі етіпті. Соңғы жолы Хасенжан «Әй, Жаңыл, жаңылдың ғой. Жаңыласың-ау, жаным – деп қимай қатты мұңайып қалып еді. Жаңылғанымды енді білдім, – деп Жаңыл көзінің жасын сығып алды.

Ләтифа қабағын шытып күңк ете қалды.

– Сен күдер үзіп күйінетіндей ештеңе болған жоқ еді ғой. Ол не? Айтсаңшы, – деді.

Жаңыл сорғалаған көзінің жасын тия алмай, үзіп-үзіп сөйледі.

– Өзің айт деп рұқсат берген соң ашылған жараның аузын несіне жасырам, – деп орамалмен қайта-қайта сүртгіп екі көзін құрғатып алды да ширақ жігерлі үнмен, – Бір күні танертеңгісін оянып, сыртқа шығайын деп дәлізбен ақырын басып келе жатқанымда апамның кейіс дауысын естіп қалдым. Шегебаймен сөйлесіп тұр екен. Тоқтап, тыңдай қалдым. Апамның мына сөзін есіттім. «Әнеүкүні ши қалпақ киіп, сақал байлап өңінді өзгертіп жүргенің не сұмдық, не бәле? Соныңды айтшы! Кімнен бұғынып жасырынып жүрсің? Жүзіңді бүркегеніңнен шошынам, – деп түйіле сұрады. Мен Шегебай күлдіргі бірдеме айтатын шығар деп ойладым. Жүгіріп барып мойнынан құшақтай алғым келді. Шегебайдың алғашқы сөзін естігенде, төбемнен жай түскендей болды. Апам алдында ақталған сөзі мынау: Түу, қайдағыны айтады екенсің. Анау Сәния келіп кет, айтатын сөзім бар деп қиылып қоймаған соң, соған барып қайтқам. Елдің ащы тілі Жаңылға жетпесін деп бүркеншектеп жүргенім сол. Білмегің осы ғой», – дегенде төсекке қалай жүгіріп барып құлай кеткенімді білмеймін. Сол күні дала бетін көрмей ұзақ жыладым. Сіз мынау бір қызғаншақ бетбақ долы екен деп ойлап қалмаңыз. Тіпті олай емес. Лепілдеген, еркелеген ашық ақ көңілімді таптап, кірлегеніне өкінем. Бірақ бұл сырды маған өзі айтатын шығар деп өзімді жұбатып жүрдім. Сөйтсем, Шегебай ондай қадір қасиеттен жұрдай екен, – деп мұңайып барып тоқтады.

Дархан шапшаң астын-үстіне сұрақтар қойып сезіктенген жайларын анықтап алғысы келді де бұл ойынан тез айныды. Ең алдымен Шегебайдың сақал байлап Сәнияға барғаны рас па? Сәния бұл құпияны біл ме? Осыны анықтап алған жөн. Және де сондай күдікті сұрақтармен шерлі жар мен жақсы ананы дәл қазір шошытқысы келмеді. Сырлы әңгіменің желісін үзгісі келмегендей жәй сұрақ берді.

– Мұны қашан естіп жүрсіз? Қай кезде болған оқиға еді?

– Шегебайдың бетін бүркеп Сәнияға қашан барып жүргенін білмеймін. Оны апам айтсын. Ал мен бұл сұмдықты үйге өкіл кеп есін білмей астына зәрін жіберіп жатқанда естігем.

– Қандай өкіл? Облыстан келген бе? – деді. Дархан таңғалып:

– Атын білмеймін. Фамилиясы Бөлеутаев деді ғой деймін. Өзі дәрігер көрінеді.

Дархан қолымен иегін сүйеп үнсіз тынып, ойланып қалған Ләтифаға:

– Апа, Жаңылдың көңілі ашылып, жай тапсын. Шегебайдың сол күлдіргі қылығын басынан айтыңызшы, – деп тілек етті.

– Күлдіргі дейсің-ау, балам. Күлдіргі болмай бүлдіргі, күйдіргі боп кете ме деп шошынам..Мұны жан пендеге ашпайтын, шашпайтын сырғып сақтап келіп ем. Ақыры әйгіленген соң шын сырына жетейік, – деп оқиғаның күн сағаттарын тізбектеп айтып берді. Шегебай Мардан өлген күні үйіне ши қалпақ киіп, жалған сақал байлап келген. Бұрын ол аудандық театрда біраз уақыт артист боп ойнаған. Онысынан түк өнбеген соң сатушылық қызметке ауысып кетсе керек. Сақал, қалпақ, мұрт, сол театрдан қалған жұрнақ секілді.

Дархан сағатына қарады.

– Апа, ұзақ отырып мазаладық білем. Енді қайтуға рұқсат етіңіз, – деді.

– Қой, шай ішіп кетіндер. Самаурын қайнап тұр. Шәйнекке шай салып демдеп жіберейін, – деп қозғалақтап көтеріле берді.

Бөлмеде Дархан мен Жаңыл оңаша қалды.

– Мен Шегебай ортасына, оның сыбайлас, жолдас серіктерінің істеген ісіне, ниет-пиғылдарына өте қайран қаламын, – деп Жаңыл орнынан тұрып қолын кеудесіне қусырып бөлме ішінде әрлі-берлі жүрді. – Біз жайлауда, тіпті жапан далада жалғыз үй отырғанда да артық мал ұстасак, тәуір көрпе жастық тіксек оны қонаққа сақтайтын едік. Көктемнің соғым еті таусылған үй ішінің қызылға тапшы шағында шаңыраққа ілінген үлпершектегі етті

көріп «үйге қашан кісі келер екен, ет асылса екен» – деп тілейтінсің. Жұрт ішсе екен, жұрт кісе екен, солар риза болса екен деуші ек. Ал Шегебай ортасында елден алсам екен, ондырмай опырып жесем екен, өзгеден сыбағам артық болса екен деген қомағайлық, тағылық, қасқырлық бар. Құмырсқа қанша пайда жасағанмен көрінген таптайды. Адам пендесі сол. Тірі болсаң ірі бол деген пәлсапаны айтады. Осы жолда қарсы келе қалсаң сені таптап, жаншып, өшіріп құртып жіберуден тайынбайды. Тіпті анасын да аямас. Былай карасаң білімді, қызметі салмақты кісілер сияқты. Анау Бөлеутаевты, Елемесі мына Шегебайы кімнен кем. Ал істеген ісін көрсең жаның шошиды. Әлгінде Шегебай мен Елеместің есерлігін көріп, мас кісі не демейді деп мені жұбатпақ болдыңыз. Шыны ма? Жоқ. Масаңсып мені мазақтамақ, қорламақ, жастығыма, адалдығыма күлмек. Мүнәйра келгенде екеуі судай басылды. Жалынып, жалбарынып асты-үстіне түсті. Кемпірге соншама бас ұрғаны несі дерсің? Оның жоғары жақта істейтін бауыры бар. Соған жеткізіп қоя ма, қызметтен тайдырып жібере ме деп қорқады. Мен кім оларға? Нәпсісін тия алмай жүрген жылы ұясынан безген жоқтаушысы жоқ арзан азғынмын! – деп үні дірілдеп барып тоқтады. Көз ұшына іркілген жасты сүртіп, – осымен әңгімеден тыылайық. Артық айтсам, кешіріңіз. Сырымды ашып айтсам да ашынып айттым. Шерім тарқап жеңілденіп қалғандаймын. Жанашыр жақынындай шын пейілмен тыңдағаныңызға рахмет! – деді.

Осы кезде Шегебай мен Майра түпкі үйден шыға келген. Шегебай Жаңылдың соңғы сөзін естіп қалып:

– Өй, жанашыр жақыным деп қапсың ғой. Ұнап қапты ғой мына жігіт. Немене, қойныңа ал, арманыңды басам, өшірем, қомағайлығыңды тиям деді ме? – деп аңқаусып күлді.

Ләтифа қатты ашумен айқайлап жіберді.

– Әй, Шегебай, әйел жынысы екен деп өйтіп қорлама. Жаңылыма тіл тигізбе! Сенің көгермей жүргенің де осы ұятсыз қарабет қылығың! – деді.

Шегебай мойнын қыжыртып жүре берді. – Өй, қойшы. Немене, кісіні қатынымен әзілдетпейсің бе? – деп қикарлана бұрылып кетті. Дархан: .

– Майражан, енді қайталық. Көп отырып қалдық. Кешіккен соң әпкем ұрсып жүрер, – деді. Бұл «күдігіміз дәл келді. Шегебайдың қылмысқа қатысы бар деген. Майраға айтқан шартты белгі еді.

Майра Жаңылды қатты құшақтап сүйді де:

– Апаң екеуіңе көп рахмет. Мұңайма, берік бол, – деді. Жаңыл мен Ләтифа Дархандарды шығарып салып тұрған. Машина көп ұзамай көше ортасына тоқтады. Дабырласып сөйлеген, күлген дауыстар естілді.

Ләтифа мойнын созып:

– Жаңыл, не білдің, қызым? Мыналар тоқтады ғой. Осы балалар тегін жүрген жоқ-ау! – деді.

### **ОН БІРІНШІ ТАРАУ**

Ләтифаның айтқаны дұрыс еді. Үйден ұзап шыға бергенде біреу көшенің қақ ортасында қол көтеріп машинаны тоқтатты. Мол жарық бетіне жетпей белуарына дейін түсті де оның кім екенін анық білмеген Дархан тақау келгенде барып таныды. Қаражан екен. Қаражанның ойда жоқта кездесе қалғаны Дархандарды қатты қуантты. Дархан артқы кабинаның ішкі тиегін көтеріп есікті ашып жатып:

– Бұл жақта неғып жүрсің? Бұл машинада біздің отырғанымызды қайдан білдің? – деп көңілдене сұрады.

Қаражан күле жауап қатты.

– Қазір колхоздың жүк машинасын айдап жүрмін. Шоферлер жаңа машинаға әуес қой. Мана күндіз ауданнан келе жатқанымда анадайдан номер тағылмаған судай «Жигулиді» көріп «Бұл машина кімдікі болды екен?» деп үңіле қарасам, өздерің отырсыңдар. Жаңылдың үйіне қонаққа бара жатқандарыңды білдім.

– Шапшаң машинаға отыр. Жол бойы сөйлесерміз. Біз сендерге бара жатыр едік. Өзіңнің кездескенің жақсы болды.

– Сендерді көргенде Сәния қуанғаннан жарыла жаздайтын шығар, – деп Қаражан шаттана күлді де, – мені осы жаққа қуған Сәния ғой. Мана сендерді көргенімді, Елеместің Шегебаймен кетіп бара жатқанын айтқанымда Сәния қол-аяғымды



жерге тигізбеді. «Анау екі есерсоқ Жаңыл байқұстың зықысын шығарып, қонақтардың алдында масқаралайды. Дереву Елеместің үйіне телефон соқ. Жанашыр тілектес адам боп Мүнәйраға «Елекең Шегебайдың үйінде. Сонда келіншекпен отыр десең өзі жетеді. Тез бар, – деп тағат таптырмады. Дәл, солай боп шықты. Мүнәйраға телефон соққаным сол-ақ екен. Елемес пен Шегебайдың соңынан іле-шала-ақ жетті. Маған сендер шықпайынша сол маңда бол, алыс кетпе деп тапсырған соң жүргенім ғой. Ешкімнің тіліне ермей еркін жүрген ерке басым, бір сәтте күйім торға түскен күйкентайдай боп қапты. Сүмірейіп жүре берем. Енді қайтейін, сарғайып көрген сағынышым ғой. Тілін алмайтын мен байқұста дәрмен жоқ, – деп рахаттана күліп отыр.

– Бізді күзеткеніңе жол болсын. Соныңды айтшы, – деп Дархан таңданғандай боп еді. Қаражан:

– Оны Сәнияның өзінен сұра. Мен пақырға сөйлеуге мұрша берді ме? «Барда бардың» астына алды. Дайын шайымды ішкізбеді, – деп наздана мұңын шақты.

Дархан кейінірек мәнісін сұрағанда, Сәния:

– Шегебай түсініксіз, жұмбағы көп, қиын адам. Ашық, айқын көрініп тұрған жауыздығы жоқ. Сырты сыпайы, көңілінде дық жоқ, аңқылдақ жан секілді. Бірақ, сұмдық кекшіл, біреуге өші кетсе көгеріп, қалшылдап, қашан оңдырмай есесін алғанша тынбайды. Оны мұқатқанда жаны жай тауып, өзінен өзі ысқырып, әндете бастайды. Оның тағы мынадай оқшау әдеті бар. Ол еш уақытта мас болмайды. Ал әлгі мастан әрмен. Үйге келген кісіні құлата есінен тандыра ішкізіп, ұйықтаған кезде қалталарын тінтеді, – дегенде Дархан сөзін бөлді:

– Қалтасын тінтеді. Не іздейді? Ақшасын, затын ала ма? – деп таңырқады.

– Не іздейтінін білмеймін. Ақшасын алғанын, не затын ұрлағанын көрген емес. Бір жолы қонып қалған милиционердің нағанын алып оғын санап отырғанын көрдім.

– Мынауысі кісі таңғаларлықтай сұмдық екен.

– Оның сондай оғаш мінездерін білгеннен соң маңайында жүрсе сес көрсете ме деп Қаражанды жібергенім ғой, – деп оның иығына қолын салып, еркелей қисайды. Екінші

қолымен Қаражанның тырсылдаған жейдесінің омырау түймелерін ағытты.

Сәния мен Қаражан түнделетіп келген қонақтарын ашық пейілмен қарсы алды. Жас еттен жасалған ыстық мәнтіні жеп болған соң Қаражан:

– Бұл үйге шұғыл жұмыспен келгендеріңді көріп отырмын. Сұрақ-әңгімеңді айта бер. Өзімізден басқа ешкім жоқ, – деді.

– Сәниямен жеке сөйлесетін сөзіміз бар еді, – деп Дархан Шегебайдың осы үйге оңашада келгенін ашық сұраса, Қаражанның көңіліне келе ме деп жеке әңгімелеспек еді. Сәния:

– Менің Қаражаннан жасыратын сырым жоқ. Жік туғызатындай бөлектеп қайтесіз. Әңгіме Шегебаймен екеуіміз жайында екенін білем. Шар тарапқа той жасап, есік көрген әйел алдым деп намыстанбаған Қаражан өткен әңгімеге өкпелейді дейсіз бе? Айта беріңіз, – деді.

Әйтсе де Дархан абайлап сұрады.

– Соңғы жолы Шегебай осы үйге келді дедіңіз бе, қалай?

– Үш мәрте келген. Қаражан біледі.

– Онда тіпті жақсы, – деп Дархан алға ентелей түсті. Саусағын көтере азғана ойланып, – Шегебай келгенде ши қалпақ киіп, жалған сақал байлап, түрін өзгертіп жүретін бе еді? Осындай күйде қашан, қай уақытта көрдіңіз?

Сәния шошып кетті.

– Жоқ-ә! Өзі солай дей ме? Дархан зілді үнмен:

– Көрдіңіз бе, жоқ па? – Соны айтыңыз, – деді.

– Бет-аузын бүркеп жасырынғанын көрген де, естіген де емеспін. Бұл үйге өйтіп өзгеріп келмеді.

– Бұрын бірге тұрған кезіңізде ши қалпақ, жасанды сақал сияқты заттарын байқамадыңыз ба?

– Жоқ.

– Театрдан қалған киім-кешектерін Шегебай қайда қоюшы еді?

– Көнетоз барқыт шапанын ғана білетінмін. Машинасын жөндегенде «үстім былғанбасын деп киіп алатын. Басқа дүниесін көрген емеспін.

– Қара сандықта не бар еді?

– Апамның қыз кезінде жасауымен келген қара сандық кілеттің бұрышында қақырап жататын. Көзіне ыстық көрініп, тастауға қимайтын. Соны ашып қарамаппын.

Дархан жотасын креслоға тірей шегіне отырды. Жайдарлы шыраймен:

– Онда менің сұрағым бітті, – деп күлді. Сәния:

– Түу, қатал, зәрлі ме едіңіз? – деп жіпсіген алақанымен сипалады.

– Өзіңізден осы жайларды дәл анықтап білгім кеп еді. Рахмет, ал сұрақ-сөзім өрескелдеу шықса кешірім сұраймын. Тәжірибем аздығы ғой, түзермін деп Дархан сыпайлықпен басын иді.

Сәния жас жігіттің шыншыл ашық жүзіне тамашалай карап.

– Сіз сүйген қыздың бақыты бар-ау, – деп көз қиығын. Майраға тастады.

– Күні-түні үй көрмей безіп жүрген жігітті қандай қыз сүйеді? Сондықтан маған қыздардың қарамай жүргені де сол – деп Дархан ойланғандай бұрышқа сүзіле қарады. Әлде нәрсеге құлақ түргендей. Осы үйге қарай машина келе жатқан сияқты. Қаражан киім ілгіште ілулі тұрған плащын жамыла сыртқа шықты да қайта оралды.

– Адасып жүрген біреулер ме деймін. Үйді танымаған соң кетті білем. Дәл есіктің алдынан өтті, – деді.

Бұдан соң Дархан өздері оңаша қалып Қаражанмен бірталай әңгімелесті. Осы жігіттің алғыр, ұтықты ойларын қатты ұнатқан еді. Ресторанда әңгіме үстінде «Сен бұрын арақ татпайтын ба едің?» – деп сұрғанда, Қаражан «Сол қайғылы оқиғадан кейін аузыма алмаймын. Жиренем деп қалған болатын Дархан соның мәнісін сұрады.

Қаражан кеудесін кере кең тыныс алып, ойлана отырып сөйледі.

– Бұл өзі кісінің кеудесін шерге толтыратын мұңлы оқиға. Барлық қырсық арақтан басталды. Соның кесірінен сотты болдым, әкемнен айрылдым. Мынау бір маскүнем, араққор біреу болған екен деп ойлап қалмаңыз. Ішімдікке о баста әуестігім жоқ еді. Арақ пен шараптың дәмін екінші курста оқып жүргенде таттым. Онда да салынып ішпейтінмін. Ал

жолдастарыммен кездесіп қалғанда, той-топыр кезінде тәуір-ақ сілтейтінмін. Күн жексенбі еді. Бұл қасіретті күнді ешқашан ұмытпаймын. Үш жігіт боп ресторанға бардық. Шымкенттік жолдасым Нөсербек үйінен ақша алған екен. Соны жумақ болдық. Отырдық. Іштік. Мәз-майрам боп көңілдене шықтық. Орталық көшенің бойымен жоғары өрлеп келе жатқанда көп қатарлы әдемі үйдің бірінде сәнді киінген дәрежелі, салмақты кісілер сыртқа, балконға шығып темекі тартып, екі-үшеу, төрт-бесеу боп топтасып, ақырын сыпайы әңгіме кұрысып тұрғанын көрдік. Бізде салмақтана қастарына барып, сөйлескен кісідей елеусіз қосылып кеттік. Сөйтсек қыздың үйіне құда түсуге келген кісілер екен. Келесі үзілістен кейін тайып тұрдық.

«Бұлар кім?» – қайдан жүрген адамдар?» деген жан болмады. Екі жағы бір-бірінің кісісі деп ойласа керек. Және құда-құдағилар қызметі үлкен дәрежелі кісілер болғандықтан ондай сұрақ беруді мін көрген секілді. Былай шыққанда қарасам, екі жолдасымның басында әдемі кара құндыз құлақшын киіп алыпты. «Әй, дендерің сау ма? Мынаны қайдан алдыңдар?» – десем, Нөсербек пен Сарықұл ыржақ-ыржақ етеді. Құлақшынды ұрлап алып шыққанын білдім. «Құлақшынын дереу апарып беріңдер ұят болады, – десем, ана екеуі «Әй, адалсынбай қойшы! Бізді таппайды!» деп көнбейді. Көшенің қақ ортасында керісіп ұрысып қалдық. Милиция келіп қалып үшеумізді де ұстап алып кәтті. Жолда келе жатып құлақшынды ұрлағанды айтпайық деп келістік. «Кейін иесіне қайтарып береміз. Милиция ішінде басымызға бәле тілеп қайтеміз. Қарап жүріп от басында күйіп кетерміз деп Нөсербек жалынған соң шындықты жасырдық. Ертеңіне милиция кеп үшеуіміздің бас-аяғымызға қарап шықты. Қолымызды артқа қайырып белімізге сап тұрғанбыз. Капитан қараған кезде Нөсербек қорқып кетті білем, құлақшынын маған ұстата салды. Ал мен жерге тастай салмадым. Оқыс қимылды байқап қалған капитан «Қолдарыңдағы не? Әкел бері!» – деп, құндыз құлақшындарды қасына алып, сілкіп, әрі-бері қарады. Біздікі емес екендігін бірден білді. Өйткені тым әдемі еді, әрі сырт кимімізге сәйкес келмейді. Сол жерде тергеу басталды.

«Ұрладың деуге дәлелі жоқ, тезірек шығарып жіберетін шығар, – деп ойладық. Сөйтсек өтірік, жалған айтамыз деп қылмысты жамай түсіппіз. Нөсербектің әкесі Шымкенттен жедел ұшып келіп, астын-үстін көп адаммен сөйлесіп жүріп баласын үш күннің ішінде босатып алды. Ал Сарықұлдың апасы өзі сияқты шикісары екен. «Кісіні ұстамастан бұрын алдымен фамилиясына қарау керек. Ал сендер үйге телефон соғуды білмейсіңдер. Біз екі көзіміз төрт боп, баланың қайда екенін білмей аласұрып отырмыз. Сендер, осы жұмыс-жасауды қашан үйренесіңдер!» деп милицияның шаңын шығарып, кінәраттап Сарықұлды машинаға сап алып кетті. Жалғыз мен қалдым. Нөсербек кетіп бара жатып өтініш айтты: «Сен құлақшынды мен алды деп бекер лағыма. Одан маған келіп-кетер зиян жоқ. Тек әкемнің бетіне шіркей түсе ме деп сескенем. Облысқа беделді кісі. Орталыққа үлкен қызметке ауысқалы жүр? Қойшының таяғын ешкім тартып алмайды. Қайда барса да бағатыны баяғы бір қой. Ал саған көп болса бір жыл берер.

Шартты мерзімге кессін деп әкеме айтам. Шындыққа жетем деп шатассаң онда бізден көмек күтпе! О баста осыларды шығарған өзіңсің ғой. Сау бол, ақжүрек азамат!» – деп мұрнын тыржита күліп шығып бара жатты.

– Олардың көмегіңсіз-ақ сот сені ақтап шығарып жіберетін еді ғой, – деді Дархан Нөсербайдың қылығына қынжылған түрмен.

– Сот ақтауын ақтады. Бірақ бұл жерде өзім кінәлімін.

– Қалай?

– Милицияның үш тәулігі өткеннен кейін істің тергеуге берілгенін білдім. Мені айыпты деп таныды. Тергеуші қырыққа тақап қалған қайрақтай қара қатпа қазақ екен. Дауысын көтермейді, шаршаған, қажыған қалыппен ақырын сөйлейді.

Ақиқат, шындық түбіне жетуден гөрі менің кінәні мойындауымды ұнатады. Оның сөзіне қарағанда мен көп адамға, оның ішінде өзім секілді жастардың бақытына қырсық жасап жүрген сұмырай секілдендім. Үй ішінде, ең жақын кісілер шақырылғанда үлкен құдалардың бас киімінің жоғалуын жақсы ырым деп танымапты. «Бұлардың зиялысы

мынадай болса, ұрысы қандай!» деп күйеу жағы қатты шамданыпты. Қыз жағының адалдығына шүбә келтіріпті. Мұның өзі қалыңдыққа қатты соққы боп тиген. Сонан соң бір жас келіншектің үйінен күйеуі алып берген тоны жоғалыпты. Күйеуі қала сыртында қыдырып жүргенде ағаш басына іліп қойғанда ұрлатқансың деп күдік алатын секілді. Мені өзіме тағылған айыпты оңай мойындай қоймасам, сол жас жұбайлардың өміріне жік салатын сияқтымын. Өмірі жасамаған кәсібімді мойындап, қалай қарақшы болдым дейін. Тергеуші айыбынды мойында, жаза жеңілденеді деп үгіттейді. Әр жолы жауап алғанда сөз осымен бітеді. Соңғы жолы шақыртқанда Гладков деген жауап алды. Ол маған тағылған кінәні тізбектеп шықты. Мойындайсың ба дей бергенде ашуға булыққан сорлы басым «Жоқ! Жоқ!» деп тас шаммен періп жібердім. Екеумізді екі жаққа қарай алып кетті. Гладковтың басы жарылған. Қан атқылап жатыр. Есінен танып қалған сияқты.

Осындай шытырман шақта әкем келді. Сот болды. Зал лық толы кісі. Көбі бірге оқыған студенттер. Әкем де отыр. Сотқа жәбір көруші ретінде Гладков шақырылды. Басы ақ дәкімен таңулы. Ауруханадан жаңадан шыққан беті екен. Сот алдын көргенім сол еді. Мұнда бәрі әділет таразысына тартылады екен. Құлақшын жайында кінәлайтындай дәнеңе айтылмады. Оны бірер сұрақтармен анықтады да қойды. Тағылған айып қызмет бабындағы адамға қол көтергенім болды. Шабуыл жасаған сойқандық іс деп қарайды екен. Жәбір көруші Гладковқа сөз берілді. Ол сөзін судья мен халық заседательдеріне арнады. Біз де заң барын айта келіп, сол заңнан, әділеттен аумайық дейді. Мен бетім шыдамай төмен қараймын. Асау, сотқар, бұзақы деп айып тағар, ауыр жаза тілер деп отырмын. Залдағыларда солай күткен секілді. «Қазір совет жастары ерекше жақсы ортада өскен өршіл, өжет жандар. Оларға шындықты ашық айтқан жөн. Совет жасы өзінің бүкіл табиғатымен ескі әдет-былықтың бәріне қарсы, оның қандай көрінісіне болса да төзе алмайды. Қаражан Егеубаев сондай адал жастарымыздың бірің – дегенде бүкіл зал гүілдеп кетті. Қостаған дауыстар бар. Әкем айқайлап жатыр:

– Айналайын орысынан! Ұлысымның ұлы сенен әділет

таппасам қазақтың шылығы мен былығы көгертпейді! Жасай бер, қамқорым, орысым!

Судья қоңырауын қағып тыныштыққа шақырды. Гладков сөзін жалғады. «Сөз жоқ, қызмет бабын орындап жүрген адамға қол көтеру үлкен қылмыс. Оған кешірім болмауға тиіс. Бірақ Егеубаевты тергеу үстінде советтің әділ заңы бұрмаланған. Құрметті судья осыны ескерсін. Азамат Егеубаевтың ісі ұсақ бұзақылық, тентектік қаралып, жазаның жеңілдетілуін өтінем, дегенде мақұлдаған қалың үн шықты. Әкем дән риза.

Кәп жаса, Ұлы халқымның ұлы!

Сот үкіміне мен риза болғанмен әкем наразалық көрсетті. Әрқилы орынға шағым арыздар берді. Біз шындық, әділет деген сөзді көп айтамыз. Бірақ сол шындықты әркімде өзінше танып ұғады білем. Мәселен, мен қылмыс жасадым. Сот жастығымды, бұрын қылмысқа тартылмағанымды ескеріп жазаны азайтты. Статъядан статъяны қуып келіп ақыры ең төменгі жылын берді. Ал әкеме бұл әділетсіздік секілді. «О баста сен жазықсыз болатынсың. Сені ұстау бекер. Тергеуге түспесең мұндай қылмысқа бармас едің. Сенің орнына анау қылмыс жасаған ұрылар отырсын – дейді. Әкемнің ұғымынша шындық, әділет деген осы. Ал Нәсербек пен Сарықұлдың туғандары мүлде басқаша ойлайды. «Егеубаев ересек, жөн көрсетудің орнына жас балаларды, байқайсыз ба, жиырмадағыны жас бала дейді, топтап араққа, ұрлыққа үйретіп жүр. Далада өскенін, тәлім көрмегендігін жасайды. Қаланың сыпайы, әдепті баласын бұзатын осындай аз білім алған қайдағы бір алаяқтар десіп, өз айтқандарын жұртқа қуаттауға тырысады. Бұлар үшін шындық, әділет, міне, осы ғана! Басқаша болуы мүмкін емес. Мен тұтқын орнында жазаны өтеп жүргенде әкем күйікке шыдай алмай дүние салыпты. Арақтың тигізген қырсық азабы осы, – деп Қаражан күрсініп барып тоқтады.

Қаражанның сөзін бөлмей ықласпен тыңдаған Дархан:

– Шындық, әділет дегенді әркім өз ыңғайына бұрып соным жөн десе, онда ақиқат түбіне жете алмаймыз. Сондықтан барлық жұртқа ортақ заң бар, тәртіп бар. Соған жүгінеміз. Сот тек заңға ғана бағынады дейтініміз де сол, – деді.

– Әй, қайдам, Сарықұлдың сары апасы сол заң, тәртібіңнен жоғары тұр ма деп қалдым. Заң сақтайтындардың өздері бас шұлғып, майысып, қипақтап кетті ғой.

– Бізде үлкен-кішілігіне қарамай барлық жұмыс қастерлі құрметті. Кейбіреу сол отырған орнын жеке басының пайдасына жаратып, басқаның мүддесін ойлағысы келмейді. Әрине, оны білгендік, көргендік деп айту қиын. Ондай адам алысқа бармайды.

– Солайы солай ғой, бірақ талайды сорлатып өшіріп құртып кетеді ғой.

Үлкен бөлмелердің бірінен Сәния мен Майра шықты. Ақырын сыбырласып, күлісіп кеп Дархандардың қарсысындағы диванға отырды. Сәния екі жігітке сыпайы әзіл айтты.

– Бізді жоқтап, елегізіп қалды ма десек, тегі терең сырлы әңгімеге кірісіпсіздер. Жаксы лебізді, рұқсат болса, біз де тыңдалық, – деді.

– Сәнияш-ай, менде қайбір қызық сыр бар дейсің. Айтып жатқаным баяғы өткен күннің күйдіргі күйініші де, – деп Қаражан шапшаң тұрып терезеден үңіле көше жаққа қарады да, – осы бір машина манадан бері осақтап шарлап жүр. Таныс үйін таба алмаған-ау, – деді.

Дархан шай үстінде жүруге асыққан кісідей сағатына карағыштай берген. Қазір асығатын түрі жоқ. Тым жайбарақат отыр. Осыны байқаған Сәния:

– Дархан, сізге сұрақ қойсам ренжімейсіз бе? Құпиясы болса айтпаңыз. Өкпелемеймін, – деді.

– Сұраңыз.

– Өткен жолы мына Қаражан Ақжолтайдың бір түннің ішінде көзі бітеліп, басы жұмырланып соқыр боп қалғанын айтты ғой. Содан бері кейде берекем кетіп, ұйқы көрмей шошынып шығам. Белгісіз күш аузы-мұрнымды басып тұншықтырып жатқандай болады. Сол үрей іштегі балаға әсер ете ме деген қауіп бар. Қаражан жұбатқысы келеді. Сол сұмдықтың қалай болғанын айта алмайды. Бала кезімде әжемнің кара суды теріс ағызған молданы көзімізбен көрдік дегенін естіген едім. Әлгі «Артистің» кісіні хайуанға айналдырып жіберетін дуасы бар ма әлде ол бейшараны пері соқты ма? – деді.



- Мұнда ешқандай сиқырлы сыр жоқ.
- Сонда кісінің басы көзсіз қалай жұмырланып қалған?
- Желіммен желімдеген ғой.
- Қойыңызшы, әзілдемей шынды айтыңызшы. Дархан күле отырып жауап қатты.

Атам ертектің кісі болатын. Баяғыда кәззап қарақшы бопты. Оның кәсібі тілін алмаған, еркіне көнбеген қыз-келіншектердің сақина, жүзік, білезік сияқты силы заттарын ұрлап алып суық жүрісті, жеңіл мінезді ғып жұртқа масқаралап таратады екен. Әлгі қарақшының Қарлығаш деген қызға көңілі кетіпті.

Қыз көп жыл бойы атақты ғұламалардан дәріс алған оқымысты болса керек. Қарақшы жұқалап сөз салғанда қыз жауап беруге ерініпті. Қарлығаш күніге мөлдір бұлақ басына барып таза суға жуынып шайынып қайтады екен. Әлгі қарақшы қыздың соңына түсіп андып жүреді. Қарлығаш алтын жүзік, сақиналарын биік қаратастың үстіне қойған жерінде ұмытқан боп кетіп қалады. Қарақшы қуанып кетіп ұрлана басып келіп алтын жүзіктерді алмақ боп қолын соза бергенде алақаны қара тасқа жабысып қалады. Екінші қолымен тіреп алақанын ажыратпақ болғанда о да жабысып қалады. Аттандаған дауыстан бүкіл ел жиналады. Қара тасқа жабысып қалған қарақшыны көріп бәрі таңғалысады. Қара тастан ажыратудың емі қандай дегенде Қарлығаш «Қарақшы ғайбаттаған қыз-келіншектер кеп мұның бетіне түкірсе және қарақшы әр жолы олардан кешірім сұрап тұрса, сонда қара тастан ажырайдың, депті. Қарақшының қолы босап, тек бір-ақ алақаны қапты. Және сүйегімен тасқа қатты жабысқан да, күн санап білегіне қарай жансызданып, тұла бойы инедей шаншып, семіп бара жатады. Қарақшы ғайбаттаған қыз-келіншектердің бәрі келгенде, арасында жас қалыңдық болмапты. Ол елге жайған қарақшының өсек сөзіне шыдай алмай жартастан құлап суға кетіп өліпті. «Сол жас қалыңдық кеп бетіне түкірсе, қара тастан босанасың», – деп Қарлығаш кетіп қалыпты. Сөйтіп, қыз-келіншектің арнамысын қорлаған қарақшы осылай ит өліммен өліпті деп атам ертегісін бітіретін. Қарақшы қара тасқа қалай жабысып жүр деп сұрағанымда атам «Е, сондай сиқырлы желім

болған ғой. Оқымыстылар тапқан ғой», – деп қоятын. Бала кездегі арман қызық қой. «Сондай сиқырлы желімім болса деп қиялдап жүргенде, оқымыстылар оны баяғыда тауып та қойыпты, – деді.

– Кісінің денесін білдірмей жабыстырып тастай ма? Сондай желім бары рас па?

– Өзін кім жасаған? Қалай қолданады, – деп Сәния мен Қаражан таңғала сұрасты.

– Сиқырлы желімді «Циакрин» деп атайды, оның көп тамаша қасиеттері бар, – деп «Циакриннің» ерекшеліктерін айтып берді. Онымен әйнекті темірді, бетонды, былғарыны желімдейді. Ал медицинадағы орны мүлде бөлек. Өкпе, сүйектің сызық тамырлары секілді инемен тігуге келмейтін адам ағзаларына операция жасағанда сол желіммен жалғап, ірітпей, тұтас қалпында желімдеп қояды. Көздің нәзік тканьдарына операция жасағанда да осы желім таптырмайтын көмекші екен. «Циакриннің» тағы бір қасиеті ауруды асқындыратын түрлі бактерияларға өлердей өш, оны денеге таратпай жойып тастайды. Сонымен бірге, «Циакарин» өте қатерлі. Байқап қолданбаса, көп зиян тигізеді. Магазиндерде сатылмайтыны содан. Ал оны «Артистің» қайдан алғаны белгісіз, – деді Дархан.

– Түу, соншама мол пайдасы бар заттан соншама қорыққанымды айтсаңшы, – деп Сәния қызара түсіп қысылғаннан күліп жіберді.

Майра Дарханның мұншама уақыт жайбарақат отырысына таңғалды. Жаңылдың үйінен шыққанда, «Шегебайдың Сәнияға сақал байлап, жасырынып келген-келмегенін білеміз де қайтамыз» деген-ді. Сағатына қарады. Екіден асқан.

Дархан орнынан шапшаң тұрып:

– Енді біз қайтайық. Сый-құрметтеріңізге рахмет, – деді.

Алда шұғыл жұмыстар күтіп тұрған. Қауіпті қылмыскермен байланысты деп танылған Шегебай Бөлеутаевты қайдан біледі? Қашаннан бері таныс? Әлде кездейсоқ кездескен бе? Бұларды байланыстырып жүрген кім? Облыс қызметкерлерінің мұндай шикілігі шыққан соң енді оның Қызылжардағы басқа серіктерін дереу анықтаған жөн. Қонақ үйден аттанғанда, онымен машина ішінде бір қыз бен сақал-

шашы әппақ кісі отырды деген еді. Олар кім? Қайда істейді? Кәсібі қандай? Лейтенант Кругловқа шалдың жүріс-тұрысы ширақ, пысық, жылтым көрінген. Оның күдіктеніп қонақ үйдің кезекші әкімшісінен сұрап жүргені де сол. Бәлкім Шегебай сияқты кейде түр-түсін өзгертетін адам шығар...

Ертеңіне Дархан өзінің «Бірлік» колхозына барған сапарын майор Серқожаевқа айтып шыққанда, ол тершіген қалың бетін сүртіп қарлыққан үнмен.

– Бөлеутаевтың қасындағы серіктерін анықтау қиын емес. Лейтенант Круглов келсін. Сонан соң бәрін сұрап аламыз, – деді.

– Лейтенант қайда кетіп еді?

– Жас жігітке ақыл кірді, – деп Серқожаев күлді.

– Үйленгелі жатыр. Қалыңдығын алып келуге Алматыға кетті. Былтыр демалыс үйінде танысыпты. Мұндай қуанышты құптамай қалай ұстап тұрасың. Жібердім. Келесі жетінің аяғында келеді. Егер шұғыл десең, қазір облысқа телефон соғайық. Николай Николаевичтің өзі Бөлеутаевпен сөйлессін. Облысқа белгілі кісі, беделді маман. Білгенін милициядан жасыра қоймас деймін.

– Бұл да дұрыс екен.

Майор қалааралық телефон станциясынан облысты тез жалғастыруды өтінді де, трубкуны қойып жатып:

– Шегебай сендерді Қаражанның үйіне дейін арттарыңнан қуа барды. Сезіктенген секілді, – деді.

– Үйге кіріп жайласа бергенде машинаның дауысы естілді. Қаражан сыртқа шығып келіп «Адасып жүр білем, дәл есік алдынан қайтты» – дегенде Шегебай шығар деп ойлап ем. Және бізді аңдып тосатынын да сездім. Жуықта кете қоймайтын, ерігіп жүрген кісідей жайбарақат асықпай отыра бердік.

– Шегебай үлкен жолдың қиылысында, қалың ағаштың тасасында бірталай уақыт тұрып, сендер шыға қоймаған соң үйіне кетті.

– Сіз со жаққа барып па едіңіз?

– Қаладан келген жолаушыға ұқсап, «Бірлік» колхозының маңын таксимен біраз шарлап қайттық. Учасковой Дворкин бастаған Бәкір, Иван сияқты жасақшылар көше күзетіп,

Шегебай үйінің тұсын бақылауға алды. Үйіне келген қонақтың қалтасын тінтіп, наған оғын санап отырған кісіден рахым күту қиын ғой. Шынын айтсам, өзім тәуір-ақ сескендім. Және үйден шыға салып ауданға төтелеп кетіп, күдік туғызбасын деп, жолға Қаражанды қойып ек. Оның өзі де сендерді шыдамсыздана күтіп жүр екен.

– Сіздерді біраз әуреге салған екенбіз.

– Бұл жүріс-тұрысымыз бекер кетпеген секілді. Көп жайды білдік. Шегебай торға түскен балықтай аласұрды. Себебін кейін ұстаған кезде айтар. Бұл біздің күдігіміз дәлелді екенін көрсетті.

– Өзіміз де Қаражанның үйіне бара жатқанбыз. Сәниямен жүзбе-жүз сөйлесіп аса бір маңызды бір жағдайды анықтамақ едік. Марданды өлтірген күні Шегебай жасанды сақал байлап, ши қалпақ киіп, түрін өзгертіп жүріпті.

– Түр-түсін өзгертіп дейсің бе? Қалай білдіңдер? Кім айтты? – деп Серкожаев шыдамсыздана ыршып тұрды.

– Әңгіме Жаңылдың Шегебайға өкпесінен шықты. Мұнан соң бұл оқиғаны Ләтифа жалғастырды, – деп үш әйелмен кезек сөйлескен сөздерін майорға түгел жеткізді.

Серкожаев екі шынтағын тіреп креслоға жайғасып отырды. Азырақ шұғыл ойға кетті.

– Марданды өлтірген қылмыскер алыстағы біреу емес, өз жақыны, жақсы танысы деп ең. Шегебай қылмыскермен байланыс жасап жүр десең көкейге қонады. Жасап жүрген қылығы сондайға бейім тұр. Ал өзінің туған бауырын өлтірді деуге аузың бармайды. Екеуі бір кісінің баласы, немере ағайын, Ақберді әріден қосылады. Әлгінде сен Бөлеутаевтың серіктерін сұрағанда, соларға күдігің бар ма деп ойлап қап ем. Мынау, шынында мен ойламаған жай, оқыс жаңалық, – деді.

– Екеуі туыс, бауыр деген соң бұл күдікті күмілжіп айтпай отырғаным сол еді. Ағайын арасына жік салмайын деп едім.

– Мардан қазасында Шегебай боздағанда жұрттың сай сүйегін сырқыратты, көзіне жас алмаған жан қалмады, деген әңгіме бар. «Асқар таудай тірегім, қорғаным едің! Мен тамыры құраған бұтақсыз ағаш. Соны білдірмей, сездірмей, тегіміз, қапымыз, жүрегіміз бір. Осында жүгіріп жүрген бок

мұрын жалаңаш қарындар сенің балаң, атам Құрман ұрпағы демеуші ең! Енді мені өйтіп кім жұбатады? Құдай сені алғанша, сол төте ажал есімі жоқ, өлімі маған неге келмеді. Мені жалмаса еді ғой!» деп қатты күйреген.

Дархан қостады.

– Екеуі жақсы силасқан ағайын екен.

– Осы ауданда, осы Көктас қаласында он жылдан аса уақыт қызмет істеп келем. Жұрттың көбін танымын бұл екеуінің арасында дық барын естіген емеспін. Кім біледі, малдың аласы сыртында, адамның аласы ішінде дейді. Біз білмейтін алапесі бар шығар?

– Солай болуы да мүмкін.

Телефон шылдырлады. Станция облысты қосыпты. Телефонда подполковник Хохлов екен. Дархан өз бастығына «Бірлікке» барған соңғы жаңалығын қысқаша баяндап шықты.

Подполковник қатты таңғалды.

– Шегебайдың үйіне келген қонақтардың қалтасын тінте-тіні сұмдық екен. Оның барлық қылығы жасанды сақал байлап бүркеніп жасырынғаны, сендерді машинамен қуып, өкшелеп аңдып жүргені маған ұнамайды. Оның қанай адам екенін әлі білмейміз. Өтінем, барынша сақ бол, – деді Дархан Көктастан машинаға бірге отырып кеткен Белеутаевтың серіктерінің кім екенін сұрап, біліп беруді өтінгенде, Хохлов өкінішпен жауап қатты.

– Білсең, Белеутаевқа өзімнің де қолым жетпей отыр. Осында балдызын жерлей салысымен Алматыға кетіпті. Шұғыл шақыртса керек. Себебін білмеймін. Келесі жетінің аяғында келеді дейді. Шыда, бауырым.

– Кімнен сұрасаңда бір жеті дейді. Лейтенант Круглов та бір жетіден кейін келеді. Осылай жетінің өткенін күтіп отырамыз ба?

– Енді не істемексің?

– Майор екеуіміз Бөлеутаев кеткен күні қонақ үйде кезекші болған әкімшіні іздеп тапсақ деймін. Бәлкім, ол бірдеме білер.

– Іс сәтті болсын!

Бір жеті дезымырап өтешіқты. Өткен жеті Ноян Тайшықов

үшін де оңай болған жоқ. Геология экспедициясының қайтар мезгілі жақындады. Сыр ашылмай тұрғанда бір қаракет жасау керек. Тайшықов Венераны араға салып оның көмегін тағы да пайдалануды ойлады.

Венера бүгін таң ертеңгі сменада істейтін. Оны Тайшықов шаштараздың қасындағы автобус аялдамасында күтті. Телефонмен сөйлескенде, солай келіскен болатын. Басын төмен салып, шүкшия газетке қадалып отырған Тайшықовтың иығын алақанымен басып:

– Халың жақсы ма, шал? – деп ашық жүзбен күле қарады. Көрмегелі көп болды. Қалай тұрып жатырсың? Экспедицияға кеткен топтарың қайтты ма? Ноян Көктастан Бөлеутаев алып келгелі бері Венераны көрген жоқ еді. Сарғыштау ақшыл бетінің қызылы көбейіп, шырайланып, денесі де балбырап тола түскен. Соңғы үлгімен жарқырап кйінбегенімен, үстіндегі көйлегі, плащы бойына шақтап әдемі тігілген. Етігі де жаңа. Сұрақты үстін-үстіне қойғанына қарап қыздың сөйлескісі кеп тұрғанын білді. Қолтықтай ұстап былай оңашарақ шығып:

– Көптен көрмегендіктен бе, әлде шыны солай ма, тым әрленіп кетіпсің. Қызығып қарай бергің келеді. Мынадай қызды көргенде жігіттің сұлтаны есінен танып аяғына оралып құлап түсер – деп сұрақтарын елеусіз қалдырып аздап мақтаншағы бар Венераны дәріптей жөнелді.

– Қошемет сөзіңе рахмет. Әйел гүл сияқты. Бағбаны келіссе неге құлпырмасын. Күтушісіне кезіккенмін де, – деп Венера ерке түрмен секіре жүрді. Сәл озыңқырап барып, бұрала түсіп тоқтай қалады. Жайлап басқан Ноянға қолын созады. Бөлеутаев Алматыға кеткелі бері ешкіммен сөйлеспей елегізіп, көңілі оңазып қалған еді. Ноян телефон соққанда бұл кездесуге қуанып кетті. Жақсы таныстың халін білу қызық қой...

Ноян Венераның саусағынан қыса ұстап:

– Қаланың шетінде, өзен бойында жаңадан ашылған ресторан бар. Оның ерекшелігі кабиналарын барқыт шымылдықпен бөліп тастапты. Жұмыстан шаршап шықтық. Сонда барып дем алып отырайық, – деді.

– Аға шебердің бүгін туған күні еді. Әлгінде дастархан

жасап, бәрімізді шақырды... Қарсы болмасаң, осылай таза ауада жүрейік.

– Әдемі қызға қарсы келе алмайтынымды білесің, – деді де аз ойланып, – Әбіл Бөлеутаевич қалада ма? Өзінің халі қалай? – деді.

– Өте жақсы, – деп Венера басбармағын керсетті. – Білесің бе, оған құда түсіп жатыр.

– Құда түскені қалай? Түсінбедім.

– Қызметі өспек. Алматыға шақырды.

Ноян бір қолымен Венераның бөлінен құшақтап, екінші қолымен саусақтарын қысып тұрып сүйді.

– Шын жүректен құттықтаймын. Бақытты бол, менің қарлығашым. Ол қортықты сүйреп жүрген сенің ырысың, сенің жарқырап атқан жарық жұлдызың ғой. Әйтпесе, баяғыдан бері неғып көрмей жүр оны?

– Құттықтау сөзіңе рахмет, – деді Венера күлімдей түсіп. – Сен оны қортық деп кемітпе, ол өзі былай жаман кісі емес. Алматыға кететін күні өзен жағасына барып ұзақ отырдық. Әбілде «Алысқа қанат қағып ұшқалы тұрғаным сенің күдіретің, сенің лебің. Бақыт әкелген періштем дейді. Екеуіңнің сөзің бір жерден шықты. Тегі еркектердің әйелдерді мақтағанда сәздері бір-біріне ұқсайтыны несі? Әлде алдағанда солай сөйлей ме?

– Сені алдағанда маған келетін пайда қайсы? Шын ыхлас пейілімді, жүрек жарған қуанышымды білдірдім. Оған ақы тілемеймін.

– Кешір, тіл ұшына келген соң айтып қалдым, – деп Венера шашын сілкіп саусағымен басып желкесіне қайырды да. – Сен білесің бе, Әбілдің анау балпиган сәміз қатыны осындай қуанышты шат шақта екі көзінен сорасы ағып, тас-талқан боп бүлінеді де қалады. Соның мерекенің қарсаңында немесе жолдастардың үйіне қонаққа барғанда жыламай қалған күнін көргем жоқ дейді Әбіл. Кейде киімшең көрпеге тас бүркеніп жатып алады екен. Ертеңгісін жылаған көзі домбығып, дым көрмегендей ұялмай сөйлейтін көрінеді. Алматыға қызметке шақыртқанын айтқан екен «менің етігім жоқ, биыл қыста тағы бәтіңкемен шығатын болдым – деп, жатып жылап тұлайды.

– Неге?

– Білмеймін. Әбілді құттықтаған, қошеметтеген түрі сол бір-екі мәрте сыртынан көріп қалдым. Әбілдің өзі айтқан соң, аяқ киім магазиніне келетінін біліп, жағалап барып едім. Бөксесі тегенедей, алды-арты тұтасып жатқан дөңкиген жуан әйел екен. Балтыр дегенің жонылмаған келсаптай епетейсіз үлкен. Оған етік түгіл пиманың кең қонышы шақ келмейтін шығар. Оның қасында Әбіл сыпайы жас жігіттей. «Мұның той мен мерекені былай қойғанда өзінің туған күнін жыламай қарсы алған емес» деген Әбілдің сөзі есіме түсіп, өзіне әдейілеп тұрып қарап алдым. Байқұстың жылайтындай жөні бар екен. Жұрт өзін елемеген соң долданбағанда қайтеді. Және қарап отырмай, Әбілді аудитын көрінеді. Жалағай отырған әдемі келіншектердің біреуі қарап қоймады ма екен деп мысықша андиды екен. Әйелдер сыбырласып күле қалса, өзін мазақтап отырғандай сезіктенетін секілді. Үйге келген соң «анау келіншек неге күледі? Саған қарай беретіні қалай? Таныс па ең? – деп қажайды білем. Мұндай пасық, бық-сық әйел өзге түгіл өз күйеуінің өскенін көре алмайды. Күйеуінің дәрежесі өссе өзі айдалада қалатындай шошиды, тастап кете ме деп қамығады. Әбілдің семіз қатыны Мақпалды көргенде түйгенім сол, – деді.

Тайшықов күлді.

– Сені түсінем. Өшіккенін өшіре, тұқырта даттайтын күндестің әдеті де. Әбілдің әйелін мен де көргенмін. Сен айтқандай онша тұрпайылау емес, былай топ-толық келген тәуір әйел. Әуелі сымбатты дер едім.

Венера қолын сермеді.

– Шал кісіге жас әйелдің бәрі қыздай көрінеді!

– Таласпаймын, бәлкім солай шығар.

Венера сөзін жалғай түсті.

– Күндес болған соң даттайды дейсің. Оны күндеп қайтем. Өз сыбағам түгел, сол да маған қанағат. Артық тілемеймін. Ал анау семіз қатын Әбілді арзан, пасық айламен матап, уысында ұстағысы келеді. Мен берген азынаулақ ақшаның бір тиының қоймай қалтасынан сыпырып алатын көрінеді. Ақшасыз еркек мүгедек, ешқайда бара алмайды, қыдырып кете алмайды дейді білем. Еркек те, әйел де қыдырғысы келсе



ақшасыз-ақ амал табады. Соны ұқпайтынына таңғалам.

Тайшықов:

– Әбіл сүймеген екен. Онда ол әйелге несіне үйленген? Тіпті байланып қалған дәнеңе жоқ, ажырасып кете бермей ме? – деді.

– Әбілдің сөзінен аңғарғаным, қызметтегі кісілер семьясын тастап, араздасып, шатасып жатқанды жөн көрмейтін секілді. Сүймесе де іштен тынып жүре береді білем. Өздерінше мұны әдептілік, кісілік, салмақтылық деп таниды. Ал осы жалған сыпайлық тасасында қаншама азап, қорлық, күйініш, үнсіз өкініш, жылау жатыр десеңші. Бақытсыз сорлының күйін оның өзінен басқа кісі түсінбейді. Алматыға жүрер алдында Әбілмен өзен жағасында сайрандадық дедім ғой. Байқауымша, Әбіл бұл әйелге кездейсоқ үйленген. Мақпалды қыз кезінде біреу зорлаған ба, қалай? Қазіргі бала да сол зорлықшының ұрпағы секілді. Шат көңілде шарап ішіп отырып, көп сөздерін жөнді ұға алмадым. Әйтеуір, осыған ұқсас бірдемелерді айтты.

– Мақпалдың баласы сонау зорлаған, сотталған кісіден қалған ұрпақ па?

– Мен солай ұқтым.

Тайшықов толқып, көзінен жалғыз тамшы жас ытқып кетті. Рауан, кеше ғана мектепте көрген бұйра бас әдемі бүлдіршін, мұның ұлы екен! Тағдыр мұны аяпты. Артында із, ұрпақ қалған. Избасары бар еркектің арманы жоқ. Өттең, аяғына тұсау сап, жолын ерте қиды ғой! Әйтпесе, бұ да жайлы семья құрған, дәрежелі қызмет атқарған бақытты көп адамдардың бірі боп шалқыр еді. Айыбы не еді. Соншама жас өмірін жаншып табалайтындай, қудалайтындай үлкен қылмыс па екен бұл! Оған әйелдің несі кетті. Қазір қағанағы қарық, сағанағы сарық, үлде мен бүлдеге оранып отыр. Ал Ноян айдаладағы көк қасқырдай жортып жүр. Бір күнгі тірлік үшін қаншама айла, әрекет жасауы керек. Тағдыр мұны аяп ұрпақ беріпті. Ал адам аямаған. Бұл да аянбай алыстап өтеді, өшін алып өледі. Қалған ғұмыры кек жолына құрбан!..

Венера басын бұрып көз қиығын тастады.

– Немене ойланып қалдың? Әбілдің семіз қатынына жаның ашып келе ме?

Тайшықов қатты серпіліп:

– Біреудің ақымақ қатынын қайтем, өз күйімді, күйінішімді жөндеп алсам жарайды, – деп әңгімені келген жұмысының ыңғайына қарай бұрды.

– Ертең сендер әсем астанаға, қызығы көп думанды қалаға аттанасыңдар. Бұл шексіз бақыт қой. Өзіңе бар жақсылықты тілеймін, – Венераның білегін қолтығына қыса түсті.

Венера шашын сілкіп:

– Рахмет, – деді.

Тайшықов:

– Сен осы қалада тұрғанда қасымда таянышым, тірегім бардай көңіліме тоқ санаушы ем. Зеріккен, қамыққан кезде осылай жолығысып тұрудың өзі қандай ғанибет. Жасырып қайтем, кейде сені уысымнан шығарып алғаным өкінем. Ақылым кеш кірді. Енді оған амал жоқ.

– Арзанға түсетін, жылтырға қызыққан жеңілтек неме дедің.

Білем!

– Тосын кезіккен, оңай ыңғайға көнген әйел жөнінде еркектің не ойлайтыны белгілі. Оны сұрап қайтесің, – деп күрсінгендей болды.

– Мен қазіргі күйімді ойлаймын. Ертең сен кетсең не істеймін? Соны айтшы?

Венера мүсіркеп кетті.

– Сен мейірбан, дархан адамсың. Қасымда болсын, қалдырмайын десем де қолымнан келмейді.

– Бәрі сенің қолыңда. Оған бір ауыз сөз айтсаң жарайды ғой. Бостандыққа шыға келем, қалаған уақытыңда қасыңнан табылам.

– Жұмбағыңнан дым да ұқпай тұрмын. Бостандыққа шыққаны қалай? Кімге не айтуым керек? Жөндеп түсіндірсеңші!

Ноян Венераның қолын қолтығына қыса түсіп, басын қыздың иығына қисайта ақырын сөйледі.

– Жұмыс жат емес маған, қорықпаймын. Қайта қиынға кезіксем қызыға түсем. Бірақ ұстама ауру мені әбден қажытты. Иен далада, айқай-шусыз жерде еркінмен еркін кезіп жүргенге не жетсін. Ал мен осы аурудың қырсығынан экспедициядан қалып қалам. Серіктерім жағдайымды көріп

«жүре ғой» дей қоймайды. Осы жұмыстан бір жола кетсем деймін.

Венера таңданып:

– Қалай? Жұмыс істегің келмей ме? – дәді.

– Жұмыс істеймін, – деп Ноян ойын жалғады.

– Сенің көмегің керек боп тұр. Әбіл Бөлеутаевич тіліңді алады айтқаныңнан шықпайды.

– Әбілге не деуім керек?

– Ол ВТЭК председателі көрінеді. Сөзі, беделі өтеді. Мені мүгедек қатарына жатқызып берсін.

Венера аузын басып, шиқылдап күлді.

– Кәдімгідей шын айтып тұрсың ба?

– Мұндай істе әзілдемейді.

Венера оның түнеріп, булығып қалғанын байқап байсалды үнмен:

– Буынсыз жерге пышақ ұрма. Дәрігерлер соқыр деймісің. Қаншама айла жасағаныңмен, сенен мүгедектік мін таппайды. Сақал-шашыңды бояғаның болмаса, соқталдай жігітсің. Ондай қылжақты қой. Әбілдің басы екеу емес, енді ғана бас-аяғын құрап, көтеріліп келе жатқанда аяғына тұсау сала алмаймын, – деді.

Тайшықов Венерадан мұндай сөз күтпеген. Аңқау санап жүрген қыз мұның барлық құпия сырын біліп алған. Әрі сонысын білдірмей жүріпті. Әдетте, Тайшықов сыры ашылып, әшкереленген сәтте ойланбастан қару жұмсайтын. Қазірде қанжарға қолын жүгіртіп оқталып барып тоқтап қалды. Әлі де күдерін үзбей осал жағын қазбалап, қармаққа түсірмек болды.

– Әбіл Белеутаевичке сондай қиын тиген екен ғой, – деді жаны ашығансып.

– Екі әйелді бірдей ұстау, қалаған кезде олардың көңілінен шығу, әрі асырау көрінген еркектің қолынан келмейді. Сондай тамаша адамды қайдағы бір мүгедектің ісіне сүйреп қор етпеймін. Сен мүсіркейтін мұқтаж жан емессің. Қалтаңда ақшаң көп. Жұмыс істемесең де күн көресің қиналмайсың, – деді.

– Әңгіме ақшада ма екен? Сен ұқпадың. Мына әрі-сәрі өмір қажытып бітті. Не сау, не ауру емессің, қиналған соң

өзіңе тілек еткенім ғой, – деп аз-кем ойға кетті. Әлден уақытта Венераның бетіне тура қарап.

– Сенің Әбілмен біржола бақытты болуына көмектесейін. Анау семіз қатын бөгеттей берсе, оны жай ғана өшіріп тастайық. Жақсылыққа орай сен де маған көмектесетін бол, – деді.

– Өшіргені қалай?

– Ақша бар жерде дос та, ағайын да көп. Сотқар, сойқан да ақшаны төңіректейді. Осылардың бірін іске қосамыз. Сонан соң Әбілге өзің иесің. Ортақ егізің болғанша, оңаша болсын да!

Венера Ноянның қолтығынан қолын тартып алды.

– Оны өлтірмексіндер ме?

– Құдай сақтасын, біреудің сасық қанын мойнымызға жүктеп қайтеміз. Өйтсең қор боласың. Атылмасаң да ұзақ өмір түрме босағасында өтеді. Мұның беті аулақ! Әйткенмен бір жақсы тәсіл бар...

– Тоқтат! Өшір үніңді! Тыңдамаймын. Қандай қорқынышты жауыз адамсың! Кет, шапшаң!

Тайшықов қатты сескенді. Көшеде әрі-бері өтіп жатқан адамдар бар. Өне бір бала жетектеген әйел тоқтай қалды. Баласының омырау түймесін салып, киімін түзеген боп құлақ түреді. Тайшықов тістене кіжінді.

Ақымақ, айқайлама! Саған жаным ашып, көмектесейін деп ем. Қаламасаң, мейлі. Сонша бақырғаның не!?

– Жоғал! Тыңдамаймын сөзіңді! Сендей сұмырайды көргім келмейді!

– Көргің келмейді дейсің? Жақсы айттың. Ойымдағыны тілеп тұрсың-ау! Солай жасаймыз. Сау бол, арманшыл бикешім!

Тайшықовтың осы бір сәттегі түрі кісі шошырлық еді. Шүңірек қара көзі түйіліп, түбі ұшқын атып, өңі қатты сұрланып бұзылған. Венера тілалғыш, жуас, момын шалдың мұндай жыртқыш ұсқынын көрген емес-ті. Сескенгендей бетін алақанымен басып қайта ашты. «Момын шалың жерге кіргендей ғайып боп кеткен. Қайда жоғалғанын білмей қалды. Тайшықов сол минутта мұның тағдырын шештім деп кетті.

## ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Дархан мен Майра өткен жетіні бос өткізбеді. Бөлеутаев Көктасқа өкіл боп келіп дәл қайтатын күні қонақ үйде кімнің кезекте тұрғанын іздестірді. Орта жастағы, денесі ашамайлау келген арық әйел екен. Ол сол күнгі оқиғаны есіне түсірді. Облыстан келген кісіге әуестене қарайтыннан ба, сол күнгі көріністі есіне сақтапты. Бөлеутаев кешке қарай асығыс келіп машинасына отырып кеткен. Онымен бірге кабинаға бір жас қыз бен қартаңдау кісі отырыпты. Бұл адамдармен өкілдің қайда, қалай танысып жүргенін білмейді. Дархан кезекші әкімшіге Тайшықовтың суретін көрсетіп, Бөлеутаевтың қасындағы кісіге ұқсай ма дегенде, ол мүлде басқаша сипаттады. Сақал-шашы аппақ, орта бойлы кісі. Шашы селдір емес, қою. Қимылы ширақ, сәнді киінген. Әуелі өкілдің чемоданын алып шығуға болысқан. Көзінде қара әйнегі бар. Машыққан мамандар болмаса, жәй кісі бет-түрдегі жасанды өзгерістерді ажырата бермейді. Бала кезден сурет салуға құмар Майра училищеде ол өнерін әбден жетілдіре түскен еді. Тайшықовтың суретіне қарай отырып соған ұқсас шалдың суретін жасағанда кезекші әкімші жағасын ұстады.

– Тап соның өзі. Айнымаған. Оны сіз де көріп пе едіңіз? Мұрнының үсті дөңес, осындай құсмұрын, – деп Майраға таңдана қарады.

Ақбас шал кескініне түсіп бүркеніп жүрген Тайшықов екені мәлім болды. Дархан дереу облысқа, өзінің бастығы Хохловқа телефон соқты. Көктастағы бұл маңызды жаңалықты айтқанда, подполковник сәл дағдарып қалды. Әлден соң:

– Аса қауіпті қылмыскерді қасына ертіп жүрген. Бұ не бәле, қайда барсаң да Бөлеутаев! – деді.

Трубкадан Дарханның дауысы естілді.

– Николай Николаевич, Бөлеутаевтың тағы басқа байланыстары ашылды ма?

Хохлов әлі де толық білгісі кеп:

– Сол екені анық па? Әбден анықтап білдіңдер ме? – деді.

– Жолдас подполковник, күмән келтірмеңіз. Лейтенант Круглов та таныды. Самолеттің сағат бірдегі рейсімен суретін жіберем. Сол екеніне көзіңіз жетеді.

– Ұшқыштан өзім барып алам. Ал әлгі білгіш неме со кезде сезіктенген болса неге тексермеді?

– Лейтенант өз күдігін бастығына айтқан болатын. Тегі облыстан келген өкілдің пысы басты ма, мән берілмей елеусіз қалды. Және сондай беделді, салмақты кісі қауіпті қылмыскермен бірге жүреді деп кім ойлаған?

– Сен ешқайда кетіп қалма. Менің телефон соққанымды күт. Қазір бұл жаңалықты полковникке барып баяндаймын. Ахмет Әкімғалиевичтің қандай шешім қабылдағанын, сонан соң айтам.

Дарханның Көктастан берген хабары ойға келмеген оқыс жаңалық еді. Тайшықов сақал-шашын бояп, түсін өзгертіп жүреді деп күтілмеген. Әдетте мұндай қылмыскерлердің көбі доғал, ойсыз, ноқай келеді. Ертеңгі күннің азап-михнатын терең бағдарламайды. Тайшықовтың мынадай амалы оның қылмыс әлемінде «Артист деген бүркеншік атпен бекер жүрмегенін байқатады. Хохловтың сөзін бөлмей үнсіз тыңдаған полковник Әкімғалиев ойлана отырып сөйледі.

– Әжептәуір қызметкер Бөлеутаевтың мұндай қылмыскермен шатылып жүргеніне таңқалам. Тайшықовты қайдан таниды? Онымен қалай байланыс жасап жүр? Осында астарлы сыр жатқан секілді. Оқиға әйелмен байланысты ма деймін. Әйткенмен анықтаған жөн. Адал адамға кір келтірмеу, көлеңке түсірмеу үшін ең алдымен оның өзімен ашық сөйлесіңіз. Не айтар екен. Білейік. Ол Алматыдан оралды ма? Білдіңіз бе? – деді.

– Ол бүгін қызметке шығады деп еді. Таңертеңнен бері телефон соғып ала алмадым. Үйінде де жоқ боп шықты. Алматыдан әлі қайтқан жоқ дейді. Бөлеутаев маған басқа мәселе бойыншада сөйлесу үшін өте керек еді, – деп Хохлов полковниктің өткен жолы берген тапсырмасын қалай орындағанын баяндады. Шынында да қыз Тайшықов сотталған соң көп ұзамай тұрмысқа шығады да, фамилиясын күйеуінің атына көшіреді. Студенттерді облысқа бөлген кезде

оған Қызылордаға жолдама береді. Кейін жұбайы оқып жүр деген сылтаумен еркін дипломмен Алматыда қалдырылады.

Хохлов полковникке қарай еңкейе түсіп:

– Ол қыз біздің облыстан кеп бір-ақ шықты, – деді.

– Кім екен ол?

– Бөлеутаевтың келіншегі Мақпал боп шықты.

– Тағы да Бөлеутаев, – деп полковник орнынан тұрды.

Стол үстінде қатталып жатқан газеттерді шұғыл ақтарып.

– Бұдан бір жеті бұрын Бөлеутаевтың балдызының қайтыс болғанын білесіз бе? – деді.

Есімде бар, жолдас полковник. Балдызы Мамық ваннада жатқан жерінде жүрегінің соқпасы ұстап суға тұншығып өліпті деп естігем. Бөлеутаевпен осы жайында да сөйлесейін деп ем.

Полковник Әкімғалиев қабағын шытып шапшаң сөйлеп кетті.

– Аса қауіпті қылмыскермен байланысып жүрген Шегебайдың үйіне барып ес-түссіз мас боп жату, сонан соң сол Тайшықовтың өзін облыс пен аудан аралығындағы ұзақ жолда қыдырту, Мамықтың өлімі – бәрі бір кісінің айналасында, соны төңіректегені мені қайран қалдырады. Бөлеутаев осы қалада болса дереу іздеп, табыңыз. Бәлкім, ол таныстарының үйінде қыдырып жүрген шығар. Сұрап, біліңіз. Бізге, Николай Николаевич, әр минут қымбат. Тайшықовтың ұсақ, пасық, кекшіл жан екені сіз бен бізге мәлім. Бөлеутаевты тезірек тауып жағдайды анықтасақ, қанды оқиғаның алдын кесуіміз мүмкін. Бөлеутаев семьясының қауіпсіз болуына қам жасаған жөн, – деді.

– Мақпалдың осы қалада тұратынын анықтағаннан кейін ондай шаралар қолданылды, жолдас полковник.

Мақпалды соқталдай жігіттердің сырттай қорғаштап, төңірегіне күдіктене қарап жүргенін Тайшықов та байқап қалған болатын. Ол Венераға жолығар алдында Мақпалдың үйін екі-үш күн бойы торыды. Пышақ сілтер жерге жақын келе ме деп күтті. Мақпал сіңлісінің кенет қайтыс болғанына сезік алды ма, әлде оған біреу ескертті ме, үйінен ұзап шықпады. Ауруханадан келгеннен соң жұмысқа да бармады. Рауанмен сөйлесіп, шешесінің жағдайын білмек боп тұрды

да, ол ойынан тез айныды. Мектепке барарда және қайтқанда плащ киген жұқалаң жігіт ілесіп жүргендей көрінді. Мақпалдан өшін қайтара алмайтынына анық көзі жетті. Іші күйді.

– Ажалсыз өлмейді деген осы да. Бағың бар қатын екенсің. Келер жолы Ноян қалт кетпейді. Әзірге жүре тұр! – деп өкіне кетті.

Тайшықов бұл жағдайды шапшаң ой елегінен өткізді. Милиция Мақпалды тауып, оның айналасына кісі қойса, мұның кек алмай тынбайтынын білген. Және осы қалада екенін сезіп, ізін кескен. Бірақ оның сақал-шашын бояп, өнін езгертіп жасырынып жүргенін тірі пенде байқамаса керек. Тек Венера ғана біледі. Қазіргі қауіпті куә сол шаштараз әйел. Ол көп сыр шаша алады. Біраз күн қызықты дәурен кешіп, сыйластығы бұзылмаған әйел сондай ашық опасыздыққа бара қоя ма?

Әйткенмен оның өзімен сөйлесіп, Бөлеутаевқа жұмсап, сынамақ болды. Егер мүгедекке жатқыза қалса, кейінгі қысылшаң күндердің бірінде мүгедектер үйіне паналай тұрам ба деген ойы да бар еді. Мұнда да Тайшықовтың жолы болмады. Әуелі Венера жұрт алдында әшкерелей жаздады. Соңғы кезде жасаған ісі әмсе қисық кетіп жүр. Бұл қалай? Қолға түсу, жойылу нышаны ма? Жоқ, Ноян оңай берілмейді, қарысып, қарсыласып бағады...

Тайшықов таңертеңнен бері шаштараз маңынан аңдыды. Венераның жұмыстан шығуын күтті. Азанда оны біреу «Запорожецпен әкеп тастаған еді. Қазір мүгедектер мінетін сол машина күтіп тұр. Тайшықов Венераның шығатынын сезді. Бөлеутаев моторды от алдырды. Шынында да Венера есіктен шыға салып машинаға қарай жүгірді. Кабинаны ашып отырған сәтте «Запорожец» жылжып, жорғалап жүре берді.

Тайшықов шапшаң қол көтеріп көлденең машинаны тоқтатты.

– Бауырым, бір жолға ағаңа қызмет көрсете қой. Өтінем, сенен, – деп шофердің тартыншақтағанына қарамастан он сомдықты қолына ұстата салды.

– Қайда бармақшы едің?



– Анау «Зопорожекті» көрдің бе? соның соңынан ілесіп отырсаң болғаны.

– Олар кім?

– Кім дерің бар ма, бауырым.

Шофер күлді.

– Ол қатын көзіне шөп салып жүр екен ғой. Ол екеуін қазір тап бастырмай ұстайық, – деп жүрісін үдете түсті.

Тайшықов шофердің қолын алақанымен басып:

– Асықпа, соңынан елеусіз ғана ілесіп отыр. Солар тоқтаған жерде түсіп қалам, – деді.

«Запорожец» көп ұзамады. Қаланың шетіндегі қалың тоғайдың ішіне қарай бұрылып, соның арасына барып тоқтады. Өздеріне бұрыннан таныс орын секілді, Матрас төсеп жіберіп үстіне газет жайды. Иықтарын түйістіріп отыра қалысты. Сумкадан арақ-шарап, кесек-кесек ет-шұжық алып, ішуге кірісті. Бір-бірінің иығына қолдарын асып, жабыса құшақтасып стакандарын сыңғырлата соғыстырады. Әлден соң Бөлеутаевтың дауысы естілді. Венераны аймалай сүйіп:

– Екі-үш күннен кейін осындағы жұмыстарды аяқтап Алматыға жүрем. Осы жолы сені қалдырмаймын. Алып кетем. Ондағы жолдастармен келісіп қойдым. «Жетісу» қонақ үйінің қасындағы шаштаразда жұмыс істейсің. Үйге пәтер алған соң көшіріп алам деймін де. Алматы үлкен қала, үй алу оңай емес. Қашан пәтер алғанша Мақпал осында баласымен апам үшеуі тұра береді де, – деп күлді.

– Менің ақылдым, асылым, – деп Венера Әбілді құшақтай құлады. Әпсәтте екеуі апыр-топыр жұмарланып жабыса қалды. «Ақырын асықпашы» деген Венераның жалынышты сыбыры шалынды.

Тайшықов осының бәрін естіп, көріп жатқан. Бұлар тоғай ішінде жалғыз емес. Әр тұстан күбірлесіп сөйлескен, сыңғырлап күлген ризалық тәтті үндер естіледі. Күн жиекке тақалды. Тоғай іші қарауытып, көлеңкеленіп барады. Венера Әбілдің баурына тығылып көлденеңдеп жатып алды. Тұлғасы анық толық көрінбейді. Әлден уақытта нәрсіз құр ойыннан жалыққандай, «Түу кісіні бекер емексітетінің-ай!» деп орнынан атып тұрды. Түймесін салып, бойын шапшаң түзеді. Тайшықов қара пышақтың ұшын қысып тұрып жүрек

тұсын көздеп қатты сілтеп қалды. Сол сәтте Әбіл қызды құшақтай алды да, екеуінің ауырсынған дауысы қосарлана шықты. Тайшықов ағаш тасасынан үңіле қарады. Пышак жерге түспеген. Шалқалап құлап бара жатқан Венераның көкірегінде қадаулы қалпы қалған.

Тайшықов асықпай басып автобус аялдамасына қарай аяндай берді.

Қалалық милицияның кезекшісі Хохловқа телефон соқты.

– Жолдас подполковник, іздеген адамыңыз табылды. Бөлеутаев сіз біреу пышақтап кеткен жас қызды ауруханаға алып келген. Қызға, шұғыл операция жасалып жатқан көрінеді. Жағдайы ауыр дейді. Әйелдің аты-жөні бәймәлім.

Бөлеутаев оны білмейді. Кеудесіне пышак қадалып, ес-түссіз жатқан жерінде алып келсе керек. Маған кезекші дәрігер солай хабарлады.

– Жаңалығыңа рахмет, жолдас капитан. Ауруханаға «қазір келер» деп айтыңыз, – деді де ішкі телефонның трубкасын көтеріп, – жолдас полковник қазір ғана қалалық бөлімшенің кезекшісі телефон соқты. Бөлеутаев біреу пышақтаған ауыр жаралы әйелді ауруханаға әкепті – деп естіген жаңалығын баяндап шықты.

Әкімғалиевтің қысқа әмірі естілді.

– Дереве ауруханаға барып жағдайды біліңіз. Бөлеутаевты осында шақырып жауап алыңыз. Алғашқы сұрақ-жауап алынған соң Көктасқа жүріп кетуге дайындалыңыз. Қазір Серқожаевқа және Дарханға телефон соғам. Ширақ, шапшаң кимылдаңыз, – деді.

– Құп болады, жолдас полковник.

Хохлов ауруханаға келгенде Бөлеутаев кезекші дәрігердің кабинетінде әлдебіреулерге телефон соғып сөйлесіп отыр екен. Оң қолының екі саусағын ақ дәкімен күмпітіп, доғалдап таңып тастапты. Екі аяғын көсіліп жіберіп, орындық арқалығына жотасын тіреп шалдая жатқан қалпы Хохловпен салқын амандасты. Дәрігер мұның милициядан екенін біліп аурудың жағдайын қысқаша баяндады.

– Қызды ес-түссіз халде алып келді. Алғашқы көмектер көрсетіп операция столына салдық. Өзіңізге белгілі Мұрат Хафизовичті шақырдық. Қабырғаны сөгіп үзіліп бара жатқан

жүректің кеселін сылу, оған қайта жан бітіру оңай емес. Сәті түссе төрт-бес сағаттан кейін беті бері қарар. Үміт үзбейік те. Телефоныңызды қалдырып кетіңіз. Жағдайын оңалса дереу хабарлаймын, – деді.

Бөлеутаев сау қолымен телефон аппаратын дызылдата сырғытып тастады.

– Өрт сөндірушілер үй өртеніп бітіп қара қаңқасы қалғанда көшені азан-қазан ғып қоңыраулатып жүрсе, сендер кісі өлгенде жүгіресіңдер. Ылғи оқиғаның соңында мешелдейтіндерің қалай? Соны айтшы!

Хохлов Бөлеутаевқа жауап қатпады. Дәрігермен сөзін жалғастырды.

– Мен де операция сәтті шығады деген үміттемін. Қыз есін жиып, көңіл күйі жақсара бастағандай болса, мен келгенше қасына адамды жуытпаңыз. Құрбысы, ағасы, туысы, танысы, жақыным дегеннің ешқайсысы кірмейтін болсын.

– Сізді ұқтым.

– Қасына арнаулы сестра қойыңыз.

– Жаны қалсын десеңізші. Қамқорлық жасау біздің міндетіміз.

– Ешкім кірмейтін болсын. Ұмытпаңыз. Бөлеутаев бір көзін қысып еңкілдей күлді.

– Әй, мені де келтірмеймісің? Құтқарушысы мына мен. Бір ауыз сөз айтуға правом бар шығар. Осы бастан өзіңнен рұқсат алып қояйын. Әйтпесе, мыналар милиция айтты деп жібермей жүрер.

Хохлов Бөлеутаевқа енді ғана назар аударды. – Бұл қызды танысыз ба? Аты кім?

– Ей, ондай бәлені қайдан ойлап таптың? Көше әйелінің бәрін тануым керек пе? Сен түлкі кұйрыққа салынып, өйтіп бұлтаңдатпа! Не сұрағың келгенін көмейіңнен біліп тұрмын. Сонан соң дәрігер екенімді ұмытпа, коллегамның алдында өйтіп масқаралауыңды қой. Әйтпесе іс насырға шабады! – Бөлеутаев қол аяғын жинаңқырап, қомданып отырды.

– Білмесеңіз, амал жоқ. Онда жүрелік, Әбіл Бөлеутаевич.

– Қайда?

– Қызға қай жерде, қалай көмектестіңіз? Сол жерді барып көрелік. Сарапшылар далада күтіп тұр.

– Жәбір көргенге жәрдемдес, оны ауруханаға әкеп сал, жуликтер шарлаған жерді апарып кәрсет. Қалай, сонда сен үшін жұмыс жасауым керек пе? – деп Бөлеутаев бұлдана орнынан қозғалды.

Аз уақыттан кейін Бөлеутаев бірер сағат бұрын Венера екеуі сайран құрған жерге алып келді. Шөптің арасында коньяк пен шампаньның бос шөлмектері жатыр. Қол сұрткен, жыртылған газет қалдықтары қалған. Айнала төңіректі сантиметрлеп мұқият қарап шықты. Жуан шірік томардың түбінде шөптің, тапталып, шыбықтардың уатылып сынғанын көрді. Бәрі суретке түсірілді. Хохлов шелмектерді газет қалдықтарын жинап алып кетуге ақырын ғана әмір етті.

Облыстық милиция басқармасына қарай келе жатқанда Бөлеутаев кабинаның тұтқасын ұстап:

– Бірер минутқа серуендеуге кеткен адамның із-түзсіз жоғалып кеткеніне үй іші әбігерленіп отырған шығар. Жолшыбай үйге тастап кетіндер, – деп машинаны қай көшенің бұрышына тоқтату керек екенін айтты.

– Қазір кеңсеге барып бүгінгі оқиға және болған жерді қарағанымыз жөнінде протокол жасау керек. Жалғыз куә өзіңіз, басқа кісі жоқ. Шыдаңыз, – деді Хохлов шоферға басқармаға тура кетуге бұйырды.

– Жұрттын милициядан қашатыны осы ғой? Көмек көрсетейін десе, өстіп кісіні әуреге саласындар. Жазатын протоколдарыңды қат-қабатымен толтыра беріндер. Ертең облыс басшыларына жолығатын жұмысым бар. Советтер үйіне бара жатқанда жолшыбай қол қоя салармын, – деп өзін басшы дәрежелі кісілердің ілтифатындағы адам екенін сездірді.

– Кешіріңіз, Әбіл Бөлеутаевич, бізде кісінің сыртынан протокол жасауға болмайды. Заң қоспайды.

– Өй, заң сақтағыштарым-ай, милицияның сырын білеміз ғой. Сендерде жең ұшынан жалғасып жылы-жұмсаққа қарай ұмтыласындар.

– Факті жоқ жерде жалаң сөз жала боп табылады. Бұл шындықты ұмытпаңыз.

– Әй, қойшы, факті ме? Оның саған онын емес, жүзін тауып берем.

Кабинетке кіргенде подполковник Хохлов өз орнына жайласып отырды:

– Жолшыбай шешендік сөзге біраз жаттығып алған секілдіміз. Енді нақты іске көшейік. Неге түрегеп тұрсыз? Отырыңыз, – деді,

Бөлеутаев креслоға шынтағын сүйей отырып:

– Облыстық милиция деп күмпілдеп жүргендеріне қарап, бұлардың жағдайы әдемі шығар деп ойлаушы ем. Күйлерің мәз емес екен. Мына кабинетің менің орынбасарым отырған жерден әлде қайда төмен, – деді.

Хохлов магнитофонды столдың үстіне қойып кнопканы басты да:

– Әбіл Бөлеутаевич, егер қарсы болмасаңыз, екеуіміздің арадағы әңгімені магнитофонға түсірейік. Қағазға жазу көп уақыт алады. Кейін протоколға көшіреміз. Бұғай қалай карайсыз? – деді.

– Тіпті әйбәт, техника жетістігін біз де пайдаланайық та. Милицияда атымыз ескерткіш боп қалса, қызық уақиғалы жанрды қуып жүрген жазғыштардың кәдесіне жарап қалармыз. Осы ұсынысыңа өзім қуанып отырмын, – деп көңілдене түсті.

– Онда іске көшейік.

– Сұрай бер.

– Алдымен қыздың аты-жөнін айтыңыз. Қай уақытта, қай жерде таныстыңыз?

– Ондай қияли әңгімені қайдан шығарасыңдар. Ол қызды білмеймін, көрген де емеспін деп айттым ғой.

– Сөйтп, жәбір көрушіні танымайсыз, бұрын жолыққан емессіз?.

– Жок!

– Жалған айтқандық заң бойынша жазаланады. Соны есіңізге салайын, Әбіл Бөлеутаевич.

– Сол заңды сенен кем білмеймін.

– Заңды білгеніңіз жақсы. Тоғай ішінде әңгіменің қалай болғанын айтыңызшы.

– Қазақ тойып жатпаса ұйықтай алмайды. Кешкі майлы тоқ тамақтан соң аздап серуендеп қыдырып қайтатын әдетім бар. Сол дағдымен таза ауа жұтайын деп қала сыртына

шығып едім. Қаратоғай түбіндегі соқпақпен жаяу аяндап келе жатқанымда – дәл жанымнан әйелдің шыңғырған дауысын естідім. Жүгіріп барсам, әйел шалқасынан түсіп жатыр. Кеудесіне қанжар қадалған. Өткір неме екен, суырып алам деп жүргенде өзімнің қолымды тіліп кетсе керек. Жараның орнын орамалмен байлап, жолға шыға қалсам жорғалап «Зопорожец кетіп бара жатыр екен. Соны тоқтатып, ауруханаға әкеп салдым. Менің мамандығым терапевт, хирург болсам өзім операция жасаған болар едім.

– Сіздерді ауруханаға жеткізіп тастаған кім? Және кімнің машинасы?

– Кісі өлім халінде жатқанда сұрауға мұршам келмеді.

– Машина жүргізуді білесіз бе?

– Оның бұл оқиғаға қандай қатысы бар? Хохлов сыпайы ескертті.

– Әбіл Бөлеутаевич, сұрақты мен қойып отырмын. Анық, толық жауап беріңіз.

– Ал білейін. Рудьді ұстасам, кісі баспайтыныма көзім жетеді.

– Сіз мына бір адамды білесіз бе? – деп Тайшықовтың суретін көрсетті.

– Жоқ, көрген кісім емес.

Тайшықовтың шал кейпіне еніп, жасырынып жүрген екінші суретін көрсетті.

– Ал мына шалды көріп пе едіңіз? Бөлеутаев әрі-бері карап лақтырып тастады.

– Қайдағы бір жұғымсыз, күмәнді адамдарыңды менің алдыма әкеп тосасың. Мені кім деп ойлайсың! Бұзақы сұмрайлармен астас, табақтас деп жүрмісің! Өйтіп қорласаң, тура шағым берем. Иығыңдағы екі жұлдызыңа біреу қосам деп жүргенде, оның екеуінен айрылып қаласың!

– Шағым беруге, арыз жазуға әр азаматтың еркі бар. Ешкім қолыңыздан қақпайды.

– Байқа, Бөлеутаев айтса, мықтап айтады.

– Әбіл Бөлеутаевич, сіз Шегебай Сүгіров дегенді білесіз бе?

– Ол да қармақтарыңа түспей жүрген әлгіндей бұзақы-жуликтерің бе?

– Сұраққа жауап беріңіз.

– Ешқандай Шегебайыңды, Сүгіровыңды білмеймін.

– Көктасқа командировкаға барғанда қонақ үйге сол әкеп тастамады ма?

– Райпотребсоюздың бастығы Тазабеков дегенін танушы ем. Сонда қонақта болғам. Ал оның мені машинамен тасуды кімге жүктеп жүргенін білмеймін.

– Көктастан жалғыз қайттыңыз ба?

Бөлеутаев енді өтірігі ашылатынын байқап шапшаң құбыла жауап қатты.

– Тоқтай тұр, – деп саусағын көтерді, – әлгі шалдың суретін бері әкелші! – Иә, осының өзі, қонақ үйдің алдында кезігіп қалып «Автобустан қалып қойдым, – деп қиналған соң, машинада орын жетеді дегенім рас. Өзін оқымысты біреу деп ем. Немене, о да жулик пе?

– Танымайтын кісі сізге қалай өтініш жасап жүр?

– Қалай өтініш жасағанын білмедім. Оны өзінен сұра. Дәл сол сәтте аздап көңілділеу едім. Жұтып алған болатынмын.

Полковник Әкімғалиев кірді. Хохлов орнынан тұрып ілтифат жасады. Бөлеутаев полковникті танитын. Өзімсіп дабырлап, еркіндеу сөйледі.

– Жәбір керген адамға қолқабыс жасасам, мына қызметкерің өзіме жармасады. Қайдағы бір әйелді сұрайды, күдікті адамдардың суретін алдыма тосады. Бұл қай қорлағаны?!

Полковник Әкімғалиев қабағын шытып:

– Николай Николаевич, сұрағыңызды жалғай беріңіз, – деді.

– Сонымен қонақ үйдің алдында машинаға отырған шалды қайда әкеп тастадыңыз?

– Осы қалаға бізбен бірге келді.

– Аты-жөнін айтыңыз.

– Фамилиясы есімде қалмапты. Аты Жәмшит қой деймін.

– Оны қай жерге апарып тастадыңыз?

– Орталық парктің қасында түсіп қалды.

Полковник Әкімғалиев:

– Көктас пен облыс орталығының арасы бірталай жер. Машина төрт-бес сағат бойы жүреді. Сол кезде не жайында сөйлестіңіз? – деді.

- Пәлендей әңгіме болған жоқ.
- Дегенмен де.
- Мектептерде техника пәнінен сабақ беретінін айтты ғой деймін.
- Сонан соң?
- Осы күнгі қыздардың жастай күйеуге шығатынын сөз етті.
- Жәмшитің қай мектепте істейді екен?
- Сұрамадым. Жалпы онымен сөйлесуге зауқым болған жоқ. Аздап масандау едім. Көбіне қалғып отырдым.
- Машинада тағы басқа кім бар еді?
- Ешкім болған жоқ.
- Жас әйел отырмап па еді? Бөлеутаев мырс етіп басын шайқады.
- Тәп-тәуір салмақты кісінің инеден жіп өткізгенін көріп қоясыңдар. Ал жуликтерің қалада қаптап жүр. Пышақ салу, кісі өлтіру оп-оңай. Бізді көздегенше, соларыңды тимайсыңдар ма?
- Бекер лағымай сұраққа жауап беріңіз.
- Бір қыз отырған дейін. Сонда не демексің?
- Кім ол?
- Танымаймын. Қаладан шыға берістегі село тұсында түсіп қалды.
- Бүгінгі ауруханаға әкелген қыз сол емес пе?
- Қайдағы бір қияли әңгімені айтасыңдар. Жәбірленуші әйелді көрген де, білген де емеспін. Айқай шыққан соң кездейсоқ барып қалып көмек көрсеттім.
- Сіз дәрігер адамсыз жәбірленуші мұндай күйде айқайлауға, шыңғыруға шамасы келмейді. Оны білуіңіз керек. Өлгінде өзіңізді салмақты, дәрежелі кісі екеніңізді білдіріп кеттіңіз. Қазіргі мінез-құлқыңыз салиқалы салмақты тәрбиелі кісінің үлкен білім-беделіне лайық емес, ұсақ есепке құрылған пасық, майда адамның өнерсіз тірлігі секілді. Сіздіңше жүрек тұсына қадалған қанжардан қыз тірі қалмайды. Өледі. Сонымен қызбен арадағы ашыналық сыр да көміледі. Тірі пенде білмей бүркеліп қала береді деген есеп бар. Милицияға шөлмектерге түскен саусақ таңбаларын анықтау соншама қиын ба екен? Онда саусақтарыңыздың



ізі бары айқын. Немесе мүгедекке тиесілі «Запорожец» машинасын қалалық ВТЭК бастығы Мұқашева екеуіңіз таныс кісіге тегін әперіп, сол машинамен қыдырып жүргеніңізді милиция білмейді дейсіз бе? Жексенбике Мұқашеваны астыртын жең ұшынан жалғасқан былықтары ашылып бара жатқан соң, шапшаң Алматыға қызметке ауысуына көмек жасадыңыз. Оны да жұрт білмейді деп ойлайсыз ба?

Сонда кімді алдамақ боп отырсыз? Ал Венера Ғизатулина сізге шын жүрегімен беріле сенген еді. Есін жиған сәтте «Әбіл аман ба? Оған да шүкір. Әбілге тиеніңдер. Бәріне кінәлі мен, – деп ауыр халде жатып сізді қорғаштайды, асығымды, сағынышымды қозғама деп тілек етеді. Жастық шағын, таусылмас қызығын асыға силаған, үміт, артқан, жақсылық күткен кісінің сыйқы мынау. Осындай кезде, ең болмаса аз уақытқа Венераның алдында ер көңілді еркек болсаңыз қайтер еді!

Әуелі атын атауға арландыңыз. «Қызмет дәрежеме, беделіме көлеңке түсіре ме – деп қорықтыңыз. Үні өшіп, өліп кеткенін тіледіңіз. Бұл бықсық есеп те бізге мәлім!

Бөлеутаев қара креслоның ішінде бір уыс боп бүгіліп, бүрсиіп қалды. Алақанымен көзін басып:

– Бәріне кінәлі мен! Мен! Мен айыптымын! – деп жас төгіп қиналғандай бәкене денесі бүлк-бүлк етті.

– Кешігіп қалдыңыз. Енді сіздің милицияға пайдаңыз жоқ! – деп Әкімғалиев шапшаң шығып кетті.

### ***ОН ҮШІНШІ ТАРАУ***

Полковник Көктасқа дереу телефон соқты. Дархан мен майор Серқожаев екеуіне міндеттерін айтып, кезек-кезек тапсырма берді. Серқожаев аудандық милиция бастығы болғандықтан, оның «Бірлік» колхозына барғыштап жүргені күдік келтірмейді, әдеттегі милиция жұмысы деп қарайды. Дарханның енді о жақта «серуендеп жүргені катер. Сондықтан Шегебайдың жүріс-тұрысын бақылау Серқожаевқа жүктеледі. Қаражан Егеубаев әр жолы

өзінің адалдығын, түзу мінезін танытып жүр. Дархан сол жігітті «Артист операциясы аяқталғанша, осы іске тікелей қатыстыруды сұраған еді. Әрі ол Тайшықовты таниды, сыржап-сарын жақсы біледі. Полковник Әкімғалиев трубканы тыңдап тұрған майор Серқожаевқа:

– Егеубаевқа бұл операцияға қатысуына рұқсат етем. Дархан бастаған бұл топ Жәкінің үй жағында болсын.

Қылмыскер сол жақтан да із тастап қалуы мүмкін, – деді. Майор Серқожаев:

– Кәніккен бұзық Тайшықов облыс үстінен әрі-бері жүріп жатқан машинамен мына жағы Ақмола, Кереку, ана жағы Семей, Өскемен, әрі Алтай асып кете алады ғой, – деп күмән келтіргендей боп еді. Полковник:

– Жәмшит Қайыров деген атпен самолетке билет ала алмайтыны айқын. Ал қалааралық автобус маршруты үздіксіз бақылауға алынды. Осал жағымыз облыстың өз іші, адам жетіспей жатыр. Тайшықов осыны пайдаланып өзіне үйреншікті Көктасқа қарай тартуы мүмкін, – деді.

Әкімғалиев жорамалдауынша, кез келген адам, мейлі ол қылмыскер болсын, қысылшаң қиын шақта өзіне бір кезде жайлы тиген жерге қарай ығысады. Сол жақтан пана іздейді, тірек тапқысы келеді, жақсы таныстың көмегі тие ме деп үміттенеді. Тірі пенденің психологиясы осындай... Сондықтан да ол Қылмысты іздеу белімінің бастығы Хохловқа Көктасқа ұшуға қам жаса дегені сол еді.

Полковниктің осы жорамалын құптағандай Ноян Тайшықов сақалын ұстарамен қырып тастап, басына әйелдің жасанды бұйра шашын киіп, қолына сумка ұстап баратын түнгі автобуска отырады. Автостанциядан билет алмай шофердің өзімен келісті. Оның ойы Көктасқа келісімен «Бірлік» колхозына телефон соғады. Шегебайға – «Автолавка машинасымен қаланың сыртындағы дача үйлерінің қасына келуін өтінеді. Әрі қарай жағдайға қарай көре жатады.

Бірақ Тайшықов Көктасқа келген соң бұл жоспарын шұғыл өзгертті.

Ау, бұл қылмысты ұстаудың жолдарын үйренген юрист емес пе? Шегебайды қармақ етіп, мұны ұстау үшін әдейі бостандыққа шығарып қойған шығар. Көпе-көрнеу құрулы

тұрған торға түсетіні қалай?, Жок, мұндай ұрыншақтық жарамайды.

Ол анықтама бюросынан Мазабековтың номерін біліп, соған телефон соқты.

– Еле-е-кең ағай ма екен?– деп қыздың дауысына салып сызыла сөйледі. – Кешіріңіз, ағай, маған Шегебай керек еді. Үйіне телефон соқсам жауап бермейді. Со кісі сізде отырған жоқ па екен?

– Ол ағайыңыз неменеге керек еді?

– Былтыр мектепті бітірдім. Бір жылдық стажым бар. Со кісі жайлауға барғанда училищеге түсуге көмектесем деп еді. Документтерімді тапсырайын ба? Соны білейін деп ем, – деп қысылған кісідей ентіге барып тоқтады.

Елемеске сол сәтте арам ой келді: осы Шегебайдың не бәлесі бар?

Жас қыз атаулы осыған үйір. Әнеукүні Майра деген қаланың кербезі де бұған жабыса қалды. Және өңшең сұлуларын тереді. Ыңғайы кеп тұр екен. Осы қызын бөліп алып кетейін...

– Қалқам, Шегебайдан басқа кісі ол қызметіңе жарамай ма? Мәселен, мына мен мұғалімдерге сұратпай-ақ баға қойғызып берсем соның ақысы қайта ма?

– Еруліге қарулы деген ғой. Біз де бір кәденізге жарап қалармыз.

– Өзің Шегебайға қандай уәде беріп ең? Соны орындасаң болды, артық тілемеймін.

– Үбәй-ұяттағы, мен сізді білем. Жеңгеме лайықты кісісіз ғой.

– Тәйт, тіліңе шок. Өйтіп кемсітпе! Мына сақалым сапсиганы болмаса, анау Шегебайың менен үлкен, ағамдай адам.

– Біреу көріп қалса, мына бейбақ шалмен жүр. Бұған не көрінді деп өсек танады ғой.

– Сен сөзді қой. Өзің оқуға түскің келе ме, жоқ па?| Соны айт!

Қыз ойланғанай кейіп білдіреді. Әлдекіммен сыбырласып сөйлескен секілді. Әлден соң сызылған үнмен:

– Мені танымайсыз ғой. Бір-бірімізді іздеп әлектенбейік. Мебель магазинінің алдында жеңгем күтіп алады.

Машинаңыздың номері қандай еді? Иә, жақсы, жарым сағаттан кейін шығарсыз.

– Қай жаққа барамыз? О не дегеніңіз, сізге сенем ғой. Ішіп-жейтін анау-мынау керек бола ма деп жатқаным да.

Қаланың сыртында жаңа салынған дачалар бар емес пе? Сонда туысымыздың үйі бар. Кілтін жеңгемнен әдейі сұрап алдым.

Елемес қуанып кетті.

– Уәй, менің ақылдым. Сыңғырлаған дауысыңнан айналайын. Жарты сағатың жарты жыл ғой, жаным. Сәл бері қарай жылжытшы, алтыным... Күнім менің...

– Түу, ағай шыдамсыз екенсіз де.

– Тайшықов трубканы қоя салып телефон будкасының ішінде аузын басып булыға күлді.

Елеместің көңілі шат. Кабинет ішінде әрлі-берлі жүрді. Алдындағы отыратын хатшысы жақын туысының әйелі болатын. Соны шақырды. Екі алақанын ысқылап:

– Ал жеңгесі, ынжықсың, боссың, сары кемпірден басқаны көрмей тәтті күнің өтіп барады, деп әбден қажай беруші ең. Бүгін қайныңның өнерін көресің. Кешке таман мынау деген сұлу қыз алып келем.

Зәуре құптап басын изеді.

– Е, сенде сөйтіп еркек болсаңшы. Сары кемпірдің қолаңсасын иіскеп қашанғы жата бересің!

– Анау Қарауылға айт, бір-екі сағаттан кейін бізге ішіп-жейтін бірдемелер жеткізіп тастасын. Біз жаңа дачалардың маңайында боламыз. Қай үйде екенімізді машинадан біледі ғой. Тауып алар.

– Жарайды, оған алаң бол ма. Бәрін апар дермін.

– Иә, айтқандай, біреу-міреу сұрай қалса, райисполкомға кетті дегейсің. Ұқтың ба? Уәй, жеңгесінен айналайын.

Елемес шартты жарты сағатты күтпеді. Ерте шықты. Мебель магазинінің алдында телефон будкасының қасында әйел күтіп тұр екен. «Жигули» машинасының номерін танып белгі еткендей екі саусағын болымсыз ғана көтеріп қалды. Мазабеков қасына отырғызуды намыс көріп артқы кабинаның есігін ашты.

– Дачаға кеттік пе?

– Қайдан білейін. Еркем сонда келіндер деді ғой. Мына оқуы түскір әбден есін шығарды.

– Жеңгесі осы күні оқуға түсу оңай емес. Көп шығынды құрбандықты керек етеді. Между прочим, дауысыңыз Еркеңізге ұқсайды.

– Бала ғой, жеңгесіне еліктейтін шығар.

Машина дача үйлеріне жақындағанда Мазабековтың иығынан біреу түртті ме, әлде өзі айнадан байқап қалды ма, артқа жалт қарады. Қарасұр еркектің отырғанын көрді. Аш арыстандай ұмытылып шапқалы тұрған секілді. Есі шығып кетті. Айқайлап жіберді.

– Ойбай, ағатай-ай! Мына бәле қайдан келді!

– Машинаны қайта бұруға шамасы келген жоқ. Сол сәтте құлағы шуылдап көз алды қарауытып кетті. Топ адам жабылып таяқтап жатыр. Арасында Шегебай да бар. Кәпірдің қолы қандай ұзын, қатты еді. Алқымын қысып, езіп барады. Одан әрі не болғанын Елемес білмеді...

Тайшықов асау толқынмен жалданып, бұйраланып ақ көбік атқан Қаратал өзенінің ұзын темір көпірінен өтті де Алматы асатын кең трассаға түспей құмжиекті қиятын қара жолмен кетті. Теміржол станциясына осы тұс төте сияқты көрінді.

Алыста солай қарай зымырап бара жатқан машиналар тізбегі байқалады. Қайткенде келесі темір жол станциясына жетіп, әрі қарай паровозға отырса да осы жерден кету, қарасын үздіріп адастыру керек. Бір сағаттай жүргеннен кейін жол кенет үзілді. Алды шалшық су, жапырылған қалың камыс.

Қайта бұрылып станцияға баратын жол іздеді. Шағылдың етегіндегі арба өткен қатқақ соқпақпен біраз жүргенде інге кезікті ме, артқы бір доңғалағы шұқырға түсіп көміліп қалды. Тайшықов машинадан ызалана ытқып шығып доңғалақтың шетін бір тепті. Жүк салғышты ашты. Онда бос бөтелкелерден басқа дәнеңе жоқ. Шағылдың бетінде тарбиған сексеуілді көріп солай қарай жүгірді.

Бұл кезде подполковник Хохлов Серқожаевтың кабинетінде отырған. Теміржол, автобус станцияларынан, милиция постарынан хабарлар түсіп жатты. Күдік қалдырған адамдар

еркек, әйел демей қатты тексерілген. Өйткені Тайшықовтың әйел киімін киіп айла жасап қуғыннан құтылып кетуге қам жасайтыны еске алынған. Әсіресе Шегебай маңы қатты қадағаланды. Қысылшаң шақта аздап тыныс алатын, есін жиятын тірегі сол болса керек еді. Әзірге қылмыскер ізін байқатпайды? Әлде ол Көктасқа соқпай басқа жаққа кетті ме? Олай деуге негіз жоқ сияқты. Әр ауданда осындай тексеріс, анықтау жүріп жатқан. Баттиып көрінген ерекше белгілерімен танымайтын жерде сіңісе қоюы қиын. Ал мұнда өзін «үлкен қызметкер, Байыс деп сыйлайтын Шегебай бар. Өзіне жылы шырай көрсеткен Жәкінің үйі де алыста емес. Әрқилы ойға қалған Хохлов милиция постарының хабарын тыңдап отырған майорға:

– Әли Серқожаевич, біз Тайшықовтың Шегебай Сүгіровпен кездесуін күтіп, екеуін сонда ұстаймыз деп ойлаған едік. Сірә, қылмыскер осыны сезген-ау деймін. Бұлай қарап отырмайық, – деп орнынан шапшаң тұрды. Бір қолымен бүйірін таянып әрі-бері жүріп майордың қасына тоқтай қалды.

– Сүгіров қайда? Қазір не істеп жүр?

– Бүгін құмдағы малшыларға азық-түлік апарам деп жиналған. Сонан соң машинасының қирағанын сылтауратып үйінде отырған көрінеді.

– Тазабеков оны жұмыс жайымен өзіне шақырсын. Одан шыққан кезде «Үстіңнен арыз бар. Танысып кет – деп бөлімшеге алып келіндер де дереу қамауға алыңдар. Енді оның Тайшықовқа қажет болмай қалған сияқты.

Стол жанындағы апараттан қызыл-жасылды оттар көрінеді. Майор күміс ілгішекті қайырды.

– «Қыран, «Қыран!» Мен «Жайық. Нысана көрінбейді.

– «Жайық, «Жайық!» Мен «Қыран!» Жұмысты тоқтатпаңдар. Сол тәртіппен жүргізе беріңдер!

– «Қыран, «Қыран!» Мен «Көпір!» Нысана бұл жақтан өтпеді. Қандай бұйрық бар!

– Тыңдандар, тыңдандар! Барлық жұмыс өздеріңе берілген нұсқауға сәйкес жүргізілсін.

– Құп болады!

– Солай жасаймын!

Майор Серкожаев күміс ілгекті қайырып кеп дабыр дауысты өшірді де Хохловқа орындықты қозғай ауыр денесімен бұрылып:

– Бұл іске Мазабековты араластырмасам деп едім. Бір жолы мінездеме сұратқанымызда, соның өзін Сүгіровка айтып қойыпты. Милициядан сақтанып жүр деп ескерткен.

– Телефон соғып көрсеңші, Мазабековтың өзі не айтар екен? Білейік.

Серкожаев трубкуны көтеріп Мазабековтың телефон номерін терді. Ар жақтан Зәуренің ыңыранған дауысы естілді.

– И-иә.

– Елемес бүгін болмайды. Райисполкомда жиналыста жүр.

– Қандай жиналыс? – деп сұрағанша болған жоқ, қатшы әйел трубкуны іліп қойды.

– Мынау қайдағы жиналысты айтып тұр? Бүгін ешқандай жиналыс жоқ, – деп Серкожаев қабағын шытып қайта телефон соқпақ еді. Подполковник саусағын көтеріп:

– Телефон соқпа, – деп тоқтатты. – Қазір барып, қайдағы жиналыста жүргенін білейік. Сен Шегебай Сүгіровпен шұғылдан. Аракідік рациямен байланыс жасап тұр, – деп асыға басып шықты.

Подполковник Хохлов Кругловты ертіп кабинетке кіріп келгенде айнаға қарап бетінің әжімдерін саусағымен сипалап опамен сүртіп отырған Зәуре сасқалақтап ұшып тұрды. «Мазабеков қайда?» – деген сұраққа:

– Райисполкомге кетті, – деп шімірікпей жауап қатты. Әңгіме бастығы жайында болған соң, қайнысының жөншеңдіге бой бере қоймайтынын сезіп үрейі басылды.

– Райисполкомда ешқандай жиналыс жоқ. Шындықты айтыңыз.

Зәуре иығын бүлк еткізді.

– Бастығының сөзі қатшыға шындық. Оның айтқанын сізге қайталап тұрмын. Басқа дәнеңе білмеймін. Жұмысыңыз Мазабековта болса, бүгін келмейді.

– Қайда кетті? Шапшаң жауап беріңіз!

– Білмеймін.

– Іс насырға шапса, жалған айтқаныңыз үшін жауапқа тартыласыз!

– Не дейді, құдайым-ай! Мана бір қыз телефон соғып еді. Соның шаруасымен әуреленіл жүр-ау деймін.

– Қандай әйел? Аты кім?

Аз ғана барын пұлдап, пәлсініп үйренген Зәуре сол дағдысына салып:

– Соншама шүйілгеніңіз қалай? Еркек қыз шаруасын тындырып жүрсе, со да қылмыс па екен! – деп әуестене сұрады.

– Телефон соққан қызды танысыз ба, жоқ па?

– Жоқ-ә, оны қайдан білейін!

– Қыз алдымен Шегебайды сұрады ма?

– Е, бәрін біліп тұрып мені несіне қажайсыз. Сол қызбен дача жақтағы үйлерге қарай кеткен.

– Есіктен кіре калған Қарауылды көріп.

– Мына жігіт Елеместің шофері. Көп сырын осы біледі, – деді.

Подполковник қарауылға қатқыл үнмен:

– Машинаң осында ма? Қазір бізбен бірге жүресің! – деп кабинеттең, шыға жөнелді.

Хохлов дача үйлерінің жанындағы құмдақ жолға түскен машинаның жаңа ізімен ақырын жылжып айнала төңірекке жіті қарап келеді. Қаулап өскен шоқ талға тақалғанда, қураған шыбықтардың сынып, шөптің жапырылғанын байқады. Машинадан шапшаң түсіп әрі қарай қалың ағаштың арасына барғанда бір иығымен қисайып жатқан Тазабековты көрді. Оң жақ езуінен жылы қан ағып барып тоқтаған. Подполковниктің қасына еріп жүрген Круглов жүресінен отыра қалып құлағын Тазабековтың кеудесіне төседі.

– Жаны бар секілді.

Подполковник Қарауылға әмір етті.

– Ауруханаға шапшаң жеткіз!

Хохлов асау Қараталдың көпірінен өтіп барып қара жолға түскен «Жигулиді» ізін көріп машинаны солай қарай бұрғызды. Тазабековтың машинасы екенін сезіп келеді. Дөңгелектің бедері барлық жерде бірдей, әрі ұксас. Жаңа бедер өрнектеліп әдемі түскен.

Тайшықов дөңгелектің астына тықпалаған сексеуіл



томары үгітіліп ұнтақтала берген соң өзі киіп келген әйелдің көйлек, шашына орап шұқырды бітеп машинаны ерең шығарып алды. Енді тоқтаусыз жүріп кететін кең жолдың қай тұста екенін білмей дағдарып тұр. Айналаның бәрі бұйраланып жатқан қара шағыл. Шағылдың етегі тақырлау, бір кезде машина жүріп өткені байқалады. Қатқан саздан жерге доңғалақ ізі түскен. Сондай сүрлеумен тағы екі-үш километрдей жер жүрді. Қалай қарай келе жатқанын анықтап алайын деп төбеге шыға келгенде, келесі төбенің басынан жалғыз аттының қарасы көрінді. Беткейге қалың қойын қаптата өргізіп тастаған. Қойшы да мұны байқап қалған секілді. Атының басын тура бұрып, желе шоқандай шапты. Сол сәт Тайшықовқа әлде біреудің «Токта, барма!» деген үні талып естілгендей болды. Қойшы жақындай түскенде Тайшықов Жәкі екенін бірден таныды. Жәкі де мұны шырамытқандай болды. Сескеніңкіреп, атының басын тежей берді.

Милиция бұған да менің кім екенімді жеткізіп қойған ба деген оймен Тайшықов:

– Жәке, бұл қалай, сәлем-саулық жоқ. Соншама үріккеніңіз не? Танымай қалдыңыз ба? – деп күдігін анықтағысы келді.

Бойын тез жинап алған Жәкі:

– Ей, сен Байыспысың? Қаланың төресі құм арасында қайдан жүр? Байыс па, әлде басқа біреу ме деп таңырқап қалғаным рас, – деп атын шаужайлай түсіп, көптен көрмеген жақсы танысын сағынғандай боп. – Иә, Байыс, ат-көлігің аман, қайдан жүрсің? – деді.

– Құмды көрейін, қоян аулайын, сейілдеп қайтайын деп шығып ем. Жолда түлкіні көріп, қуам деп жүріп қалың құмға кіріп кеткенімді білмей қалдым. Енді шыға алмай жүргенім мынау.

– Бәсе, өзімде солай болар-ау деп ойлап ем. Осы маңда манадан бері бір машинаның осқақтап жүргенін байқағанмын. Енді, құдайға шүкір адаспайсың. Үй мынау, – деп етектегі киіз үйді көрсетті.

– Үйге жүр, дәм тат. Айдалада жалғыз үй боп ішіміз пысып отыр еді. Дабырласып қалайық. Жәкіге «Байысты көре қалсаңыз, сыр бермеңіз, баяғы қалыпта ұстаңыз, қасына

тым жақын бармаңыз, – деп Дархан мен Майра көп кеңес берген еді. Солардың үйреткен сөздерін Жәкі айтып тұрған.

Тайшықов үй жаққа көз тастады. Босаға алдында бір әйелдің бойы көрінді. Үстіне жеңсіз кеудеше киген, ақ көйлегінің етегі шұбала түскен. Зиягүл сияқты. Үйге баруға оқталып тұрды да күдігі жеңіп:

– Ауданда кісілер күтіп отыр. Қазір оралам деп едім. Тез қайтуым керек. Маған жолды нұсқап жіберіңіз, – деп асығыс екенін білдірді.

Жәкі Дархандардың жүгіре басып, бұғына түсіп тақап қалғанын байқады. Қаражан қалың бұталы сексеуілдің түбінде жатыр. Оң жағында Майраның қылтиған басы көрінеді. Үш азамат үш жақтан анталап келе жатқанын бойына қуат көрді ме, әлде өзегін өртеген қызғаныш оты лаулады ма, тақымына қысып алған мылтығын суырып ап ақырып қалды.

– Әй, арам без сұмырай, көтер қолыңды! Шапшаң түс алдыма! Бұлтақтасаң, сеспей қағырам! – деп мылтығын кезеді.

– Әй, ақсақал, мұныңыз не? Өзіңізді жын шалған ба? – деп Тайшықов жайбарқат кісінің кейіпіндей жан-жағына қарады. Үш жақтан тарбиған таспалар мен сексеуілдерді тасалап келіп қалған. Қоршауда қалғанын білді. Сол қолын қалтақтата көтерген боп, оң қолымен ышқырындағы пистолетін суырып ап, көздемей Жәкіні басып қалды.

Жәкі дымын шығармай бүгіле құлап атының жалын құшты. Құла ат мылтық дауысы шыққанда басын қайқаң еткізіп бір көтерді де, осақтап үркіп барып, иесінің салмағын сезді ме, тоқтай қалды.

Тайшықов күдік алған сексеуіл, таспа түптерін атқылай Жәкіге қарай жақындады.

Майра Жәкінің оққа ұшқанын көріп, өзіне төнген қатерге карамастан атып тұрып тұра ұмтылды. Тайшықов рахаттана көздеп нағанын көтере бергенде, салмақты қара кездік саусақ түбіне сарт етіп қадала қалды. Пистолет ұшып түсті. Тайшықов сол қолымен мылтығын жерден ала беріп:

– Әй, Қаражан! Сен осындамысың! Ит-ай, түбіме жеттің-

ау! Құрттың-ау! – деп таспа түбін нағанмен басып-басып қалды. Дағдыланбаған әлсіз қолмен атылған мылтық дәл тимей, оқтары бытырап айдалаға кетті. Тайшықов атысып ұзаққа бара алмайтынын білгеннен соң, атқа қарай жүгіріп Жәкіні аударып тастады да өзі қарғып мінді. Мұның бәрі санаулы секундтар арасында өтті. Дархан мылтық ата алмай қалды. Жазатайым оқ Жәкіге тие ме деп сескенді.

Осы кезде милиция машинасының микрофонынан подполковник Хохловтың дауысы естілді.

– Азамат Тайшықов, қаруынды таста! Енді құтыла алмайсың! Беріл шапшаң!

Тайшықов атқа міне салып қатты тебініп қап шылбырмен шықпырта бастады. Құла аттың тәуір шабысы бар екен. Минут сайын қарасын көрсетпей ұзап бара жатты. Қалың құм арасында мотоциклмен және машинамен төтелеп қуу мүмкін емес еді.

Подполковник Дарханға қысқа әмір етті.

– Жолдас лейтенант, қылмыскер Қаратал өзенінің Қанды жылымына қарай кетті. Жиектегі жолмен соңынан қуып, мотоциклмен көп дабыр-шу шығарып үрей туғыза беріндер. Өзеннен өте алмайды ол. Амалсыз қара жолға бұрылады. Мен сол жерден тосам. Шапшаң шығындар!

Дархандар жүгіріп Жәкінің қасына келді. Бүгілген дене жансыз жатыр. Дархан кепкасының тебесімен маңдайын сүртті.

– Қаражан, Жәкінің деңесін үйге апар. Зиягүлді жұбатарсың. Айтатын сөзді білесің ғой, – деп Майраны қорапқа отырғызып жиекке қарай беттеді. Қаражан жай басып Жәкінің қасына келді. Оқ дәл жүрек тұсына тиіпті. Тайшықов қолына қадалған кездікті суырып алып лактырып жіберген еді. Жерде жатқан кездігін алып қынына салды да.

Жәкіні екі қолымен тік көтеріп, алдына көлденең ұстап үйге қарай беттеді.

Бір сәткі атыс-айқай үстінде киіз үй жақта не боп жатқанына ешкім назар аударма қоймаған еді. Босаға алдында Зиягүл аса бір шошынған үреймен бұл оқиғаны анық көріп тұрған. Қылмыскер жанталаса кеп Жәкіні аттан аударып тастағанда «Мына шал қорқақтық жасады-ау! Қарсы қайрат

жасамай ұят қылды-ау!» – деп намыс отына күйіп, көкірегін ыза, кек кернеді. «Өлдің, «Өлтірдің деген сұмдық ойдан аулақ еді.

Тайшықов қалың құм арасына кіріп жылыстап ұзап бара жатты. Анталап қамап төніп келген топ адам машина, мотоциклмен құмды кесіп қуа алмай топталып, дағдарып қалған секілді. Зиягүл белдеуде байлаулы тұрған шабдар биені шешіп алды да үстіне қарғып мініп, желе шауып барып қайта оралды. Ақыр үстінде жатқан ұзын қара сырықты іліп алып қолтығына қысып шаба жөнелді. Бұл өңірді бес саусағындай жақсы білетін Зиягүл қалың шағылды төте кеспей Қараталдың көк жиегін бетке алып, құмның қара сүрлеуімен қиялап келеді. Жазық тұсында қашқында бүйірден тимек. Шабдар бие бұрын талай бәйгеге қосылған жылқы еді. Ат тұяғының дүбірі естілсе құлақтарын қайшылап, елеріп, тынышы кететін. Қалың көкпарға салғанда көп аттың арасында іркес-тіркес ілеспей, қиын қиямен жалғыз дара оқшау тартатын. Қазір де үлкен сынға түскенін сезгендей бүйір қақтырмай шабысын үдетті. Қөкжиекке кеткенде алдында ұзап бара жатқан жалғыз атты кәріп құлағын жымырап, басын төмен салып, жер бауырлай жұлқынып өршелене түсті. Жеті-сегіз минуттай өткенде құрық сілтер жерге тақап қалды. Алғашқы үрей үстінде Тайшықов қуғыншыны жөнді аңғара алмай есі кеткен. Жақындай түскенде Зиягүл екенін анық таныды. Иық үстінен бұрыла қарап айқайлап қалды.

– Қуғыншы, әзірейілім кім десем, сен бе едің. Мә, қаншық, сыбағанды ал! – деп қанжарын жарқырата сермеп қалды. Пышақ жүзі иығын жалап өтті.

Біза, кек, ашу кернеген Зиягүл тістене түсіп бүйірлей кеп ұмтыла сырықпен салып өтті. Қатты қара ағаш жотасына тиді. Тайшықов аттың жалын құшып жабыса қалды. Осы кезде сатырлаған мотоцикл үні естілді. Тасырлатып мылтық атып келе жатқандай дауысы тым қатты. Тайшықов күшін жиып пистолетін басып қалды. Оқ атылмады. Оқ таусылғанын білген соң соңғы рет қайрат жасап пистолеттің қара сүйегін қару етіп лақтырды. Зиягүл де қара сырығын сілтеп қалды. Мұның құла аттың сауырына сарт ете қалғанда қара тастай

ұшқан пистолет шабдар биенің маңдайына тиді. Ақылды жануар алда қатер барын сезді ме, әлде қақ маңдайға тиген пистолет сүйегіне батты ма, шабысынан бұрыла жалт берді. Зиягүл жалп етіп ұшып түсті. Сол сәтте арқан бойы ұзап кеткен Тайшықов ат-матымен жер жұтқандай жым-жылас жоғалып кетті. Бұл кезде Дархан мен Майра мотоциклін тарсылдатып жеткен еді. Зиягүл үшеуі алға ұмтыла кеп биік жардың үстінде сілейіп тұрып қалды. Қараталдың құмжиекті кернеп өтетін бұл айналма күз, түбі терең жылым екен. Бұған кезіккен мал да, адам да тірі қалмайды, Қанды жылым аталуы содан. Қазір қара судың беті болымсыз ғана шымырлап, үйіріліп, саналуан шеңбер жасап тұнық ағады. Әлден уақытта Тайшықовтың денесі сопаң етіп шыға келді. Су бетінде дөңгелене айналды. Қанды жылым одан түршіккендей аржағындағы сарқыраған лайсаң асау ағынға қарай түртіп итеріп жіберді. Өлі дене бірде басы, бірде жотасы, бірде аяғы көрініп кеп шөп-шаламның арасында ағып бара жатты.

Зиягүл алдамшы жалған жігітке қатты кектеніп өшігіп еді. Сонысына налып, аяушылық етті ме, Майраның иығына басын салып жылап жіберді. Майра құшағына алып қысқанда, қолы жылы қанға тиді. Қанжар жүзі тиген жарадан қан шым-шым ағып тұрды.

### ***ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ***

Осы оқиғадан соң бір жыл өткен. Майра училищені бітіргеннен кейін Көктас қаласына жолдамамен келіп аудандық милицияның тергеу бөлімінде қызмет істеп жатқан. Ол оқшау камерада отырған Шегебай Сүгіровты алып келуге әмір етті.

Шегебайды ұстау милиция қызметкерлерін тәуір-ақ әлекке салған. Малшылар арасында кәдуілгі саудасын жасап жүрген, қулық-пасықтығы қойыртпақ, білімсіз надандау адам соншама жылпос жылымдықпен үлкен айла, сұмдық жасай қояды деп күтілмеген еді. Подполковник Хохловтың

нұсқауынан кейін Серкожаев «Бірлік» колхозындағы милиция посына телефон соқты. Капитан Дворкинге бұлар барғанша Сүгіровтің өзін шақырып, арбакештің арызы бойынша сылтауратып ұстай тұруды тапсырған. Бұдан біраз уақыт бұрын Сүгіров жайлаудан түскен малшыларға азық-түлік алып бара жатқанда есек арбамен үйіне шөп тасып жүрген арбакештің есегін қағып кеткен еді. Арбакештің милицияға арызданғаны бар. Бұл жөнінде Сүгіров бұрында шақырылған болатын. Осы кезде дабыр шығармай, айқай-шусыз ұстап, қамауға алу тапсырылды.

Капитан Дворкин сол күні азанда сатушының «Автолавкасың қора ішінде үйінің жанында тұрғанын, құмдағы малшыларға бармай қалу себебін де анықтап білген болатын. Телефон трубкасын көтеріп Сүгіровтің үйінің номерін терді. Аппараттың ұзақ дызылы естіледі. Үлкен үйде Шегебай шешесімен екеуі ғана тұратын. Қаражанның тойынан кейін Жаңыл көп ұзамай кетіп қалған. Қайда кеткенін үй-іші, туған туыстары да білмейді. Тек әрі-бері қатынаған жолаушылар арқылы Ләтифамен астыртын хабарласып тұрады деген сыбыс бар. Ләтифа бұл сырды шашпауға ант етіпті деседі. Дворкин екі-үш мәрте телефон соқты. Шегебай болмаса Ләтифа трубканы алар деп ойлады. Ешкім жауап қатпады. Бәкірді поста қалдырды да өзі үш доңғалақты мотоцикліне отырып Сүгіровтың үйіне келді. Сыртқы қақпаны ашып қораға кірді. «Автолавка машинасы орнында жоқ. Құмдағы малшыларға кетсе Қараталдың үлкен темір көпірінен өтуге тиіс. Оған баратын үлкен жол постының алдынан өтеді. Көктасқа да дәл сол тұстан бұрылады. Қайда кетуі мүмкін? Әлде қауіп барын сезгеннен кейін шаңқай түсте машинамен қашып құтылғысы келді ме? «Автолавка бар жұртқа танымал, онымен қайда бара алады. Машинаның қалай қарай кеткен бағытын білмек боп доңғалақ ізімен бақтың ішіне қарай бара жатқанда ту сыртынан Ақбердінің дауысын естіді, Жал-құйрығын күзеп тастаған қара байталының үстінде бір аяғын бос салып жамбастай отыр. Ол қамшысының сабымен малақайының мандайын көтеріп:

– Әй, капитан кімді іздеп жүрсің? – деді де оның жауабын күтпей, – Шегебай ма? Мана бір әзірде төменгі ескі

жолмен Қараталдың төменгі сағасына қарай құйындатып бара жатқан. Алдында өткел жоқ. Неменеге олай кеткенін білмеймін. Әлде темір жол станциясын айналып өтем дейме екен. Ол жақтың ағаш көпірі әлде қашан бұзылған. Орыны ор боп жатыр, – деді.

Капитан шапшаң сұрады:

– Кеткеніне көп болды ма?

– Ет қайнатымдай мезгіл өтті-ау деймін,

– Кабинада жалғыз ба еді?

– Онысын білмеймін. Ту сыртынан машинасынын дөң-киген қаңқасын көріп қалдым.

– Ләтифа да көрінбейді. Қайда кеткенін білмейсің бе?

– Кейінгі келіні кеткелі бері байқұс жүдеп, семіп, сөніп қалды. Қиялға шалдықты ма деп қорқам. Тілек, үміті үзілгендей дүние тірлікке жат көзбен қарайды. Менің кемпірім өлгеніне он жылдай өтті-ау. Оны өзің де білесің ғой. Ләтифамен әңгімем аздап жараса ма деп ем, – Ақберді ұзақ әңгімені бастап келе жатыр еді. Капитан сөзін бөлді.

– Түстен кейін кеңсеге келіңіз. Әңгімені сонда жалғайық. Қазір асығыспын. Кешір, – деп саусақтарын шекесіне апарып мотоциклін от алдыра бастады.

– Шегебайды неменеге іздеп жүрсің? Кәртемік ит тағы бірдемені бүлдіргеннен сау ма? Сол дәйіс анау бастығы екеуі Алмагүлді оңаша шығарып алып ас-суын әзірлетіп, бастаңғы жасатып жүр деп естіп едім. Сірә, сонысы тегін болмаған-ау, – деп қазақи әуестігіне басып, Шегебайды не үшін милицияның іздеп жүргенін білгісі кеп ынтығып жүр.

Дворкин мардымды жауап қатпады.

– Бүгін құмдағы малшыларға бармайтынын білген соң бірге отырып анау арбакештің арызын қарайық деп едік. Тағы да кетіп қалғанын көрмейсің бе, – деп мотоциклін тарсылдатып жүріп бара жатты.

Ақберді қанағаттанбаған кісідей басын шайқады.

– Әй, білмеймін, жүрісің тым суық қой. Аман болсаң әлі-ақ естірміз, – деп атының басын шаужайлай түсіп тебініп қалды.

Капитан Дворкин тірек пунктіне қайта оралғанда Серқожаев кеңседе отыр екен. Оның алғашқы сұрағы

Шегебай болды. Орнынан шапшаң тұрып:

– Сүгіров қайда? Неге ұстамадың? – деді.

– Үлгіре алмадық, жолдас майор. Мен барғанша кетіп қалыпты.

– Қайда кетті?

– Қараталдың төменгі сағасына қарай машинамен кетіп бара жатқанын Ақберді байқапты.

– Шапшаң кеттік.

– Қараталдан әрі қарай өте алмайды. Ағаш көпір бұзылған.

– Оны білем. Сүгіровтың олай қарай кеткеніне таңым бар.

– О жақта жол жоғын білгеннен соң іздей қояды деп ойламаған болар.

Милиция машинасының төбесіндегі көкшіл қалпақтағы сәуле қызара жарқылдаған сәтте ызылдаған ащы үні алыстан естіледі. Жол бойында ағылып жатқан машиналар, күшкөліктер ысырылып шетке шығып жол ашып тоқтай бастады. Жарым сағаттан кейін «Автолавканың» қарасы көрінді. Тегі дөңгалағы батып жолда тоқтап қалған сияқты. Әйтпесе өзен бойына әлде қашан жетер еді. Минут өткен сайын мотоцикл мен «Автолавка арасы жақындай түсті. Өзеннің кең жайылымындағы бұрылысқа жете бергенде «Автолавка бір бүйірінен анық көрінді. Кабинадан Шегебайдың басы қатты жүрген машинадан қалтақ-қалтақ етеді. Дөңге көтеріле беріп жүрісін баяулатып сәл тоқтағандай болды. Сол мезетте мылтық атылды. Қосауыз аңшы мылтығы. Қорғасын оқпен оқтаған. Екінші оқ капитанның самайын тіліп өтті. Машина микрофонынан майор Серкожаевтың әмірлі үні естілді.

– Азамат Сүгіров таста қаруыңды! Қарсыласуыңның мәні жоқ. Баратын жолың кесілген!

«Автолавқа дөңнен асып жоғалып кетті. Әлден уақытта үрейлі айқай өзен бойын жаңғыртты. Серкожаевтар жағаға жеткенде машина батқан жердегі судың беті үйіріліп, шұқыр жасады да қайта қалпына келіп тұнық аға бастады. Бұйра толқын астынан сопаң етіп қалпақ шықты да дөңгелене ағып бара жатты. Шегебайдың қалпағы. Серкожаевтар жағада біраз тұрып кейін оралды. Сүгіров суға кетті деп жорамалданды. Істің ақиқатына жету үшін Алматыдан әдейі сүңгігіш мамандар шақырылды. «Автолавка қорабы



сол батқан жерінде қалған. Ал кісі денесі табылмады. Сүңгігіштер Қаратал табанын біраз сүзіп шықты. Екі жеті өткеннен кейін қалың балдырдың астында қуыста шырмалып қалған кісінің денесіне кезігеді. Бет-аузы кісі танығысыз. Су жәндіктері шұқып, жеп тастаған. Мұның алдында Сейсеннің үй іші оның жоғалып кеткенін милицияға хабарлаған еді. Өліктің үстіндегі іш киімінен оның Сейсен екені анықталды. Осыдан кейін барып Сүгіров қашып жүр деген жорамалмен іздеу жарияланған еді. Әдеттегідей оның ерекше белгілері көрсетілді.

Осы оқиғадан бір жыл өткеннен кейін барып Шегебай ұсталған еді. Оны алғаш көрген – Қаражан. Ол Алматының ауылшаруашылық институтының механика факультетіне емтихан тапсыруға кеткен болатын. Сәния екеуі ресторанда тамақ ішіп отырғанда, сақал-мұрты өскен, бірақ білімдар кісіше сәнді киінген біреудің бұрыштағы оңаша столда ақ сары толық әйелмен сөйлесіп отырғанын көреді. Алғаш назар аудара қоймайды. Отырыс-қимылы таныс сияқты. Қасындағы Сәнияға:

– Сен анау отырған боз костюмді кісіні байқап қарашы. Сыр берме, көз тіккенінді, зер салғаныңды білдіртпе, – деді.

Сәния қолаң шашын иығына сілкіп тастаған боп басын шұғыл бұрып көз қиығын тастады. Шегебай екенін анық таныды.

– Ойбай, мынау бәле қайдан жүр? Өңін өзгертіп алған соның өзі ғой. Мұны суға батып өлді дегені қайда? Өлген тірілетін бе еді? – деп шошып кетті.

– Өтінем, енді ол жаққа қараушы болма. Танымаған кісідей тамағыңды іше бер, – деп еңкейе түсіп күлдіргі әңгіме айтқан боп ыржиып күліп қойды. – Қайткенде милицияға хабарлау керек. Не істесек екен?

– Қонақ үйдің алдында милиционер жүр. Сыртқа шыққан кісі боп соған айтайын.

– Бұл жерден дәл қазір қозғалуға болмайды. Ол сезік-тенеді. Бәлкім, оның мылтығы бар шығар.

– Еркіне қоя бермексің бе?

– Бір амалын табамыз. Шыдай тұр.

Осы кезде жай киім киген Гладков залға кіре қалды.

Ол темекі алуға келіпті. Қаражанды көріп күле сөйлеп қасына келді.

– Ресторанға келгеніңе қарағанда, бірінші емтиханды тәуір тапсырған секілдісің. Қане, қандай баға алдың? – деп ашық жүзбен жарқылдай күліп қасына келгенде, Қаражан алақанын жайып қолын ұсынды.

– Бес!

– Солай боларын білгем!

– Қарсы болмасаңыз, Борис Федорович, алғашқы емтиханның сәтті басталған құрметіне алып жібермейміз бе?

– Сен шырын қосқан салқын шай ішкенде жалғыз өзім арақ сімірмекпін бе? Мұның әділетсіздік қой, бауырым. Емтиханың аяқталған соң Сәния екеуің біздің үйге келесіңдер. Оған дейін әйел де дем алыстан оралады. Ой, сонда еркін отырып тойлаймыз. Қазір қыстама, бәрібір ішпеймін, – деп стол жанынан өтіп бара жатқан офитциантқа сыпайы тілек етті.

– Маған бір құты «Қазақстанның сигарет әкеп бере қойыңызшы».

Осы бір сәтте Қаражан капитан Гладковқа бұрышта әйелдің қасында еркіндеу отырған Шегебайдың кім екенін айтып та үлгірген еді.

– Қызылжар милициясы бір жыл бойы соңына түсіп таба алмай жүр. Кісі өлтірген өте қауіпті қылмыскер. Не істерімді, кімге айтарымды білмей дымым құрып отыр еді. Жақсы келдіңіз.

– Бәрін ұқтым, – деп Гладков темекісін тұтатып жатқан боп бұрыла қарап алды. Зажигалкасын өшірді де, – бандит сендерді байқаған секілді. Тықыршуы солай. Тамақтарыңды ішіп болсаңдар, тез кеткендерің жөн. Танымаған, байқамаған, сезбеген кісідей еркін елеусіз тұрып жүре беріңдер. Қалған жұмысты жолдастардың өздері жасайды. Бұл қызметіңе де рахмет, – деп күліп шығып кетті.

Бұдан соң милиция Шегебайды уысынан шығармады. Ол іле бойындағы жаңадан құрылып жатқан совхозда механизатор боп істейтін көрінеді.

Құм арасында егістік жерге жаңа орындар дайындауға қатысқан боп жүрсе керек. Түн ішінде ұйықтап жатқан

жерінде тырп еткізбей ұсталып, қамауға алынды.

Күзетші милиционер Сүгіровты айдап келіп өзі бөлмеге кабаттаса кіріп еді: Майра оған «кете беріңіз. Қажет болса шақырармын – деді де, Шегебайға орындыққа отыруға әмір етті.

– Азамат Сүгіров, отырыңыз. Танысып қояйық, Тергеуші милиция лейтенанты Майра Құрбанова. Аты-жөніңіз, фамилияңыз кім?

Майраны көріп босағада состиып тұрып қалған Шегебай таңырқаған түрмен ақырын жылжып басып орындыққа кеп отырды. Майрадан көз алмай, екі ұртын саусақтарымен айғыздай сипалап:

– Сен былтыр Дархан деген қала жігітімен біздің үйге келген қыз емессің бе? Атың Майра ғой? – деді.

Майра қатқыл үнмен:

– Мен өзімді таныстырып өттім. Сұраққа жауап беріңіз, – деді.

– Кісіні танып тұрып сұрау тергеушінің парызы ма? Менің кім екенімді жақсы білесің ғой.

– Жауабыңызды күтіп отырмын.

– Менің аузымнан шыққан жауапқа құмар болсаң айтайын: Әкем аты Сүгір. Атым Шегебай. Туған жерім Көктас.

Майра Шегебайдың берген жауабын протоколға жазып жатқанда ол қағазға үңіле қарап:

– Сауал қоюыма рұқсат ет, – деді.

– Іске қатысты болса сұраңыз.

– Былтыр өзіңмен еріп келген жігіт қайда? Әкесі Алматыдағы беделді, дәулетті кісі деп естіп ем? Сері жігіт машинаны қолғапша ауыстырып әлі шолжындап жүр ме?

– Сіз аудандық милиция бөлімінің бастығы Дархан Жайлыбаев жөнінде айтып отырсыз ба?

– О да милиция ма еді? Құдайым-ау, бәрің үймелейтіндей не жазып едім? Айыбым, жазығым не?

– Оны өз аузыңыздан естіп білгім келеді.

– Қыр соңыма түсетіндей үлкен қылмысым жоқ. Рас, кілем, кездеме, қант-шайға аздап тиын қосып сатыппын. Қысы-жазы салпақтап жүрген соң еңбегімнің қаруын қайтарайын дедім. Сауда болған соң оның кіріс-шығысына

зиян боп тұрады. Аздап қорың болмаса күйіп кетесің. Амалсыздан жасаған іс те, тәйірі.

– Жалған жауап берсеңіз, қылмыс үстіне қылмыс жама-латынын ескертем.

– Киноларда талай естіген сөзім ғой бұл. Қолымнан жасағанымды мойныммен көтерем де. Жасырмай шынымды ғана айтып отырмын.

– Сіз «Бірлік» колхозында тұратын Сейсен Көлбаевты білетін бе едіңіз?

– Кім дедің? Ә, әлгі Сейсен деген маскүнем болушы еді. Сұрап отырғаның сол ма?

– Иә.

– Бейшараның аты аталып қалыпты. Кісі қатарына қосылып қалған екен-ау!

– Оны өлтіріп тастады!

– Өлтірген?! О, тоба, сорлы бейшара кімге бөгет жасады екен.

– Соны сізден сұрайын деп едім.

– Менен бе? Оған қандай қатысым бар?

– Оны өлтірген мына сіз!

– Жаппа, ондай сұмдығыңды! – Шегебай жұлқынып атып тұрды. – Бұл ауылдан кеткеніме жылдан асыпты. Қалайша мен өлтіріппін!

– Азамат Сүгіров, отырыңыз!

– Мені өйтіп күйдірме! Өздерің таппаған өңшең өлім-жітіміңді маған жаппақсың ба? Ондай айла-тәсілдеріңнен дөнеңе шықпайды.

– «Автолавамен қашқан күні оны өзіңізбен бірге ілестіріп кетуіңіздің мәнісі қалай? Машина ішіне ол қалай тап болды?

Шегебай жауап қатпай үнсіз түнеріп, түйіліп ойланып қалды. Бұған тағылатын үлкен айып Мардан Пәрменов жөнінде болса керек еді. Тергеуші сұрақты содан бастамағанына қарағанда, оны пышақтап өлтіргенін милиция білмейтін секілді. Демек, қанды оқиғаның сыры ашылмай қалған. Олай болса өмірден күдер үзу, өлім жазасын мойындау ерте екен. Ал Сейсеннің өлімін бұдан көргенімен, милиция мойнына дәлдеп қоя алмайды. Арақ ішкенде ес-

түсін білмей лағып кететінін жұрттың бәрі білетін. Мас түгіл сау кісі де суға кетіп жатады. Және оның кабинада қатар отырғанын ешкім көрген жоқ. Машинаны суға құлатар алдында кабинаны ашып өзенге итеріп жіберген. Денесі машина ішінде қалуы мүмкін емес. Сондықтан қайдағы біреудің суға кетіп өлгеніне жауапты бола алмайды. Дәл қазір бұған Сейсеннен келетін бәле жоқ. Ойын осылай түйген Шегебай:

– Сейсенді білмеймін. Машина ішінде жалғыз болатынымын. Оны көрмесем, қалай өлтірем? – деді.

– Машина жардан құлағанда «Ойбай, өлдім, өлтірді; Құтқарыңдар!» – деп айқайлаған кім?

– Бәлкім, мен айқайлаған шығармын,

– Неге?

– Сырт кісіге бұлай сұрақ қою оңай. Сорлының күнін сор кешкен біледі деген. Неге дейсің? Жасым кырықтан асыпты. Жас нәресте көрмеппін. Айып әйелден бе деп едім, Сәнияның екіқабат екенін білгенде, жарылып кете жаздадым. Өзімді қоярға жер таппадым. Бар пәле өзімнен екенін білдім. Қор екенімді, сорлы екенімді сездім. Жаралы көңілімді Жаңылмен жұбатам ба деп ем. Ол да маған карамады. Сендерді күтіп жүр екен. Қонақ жасағаннан кейін көп ұзамай кетіп қалды.

– Қайда кетті ол?

– Алматыда артист дайындайтын курс бар ма, қалай? Сонда оқиды деп естідім.

– Әлгі әңгімеңізді жалғай беріңіз.

– Жаңыл кеткен соң шешемнің үй ішіне, балаға деген көзқарасы өзгерген секілді. Байқұстың өмір бойы көксегені Сүгірдің ұрпағы қалса екен, немере сүйсем екен деп тілейтін. Бұл тірлігім нәрсіз екенін білгеннен соң өлейін дедім. Шын бекіндім. Кісі өлімге басын байлағанмен, жан тапсыру қиын екен. Қараталдың қара бұйра толқыны түпсіз апан, суық көрдей көрінді. Қорыққанымнан айқайлап жібердім. Өзенге құлағанда батып өлейін деген ой менде болған жоқ. Қайтсем тірі қалам, жағаға аман шығам деп ойладым.

– Сіздің айтқаныңыздай-ақ болсын. Сенейік. Онда қуғын-

шыларға, милицияға оқ атқаныңыз қалай?

– Сол бір ашынған сәтте адам атаулыны атымен жек көрдім. Өз қазама кісіні куәгер еткім келмеді.

– Бәлкім, жауаптылықтан қорыққан шығарсыз?

– Қылмыс жасамасам, несіне қорқам?

– Сейсеннен сескенетін бе едіңіз?

– Мына мен, ауылдағы білдей азамат қайдағы маскүнемнен сескенеді екем! Оны қайдан шығардың?

– Жан адам білмейді, сезбейді деген құпияны көріп қойған шығар.

– Маскүнем ешқашан сырласым да, мұндасым да болған емес. Кезінде кіммен табақтас, астас болғанымды білесің.

– Сізді ұстаған кезде қалтаңыздан Тайбековтың атына берілген паспорт табылды. Паспорт кімдікі?

– Кімдікі болушы еді? Өзімдікі?

– Колхоз ішінде, аудандық тұтынушылар одағы басқармасының кіріс-шығыс қағаздарының бәрінде Сүгіров боп келдіңіз. Солай ма?

– Қырықтан асқанша Шегебай Сүгіров бала көрмепті. Сол қарғыс атқан аттан құтылып, атамның атын алдым. Әруақты кісі деуші еді. Шапағаты тиер дедім.

– Атаңыздың аты Тайбек емес, Тойбек. Оны өзгерткеніңіз қалай?

– Паспорт толтырушы қате жазған да. Тіпті соған назар аудармаппын.

– Жалған паспортпен жасырынбақ ойыңыз болды. Солай ма?

– Атасының атымен жүру айып па екен? Онда бүкіл жұртты шетінен ұстап жазалаңыз.

– Милиция іздеу салған кезде әдейі шатастырмақ ойыңыз болды. Бұған кейін тағы ораламыз. Ал қазір аудандық театрда қашан, қай уақытта жұмыс істедіңіз? Сол жайында толығырақ айтыңыз.

Шегебай сұрлана жалт қарады. Өңі бұзылып кетті. Сол сәт бойын билеп бір қалыпты үнмен ақырын сөйледі.

– Қасы-көзіңді бояп, топ алдында додаға түсіп жүргенмен өзі бір берекесіз де мазасыз да кәсіп екен. Жұртқа танылам десең кесек, жақсы рольді ойнауың керек екен. Оны саған

беріп жатқан режиссер жоқ. Әйтеуір шеттетудің амалын табады. Одан жолым болмайтын болған соң сауда қызметіне ауысып кеттім. Оған өкінбеймін.

– Жұмысқа кім алды?

– Тазабековтың тұсында кірдім.

– Театрдан кеткенде одан дүние-мүлік алған жоқ па едіңіз?

– Өзі жарымай отырған аудандық театрда не мүлік бар дейсіз! Сахнаға шыққанда етек-жеңін өрнектеген ескі барқыт шапанын киіп жүретінмін. Сонысы менде кетіпті. Сұрамаған соң қайтарып бере қою есіме келмепті. Сарайдың ішінде ескі кара сандықтың үстінде жататын еді. – Сол кара сандықты жиі пайдаланушы ма едіңіз?

– Жок-ә, оны қайтем.

– Азамат Сүгіров, милиция қызметкеріне оқ атқаныңызды мойындайсыз ба?

– Қуғыншыға оқ атқаным рас. Олардың милиция қызметкері екенін білгенім жоқ. Ол кезде мен мүлде мас едім. Сізге оқ ату себебін де айттым.

– Соңғы жолы Сейсен Көлбаевты көрмедіңіз және оны жолықтырған жоқсыз. Солай түсіндім бе?

– Дәл солай.

– Ес-түсіңізді білмейтін мас кісі қасындағы серігін суға итеріп өзі қалай аман қалады?

– Саған жалғыз екенімді айттым. Ал аман қалған себебімді сұрасаң: көзге өлім елестегенде кісі тез айығады екен.

– Тағы ескертейін: жалған жауап жазаны ауырлатады.

– Бұл айтқан жауабымның растығына қолымды қоямын және сот алдында мойындаймын.

– Сотқа дейін тағы бірсыпыра жайды анықтап алғанымыз жөн. Оған қарсы болмайсыз ғой?

– Білгенімді түгел айттым.

Келесі күні және онан кейінгі күндері жауап алғанда осындай бір сарынды сұрақтар қойылып жүрді. Көбіне «Автолавкаменң кашқан себебін және Сейсен Көлбаевты қасына ертіп алған мәнісін айқындағысы келгендей әңгіме қайталана берді. Бұл Шегебайға үлкен үміт туғызды. Милиция қылмысты мойынға қоятын айғақтық дәлел таппай жатқандай көрінді. Соңғы жолы жауапқа шақырғанда ол

өзін еркін, сенімді ұстады. Есіктен кірген сәтте Майраға және оның отырған столына қарап өтті. Әдеттегідей бүгін стол үстінде қат-қат қалың қағаздар, папкалар байқалмайды. Жылтыр, таза қалпында қалған. Бәлкім, оны ақтап, босатып жіберетін шығар. Осындай бір алдамшы қуаныш көкірегінің кернеп өтті. Өзіне үйреншікті жалғыз орындыққа асыға басып кеп отырды.

Майра суық жүзбен тесіле қарап, Шегебайдың жайласып отыруын күтті де, сәлден соң:

– Ноян Тайшықовты танысыз ба? – деді.

Шегебай ойланбай жауап қатты.

– Жоқ, білмеймін. Естімеген адамым.

– Байыс Құдияровты ше?

– Құдияров дейсіз бе? Байыс... Ондай жас жіптпен кездескенім бар.

– Құдияровпен қай жерде, қалай танысқаныңызды айтып шығыңыз.

– Жас жігітке бұл сырды аузымнан шығармауға серт беріп едім. Тергеу үстінде антты бұзғаныма Байыс кешірім берер, – деп тау ішінде қараңғы кеште Құдияровпен қалай кездескенін бастан аяқ айтып шықты. – Қыр салтын білмейтін қала адамы емес пе? Біраз ләззат алсын, ел танысын деп жайлауды қыдыртып қайттым.

– Ол сапарыңыз бізге мәлім.

– Әйел аузында сөз тұра ма? Сірә, жас жігітпен жолыққанын мақтан көріп жұртқа жайған ғой. Әй, Зиягүл-ай...

– Майра оның сөзін бөлді.

– Құдияровтың түр-түсін сипаттап шығыңыз.

– Орта бойлы, ақ құба келген әдемі жігіт. Сөзі сыпайы, жақсы ортада өскені байқалады. Ішкен кезде көтеріліп, мақтанып кететін секілді.

Шегебайдың сипаттап отырған адамы Зиягүл сипаттап берген Ноян Тайшықовқа мүлде ұқсамайтын еді. Әдейі бұрмалап отырғанын Майра сезді. Тартпадан Тайшықовтың суретін алып Шегебайдың алдына қойды.

– Сізге кездескен осы кісі ме?

– Жоқ-ә, мынауың жулик пе, кім өзі? Түрінен адам шошитын бәле ғой.



– Куәлар жайлауға сізбен бірге қыдырып жүрген осы кісі деседі. Бұған не дейсіз?

Шегебай басын қисайтып қолын созды.

– Суретін тағы бір көрсетіңізші.

– Суретке үңіле қарап, көрген жанды дұрыс сипаттай алмайтын жыным бар. Көңілдегі сезім ауыздан шыққанда мүлде өзгеріп кетеді. Бір жылдан асып кетті. Күніге кездесіп жүрмеген соң ұмытып та қалыппын. Мүмкін, осы болар, қайдан білейін, – деді.

– Оған жаңа киім-кешекті сіз бердіңіз бе?

– Алғаны пәлендей үлкен зат емес, костюм мен бір жейде ғой.

– Бәтіңке ше?

– Арзанқолдау, өзіміздің «Жетісу» фирмасыныкі болатын.

– Бәтіңке жаңа ма еді?

– Әрине, дүкендегі заттың бәрі жаңа ғой.

– Танымайтын кісіге бәрін үйіп-төгіп бере салғаныңыз қалай?

– Рысекеңнің жиені болған соң несіне аяйын.

– Рысекең деген кім?

– Өзіміздің бастығымыз Рысбек Шолақовты айтам да.

– Шолақовты танитын ба едіңіз?

– Жоқ-ә, жиені арқылы танысып қалам ба деген баяғы дәме де.

– Құдияров арқылы таныспақшы болған екенсіз ғой.

– Иә.

– Жайлаудағы сапардан соң Құдияров сізбен хабарласты ма?

– Алматыға бара қалсам жолығармын деп жүргенмін, Шұғыл сөйлесе қалатындай ісім түсе қойған жоқ.

– Сол кезде ауданға жиі барып тұратын ба едіңіз?

– Ауданға бармай «Автолавканың» жұмысы бітпейді. Товар алған сайын не жайлауға жүрер алдында бастығыма соғатынмын.

– Мазабековке ме?

– Иә.

– Ауданға барып жүргенде колониядан аса қауіпті қылмыскердің қашқанын естіген шығарсыз?

– Қазір дәл есімде жоқ. Милицияда жұмыс істемеймін. Ондайды теріп қайтем.

– Сөйтіп, Құдияров болып жолыққан адамның сөзіне сендіңіз ғой?

– Түрмеден қашты деген жаман ой басыма келмеді. Әйтпесе оны жайлауға қыдыртып жүрем бе?

– Сізге жолыққан кезде Құдияровтың үстіндегі киген киімін айтыңызшы.

Шегебай сәл ойланып қалды.

– Киім дейтіндей жөнді киімін байқай қоймадым. Көйлек шалбардан басқа дәнеңесін көрмедім-ау. Тоңып, бүрісіп панасыз жандай жолыққан еді. Жаным ашып кетті.

– Мардан Пәрменовпен ағайындық жақындығыңыз қандай?

– Екеуіміздің атамыз бір кісінің баласы. Бабамыз екі қатын алған кісі екен. Оның әкесі бәйбішеден де, менің әкем тоқалдан тараған боп келеді. Бұрынғы кезде бәйбіше мен тоқал балалары ұзақ кеп ауыл боп шұбыра көшіп Қараталдың екі жағын жайлайды екен.

Қазір қалған ағайындар бір колхоз боп ұйысып отыр.

– Әкеңізді білесіз бе?

– Неге білмейін. Майданға аттанғанда шешеміз екеуіміз Жалтыр станциясына шығарып салғанымыз есімде бар. Онда мен алты жаста болатынмын.

– Одан жиі хат алып тұрдыңыздар ма?

– Алғашқы кезде хабар-ошарсыз кетті. Жылға жуық хабар алмадық, білем. Шешем ұзақ түндерді жылаумен ұйқысыз өткізіп жүрді. Сонан соң бір-екі мәрте үшбұрышты солдат хаты келді. Кейін ес білгенде хабарсыз кеткендердің қатарында деп естідім. Талай қыршын із-түзсіз жоғалып кетті ғой.

– Қызыл Армияның семьясы ретінде мемлекеттен жәрдем алып тұрдыңыздар ма?

– Әкеден айрылған жалғыз біз бе екен. Соны апамнан күнттап сұрамаппын.

– Ләтифаның өзі сізге айтқан жоқ па еді?

– Бұл жайында әңгіме болған емес, – деп Шегебай бір сәт үнсіз отырды да.

– Иә, айтқандай, бір жолы мектептен келе жатқанымда қойманың алдында кезекте тұрған жүдеу жұртты көрдім. Онда мен жаңылмасам, екінші класта оқитынмын. Соғыстың аса ауыр кезі болу керек. Қастарына барып кезекте неге тұрғанын сұрағанымда Қызыл Армияның семьясына алты қадақтан қара бидай беретінін айтты. Қуанғанымнан үйге жүгіріп келіп апама айтқанымда «Әзірге ішім-жем бар. Өкіметтен сұрап қайтеміз дей салды. Бармады.

– Мардан Пәрменов екеуіңіз жақын ағайын екенсіз. Араларыңызда кіргілжің-керіс, көп көзіне шалынған ұрыс-талас болып па еді?

– Біз ағайын ішінде аса тату адамдар болатынбыз. Өз басым Марданның алғырлығын, адамгершілігін ерекше сыйлайтынмын. Әкеміз барда бұл екі үйдің іргесі ажырап көрген емес.

– Пәрменовті өлтірген күні қайда болдыңыз? – Есіңізге түсіріңізші.

– Қайда дейсіз бе?

– Шегебай ойланып қалды. Қазір дәл есімде жоқ. Әйтеуір ауылда болмағанымды білем.

– Сонда қайда жүрдіңіз?

– Ауданға товар алуға кеткен болармын.

– Товар алуға қай кезде кеттіңіз?

– Әдеттегідей таңсәріден барып керекті бұйымдарды іріктеп алуға кірісеміз. Бірақ, сол күні құр қайттым-ау деймін.

– Неге?

– Қоймашы ауырып қалып, жұмысқа шықпай қалды білем.

– Сейсен Көлбаевты сол күні көріп пе едіңіз?

– Сол маскүнемді алдыма көлденең тарта беретінің қалай? Таң ертеңмен жұмысқа кеткен болатынмын. Ешқандай Сейсенді көргенім жоқ. Керек десең, Көлбаевыңды білмеймін де!

Майра Шегебайдың түсі бұзылып, шамданғанын елемей сұрағын жалғастыра берді.

– Соңғы кезге дейін облысқа, орталыққа колхозшылардың атынан жазылған арыздар әлі күнге дейін тиылмай келеді. Арыз мазмұны мынау: колхоз дәрігері Мардан Пәрме-

новты өлтірген қылмыскер бостандықта жүр. Милиция, заң орындары әбден параланған. Мұнда жершілдік, ағайын-шылдық күшті. Қылмысты бүркеп, қымтап жасырады. Тағы осы секілді сөздер. Бұл арыз бойынша тиісті орындардан талай арнаулы комиссия шығып тексеріп, қарады. Мұндағы колхоз мүшелерімен сөйлесе келгенде олардың арыз жазбағаны, жоғары жаққа шағым бермегені мәлім болды. Ал сол арыздың бәрі бір кісінің қолымен жазылғаны анықталды. Байқасақ, сіздің қолыңызбен жазылған екен.

– Ағайының өліп, қазалы күйге ұшырап қан жұтқанда ашулы кісі не демейді. Арыз жазғаным рас. Одан таймаймын. Ақтық демім біткенше сол бауырымды өлтірген қанқорды әшкерелемей кетпеймін. Марданды өлтірген сендер қорғаштап отырған Қаражан деп білем! Енді оны бүркеу себептеріңе көзім жетті. Біреуіңе алшандатып ат мінгітсе, екіншісіне жібек шапан жапса, әрине, ауыздарың жабылады!

– Мұны дәлелдей аласыз ба?

– Жұрт көзімен көргенді несіне дәлелдеймін. Әуелі сол тойға келген ерлі-зайыпты орыстардың өзі таңғалыпты ғой. Қалай тегін беріліп, шашылып жатқан дүние депті.

– Ол куәлермен беттесуді қаласаңыз оларды да шақырамыз.

– Ара ағайын ғой, келсін, әділін, шынын айтсын.

– Өтінішіңіз орындалады.

Келесі күні Майра қат-қат жазылған төпелеме қағаздарды әкеп Шегебайдың алдына қойды.

Мұнда кешегі берген жауаптарыңыз жазылған. Әр бетті, әр жолын асықпай оқып шығыңыз. Дұрыс жазылмаған жері болса айтарсыз.

Шегебай алдымен көз жүгіртіп тұтас оқып шықты да, сонан соң әр бетке үңіле қарады. Қолын қояр сәтте тағы бір аударып қарап өтті. Өзіне таңылған ашық айыптың жоғын байқап көңілі шаттана түсті. Тергеуші жас, тәжірибе аз, қылмысты тап баспай айналшақтап, жалпылама сұрақтармен тежеліп келеді. Берген жауапқа қарсы дау айтып таласпайды, зекімейді. Ынжық, дүмбілез, тайыз жанның күйін танытқандай істері тым сылбыр. Тегі бастығы мықтап тапсырған ба, қалай, Сейсен Көлбаевтың өлгенін

үлкен айып қып көлденең тартқысы келеді. Одан келетін пәлендей қырсық жоғын Шегебай алғашқы сәтте сезген. Бүйтіп дәлел таппаса көп ұстай да қоймас. Шегебай мұндай жасық тергеушіге тап болғанына іштей қуанып та отыр. Еңсесін көтере көтеріңкі көңілмен:

– Айтқанымды айнытпай көшіріпсің. Мұншама көп сөздердің бәрін рет-ретімен қалай есінде сақтағансың. Тіпті таңым бар, – деп протоколдың соңғы бетіне дейін қолын қойды да қаламын тастай салды.

Майра протокол беттерін тәртіптеп жатып:

– Бұған алып-қосарыңыз бар ма? – деді.

– Бәрін айтқан сияқтымын. Майра таңқалғандай шырай білдірді.

– Солай ойлайсыз ба? Меніңше, негізгі оқиғаның төңірегінде малтығып жүрміз бе деймін.

Майраның осы бір сәттегі реңі Шегебайға сұсты, зәрлі көрінді. Жұмсақ, нәзік мінезі лезде өзгеріп кеткен. Үрейі ұшып кетті.

– Қандай оқиға? Соншама не жасап қойыппын?

– Қандай оқиға екені, азамат Сүгіров, сізге мәлім болса керек, – деді.

– Жоқ, мен дәнеңе білмеймін. Қанқорың анау Қаражан! Менен аулақ!

Майра жауап қатпады.

Милиционер келіп Шегебайды алып кетті.

## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

Лейтенант Құрбанова бұ жолы қылмыскерден өз кабинетінде отырып жауап алды. Милиционер Шегебайды алып кіргенде ол жан-жағына үрке, абайлап қарады. Стол үсті кешегідей таза, ұшталған жалғыз ғана қарындаш жатыр. Майра қарындашты екі алақынына салып иіре айналдырып қарсындағы орындықты нұсқады.

– Отырыңыз.

Шегебай:

– Кешегі сөзіңнен қатты шошындым. Маған сұмдық

бәлені аудармақ түрің бар. Қане, тағы қандай қылмыс жасаптын? Соны білгім келеді! – деп орындыққа бар салмағымен сылқ етіп отыра кетті.

Майра микрофонды Шегебайдың алдына жақындатып қойып:

– Сұрақ-жауап магнитофонға жазылады, – деді де ілгек түймені сырт еткізіп саусағымен жылжытып жіберді. Қос табақша жайымен айнала бастады. – «Маған сұмдық бәлені аудармақ түрің бар» дейсіз. Не үшін қамалып, тергеуде отырғаныңызды анық білмейсіз бе?

АЙЫПКЕР. Мені ұстаған кезде «Мынау прокурордың санкциясың деп орденді алдыма тосты. «Автолавкамен» қашқанда мастықтың қырсығынан қуғыншыларға оқ атқанымды білем. Ел арасында сауда жасап жүргенде қантшай мен кездемеге аздап тиын қосқаным рас. Милиция қыр соңымнан қалмай жүргенде, соны айып қып тағар деп ойлағам.

ТЕРГЕУШІ. Басқа жасаған қылмысыңыз жоқ. Солай ма?

АЙЫПКЕР. Қылмысты десең дәлелінді айт, мойныма қоятын бол!

ТЕРГЕУШІ. Бөгелмей айта беріңіз.

АЙЫПКЕР. Осында алып келгенде оңаша ұстап, қадағалауын қатайтты. Тас үйге қамап қойды. «Ау, не жазығым бар? Кінәм болса, айтып жазаласандаршы!» дегенімде, анау Жәркешев дегенің «Қанішер алапес әрі ел арасына іріткі салған нағыз бұзық сенсің. Кісі өлтіргенінді мойында!» – деп түсімде көрмеген қайдағы сұмдықты айтты. Мұндай қорлыққа шыдай алмай прокурорға, жоғары жаққа шағым бердім. Оны сенімен ауыстырғанда әділетке, жөнге көшер деп ем. Байқаймын, сен де ақырын бауырлап жылжып өлтіре шаққалы келе жатырсың. Енді менің аянатын дөнеңем қалған жоқ. Жағаласып, жармасып өлем! Соны біліп қой!

ТЕРГЕУШІ. Капитан Жәркешев аса тәжірибелі, білімді қызметкер. Сіз жаңсақ айтып отырсыз. Біріншіден, ол тергеу жұмысын жүргізген жоқ. Тек қылмыскерді ұстауға және алдын ала тергеуге ғана қатысты. Екіншіден, «Менің жазам қандай болады?» – деп сұрағанда, «Айыбыңды шын мойындасаң, сот жазаны жеңілдетуі мүмкін деп жалпы

тәртіпті ұқтырды. Істің насырға шабатынын сезіп, жан-жаққа арыз жаза бастадыңыз. Бұл правоңызды ешкім тимайды.

АЙЫПКЕР. Сол капитан Жәркешевің қайда?

ТЕРГЕУШІ. Ол облыста жұмыс істейді.

АҚЫПКЕР. Жоғарылап кеткен екен ғой?

ТЕРГЕУШІ. Иә.

АЙЫПКЕР. Үстінен шағым, арыз түскендер өсіп өрлеп кететін болған ба, қалай? Түсінбеймін!

ТЕРГЕУШІ, Өтініш пен өтірікті ажырату қиын емес.

АЙЫПКЕР. Өтіріктің қара бұлтын төндіріп қаралағалы отырған жоксындар ма? Қайдағы бір маскүнемнің өлгенін менен көргілерің келеді.

ТЕРГЕУШІ. Сіз азамат Сейсен Көлбаевты ғана емес, сонымен бірге колхоздың бұрынғы дәрігері Мардан Пәрменовті өлтіргеніңіз үшін ұсталып отырсыз. Екі бірдей азаматтың өліміне кінәлысыз.

АЙЫПКЕР. Пәрменовті өлтіріппін бе? Өз бауырымды, туысымды қандаппын? Ойбай-ау, бұл не сұмдық! Оны өлтірген анау Қаражан Егеубаев! Ұқтың ба, қанқорың сол! Соны ұста, соны жазала!

ТЕРГЕУШІ. (Сабырлы қалыппен). Өзіңізге таңылған айыпты мойындайсыз ба?

АЙЫПКЕР. Мен қаннан аулақпын. Жала бұл!

ТЕРГЕУШІ. Сізден бірнеше күн бойы сұрақ-жауап алғанда кісі өлтіруге тікелей қатысы бар ма, бола қалған күнде себебі неден, соны анықтайық деп едік. Шындықты айтуға шақырдық. Бірақ сіз жалтарып бақтыңыз...

АЙЫПКЕР. Кісі өлтірдің, қанқорсың, мойында дейсің. Өйтсем, қара мылтық өз желкеме қадалғалы тұр. Сонда жасамаған қылмысты мойындап орға жығыл дейсің бе?

ТЕРГЕУШІ. Сол қайғылы күні Мардан Пәрменовпен қалай кездестіңіз? Соны айтып шығыңызшы!

АЙЫПКЕР. Ол менің қандас бауырым.

ТЕРГЕУШІ. Сондықтан да пышақ салған себепті сұрап отырмын.

АЙЫПКЕР. Бұ жұрт не дейді? Жалғыз бауырымды өлтірген кәззап бостандықта жүрген жоқ па? Соны барып ұста! Содан сұра!

ТЕРГЕУШІ. Шындықты мойындай қою аса ауыр екенің ұғам. Қайткенмен де Мардан туыс қой. Өз бауырымды өлтірдім деп қалай айтарсың? Азғана ұяты бар кісінің ел бетіне қарауға жүзі шыдамайды. Солай ма?

АЙЫПКЕР. Не айтып отырғаныңды түсінбедім.

ТЕРГЕУШІ. Онда оқиғаның қалай болғанын шамамен айтып берейін. Көп уақыттан бері, тіпті бала кезден көкірекке ұялаған болу керек, Мардан Пәрменовті қайткенде де өлтіруге серт бердіңіз. Оның себебін білмеймін. Оны өзіңіз айтарсыз деп ойлаймын.

Шынын айту керек, бұрын кісіге қол көтеріп көрмеген, ұрыс-төбелес дегенді жөнді біле қоймайтын жанға мұндай сұмдықты жасау оңай емес еді. Не істеу керек? Алғаш тасада бұғынып жатып атып өлтіру оңай көрінді. Қонаққа шақырған милиционердің түн ішінде қалтасын тінтіп, пистолетінің оғын санап, ақыры біреуін ұрлап алғаныңыз содан ба деймін. Бірақ пистолеттің өзін қолға түсіру қиын еді. Және атылған мылтықтан әшкереленіп қалу оңай. Бұл жарамсыз әрекет көрінді, Пәрменовті өлтіруге септігі тиетін құрал табылып қала ма деген оймен түнде үйге келген қонақтың қалтасын қарайтын болдыңыз. Кейін бұл әдетке айналып кетті. Үйге келген қонақтың қалтасын тінтімей көңіл көншімейтін болды. Осылай күндер өтіп жатты.

Бір жолы ауданға барғанда милиция бөлімшесінің үйі алдында қара тақтаға ілінген суретке көз түседі. Тақап барып жазуын оқығанда, колониядан қашқан Ноян Тайшықов деген біреу екен. Сол бір сәтте осы қолайлы кезенді пайдаланып қалу ойға келе қалды. Жасаған қылмысты қашқыннан көретіндей етудің тәсілін ойлап көрдіңіз. Сөйтіп жүргенде, көп ұзамай Қаратаудың қуысында елсіз жерде Тайшықовтың өзі кездесе кетті. Оның Құдияров емес екенін бірден білдіңіз. Алғаш Пәрменовті өлтіруге жұмсамақ боп, кейін тез айныдыңыз. Мұндай баскесермен сыбайлас болу қатерлі еді. Әккі залым Тайшықов та Сүгіровтің киім-кешекті аямай мұнтаздай киіндіріп, сонан соң сырт беріп тайқып шыға келгенін сезді. Сыртқа сыр бермей іштей ұғысып, түбі керек боп қалсақ бір-бірімізді тауып алармыз деген ниетпен ажырасып, қош айтыстыңдар.



АЙЫПКЕР. Кісі таңқаларлық ғажайып нәрсе...

ТЕРГЕУШІ. Азамат Сүгіров, бірдеме айтқыңыз келді ме?

АЙЫПКЕР. Жоқ, мен жай...

ТЕРГЕУШІ. Сол қайғылы оқиғадан бір күн бұрын наукастанып жатқан әйелінің көңілін сұраған боп Пәрменовтің үйіне кіріп шықтыңыз. Келесі күні оның жиектегі ірі қараны көріп қайтқалы отырғанын білдіңіз. Жиекке баратын жол біреу. Қамысты сайдың тұсындағы айналма қара жолмен өтеді. Пәрменовті тас көпір тұсынан тосқан дұрыс көрінді. Дәл сол тұсқа жете бергенде, Пәрменовтің машинасы кілт тоқтайды. Қасына баруға оқталғанда, осылай қарай келе жатқан машина бөгет жасайды. Жүк машинасынан Қаражан Егеубаев түсіп, шофер екеуі Пәрменовке көмектеседі.

Пәрменов машинасын жөндеп болған соң арыққа барып қолын-басын жуады. Бұл кезде Қаражандар ұзап кеткен еді. Пәрменов машинаға оралғанда, кабина ішінде бөгде кісінің отырғанын көріп таңғалады. Ши қалпақ киген, жағы мен иегіне тұтас сақал байлаған, дурдиген кірпік жалғаған, аяғында бұдыр табан бәтіңке киген үңіле қарап, жауап қатқанда барып таниды. «Ой, сен қайдан жүрсің?» – деп сұраған да шығар. Оған да Ләтифа шешейге айтқан аңызды айттыңыз. Бірақ Мардан «Сәнияға барып келе жатырмын деген сөзге сене қойған жоқ еді. Ол Сәнияның біржола күдер үзіп кеткенін білетін. Сөзге алдандырып пышақты сілтеп қалдыңыз. Пәрменовтің былқ етпегенін көріп шошып кеттіңіз. «Ей, сен жындымысың, мұның не?» дегенше пышақпен тағы ұрдыңыз да тұра қаштыңыз. Пәрменов есінен танбады. Қылмыскерді тура қуды. Сол кезде жүрекке қан кетіп етбетінен құлаған еді. Оның орнынан қозғалмағанын көрген қылмыскер өз бетімен ақырын жүре берді. Өзін ешкім көрмейді деп ойлады.

Үйге тақала бергенде, Сейсен Көлбаев жолыға кетеді. Бұрын-соңды ауылда кездеспеген бейтаныс жанды көріп онымен сөйлесуге құмартады. «Әй, мына кәріс қайдан жүр десем, сен бе едің? Мынауың не бәле!» – деп тақақтап сұрай бастайды. Оған да Ләтифаға айтқан аңызды айта салдыңыз. Мұндағы бір қатеніз мынау еді: айтқан сөздің дұрыс-бұрысын анықтау үшін Сәниядан сұрай қояды деп ойламадыңыз.

Әрине, арақ берсе Көлбаев оңай алданар деген ой келді. Бірақ аузына арақ тисе, ол көргенін қызықтап айта беретін болды. Оны еркіне қоя беру аса қауіпті еді. Оның да көзін жою керек болды.

Ал оған жұмысқа киіп жүрген костюмды бергенде өзіңіше есеп жасадыңыз. Көлбаевтың денесін милиция жуық арада таба алмайды. Оған дейін су жәндіктері жұмсақ етті жемтіктеп жеп тастайды, бет-ауыздан танымайды, сырт киімге қарап «Сүгіров деп мөлшерлер деген ойға келдіңіз. Байқасаңыз, бұл айла да жүзеге аспады.

– Дәлелің қайсы? Алдыма сал, көрсет!

– Айғақ заттарды талап етесіз бе? Міне мынау ши қалпақ, жасанды сақал, өзіңіз киген табаны бұдыр бәтіңке, – деп Майра стол тартпасынан заттарды түгел шығарып Шегебайдың алдына қойды.

Шегебай бетін басып, еңкейіп бүгіле түсті. Әлден уақытта болымсыз ғана үні шықты.

– Мені оқшау камераға апарсыншы! Милиционер келіп Шегебайды алып кетті.

Екі күн өткеннен кейін Сүгіров өзін жауапқа шақыруды өтінді. Есіктен кірген бетте стол басында жалғыз отырған Майраға сазара қарап:

– Жалғыз өтінішім бар: жазып аласың ба, қағазға жазасың ба, мейілдерің. Қайсына болса да растап қолымды қоямын. Осы тілегімді орындауларыңды сұраймын, – деді.

Майра ойланып қалды.

– Қандай өтініш айтатыныңызды білмеймін. Сондықтан уәде бере алмаймын.

АЙЫПКЕР. Өкіметтің заңына қайшы келетін қисық тілеу тілемеймін. Бұл іске байқұс анамды куә етіп тарта көрмендер. Жасында күйеуі сатқын аталып, жас өмірін өксікпен өткізіп еді. Қартайғанда енді үміт артқан баласының қанқор екенін көрмей-ақ та, білмей-ақ та қойсын. Өткен жолы сенің сөзіңе мынауың дұрыс емес, анауың теріс деп дау айтып таласар едім. Өйтіп қиғалақ салсам бүкіл куәларды шақырып беттестіретінін білдім. Сорлы шешемді әуре-сарсаңға салып қайтем. Қорлықпен өткен өмірді қолмен жалғап ұзартпай-ақ қояйын. Тергеуді созғанмен, жаным қалмас.

ТЕРГЕУШІ. Ол мәселені сот шешеді.

АЙЫПКЕР. Сол сотыңа бар айыбымды мойындап барғалы отырмын.

ТЕРГЕУШІ. Қандай кінәм бар деп ұғасыз?

АЙЫПКЕР. Өткен жолы бәрін өзің тәптіштеп айттың. Көзбен көргендей ретімен баяндап шыққаныңа таңғалам. Әлде милиция білдіртпей ізімді бағып жүр ме еді?

ТЕРГЕУШІ. Милиция аңдып жүрсе Пәрменовті өлтірген сәтте тапжылтпай ұстап алған болар еді.

АЙЫПКЕР. Солай екен-ау. Ал мен...

ТЕРГЕУШІ. Өз бауырыңыз Марданға жастайыңыздан өшігіп, кектенген себебіңізді ұға алмадым. Адалдық, ағайындық, береке жақсылыққа табылмай өмір бойы өлім қуғаныңыз қалай? Жамандықты берік ұстағаныңыз не?

АЙЫПКЕР. Жамандықты берік ұстап, өмір бойы өлім қуғаның не дейсің бе? Мен оны іздеп пе екем! Көзімді ашып өмірге талпына бастаған шақта сол жамандықтың өзі кеп маған күйедей жабысқан жоқ па? Адалдық, ағайындық, жақсылық дейсің. Сол мол қасиеттің біреуі бойымнан табылмағаны қалай? Білмегің сол ғой?

Өткен жолы тергеу үстіндегі бір жауапта әкемнен алты жаста қалғанымды айтқанмын. 42-ші жылдың күзінде оны армияға шақырды. Сол жолы ауылдың өңшен боздақтары, сақа жігіттер іріктеліп тобымен соғысқа бір-ақ аттанған еді. Бүкіл жұрт станцияға жиналды. Ұзыннан ұзақ созылған қызыл вагондардың доңғалақ сықыры, паровоздың айқайы, әке-шешенің зарлы үні, жас арудың сыңқылдап жылаған дауысы кең даланы күңіrentіп тұрғандай. «Бұлар Отанын қорғауға кетіп бара жатыр. Қойыңдар, жыламаңдар!» – деген сабырлы үндер естіліп қалады. Бірақ шерлі, зарлы елдің қайғысын басатын күш жоқ секілді. Енді қайтып көрісетін күн туа ма, жоқ па дегендей қоштасып жатыр. Сонда әкемнің шешеме, айтқан мына бір сөзін естіп қалдым. «Ләтіш, тегі бұл сапардан оралмаспын. Бүгін жаман түс көрдім. Қос босағаны қалың өрт шалған екен. Соны сөндірем деп жатып қараңғы зындан түбіне құлап кетіппін, – дегенде, шешем «Олай деме, жамандыққа жорыма! Түс түлкінің боғы!» – деген деп жылап жіберді. Әкем сөзін жалғады. «Көп пе, аз

ба, тату-тәтті дәурен кешіппіз. Артық айтқан ерсі сөзім болса кеш, жаным, деп маған қарады. «Ал Шеге-батыр, сен апаңды тыңдап жүр. Енді үйдегі азамат сенсің. Қандай қиын күйге ұшырасамда сендерге дақ келтірмеймін. Менің сүйіктілерім-ай!» деп құшағын жайып апам екеуімізді қолтығына қысып құшақтады. Әкемнің ән айтып, домбыра тартатын өнері бар еді. Ауылда сері жігіт саналатын. Оның қасында жүргенде өзімді өзгеден биік, мәртебелі санайтынмын. Әкем мен үшін мақтаныш еді.

Алғашқы айларда әкемнен хат келіп тұрды. Башқұрт-станның Бугурслан деген жерінде соғыстан шыққан атқыштар дивизиясы толықтырылып жатса керек. Біздің ауылдан барған бір топ адамды сонда қалдырыпты. Әкем Марданның әкесі Пәрмен екеуі бір взводқа, бір бөлімшеге тап болған. Соғыста ағайынды адамның бірге болуы сирек қой. Әкемнің Пәрменмен бірге қызмет атқарып жүрміз деп қуана жазған хатын алып жүрдік. Сонан соң Сталинград майданынан бір хат келді де хабар болмай кетті. Ал Пәрменнен ара-кідік хат келіп тұрды. Әкем жайында дәнеңе айтпайды. Шешем соғыс комиссариатына барып сұрап көрген екен. «Хабарсыз кеткен – деп жүре жауап береді. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келедің деген үмітпен жүре бердік. 45-ші жылдың жазында Пәрмен госпитальдан оралды. Бір аяғынан айырылыпты. Жұрт жаны қалғанға қуанды. О кезде жұрттың пейілі өзгеше еді ғой. Майданнан біреу тірі оралса бүкіл ауыл жиналып, той жасап күні-түні әңгімесін тыңдайды. «Қара қағаз алғандар боздағын есіне алып жылайды, «хабарсыз саналғандар келе ме деп үміт күтеді. Пәрменді ағайындары жағалай қонаққа шақырысып жатты. Шешем жомарттық жасап, көршінің текесі өлген екен, соның бір санын алып Пәрменді қонаққа шақырды. Онда қазіргідей көл-көсір арақ ішу деген жоқ. Көшеде мас боп қисаңдап жүру сөкет көрінетін. Столға қойған бір бөтелке арақ бір қора жанға жетті. Әуелі жартысы ішілмей қалды. Үй оңашаланған сәтте шешем «Әй, тетелес, сен Сүгір екеуің бір бөлімшеде қызмет атқармап па едіңдер. Сүгір қайда, неге үндемейсің?» – деді. «Оның разведкаға кеткенін жазып едім ғой. Ол хатты алмадыңдар ма?» – деп жалтарып шыға келді.

Шындықты біз 46-ші жылы ғана білдік. Шешем менің теріп әкелген масағымнан бидайы көже жасап, соны ішкелі жатқанда балдаққа асынған, бет-аузын сақал басқан еңгезердей орыс үйге кіріп келді. «Сүгіровтың үйі осы ма? Сендер кімі боласыңдар?» – деп сұрап алды да, әйелі мен баласы екенін білгеннен кейін әңгімесін бастап кетті. Сөз түйіні мынау: әкем Пәрменді немістерге өтіп кетейік. Қызылдар енді жеңе алмайды. Бас амандығын сақтайық деп азғырған сияқты, ұзақ күндердегі жорықтан соң әкемнің екі тізесі ісіп жүре алмай бөлімшеден қалып қалады. Со кезде «немістерге өткелі кеттің деп сыртынан сөз құтыртып көрсете қояды. Сөз тасып жүрген басқа біреу емес, Пәрмен екен. Кучеренко ол кезде бөлімше командирі көрінеді. Оны куә ретінде шақырғанда ол әкеме арашаға түсіп, антынан таймайтын адал жауынгер екенін айтады. Ақыры Кучеренко жауды бүркеген боп он жылға сотталады. Ал әкемді соғыс трибуналы атып жібереді. Кучеренко кейін айыптылар батальонына барып қан төгіп ақталып шығады. Біз Кучеренконың сөзіне сенерімізді де, сенбесімізді де білмедік. Ол дағдарып қалғанымызды байқап, төс қалтасынан үшбұрышты хат алып берді. Қағаз әбден ұйпалақтанған, жазуына су тиіп жайылған. Сонда да жазуын анық таныдық. «Ләтіш, менің түбіме жеткен өз бауырым болды ғой. Титтей кінәм жоқ. Қайтейін, құдайдың жазғаны солай шығар. Сүйіктілерім, көре алмай кеттім-ау сендерді. Қош... – деп қолын қойған. Кучеренко көп отырмады. Кетіп бара жатып: «Пәрмен жаман қазақ. Сенбендер оған!» – деді. Сол сәтте жан түршігерлік сөзді естігендіктен бе, әлде оңашаланып жалғыз қалғанымды, жетімдігімді мойындағандықтан ба, он жастағы мен санам оянып, есейіп, марқайып балалық шақтан айрылып шыға келдім. Қолымда мылтық болса әкемді қаралаған, даттаған қарабет Пәрменді тайсалмай табанда атып тастар едім.

Сол күннен бастап сабақ жайымен қалды. Мектепке жай барғаным болмаса дәріс оқымаймын. Пәрменнен қайтсем кек алам, қалай өлтіре мұқатам, – деп өзегім өргене ойлайтыным осы. Ол бригадир ғой. Таңертеңмен жұртты жұмысқа шығарады. Бір күні шөмеленің тасасында жатып

Пәрменді аңдыдым. Бұрын сайдың уақ тастарын теріп рогаткамен атып талай жаттыққаным бар. Бұтаққа қонған шымшықтарды көздемей-ақ жалпасынан түсірем. Пәрмен көк жорғамен кеңседен шығып келе жатыр екен. Көз тұсын көздеп рогаткамен тартып қалдым. Пәрмен қолымен бетін басып аттың жалын құшып жата қалды. Ауруханада ай жатып жалғыз көзбен оралды. Мен милицияға шағым етсе екен, бұзақыны іздесе екен деп тілеп жүрдім.

ТЕРГЕУШІ. Көз шығарған батыр мына мен деп мақтанбақ болдыңыз ғой?

АЙЫПКЕР. Онда не ойлағанымды дәл қазір білмеймін. Пәрменнің көзін мен ағызғанымды жұрт естісін, көрсін дедім.

ТЕРГЕУШІ. Айта беріңіз, тыңдап отырмын.

АЙЫПКЕР. Неге екенін білмеппін, Пәрмен шағынбады, сөз қозғамады. Оның үндемей қоя салғанына қатты ызаландым. Кешкі мезгілде жұрттың қотан басына жиналатыны бар. Аузынаулақ ешкі-қойын сауып болған соң топтасып әңгіме құрады. Көрген білген жаңалықтарын айтысады. Сондай кезде жұрт алдында масқаралап алайын дедім. Сәті келген тәрізді. Пәрмен көп әйелдің ортасында соғыстағы бір жеңіл оқиғаны айтып, өңшең жесірді таңқалдырып тұр екен. Қасына барып «Сен Қызыл жауынгер емессің, қорқақсың, пасықсың! Сасық тезек астына тығылған шұбар жылансың!» деп айқай салдым.

ТЕРГЕУШІ. Со кезде Пәрмен не деді?

АЙЫПКЕР. Не десін, аңырып тұрып қалды.

ТЕРГЕУШІ. «Тәйт, әкендей алапес болмасаң қайтеді. Жоғал!» деген жоқ па еді.

АЙЫПКЕР. Мұны қайдан білесіз?

ТЕРГЕУШІ. Әңгімені жалғай беріңіз.

АЙЫПКЕР. Осылай жылдар өтіп жатты. Пәрменнің баласы Алматы барды, білім алды. Ауылға дәрігер боп оралды. Есейіп жас ұлғайған сайын кеудедегі кек өршімесе өшкен жоқ. Бір күні Пәрмен қатты ауру дегенді естідім. Ағайын жұртпен қоштасып қалғысы келді ме, туыс атаулыны түгел шақырыпты. Есіктен кіргенімде төрде ағаш төсегінің үстінде жатыр екен. Мені көріп «Бері кел дегендей

белгі берді. Ақырын кеп бас жағына тақала отырдым. Байқаймын, әбден әлі кеткен. Санаулы күні қалған секілді. Өлгелі жатқанын көріп жылап жібердім. Ол жалғыз көзін қадап «Шеге, неге жылайсың? Мені өлімге қимағаның ба бұл?» деп қырылдай сұрғанда, ақырын сыбырладым. «Ажал аузына кепсің. Сені өлімге қимағаным емес, өшімді алып, өлтіре алмағаным өкінем, сондықтан жылаймын!» – дедім.

ТЕРГЕУШІ. «Алдымдағы асқар тауым едің, қамқорым едің! Өңшең жетімегінді қайда тастап барасың! Асыл аға ақылды кім береді бізге!» – деп еңіреген сіз емес пе едіңіз?

АЙЫПКЕР. Өлер адаммен оңаша қоштасқам. Осының бәрін қайдан біле бересің?

ТЕРГЕУШІ. Шамаңыз келсе, болған оқиғаны бұрмаламай дұрыс, дәл айтып беріңіз. Ең алдымен бұл өзіңізге пайдалы.

АЙЫПКЕР. Енді маған бәрі бір. Ашық айтқанмен аяйтын сендер емес.

ТЕРГЕУШІ. Өлгі әңгімеңізді жалғай беріңіз.

АЙЫПКЕР. Сенбейсің. Қалай айтам?

ТЕРГЕУШІ. Пәрмен не деді?

АЙЫПКЕР. Сонда Пәрменнің ұстамдылығына таңқалдым. Қайратты кісі екен. Байбалам салмады, ұрыспады. Ентіге демалып, сырылдап сөйледі, «Көзімді таспен атып ағызған сен екеніңді білгем. Қайтесің, балам, уақыт солай болды. Әйтпесе, бауырын кім қияды дейсің!» – деп үндемей қалды.

ТЕРГЕУШІ. Бәлкім, «Санчаске аяғы ауырған соң, жүре алмаған соң тастап кетіп едік. Алдыңғы линияға орналасып қайта ауруларға келгенімізде Сүгір олардың арасында жоқ боп шықты. Кейін іздеген кезде 20 километр тылға шығып кеткені мәлім болды. Оған қарағанда алдыңғы линия, майдан жақын едің, – деген жоқ па?

АЙЫПКЕР. Ондай сөзі есімде жоқ. Әкем үшін кек алсам кісілік, перзенттік парызым өтелетіндей көрінді. Бәлкім, балағым тола бала көрсем, жеткіншегім соңыма шұбап жүрсе мұндай қанқор іске бармас па едім, кім біледі.

ТЕРГЕУШІ. Азамат Сүгіров, сіз шындықты айтудан тайсақтайсыз, қорқасыз.

АЙЫПКЕР. Қалай мен қорқам ба,?

ТЕРГЕУШІ. Иә, нағыз пасық, қорқақ жансыз. Әке жасынан

асқанда бұдан отыз жыл бұрын өлген кісінің әруағын алға тартып, ауыр қылмысты сонымен бүркемек болғаныңызға қайран қаламын. Шындыққа жүгінсек, дәл сіз айтқандай емес. Бұл іске әкенің ешқандай қатысы жоқ. Мұндай жегідей жеген жат пиғыл алыс түгіл жақынның жақсысын көре алмаудан, іштарлықтан, қызғаншақтықтан, өзімнен басқа өспесін өше түссін деген өшпендіктен шықты. Ал бұл сізді ауыр қылмысқа қарай сүйреледі. Мардан сізге қарағанда қабілеттілеу еді. Мектепте жақсы оқыды, қоғам жұмысына белсене араласты. Институтты ойдағыдай бітірді. Мемлекет сізге де қамқорлық жасады. Басқарма председателінің оқуы жаман ба еді? Бірақ оқу курсың аяқтамадыңыз. Сол кезде сізбен бірге оқығандар қазір колхоз председателі совхоз директоры боп істеп жүр. Өз бойыңыздан үлкен жұмысқа қабілеттік табылмаған соң, өскен азаматқа өшіге қарау әдетке айналды. Олардың бәрі қулық-сұмдық тәсілмен жоғарылап, арамдықты ақтың үстіне не айламен болса да шығарып жүрген өңшең қулар көрінді. Қайткенде азамат абыройын төгуге, жұрт алдында масқаралап, қара күйе жағуға тырысып бақтыңыз. Облыстан, орталықтан келген өкілдерді қонақ жасай отырып соңынан «Алдына қойған асымызды лақтырды, бәрімізді қырып-жойып кете жаздады. Ерін үйден қуып, қатынымызға қол салды, қызымызға ұялмай сөз айтты. Өкімет адамына тиым жоқ. Бұлар шетінен есіріп кеткен есерлер. Ұзақ ірі қызметте отырған соң өздерін білгір, көсем санайды. Бұларға кесілетін жаза бар ма?» – деп колхозшылардың атынан, деген, арызды бұрқыратып жаттыңыз. Өз атыңыздан ашық жазуға қорықтыңыз. Сіздің Мазабековпен «достығыңыз ерекше есепке құрылған. Оны облыстан, орталықтан келген кісілермен танысу, сырын білу үшін дәнекер ретінде пайдаландыңыз. Ал Мардан Пәрменов ағайын болғанмен осындай пасық пиғылыңызды байқап сырт жүрді. Оның бұл мінезі ызаландырды, ашуға бөледі, кектене түстіңіз. Марданның колхоз председателі болады екен деген сыбысты естігенде күйініп, тағат таппай жарылып кете жаздадыңыз. Қосауыз аңшы мылтығын алып сыртқа жұлқына шыққанда Ләтифа бөгеп қалды. «Мұның не? Мылтықты кімге кезгелі жүрсің?»—деп сұрағанда,



«Іргемнен бұралқы ит ұлып маза бермей қойды!» – деп өтірік айта салдыңыз. Өйткені шындықты айтуға қорықтыңыз. Қорқақ бұғынып, тасалап жүріп көп зиян келтіреді. Ал елге жау шапқанда оның бүлігі дұшпаннан кем тимейді. Тегі Пәрмен өлер алдында Сүгір сізге осы жайында айтқан болар.

АЙЫПКЕР. Аярасын, аянкессің, залымсың демексің ғой? Мейлі, Пәрмен әулеті борышқорым еді. Одан кегімді қайтардым. Басқаны білмеймін.

ТЕРГЕУШІ. Жалған! Онда Сейсен Көлбаевты не үшін өлтірдіңіз? Оданда кек алдыңыз ба?

АЙЫПКЕР. Ол ит алдымды орап, қыр соңымнан қалмады.

ТЕРГЕУШІ. Одан қорықтым, қылмысты әшкерелеп қоятын болды деңіз!

АЙЫПКЕР. Бәлкім, солай да шығар.

ТЕРГЕУШІ. Міне, енді шындық шегіне жақындаған сияқтымыз. Егер сіз аршыл, намысшыл, өжет болсаңыз және бар істі қорықпай бадырайтып ашық айтсаңыз онда әңгімеміз басқаша болатын еді. Мен сізден жауап алмастан бұрын Әскери комиссариат арқылы мәліметтер жинатып көріп едім. Шынында да Сүгір Тойбеков ағасы Пәрмен Шойбеков екеуі бір бөлімшеде қызмет атқарған. Бұл бұдан отыз жыл бұрынғы оқиға. Қазір оны қозғамай-ақ қояйық. Кім ақ, кім кара, шындық түбіне жету қиын. Рас, Сүгір жас кеткен. Енді қырыққа тақалған шақта жас әкенің әруағын арашаға салып қайтесіз. Ол балам бұзық қанқор болмай кісі боп өссін, жетілсін, қатарының алды болсын деп тілеген шығар. Әуелі артында ұрпағы қалғанға шүкірлік еткен болар. Зәуде, әкеніз тірі қалса екі бірдей кісінің қанын жүктегенді мақұлдай қоймас деймін. Азғын жолға түсуге ең алдымен өзіңіз кінәлісіз. Ләтифа қыңыр, теріс пиғылды байқап «Балам, өз ағайыныңнан, туысыңнан, ортаңнан безіп қайда барасың. Ұясынан безген құс оңбайды!» – деп ескерткенде, ана сөзіне құлақ салмадыңыз. Тоң мойын, доғал топастық, жақсылық атаулыға өшіге қарау, өзгенің өскенін емес өшкенін көксеу, ақыры осындай ауыр қылмысқа әкелді. Қазақ қолмен жасаған істі мойнымен көтер дейді. Қайтесіз, солай жасауға тура келеді.

Шегебай екі алақанымен бетін басып бүгіле түсті.

Осыдан үш-төрт күн өткеннен кейін Дархан Майраны өзіне шақырды. Кабинетте полкөвник Әкімғалиев пен тағы бір кісі отыр екен. Майра прокурордың көмекшісін танымайтын еді. Облыстық милиция басқармасының бастығы Әкімғалиевтің Көктасқа шұғыл жұмыспен келгенін алдында естіген болатын. Полковник Әкімғалиев Морозовты таныстырып өткенде, ол сақалын сипалап күле сөйледі.

– Мен азамат Шегебай Сүгіровты тергеу ісімен танысып шыққан едім. Магнитофонға жазылған сұрақ-жауапты мұқият тыңдадым. Бұл Көктасқа келгенде алғаш қолға алған ісіңіз көрінеді. Әдетте, көзге мақтаған көңілдегісін бүгеді дейді. Біз әскери тәртіптегі қызмет адамдарымыз. Сондықтан шындықты тура бетке айтқан жөн. Ал мен бұл іспен танысқанымда мол тәжірибелі, өрісі кең тергеушіні көргендей болдым. Айыпкерден жауап алмастан бұрын көп материал жинақтап, зерттегеніңіз байқалады. Ал бұл әр қайсымыздан табыла бермейді. Болған оқиғаның төңірегінде кібіртіктеп шыға алмай, соны қазбалап сұрай береміз, кең талдау жасамаймыз. Сізге көп рахмет.

– Қылмыскер жазықсыз адамдарды өлтірдім-ау деп жасып, сеніп, сынып қапаланған түрі жоқ, – деп Әкімғалиев прокурордың сөзін қостай түсті. – Былтыр ол Дархан мен Майраны үйінен қуа шығып, өлтіре алмай қалғанына қатты өкінеді. Ауданға бірден кетпей Қаражанның үйіне қарай бұрылып онда ұзақ аялдағанына алданып қалдым дейді.

– Сүгіров сияқты тымырсық қаскөйден бәрін күтуге болады. Әдетте бізде бұзақылардың өріс алуына ешқандай негіз жоқ дейміз. Ал олар аз уақытқа болса да Сүгіров сияқтылардан тірек табады, Бөлеутаев, Құдияров сияқты ашықауыздарды өз кәдесіне жаратады. Әрине, қылмыскер Тайшықов өзімен талай сырды ала кетті. Әйткенмен Сүгіровтен жауап алу кезінде жаулық зұлымдығын ұзақ уақыт бойы шыдамдылықпен ішке сақтап, сәтті кезенді күтетін қылмыскердің бары байқалды. Бұлар бұзақылықты заңды жете білмегендіктен жасап жүрген, болашағынан күдер үздірмейтін тентектерден әлдеқайда қатерлі. Сондықтан кейбір жайларды анықтап алу керек сияқты. Егер қарсы болмасаңыз, – деді Морозов Майраға қарап, – сізді

прокуратураға қызметке шақырып, бұл істі әрі қарай өзіңіз жалғастырса деген ой бар. Бұған қалай қарайсыз? Майра шұғыл ойланды да сол сәт:

– Сеніміңізге көп рахмет. Ондай жерде жұмыс істеуге әлі тәжірибем жетіспейді, – деп қысқа жауап қатты.

– Сүгіровтің ісіне талдау жасағаныңызға қарап, зор үміт күтіп едік.

– Егер Сүгіров ісіне жан-жақты кең талдау жасалған болса, бұл ең алдымен облыс және аудан басшыларының еңбегі. Мұндай күрделі іске олар мені практикада жүрген кезде қатыстырған еді. Мен жай ғана орындаушымын.

Морозов жұмсақ креслоның арқалығына жотасын тіреп, сыздана шалқайды.

– Шынын айтсам, мұндай жауап күткен жоқ едім. Жас маманға прокуратурада істеу қызық әрі болашағына кең жол аша ма деп ойлап едім. Байқасаңыз мен сияқты кәрі тарлан да қателеседі екен. Дегенмен, қажетті кезде көмегіңізді аямас деп сенемін.

Майра іле жауап қатты.

– Милиция көмегін аямайды, жолдас прокурор. Морозов Майраның сөзінен балалық мінез нышанын аңғарып:

– Жұмыс жемісті болсын, – деп сақалын сипалап ақырын жымыды. Осы кезде телефон шылдыр ете қалды. Дархан трубканы көтеріп:

– Тыңдап тұрмын, – деді. Телефон соққан кезекші еді. Кабинетте отырғандар Майлыбаевтың «Қашан?», «Қай жерде? Қай уақытта болған?» – деген сөзін естіді.

Дарханның өңі қуарып, сұп-сұр боп кеткен еді. Аудан территориясында, әйтәуір, бір жерде жазатайым оқиғаның болғанын бәрі айтпай-ақ ұқты.

## ЭПИЛОГ

«Сарығаш санаторийіне келгеніме бір жетідей боп қалған. «Шахтер корпусы деп аталатын үйдің 41-бөлмесінде жатқанмын. Емдеу суын қабылдайтын үй бөлек. Күніге әр қилы су емін қабылдап келе жатқанымда шошақ беседканың ішінде бір жас әйелдің отырғанын көретінмін. Бір қалыпта,

бір орыннан қозғалмайды. Бір жолы түскі тамаққа бара жатқанымда, әлгі әйелдің тағы да жалғыз отырғанын байқадым. Қыдырып өткен боп қасына бардым. Дыбыс жазылған дисканы қабылдағыштың қуыс құтысына тығып қойып ән тыңдап отыр екен. Алғаш Роза Бағланованың дауысына ұқсағандай боп еді. Зер сала тыңдағанда өзіндік өзгеше үні бар жас дауысты естігендей болдым.

– Дауысы қандай әдемі, әнді тамаша айтады екен, – дегенімде, ол:

– Жаңыл ғой, Жаңыл айтып жатыр ғой, – деп жалт қарады да.

– Кешіріңіз, мен әлгі кісі ме деп қалып едім. Осында келген сайын әнді кім орындап жатқанын сұрап алады да, соңынан ұмытып қала ма, сол сұрағанын тағы қайталайды. Кісі қартайғанда ұмытшақ бола ма деймін. Әйткенмен өзі сүйкімді, сыпайы кісі, – деді. Қабылдағыштың қасында жатқан сыңар кара балдаққа көзім түсті. Былай қарағанда, екі аяғы бүтін сау секілді. Ол мұны сезді ме, балдақты өзіне қарай сырғытып тыға түсті. Мен оны байқамаған боп:

– Жаңыл деген кім? Ондай әншіні ести қоймап едім, – дегенімде, ол:

– Жас қой, әлі оқып жүр ғой! – деді. Сол жерде отырып таныстық. Аты – Майра, милиция қызметкері. Соңғы жолы операцияда қатты жараланып, баурына да зақым келген екен. Дәрігерлер «Аяқтың жарасы қауіпті емес. Әлі-ақ жүріп кетесің. Баурыңды қараттыр, – деп мәслихат еткен көрінеді.

– Оқиға қалай болды? Қашан мұндай күйге ұшырадыңыз, – деп сұрағанымда, Майра:

– Сіз Жаңыл туралы сұрадыңыз. Одан да сол жайында айтайын, – деп әңгімесін бастады. Май айының құлпырған мезгілі ғой. Майра екеуіміз санаторийдің Түбіндегі көк төбенің басына шығамыз. Майра Жаңылмен байланысты әңгімесін бастайды. Мен тамашалап тыңдаймын. Демалып жатқан адам асыға ма, әңгімеміз күннен күнге жалғасты да, содан, қадірлі оқушым, «Ұясынан безген құс азғын – деген жаңа туынды дүниеге келді.

1980 жыл. Алматы.

## ҚАСТАНДЫҚ

(повесть)

### БІРІНШІ ТАРАУ

Қаудырлақ көнетоз плащ киген, шүнірек көз, жирен сақал, арық адам қылмысты іздеу бөлімінің бастығына келді. Есікті ашып, босағада бір сәт тұрды. Қабырғаға тақау ойылған стол басында біреу шұқшия қағаз жазып отыр. Бұл майор Кузьменко екенін сары сақал айнымай таныды. Ақ көйлекке зерлі қара галстук таққан. Ол кірген кісіні өз қызметкері деп білді ме, зейін қоймады. Сары сақал Кузьменконың назарын өзіне аудару үшін ақырын ғана жөтелді. Кузьменко басын шұғыл көтеріп, босағада состиып тұрған адамға қадала қарады. Сары сақал күйбіжіктеп, жасықтау үн қатты.

– Жолдас начальник... Мен... мен сізге келіп едім... Мен бір бақытсыз жанмын...

– Отырыңыз! – деп Кузьменко орындық ұсынды. – Не боп қалды?

Сары сақал күс басқан жалғыз қолымен тер сіңген кепкасын мыжғылап, булығып сөйлей алмай, көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Кезерген еріндері жуыспай дір-дір етеді. Бірдеме айтайын десе қояншық ұстаған кісідей аузы көпіріп, көзі аларып қалшылдап кетеді. Аздан соң:

– Мен... мен... начальник жолдас, сізге келіп едім, – деп шұбатылған сілекейін сүртті.

– Осының бәрі контузияның әсері. Өткен соғыс талай қыршынды қор қып кетті ғой. Мынау соның табы. Күйзелгенде осылай аздап беймаза ететіні бар, – деді де, сөзімді тыңдап отыр ма, жоқ па дегендей Кузьменкоға абайлап қарады.

– Кел, танысайық. Аты-жөніңіз кім? Петрушкин, Андрей Алексеевич дейсіз бе? Жақсы. Әдетте ересек кісінің

ұстамды болғаны жөн. Өзіңізді қинағанмен іс бітпейді. – Кузьменко стаканға су құйып оның алдына қойды. – Иә, Андрей Алексеевич, айта беріңіз. Сізді тыңдап отырмын.

Петрушкин қолы қалтырап суды әрең жұтты да, күрсініп демін басты.

– Сізге әдейі келдім, начальник жолдас... Мен бақытсыз сорлымын. Табан астында қу құдай кәріпшілікке душар етті. Қатынымды іздеп жүрмін. Көз алдымда ғайып болды.

– Қатынымды дейсіз бе? Жоғалғаны қалай?

Петрушкин майордың күдіктенгенін байқаған секілді.

– Құдайдың құдыреті, бұл жұрт мені мәжнүн санайды, әйтеуір сенгісі келмейді. – Кембағалдығым ба, әлде бас терім келіспей ме, болмаса есінен ауысқан әумесер дей ме, қайда барсам да сөзім өтпейді.

– Сіз кім туралы айтып отырсыз?

– Аудандық бөлімшеде кайыс қара, шақша көз лейтенанттарың бар екен ғой. Жаңылмасам, Байкин деді ғой деймін. Бәлкім, фамилиясын бұрмалаған шығар. Біз сияқтыларға кім дұрыс жөнін айта береді дейсіз.

– Аудандық бөлімшеде қашан болдыңыз?

– Мен онда жиі барып тұрамын. Кеше де болдым, – деді Петрушкин екі иығын көтере кең тыныс алып. – Осы күні жұрт қиын. Момын жанды жәбірлеуге жаны құмар-ақ. Әйтпесе, жөн сөзін айтып көмектеспей ме? – Петрушкин қатты сұрланып:

– Айласыз, әлсіз шығармын, айткенмен азамат емеспін бе? Неге бүйтіп қорлайды. Әлде кубас, жоқтаушысы жоқ дей ме екен! Менің де кеудемде жаным бар. Елдің сайқымазағына көне алмаймын. Төменгілер сөзімді тыңдамаса, тура жоғары бастықтың өзіне барам.

Ашу үстінде Петрушкиннің соқпа ауруы ұстап, тағы күйзеліп қалар ма екен деп еді, өйтпеді. Үні катқыл, айқын. Мүләйім, былжыр емес.

– Мұныңызды шақпай жатып, дау айтқаныңызға таңым бар, Андрей Алексеевич. Шағымыңызды айта беріңіз – тыңдап отырмын!

Кузьменконың сезіктенгенін аңғарғандай Петрушкин лезде құбыла қалды. Тағы жылап-сықтай бастады. Сөзін

ұғу қиын. Әйелінің атын атаса, боздап қоя береді. Мұңын жеткізе алмай қиналды. Әлгінде ғана айбар көрсеткен Петрушкинге ұқсамайды. Петрушкиннің ұзақ әңгімесінен оның ұққаны мынау болды: Петрушкиннің әйелі екі кештің арасында ың-дыңсыз ғайып боп кеткен. Алғаш Петрушкин мән бермейді. Күн өтеді, іздей бастайды. Таныс үйлерден сұрау салады. «Көрдiк, бiлдiк деген жан кезiкпейдi. Көнiлiне корқыныш алып, аудандық милиция бөлiмшесiне барады. Ондағылар: «Таныстарыңда қыдырып жүрген шығар, әбiгерленбе – деп қайтарып жiбередi. Арада тағы бiрнеше күн өтедi. Петрушкин аудандық бөлiмшеге тағы келедi. Соңғы жолы барғанында адресiн жазып алыпты.

Майор Кузьменко бiр сәт ой үстiнде отырды. Майордың жылы шырайын байқады ма, Петрушкин ашыла сөйледi:

– Шiркiн, әйелдiң еркелеткен назына не жетсiн. Шаршап-шалдығып келгенде балаша қуанып, қарсы алушы едi. Кемтарлығымды елетпей, жұртқа бүтiн ғып көрсететiн. Қызғанышым да, қызығарым да сол Матрена Онуфриевна едi. Ендi кiмге керекпiн мен? Қалған тiршiлiк ит үйшiгiнiң жанында өткенi ме? Тым құрыса, алдыма алып алданыш етер балам да жоқ!

– Петрушкин бұрыла берiп, көзiнiң жасын сығып алды.

Бөлме iшiн бiр сәт тыныштың басты. Кузьменко үндемей тыңдап отыр. Петрушкин өзiне қадалған көзден жүзiн тайдырып:

– Көмегiн аямас, жан ашыр жоқтағышы болар деп өзiңiзге келдiм. Шет қақпаңыз. Өтiнiшiм осы, – дедi.

Реңi тайған, кембағал мосқал жалқы адамның жардай сүйенiшi, әрине, үйiндегi жары болмақ. Петрушкиннiң күйiн осылай түсiнген Кузьменко оның жылап-сықтағанын сөге қоймады. «Казбек папиросын алдына қойып:

– Темекi тартыңыз! Қандай папиросты қалайсыз? Мен «Казбек папиросына дағдыланып кеттiм, – дедi.

– Қымбат затты ауыз талғамайды, ақша таңдайды ғой. Тартқан соң, құтылы папироска не жетсiн! Жас кезiмiзде таршылықтың зардабын көп тарттық та, жылтыр затқа әуестенбей өстiк. Болса махорка, бұл жоқта жылқының қиын орап тартып жүрдiк. Махорканың ащы түтiнiне

үйреніп кеткендіктен бе, құтылы темекінің дәмін ажырата алмаймын, – деп Петрушкин қалтасынан махоркасын алып, орай бастады.

Кузьменко асықпай отырып, Петрушкинді сөзге тартып, болған оқиғаны ұқпақ еді. Сол мақсатына жеткен тәрізді. Петрушкин орындыққа жотасын тіреп, шалқалап отырып, жайбарақат әңгімеге кірісті:

– Кісі бірдемеге әдеттенсе, оны тастау қиын екен. Менің кемпірім, байқұс, сүйексіз тамақ жасамайтын. Қуырдақ қуырса да омыртқа, қабырға секілді бірдемелерді майдалап шауып, етке қоса салатын, Тісіміз сүйекке тимесе, тамақ ішкен құрлы болмайтынбыз. Мен ет комбинатында ит үйретушімін ғой. Иттер сүйекке таласып, ырылдап жүлқыласып жатқанда менің де тісім сыздап кетеді. Кісі сүйекті де сағынады екен. Осындайда кемпір байғұс еске түседі.

– Неге кемпір дейсіз? Сізден кәрі ме?

– Жоқ-а, менен үш-төрт жас қана үлкендігі бар болатын, Өзін қыздай алғаным жоқ. Соғыстан кейінгі қиын жылдарды өзіңіз білесіз ғой. Госпитальдан әбден жүдеп шықтым. Жас кезімдегі ұстама ауру қайта қозды. Өзім болсам кембағалмын. Менде қатын тандарлық қай құдырет бар? Сүйрегіліп жүріп, осының дайын төсегіне біртіндеп кіре бастадым. Алғаш «кемпір деп жүріп, соған аузым үйреніп кетіпті.

– Қазір сол Матрена Онуфриевнаның үйінде тұрасыз ба?

– Ол үйден көшкенбіз. Былтыр жаңа үй салып алдық. Матрена байғұстың ескі тамын бұзуға көзім қимады, оны кілет жасадық. Үйге шыбын-шіркей үймелемесін деп, жазда тамақты сонда ішеміз.

Майор Кузьменко папиросын күл салғышқа мыжғылап өшірді де:

– Еркек деген кыжыр халық. Оның адам сүймейтін қылығы аз емес. Болымсыз нәрсеге тулап, бұлданатынымыз бар. Жалпы семья арасында кіргілжің болмай тұрмайды. Солай емес пе? Бәлкім, Матрена Онуфриевнаны ренжітіп алған шығарсыз?



Петрушкин майорға таңдана қарады:

– Мен Матренаны тілдеймін бе? Құдай сақтасын, атай көрмеңіз. Бұлай дегеніңізге әуелі ренжір едім. Бірақ сіз біздің қалай тұрғанымызды білмейсіз ғой.

– Ол өңменінен өткен салқын көзден жүзін тайдыра беріп, ауыр күрсінді: – Сіз маған қарағанда жассыз. Осы күнгінің жастары кәріпке ұшыраған кәрінің жанын ұға бермейді. Серіксіз, баласыз кәрі тірлік тиянағы жоқ тайғақ неме екен. Өзіңіз ойлаңызшы, сол кемпірді не бетіммен ренжітемін. Оны жәбірлегенше мүрдем кетсем қайтеді!

– Ол қабағы түсіп төмен қарады. Көз шарасы жасқа толып, екі-үш тамшысы ытқып шығып саңалына тамды.

Кузьменко еркектің жылағанын жек керуші еді. Қандай қасірет кешсе де еркек мойымауға тиіс деп ұғатын. Ол әңгімені одан әрі созбады. Петрушкин кеткеннен кейін аудандық милиция бөлімшесіне телефон соғып, оның арызын алдырды.

## ***ЕКІНШІ ТАРАУ***

Арыз тор көз дәптердің парағына ірі әріппен жазылған екен. Көмескі түскен әріптер қою сиямен түзетілген. Түзетілген әріптер майдалау, арыз иесінің қолына ұқсамайды. Милицияға берместен бұрын біреу қарап, мұқият тексерген секілді. «Кемпірден басқа тілдесетін жан ашыр кісім жоқ деген сияқты еді. Мынау сырлас, ниеттес кісінің қолы сияқты...

Кузьменко арызды әрі-бері парақтап, басынан бастап қайта оқи бастады. Арызда былай деп жазылыпты:

«Л.аудандық екінші милиция бөлімшесінің  
бастығына!

Уфа көшесінің №3 үйінде тұрушы  
А. А. Петрушкиннен»

## АРЫЗ

«Жолдас начальник, мосқал жасымда мен үлкен бақытсыздыққа ұшырадым. Бақытсыздық демей не дейін. Он жыл отасқан зайыбымнан көзбе-көз айрылдым. Әңгіме былай болған еді: Пасха алдындағы жексенбіде әйелім қоярда қоймай базарға сүйреді. Зауқым соқпаса да, маған костюмдік мата алам деген соң еріксіз ырқына көндім. Құдайдың өзі сездірді ме, кежегем кейін кетті: «Бармасак қайтеді, онан да бір жартылық алып, үйде демалып отырайық деп өтіндім. «Мені сәндегеннен жасармаймын!» деп қырсықтанып бақтым. Өзінің бет алған жағынан қайтпайтын әдеті бар еді. Қырсығып көнбеді. «Осы байқұсты ашуландырып қайтемін, менің қамымды жасап жүр ғой» – деп ақыры ырқына көндім. Бір құдай азабына, не ажалына басты ма, жайма базарға түстік. Базар ығы-жығы. Ескі-құсқымен сауда жасаушылар көп. Жаңа зат аз. Көздеген затымызды ала алмадық. Матасы кезіксе пұлымыз жетпей, пұлымызға сай келгенде матасы ұнамай әбден әурелендік. Матрена айтқанынан қайтпайды дедім ғой. Кунәкар болсам бір құдай өзі кешірсін. Дел-сал боп шаршағанымызға қарамай, қала дүкендерін араладық. Күн кешкіріп қалған еді, Комиссионка магазинінің алдында жұқа өңді әдемі келіншек тап болды. Шашын дөңгелетіп, желкесін қырғызып, балаша алдырыпты. Өзі тілді неме екен. Біздің аңқау қатынды әп-сәтте үйіріп әкетті. Әйелдердің оңай тіл табыса калатын әдеті емес пе? Әрнемені бір шатып магазин алдында тұрып алды. Сөздері таусылатын емес. «Кетейік!» деп тықыршып қасына барғанымда, Матрена: «Ей, саған не болған, кішкене қоя тұршы!» деді де, менен құтылғысы келді ме: «Үйге бара бер. Сен балпандап жеткенше мен де келем. Ерте барсаң кастрюльді плитканың үстіне қоя сал, деп құлағыма сыбырлады: «Өзіңе әдемі костюм әкелем, алаңдамай жүре бер!»»

Мен байқұста қарсыласуға дәрмен жоқ қой. Сүйретіліп үйге қарай кеттім. Келісімен ыдыс-аяқтарды жуып, пельмен қайнаттым. Матренаны күтіп әрі отырдым, бері отырдым.

Қас қарайып, ымырт жабылды. Есік алдына қайта-қайта шығып қараймын. Келмеді. Әлгі сөйлескен әйелдің адресін сұрап алмаған екенмін-ау деген ойға келдім. Иесіз үйде дөнбекшіп, таңды көзіммен атырдым. Матрена ертеңіне, оның арғы күні де келмеді. Сөйтіп ол көз алдымда ғайып болды...»

Бұдан кейін жүз таныс адамдардан сұрастырғанын, бүкіл қаланы шарлаған хикаясын жазыпты. Арыз соңына: «Қалалық ет комбинатының күзет итін үйретуші А. Петрушкин» деп қол қойған.

Майор Кузьменко арыз үстінде бір сәт ойға кетті. Әдетте өз өмірін баласыз өткізген кәрі әйел күйікшіл, мұңдар болмақ. Әрі кілт етпе кінәмшіл келеді. Әрине, жасы асып ақыл тоқтатқан Матрена Онуфриевнаның мұндай шайпау мінезі болмас. Әйткенмен оған тырнақтап жиған дүниесі, мүлкі, үйі бәрінен де қымбат болса керек еді. Ол қандай жағдайда болмасын, үйін иесіз тастап кете алмайды. Тіпті күйеуімен ажырасқысы келгеннің өзінде де тиесі мүлкін сұрап бір келуге тиіс. Ал ол бар дүниесінен безіп кеткен. Оның мұндай жағдайға баруының себебі қалай?

Кузьменко өз сұрағына өзі жауап іздеп көрді. Бірақ ойын тиянақтай алмады. Өз долбары өзіне қайшы келеді. Бақытсыздыққа ұшырап қалды ма дейін десе, қалада ондай оқиға тіркелмеген. Басқа қалаға кете қоюының жөні жоқ сияқты. Петрушкиннің айтуынша Матрена Онуфриевнаның жан ашыр жақыны жоқ.

Майор Кузьменко алдында жатқан арызды тағы бір шолып өтті де, тергеушіні өзіне шақырды. Капитан Карпов шабандау жігіт болатын. Әдетінше балпаңдай басып майордың қасына келді.

– Отырыңыз, Григорий Матвеевич. Біз өткен жолы ісіміз сәтті өтті, кездейсоқ, оқиға болған жоқ деп бар жерге жар салдың. Ал шаңқай түсте бақандай бір адам жоқ болып кеткен. Қайда жүр? Ешқайсымыз білмейміз. «Кісім жоғалды, арызымды тыңдамады!» деп Петрушкин зар қағып ол жүр.

Майор Кузьменко Петрушкинмен арадағы жайды айтып түсіндіргенде, капитан Карпов абыржи қоймады:

– Жай. Петрушкиннің өзі беймазалық жасап жүргені ғой. Әйтпеее шаңқай түсте кісі жоғалушы ма еді?

– Сонда ақырын күт дейсің бе?

Капитан Карпов күмілжіп қалды.

– Мен олай дегенім жоқ.

– Егде адамның мұндай саяхаты, Григорий Матвеевич, әрдайым тоймен біте бермейді. Меніңше, Сізге мәлімсіз, көмескі жай бар секілді. Арнайы іс қозғаған жөн. Алдымен барлық милиция бөлімшелеріне телефон соғып ал. Әркім өз участогын мұқият тексерсін. Үй кітабына тіркелмеген келім-кетім кісілерді анықтасын, – деді де Петрушкиннің арызын сейфке салды. – Ол жаққа өзім барып қайтам.

– Құп болады! – деді де ол Кузьменконың шыдамсыздығына іштей таңданып кетті.

Майор Кузьменко көп бөгелмеді. Карпов кеткеннен кейін іле-шала аудандық милиция белімшесіне аттанды.

Кіре берісте телефон түбінде қалғып отырған кезекші кіші лейтенант ұшып тұрып, майордың қойған сұрағына мүдірмей жауап қатты. Бастықтардан ешкім жоқ екен. Аудандық партия комитетінің бюросына кетіпті. Кузьменко демалыс бөлмесіне бұрылып есікті ашқанда, түкпірде диван үстінде отырған біреуді көрді. Беті газетпен бүркелген. Сырт тұлғасы таныс.

– Бұл кім? – деп дауыстады да:

– Ә-ә, Майлыбаевпысың? Амансың ба, Талғат. Мына отырысыңнан өзінді тану қиын. Көзілдірік салғанда кәдімгі ғұламаға ұқсап қалады екенсің? Кәне, не оқып отырсың?

Кузьменкоға амандасып, орнынан атып тұрған Майлыбаев:

– Жәй, әншейін, майор жолдас. Қызмет алдында көз жүгіртіп шығайын деп едім, – деп көзілдірігін алып төс қалтасына салды,

– Газетте не жаңалық бар екен?

– Махаббат жайында әңгіме қозғапты.

– Махаббат дейсің бе? Алдымен ойда жоқта жоғалып кеткен мына кісіні табайық, – деп Петрушкин жайын әңгімелеп шықты.

– Елудегі естияр адамның із-түзсіз ғайып боп кеткені

маған ұнамайды. Менің бұл қылығым кейбіреуге ұшқалақ көрінетін шығар. Бірақ мен бұл істі елеусіз қалдыра алмаймын.

– Сіз Петрушкиннің айтқан сөзіне сенесіз бе?

– Сенбеуге дәлелім жоқ.

Майлыбаев үндемеді. Оқиға оған жұмбақ та, қызық та көрінді. Істің анығына жетпей бастығы алдында кесімді пікір айтуды ыңғайсыз көрді.

### ҮШІНШІ ТАРАУ

Темір жол мен тас жолдың түйіскен жерінде жолаушы поезының өтуін күтіп ұзақ тұрған машина қима жолдан өткенде қалың ағаш арасынан жыпырлаған жұмысшы поселкесі көрінді. Үйлер түзу көшенің бойымен біркелкі салынған. Өңшең ақ шатырлы қызыл үйлер.

Кузьменко мен Майлыбаев қалың поселкенің ішінен Петрушкиннің үйін іздеді.

Петрушкин үйінде жоқ болып шықты. Қабырғасын көтеріп биіктеп салған ұзынша көк шатырлы үй қойма тәрізді. Төңірегін тақтаймен саңлаусыз қоршап тастапты. Қоршаған тақтайын да көк сырмен сырлаған. Жат кісінің иісін сезді ме, танадай көкжал төбет шынжырын жұлқып, арсылдап үріп, қақпаның үстіне секіреді. Алдыңғы аяғымен қабырғаға асыла қалады. Шынжырдан босанса сыртқа атып шығатын түрі бар. Кісінің айбатынан сескенетін емес. Табаны табақтай, нағыз қасқыр төбет. Аяғы талғанда қайта секіріп, дарбаза астындағы саңлауға тұмсығын тығып, қылыштай азу тісін ақситады. Көзі қанталап, от боп жанып тұр. Қақпа алдында екі адамның тұрғанын көрген жас әйел көшені қиып оларға қарсы жүрді. Шамасы ол Петрушкинге араласып тұратын кісі секілді. Көрші үйлердің иттерін шулатып беймазалық жасаған төбетке зекіп, тебініп қалды:

– Кет әрмен, үнінді өшір, оңбаған! Кісі көрмегендей мұнысы несі екен? – Көкжал төбет әйелге иесіндей бой ұсынып, аспанға бір үріп, қыңсылап, қора түкпіріне кетті.

Әйел жас. Отызға жетпеген. Дене тұлғасы тіп-тік, әдемі. Тек бет пішіні ажарсыздау, көздері қыли біткен. Ол аракідік бөксесін бүлкілдетіп, Кузьменкоға қырындау тұрды. Қырынан қарағанда кескіні сұлу секілді. Көзінің қитарлығы байқалмайды. Майор Кузьменко әйелдің дәмелендіріп, құбылып тұрғанын байқамаған кісідей:

– Тәңір алғыр, өршеленіп, өшігіп тұр еді. Сізді таныды білем. Үні өше қалды, – деді де, қақпаға қарай иек тастады.  
– Үй иесін де жақсы білетін шығарсыз.

– Сіздің сұрағыңызды ұға алмадым. Көршілік жағын сұрап тұрсыз ба, әлде әйелге деген ықыласың ба?

– Өзі жарымжан адам, жасы да келген, әйелді еліктіре қоятын қайбір қауқар бар дейсің?

– Тапқан екенсіз, кәріпті! – деп әйел сықылықтап күлді.  
– Өңмендеп кіріскенде сауыңызға дес бермейді. Қазір байқұс кемпірін жоғалтып, сағы сынып жүр. Қанша жек көргенімен бір төсекте жатып үйреніп қалған қатыны емес пе?

– Петрушкин әйелін ұнатпаушы ма еді?

– Күдай-ай, басқаның қатынына барғанда оны «сүйдім, күйдім деп өліп-өшеді де, өзінің әйелін жатып жамандайтын еркектің әдеті емес пе? Кейін алды-артына қарамай үйіне қарай безеді. Бұл да сондай сұмпайының бірі.

Майор Кузьменко әңгімелесе келе әйелдің аты-жөнін білді. Аты – Глафира, фамилиясы Данишевская. Әкесінің атын айтпады.

– Әкемнің атын қосақтап айтатындай жасқа жеткенім жоқ. Қартайғанымды мойындағанда өзім барып айтамын.  
– Ол оң қолымен мықынын таянып:

– Шолақты іздесеңдер, ол жұмыста, ит үйшігінің қасында отыр. Ал мен керек болсам – үйім мынау, кіріңіздер! Барымды аямаймын, жоқты сұрамайсыздар.

– Матрена Онуфриевна хабарсыз кеткелі бұл үйде болдыңыз ба?

– Жоқ, өзі жөн біліп шақырмаса, еркек үстіне қалай кірем. Осы күні көрші-қолаң деген қиын, ауыздарына сөз тұрмайды, өсектеп ала жөнеледі. – Глафира әлде не есіне түскендей Кузьменкоға шұқшия қарады: – Сендер, өздерің

кімсіңдер? Қайдан жүрсіңдер?

Кузьменко куәлігін көрсетті. Глафира басын ұстап:

– Милиция! Құдай-ау, мен не көкіп тұрмын? – деді де байсалды үнмен:

– Менің жаңағы сөзімді шын көріп жүрмендер. Тегін жатқан мал жоқ...

Глафира Петрушкиннің үйімен бір кезде қатты араласып тұрған екен. Алғаш Матрена қызғаншақтық көрсетіпті. Кейін Глафираның зілсіз, ашық мінезін білгеннен соң, онысын қойыпты. Әуелі пасха алдындағы демалыста бәрі жайма базарға бірге барған. Күні бойы жайманы бірге аралайды. Онан соң Петрушкиндер қала дүкендеріне түседі. Одан әрі не болғанын Данишевская білмейді. Глафираның өз басы кемпірдің зым-зия жоқ боп кеткенінен шошынады. Жас күйеуін уысынан шығармай сақ ұстайтын әйел бұлай ұзақ жүрмеуі керек еді дейді. Матрена хабарсыз кеткелі Петрушкин күрт кеткен. Глафирамен қалжыңын да қойыпты.

– Қанша сыланғанмен еркекке елу жас аз емес қой. Ошағын жылытып, түтінін түтетіп отырған таянышынан айрылу оңай ма оған. Өзі де мәңгі боп кетті білем. Тіл қатсаң, құлағы қалқиып, меңіреу кісідей мелшиіп тұрады. Ол байқұстың шағымын да елемейтін көрінеді. Арызданып барса милициядағылар өзін мазақтап қуып шығыпты. Тірегі жоқтың күні осы да! – Глафира өзінен-өзі долданып барып тоқтады.

Майлыбаев таңданған пішінмен:

– Петрушкинді қуып шығыпты дейсіз бе? Оны сізге кім айтты? – деді де, майорға қарап:–Байқадыңыз ба, бұлар істің байыбына бармай, бүкіл милицияны қаралайды, – деді.

– Жігітім, сіз жассыз. Бойыңа қатаңдық әлі дарымаған шығар. Олармен істес болғаным бар.

– Егер сіз милициямен бұрын таныс болсаңыз, сыр сақтауды білетін шығарсыз, – деді Кузьменко. – Біздің бұл үйге келгеніміз жайында жан адамға айтушы болмаңыз. Келістік пе?

Көшенің екінші бетінде қалқада тұрған машинаға келіп отырғанда, Талғат:

– Петрушкиннің қарап жүрмей, милицияны жамандауын қарашы. Ол өз мұңын шаққан болып, бүкіл көршілерін бөлімшедегі қызметкерлерге қарсы қойған. Бұған қалай қарайсыз? – деді.

– Петрушкинді кінәлау қиянат. Жардай сүйенішінен айрылған адам не демейді. Осының бәрі Байкиннің парықсыздығынан туған әңгіме ғой, – деді Кузьменко.

Майлыбаев бұл поселкеге учаске милиционері болып жақында тағайындалған еді. Үйлерді түгел араламаған. Адамдары да таныс емес. Петрушкиннің кім екенін де білмейді.

Машина ет комбинатына тақағанда:

– Сенің орныңа уақытша Байкинді тағайындасаң қайтеді? Сен бұған қалай қарайсың? – деді Кузьменко.

– Менің өз орнымда болғаның істің тезірек шешілуіне көмектеспей ме?

– Қайта іс қиындап кететін сияқты. – Кузьменко сәл отырып, оқыс сұрақ қойды: – Сен қалай ойлайсың, кемпір қайда кетуі мүмкін? Адасты деудің жөні жоқ. Қаланың кәрі тұрғыны.

– Тымырсық әйел күйеуіне өз қадірін білдіргісі келген шығар.

– Сонда жан-жаққа сұрау салып іздеу керек пе?

– Қылмыс жасаған жоқ, іздеп қайтеміз?

– Басқармаға барған соң тағы ақылдасып көрелік.

\* \* \*

Комбинат ауласы далиып жатыр. Кең. Қасап жасап жатқан цех жақтан қанжынның иісі келіп, мұрныңды жарады. Түкпірде, ауланың шеткі бұрышында үйілген тақтай үстінде екі тізесін құшақтап біреу отыр. Мойор Кузьменко Петрушкиннің қарасын алыстан танып, Талғатты тоқтата берді.

– Талғат, сен осында қал. Жалпы сені Петрушкиннің білмегені жөн. Өз ойымды кейін айтам.



Кузьменко ауланы өрлеп жалғыз кетті. Талғат майордың ту сыртынан қарап тұр. Шамасы, таңтай үстінде отырған адам майорға назар аудармаған секілді. Кузьменко жақын келгенде де ол мойын бұрған жоқ. Есі ауысқан әумес кісідей өзінен өзі күбірлеп, кішкене бормен тақтай бетін сызғылайды. Жеңімен дереу өшіріп, қайта жазады.

– Сәлеметсіз бе, Андрей Алексеевич? Қал-ақуалыңыз қалай? – майор тақау келіп кенет сұрақ қойғанда ол жалт қарады. Сол сәт өңі қашып, құп-қу боп кетті. Сәл аңырып тұрды да, беті тыржиып, жыларман түрге келіп, кепкасын алып басын изей берді.

– Жолдас начальник, күйікке душар кісіден не хал сұрайсыз? Жегенім желім боп өтіп жатқан күндердің сиқы мынау.

– Шолақ қолы жағындағы салбыраған бос жеңін қалтасына нығыздап салды да, қабаттап жиналған тақтайларды сықырлата басып, Кузьменконың қасына келді. Кузьменконы көргенде тыным таппай үріп тұрған сұр қаншық иесі орнынан тұрған соң еліріп, өшігіп кетті. Даусы ащы, қарғы бауын жұлқып Кузьменкоға тап-тап береді. «Кет, жағың қарысқыр неме!»

– Петрушкин жерді теуіп қалғанда үркек қаншық емшегі салаңдап таңтай қуысына кіріп кетті.

Петрушкин күрсініп сөзін жалғастырды:

– Кісінің күйінгендегі халі қызық екен. Бірдеме өзегінді өртеп күйдіріп бара жатқан секілді. Басың ауған жаққа қаңғып кеткің келеді. Жоғынды іздейсің. Ашу қысады, күйінесің.

Бірақ қайрат қылуға дәрменің жоқ. Мұндайда кісінің сіркесі су көтермейді екен. Кейде бойым үйреніп кеткен мына қаншықтың үргенін де жақтырмай қалам. – Петрушкин қалтасынан дорбасын алып темекі орады. Жалғыз қолы епті-ақ. Саусақтары жыбырлап қағазды ернімен шапшаң жалап, жапсырып орап алды. Көк түтінді асықпай жұтып, бұрқырата шығарды да:

– Қасындағы қатынның қадірін қай еркек біле береді дейсіз. Бетінің қызылы бар біреу көлденең кезіксе, құмарың тарқағанша ынтығып еліп тұрасың. Тіршіліктің бар қызығы

соның қасында секілді. Байқасаң, мұның бәрі алдамшы бірдеңе екен. Тегі кексе тартқан кісіге зайыбынан артық жар кайдан болсын. Кәріп екенімді Матрена жоғалған соң білдім.

Кузьменкоға күдік келді: Басқа әйел жайында бұл не сөйлеп тұр. Әлде Глафира Данишевская бұлардың келгенін алдын ала телефонмен хабарлап қойды ма?

Әйткенмен Кузьменко сыр тартты.

– Көрші-қолаңда Матренаның сырластары бар шығар? Солармен әңгімелесіп көрсек қайтеді? Бәлкім, олар көмектесер.

– Кемпір байқұс табиғатында тұйық жан еді. Мен оның көрші қатындармен ашына боп ашылғанын байқаған емеспін. Ара-кідік қитар Глафирамен тілдесетін. Бір жолы үйге оны ертіп әкелгенімде үлкен жанжал шығарғаны бар.

– Бәлкім, Матрена Онуфриевнаның үйде екенін білмеген боларсыз?

– О, не дегеніңіз, білем ғой. Жаманат ойласам, Глафираны үйге ертіп келем бе? Еркектің жақсы ниетін жаманшылыққа жоритын қатынның қиянаты ғой.

– Оқиға қалай болған еді?

– Бұл өзі бір ұзақ әңгіме. Өткен мейрамда ғой деймін. Иә, солай. Құдайдың рақымы түсті ме, маған ит үйретушіге сыйлық бергені бар емес пе? Кәдімгідей жұмыста озғанға беретін үлкен сыйлық! Қуанышым қойныма сыймады. Бүкіл жұрт маған қарап қошеметтеп тұрған секілді. Жүрегім лүпілдеп, ұшып-қонып келе жатқанымда сырахананың алдынан қитар Глафира жолықты. Сонда оның түрмеден шыққан кезі еді. Аздап жұтатыны бартын. Алдымен жүз грамнан, сонан соң екі жүзден құйдырдық. Сыраға арақ араласқан соң кісіні ондыра ма, естен танып қаппыз. Әйтеуір бір мезгілде үйде отырғанымды білемін. Алдымда үш-төрт шөлмек тұр. Тағы бір кезде көзімді ашсам, тоңып қалыппын, жерде жалғыз жатырмын, Глафира да, Матрена да көрінбейді. Көрші үйге қоныпты. Қандай қылмыс жасағанымды білмеймін. Кемпірді жалынып-жалпайып үйге әрең әкелдім...

– Петрушкин әрнемені бір шатып, үй-ішінің ұзақ әңгімесін қозғады.

Ол кемсеңдеп кепкасымен көзінің жасын сүртті.

– Андрей Алексеевич, қапаланба, өзіңе берік бол. Бізге тірелген іс аяқсыз қалмайды. – Кузьменко «Осы антұрған мені алдап тұрған жоқ, па?» деп Петрушкинге тесіле қарады. Момын Петрушкин шын жылап тұр.

– Қамықпа! – деді майор қоштасып. Ол ет комбинатынан шыққаннан кейін поселкеге қайта оралды. Петрушкиннің көршілерімен әңгімелесті. Күн бата басқармаға оралды.

– Кемпір хабарсыз кетердің алдында бұл үйге біреу келген, – деді Талғат Глафирамен болған әңгімені есіне түсіріп.

Кузьменконың құлағы елең ете қалды:

– Ол не қылған адам? Кім айтты саған?

– Данишевская көріпті. Қоңқақ мұрын, дөңгелек қарын, маймақ аяқ, тапал кісі. Күрек тістері алтын. Төбесі тақыр, ойма таз. Данишевскаяның байқаған белгісі осы.

### **ТӨРТІНШІ ТАРАУ**

Осы әңгімеден кейін бір жеті өтті. Үлкен қала қызығы мен тамашасы мол дәстүрлі Май мерекесін шығарып салып, сабырлы өмір құшағына қайта оралған.

Салқын үйде күні бойы қағазға үңіліп отырған Кузьменко терезенің тиектерін ағытып, шалқайта ашты. Бөлмеге даланың ыстық лебі лап ете қалды. Кузьменко енді байқады: сидиған жалаңаш теректер жапырақ төгіп, жердің көгі едәуір көтеріліп қалған. Гүл өсімдіктері шоқпар басын күнге иіп, самал желмен бұлғақ қағады. Көктемнің мол шуағы төгіліп тұр. Көшелерде жеңіл киінген халық көп. Әлдеқайдан гармон үні, ән сазы естіледі.

Кузьменко мейрам алдында Петрушкиннен екінші рет жауап алғанда ол жылап-сықтай қоймады. Барлық сұрауға сабырлы жауап қатты. Матренаның тілдеспей кеткеніне қайран қалады:

– Білсеңіз, начальник жолдас, мен күдер үзген емеспін.

Бірақ күн асқан сайын көңілге қорқыныш ұялайды. Кейде өзімнен өзім отырып «дүкен алдында жолыққан қатын қиянат жасамады ма екен деп ойлаймын.

– Егер біз Матрена Онуфриевнаға соңғы рет жолыққан әйелді іздеп тапсақ сіз оны таныр ма едіңіз? – деді.

– Осы күні қатын құбылмалы ғой. Шашын түрлі құбылып, тарап, опасын жаққанда, құрғырлардың өңі өзгеріп кетеді. – Петрушкин ойланғандай бір сәт отырды да:

– Содан бері бірталай уақыт өтті. Албасты басып қалмаса, сонда да танырмын-ау. Бірақ мына құжынаған қаланың ішінен қалай табасыз?

– Қылмыскер өзінше жасырынып, бұғынып жүрмін дегенінен біздің арамызға сиыса алмайды. Бәрібір әшке-реленеді. Адамдар өздері араларынан аластатады.

Петрушкии сенбеді.

– Аластағаны қалай? Оның бұзық екенін кайдан біледі?

– Адал адамдардың арасында бұзықтардың өзі сиыса алмайды, бұған күмәнданбаңыз.

Кузьменко Петрушкинмен арада болған бұл әңгімені полковник Дайыровқа баяндағанда, ол:

– Біздің қылмыскерді іздеуде алған осы бағытымыз дұрыс па? – деп Кузьменкоға ойлы жүзбен қарады. – Сіз қалай ойлайсыз?

– Қылмыскерді емес, жоғалып кеткен кісіні іздеп жүрміз, полковник жолдас.

Полковник Дайыров сүйір ұшталған түрлі түсті қарындаштарды алақанына салып, әрі-бері уқалап, басын шайқады.

– Жоғалған кісіні іздеп жүрмін дейсіз бе? Меніңше, қылмыскерді іздеген жөн. Бос өткен әрбір күн қылмысты ашуға көмектеспейді, қайта оның ізін жасыра түседі. Денесі шіріп, тек сүйегі қалған өліктен оның өзі өлгенін, яки біреудің азаптап өлтіргенін білу қиын. Солай емес пе?

– Полковник жолдас, сіз Матрена Онуфриевна Петрушкинаны өлді деп есептейсіз бе? – Кузьменко талас пікір айтпақ еді.

– Тап солай, Петр Петрович! – деп полковник суық қарап басын изеді.

– Ересек адам себепсіз үйінен безбейді. Петрушкинаның осы уақытқа дейін хабар-ошарсыз кетуіне қарағанда ол тірі емес. Оны өлтірген кім? Қайткенмен де қылмыскерді табуымыз керек. Алдағы іс-әрекет жоспарын қайта жасаңыз. Даяр болған кезде маған айтарсыз, – деген.

Кузьменконың бүгін, жексенбі күні жұмысқа келуінің себебі сол еді. Алдағы күндердің жұмыс қамымен отырған. Бірақ қанша ойланса да өзіне мәлім жайдан әрі аса алмады. Күдік алғанда кімнің ізіне түседі? Жоспар жасайын десе, лекер таппай қиналады.

Қазіргі қолындағы бар мәліметте, Петрушкин азулы өктем әйелдің уысынан шыға алмай, бар өмірін бұғып өткізген жан. Үй ішінде тыныштық, татулықтан басқа дәнеңе тілемеген. Құса боп, үйінен безіп, ит үйшігінің алдында өткен қазіргі күйі осыны аңғартады. Полковник Дайыровтың хабарсыз кеткен адам жөнінде «өлдің деп байлам жасауы қалай? Әлде Петрушкинаны ертіп әкеткен белгісіз әйелге күдік тудыра ма?

Майор Кузьменко көктемнің жомарт шуағына ойлы жүзін тосып, жасаурап ашыған көзін уқалап, керіле демалды. Матрена Онуфриевнаны алдап ертіп әкеткен әйел бейнесін көз алдына елестетті. Өңі жұқалау келген аққұба әйел. Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемішенің өзі. Көк бастоннан белің қынамалап тіккізген бешпеті бар, етегі кеңдеу. Иегін көтеріп, қасын керіп, кербез сөйлейді. Ерекше белгісі – үстіңгі екі күрек тісі алтынмен қапталған. Белгісіз әйел жөнінде Петрушкиннің айтуы осылай.

Ол әйелді қайта-қайта еске түсіріп, ойға алғандықтан ба, Кузьменко оны бір жерде көрген сияқты болып тұрды. Қайдан? Қай жерде көрді? Оған жауап таба алмады. Елес бар да, із жоқ.

Кузьменко басқарма бастығынан осы іске лейтенант Майлыбаевтың араласып, көмектесуін сұраған еді. Сол себепті оны негізгі қызметінен босатып алған. Талғат Тастақ жаққа кеткен еді. Қазір одан хабар ала алмай отыр.

Осы кезде телефон ұзақ шылдырлады. Үмітпен елең ете қалған Кузьменко жалма-жан трубкаға жармасып құлағына тақай берді. Телефон соққан Сережа екен. Кузьменко

ұлының сөзін күліп тыңдады:

– Қалай, Сережа, жарты адам жетпейді дейсің бе? Сенің шығарған есебінде бір жарым адам магазинге барған болып шыға ма? Мұның қызық екен, балам. Ал есебіңнің жауабы қалай? Онда екеу ме? М-м-м... – Кузьменко желкесін қасыды. – Ал, балам, менде жарты адам емес, базарға барған бір адам жоқ болып отыр. Иә, бір адам. Көрдің бе, екеуімізге де сәтсіз есеп келген екен. Одан да, Сережа, былай келісейік: әрқайсымыз өз бетімізше ойланып көрейік. Бәлкім, дұрыс шешуін табатын шығармыз. Жауабымен сәйкес келгенде хабарласа қояйық. Мақұл ма? Онда келістік.

Сөйткенше ентіге басып Байкин кірді. Қоңырқай жүзі тотығып, түтеп кеткен. Қастарының арасынан тер шыпшып шыққан. Петрушкинаны іздеу кезінде Байкинді жақсы таныды. Бастықтар алдында жалтақ, айтқанды екі еткізбейді. Өткір ұстарадай лыпып тұр. Басына іс түссе, бұғып кетер жасқаншақ. Ал елден бөтен жаңалық ести қалса, бастықтарға сыр етіп, оңаша айтуды сүйеді.

– Отыр, Қожаш. Байқауымша жаңалығың бар секілді.

Байкин қалтасынан орамалын алып, тершіген мойнын, бет-аузын сүртті:

– Әй, дәу де болсаң, соның өзі шығарсың деп, бұрын қыр соңынан қалмай жүргем. Бірақ ақиқатына жетіп алайын дедім. Ауызша портретін алған соң бұған әбден көзім жетті. Долбарым дұрыс боп шықты. – Жадырап күліп, креслоға шалқая отырды. – Өзі қу неме екен. Түлкі секілді жүрген ізінен жаңылдырады. Өз көзімен көрсін деп автоматтан телефон соғып едім, линия бұзылған ба, жауап ала алмадым. Оқасы жоқ, енді ол ешқайда кете алмайды.

Байкиннің қуанышында шек жоқ еді. Петрушкиннің арызы қырсық боп тиіп, оны оперативтік жұмыстан елеусіз шеттете бастаған. Ол бастықтардың алдында осы мінінен ақталғысы келді. Күн-түн демей «жұмбақ әйелдің іздеуге өз бетімен қатысты. Қазір майордан мақтау сөз естігісі келіп, қолын ұсынуға ыңғайланып отыр. Тершіген алақанын тізесіне қайта-қайта сүртеді.

Бірақ Кузьменко жарқылдап ашыла сөйлемеді. Столға шынтақтап еңсесін төмен салған күйі орнынан қозғалмады.

Құптап, қолпаштамады. Тіпті бұл іс жайында өз пиғылын білдірмеді. Майордың мұнша сабырлылық жасағанына Байкин қатты күйінді. Ішінен кіжініп отыр: «Қаланы шарлап, табаныңнан тозып келгенде бұлардың көрсететін сыйы осы. Бәрін өзі істеген болып басқарма бастығына құлаш-құлаш ақпар жазады. Сыйлық алып, иығына шен тағады. Ал, мына Байкин сияқты жалаңқайларға дым да тимейді. Байкиннің ақысын осы жұрт жеп болды. Онымен қоймай келемеж етеді. Бұл іске енді ол ешкімді ортақ ете алмайды. Кәне, Байкинмен санаспай көрсінші...»

Кузьменко еңсесін көтергенде Байкин шапшаң ұшып тұрып:

– Кетуге рұқсат ететін шығарсыз? – деп сыздап үн қатты.

Кузьменко состиып тұрған Байкиннің бас-аяғына көз жүгіртіп, басын шайқады.

– Тым ебелектеп кеттіңіз. Мұныңыз қалай? Әдетте, асығыстық – адастырады. Ебелектемей отырыңыз!

– Майордың соңғы сөзі әмірлі естілді.

– Сонымен кімді көрдім дедіңіз?

– Анау қатын ше, өзіміз іздеп жүрген... Езуінде алтын тісі бар.

Кузьменко кейіді:

– Жарқыным, сен былжырамай жөндеп түсіндірші!

– Мен... Мен сол әйелдің өзін таптым. Өлгі Петрушкинаны ертіп әкеткен алтын тісті қатын бар ғой... Сол.

– Баяғыдан бері солай демейсің бе? Жарайды, анығын білмей алдын ала дабырламайық. – Кузьменко қағаздарын жинастырды. – Кәне кеттік!

## БЕСІНШІ ТАРАУ

Кейбір адамдар өмірдің ащы азабын, жоқшылықтың не екенін білмейді. Уақыт атаулы бар ләззатын солардың басына үйіп-төккендей қызық көріп жатады. Масловтың үрім-бұтағы сондай жандар еді. Өткен ғасырдың куәсі болған Маслов Воронеж губерниясының қалталы ірі байы.

Дәулетімен, амал-айласымен патша сарайындағы үлкен ұлықтарға, жандаралдарға жақсы жағынған. Қартайғанда тыныш өмір сүріп, балаларын, немерелерін оқытты. Инженерлік мектепті бітірген жақын шөбересі Қарғалы шұға кәсіпорнын салуға қатысып, кейін Верныйда қоныстанып қалды. Бұл аймақта да Масловтың үрім-бұтағы шұбырып өсіп жатты. Текті атаны мақтан еткен ұрпақтары, тіпті күйеуге шыққан қыздары да фамилиясын өзгертпей, арғы атасының атын сақтады. Галина Придановна Маслова да семья дәстүрін берік ұстады. Әуелі күйеуін де өз фамилиясына көшірткен-ді. Мұнысы жақсылыққа бастамады ма, бірінші күйеуі көп ұзамай дүние салды. Маслова бар мүлікке ие болып, Тастақ селосының оңтүстік жағында тұрып жатты. Масловада ұқыптылық пен әсемдік барын оқшау, сәнді салынған үлкен үйдің бар көрінісі танытқандай еді. Көк бояумен нақышталып сырланған биік дарбазаның үстінде қанатын қағып, жұлқына мойнын созып шақырған әтеш бейнесі алдымен көзге түседі. Кіре берістегі жылтыр тастан қиюлап төселген тар жолдың екі жағы хош иісті гүлдер, самсаған жеміс ағаштары. Бақ ішінен бір қылау таппайсыз, тап-таза. Мөлдір бұлақ суы салқын лебімен бақ ішіне ерекше көрік беріп, жайнатып тұр. Кең тыныс алып, бой жазар демалыс мекені тәрізді бұл үйі.

Шарбақтан үй жаққа қарап тұрған Кузьменко мен Байкин қақпаны аша беріп, кілт тоқтады. Өз көздеріне өздері сенбеген секілді. Ағаш көлеңкесінде, сәкі үстінде, лейтенант Майлыбаев үй иесі Масловамен рахаттанып шай ішіп отыр. Ақ самаурын столға жаңа қойылған тәрізді. Буы бұрқырап тұр. Тамақ түр-түрімен қойылған. Алдарында жылтырауық ыдыстар көп. Өздері ұзақ көріспеген жандардай қызық әңгімеге кіріскен. Әйелдің сыңғырлаған күлкісі жиі естіледі.

– Осы қатынның дәл өзі! Бәлемнің сайқалдығын карашы, құрдай жорғалайды. Ырық бермей, лейтенантты жемтігіндей үйіріп алған. Мен мұның сиқыр жанын қағып тастайын!

– Шарбақтың есігін аша берген оны майор тоқтатты.



Екеуі қақпаның сыртына шығып, көшенің екінші бетіне қарай аяңдады. Емен ағаштың түбіндегі тақтайдан жасалған орындыққа келіп отырды.

Уақыт өтіп барады. Күн шақшиып төбеге келді. Жел жоқ. Ауа ауыр. Тыныс алғанда кеуденді жаншиды.

Байкин тықыршып тағат таппады. Екі көзі қанталап кеткен. Талғаттың өзінен бұрын Масловаға келгеніне қатты қапаланып тұр. Ішін өртеп барады. Тілін алса, Кузьменконы қайрап салып, өшін қайтармақ.

– Жолдас майор, бостан-бос күн көзіне қақталып қайтеміз. Іздеген қылмыскер анау, алдымызда тұр. Қамап, тергеуге алыңыз! Ал Майлыбаевтың беделі кымбат болса, онда бекер әуреленбейік. Жабулы қазан жабуымен қалсын.

– Сабыр ет, Қожаш. Талғаттың да бір білгені бар шығар.

Байкин сөзін елемегенге күйініп кетті:

– Кейде кісіні терең білмей, дабырата мақтайтынымыз бар. Міне, мынау – соның жемісі. Осындайларға ерекше тапсырма берілетініне қайран қаламын.

– Лейтенант жолдас, Майлыбаевтың ісіне баға беретін жер бұл емес!

– Қойдым онда!

– Байкин майордың жақтырмағанын байқап, басын төмен салып, қабағы түсіп, теректі айнала берді. Осы кезде Талғаттың қарасы көрінді. Ол бұл екеуінің күтіп тұрғанын байқады ма, қақпадан шығысымен солай қарай беттеді. Кузьменко Талғаттың Салбыраған жүзіне кейігендей түрмен:

– Пәлсапашым, өмірді әлі зерттеп жүрмісің? Кәне, не білгенің бар? – деді.

Майлыбаев тіке жауап қатпады. Қасын керіп, сәл езу тартқандай болды. Күлкі белгісінен гөрі реніш, мысқыл бар тәрізді. Мұндайда киық қасын тіліп өткен тыртығы қабыршақтанып, жиырыла қалады. Майор Кузьменко жас серігінің күйін осы белгіден де аңғаратын. Біреумен келіспегенде ол ылғи сөйтеді. Қазір де сонысына басты. Маслованың семьясын жамандыққа ілндіргісі келмейтінін сезіп келеді. Бірақ милиция өмірінің айнымас заңы бар. Әрбір іс долбарға, қиялға емес, нақты фактіге құрылады.

Петрушкина осы үйге келгеннен кейін хабар-ошарсыз кеткені белгілі. Жазықсыз жанды өлтіруге Маслованың қатысы бар деген күдік бар. Ал Майлыбаев бұл әйелді үнсіз әрекет қиқылымен арашалағысы келеді. Ол Кузьменконың «Өмірді зерттеп жүрсің бе?» деп қағытқан сұрағына бірден жауап қатқан жоқ. Тек басқармаға келгенде ғана:

– Милиция өмірінің қиындығын енді аңғарғандаймын, Петр Петрович. Бұрын қызықты оқиғалар туып, оның шытырман жәймен шешілуіне әуестенуші едім. Бетім қайтқан секілді. Айталық, күні-түні сабылып іздеген, қаһарынды төккен жерге барасың. Табанда байлап-матап ұстағың келеді. Жұрттың бәріне шүбәлана қарайсың. Ал бара қалғанда уыздай жарасты, кішіпейіл, ындыны жуас адамдар кездесе қайтесің? Кейде осыған қарамастан дөрекілік көрсетеміз.

Кузьменконың жұмсақтық жасап, Талғаттың ырқынан шықпағанына іштей күйініп, кектенген лейтенант Байкин шыдамай орнынан атып тұрды:

– Қылмыскермен астасып, рахатқа батқандар ақылды жандар да, ал нұсқауға сәйкес тәртіп сақтағандар топас адамдар екен ғой! Сеніңше біз дөрекіміз, жұртқа сенбейміз, елдің бәріне күдікпен қараймыз. Ал сен көрегенсің, ақылдысың! Мен сені осылай түсіндім ғой деймін, лейтенант жолдас. – Байкин майордың қолдауын күтіп, оған жалтақтап қарай берді. Талғат қызбаланбады, сабырлы жауап қатты.

– Қожаш, сіз бекер өршімеңіз. Мен сізді дөрекі, басбұзар деп кінәлаған жерім жоқ. Өзіміздің атқарып жүрген қызметіміздің ауырлығын, жалпы ортақ кемшілікті айтып отырмын. Ал өзіңізді жұрттан ала бөтен қуыс кеуде, топастардың қатарына қоссаңыз, ерік сіздікі.

Байкин сөзден ұтылып, Кузьменконың алдында күлкілі жағдайда қалғанын сезіп, осы мінін мысқылмен жуып-шайғысы келді.

– Сенің бойдақ күйінді түсінем, Талғат. Жол-жөнекей үйіне соғып, жылы-жұмсағын жеп жүрген әйелді кінәлау, оған жамандық тілеу, әрине қиын. Өзі жас, өзі әрлі болса, әрі сұрауы жоқ жесір қатын болса, қалайша бәлеге қиярсың.

– Мен Маслованың үйінде болғаным үшін ақталмаймын. – Талғат өз сөзін өзі құптағандай басын изеді. – Қылмыс жасағанына көзіңіз жетсе, бұлтартпайтын дәлеліңіз болса, қазір барып тінту жүргізіңіз, қамауға алыңыз, ешкім сіздің қолыңызды қақпайды.

Кузьменко сөзге килікті:

– Ондай шараларды қолдану бізге жат емес, Талғат. Ерте ме, кеш пе одан жауап алуға тиіспіз. Бірақ қазір сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Байкин көтеріліп қалды. Кузьменкоға қарап:

– Біздің майор дұрыс айтады. Өзімшілдік іске көмектеспейді, – деп Талғатты кінәлай түсті. – Сіз қылмыскерді ашық қорғап отырсыз. Онымен сот алдында бір орындыққа отырып қалып жүрмеңіз.

Майлыбаев Байкинге сығырая қарап күлді:

– Істің ақиқаты, шындығы және жеке адамның сол іске көзқарасы өзімшілдік болып табылмайды. Ал кімнің қылмыскермен бір орындықта отыратынын болашақ көрсетер.

– Сіздей жұмбақ сөзге шеберлігім жоқ. Бірақ жылтыр сөзбен алысқа бармайтыныңызды ұмытпаңыз. Егер маған ерік берсе табанда Маслованы қамауға алар едім.

– Қылмыс жасамаса қайтесіз?

– Онда ақтап босатамыз.

– Кінәсыз адамға күдік келтіріп, қамаудың өзі оның адамгершілігіне нұқсан келтірмей ме?

– Заң кешірім береді.

– Қожаш, екеуміз ұғыса алатын түріміз жоқ, – деп Талғат Кузьменкоға бұрылды.

– Қожаштың маған жесір қатынды таңып қойғанына таңым бар. Бәлкім, сөзін әсерлеу үшін жалған мәліметті әдейі қосқан болар. Ыза қысқанда кісі не демейді. Мен лейтенанттың күйін түсінем. Маслованың үйіне Петрушкинаның барғанын дәлме-дәл анықтағаннан кейін, көзіме кәсіпсіз алаяқ, алыпсатар жан елестеді. Маслова жөнінде бірсыпыра деректер жинадым. Бірақ ол материалдар Маслованы ақтайды. Жаманатқа бермейді. Сонан соң көзбе-көз тілдесуді жөн көрдім. Әйткенмен

алаяқ сұм әйел көкейімнен кетпей қойды. Өздеріңіз көрген қақпаны аттағанда алдымнан жайдарлы, әдепті адамдар мықты. Олар жайында қиянат ойлағаныма өзім ұялдым. Сөйтсе де жан-жағыма тінте көз жүгіртіп қарай қоям. Олар менің қандай мақсатпен келгенімді сұрап, білгісі де келмеді. Сірә, пәтер іздеп жүрген студент деп ұқты білем. Әйтеуір жұрт мені осылай ұғатын болды ғой. Маслованың үйінде інісі өзімен бірге тұрады екен.

Аты – Владимир. Геолог-барлаушы. Биыл институт бітіреді. Кетуге ыңғайланғанымда жігіт жолымды кесіп, өзінің бүгін туған күні екенін, оның үстіне диплом жұмысын бітіргенін айтып, «әңгімелесейік, отыр деп қиылып қоймады. Әңгіме үстінде Петрушкинаның бұл үйге келгенін олар жасырмады.

Майлыбаев сөнген темекісін күл салғышқа салды да, Қожашқа бұрылды.

– Иә, айтқандай, ұмытып барады екем. Лейтенант Байкинге соңғы кезде менің қыр соңымнан қалмай, өкшелеп аңдып жүрді. Сірә, сондай тәсілмен Маслованы іздеп табудың оңай жолына түскен кісі секілді.

Сондықтан Қожаштың ол әйел жөніндегі деректерінің ұшқалақтығына таңданбаймын. Бәлкім, «Өзі жас сұлу әйел, күйеусіз тұрған соң шыдамас деп жорамалдаған шығар. Бір өкінішті жері – оның күйеуі бар. Соңғы күйеуі де геолог: қазір Қаратау маңында жер қойнауын барлау сапарында жүр.

Талғаттың әр сөзін мұқият тыңдап отырған Кузьменко ақырын күрсінді.

– Дөрекі, тұрпайы әрекет атаулының бәріне менің қарсы екенімді білесің, Талғат. Кейде оқиғаның шындығын анықтау үшін шапшаң әрекет-қимыл жасауға тура келеді. Мұндайда адал ниетіміз жұртқа құбыжық болып көрінуі мүмкін. Қайтесің, кәсібіміз осындай. Ойымыздың бір жерден шықпағанына өкінем.

– Асын ішкен қатынның адал дастарханын қалай аттасын, – деп Байкин қосарласа түсіп еді.

– Лейтенант Байкин, қоя тұрыңыз! – деп Кузьменко Қожашты тыйып тастады.

– Білсең, Талғат, Петрушкина да осы қоғамның мүшесі, оның да тағдырын ойлауымыз керек. Кейде қара шайдың тіл қуыратынын ескермейміз.

– Маслованың кінәлі екеніне көзіңіз жетсе қаманыз, тергеуге алыңыз.

– Әрине, сенің айтқаныңа сенемін, Талғат. Әйтсе де Маслованы назардан тыс қалдыра алмаймыз. Петрушкина осы үйге барғаннан соң із-түссіз кетті, үйіне оралмады. Оны өлтіруге Маслованың қатысы жоқ деп кім кепілдік бере алады?

Іс ақиқатына жеткенше әрқайсымыз өз пікірімізде қала тұрайық. Келістік пе осыған?

Майлыбаев үндемеді.

## ***АЛТЫНШЫ ТАРАУ***

Арада екі күн өтті. Майор Кузьменко Маслова жайындағы қолдағы бар материалдармен танысқаннан кейін оның өзімен бетпе-бет сөйлесуді мақұл көрді. Милицияға шақырғанды әркім ұната бермейді. Ондай шақыру келе қалса бір оқиға болған деп біліседі. Адал адамдардың өздері де әбігерге түсіп қалады. Ал Маслова абыржи қоймады.

– Сізді не үшін шақыртып отырғанымызды білесіз бе? – деген сұраққа.

– Қайдам, – деп күліп жауап қатты.

– Мен милиция алдын көрген жан емеспін. Олардың кәсіп-тіршілігі маған жұмбақ. Соны көрсін, білсін дегені шығар.

– Сіз азамат Петрушкинаны танысыз ба?

Маслова сәл ойланды.

– Жок, көрген адамым емес, – деп сәл отырды да: – Ә-ә, Матрена Онуфриевнаны айтасыз ба? Анау, екі самайы ағарған аласалау келген арық кемпір ғой. Білем оны. Біздің үйде болған. Күйеуіне костюм алуға келген.

– Қашан?

– Содан бері бірталай уақыт өтті ғой. Екі айдың жүзі

болған шығар. Қарашы, уақыт қалай тез өтеді. Өстіп жүріп өмірдің өткенін де білмей қаламыз.

– Сіз Петрушкинаны бұрын танитын ба едіңіз?

– Бұрын көрген адамым емес. Со жолы кездейсоқ кездестік.

– Қайда?

– Дүкен алдында.

– Не жайында сөйлестіңіздер?

– Қатындардың қайбір мардымды әңгімесі бар дейсіз? Өрнеменің басын бір шаттық білем. Шіркеудің попы елден жиған ақшаны жеп қойғанын әңгіме еткеніміз есімде бар.

– Маслова аңқау, сенгіш пішінмен Кузьменкоға күле қарады. – Сіздің қайдағы кемпірмен әуестеніп кеткеніңізге таңым бар. Ондайыңызды білгенде Матрена Онуфриевнаның ата-бабасынан бермен қарай сұрап алатын едім. Өзі де «қолым тигенде келем, жолығам деген еді. Енді көрсем алдыңызға сүйреп әкелейін.

– Петрушкинаның оралатынына сенесіз бе?

– Уәдесінен таймаса, соғам деген.

Кузьменко Масловаға іштей сенбеді. Сырын бүгіп отырған сияқты көрінді. Бірақ оған кінә тағарлықтай желеу де жоқ еді. Ол креслоға жайыла түсіп еркін отырған Масловаға салқын үнмен:

– Сіз бар шындықты айтып отыр деп сенемін. Өзіңіздің Петрушкинамен қалай кездескеніңізді, араларыңызда қандай әңгіме болғанын, үйіңізден қай мезгілде кеткенін түгелдей жазғайсыз, – деді де алдына қағаз қойды.

Маслова ұзақ ойланбады. Бір бет қағазға Петрушкинаның келіп-кеткенін қысқаша жазып майорға берді. Кузьменко шапшаң көз жүгіртіп шықты.

– Бұған қосарыңыз бар ма?

– Басқа не айтам?

– Рахмет, мазалағаным үшін кешірім сұраймын. Кетуіңізге болады.

Сыртта інісі Владимир тұрған. Әпкесін қылмыстыларды іздеу бөліміне шақыртқанына қорқып, бірге ілесе келгенді.

– Неменеге шақыртыпты? – деп әпкесін көріп қуанып қалды.

– Жай әншейін, – Галина Придановна қолын сермеді.

– Баяғыда біздің үйге бір кемпір келіп кетіп еді ғой. Соның жайын сұрады.

Сол күні түстен кейін майор Кузьменко Талғатты өзіне шақырды.

– Мен бүгін Масловамен әңгімелестім. Байқауымша, сырын ашпай әлденені бүгіп-жасыратын секілді. Мынау оның түсініктеме хаты. Оқы, – деді.

Талғат дыбыстамай оқи бастады.

Талғат түсінік хатты оқып, Кузьменконың алдына қойды. Майор креслоға шынтақтай қисайып:

– Бұған қалай қарайсың, Талғат? – деді.

– Меніңше ол өзінің көргенін жазған.

– Солай ойлайсың ба?

– Кузьменко орнынан тұрып терезе алдына барды. Сәл ойланып сөзін жалғастырды:

– Бізге керегі Петрушкина жайындағы мәліметтер ғой. Ал мына түсініктемеде дәнеңе айтылмайды. Петрушкина өзіне төнген қатерді білмей, аңдамады деу қиын. Көңілі жүдеу, күпті адам, өзіңізге белгілі, біреумен сыр шашпай тұра алмайды. Әуесқой Маслова бұған қалайша зер салмады екен?

– Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы бар дегеніңіз бе бұл?

– Мен олай айтқаным жоқ. Бірақ оған сенбеймін. Петрушкинаның қайда, қалай кеткенін Маслованың білмей қалуы мүмкін емес. Ол өзінің түсінік хатында осының бәрін жазуы керек еді. Бірақ ол шындықты айтқысы келмейді. Осыдан өзің қорытынды жасай бер.

– Жалаң ой жалған дәлелдермен ұштасса, ақиқат түбіне жетпейміз. Тегі теріс қорытынды жасап жүрмейік.

– Білем, Талғат, сен Масловаға кір жуытқың келмейді. Қиянаттан аулақ, ары таза жан дейсің. Ылайым, солай болсын. Бірақ біздің кәсібіміз кісінің нәзік сезімін әрдайым көтере бермейді, шұғыл әрекет жасауды талап етеді. Мұндайда жаңсақ кетуіміз де ықтимал.

– Мен одағай оспақтан көрі бұлтармас дәлелді ұнатамын.

– Саған керегі айғақтық дәлелдер ме? Қам жеме, ондай айғақтық заттар табылады.

– Сіз соған сенесіз бе?

– Иә.

Ұзақ тәжірибе, ішкі сезім Кузьменконы бұл жолы да алдамады. Маслованың үйін тінткенде Петрушкинаның шәлісі, сумкасы табылды. Ақ жолағы бар жүннен тоқылған кара шәліні Матрена Онуфриевна базарға барғанда басына салыпты.

Алдын ала жүргізілген тергеуде Масловамен бірге Петрушкин де басқармаға шақырылды. Стол үстінде жатқан таныс затты көріп, көзі шарасынан шыққан Петрушкин:

– Құдай-ау, тірі ме едің? Сені де көрер күн бар екені – деп шәліні кеудесіне басып, еңкілдеп жылады. Істің жайын түсіне алмаған Маслова қатты шошынды. Мүсәпір күйге түсіп азап шеккен жанның қазіргі халін көріп, қатты аяушылық білдірді.

– Мына бейшараның қатынын біреу өлтірген бе? – деп қасындағы Банкинге қарады.

– Сіз мұны білмей қалғаныңыз!

– Байкин кекеткен түрмен мырс етті.

– Мұныңыз ғажап екен. Онда шәліні, сумканы қайдан алдыңыз? Бұл заттарды Петрушкина әдейі тастап кетпеген шығар.

– Маған не айтқыңыз кеп тұр?

– Сізге не айтатынын тергеушінің өзі біледі. – Капитан Карповты иегімен нұсқады.

– Біз олардың ішкі істеріне араласпаймыз. Біздің міндетіміз – қылмыскерді тауып беру.

Маслова өзін Петрушкинаның өлімімен байланысты жаманатпен ұстағанын енді ғана білді. Ол өз ісіне тәнті боп масайрап тұрған Байкинге түйіле қарады.

– Кемпірді өлтірген мен емес. Мен оны танымаймын.

– Маслова басын ұстап отыра кетті. Тергеуші бұған назар аудармады. Жайбарақат жауап алуға кірісті. Маслова сұраққа жауап беруден бас тартты. Араға мезгіл салып жауап алғанмен ол өз жазғанынан танбады.



– Петрушкинаның өліміне менің қатысым жоқ. Күдік келтірудің өзін қорлағандық деп білемін.

– Кісіні қорлаудан аулақпыз, – деді капитан Карпов сабырлы қалыппен.

– Бізге істің шындығы, ақиқаты керек.

– Мен түсінік хатта бәрін жазғанмын. Оған алып-қосарым жоқ.

– Түсініктемеңізді оқыдым. Неге екені белгісіз, сіз Петрушкинаның қалдырып кеткен заттары жайында дәнеме айтпағансыз. Мұныңыз қалай?

– Сумкасын үйде қалдырғанын ұмытып кетіппін.

– Сіз Петрушкинаның оралуын күттіңіз. Күндер, айлар өтті. Келмеді.

Иесі жоқ затты сіңіру оңай ғой. Жоқтаушысы болмаған соң әдейі жазбаған шығарсыз. Мандайына түскен жібектей жұмсақ шашын саусақтарымен кейін қайырып, Маслова ауыр күрсінді. Аз-кем үнсіз отырды да:

– Бұл шәлінің бәле боп жабысарын білсем, осы уақытқа дейін іргеге іліп сақтаймын ба? Білсеңіз, сонша қастерлейтін әкеден қалған мұра емес қой. «Неге сақтадыңыз, неге тұр?» деп жазғырасыз. Ұмыт қалғанмен біреудің аманаты емес пе? Есіне түссе келер, алар деп ұқтым. Бәле боп жабысарын білсем оны сақтап қайтем?

– Сіз қазақ тілін білесіз бе?

– Қазақ ішінде отырып, неге білмейін? Көршіміздің бәрі қазақ.

– Оныңыз жақсы екен, – деді де капитан Карпов алдында тұрған қағаздарын шетке ысырып қойды.

– Өзің араласып, тіршілік кешкен қалың елдің әдет-ғұрпын, дәстүрін білем деген адам алдымен тілін үйренгені жөн. Мен енді ғана сабақ алып жүрмін. Қазақта «от алуға келген қатынның отыз ауыз сөзі бар дейді. Сөйлемнің сыртқы түрі одағайлау көрінгенмен бар халықтағы әйелге тән әуесқойлықты аз сөзбен тұжырымдаған. Петрушкинаның заты әйел ғой. Үйге келгеннен соң өре тұрып кетпеген шығар. Мүмкін болса оның соңғы бір айтқан сөздерін есіңізге түсіріңізші.

Маслова ойланды. Аздан соң:

– Шығарып салған кезде ғой деймін, иә, солай, – деп басын изеді.

– Қақпа алдында екеуіміз тағы бірдемеге кідіріп қалдық. Ол менің бетіме тесіррейе қарап: «Сіз қандай бақытты адамсыз деді. «Құдайға шүкір, қазір ел тоқ, молшылық қой. Енді жылағанымыздың не қисыны бар, киім көк, тамақ тоқ. Бұл да бақыттың нышаны емес пе?» – дегенімде, «Ех, Галина, әлі дүмбілез екенсің ғой» деп кемпір күрсінді. «Мен әмір бойы сондай ләззатты, тыныш өмірді аңсаған едім. Әуелден құдай жақсылығын жазбады білем. Қалай тырыссам да тілегіме жете алмадым... Қой, асығып тұр екенсің. Жолыңды бөгемейін, – деп апыл-құпыл қоштасты. Шынында ательеге баруға асыққаным рас еді. Онымен сөйлесіп тұруға уақыт тығыз болатын. Үйге келсем әлгі шәлісі мен сумкасы жатыр екен. Соның артынан жүгіріп жүрем бе, керек болса келіп алар, деп сарайға апарып қоя салдым.

– Сумканың ішінде не бар еді?

– Сенсеңіз, ақтарып қарамадым. Біреудің затын тінтіп қайтем?

– Петрушкинаның әлгі мұңлы сөзіне нендей жауап қаттыңыз?

– Қазір дәл есімде жоқ. Танымайтын адамға несіне жалпылдайын.

– Мынандай соңғы сұраққа жауап беріңіз: ательенің қасында Матрена екеуіңіз әңгімелесіп тұрғанда, оның қасында күйеуінің барын байқамадыңыз ба?

– Ол жалғыз болатын.

– Сіз Петрушкинді көрмедіңіз бе?

– Ол қандай кісі? Әлгі жылауық шолақ па? Жоқ, оны осы жерде көрдім.

– Бұл ғажап екен! Ол сізді жақсы байқаған. Әуелі кемпірмен екеуіңіздің сөздеріңізді естіген. Сізді іздеп табуға Петрушкиннің септігі тиді. Әйтпесе құжынаған мұнша халықтың ішінен сізді іздеп таба алмас едік.

– Мені іздеудің қажеті жоқ. Ұры емеспін, қашқын емеспін. Өз үйімде тыныш тұрып жатқан адаммын.

– Сөйтіп, сіз Петрушкинді көрген жоқпын дедіңіз.

– Иә.

– Бүгінгі әңгімемізді осымен тамамдайық. Сіз сәл отыра тұрыңыз. – Капитан Карпов жауап жазылған қағаздардың төменгі бұрыштарына қол қойдырды да, папкасын құшақтап шығып кетті.

Сол күні Маслова дереу босатылды. Қамауға алынбады. Айғақтық заттар бола тұрса да, оның қамауға алынбау себебін Кузьменко мен Карповтан басқа ешкім білмеді. Маслованың тұтқындалмағанын естігенде Байкин күйініп кетті. Майлыбаевты ақтау үшін қылмыскерді әдейі босатып отыр, жақтаушысы барлар осылай масайрайды. Әділет жоқ бұл күнде, – деп жатып тулады. Сол күні басқарма бастығына түні бойы отырып ұзақ арыз жазды. Әйелі тіл маманы ғой. Әріп қатесін соған түзеттіріп, қайта көшірді. Арызды бітіргенде көңлі тоғайып, жанын қинаған үлкен істі тындырғандай болды. Бойы сергіп, ұйқысы ашылып кетті. Арызды басқарма бастығына берудің түрлі тәсілдерін ойластырып, таңды көзімен атырды. Осы арызды басқарма бастығына берсе бақыты ашылып, қызметі жоғарылайтындай көрінді. Бойын қуаныш кернеп, жүрегі лүпілдей бастады...

Майор Кузьменко тергеу ісін алдырып, Маслованың жауабын зейін салып оқып шықты. Оны түсінік хатпен салыстырды. Алғаш тергеу ісі хабарсыз кеткен адамды ізіне түсуге көмектесер деп дәмеленген-ді. Бірақ іс жұмбақ боп қала берді. Маслованың жауабында Петрушкинді бұрын-соңды көрмеген боп шыққан. Ал Петрушкин оның сөзін жоққа шығарып, безек қағады. «Менде әйел қызығарлық қай түр бар дейсің? Байқамағаны рас болар. Әйткенмен Матрена екеуіміздің арамыздағы әңгімені естуі керек еді. Мойнына алмаса қайтем. Одан жоқтың орны толмас. Бәріне бір құдайдың өзі куә – деп өкініш білдірді. Сырт қарағанда Петрушкиннің Масловамен көріскенінде тұрған дәнеңе жоқ сияқты. Бірақ іс үшін мұның үлкен маңызы бар еді. Маслованың айтқанына сенсе, қылмыс жасаушы Петрушкин болып шығады. Екі әйел сөйлескен кезде ол әдейі жасырынып тұрған да, олар Маслованың үйіне бет алғанда ізіне түсіп аңдып отырған.

Матрена Онуфриевна ол үйден шыққан кезде сәтті кезді тауып қапылыста қастандық жасаған... Ал Петрушкиннің айтқаны дұрыс деп тапса, онда кемпірдің өліміне тікелей кінәлы Маслова болғаны. Петрушкиннің үйіне кеткенін білгеннен кейін тонау мақсатымен кемпірге қастандық жасалуы мүмкін. Бірақ Маслованы ақтайтындай мынадай жай бар еді: Петрушкиннен алынған жауаптың бәрінде олардың базарға үш жүз сом ақшамен түскені айтылады. Ал Маслованың үйінде қалған кемпірдің сумкасынан бес мың сом ақша табылған. Оны Петрушкин білмейді, әуелі көрмеген. Бұған қарағанда ерлі-зайыптылардың арасында бір-біріне сенбеушілік, сыр бұғушілік бары байқалады, және кемпірдің мұндай көп соманы не үшін алып шыққаны белгісіз. Маслова ақшаға қызығып, қастық жасаса бұл ақшаны иемденіп кетер еді...

Тағы мынадай жай Кузьменконың көңілін бөле берді. Матрена Онуфриевна Маслованың үйінен кешкі сағат 7-де шықсын-ақ. Жаяу сылбыр жүрген күннің өзінде комбинат поселкесіне сағат сегізде жетуге тиіс. Кузьменко мен Майлыбаев бұл аралықты өздері бірнеше рет жаяу жүріп байқады. Сағат сегізде күн ұясына кірмейді. Бұл мезгілде біреу көшеде кемпірге қиянат жасаса арашашылар табылар еді. Оның үстіне ақшасы жоқ құр қол әйелге екшелеп аңдыған ұрының өзі де тиісе қоймайды. Олай болса Матрена Онуфриевна жат адамның қастандығына ұшырамаған...

Әдетте, қылмысты анықтағанда айқын, даусыз фактіге сүйену керек екенін біле тұра, Кузьменко бір сәт өзінің қиял-сезіміне ерік берді. Егер Петрушкинаға бөтен біреу қастандық жасамаса, онда ол жолшыбай өзінің жақын таныс кісісіне кездескен болады. Және қапылыста сол адамның қолынан қаза тапқаны. Жақын адамдарынан кемпірді кім өлтіруі мүмкін?

Ерлі-зайыпты Петрушкиндер, бұқпа оңаша тіршілік кешкен. Жұртпен әмпей-жәмпейі жоқ. Сырт таныстары сирек. Глафира Данишевскаяның айтқанынан артық мәлімет жинай алмады. Глафира да бұрынғы сөзін қайталай берді.

– Мен ол кезде қатты мас едім. Төбел таздың қасымда жабысып сыбырлап отырғанын білем. Оның не айтқаны есімде жоқ.

– Сол кештен кейін Данишевская оны көрмеген. Матрена Онуфриевнаға ендігі жақын адамы – күйеуі Петрушкин. Ол байқұс қайғырып, зарлап жүр. Халі кісі аярлық.

– Матрена Онуфриевнаны өлтірген кім?

– Кузьменко өзіне осы сұрақты сан рет қайталап қойды. Кім болса да кісі өлтіруші адам алыста емес. Кім ол?

Полковник Дайыров Петрушкинаның ісімен алғаш танысқан кезде «Өлікті тіріге санап бекер әуреленесіндер. Қылмыскердің ізін суытпай тапқан жөн, деп кеңес бергенде Кузьменко «Өлгені қалай? Үйінен кеткен кісіні өлді деу дұрыс па?» деп қатты шұбаланған еді. Енді полковниктің сол кездегі айтқаны дәл келіп тұр. Өз тіршілігінен артықты көксемеген момын кемпір қатал жауыздықпен жазаланатындай не жазды екен? Байқұстың кінәсі не?

Майордың ойын есіктен сөйлей кірген Майлыбаев бөлді.

– Маслованың ісін қалай шештіңіздер, Петр Петрович?

– Оны айыптауға дәлел таппадық, босатуға тура келді. Әйткенмен күдік көмейден кетпейді. Мына істі анықтағанша қаладан кетпеуіне тілхат алдық. – Кузьменко орнынан тұрып Майлыбаевтың қарсы алдындағы орындыққа келіп отырды.

– Қылмыскер өзіне керекті затын алғаннан кейін өлікпен әуреленбейді, шапшаң жасырынуға, қолға түспеуге тырысады. Бір сөзбен айтқанда өлікті көмбейді.

– Иә, бұл «Мокровиктерге тән қасиет. Тек қылмыскер өзіне жақын кісіні өлтірген шақта жауаптан тайсақтау үшін өлікті жасырады.

– Мен де солай ойлаймын. Матрена Онуфриевнаның қалтасында көк тиын жоқ. Ақша сумкада қалған. Оны өлтірген адам тонау мақсатын көздемеген.

– Залалсыз кемпірді өлтіргеніне таңым бар.

– Кемпірдің өлгеніне көзім жеткеннен кейін осындай сауал менің де көкейімнен кетпей қойды. Неге өлтірді

оны? – Кузьменко папиросын алып тұтатты да, кабинеттің ішінде әрі-бері жүрді.

– Затында адал адам ақталмайды, қуыстанып көз жасын төкпейді. Мен жасқаншақтың жасық жасынан жиренемін.

Талғат ту сыртында тұрған майорға бұрылды.

– Кім туралы айтып тұрсыз, Петр Петрович? Кузьменко «ойды бөлме дегендей Талғаттың иығынан басып:

– Шамадинов жайындағы оқиға есінде ме, Талғат? Ұмытпасам, соңғы жолы сендер «Алатау ресторанында отырдыңдар. Оларды қорадан шығатын қақпа алдында ұстадық.

– Қай Шамадинов? Әлгі он мың сом ұтқан Красникованы өлтірген бандит пе?

– Иә, тап соның өзі.

Майлыбаев бар денесімен бұрылып таңдана қарады. Қанжарынан қан тамған, айлакер, аяр сұмды қалай ұмытсын ол. Шамадинов өз тобымен ресторанда отырып ешкімнен сескенбей, «болашақ олжасын қамдап жатқанда олардың ішінде Талғат та бар еді. Бірге ішті, бірге жеді. Оған ұзақ уақыт қолға түспей тобымен құтылып кетіп жүрген бандиттерді анықтау тапсырылған-ды. Бірақ Шамадинов өр кеуде, доғал емес-тін. Өзінде зор білім бар. Институтта механика факультетін бітірген. Мұндай азғындық жолға түсуін сипаттау қиын. Институтты бітіру кешінде өзімен бір оқып шыққан қызды зорлайды. Осыдан соң жауаптан қашып ізін жасырып жоғалып кеткен. Айлашыл неме, алар жемін алыстан көздеп, жымын білдірмейді. Тобы шымыр, жігін ашпайды. Бәрі қанды қол қасаптар. Талғатты жұмырында ұстап, дымын өшіріп қою үшін оның да қолын қанға бояп, жыра кетпейтіндей тұсап қоймақ еді. Нұсқау тығыз. «Мынау сенің соңғы рюмкаң. Басқа ішпейсің. Бермеймін. Қанжар ұстаған қол қалтырамау керек. Пышақ салғанда дыбысы шықпасын. Өзім тексерем. Немене татитыныңды көргім кеп тұр. Тайқысаң, жақсылық күтпе. Табанда өз қолыммен лақша бауыздаймын. Бақыртпаймын деп араққа желіккен бұзақылар «Ювелир магазинін сол сәтте тонамаққа бекінді де, күзетшіні бауыздауды Талғатқа табыстады. Бүкіл топ қоршап дызықтап қарап тұрмақ.

Бұл Талғаттың ойына келмеген жәй еді. «Магазинді құр қолмен ашу қиын, сигналы бар, арандап қайтеміз – деп сылтауратып еді, «Сен өйтіп былжырама, магазин сенің камың емес деп тыйып тастады. Сол күні Кузьменко бастаған оперативтік топ бандиттерді ұстамағанда, бұл кездесудің немен тынатынын бір құдайдың өзі білсін.

– Есінде жоқ па? – Кузьменко тағы сұрады.

Талғат қабағын түйіп төмен қарап отырды да:

– Оны несіне сұрадыңыз, Петр Петрович? – деді.

Кузьменко қарсы сұрақ қойды:

– Олар ұрлаған затты кімдер арқылы сатамыз деп еді?

– Жаңылмасам, Темникова болу керек.

– Оны соттады ғой. Одан басқа тағы кімді айтып еді?

– Қазір, – Талғат сәл ойланды.

– Ә-ә, енді есіме түсті. Шаштараз Соломон деп отырды, Иә, тап солай. Бұлардың Петрушкинаның ісіне қандай қатысы бар?

– Қатысы бар ма, жоқ па, әзірге белгісіз. Оны айта алмаймын. Бірақ сол Соломон шаштараздың немен кәсіп ететінін анықтаған жөн. Бұл істі өзіңе тапсырсам деп отырмын. Қалай қарайсың?

– Талғаттың жауабын күтпестен:

– Байқа, шаштаразға бару үшін сақалды емін-еркін өсірген жөн. Түсіндің бе?

## ***ЖЕТІНШІ ТАРАУ***

Таң нұры жаңадан білінген мезгіл. Қала ұйқыдан оянбаған. Аспан ашық, шымқай көк емес, бұлыңғыр. Шығыс жиектен төңкеріліп, аспандап қызғылт сәуле көтеріліп келеді... Қошқыл қызылы барған сайын молая түседі. Кабинетте ұзақ отырып, жұмыстан қажыған Кузьменко таза ауаны тілеп, төсекті әдейі верандаға салдырған еді. Машинаның гүрілдеген даусынан ба, әлде көшеден естілген айқай-шудан ба, шырт ұйқыдан оянып кетті. Әдетінше жеңіл қимылмен жаттығу жасап жүргенде, әйелі Евдокия Кирилловна терезеден басын сұғып айқайлады:

– Петя, мұнда келші тезірек! – Өзі іш көйлекшең, көкірегі ашық, даусында еркелік наз бар.

– Не боп қалды, Дуся?

– Кузьменко мойнын созып дауыстады:

– Шай ішуге әлі уақыт бар. Асықтырмасаң қайтеді?

– Ой, Петя, түсінбейтін қандай жан едің? Сені телефонға шақырып жатыр.

Кузьменко биік басқышты бір-екі аттап, үйге құлаш сермей жүгіре кірді.

– Бұл кім? – деп трубканы алды.

– Алло, сізді тыңдап тұрмын. Қашан? Бүгін бе? Қазір келем! – деп алдыңғы сөзге жауап қатпастан трубканы қойды да, шапшаң киіне бастады.

Есік алдында машина күтіп тұр екен. Ішінде капитан Карпов отыр. Ол жолшыбай Кузьменкоға болған оқиғаны қысқаша баяндап шықты.

– Үш пен төрттің арасында алдырса керек. Өйткені бір ұйықтап тұрып оянғанымда бар еді дегенді айтады. Әйтеуір біз үшін ыңғайсыз жай. Қасарысқандай дәл соған кезіккенін қарашы!

Кузьменко тергеушінің сөзін шала ұқты:

– Өзі қайдан келген неме? Кім өзі?

– Орталықтан келген біреу көрінеді. Кузьменко басқармаға келісімен тергеуші берген істі ақтарып қарай бастады. Ішінде жәбір көрушінің арызы да бар.

Кузьменконы ыза кернеді. Сұп-сұр боп, арыз тіркелген жұқа папканы сілкіп, лақтырып тастады да:

– Бұл не сұмдық?!

Айла-әрекет пе, әлде шындық па? Айыптыны жер астына кірсе де табамыз, жұрт алдында әшкерелейміз. Кімнің кінәлі екенін көрейік! – деп, Карповқа сұрақты пішінмен қарады.

– Қонақ үй маңын кімдер күзеткен еді?

– Кезекші милиционерлер түнгі сағат он екіге дейін тұрған. Лейтенант Байкин таң алдында жай аралап шығыпты.

– Байкин онда неғып жүр? Қонақ үй оның участогы емес қой!

– Білмеймін, жолдас майор. Сірә, қонақтан қайтып келе



жатып, жолшыбай соқса керек. Істің анық жайын білетін сол.

– Қазір қайда ол?

– Бөлімшеде болар.

Аз уақыттан соң бет-аузы домбыққан Байкин кірді. Осында келместен бұрын тәтті ұйқыдан ояңған секілді. Көзі жасаурап, есіней береді. Керіліп, маңғаз тұр. Егер майор дәл қазір маңызды іс тапсыра қойса, оған кіріспестен бұрын алдымен ойланып алатынын, тіпті келісім беруінің өзі екі талай екенін сездіреді. Өйткені Байкин енді Кузьменкодан қорқа алмайды. Маслованы құжынаған қала ішінен тауып, айғақтық затпен ұстаса да, Майлыбаевтың тіліне еріп, қылмыскер әйелді босатып жіберді. Әрине, Байкин бұған өкінбейді. Майор кәрін төгіп, Байкиннің айтқанын істемей, жырақ кетсе үндемей ғана жазған арызын үлкен бастықтың өзіне ұстата қояды. Сонан соң ақталып көрсін. Байкин әзірге майорды уысынан шығармақ емес... Осы күнге дейін қарсы келмей, Кузьменкоға жалпақтап жүрсе, үлкен бастықтың көзіне ілігіп қалуға септік жасай ма деп ойлаған. Қазір де сол мақсатпен келіп тұр.

Байкиннің қазіргі немкетті тұрысы оның бұл ойын айтпай-ақ танытқандай еді. Кабинет ішін аз ғана тыныштық басты. Байкин заматта құбылып, өзімшіл мінезінен айрылып, тықыршып, кипақтай бастады.

– Мені шақыртып па едіңіз, жолдас майор?

– Чемоданды кім ұрлады?

– Оны қайдан білейін? Таң сәріде біреу қонақ үйді басына көтеріп байбалам салып жүрген. Затым ұрланды деді ме, әлде біреу алып кетті деді ме, сөзін жөнді ұға алмадым.

– Ал сіз қайда болдыңыз?

– Түсінбеймін, жолдас майор. Әйтеуір маған дегенде қабағыңыз бір ашылмай-ақ қойды. Әділетке көшсеңіз қайтеді? Біріншіден, бұл менің участогым емес. Екіншіден, жұмыстан кейін менің де ел секілді еркін жүріп демалуға правом бар шығар. Қаңғырған біреудің мүлкіне бола совет офицерін жазғырғаныңыз, тіпті қисынсыз.

– Милиционер уақыт талғамайды, күн бе, түн бе,

әрдайым поста болуға тиіс. Жұрт бізді қорғаным деп біледі. Жұрттың тыныштығы – біздің тыныштығымыз. Ал сіз оқиғаның ішінде жүріп, шара қолданбағансыз.

Лейтенант Байкин істің насырға шабатынын байқап, ақтала бастады:

– Айтқандарыңыздың бәрі дұрыс, жолдас майор. Біз әрдайым өз орнымызда болуға тиіспіз. Бірақ, үй ішінде не боп жатқанын қайдан білейін?

– Егер жоғалғаны рас болса, шындап жауап бересіз. Түсінікті ме?

– Кузьменко күйініп кетті.

– Осы күнге дейін өз міндетіңізді ұқпайтыныңызға таңым бар.

– Мені бекер жазғырасыз.

– Бұл – қылмыс...

Байкин төмен қарап, кепкасының күнқағарын сипалап, қабағы түсіп, қиналғандық түр байқатты. Қипақтап, ойындағысын айта алмай, сәл тұрды да, мүләйімсіген түрмен шығып кетті.

Майор Кузьменко іс жайымен танысқаннан кейін оқиға болған жерге келді.

Кузьменко сағат онда Дайыровка кіріп, қонақ үйдегі оқиғаны түгел баяндады. Дайыров екі қолын алдына бос салып, қошқардың мүйізіндей иірілген әйдік емен столға кеудесін тіреп, Кузьменконы үнсіз тыңдады. Сөзін бөлмеді. Өлден соң шалқиып, жотасын орындыққа тіреп, еңсесін көтерді.

– Сонымен бөгде адамның із таңбасы жоқ де. Чемоданды иесінен басқа ешкімнің ұрлауы мүмкін емес дейсіз.

Кузьменко құптап бас изеді:

– Дәл солай, полковник жолдас!

Дайыров қасын керіп, сұрақты пішінмен қарады.

– Сөйтіп, чемодан ұрланбаған.

– Біз ұрлық ізін байқай алмадық.

– Жалған арызбен әлек жасауының мәнісі қалай?

Майор Кузьменко күмілжіп қалды. Өз долбарын нақты пікір ретінде кесіп айтуды ыңғайсыз көрді.

– Жеміс-жидек пісіп жатқан мезгілі. Ал біздің қала

өзінің апорт алмасымен әлемге әйгілі. Саяхатшымыз осыны көріп, сылтау тауып аялдағысы келген шығар.

Дайыров иегін сипалап отырды да:

– Біздің міндетіміз қайткенмен де қылмыскерді табу, әшкерелеу. Күмән тудырғанмен қонақтың чемоданы ұрланды делік. Оның өзі сондай дақпыртты қаласа, біз де тайсақтамайық. Әділет кімнің жағында екенін көрейік. Меніңше, бұл ден қоярлық үлкен іс. Әрине, барлық әдептілікті, сыпайылықты сақтайық. Келістік пе?

– Дәл солай, полковник жолдас!

– Қонақтың арызын, әрине, аяқсыз қалдыра алмаймыз. Бұл іспен бір адамның арнайы шұғылданғаны жөн. Лейтенант Майлыбаев Красникованың ісін ашуда аса ұстамдылық, тапқырлық көрсетіп еді. Өзі қағылез жігіт. Бұл істі соған тапсырсақ қайтеді?

– Лейтенант Майлыбаев қазір аса маңызды іспен жүр. Оны «шаштаразбен істес болуға бөлдік.

– Кузьменко полковниктің бұрын берген тапсырмасын есіне салды.

Дайыров күтпеген қорытынды жасады:

– Петр Петрович, сіз қалай ойлайсыз? Меніңше, бұл тапсырма Майлыбаевқа кедергі жасамайды.

– Мен түсінбедім, Мұқан Дайырович?

– Кузьменко қатты таңданды. «Шаштараз қаланың кәрі тұрғыны, Петрушкин болса кәсібі бөлек ит үйретуші. Олардың алыстан келген қонаққа қандай қатысы бар?

– Бұлардың арасында байланыс бар ма, жоқ па, оны білмеймін. Бірақ мынадай жай ойландырады: бұдан біраз күн бұрын Петрушкин жұмбақ хат алады. Одан соң оның әйелі кенеттен жоғалып кетеді. Соның арасында Петрушкиннің «шаштаразбен ымы-жымы бір бола қалады. Байқасаңыз, жігі жоқ тұтас бір оқиға секілді.

Іс өте күрделі. Қылмыскерді іздеу жолын қайта жоспарлаңыз. Өз тәжірибеңіз көрсеткендей, ұсақ деген істің өзі де елусіз қалмасын. Келістік пе?

Майор Кузьменкоға жұмбақ боп келген істің өзегі енді ғана айқындалған секілді. Бұрын қанша ойланса да әр тұста өрбіген істің байыбына жете алмаған еді. Ол «өз

тәжірибеңіз көрсеткендей деген полковниктің сөзін құлақ ұшына дейін қызара тыңдады. Оған үлкен сенім артып отыр. Кузьменко орнынан шапшаң тұрып:

– Тапсырма орындалады, полковник жолдас! – деді.

Кузьменко есікке тақала беріп, тықылдатқан дыбысқа еріксіз бұрылды.

– Масловадан жауап алған тергеу ісімен таныстым. Оны қамаудан босатқандарыңыз дұрыс. Бірақ күдік алған адамнан жауап алу үшін алдымен оның кінәлі екенін білген жөн. Кінәраттау үшін оспақпен сұрау қоюға жарамайды. Адал кісінің жүрегіне дақ салмайық. Осы жағына мұқият болыңыз.

– Күп болады, полковник жолдас!

Дайыров кете беруге болады дегендей басын изеді.

### СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Қаланың демалыс және мәдениет паркі. Прожектор сәулесі қызылды-жасылды оймышталған гүл алаңын құлпыртып тұр. Ағылған жұрт аллея бойымен сапырылысып өтеді. Анастасия Алтынбаева да осы көптің ішінде жеңгесімен серуендеп жүр. Өткен аптада институт студенттері концерт қойған еді. Концерт үстінде Қожаш деген тықыр қара жігітпен танысып, осы жексенбіде жолығуға уәделескен. Қалың көптің ішінде адасып, әуреленбес үшін фонтан түбін белгі етті. Фонтанды екі-үш мәртебе айналып өтті. Бірақ Қожашқа ұқсас жігітті Анастасия байқай алмады.

– Бұл қалай? Шынымен келмей ме? Мен осы бір күнді соншама асығып, ынтығып күтіп едім. Мынау мені жынды қылар! – деп, жеңгесін түртпектеп дегбірі кетті. Анастасияның жеңгесі Ольга Степановна жасы қырықтан асқан, айна-тарақтан қалып бара жатқан кісі. Еркекке көп зауқы жоқ. Әйтсе де қайын сіңлісінің жаңа адаммен танысқанын ұнатып тұрады. Жаңа таныс – ішім-жемге мол,

барын аямайды. Ольга Степановна екі жасты жарастырып, солардан ішкен-жегенді пайда көреді. Қожаштың уәделі сағатта көрінбегеніне о да әбігерленіп жүр.

– Ойпырым-ай, мұнысы несі? Сөз байласқан жерлерің осы тұс па? Ұмытқан жоқсың ба? – деп Қожашты танымаса да, өткен-кеткен кісілерге көз тігіп, қара жігіт көрсе:

– Анау дудар бас қара емес пе? – деп қолын шошайтып, бір көрсетіп қалады.

– Қайсы? Кімді айтып тұрсың? – деп, жеңгесі қол сілтеген жаққа телміре көз сүзеді де:

– Қайдағыны айтады екенсің! – деп күйіп кетеді.

– Ондай боқ қарын үйде де отыр ғой. Оны қайтем?

– Әнеу бір жігітті қарашы, сол емес пе? – деп, Ольга Степановна қайын сіңлісінің көңілінен шыққысы келіп, жастау балаң жігітті нұсқады.

– Киім формасы өзгешелеу екен өзінің!

Анастасия ернін шығарып, қолын сілтеді.

– Қалтасындағы ақшасы стакан араққа жетпейтін ашқарақ студентті қойшы. Ең құрыса өнері жоқ, құр сөзбен ішінді кептіреді.

Анастасияның өткір көк көзі көпті барлап, өткен-кеткенді қалт жібермей жіті қарап тұр. Бір кезде Ольга Степановнаны шынтағымен түртіп қалды.

– Келе жатыр! – деп, жүрегі лүпілдеп, қуанып кетті. Қақпадан өте беріп, кідіріп жан-жағына қарап тұрған Байкинге:

– Қожашка, мен мұндамын! – деп жүгіріп барып қарынан құшақтай алды. Жалтақтап жатырқаған жоқ, жабысып, қолтығына қытықсыз кіріп кетті. Байкин оның татымсыз қылығын сөкет көрмей, мұны әйелдің ынтыққаны, жақсы көргені деп білді.

Анастасия өзінің жеңгесімен таныстырды:

– Мынау менің туған жеңгем, Ольга Степановна, танысып қой. Үшеудің бірі артық дей ме? Бірақ бұл кісі ондайға жатпайды. Қымсынба, судағы балықтай мылқау.

Байкин иіліп амандасты да:

– Бұл не тұрыс? Бір жерге барып жүрек жалғалық. Мен таңертеңнен бері нәр татқаным жоқ, – деп, «Аралға баруға ұсыныс жасады. Екі әйел кешігіп келген жігітті сөкпеді,

қиқарланып қарсылық көрсеткен де жоқ. Ежелгі таныстай қолтықтасып, топтасып, ресторанға бет алды.

«Арал рестораны бүгін өзгеше думанды еді. Босағада телміріп кезек күтіп тұрғандар көп. Байкин даяшылармен жанасып, сыбырласып жүріп, оңашалау бұрышқа стол, орындық қойғызды. Осы жолы да қалтасындағы қызыл куәліктің жәрдемі тиді. Қайта-қайта жылтыңдатаып көрсетіп жүр. Даяшы бұларды көп күттірмеді. Поднос толы шөлмектерді столдың үстіне самсатып қойды. Арасында армянның жұлдызды коньягы да бар. Тоңазытылған ет, жасыл қияр, лимон, қуырылған тауық табақ-табағымен әкелініп жатыр.

– Қожаш, сен бүгін қарнымызды жарайын деген екенсің. Мынаның бәрін қалай тауысамыз? – деп Анастасия ризалығын еркелікпен білдірді.

Ольга Степановна Анастасияны ала көзімен атып жібере жаздады. «Ала берсін, сенің пұлың шығып бара жатыр ма?» дегендей оны шынтағымен түртіп қойды. Байкин бұларға зер салған жоқ. Шанышқымен етті қабаттай алып, асап:

– Осы да сөз бе, ыстық тамақ әкелгенше жүрек жалғай тұрайық! – деді де, рюмкаларға толтыра құйып: – Келіндер, денсаулық, амандық үшін алып қояйық. Осының бәрі тіріліктің арқасы! – деді де, рюмканы аузына апарып, қылқ еткізіп бір-ақ жұтты. Екі әйелге ырық бермей, рюмканы түбіне дейін ішкізді. Анастасияның аузына етті өз қолымен салып, тамағынан, құлақ түбінен иіскеп, жегені үшін ризалық білдірді. Анастасия иығымен қағып, еркелеп, күліп, жадырай түседі. Біраз ішіп-жеп, тоғайып алған соң столдан еңсесін көтере, сырыла отырып, салқын сыраны ішуге кірісті. Байкин енді байқады: Анастасияның шолақ көйлегі түріліп, мықындап кеткен екен. Әппақ, әдемі жұмыр сандары жарқырап, кісінің делебесін қоздырады. Байкин ақырын қол жүгіртіп, сипалады. Анастасия түршіккен де жоқ, көз қиығын тастап, күліп қойды. Жігіттің ықыласын бұзбай, бүйірін тақап, тығылып, ыңғайлана түседі. Өзі де шыдай алатын емес. Әлден соң жігітке біржолата бұрылып, иығына қолын салып, құшақтап отырды.

– Мен сізді жақсы көрем! – деп Байкиннің құлағын

тістелеп сыбырлады. Жігіт те мәз. Белінен қатты құшып, қысып, қымсынбай ұзақ сүйеді. Ауыртып, тістелеп сүйеді. Анастасияның шыдамы таусылды. Дауысы дірілдеп:

– Жүрші, кетейік! – деді.

Даяшы әкелген ыстық асты шала жеп, үшеуі ресторанның жедел шығып, аялдамай Анастасияның үйіне қарай тартты. Анастасия серіктерін асықтырып, өзі бастап келеді. Жолда қайта-қайта жабысып, құшақтап сүйіп, бөгей берген Байкинге:

– Шыдашы! – деп, сүйір саусақтарымен қолын қысып-қысып қойды.

Бұлар топтасып дабырласып үйге кіргенде Ахметжан Алтынбаевичтің ыңырсыған дауысы шықты:

– Настя, келдіңдер ме? Құдай үшін бір жұтым су беріңдерші! Таңдайым кеуіп кетті.

– Үні өктем емес, жалынышты. Кезерген ернін жалап, есік жаққа жаутаңдап қарайды. Ахметжан үлкен ғалым ғой. Физика саласында ашқан жаңалығы көп. Институттың соңғы курсына Анастасия қосымша сабақ, түсінік алған боп Ахметжанға келгіштеп, жұғысып, ыңғай көрсеткен соң, Ақаң көп ойланбай, қатын, бала-шағасын тастап Анастасияға үйленген. Алғаш өмір қызықтау өткенімен, кейін Анастасия салқындық жасайтын болды. «Жолдас қыздың үйіне барам, «Жеңгемнің үйіне барамың сылтауратып кеш келетінді шығарды. Кейде түнеп қалады. Қыстан бері аурулы-сырқаулы болып жүрген Ахметжан соңғы айда бері шойырылып, қозғала алмай, төсек тартып жатып қалған. Содан бері Анастасия мүлде шеттеп, үйге қарамайтын болды. Оған Ахметжанның бір кездегі жұмсақ үні түрпідей тиеді. Қазір де бұрқ ете қалды:

– Осы-ақ шөлігіп, өзегі кеуіп тұрады екен! Ольга, қақсатпай анаған су бере салшы! – деді де еркек даусын естіп, сескеніп босағада тұрып қалған Қожашты саусағымен ымдап, бөлмесіне шақырды. Байкин үркіп тұр. Қозғалар емес. Анастасия өзі барып, құшақтап, ернінің ұшымен шымшылап сүйіп, сыбырлады:

– Қорықпа, ол орнынан тұра алмайды, сал боп жатыр! –

деп Қожашты қолтықтап бөлмесіне әкелді. Есікті кілттеп жапты да: – Демалайық, мен шаршадым, – деп қымсынбай шешіне бастады. Жалаңаш денесі әжімсіз, тығыршықтай әппақ. Кеудесіне тікелей қос алмасы, талдырмаш белі, кіндігінің шұқыры... бәрі кісіні еріксіз тартып, елітіп әкетіп барады. Байкин бұдан әрі шыдай алмады. Шапшаң шешініп, Анастасияның жалаңаш қойнына кіріп кетті.

Әден уақытта Анастасияның бұлданған үні естілді:

– Кісіні бекерге әурелемей, маза беріңізші! – деп, Байкиннің еңкіген денесіне қарап дәмеленіп қалған жас келіншек енді қанағаттанбай теріс қарап, бұртиып жатыр.

Байкин байқұс шылқылдап қара терге түскен. Төмен қарап, киіне бастады. Анастасия оны шығарып салған жоқ. Есікті тарс жапты да, күйеуінің қасына келді. Ахметжанның самайын, маңдайынан сипалап:

– Шашың мүлде ағарып кетіпті ғой, – деді. Ахметжан Анастасияның қолын қақпады. Жерлеп табаламады, олай деуге онда дәрмен жоқ. Сырты сезгенмен, іші жақсы көреді, сүйеді. Оны қиянатқа қимайды. Бар шарасы – түнеріп, түйіліп сөйлеспейді. Қазір де қабағын шытты. Күрсінді.

Креслоның үстіне әппақ санын көрсетіп, аяғын айқастырып отырған Анастасия:

– Сен бұлқынатындай дәнеңе жоқ, бәрі орнында! – деп сигаретаны тұтатып, көк түтінді үсті-үстіне құмарта жұтты да, жеңгесін шақырды:

– Ольга Степановна, тоңазытқышта кешеден қалған ет бар ма еді. Соны қуыра салшы. Мына Ахметжанның қарны ашқан шығар.

Бұдан соң Ақаң Настяға қалай ашулансын! Оның әдемі сүйір саусақтарын тарамыс қолымен сипалап, қысып, аппақ алақанын сойдифан сақалды бетіне басты.

– Жаным, қимаймын сені!

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Күн сенбі еді. Шаштаразда кезек күтушілер көп. Майлыбаев кезекте төртінші болып тұрған. Бұл жерге осымен екінші рет келіп отыр. Бөлмеде шаш алатын төрт мастер



бар. Оның үшеуі әйел. Олар тіркестіріле қойылған қалың биік айнаның алдына қатар орналасқан. Тек төртінші шаштараздың жұмыс орны бөлек. Ол кісі бойындай сопақ айнаны көше жақ беттегі терезеге қырындау қойыпты. Пердені ысырғанда әйнектен әрі-бері өткен жүргіншілердің тұлғасы ап-айқын боп айнаға түседі.

Бұдан бір жыл бұрын Шамадиновтың шайкасы ұсталғанда «қымбат мүлікті Соломон шаштараз арқылы өткізіп жүрміз деп көрсеткен еді. Тексерген кезде, ондай фамилия да, кісінің аты да жоқ боп шықты. Бүркеншік атпен айтқанын Майлыбаев кейін анықтады. Көп күнгі зерттеу, оқиғаларды салыстыру нәтижесінде әрі Петрушкиннің үйінде болған «бұхар еврейің осыған ұқсастау көрінген соң, Майлыбаев Сигаловқа тоқтаған. Астыртын алтынмен сауда жасайды деген сыбыс та бар.

Майлыбаев екінші рет келіп Сигаловтың әр қимылын ұзақ уақыт бақылағанымен, күдік аларлық дәнеңе таппады. Жылы жүзді, жұмсақ кісі. Сақал-мұртын басқаннан кейін, әтірді мол сеуіп, салфеткамен ұзақ желпиді. Ризалық білдірген кісіге иіліп, бас шұлғып тәнті боп қалады. Сөзге сараң.

«Ара журналының соңғы номерін алып оқыған боп бетіне тосып отырған Майлыбаев Сигаловтың есіктен кірген адамдарды тумбочка үстіндегі кішкене айна арқылы көріп отыратынын байқады. Бұрыштағы үлкен айнаға түскен адам бейнесі шағылысып, бар тұлғасымен кішкене айнаға көрінеді. Шаштараздар табиғатында әуесқой жандар. Келім-кетім кісілерге бұрылып қарап жатпайды. Алдындағы айна арқылы келген кісіні көріп отырады. Мұндай шар айналар шаштараздарда көп. Айна үшін кісіге күдік келтіруге болмайды.

Осы мезетте терезеден иін тіресіп қақтығысып өткен екі адамның тұлғасы көрінді. Қолтығына кенеп қап қысқан үшінші біреу кідіре тұрып ішке үңілді. Сигалов оған да назар аудармады. Тек кішкене айнаға бас изеп, «компресс ыстық емес пе?» деп креслодағы адамның жағына буы бұрқыраған ыстық орамалды баса берді. Осы бір сәтте

қоңыркай жүзі шұғыл өзгеріп, сұрланып кетті. Саусақтары қалтырайтын тәрізді.

Майлыбаев есік жаққа мойын бұрды. Әлгінде терезеден көрінген екі жігіт есіктің пердесін жұлқып, айқайлап көңілді кірді. Ептеп қызып алған секілді. Кезек соңын сұрап, стол үстінде жатқан шахмат тақтасына жармасты. Бәс тігісіп, ойынға кіріскен олар өзімен қабаттаса кірген қолтығында кенеп қабы бар адамға:

– Соңы біз боламыз. Әй, қалай жүресің? Пешканы қозғам, шах ашылады! – деп еңгезердей жас жігіт бас көтермей сөйледі.

Майлыбаев соңғы кіргең адамды жүзбе-жүз көрмесе де, майор Кузьменконың айтуына қанық болғандықтан ба, Петрушкин екенін жазбай таныды. Ол Петрушкиннің мынадай саяхатына таңданғандай болды. «Мүшкіл халдегі мүгедек қанша жасар дейсің. Қалған жасты несіне құрмет тұтып, қастерлейін. Матренаның тұсында бір сәрі еді, ендігі өмірдің әкесін ұрдым!... деп дүниеден безген адам, енді сонау ет комбинатынан сәндік іздеп, қалаға түскен. Қаланың шет жағындағы шаштаразда халық бұдан әлдеқайда аз, уақыт кетірмей, сақал-мұртты тез алдыруға болады. Ал Петрушкин сақалын сонда алдырмай мұнда келуі қалай? Әлде Сигаловқа жолығуға келді ме? Кәсібі әртүрлі, мінез-құлқы мүлде ұқсамайтын бұл екі адамның бір-біріне қандай қатысы бар? Әйтпесе базарға түсіп, магазин кезіп жүрген адамның кездейсоқ жүрісі ме? Әлгінде Сигалов кімнен сескенді?

Петрушкиннің жүзінде уайым-қайғы табы білінбейді. Жүріс-тұрысы айбатты, өктем. Ол кенеп қабын астына төсеп, аяғын айқастырып, шалқая отырды. Отырысы тіптік. Мәнері өзгешелеу, әскери адамға ұқсайды... Бұл кезде Майлыбаевтың кезегі тақап қалған еді. Петрушкинді көргеннен кейін кідіруді ойлады. Бірақ кезегін өткізіп жіберудің қисынын таппай, қипақтап отырғанда бес-алты жастағы баланы ертіп, ерні мен тырнақтары қып-қызыл, әдемі жас келіншек кірді. Ол ешкімге назар аудармастан отырған адамдардың алдын кесе өтіп, қабырғаға ілінген

айнаның алдына келді. Жабысқан кірпіктерін саусақ ұшымен түзеп, көтеріп:

– Қазір кезек кімдікі еді? Сіздің кезегіңіз бе, жігітім, – деп бас изеген Майлыбаевқа күлімсірей қарады.

– Кезегіңізді бір жолға қимайсыз ба?

– Әбден болады.

– Құдай тілеуіңізді берсін, – деп Майлыбаевқа сүйкене отырды. Бұртиып жұлқынған баланың қолынан тартып, зекіп қалды.

– Жұлқынбай жөніңе тұрсаңшы!

Бұл бала Ахметжанның ауылдағы немересі Әшім ғой. Ахметжан «көзіме шөп салдың» деп қапалана берген соң, Анастасия күйеуінің көңілін жібіту үшін іш тартқан боп, осы баланы біраз күнге «қаланы көрсетем деп әдейі ауылдан алып келген. Әшімді түйгіштеп қасына отырғызып:

– Бәле неменің тақасуын қарашы! Бара-бара не болар екенсің? Тәлімсіз тәйтiк болмасаң игі еді. Құтырма, әйтпесе анау атай құлағыңды кеседі. Көрдiң бе қайшысының өткiрiн! – деп қайшыны қайшылап көрсеткен Сигаловты саусағымен нұсқады.

– Жә, сүйкенбей осылай отыр. Кісінің үстiн былғайсың! – деп иегiнен шымшып-шымшып алды. Ауылда еркiн өскен бала қыспаққа көне алмай, солқылдап жылап жібердi. Дауысын шығара алмайды. Көзінен жас моншақтап ағады. Анастасия Әшімге жирене қарады:

– Осы күнгі балалардың пейілі жаман. Жөн сөз айтсаң, теріс көріп, тақаса қалады. Қаршадай басынан мынаның қасаруын қарашы! Жә, жасыңды сорғалатпа! – деді.

– Бар бәле осындай тілазар сотқарлардан шығады. Ана жолғы сенбiде бiр қонақтың чемоданын қағып кетiптi, – деп кiре берiстегi шаш алушы әйел өзiнен өзi долданып, қайшыны тараққа сарт-сұрт соқты. – Бұл жердi кiсi тонаушы деп даттап кетпей ме ендi. Не маскара бұл! Бұзақыны тыя алмаған соң милицияның керегi не?

– Милиционерлер iзшiл ит салып iздеп жүр деп едi. Таппап па екен? – деп имек сапты таяққа сүйенiп отырған шал сөзге араласты.

– Адам білмегенді ит қайдан білсін, – деп шаштараз әйел қағытып тастады.

Анастасия бұл оқиғаны алдыңғы екеуден көрі өзінің жақсы білетінін, қонақты жақын тұрып көргенін, көңіл бөлелік сымбатты адам екенін айтып, көп сөз етіп отырғандардың назарын өзіне аударды.

Лейтенант Майлыбаев жас келіншектің жалған сөзіне қатты налыды.

– Қайда жүрсек те надандығымыз, топастығымыз бадырайып тұрады. Ұрыны шапшаң тауып, ұстаудың орнына итін арпылдатып, қонақтың алдында тұрып алғанын қайтерсің. Милиционердің дәрекілігін елемей итіне конфет тастады емес пе?

Майлыбаев шыдай алмады:

– Жалған сөзді ерінбей қалай айтасыз? – деп еді, Анастасия бүкіл шаштаразды қоштатып, өзіне ере бас салды:

– Сен, жігітім, милиционердің жыртысын жыртпай-ақ қой. Оларды сізден гөрі біз жақсы білеміз, Өңкигені болмаса көбі өнерсіз келеді! – деп, Анастасия сылқ-сылқ күлді.

– Қой, өйдеме, көңілі қалар. Осы күнгі жастар тапаншаға әуес, – деген шаштараз әйелдің сөзіне Анастасия саусағын шошайтып:

– Өзің шүріппенің қай жерде тұратынын білесің бе? – деп Талғаттың иығынан тартып жұртқа естірте сыбырлады:

– Өзі былай имектеу келеді...

– Сізді үйретуге жараймын.

Анастасия күлімсірей түсіп, қылжақтай бастады:

– Жігітім, аспа! Мықтымын дегендердің талайын көргенбіз. Өзің мұнда неменеге келдің? Иегіндегі ербиген қылдарды қырғызғанша, жұлып-ақ тастамайсың ба? Қаласаң, іскек берейін. Кісінің тамағын қытықтаған қылды жаным сүймейді. Неге дейсің бе? Жәй, адамның аңсары ауып жатқанда құрғыр көңіліңді бөле береді...

Таяқ ұстаған шал имек трубкаға «Дели темекісін салып, нығыздап:

– Басқаны қайдам, ал мен осы жігіттің айтқанына

ден қоямын, – деп, Майлыбаевқа иек қақты. – Қонақтың документін сұрап, зіркілдеді дегені бекер шығар, келінім. Милиционер дегенің заң жолымен жүретін адамдар.

– Қартым, оларды жақтамай-ақ қой. Көк жағалылардың жайы сізден гөрі бізге мәлім. Алдымен мықтап тоналыңыз. Сонда олардың кім екенін білесіз. «Мас боп жүргенде заттарыңды өзің шашып алғансың!» деп, бәлені өзіңе аудара салады. Осыдан кейін айыпты емеспін деп ақталып көр.

– Мына түріңізге қарағанда тоналып, сотқарлардан жәбір көрген жеріңіз бар-ау, келін. Сөз төркініңіз солай.

Шалдың мысқылына Анастасия қатты шамданды.

– Тоналмасам, тоналғанды көргенім бар! – деп шал адаммен тақасуды мін санайтынын сездіріп, етегін желпіп, теріс қарап отырды.

– Алжыған ақсақ-тоқсақтарды несіне асырайтынын білмеймін. Осылардың жасын ұзартқаннан не пайда бар?

– Бір адамға жәбір көрсеткен сотқардың ісінен көп адамға бәле жапқан сайқал қылық жаман. Мен милиционер болсам, алдымен осылардың ізіне түсіп, аластар едім.

– Өзіңіз не танып отырсыз? Сайқал, өсекшіл демексіз бе? Көзінді ашып қара. Кірген есігің қай жақта екенін білмей қаларсың! – деп, Анастасия орнынан ыршып тұрды.

– Настя-ау, сөз ұғатын теңіңіз бе ол? Таласып қайтесің? – деп, шаштараз әйел сабыр еткізіп еді, Анастасия өзін қолпаштаған кісіні көрген соң тіпті өршіп кетті:

– Қазір бұған сайқалдың қалай екенін көрсетейін! – деп тысқа жүгіре шықты.

Майлыбаев екінші мастер әйелге кеп отырды. Ел сөзімен ісі болмай, шахмат ойынының қызығына түскен екі жігіт бұл жолы да кезектерін өткізіп жіберіп, Петрушкинге ұсынды. Петрушкин асықпай-саспай креслоға жайғасты. Айнаға қарап, қалың сақалын сипалады. Сигалов әдеттегісінше иіліп:

– Сақал-мұртты қырамыз ба? – деп быртиған саусақтарын Петрушкиннің сабалақ сақалына әрі-бері жүгіртті.

Ол үнсіз бас изеді.

Осы кезде долданып, тулап шыққан Анастасия біреуді

ертiп кiрдi. Өзi көгерiп, қалшылдап кеткен.

– Бұл не сұмдық! Тамам жұрттың көзiнше менi сайқал деп масқаралады. Кiмнiң қасында жатқан екем, ұстадың ба? Кәне айтшы!

Жас келiншекпен iлесiп кiрген Байкин екен. Ол Анастасиясының сөзiн құптап, iлесе шалға зекiдi:

– Сiздiң азаматшаны мазақтауға қандай хақыңыз бар? Алдымен соны айтыңызшы!

– Кешiрiңiз, мен ешкiмдi мазақтағаным жоқ. Сөзiне қисынды жерiнде жауап қаттым.

Анастасия бажылдап бет қаратпады:

– Алжыған басыңмен өтiрiк айтуға ұялмайсың ба? Қарашы, өзi мiз қақпайды! Бiздiң лейтенант саған қалай сөйлесудi көрсетер! – дедi де Банкинге түйiлдi:

– Мына қақпаспен осылай қақасып тұрамын ба? Ырылдатпай әкетсеңшi!

Байкинде қарсыласуға құдырет жоқ. Анастасия алдындағы кiнәсiн бiлiп, құрдай жорғалайды. Сөзiн екi етпейдi. Жас келiншектiң желге тосқан зырылдауығы секiлдi...

Байкин байғұс шалды үйiрiп, қуырып барады:

– Қайда қызмет iстейсiң? Сенiмен ресми адам сөйлесiп тұр.

– Мен жұмыс iстемеймiн, лейтенант жолдас. Ол жастан өткемiн.

– Сонда немен шұғылданасың? Алыпсатарлық па кәсiбiң? Сендейлердiң қалай тыныс алатынын бiлемiн. Документiңiздi көрсетуге рұңсат етiңiз.

Майлыбаев жазықсыз шалға дiкiндеген Байкиннiң қылығына қатты қынжылды. Бiрақ дәл қазiр онымен тiлдесу мүмкiн емес едi.

– Мынадан басқа документiм жоқ, – деп, шал пенсия алатын кiтапшасын көрсеттi.

– Тергейтiнiңiздi бiлгенiмде барлық документiмдi қалтама салып келетiн едiм. Құдайға шүкiр, бiр кiсiнi ақтарлық қағаз жетедi.

– Сөз таластырмай, дұрыс жауап бер. Мен сенен қағаз сұрап тұрғаным жоқ, – деп Байкин ырық бермей тиiсiп, шалды итермеледi.

Анастасия айызы қанғанын қас-қабағымен білдіріп тұр. Шалды дедектетіп алып бара жатқан Байкинге:

– Мен әнеу күнгі жерде болам. Сонда келерсің. Тек кешікпе! Мақұл ма?

Майлыбаев шаштаразды асықтырып, иіс майды шала септірді де, тысқа жүгіре шықты. Пенсионер шалды жазықсыз жазғырып алып кеткенін, оны дереу босату керектігін айтып, милиция бөлімшесіндегі кезекшіге телефон соқты.

Майлыбаев мынадай бір жайға таң қалды: әлгі жас келіншектің жұртқа оғаш көрінген теріс қылығын лейтенант Байкин елемейді. Алдында құрдай жорғалайды. Неге олай? Оның үстіне ол әйелдің жоғалған чемодан жөнінде дәл мәліметі бар. Қазір туристер шұбап келіп жатқан мезгіл. Тұрғын халықтың көбі оларға назар аудармайды. Ал жаңағы жас келіншекке Джон Дрейердің қайдан келгені, кәсібі, сөйлеу манері, бәрі де айнадай айқын. Тіпті оның милиция органына арыз бергенін де біледі. Мұндай анық мәліметтерді ол қайдан алған?

Шеттен келген қонақтың арызданғанына бірсыпыра уақыт өтті. Оның үстіне мынадай сыбыры бар қала күн сайын жүздеген жолаушыны шығарып салады. Жайсыз әңгіме түрлі саққа жүгіртіліп, қанша жерге жеткенін бір құдайдың өзі білсін! Әрине, мұның бәріне кінәлі бір-ақ адам.

– Ол кім? – Майлыбаев өзіне-өзі сұрақ қойды.

## ОНЫНШЫ ТАРАУ

Лейтенант Майлыбаев автомат будкасынан милиция бөліміне телефон соққаннан кейін, трамвай тоқтайтын аялдамаға келіп, орындыққа отырды. Шаштаразда болған әңгімені еске түсірді. Неге екені белгісіз, Сигалов Петрушкиннің келгеніне тәнті емес. Өңі өзгеріп, қабағы түйіліп, жақтырмаған кейіп білдірді. Әлде күйікке ұшыраған жүдеу жанның мүсәпір кескіні ұнамады ма?

Сигалов пен Петрушкиннің арасында байланыс бар

дегенге Майлыбаевтың өз басы шүбә келтіретін. Қазір бұл екеуінің кездескеніне таңданып отыр. Лейтенантқа белгілі мәліметтерде Петрушкин әйелі хабарсыз кеткеннің соңында қалаға сирек түсетін болған. Жұмыстан соң үйінен ұзап алысқа барған емес. Оңашадағы кәсібі қора ішін жөндеу секілді күйбендеген үй тіршілігі.

Ол басын көтеріп, жан-жағына қарап еді, электр сағаты төрт жарымды көрсетіп тұр екен.

– Төрт отыз? Неге төрт жарым? Төрт сом отыз тиын төлеңіз, деп жатқан Петрушкинге. Өзі сияқты ол да сақалын алдырған. Майлыбаев екі сом елу тиын төлегенде, Петрушкиннің төрт сом отыз тиын төлеуі қалай? Әдетте шаштараздар сомға жетпесе санауға жеңіл болсын дей ме, оны бөлшектемей, отыздың орнына «50 тиын деп жаза салады. Он бес, жиырма тиынның артық-кеміне жұрт назар аудармайды. Ал Петрушкинге сомын асырып, әрі тиын қосқан. Әлде елден артық алып, жоспарын орындайын деген тәсілі ме? Отыз тиынды қоспаса да тарифтен артық алған жоқ па?

Петрушкин артық ақша алғаны үшін қарсылық көрсетпеді. Тек ол.

– Екі тиыным жетпейді, ірі ақшаны ұсатуға майдаңыз бар ма? – деді.

– Ірі ақшаңыз қанша сомдық? – деген кассиршаның сұрағына:

– Елу сомдық, – деп жауап қатты.

– Елу сомға майда жоқ, барыңызды төлей беріңіз. Екі тиынды кейін әкеп берерсіз...

Майлыбаев майорды алтыға тақағанда қайыққа билет сататын касса алдында жолықтырды. Екі беті тотығып, қабарып кеткен. Екі иінінен ентіге дем алады. Алғашқы айтқан сөзі:

– Әпкеңіз ғайып боп кетті. Со жақтан қайтқан бетім осы! – деді. Жүзінде реніш әрі өкініш бар.

– Оныңыз кім? Кім туралы айтып тұрсыз?

– Шынымен білмейсіз бе? Таңғалам!

– Кузьменко Майлыбаевты қолтықтап оқашалау жердегі орындыққа апарды да: – Біз оның сөзіне, алдымен, Талғат,



саған сенген едік. Басқарманың белді қызметкері әрі милиция офицері қолдаса, қалайша сенуге болмайды. Міне, соның нәтижесі. Ешқандай із қалдырмай бір түнде зытқан. Оның қайда кеткенін інісі де білмейді, – деді.

Әңгіме Маслова жайында екенін білгенде Майлыбаев түсі қашып, сұп-сұр боп кетті. Маслованың жасырынып кеткеніне сенерін де, сенбесін де білмеді. Шынымен Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы болғаны ма?

– Не айтарымды білмеймін, Петр Петрович, – дед Талғат төмен қарады.

– Бәлкім, күйеуінің артынан кеткен шығар.

– Біз оған қаладан кетуге рұқсат бергеніміз жоқ қой.

– Милиция талабын әркім дұрыс ұға береді дейсіз бе?

– Бұл жолы да қорғаншылық жасамақсың ба? – деді Кузьменко қатуланып.

– Біздің алдымызда ол қылмыс жасап отыр. Барлық жерге іздеу салдық. Тапқан жерде дереу қамауға алынады.

– Шешім асығыс емес пе?

– Мен істің қалай өрбігенін айтайын. Содан өзің қорытынды жаса. Петрушкина Маслованың үйінен сағат жетіде емес, қас қарайып, ымырт жабылғанда кеткен. Және сол түні Маслова үйіне түнемеген. Күйеуінің айтуынша ол тігінші әйелдің үйіне қонған. Ал жауапкер бұны бекерге шығарады. Оңаша әңгімеде шіркеуге түнегенін мойындайды. Әрине, қайда қыдырам десе де оның өз еркі. Милицияның ісі емес бұл. Бірақ Маслова Петрушкинаны қараңғы түскенге дейін әдейі кідірткен. Бұл мезгілде қылмыскерлер әзірлік жасап үлгереді.

– Петрушкинаны не үшін өлтірді деп ойлайсыз?

– Олар тонау мақсатын көздемеген. Бұл айқын. Мұның бәрін Маслованы тұтқындаған кезде анықтаймыз.

– Петр Петрович, мұндай мәліметтерді қайдан алдыңыз? Кім берді сізге?

– Немене, күмәнің бар ма?

– Егер сіз осының бәрі қисынды деп тапсаңыз, таласуға хақым жоқ.

– Сен өзің қызықсың, Талғат! – деп майор Кузьменко реніш білдірді. – Әңгіме кісінің хақы, правосы жайында

емес, қылмыстыларды әшкерелеу жайында болып отыр емес пе?

– Бізде, Петр Петрович, правомен бірге үлкен лауазым, шен бар. Соңғылар тұрған жерде кісінің правосы әрдайым сақтала бермейді. Оған зорлық жасалады. Кейде адам тағдырының ойыншыққа айналып кететін кезі де бар. Мен сондай озбырлықтан аулақ болайық дегенім ғой.

– Егер біз оны тұтқында ұстасақ, бұлай әбігерленбес едік.

– Кінәсы жоқ болса қайтесіз?

– Босатамыз.

– Кісінің өміріне дақ қалады. Ал Маслова жөніндегі ондай дерекке қосылмаймын. Менің пікірім бөлек. Оны сізге айтқанмын.

Бұл тұста Кузьменко мен Майлыбаевтың пікірлері алшақ кетті. Майор Кузьменко өз жолдасының қарсы пікірін әкімшілік әмірмен тыйып тастағысы келмеді. Оның үстіне әр кезде әрқилы тәсілмен жасалған қылмысты көп адам емес, бір адамның жасап жүргенін аңғарған еді. Масловаға сырттай бақылау қойғызып, істі Сигаловтан бастағанды мақұл көрген-ді. Маслова үйіне түнемеген күні Сигаловқа жолықпады ма екен, соның үйіне қонбады ма екен? – деген ой келген. Майлыбаевқа: «Шаштаразға көз қырыңды сала жүрң дегенде, Сигалов пен Маслованың арасындағы байланысты анықтап, әйелдің қылмысына көзі жетер деп ойлаған-ды. Егер Маслова жалғыз дара кетіп, ізін жасыруды көздесе, оның Сигаловпен ешқандай байланысы болмағаны. Олай болса, шаштаразға күдік келтіру бекершілік.

Оқиғаның кенет былай өзгергеніне Кузьменконың өзі қайран қалады. Майлыбаевтың сөзіне иланса – Маслова кінәсыз жан. Сонда қылмысты жасаған кім?

Ол Майлыбаевтың қабағы түскенін көріп:

– Кісіні аяушылық – оны да, өзінді де жәбірлеу ме деймін. Мысалы, өзінді алайық. Маслованы ақтап, арашаға түстің. Қазір ақтаған кісің қашып, берекесі кетіп ол жүр. «Оған тиме, адал едің деп күйзеліп мұнда сен отырсың.

Майлыбаев радио үніне құлақ түріп отырған Кузьменкоға бұрылып:

– Жок, Петр Петрович, мен әрдайым өз пікірімде қаламын. Мен Маслованың қылмыскерлермен байланысы бар дегенге шек келтіремін.

– Неге бұлай ойлайсың?

– Маслова алды-артын ойламайтын ақымақ емес. Өзін іздейтінін біледі. Өз ісінің ақтығына сеніп, жорта кетуі мүмкін.

Кузьменко Майлыбаевтың сөзін естімегендей ауаны жаңғыртқан репродукторды мезгеп:

– Абдулиндер өлеңін айтып кетіпті. Бар қызықтан құр алақан қалған екенмін, – деді де темекісін тұтатып, ақырын жымыды.

– Талғат, сен адвокатыңды кумай, әдебиетші боламын дегенге таңым бар. Сенен Плебако секілді жүйрік қорғаушы шығар еді. Әрине, мен де ешкімнің қылмыс жасамағанын, жұрттың қиянаттан, бәледен аулақ жүруін тілеймін. Көріп отырсың, кейде осының бәрі өз ойлағанындай бола бермейді. Ақиқатқа жеткенше жаңсақтық жасауың да ықтимал.

Біздің жұмыстағы басты нәрсе – өз мініңді сезіп, соны түзете білу. Шындықты көре тұра бүркеп, одан ойқастап, бұра тартсаң өзімшілдікке салынасың. Ең жаманы осы. Біз өзің айтқандай, адам тағдырымен ойнай алмаймыз.

Майордың жекімей жеткізген әр сөзін ой елегінен өткізіп, аз-кем ойланып қалған Майлыбаев Кузьменконың мол тәжірибесіне, біліміне сүйсіне отырып, сұрағына мүдірмей жауап беруге тырысты. Шаштараз ішіндегі әңгімені, өзінің көргендерін баяндағанда, Кузьменко:

– Байкиннің теріс қылығын бөлімшеге хабарлағаның дұрыс болған. Еңбегі сіңген ардагерлерді ренжітуге қақымыз жоқ, – деді де:

– Өзіңнің Петрушкинмен кездесуің қызық екен! Мен оны шаштаразға бара қояды деп күтпеген едім. Маслова соғар деген ойда болатынмын.

Мынауың үлкен жаңалық. Петрушкиннің мөлшерден

тыс төрт сом отыз тиын төлеуі қалай? Бұл цифр нені аңғартады?

– Меніңше, бұл жолығудың шартты мерзімі ме деймін.

– Мен де солай ойлаймын, – деді Кузьменко.

– Әйтеуір олар бір жерде сағат төрт жарымда кездесуге тиіс.

– Петрушкин артық ақша төлегеніне қарсылық та көрсетпеді.

– Петрушкин кассаға ақша төлегенде Сигалов қайда еді?

– Кассаның жанында қол шаятын орын бар. Ол сонда қолын жуып жатқан.

– Глафира Данишевская жаңылыспапты. Петрушкиннің үйіне барған «бұқар еврейін осы болды! – деп Кузьменко аз уақыт ойланып отырды да, тізесін алақанымен шарт соғып:

– Меніңше былай: жетпеген екі тиын – кездесетін күннің реті. Сонда олар сейсенбі күні бір жерде жолығыспақ. Әрі жөн сілтеуші шаштараз емес, Петрушкин. Сигалов оның ығында жүрген атшабары. Байқасаң, Петрушкин конспирацияның тәсілін жетік біледі. Қайдан үйренген ол?

– Оқыған шығар.

– Қайда? Мектепте ме? Отыз тоғызыншы жылға дейін артельде етікші болып істейді. Онан соң армияға шақырылады. Қырық бесінші жылы жараланып, қолынан айрылады. Қырық алтыншы жылдан бері ет комбинатында ит үйретуші болып істеп келеді. Қайдан оқымақ ол? Білесің бе, Мұқан Дайырович: «Петрушкинаның ғайып болуы, чемоданның ұрлануы тұтас оқиға емес пе? Сол арасын байқашы?» деп тіксінген еді. Бақсам, полковниктің болжауы кеп тұр. Жарайды, сейсенбіге дейін дем ал. Сонан соң сөйлесерміз.

...Бұл күні де аспан төрі тозданданып тұр. Көз көрім жер сағымданып, құбылып, азайып көрінеді. Шілде ішінде жауын көрмеген қала шаңданып, сұрғылт тартқан. Ағаш жапырақтары бүрсііп сарғайған.

Сағат төртке жақындағанда вокзал жақтан кайтқан троллейбустан ақ қалпақ киген біреу түсті. Ол ешқайда бұрылмастан басын төмен салып, көшені қиып өтті. Биік үйдің бірінші қабатындағы фотовитринаны қарап ұзақ

жүрді. Темекіні тынымсыз тартады. Қасына біреу кеп жөн сұрады ма, басын шайқап «білмеймінң дегендей ишарат білдірді. Троллейбус тоқтайтын жерге қайта келді. Сағат төрт жарымда троллейбус пен трамвай жолдары түйіскен бұрышқа келіп, екінші вагонға китель киген адамның қасына отырды. Келген Петрушкин, вагонда отырған Сигалов еді.

Кузьменко мен Майлыбаевтың долбары дұрыс боп шықты. Петрушкин шаштаразбен сейсенбі күні сағат дәл төрт жарымда трамвай ішінде кездесті. Вагон ішінде бұлардан басқа кісі болмады. Не сөйлескені белгісіз. Трамвай Ұйғыр көшесіне келіп тоқтағанда екеуі вагоннан түсіп, дүкен алдында кідірді. Аздан соң қарама-қарсы екі көшенің бойымен екеуі екі жаққа кетті.

Петрушкиннің шолақ қол жақ қолтығына қысып алған кенеп қабы бар еді.

## ***ОН БІРІНШІ ТАРАУ***

Шілденің күні желсіз, қапырық. Кузьменко қағаздан басын көтеріп, бір сәт тыным алмақ еді, тұла бойы зіл тартып, ауырлап, буындары сырқырай бастады. Екі құлағы дамылсыз шыңылдайды. Сыздаған шекесін алақанымен қысып, сан қабат ақтарып қараған қалың папканы шынтағының астына қойды.

Петрушкиннің жалаң арызы тіркелген жұқа папка бұл күнде қалындап, кампия түскен. Әртүрлі қолмен жазылған әрқилы қағаздар ой тоқтатарлық сыр бермей, шытырман жайға бастайды.

Кузьменкоға күдік қалдырған ауру тарихы жазылған шеті күйген сары-ала қағаз еді. Онда бұдан он жыл бұрын Гомель қаласының түбіндегі армиялық госпитальда Петрушкиннің жатқаны айтылған. Гомель қаласына сұрау салғанда, ондай адамның сол мезгілде емделгенін дәл айта алмады.

Өйткені госпитальдың архиві өрт кезінде жойылып кетсе керек. Сол жылдары қызмет жасаған дәрігерлер

тарап кеткен. Бас дәрігер ондай аурудың өзінде емделгенін есіне түсіре алмады.

Майор Кузьменко титығы жеткен қазіргі халін аңғарса да, қағазға қайта үңілді. Бірақ жаза алмады. Көз алдынан өткен күндердің шытырман жайлары сол көмескі қалпымен шұбатылып өте береді.

Бүгін Петрушкин мен Сигалов қала сыртында, Алматы өзенінің жағасында тағы кездесті. Күн жексенбі ғой. Өзен жағасында халық көп. Сигалов оқашаулау талдың көлеңкесіне басын тығып, жүндес кеудесін жалаңаштап, күнге қақтап жатқан. Петрушкин қасына келіп, қабын жайғанда ол басын көтеріп бірдеме деді де, қайта жатты. Сырт қараған адамға қалың көптің бірі секілді, оғаштығы байқалмайды.

Петрушкин аяғын суға малып, шайып, Сигаловтың аяқ жағындағы көк шалғынға қисайды. Ақ шетен қалпағымен бетін бүркеді. Бұл да түймесін ағытып, кеудесін жалаңаштады. Кеудесі тықыр, қызыл шақа. Екеуінің сөйлесіп жатқанын есту киын еді. Бұларға ұсақ әңгімеге шебер Карпов қосылды. Ол темекі тұтатуға сіріңке сұраған боп, Сигаловтың қасына жантая кетті. Сигалов басын шапшаң көтеріп, түрегеп отырды. Карповтың күн қаққан қоңырқай денесін көріп:

– Тәуір тотығыпсың. Қара теңіздің жағасына қақталғансың ба? – деді.

– Табиғаты тамаша, мынадай жер тұрғанда, Қара теңізді қайтем? Ол жақ ақшаның соры ғой, – деді де Карпов Сигалов ұсынған сіріңкені алып, папиросын тұтатты.

– Оның рас, алыс жаққа ақша шақ келмейді. Әйтпесе, теңіз жағасына не жетсін? Суы бөлек қой.

– Қыз-келіншектерін айтсаңшы! – деп Карпов әңгімені қоздыра түскісі келді.

– Біз қыз-қырқыннан қалдық қой, – деп, Сигалов сыпайлық жасады. – Қазір көзбен көргенге мәзбіз...

– Қой, өйдеме, түрің жас, қауқарың бар секілді.

– Сыртымыз борбиғанмен, бұрынғыдай емес, қимыл шамалы.

Сигаловтың бұл сөзі Петрушкинге ұнамады ма, ол шапшаң тұрып, суық суға бір сүңгіп алды да, киімдерін

қолтығына қысып, өзеннің арғы бетіне өтті.

– Бұл кім өзі? – деді Карпов таңданған пішінмен.

– Танысыз ба?

– Былай шырамытам, шаштаразға бір-екі мәртебе келген секілді. Өзі әумесер ме деймін.

– Сигалов – Карповтың қалтасында бұлтиған жартылықты көріп, тамағын қырынып, қадала түсті: – Анауың арақ па? Өзің естияр жігіт екенсің!

Карпов шөлмекті қалтасынан алып:

– Қалай, ішеміз бе? – деді.

– Өз үлесімді төлейін.

– О не дегеніңіз, арақ сатып байыған емеспін.

– Пұлын алмасаң, бір рюмкадан артық ішпеймін.

– Сөзді қой, жейтін бірдемең бар ма? – деді де Карпов шөлмектің түбінен бір ұрып, тығынын ытқытып жіберді.

– Менде жейтін дәнеңе жоқ.

– Тұздаған балықтың құйрығы қалған еді. Соны бөліп сорармыз.

– Одан артық жемнің керегі не? – деп тегін араққа Сигалов қуанып қалды. Екеуі жартылықты қақ бөліп ішіп алды. Аздан соң Сигалов:

– Сенің келгеніңе қуанып қалдым. Әйтпесе әлгі ит ұрып жазым ете ме деп қорқып жатыр едім. Байқадың ба, өзінің сіреспе ауруы бар секілді. Өңі бұзылып, көзі аларып кетті. Езулері көпірши қалды. Ол ит бір жерінді мерткітіріп жүрсе, кімнен құн даулайсың! – деп Карповқа қарай қырындап жатты.

– Өзің қайда істейсің?

– Балық тресінің басқармасын естуің бар ма?

– Үлкен мекемеге құлағым қанық емес. Естігенмен ұмытып қалам. Әйтпесе біліп ал. Сол мекемеде инспектор болып істеймін.

– Балыққа қожамын десеңші. Балықтың қос сорпасы, шіркін балдан тәтті-ау. Балықшылар мұндай күндері Іле жағалап кетуші еді. Немене, тобыңнан адасқансың ба? – Сигалов лезде есін жинап, Карповқа күдікпен қараған тәрізді. Бастапқыдай жылы ұшырамайды. Тосырқай қарады.

Карпов өзінше дәлел іздеді.

– Бір минут та тұрмас едім, қайтесің, қатыны құрғыр аттап бастырмайды. «Жер татыған сасық балығың кімге дәрі? Сенің аулайтының балық емес, басқа – деп қажап, кісінің зықысын шығарады. Оған көзіне көрініп жүрсен болғаны. Қалғаны бір тиін. Анау қайыңның түбінде дөңкііп жатқан немені көрдің бе? Менің күзетшім сол.

Сигалов қостағандай басын изеді.

– Қатын қисайса қиын, жеңе алмайсың, – деп шалқасынан жатты.

– Бос сөзге кісі шаршайды білем. Кішкене жатып дем алайық.

Осымен Петрушкинмен Сигаловпен жүзбе-жүз жолығысу тамамдалды. Карпов: «Келесі жексенбіде Ілеге барайық. Мен бір лажын табармын деп өзінің балықпен кәсіп ететінін сендірмек еді, Сигалов жалтарып, ықылас білдірмеді:

– Белімнің мүкісі бар еді. Суық тисе шойырылып қалам. Ұзақ жүрісті көтере алмаймын.

– Еркіңіз білсін?

Сигаловтың өмір жолы Петрушкинге ұқсамайды, бөлек. Оның орта білімі бар. Бір кезде шет ел тілі факультетіне түсіп, оны оқымай тастап кеткен. Институт іргесінде жүргенде шаштараз боп тиын тауыпты. Кейін оқуды біржола тастап, осы кәсіпке көшкен. Соғыстан бұрынғы мекені – Тула қаласы. Немістер қалаға қатер төндіргенде Москваға ығысқан. Фашистер астанаға тақаған қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға көшіпті. Он төрт жыл бойы осы бейбіт жасыл қалада өмір сүріп келеді. Үлкен қалада әркім әрқилы адамдармен кездесіп жатады. Оларда ешкімнің жұмысы жоқ. Ал Петрушкин мен Сигаловтың өзгеше сақтығы олардың бір кезде запы шеккенін аңғартады. Бұлардың құпиясын біреу білген. Әрине ол – Петрушкиннің әйелі – Матрена Онуфриевна. Өзіне қалтқысыз берілгеніне сенген Петрушкин әйелі тарапынан қарсылық болар деп ойламаған. Үрейі кеткен Петрушкин әйелін өлтірудің қамын жасайды. Оған шаштараз көмектеседі. Сөйтіп кемпірді өлтірген оның өз күйеуі Петрушкин мен Сигалов.



Оқиға барысын зерттеп осындай тұжырымға келген Кузьменко Петрушкинаны қалай өлтіргенін топшылап өзінше болжау жасады. Ерлі-зайыпты Петрушкиндердің костюм іздеп базарға барғаны рас. Бірақ Петрушкиннің ондай затты сатып алуға ынтасы жоқ еді. Оның бар ойы тиімді мата кездеспегенді сылтау етіп, қас қарайғанша жүруді ойлады. Ыңғайлы кезегін тапса, Матренаны қаладан жырақ әкетпек. Күйеуінің жат қылығынан үркетін Матрена Онуфриевна өзін өлімге қияды деп күтпеген. Әйткенмен ол сақтық жасады. Қатер төне қалғанда басқа жаққа кетуді ойлады. Оның сумкаға күрделі ақша салып жүруі содан болуы ықтимал. Комиссионка магазиніне келгенде күн кешкіріп қалған еді. Петрушкин асығады. Тықыршиды. Сүйткенше бұларға Маслова ұшырасады. Матренаны күн батқанша кідіруге желеу табылған секілді. Ол әйелінің ізін бағып Маслованың үйіне келеді. Оны тасада күтіп тұрады. Матрена Онуфриевна күйеуін көріп сескенгенімен, машина ішінде отырған таныс кісіні көріп, сабырлық жасайды. Машина ішіндегі адам Сигалов еді. Сөйтіп кісі өлімі бұдан екі жарым ай бұрын жасалған.

Егер Петрушкин көп жыл отасқан, сырлас әйелін өлтіруге дейін барса, оның қазіргі әрекеті аса қауіпті болғаны. Бәлкім, Матрена Онуфриевна азғындаған күйеуін бәледен арашалағысы келген шығар. Тілін алмаған соң қыр көрсетуі ықтимал. Ол өзінің осы жайын Масловаға айтқысы келген болар. Бишара жан өз өмірінің ақырғы сағатында не айтқысы келді екен? Кузьменко столында жатқан іс тіркелген папканы ақтарып Маслованың алғашқы жолы берген жауабына көз жүгіртті. Ол өзіне шаң жуытпайды. Әлде бұл сырттан жылтырап көрінген залым қатынның айласы ма? Ары таза болса неге қашады? Ол өзінің әшкереленетінін білген шығар...

Әртүрлі ойға кеткен Кузьменко сағатына қарады. Сағат алтыға он бес минут қалған екен. Бүгін Петрушкин жұмыстан кеш шығуға тиіс. Оның үй жағын торып шықпақ. Бәлкім, көмескі жайларды анықтауға себебі тиер.

## ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Ымырт жабылған мезгіл. Қала оттары жағылған. Алматы түні қараңғы, әрі жылы. Жұлдыздар жымындап тым қалың көрінеді. Жиегі болымсыз сәуле шашады, кәдуілгі гауһар секілді.

Кузьменко Петрушкиннің үйінің қасына келіп, қақпа сыртында біраз жүрді. Осы мандағы екі-үш үйге кіріп шыққан. Көршілері Петрушкин жайында мардымды дәнеңе айта алмады. Кембағалдың мүшкіл халын ескеріп, мүсіркейді. Хабарсыз жоғалған зайыбын еске алады. Милицияның көмектеспегеніне қайран қалады, дәрменсіз дейді. Петрушкиннің үйі биік тақтаймен қоршалған ғой. Кузьменко қақпа сыртына келіп, сәл кідірді. Көкжал төбеттің үні шықпайды. Қора іші жым-жырт. Есікті итеріп көріп еді, ашылмады. Іштен кілттенген. Осы мезетте ту сыртынан тықыр естілді. Кузьменко бойын тез жинап:

– Бұл кім? – деп, қол фонарь сәулесін дыбыс шыққан жаққа жүгірткенде, дарбазаның босағасына жабысып тұрған біреуді көрді. Жарықтан жасқанып, көзі ұялып, бетін басып, шегіншектей берді. Майор шырамытты. Қитар Глафира екен.

– Данишевская, бұл сіз бе? Мұнда не ғып жүрсіз? Глафира жат дауыстан үркіп, бұғына түсті.

– Бұл кім өзі?

– Танымадыңыз ба? Мен милициядан, Кузьменкомын.

– Ә, ә, білем, есімде.

– Глафира жақын келіп амандасты.

– Сәламатсыз ба? Мен ұры екен деп қорқып қалып едім.

Андрей Алексеевичке жолығайын деп пе едіңіз? Ол жалғыз емес-ау деймін. Үйінде қонақ бар секілді.

– Қонақ дейсің бе?

– Иә, кетіп қалмаса, мана біреудің қақпадан кіргенін көріп едім.

– Еркек пе, әйел ме?

– Онысын ажырата алмадым. Қара шапан жамылып алған. Поп тәрізді.

– Ақырын сөйлеңіз.

Глафира сықылықтап күлді.

– Шолақтан қорқасыз ба? Мүсәпір түрі үркітпесе, өзі сондай қайырымды. Қорықпаңыз.

Осы бір сәтте майор Кузьменкоға санкилы ой келді.

Бүгін Петрушкин жұмысқа бармаған. Үйінде неге отыр? Үйіне келген кісімен әдейі жолығысу үшін қалған ба? Ол кім? Данишевская мұнда не ғып жүр? Әлде оны сырттан торытып қойды ма?

– Мұнда не істеп жүрсіз?

– Сіздіңше не істеуім керек? Байы жоқ бойдақ әйел катыны өлген жесірдің босағасын аңдып жүр де! Одан басқа оның қандай шаруасы болушы еді?

– Сіз оны сүйесіз бе?

– Мен ешкімді сүймеймін? Маған бай керек. Еркек болса болды маған.

Кузьменко қақпаға асылып, қолын созып есіктің тиегін ағытты.

Глафира тақап келіп:

– Байқаңыз, иті бос. Кісі келсе ауыз үйіне қамайды. Бұхар еврейі келгенде сүйткен.

– Үйге қалай кіреміз?

– Білмеймін.

– Итті, бәлкім, сіз ұстай тұрарсыз, сізді таниды.

– Бұлқынса әлім жетпейді. Айырылып қалсам, жазым етер.

Кузьменко есікті қақты. Жат кісінің иісін сезді ме, қасқыр төбет атып тұрып, қатты үріп сыртқа ұмтылып, ауыз үйде асыр салды. Екпіні қатты, қалың тақтайды зірк-зірк еткізеді. Петрушкин есікті аша қоймады. Кузьменко не істерін білмей дағдарып тұр.

– Мен дыбыс берейін, бәлкім, шығар, – деп, Глафира есікке тақағанда:

– Былай түр! – деп, Кузьменко әмірлі үнмен бұйырды.

– Бұл жерден шапшаң кетіңіз!

Глафира майордың қаһарынан сескеніп, қақпаға қарай жылжи берді. Кузьменко сыртқы есікті тақылдатып жатқанда Глафира жүгіріп келді:

– Есік ашылғанда ит бас салып жүрмесін, Байқаңыз!

Көк төбет бүкіл поселке итін шуылдатты. Қаңғыбас шарылдақ күшіктердің үні тым ащы. Қақпаға тап-тап береді. Бәрі Петрушкиннің үйіне қарай жабыла үреді. Тұнық кешті азан-қазан етті. Кузьменко есікті ара-кідік тықылдатып, жауап күтіп тұрған. Бір кезде есіктің тиегі ағытылғандай болды. Көк төбет арс етіп алға ұмтылды. Есікті иығымен тіреп, басып тұрмағанда тура Кузьменконың кеңірдегінен ала түсетін еді. Әлден уақытта Петрушкиннің самарқау үні естілді:

– Ей, бұ кім өзі?

– Андрей Алексеевич, ашыңыз! Бұл мен, – Кузьменко есікке құлағын түрді.

– Мені кім? Жөніңді айтсаңшы! Ә-ә, начальник жолдас па? Қазір, мына итті байлайын. Тіл ұқпас неме, жазым етіп жүрер.

Үйдің іші жым-жырт бола қалды. Петрушкин итті қыңсылатып, сүйреп бара жатты. Әлден уақытта есік ашылды.

– Кіріңіз, түнделетіп қайдан жүрсіз? Жақсылық хабармен келдіңіз бе? Жоғары шығыңыз.

Үйдің іші астан-кестен шашылып жатыр. Петрушкин үйдің ішін жинастырып, сөйлеп жүр.

– Келетініңізді білмедік. Анау-мынау әзірлеп қоятын едім. Енді барына разы болыңыз.

– Рахмет, Андрей Алексеевич, өзім де қонақтап келемін.

– Қуыс үйден құр шықпа дей ме, отырыңыз. Дәм татыңыз.

Кузьменко төрге шығып жайғасқанда:

– Алыстан келесіз бе? – деп, Петрушкин елеусіз сұрақ қойды.

– Осында жоғарыдан келген қонақтың чемоданы жоғалып кеткен еді. Ұрыны сонау Қаскелеңнен таптық. Сол жақтан келе жатқан бетім.

– Кузьменко Петрушкин сөзге ере ме деп жорта айтып еді, ол бұған мән бермегендей, өзінше сөйлеп кетті.

Майор Кузьменко табалдырықтан аттаған бетте үй-ішінің мүлкіне, бөлмелердің құрылысына ерекше назар

аударған. Ауыз үйден кіре берістегі екі қанатта екі бөлме бар. Есіктері ашық. Төргісіне қос төсек қойыпты. Біреуі көптен бері жиналмаған. Бір кездегі кіршіксіз ақ жамылғыштар мен ақ жастықтар кір басып, қоңырқай тартқан. Бұрышқа өрмекшілер ұя салған. Тозаң қалың. Шифоньер жаңа бір әзірде ашылған. Саусақтың таңбалары баттиып тұр. Үй ішінде сигаретаның жеңіл түтіні, иіс майдың жұмсақ жұпар иісі сезіледі. Кузьменко үй ішін тінте карағанмен Петрушкиннен басқа кісіні көре алмады.

Стол үстіндегі рюмкаларды көрсетіп:

– Қонақ сыйлағансыз ба? Жұрттың бәрін даттап жатырсыз, жақтырмайтыныңыз бар, сыйлап қайтесіз? – деді.

– Начальник жолдас, сіз де мені мазақтайын дедіңіз бе?

– Петрушкин қарсы орындықта отырды. Қалтасынан «Беломор» алып тұтатты.

– Мен секілді қаріп-қасыр кімге керек дейсіз? Кісі қабылдаудан қалып барамыз. Қыдырымпаз, жүргіш жандарға күйік дарымайды білем. Осында сатпақ Савелий деген жынды бар. Бір таза жүргенін көрмейсің. Аузынан арақ иісі мұңкиді де тұрады. Сол иттің қатыны өлгелі қай заман. Өзінде сана жоқ. Уайым-қайғы дегенді білмейді. Сол антұрған төсегін күніге жаңартады деп естимін. Ал біз жалғыз кемпірдің күйігін тартып отырғанымыз мынау.

– Петрушкин шүңірек көзін төмен түсіріп, күрсінді.

– Бүгін байқұс кемпірдің туған күні еді. Құдайдың рахметі түсіп дүниеге келген күнді атап өту бұл үйдің баяғыдан келе жатқан салты. Тірі жүрсе есіне алсын, – деп, өзінің сүйікті рюмкасын алып қасыма қойып отыр едім. Мұны да көзіңіз шала қойыпты. Бүгін қитар Глафира келе ме деп дәмеленіп, анау-мынау алып қойып едім. Байқұс, алданыш тапты ма, кейінгі кезде көрінбей кетті.

– Глафира дегеніңіз кім? – Кузьменко жорта сұрады.

Петрушкин таңданғандық білдірді.

– Шынымен білмейсіз бе? Милиция түрмеден шыққандардың есебін жүргізіп бақылайды деуші еді. Онысы бекер болғаны ма?

– Ниеті бұзықтар мен жуликтерді тыйып алсақ та жарар.

Ақталғандарды торып қайтеміз.

– О да жөн екен.

Майор Кузьменко темекінің сорттары мен әтірдің көптеген түрінің иісін айнымай ажырата алатын. Петрушкин жеңіл сигаретаның түтінін «Беломордың» ащы түтінімен тұншықтырмақ болса да, дәл тапты. «Лайқаң сигаретасына ұқсастау көрінгенімен, тамақ қырнар жеңіл иісі бар. Кәдуілгі «Тройка сигаретасы. Иіс май «Жасмин мен «Шипрдың» қоспасы. Сірә, бұл үйге келген қонақ бұдан бұрын сақалын алдырғанда, шаштараздың «Шипр әтірін септіргенін жақтырмай, жұмсақ «Жасминді құйдырған. Сонымен бұдан аз-кем уақыт бұрын бұл үйге еркек адам келген. Және қол таңбаға қарағанда шифоньерді ашып, одан керекті затын алған...

Петрушкин берекесі қашып, сескене бастады. Әңгімемен алдандырғысы келді ме, сауал қойды:

– Начальник жолдас, энеукүнгі ұсталған қатынның ісі немен тынды? Сазайын тартқан шығар?

– Кім туралы айтып тұрсыз?

– Өлгі біздің қатынның сумкасы табылған әйел ше?

– Ә-ә, Маслованы айтасыз ба? Қашып кетті. Ұстатпай жүр.

– Қамауға алды, ісін тергеп жатыр деп еді. Түрмеден қалайша қашып кетті екен. Сайқал неме, милициядан да таныс тапқан екен-ау. Жылмыңдасы жаман еді. Одан бәрін күтуге болар. Айрылып қалғаны өкінішті екен.

– Матрена Онуфриевнаны өлтірген ол емес, басқа адамдар!– Петрушкин не айтар дегендей Кузьменко сынай қарады.

Петрушкин шошып кетті:

– Не дедіңіз? Матрена өлді дейсіз бе?

– Тірі болса бір хабарын берер еді ғой. Ол өлген. Қазір қылмыскерді іздеп жатырмыз.

Петрушкин біраз уақыт үнсіз отырды, Әлден соң:

– Дерек бар ма? – деді.

– Сіздің көмегіңіз керек, Андрей Алексеевич. Қолғабыс жасаймын деп едіңіз, өзіңіз көрінбей кеттіңіз.

– Менің көмегім дайын ғой, начальник жолдас.

– Петрушкин күйік жеңген кісідей мүләйімсіп, жұмсақ сөйлемек еді, бірақ көңілге алған күдік шошытты ма, түсі сұрланып, екі көзі қанталап, үні кесектеу шықты.

– Сөйтіп, Матрена өлді дейсіз, ә?

– Ол рюмкаға арақты шөпілдете құйып, қағып салды да:

– Жиіркенбесеңіз, бір рюмка алыңыз. Қайғыма ортақ болыңыз, – деді.

– Рахмет, Андрей Алексеевич. Кісіден кісі жиіркенуші ме еді? Жайласып отырып өзіңізбен әңгімелесуге құштармын. Бірақ, қайтесіз, жұмыс бар. Ұрыны ұстап, көңіл жай болған соң, әдейі соға кетейін деп бұрылдым.

– Келгеніңізге рахмет, начальник жолдас.

Майор Кузьменко қақпа сыртына шыққанда, қалбалаңдап жүгіріп келе жатқан біреуді көрді.

– Бұл кім? – деді де, Майлыбаев екенін танып:

– Мұнда не ғып жүрсің? – деді қатулы үнмен. Бір көше ұзап шыққаннан кейін:

– Саған мұнда келуге болмайды. Петрушкин сені білуге тиіс емес.

Майлыбаев екі кештің арасында басқармаға телефон соққан. Секретарь қыздың майордың «бір жаққа жалғыз кеткенін естіп, ойына күдік алып, Петрушкиннің үйіне жеткені осы. Сырты мүсәпір Петрушкин ыңғайын тапса уысына түскенді аямайтынын о да сезген. Кузьменконың түн ішінде жалғыз кеткеніне қауіптенді. Қорғаншы боп жүргенін бүгіп, жалтарды.

– Шаштаразды жоғалтып жүргенім. Бүгін ол да жұмысқа шықпады. Шарқ ұрып іздеп жүрсем, антұрған неме, үйінде отыр. Қызметші әйел менен мұны жасырыпты.

– Үйінде екенін қайдан білдің?

– Кәрі бөрінің кассиршадан көңілі аулақ емес екенін сезетінмін. Сол арқылы білдім.

– Үйінде отырғанына көзің жете ме?

– Дәл солай, Петр Петрович.

– Мен Петрушкиннің үйіне кіргенде шифоньерден сол жақ қолдың таңбасын көрдім. Ал оның сол қолы жоқ қой. Олай болса, оған біреу келген. Бұл үйге Сигалов келген

шығар деп ойлаған едім. Онда басқа біреу болды. Кім болуы мүмкін?

– Петрушкиннің біз білмейтін басқа танысы болғаны ғой. Қалай байқамағанбыз?

– Талғат өкініш білдірді. Аздан соң ол:

– Қонақ үйге телефон соғайық! – деді.

– Неменеге?

– Біздің қонағымыз бөлмесінде ме екен, білейік.

– Мынау менің ойыма келмеген жай еді. Жүр, шапшаң!

– Кузьменко Талғатты қолтықтай жөнелді. Жолшыбай:

– Талғат, сен Данишевскаяны көрдің бе? – деп сұрады да, оның жауабын күтпей, сөзін жалғастырды.

– Өттең, байқаусыз бұзақылардың торына түсіп қалған. Әйтпесе ақылы бар қыз. Алғаш Петрушкиннің үйінде кісі барын содан есіттім. Бірақ ол үйден үй иесінен басқа адамды көре алмадым. Қабырғаның бәрі тыңыр, қосалқы есік жоқ. Погребін де байқамадым. Еден нық, дүңкілдемейді. Терезе де жабық.

– Үйі жаңадан салынған. Біз білмейтін жасырын жолдары бар шығар. Үйді кімнің салғанын білейік.

Ертеңіне Кузьменко қалалың архитектура бөліміне телефон соқты. Ит үйретуші құрылыс үйінің көмегінен бас тартып, үйді өзі салыпты. Кузьменко капитан Карповты шақырып алып:

– Сіз Сигалёвты білесіз ғой? – деді.

– Солай, Петр Петрович. Өзен жағасында жартылықты ортаға алып, танысқанымыз бар.

– Онда тіпті жақсы. Бүгін сол жолғы кездесуді еске алған болып, шаштаразға барыңыз. Бұдан былай оның тұрақты клиенті болыңыз.

Капитан Карпов Майлыбаевтың ақыл-азабынан тапқан күрделі ісіне төтеннен килігуді жөн көрмеді.

– Лейтенант көптен бері осы іспен шұғылданып жүр. Оның ақиқаттаған ісіне араласқанымның қисыны келер ме екен? – деп жалтарып еді.

– Ол көсе ғой. Жақ түгін күніге қырса да сақал өспейді. Бес тал мұртын қыра-қыра ернін жауыр етіп алыпты, – деп сүйсініп күліп отырды да:



– Талғат бұған қарсы емес. Оның ризалығы бар. Полковник Дайыровтың ұйғаруы солай. Қазір лейтенант Майлыбаевқа маңызды жұмыс тапсырылып отыр. Сіздің көмегіңізге ренжімейді ол. Іске кірісе беріңіз!

– Құп болады, жолдас майор!

Карпов тік тұрып басын изеді.

Ісі, әрекеті күн сайын жұмбақталып бара жатқан Петрушкиннен көз жазып қалмауды лейтенант Майлыбаевқа тапсырды. Бұл күрделі іс оған лайықты саналды.

### ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Лейтенант Майлыбаев үш тәулік бойы поселкеден шықпады. Петрушкиннің үйіне біреу келмей қоймайтындай көрінген еді оған. Бірақ Петрушкин көшеде де, үйде де жалғыз. Тіршілігі күйбең, өнімсіз, қимылы бірқалыпты. Әбігершілік байқалмайды. Қаңыраған бос жәшіктердің тақтайын сөгіп, кілеттің қуыс тесіктерін шегелеп жүр. Иінағашпен су көтеріп бара жатқан Данишевскаяны көріп, дауыстады:

– Глафира, мұнда кел! Сөйлесетін әңгіме бар. – Данишевская қасына келгенде:

– Көрінбей кеттің, бірдеңе тапқаның ба, қалай? Зауқың соқса, үйге кір. Мен бүгін боспын. Отырып шер тарқатайық.

Глафира ықылас білдіре қоймады.

– Кір жуып жатыр едім, қолым тимейді.

Сен маған осындай қиқар мінезіңмен ыстықсың, тәттісің. Сенің сабалақ түрінді көргенде, құдайақы бір түрлі қызығып кетем.

Глафира күлді:

– Қойшы?

Шолақтың мына сөзін Глафира қызық көрді. Қитар көзін күнге шағып, қырындай қарады. Жүрегін қытықтап, елтетін сияқты.

– Үйіңе кіргенде одан маған қандай пайда бар? Алдымен соны айтшы?

– Нені қаласаң соны жасайын, шыбын жанымды да аямаймын.

– Жақсы айтасың, Андрей, көпірме сөзді қайдан үйренгенсің? Мен сені бұлай деп ойлаған жоқ едім.

– Не тілейсің, жаным, айтшы.

– Өз басыма ие болсам да жарайды. Біреудің тағдырын жетелеп қайтем. Мені бүйтіп бекер әурелеме. Ал қатын ғып алар ниетің болса, ашық айт!

– Жалғыздық шаршатты. Бұдан әрі шыдай алатын емеспін. Жарым бол, тілегім осы!

– Тойды қашан жасайсың?

– Мына әуре-сарсаңнан құтылайын, кемпірдің ісі бітсін! Сонан соң тойды бір-ақ күнде жасаймын.

Глафира көңілшек қой, ықыласы ауды. Петрушкиннің үйіне кірді.

– Ешкім жоқ, именбе, кіре бер. Өзің көрген жай-мекенің ғой.

– Петрушкин жүгіріп барып есікті ашты.

Глафира таң қалды: стол үсті жасаулы, жайнап тұр. Тоңазытылған құстың еті, тураған шұжық, магазинде таптыра қоймайтын қара уылдырық, қызыл балықтың жотасы табақ-табағымен тұр. Тұздалған кияр, помидор шыныға бөлек салынған. Қағазы әсем қылтанақ мойын коньяктың шөлмектері дастарқан үстін түрлендіріп, кісіні ішпей-жемей тоғайтады.

Петрушкин Глафираның мойнын, құлақ түбін иіскелеп:

– Бір нәрсе сұрайын, айтасың ба? – деді.

– Құлағым сенде, айта бер.

Петрушкин сәл бөгеліп отырды да:

– Осында милиционерлер келіп, астыртын сұрау салып жүрсе керек. Сенімен сөйлеспеді ме? – деді.

Глафира бұрылып, бажырая қарады.

– Оны саған кім айтты?

– Білем, есіттім. Сенімен де сөйлесіпті.

– Сен өйтіп былжырама. Кемпірім жоғалды, қараң қалдым, сорладым деп милицияны шақырып жүрген өзің емес пе едің? Келсе, сенің жоғыңды жоқтап жүрген шығар. Оны маған несіне айтасың?

– Глаша, мен сүюмен бірге күйе де білемін. Кейін қатты батты тырнағың деп жүрме. Көмейіндегіні бүкпей, шыныңды айт!

– Сенің не айтып отырғаныңды түсінсем, бұйырмасын. Елдің өсегіне әуестігім жоқ. Отырғаным артық көрінсе, кетем қазір.

– Глафира бұлданып тұра бергенде, Петрушкин:

– Шошаңдама, отыр! – деп иығынан тартып қалды. Қолы зілдей, жерге жаншып жібере жаздады. Глафира иығын жұлып алды.

– Не керек өзіңе?! Күшінді көрсетпексің бе? Мә, саған! – Екі саусағын бүгіп, ортасынан бас бармағын қылтитып көрсетті.

Петрушкин Глафираның кикарлығын күшпен жеңе алмайтынын аңдады ма, амалға көшті:

– Глаша-ай, қайдағыны айтып кеттің ғой. Өзің былай отыршы. Ашуыңды бас, жаным!

– Глафираны қасына алып құшақтап баяу үнмен сөйледі.

– Кісі біреуді өлгенше жақсы көргенде, қарасын көрсе қанағат тұтып, соған да мәз болады екен. Бір сәт көзден тасаланса, жаныңды қоярға жер таппайсың.

Мен сені милиция майорынан да қызғанам. Оның неменеге жүргенін сұрағаным сол. Қызғаныш не дегізбейді? Сөлекет көрінсе, мен қойдым. Кешір, айып менен!

Глафира сенерін де, сенбесін де білмей Петрушкинге бажырая қарады. Петрушкин мұңды, көзі жасаурап кеткен. Глафира көңілшек қой, аяп кетті. Мойнынан құшақтап шашын сипалады. Бетінен аймалап сүйді.

– Біз мәңгі-бақи, өмір бойы бірге боламыз. Солай ма, Андрюша?

– Солай, жаным.

– Петрушкин сақалымен Глафираның танауын қытықтап: – Анау, майор келгіштеп жүргенге сені тегін малданып кете ме деп ішім күйіп жүр еді. Енді көңілім жай тапты.

– Өзің тұрғанда, басқаны қайтем? Маған өзің қымбатсың! Майор анау жолы осы үйге келгенде мен қақпа алдында тұрғанмын.

– Ол саған не айтты? Не деді?

Глафира осы тұста шынын айтпай, бүгіп қалды:

– Тұрма, аулақ кет! – деп қуып жіберді.

– Мінезің қиқар еді, сен оны қалай тыңдай қойдың екен?

– Милициямен байланысымы келмеді. Оны өзің жақсы білесің.

Петрушкин сенбеді. Рюмканы Глафираның аузына тосып:

– Қайдағыны айтып кеттік қой. Милициясы өзімен кетсін. Отырысымызды бұзбай, жақсылап ішелік. Кәне, алып жібер.

Арада біраз мезгіл өткеннен кейін Петрушкин:

– Жатып дем алайық! Коньяктың уыты тарасын! – деді.

– Мейлің, өзің біл.

Осы мезетте көк төбет қатты үріп, қораны басына көтерді. Біреулер қақпаны ашып дауыстаған секілді. Петрушкиннің түсі бұзылып кетті. Қалтыраған жалғыз қолымен қалтасын сипалай берді. Шапшаң тұрып, жастықты жөндеген боп, астынан бір затты алып, қалтасына салды. Глафира оны көрген жоқ. Ол несіне қам жейді? Жаңа ғашығы қасында, қарағайдай үй басында. Өмірінің шат боп тұрған шағы. Енді ол ешкімнен қысылып, қымтырылмайды. Қасында болашақ байы бар адам неге сасады? Ол еркін басып, тайтаңдап есікті ашты.

Үйге екеу кірді. Бірі егде тартқан тапал семіз кісі, екіншісі балаң жігіт.

Глафира жақтырмай:

– Сіздерге кім керек? – деді.

– Біз өрт сөндіру бөлімшесіненбіз, – деді семіз кісі. Глафира мен Петрушкинге кезек қарап: – Үй-жайдың өрттен қауіпсіздігін байқайық деп келдік. Үйдің жоспары өзіңізде ме? Болса, көруге рұқсат етіңіз.

Петрушкин пештің үстінде тозаң басып жатқан чемоданды бауынан сүйреп шықты да, ішін ашып, үйдің жоспарын алды. Өрт сөндіруші үйдің қалай орналасқанын көрді, электр сымдарын тексерді.

Глафира өрт сөндірушіні өлердей жек көріп тұр. Үй-жайы бар, басы бос еркекпен жұптасып тұру оның арманы

еді. Сондай күннің ләззатын көрейін деп тұрғанда мыналар келіп шырықты бұзды. Бұлар өрт сөндірушілер емес, Глафираның өмірін өшірушілер сияқты көрінді. Үлкен ашу қысып, терісіне сыймай, шытынап тұр. Сыралғы Петрушкин долы әйелді өршітпейін деді ме:

– Сен ренжіме, Глаша, қазір қалаға түсетін жұмыс бар. Қайтарда соғам. Бүгін үйде бірге боламыз. Мақұл ма? – деді.

Глафира оның сөзін естіген жоқ. Көз шарасы жасқа толып, қақпадан шығып бара жатты.

Петрушкин өрт сөндірушілер кеткеннен кейін көп аялдамады. Қалаға бет алды.

Майлыбаев Петрушкиннің қалада жүргені жайында басқармаға телефон соқты да, оның келер жолын тосты. Жарты сағаттан кейін ит үйретуші трамвайдан түсіп, 8-март көшесінің бұрышындағы бағанаға жапсырылған хабарландыруларға қарап ұзақ тұрды. Пәтерге берілетін бөлме жайында жеке адамдардың құлақтандырулары ілінетін. Петрушкин жан-жағына ұрлана қарап, жапсырылған қағаздың біреуін жұлып алды. Онда төрт кісілік әсем, жарық бөлме өткізілетіндігі, үй иесіне студент болғаны қолайлы екені жазылған. Қағазды алғаннан кейін көп аялдамай, кенеп қабын қолтығына қысып, көк базарға бет алды. «Динамо магазинінің алдында кідірді. Магазин іші жөнделіп жатқандықтан қызу сауда сыртта, лавка үстінде болатын. Екі аңшы қосауыз мылтықтың ұңғысына үңіліп, шаппасын, шүріппесін ұстап көріп, сынасып таласып жатқанда, Петрушкин олардың қасына келді. Қарамен кавказдалған күміс мылтыққа қолын созып:

– Бері әкелші, көрейін! – деп киліге кетті. Әрі-бері аударып, ұңғысын сығалады.

– Шіркіннің бұрандасында мін жоқ екен. Жарқырап тұр. Оғы қаңғымай дәл тиетін шығар.

Қайдан келгені мәлімсіз, осы мезетте Сигалов бұлардың қасынан сусып өте шықты. Петрушкин оған зер салып карамады.

Екеуі екі көшенің бойымен кетті.

Сол күні кеште лейтенант Майлыбаев өзінің көргендерін

Кузьменкоға баяндады. Екеуі әрбір сөзге мән беріп, талқылап ұзақ отырды. Әлден уақытта майор Кузьменко:

– Сондай бөлме пәтерге беріле ме, анықтадың ба? – деді.

– Білдім. Бірақ үй иесі ол бөлмені бұдан екі жарым ай бұрын пәтерге берсе керек. Онда салт бастылар тұрады. Үй иесі «Студент болғаны жөн деген сөзді жазбаған.

– Таңқаларлық жай екен бұл.

– Майор Кузьменко қағаз бетін шимайлап біраз отырды.

– Шаштараз сенің төрт рет, түсіндің бе, төрт кісілік бөлме емес, төрт рет шаштаразға барғаныңа қатты күдіктенген. Сигалов: «Студент болса жақсы, ал аңдаушыға ұрынсақ қайтем?» деп Петрушкиннен ақыл сұраған. Әрине, шефі бұл іске қалай болса солай қарай алмайды. Шаштараздың әшкереленуі оның өзіне қатер. Сигаловты шартты жерге шақырып, мылтықты көрсету арқылы жауабын айтады. «Ұңғысында мін жоқ. Жарқырап тұр. Оғы қаңғымай дәл тиетін шығар деген «Жаңа дәрінің әсерінде мін жоқ. Айнымай даридың деп жоруға болады. Шартты белгімен тілдесуге бұрынғы хабарландыруды пайдаланған. Осылай ұғысқан соң олар сөйлесіп қайтеді? Ол бүгін Данишевскаяны үйіне бекер шақырған жоқ. Екеуінің не жайында сөйлескенін білуіміз керек?»

– Глафира сырын аша қоя ма?

– Ертең таңертеңгісін Петрушкин жұмысқа барады. Күзетте бір тәулік тұруға тиіс. Сменасы бітер кезде Данишевскаяны осында шақырмақпын. Петрушкин біз жайында Данишевскаядан тәптіштеп сұраса, онда долбарымыздың дұрыс боп шыққаны. Матрена Онуфриевнаны өлтірген Петрушкин болады. Егер бағытымыз теріс болса, істі қайта бастаймыз.

– «Өрт сөндірушілердің» жаңалығы бар ма?

– Үй бекітіліп берілген жоспарға сай салынған. Артық құрылыс жоқ, – деді Кузьменко.

Майлыбаевтың өз басы темекі тартпайтын. Сонда да папиростың біреуін алып, қыршып бөлді де, болымсыз темекі қалдырып тұтатты.

– Менің байқауымша Петрушкин мен Сигалов жалғыз емес. Бүгін сағат үште Петрушкин «Есік қонақ үйінің

алдындағы киоскіден екі қорап сигарет алды. Киоск газет-журналдарға арналған, темекі сатпайды. Оның үстіне оның сигарета тартқанын көрген емеспін. Осында бір сыр бар секілді. Петрушкинді дереу қамауға алып, үйіне тінту жүргізейік. Айғақтық заттар табылатынына күмән жоқ. Кейін кеш қаламыз.

– Петрушкинді қамауға алдық дейік. Сонан соң не істейміз.

– Қылмысты ашамыз.

– Ол жөнін айтпаса қайтесің?

– Қыстаймыз, айтады!

– Қостамаймын, Талғат! Құр күдік қамауға негіз бола алмайды.

Майлыбаев шығуға айналғанда:

– Талғат, Маслованың ізіне түстік. Таныс құрбысының үйінде жүр екен, – деді Кузьменко.

– Қайда, қалада ма?

– Жамбыл қаласынан таптық. Осында келетін секілді. Қамауды тоқтата тұрдық. Сол қырсық қатыннан түбі бәле көретін шығармыз. Кейін айтпады деп жүрме!

– Кәсібіміз қауіп-қатер екен, енді оның бәлесін де көтерелік.

### ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Майор Кузьменко Петрушкиннің жұмысқа кеткенін әбден анықтағаннан кейін Данишевскаяның үйіне келді. Глафира ышқырын түріп тастап, веранданы жуып жатыр. Екі балтырының жоғарғы жағы қанталап көгерген. Бір жақ аяғын тобық үстінен байлап алыпты. Кузьменко жөтеліп дыбыс бергенде, Глафира жалт қарап, басын шапшаң көтерді.

– Ә-ә, майор жолдас, сәлеметсіз бе? Ол су қолын кеудесіне сүйкеп сүртіп ұсынды. – Жоғары шығыңыз. Мен сізді бұдан былай көрмеймін ғой деп едім. Жақсы келдіңіз.

– Көрмегені қалай?

– Милиция бастығының қолы тие бермейді ғой.

– Бүгін көңілдісің, Глафира. Не жаңалығың бар?

- Көңілді болмағанда қайтем?
- Құпия жасамасаң, білуге бола ма?
- Мен күйеуге шығайын деп жатырмын.
- Құттықтаймын. Тойды қашан жасайсың?
- Бәрі сізге байланысты, майор жолдас. Қалай рұқсат етсеңіз, солай болады.

Кузьменко таңданды:

- Менің рұқсатым керек пе?
- Кейде дым білмегенсі қалатыныңыз-ай!
- Шын айтып тұрмын, Глафира.
- Матрена Онуфриевна өлді, Андрей енді бойдақ жүре алмайды.

Мен оған ұнаймын. Соған байға шыққым келеді. Кемпірдің өлгені туралы қағаз берсеңіз, дереу той жасаймыз.

– Петрушкин дейсіз бе?

– Неге таңданасыз? Біз кемтар, кембағал дармыз. Екі жарты қосылып, бір бүтін болармыз. Құдай кісінің бәріне тілегін бере бере ме? барына қанағат қылайық дедік.

Майор Кузьменко өткен жолы Петрушкинге Матренаның өлгенін, қылмыстыларды іздеп жүргенін әдейі айтқан еді. Петрушкин өзі қылмыс жасаған болса, ол қайткенмен де милиция орындарының қандай бағытта жұмыс істеп жатқанын білуге тырысады. Екі ортаға аңқау Глафираны салып, жағдайды білгісі келген. Егер милиция органдары Глафираға күйеуге шығуға қарсы болмаса, онда Петрушкинге күдік жоқ. қылмыстыларды басқа жақтан іздеп жүрген болады. Петрушкин Глафираны жұмсап қойып, милицияның әрекетін осындай тәсілмен біліп алмақ. Майор Кузьменко Петрушкиннің үйлену хикаясын осылай ұқты.

– Ол сізге қашан сөз салды.

– Біз бәріне өткен түні бір-ақ келістік. Созып қайтеміз? Есік көрген адамдармыз. Сіз менің бақытыма қарсы болмайтын шығарсыз. Сізге бір құпия сыр айтайын ба? Андрей Алексеевич әуелі мені сізден қызғанады.

– Менен бе?

– Иә! Өмірімде мені кісі қызғанып көрген жоқ еді. Еркек



сүйсе сөйтеді дейді ғой. Бір жолы кітаптан оқығаным бар.

Кузьменко ит үйретуші аңқау әйелді осал жерінен оңай қолға түсіргенін аңғарды. Глафира майордың құптап құттықтай қоймағанына реніш білдірді.

– Қалай, менің бақытыма сенбейсіз бе? Сіздіңше, түрмеден шыққан әйелдің бәрі бұл дүниеден тұл қалып өтуі керек қой. Мен өмір сүргім келеді. Мен әйелмін, ана болғым келеді.

– Сенің бақытты болуыңды шын көңілден тілеймін. Өзің білесің, Глафира, өмір дегеннің оспағы көп, байқамасаң опық жегізеді.

Глафира оқыс сұрақ қойды:

– Сізге Андрей Алексеевич ұнай ма?

– Біреуге мінездеме беру үшін оны жақсы білу керек. Ал мен оны білмеймін. Матренаға байланысты анда-санда жолығысып тұрамыз. Былай сырлас емеспін.

– Мына сөзіңіз күйеуге шықпа дегеніңіз бе, қалай?

– Ойланғаныңыз жөн.

– Сіз төсек қызығын көріп қалған әйелдің күйін ұқпайсыз. Бос жатқан әрбір күн азап. Сорлы боп тумасам, бұрынғы қате көлденең шықпас деймін. Онда мен еркектің жастығынан опа жедім. Енді ересек адам опасыздық жасамас.

– Глафира, сіз мынаған жауап беріңізші. Маған сенесіз бе, әлде Петрушкинге сенесіз бе?

– Түсінбеймін!

– Глафира басын шайқады.

– Еркек деп танысам, сізге сенем. Күйеу деп қарасам, Петрушкинге сенуім керек.

Кузьменко сәл ойланып тұрды да:

– Сіз оған әлі күйеуге шыққан жоқсыз. Солай ма? Олай болса менің сөзіме ден қойғаныңыз жөн!

– Бұл жолы сізге құлақ салмаймын, начальник жолдас. Көктен бақыт тілеймін деп жүріп, қасымдағы қуанышымды қуып қайтем?

Кузьменко Глафираның түсінбейтінін білген соң:

– Бақытты болыңыз! – деді.

– Рұқсатты қашан бересіз?

– Қандай рұқсат?

– Матренаның өлгені туралы қағазды айтам. Байқұс кемпір бәрібір тірілмейді. Біздің бақытымызды бөгеменіз.

– Милиция өлік туралы қағаз бермейді. Оны ЗАГС органынан алыңыз.

– Андрей маған милиция береді деп еді, ол байқұс та білмейді екен ғой. Келген соң ақылымды айтайын.

– Глафира, сіз қашан жұмысқа барасыз?

Глафира күлді:

– Менімен жолығысуға уәде байласайын деп пе едіңіз? Мен дайын. Бүгін сменамды атқарғанмын. Колым бос.

– Ертең кешкісін басқармаға келіңіз. Сонда сөйлесейік.

– Ертең кешкісін дейсіз бе? Жоқ, болмайды. Андрей жұмыстан шығады. Кетіп қалсам іздейді ғой. Оны қалай жалғыз тастап кетем?

– Мен сізді көп ұстамаймын.

Майор Кузьменко дереу басқармаға оралды. Кабинетке ілесе кірген Карповке:

– Григорий Матвеевич, киоскідегі сатушымен сөйлестіңіз бе? – деді.

– Сөйлесіп үлгере алмадым. Қырсық атқыр неме, екінші жолы шақыртқанда зорға келді.

– Қазір қайда?

– Осында отыр.

– Шақыр. Осы сылбырлығымыз да жетер. Асықпасак болмайды.

Карпов бұты бір тұтам, дөңгелек қарын, тапал, семіз кісіні ертіп келді.

Кузьменко орындық ұсынды.

– Отырыңыз, танысып қоялық. Мені Петр Петрович деп атайды. Фамилиям – Кузьменко. Ал сіздің аты-жөніңіз кім?

– Милициямен танысуға әуестігім жоқ. Мұнда неге шақыртты. Алдымен соны айтыңызшы?

– Есті адамсыз, дауыс көтеріп сөйлеу жарамайды.

– Сендер кісіні айқайлатпай қоясындар ма? Жазығым не?

– Менің сұрағыма жауап беріңіз, аты-жөніңіз кім?

– Михаил Моисеевич Тюнин.

– Жақсы, Михаил Моисеевич, мен сізді тыңдап отырмын.  
– Не айтам? Бірдеме дейтін қылмыс жасаппын ба?  
– Екі қорап сигаретаны кімге бердіңіз?  
– Қандай сигарета? – Тюнин шошаң етіп, жан-жағына қарады.

– Қандай сигарета екенін сіз айтыңыз!

Тюнин қолы жыбырлап, таңданған пішінмен қарады.

– Сигаретамен көптен бері сауда жасап жүрсіз бе?

– Жолдас начальник, киоскі темекіге арналмаған. Біз газет-журнал сатамыз.

– Ал сигаретаны қайдан алдыңыз?

– Менің өз басым темекі тартпаймын. Сигаретамен әуестігім жоқ. Сірә, сіз мені басқа біреумен шатастырып отырсыз ғой деймін.

– Бала сөйлесе, білместік дейміз, үлкен жалған айтса не дейміз? Есіңізге түсірейін, кеше сағат үшке бес минут қалғанда шолақ қолының күлтесіне кенеп қап қысқан адам киоскінің алдына келді. Сегіз тиынға газет беріңіз дегенде, сіз «ескісі ме, әлде жаңа номерлері ме?» – деп жауап бердіңіз. Ол: «Бүгінгісі болса жарар еді – деді. Солай ма? Тюниннің өңі өзгеріп кетті.

– Солай болып еді, начальник жолдас. «Самолеттен қалып барам, бере сал деп жалынған соң алып қалып едім.

– Сізге сигаретаны кім берді?

– Былай жақсы білмеймін. Бірақ жүзі таныс. Киоскіден ағылшын тіліндегі «Московская новость газетін алып тұратын. Сырт пішіні мәдениетті адам секілді. Сөкет қылығын көре алмадым. Немене, сигаретаның ішінде бір бәле бар ма екен?

– Оны сізден білгіміз келеді?

– Сенсеңіз, ашып қарамадым.

– Сигаретадан басқа не қалдырды.

– Қорапты ораған газеті бар.

– Қандай газет?

– Байқамадым.

– Оған оттықты кім берді?

– Білмеймін, мен бергенім жоқ.

– Мұндай қызметіңіз үшін қанша төледі?

– Ауыз тұшырлық дәнеңе жоқ.

– Әйткенмен?

– Бес сомды ұстатты.

– Ол ақша қайда?

– Қалтамда, – деп Тюнин қапшығынан бес сомдықты алып, Кузьменконың алдына қойды.

– Григорий Матвеевич, – деді Кузьменко бес сомды Карповқа беріп, – мынаны дереу сарапшыға жіберіңіз. Қорытындысын мүмкін болса тезірек берсін.

– Қош болыңыз! – Кузьменко Тюнинмен әңгіменің тамамдалғанын білдіріп, орнынан тұрды. Мемлекеттік автоинспекцияға телефон соқты.

Майор Кузьменко телефонмен сөйлесіп жатқанда, кабинетке Майлыбаев кірген. Кузьменко қолын ұсынып:

– Амансың ба, Талғат. Отыр, – деді де, телефонмен сөйлескен әңгімесін айтты.

– Бүгін бір сағат шамасында белгісіз біреулер вице-президенттің кеңсе алдында тұрған машинасын мініп кеткен.

Бір сағаттан кейін машина екінші көшенің бұрышынан табылыпты. Спидометр қырық километр жүргенін көрсеткен. Поста тұрған милиционер сондай «ЗИМң маркалы машинаның сағат бірде Медеуге бара жатқанда жолдағы көпірден өткенін көрген. Машинаны таныған. Бірақ тоқтатуды ыңғайсыз көріпті.

– Машинаны қуған кім екен?

– Әлі анықтай алмай жатырмыз. Майлыбаев өзінің келген жұмысына көшті:

– Петрушкин қораның ішінен жаңа клет салып бітірді. Погребі кең, цемент төсеген. Ол бұдан біраз уақыт бұрын кемпірінің бұрынғы ескі үйін жөндеп сарай жасаған еді. Жалғыз жанға мұншама қора-жайдың керегі не? Клетті асығыс салуын түсінбеймін. Ақтарып, қопарып қарасақ қайтеді?

– Қазір автоинспекцияның адамдары ғылыми-техникалық бөлімдегі жігіттермен бірге «ЗИМң машинасының ізімен кетті. Мен де со жаққа барайын деп отырмын.

Келген соң ақылдасайық. Мен келгенше Тюниннің түсініктемесімен таныса тұр.

«ЗИМң машинасы Медеу демалыс үйінің тұсындағы тоғай ішіне тоқтаған. Екі адамның ізі жатыр. Алма бағында алма теріп жүрген ересек қыздар сүліктей қара машинаның ойға тоқтағанын алыстан байқапты. Бірақ адамдарды көрмеген.

Кузьменко басқарма келісімен шаруашылық бөліміне телефон соқты.

Петрушкиннің түстік үзіліс кезінде қайда болғанын ешкім дәл айта алмады. Біреулер үйіне тамақтануға кетті десе, енді бірі үйшігінің қасында отырған десті.

Вице-президенттің машинасын қуған кісі табылмады, жұмбақ болып қала берді.

### ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

Данишевская уақытынан ерте келді. Тойға баратын кісі секілді сәнденіп киінген. Бетіне аздап опа жағыпты.

– Келіңіз, – деп Кузьменко орындық ұсынды.

– Уәделескен уақытымыз сағат алтыдан кейін еді ғой. Асығыссыз ғой?

Глафира қитар көзін қадап, иығын бір қозғап қойды.

– Ертерек келіп қайтайын дедім. Әйтпесе, Андрюша алаңдайды.

– Глафира, ашық әңгімелесейік, мақұл ма? – деді.

– Мен де бүкпесі жоқ сөзді қалаймын.

– Сіз Петрушкинге күйеуге шыққан жоқсыз ғой?

– Кісінің некесі құр қағазбен қиылмайтын шығар.

Некесіз де кісілер өмір сүріп жатады ғой.

– Петрушкин сізді сүйе ме?

– Иә.

– Мен Петрушкиннің сізді сүйетіндігіне сенбеймін.

Глафира таңданды:

– Неге сенбейсіз?

– Тыңдаңыз, оның қалай ғашық болғанын айтып берейін.

Жаңылмасам, сіз құдықтан су алып келе жаттыңыз.

Солай ма? Петрушкин тоқтатып, үйіне шақырады. Сіздің барғыңыз келмеді. Ол өзінің ғашық екенін, сізсіз тұра алмайтынын айта бастады. Мұның бәрі сізге қызық көрінеді. Өйткені, сізге көптен бері мұндай сөзді ешкім айтқан жоқ еді. Үйіне кірдіңіз, стол үсті жайнап тұр. Алғашқы кезде коньяк іштіңіздер. Сонан соң шампанға араластырып көрдіңіз. Бой балқып, маужырай бастайды. Осы мезетте Андрей Алексеевич менің келгенімді, сенімен жолыққан-жолықпағанымды сұрайды. Сіз ашуландыңыз...

Глафираның көзі шарасынан шығып кетті:

– Мұның бәрін кім айтты? Қайдан білдіңіз? Әлде аңдушы қойып па едіңіз?

– Менің осы айтқандарым рас па? Алдымен соны айтшы?

– Бәрі де рас.

– Біз кісі босағасын аңдымаймыз, Глафира. Ондайдан аулақпыз.

– Кісі қоймасаңыз қайдан білесіз?

– Милиция жұмысының сыры осында. Шынтуайтқа келгенде мұның бәрін өзіңіздің айтқаныңыздан аңғарып білдім.

– Менің бе?

– Тыңдаңыз. Сіз ашуланған кезде Петрушкин тағы да ғашықтығын айтады, әуелі менен қызғанатынын білдіреді. Әрине, ондай жылы сөзді есту сізге ұнайды.

– Кісінің ойындағысын қалай дәл табасыз?

– Осының бәрін Петрушкин не үшін істеп жүр? – деді Кузьменко Глафираның таңқалғанын елемей.

– Сіздің милиция органымен байланысыңыздың бар-жоғын, олардың қандай әрекет жасап жүргенін Петрушкин білгісі келеді. Сізді екі ортаға делдал етпек. Глафира бірер минут тоқырап ойланып қалды:

– Маған не бұйырасыз, начальник жолдас? – деді бәсең үнмен.

– Менің бұйрығым дәл қазір сізге жүрмейді. Тек жолдастық ретінде тілек айтамын.

– Ол қандай тілек?

– Күйеуге шығуға асықпаңыз. Мақұл ма? Матренаның қайда екенін әлі білмейміз.

– Бұл өзі бітетін іс пе?

– Жуырда аяқтаймыз.

– Кейін Петрушкин айнып кетсе қайтесіз? Айтпады деме, онда тура өзіңізге жармасам. Сіздей ақылды еркек бір әйелдің құшағына қалай сияды? Оның көрген қызығын басқа да көрсін де!

– Өзің айнымасаң, Петрушкин қашпайды.

– Мені қолпаштап жібердіңіз-ау, майор жолдас. Еркек талғаса Глафираның адам болғаны ғой! Мейлі сіздің айтқаныңыз болсын. Түрмеде де шыдадық қой, өлмеспіз.

Бұл күндері қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлері қауырт жұмыс үстінде еді. Вице-президенттің машинасын мінген адамдар әлі табылмаған. Күдік алған адамдар бұл кезде қалада болмаған. Майор Кузьменко қат-қабат ой үстінде отырған кезде есіктен лейтенант Майлыбаев айқайлай кірді.

– Петр Петрович, вице-президенттің машинасын мінген адамды таптым. Ол – Петрушкин екен!

– Петрушкин дейсің бе? Ит үйретуші ме? Мұны қайдан білдің?

Майор Кузьменко комбинаттың шаруашылық бөліміне телефон соғып, Петрушкиннің түскі үзіліс кезінде қайда болғанын сұрағанда, Майлыбаев та комбинатпен хабарласқан болатын. Түскі үзілісте Петрушкиннің немен шұғылданғанын ол да біле алмаған. Кузьменкоға айтқан жауапты бұған да берген. Кеше ол жұмыстан кейін поселкеге тағы барады. Петрушкиннің жұмыста екеніне көзі жеткен соң Глафираны іздейді. Ол үйінде жоқ боп шығады. Көршілерінен сұрастырады: «Қазір көңілі тоғайып, сабасына сыймай жүр. Сірә, байға тиейін деп жүр-ау!»

Майлыбаев Данишевскаяны үйінен таппаған сон көршілердің сілтеуімен «Жынды базарға келген. Глафира ет сатушылардың қасында жүр екен Талғат Глафирамен тікелей сөйлесіп кетудің қисынын таппай, бір-екі мәртебе қасынан өтеді. Еркек танығыш Глафираның жіті көзі жас

жігіттің айналшықтап жүргенін байқайды.

– Жігітім, сенің тұлғаң, қимылың таныстау, біз осы бір жерде кездескен жоқпыз ба? – деп қасына келді.

– Біз қалада тұрамыз. Бәлкім, көрген шығармыз, – деп Талғат Данишевскаяны қолтықтап шеткерірек алып шықты. Глафира таңданған жоқ. Жігіттің сөзін күтіп тұр.

– Глафира, мен сізді іздеп жүр едім, – деді сәл ойланыңқырап.

– Сізбен сөйлесейін деп едім...

– Мені іздеп қайтесіз? Әйел керек кісі түнде үйге келмей ме? – деп Глафира өзінің өткір әзіліне басты.

– Сіздің Андрей Алексеевичті жақсы көретініңізді білемін. Ал ол сізді сүйе ме?

Глафира қынжылды.

– Бірің – бір, екің – екі келіп, қазбалап қоймайсыңдар. Сендер соңыма түсіп қоймайтындай ол байқұс не жазды? Сол шолақта нелерің бар?

– Жазығы бар ма, жоқ па, оны менен гөрі сіз жақсы білесіз.

– Менің алдымда Андрюшаның қылмысы жоқ. Өз ыңғайымның ығында жүрген адам.

– Сірә, ол сізге сырын айтпай, жасыра ма деймін.

– Бізде құпия дәнеңе жоқ, бәрі ашық...

– Сіз солай ойлайсыз ба?

– Ойлап қайтем, мен оны бес саусағымдай білемін.

– Білсеңіз, алдыңғы күні түскі үзіліс кезінде Андрей Алексеевич қайда болды?

– Ет комбинатында, жұмысында тұрды.

– Жоқ, бұл кезде ол қыдырып жүрді. Біреудің машинасын мініп Медеуге барған.

– Өтірік айтпа, түскі үзіліс кезінде мен онымен өзім сөйлестім!

– Милицияның қателеспейтінін білесіз. Сенбесеңіз өзінен сұраңыз. Мына жерде почта бөлімшесі бар. Андрей Алексеевичке телефон соға қойыңыз.

– Қыдырған машинасының түрі қандай?

– «ЗИМң маркалы қара машина.

– Айтқаның өтірік болса, тура бастығыңның өзіне



шағым етем. Айтпады деме!

Данишевская ет комбинатының күзет будкасына телефон соқты. Трубканы біреу алған секілді. Күбірлеген дауыс естілді.

– Андрей Алексеевич пе? Қайда ол? Телефонға шақырып жіберіңізші. Иә, Петрушкинді айтам.

Аздан соң Петрушкиннің даусы естілді:

– Бұл кім?

– Андрюша, бұл мен ғой. Иә, кезегің қалай өтіп жатыр? «Жынды базарға барып ет алып қайттым. Жаңғыз отыра-отыра зеріктім. Сен мені сағынған жоқсың ба? Қойшы... Оныға сенбеймін. Ылғи алдайсың, Андрюша. Алдыңғы күні қайда болдың? Иә, түскі үзіліс кезінде. Маған «ғашықпын деп өліп-талып құлай жығыласың да, күндіз басқа қатынмен қыдырасың. Өзің айтады ғой деп үндемеп едім. Соқыр кісідей ұмыттырып барасың. Сен өтіп жалтақтама! Қандай машинамен кетіп бара жатқаныңды өз көзіммен көрдім. Қасыңда кім отырғанын айтпасаң бұдан былай менің табалдырығымды аттап баспайсың. Білдің бе? Кім дейсің? – Глафира жайрандап, көңілдене бастады. – Машинаны қайдан алдыңдар? Жақсы, үйге келген соң өз аузыңмен айтарсың.

Данишевская трубканы қойғанда, лейтенант Майлыбаев:

– Маған сенбеген едіңіз, айтқаным дәл келді ме? – деді.

– Андрюшаны осы үшін жазалайсыңдар ма?

– Мен кісіні жазалап көрген емеспін. – Талғат сәл тұрды да:

– Глафира, сізге көп рахмет. Енді байқадым, сіз ақылды адамсыз, – деді.

– Әй, жігітім-ай, әйелге ақыл емес, әр керек екен! – деді Данишевская күрсініп.

– Бетінің әрі бар менен сорлы ұшқалақтар байдан-байға шығады. Сөйтсе де өтімді. Бәрінен әйелдің кемтарлығы қиын екен. Бір шолақтың аусары ауып еді, оны да бұйырtpайтын түрлерің бар. Тағдырға не жазғанымды білмеймін.

– Егер, қаласаң, Глафира, сырлас жолдас болайық.

Сіздің өмірден көргеніңіз көп. Оны әр кісінің білуі артық емес шығар.

– Мен татқан өмірдің ащысын татпай-ақ қой, жігітім. Жассың, шөгіп, жүнжіп кетерсің. Ал достығыңды ұсынсаң, оныңнан қашпаймын. Бірақ, әйелге құр достық нәр бола ма? – деді де күліп қалды.

Осы әңгімеден соң Майлыбаевтың басқармаға жеткені осы екен. Майор Кузьменко Талғаттың сөзін бөлмей бар ықыласымен тыңдады. Талғат әңгімесін аяқтағанда:

– Мен қуанып отырмын, Талғат! Ұзақ уақыт бойы сыр бермей, әбден әбігерлеген адамның құпиясын аштың. Енді одан жауап алуға желеуіміз бар, – деді.

Майор Кузьменко Карповты шақырып алған соң Майлыбаев үшеуі ұзақ отырып мәслихат құрды. Ақыры мынадай қорытындыға келді: Петрушкинді кешеуілдетпей дереу тұтқынға алу керек. Алғаш оған вице-президенттің машинасын ұрлап мінгені айып ретінде тағылады. Ал Сигалов бұл тұста бақылауға алынуға тиіс. Петрушкинмен сыбайлас, қылмысқа қатысы бар деген жорамал дұрыс шықса, ол жасырынуға тырысады. Оны осындай әбігершілік үстінде қамауға алған жөн. Матрена Онуфриевнаның өліміне байланысты шындықты сол арқылы ашпаса, Петрушкиннің мойындай қоюы неғайбыл.

Бірақ бұл жоспар аяқ астынан бұзылып қалды.

## ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Секретарь қыз өкпесі өшіп, ентігіп жүгіріп келеді.

– Сәуле, не боп қалды? – деп Кузьменко таңдана сұрады.

– Телефон соқсам, ылғи дыңылдап тұр. Линия бос емес.

– Мен ешкіммен сөйлескен жоқпын, – деп Кузьменко телефонға қарап еді, трубка дұрыс қойылмаған екен.

– Полковник тез келсін деп шақырып жатыр.

Кабинетте полковниктен басқа екі адам отыр. Бірі – басқарманың партия ұйымының секретары Колпашников та, екіншісі – Республикалық милиция басқармасынан

келген ілмиген арық сары Кравченко. Ол қазіргі күннің ыстығына лайықтап жібек аралас ақ кенептен костюм киіпті. Онысы арық денесіне қонбай, қолқылдап тұр. Мол жеңнің ішінде сидиған қолы қалақ сияқты.

Полковник Дайыров кабинеттің ортасында кідіре тұрып қалған Кузьменкоға:

– Петрушкинді қамауға алдыңыздар ма? – деп түйіле қарады. Өңі салқын.

– Әзір тұтқындағанмыз жоқ. Ертең ол жұмыстан кешкісін шығады. Сол мезгілде ұстауды жөн көрдік.

– Неге сол уақытта ұстамақсыздар?

– Петрушкин кезекте бір тәулік тұрып, екінші және үшінші тәулікте демалады. Оны жұмыстан шыққан кезде басқармаға шақырып тергеу жасауды ұйғардық. Екі тәуліктің ішінде оны қызметтес адамдары жоқтай қоймайды.

– Айыбы, кінәсы бар адам қамауға алынады. Сіздер оның қылмысын анықтадыңыздар ма? – деді Кравченко.

– Вице-президенттің машинасын ұрлап мінгенін білдік. Тергеуді осыдан бастаймыз.

– Машинаны бүлдіріп пе?

– Техникалық бөлімнің адамдары ондайын байқамады.

– Өз бетімен машинаны қуу кісіні қамап, тергеуге алатындай үлкен кінә емес қой?

– Өз бетімен машинаны рұқсатсыз мінгені үшін ескерту жасап, штрафпен шектелуге болады, – деп Дайыров Кравченконың сөзін қостады.

Кузьменко бөгеліп қалды. Өйткені Петрушкин мен Сигаловтың қылмысын полковник жақсы білетін-ді. Қылмыстыларды ұстаудың жолы өзімен келісілген-тін. Ал қазір білмегенсіп, сұрай қалған. Майор Кузьменко таңданған пішінмен жауап қатты.

– Олардың кісі өлтіргенін, қылмыс жасағанын қолдағы бар материалдар толық дәлелдейді.

Полковник Дайыров қасындағы екеуге көз қырын тастап, Кузьменконың таңданып қалғанын аңғарды да:

– Оларды қалай қамауға алу жөнінде келіскенбіз.

Солай емес пе? – деп майордың жауабын күтпестен сөзін жалғастырды.

– Әңгіме онда емес, машинаны ұрлап мінгені Петрушкинді тергеуге алуға толық желеу бола алады. Жолшыбай күдік алған жайларды анықтай кетеміз. Байқасаңыз, Петр Петрович, қылмыскерді іздеп жүріп, біз өзіміз қылмыс жасап алғанбыз.

– Түсінбедім, полковник, жолдас?

Полковник Дайыров шынтағының астында жатқан папканы ашып, қағаздарын парактап аударыстыра бастады.

– Мына жазылған арыздар сол қылмыс жайын баяндайды. Өзіміз сыйлайтын Кравченко жолдас осы мәселемен келіп отыр. Мына жазылған бірінші арызға мән бермеуге болар еді. Таққан кінәсі жала, қылмысты ашуға бөгет жасау үшін әдейі жазып отыр, деп қарайық. Бірақ екінші арызға көңіл қоймасқа болмайды. Мұны жазған басқа адам емес, өз адамымыз, милиция офицері. «Қылмыскер өз ішімізде, оған дереу тыйым салындар, жауапқа тартындар!» деп ашынып жазады. Милиция офицері басқармаға тура арызданғанда, әрине, оның дабылын аяқсыз қалдыра алмаймыз.

– Арызды жазған кім? Қандай қылмыс жасаппыз? Білуге болар ма екен, полковник жолдас?

Полковник Дайыров Кузьменкоға қарап:

– Неге тұрсыз? Отырыңыз! – деп қарсы алдынан орындық ұсынды.

– Әңгіме арызды кімнің жазғанында емес, оның мазмұнында болып отыр.

Сіз қылмыскердің қайда екенін білмей, әбігерге түсіп, бекер әуре боп жүргенде, лейтенант Байкин қылмыскердің адресін дәл тауып, үйіне апарады. Күдік дұрыс боп шыққан. Ол үйден Петрушкинаның шәлісі, сумкасы табылады. Тергеу үстінде Маслованың сол түні үйіне қонбағаны да анықталады. Әрине, мұның бәрі Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы бар деген орынды күдік туғызады.

– Бірақ...

– Тыңдаңыз! – деп Дайыров жұмсақ үнмен тіксіне қарап, сөзін бөлді. – Сіз лейтенант Майлыбаев екеуіңіз бар шындықты көре тұра бұрмалап, қисық жолға

түскенсіздер. Маслованы жазалаудың орнына оны еркіне қоя бергенсіздер.

Және жай жібермей, бес мың сом пара алып босатқансыздар! Сөйтіп, шын қылмыс жасаған адам жасырынып, бір түнде қашып кеткен де, ал пара алған лейтенант Майлыбаев пен оны қолдаушы әрі сыбайлас майор Кузьменко жазықсыз жанды жазғырып, жалған документ жасауға кіріскен. Сөйтіп жәбірленушіге зор қиянат, зорлық жасалып отыр, заңды бұрмалаушылар жауапқа тартылсын, дейді. Майлыбаевтың пара алғанын мойнына қойып беретін мықты куәлар бар. Олар да растап арызға қолдарын қойған. Міне, арыздың мазмұны осы.

Полковник Дайыров креслоға шалқая жайласып отырды да:

– Сіз азаматша Анастасия Алтынбаеваны білесіз бе?

– Көрген адамым емес, атын бірінші рет естіп отырмын.

– Ольга Степановна Лукинаны ше?

– Жоқ, білмеймін.

– Бұл қалай? – полковник таңданды. – Олар сізді жақсы біледі.

Майор Кузьменко оперативтік қызметкерлердің адал ісіне көлденең киліккен үлкен бәлесі бар жалаға қатты күйінсе де, ашу шығармай баяу үнмен сөйледі. Бірақ тынысы тарылғандай тоқтап, еңтігіп үзіп-үзіп әңгімеледі.

– Қылмыскер Петрушкин өз әйелін өлтіріп, оны милицияға хабарламай қоюға шамасы жоқ еді, жасырса бүгін болмаса ертең әшкереленетінін сезеді. Және әйелін жоқтамай тым-тырыс жүруі оның өзіне күдік туғызар еді. Бірақ бірден келіп айтуға оның батылы жетпеді. Көп ойланды. Сыбайласы Сигаловпен ақылдасты. Ақыры мүсәпір халге түсіп арыз апаруды мақұл көрісті.

Ұзақ уақыт зерттеудің барысы қылмыскер өз әйелін ашу үстінде, байқаусыз өлтірмегенін көрсетеді. Петрушкин белгілі мақсат көздеген. Оның тымырсық мінезі, құпияны сақтай білуі, шартты белгімен жолығысу тәсілдері, үлкен мектептен өткенін байқатады. Сірә, сондықтан да болар, алғаш біз жаңсақ кетіп, оның айтқанына ердік, қарапайым, момын зиянсыз жан деп қарадық. Іштей есіркеп жүрдік.

Өрескел істерін байқасақ та, елемей, қолдан келген көмекті аямауға тырыстық. Маслованы шапшаң тергеуге алып қылмыс таңып, оған шүйілгеніміз де содан. Тіпті Петрушкин вице-президенттің машинасын ұрлап мініп кеткенге дейін, қайда жүрсе де Маслоадан көз жазбадық. Қылмыс жасаған күннің өзінде де Маслова біреудің жетегінде жүретіні айқын еді.

Сондықтан бар бәле шаштараздан емес пе екен? – деп Сигаловқа бақылау қойдық. Өйткені Шамадиновтың шайқасы ұсталған шақта оның жаманат аты сезілген еді. Ол кезде қолымызда Сигаловты айыптайтын дәлел болмады. Шамадинов атыс үстінде ауыр жарақаттанып, тілге келмей өліп кетті. Қолға түскен басқа қылмыскерлер оның айыбын мойнына қоя алмады. Қай шаштараз екенін де айта алмады. Осының бәрі әйтеуір қылмыскер ұстала қалса, шаштаразды ауызға алатынын байқадық. Бандиттерден тірек іздеп жүрген біреу бар емес пе екен деген күдік қалдыра береді. Сөйтіп алғаш Сигаловқа қадалдық. Мұнымыз дұрыс та еді. Осы тұста Сигаловпен Маслова емес, Петрушкиннің байланысы барын аңғардық. Алғаш біз бұған шүбәландық. Бірақ бұлардың шартты белгімен кездесуі ұлғая түсті. Бақылау үстінде барлық іс Петрушкин арқылы өрбитіні, соның ықпалымен жасалатыны аңғарылды.

Міне, Петрушкин жөніндегі іс жол-жөнекей осылай басталған еді.

Кузьменко тершіген маңдайын орамалмен сүртіп, сәл отырды да:

– Қылмыскерлер мен арызқойлардың арасында байланыстың барына таңым бар. Петрушкинді жазықсыз деп тану – қылмыскерге болысу! Мен бұл жалған арыздардың мәнін осылай түсінемін.

Кравченко таңданған пішінмен:

– Айыпкер Маслова жасырынып, қашып жүр. Оны тергеуден босатып, ақтауыңыздың мәнісі қалай? – деді.

– Қазір Маслова үйінде. Бірақ оның қылмысқа қатысы жоғын дәлелдейтін мынадай жай бар: Маслова тонау мақсатымен бұзақыларға қосылды десек, онда ол жоқтаусыз қалған бес мың сомды иемденіп кетер еді. Ол

ақшаның Матрена Онуфриевнада барын Петрушкиннің өзі де білмейді. Маслова ақшаға тимеген.

Кравченко Кузьменконың сөзін бөлді:

– Меніңше, Маслова сумкада ақша барын білмеді. Бұл оның адалдығы емес, аңғалдығы. Бұл – бір. Екіншіден, сіз өз кінәңызды айтпай кеттіңіз. Пара алғаныңыз жөнінде Майлыбаев екеуіңізге зор айып тағылып тыр. Бұған не дейсіз?

– Бұл – жала, жалаға жауабым жоқ!

– Менің өз басым сізді құрметтеймін, Петр Петрович. Бірақ бөтен біреу емес, өзіңіз секілді милиция қызметкері сіздерге айып тағып отыр. Сіздің айтқаныңыз дұрыс та, оның айтқанын қалайша жала дей аламыз. Жала десеңіз, жалғандығын айтып дәлелдеңіз. Өзіңізді айыптан аршып алмай тұрып, біреуді даттағаныңыз қисынсыз!

Полковник Дайыров Кузьменкоға түйіле қарап:

– Лейтенант Майлыбаев қайда? – деді.

– Қазір басқармаға келуге тиіс.

– Подполковник Колпашниковқа түсініктемесін жазып берсін.

– Лейтенант Майлыбаев аса маңызды тапсырмамен жүр еді. Оны шақырып алғанымыздың қисыны қалай болар екен, – деп Кузьменко жалтарып еді.

– Қылмыскерден пара алу – ең ауыр жаза. Алдымен өзі ақталып алсын. Бұл іс айқындалғанша оны атқарып жүрген қызметінен шеттете тұрған жөн, – деп Кравченко Дайыровқа қарады.

– Сізге лейтенант Байкин көптен бері өз ықыласымен қызмет жасап жүрген көрінеді. Оны оперативтік жұмыстан ылғи аулақтата берудің қисыны келмейтін сияқты. Ол сіздер шұғылданып жүрген мәселеге қанық. Лейтенант Майлыбаевтың міндетін әзірге солатқара тұрсын. – Дайыров Кузьменкоға аса қынжылғандық білдірді: «Сендерге сеніп едім. Бұларың не?» дегендей қабағы түйіліп үнсіз отырды да: – Арыз берушілер жалғыз Майлыбаевқа ғана емес, сізге де үлкен айып тағып отыр. Майлыбаев екеуіңіздің кінәңыз бірдей. Сізді де қызметтен шеттете тұру керек еді. Бірақ

істің күрделілігін ескеріп, уақытша қалдырып отырмыз. Барлық іске жауап беретініңізді ұмытпаңыз.

Қатты қиналған Кузьменко кабинеттен қалай шыққанын да білмеді. Оқыс жала кісіні жүдетіп тонағандай. Майор кабинетіне келгенде аға лейтенант Майлыбаев күтіп отыр екен. Майордың түсі қашып, еңсесі түсіп кеткенін көріп:

– Не болып қалды, Петр Петрович? Петрушкинді қамауға келісті ме? – деді.

– Петрушкин әлі жүре тұрар! – деп Кузьменко басын ұстап орындыққа отыра кетті.

Талғат таң қалды:

– Жүргені қалай?

– Кінәлы Петрушкин емес, мына біз боп шықтық. Есіңде ме, мен саған: «Қанжарлыға қайрат жасарсың-ау, ғайбаттан қайтып құтыларсың!» деп айтқан едім ғой. Сен жеңіл-желпі қарап мән бермеген едің. Енді бәледен аршылып көр! – Кузьменко басқарма бастығында болған әңгімені түгел айтып шықты.

Майлыбаев сұп-сұр боп, үнсіз отырып қалды. Бір беткейлігін мін етіп, жұмыстағы кемшілігін сынар, сөгер, басқа менде қандай жұмысы бар деп ойлайтын. Бірақ мынадай жан түршігерлік жала жабылады деп үш ұйықтаса ойына кірмеген. Ыза іші-бауырын өртеп, күйдіріп барады. Бірақ осы сұмдыққа қарсы айла жоқ сияқты. Мойнына мықтап қойған қайдағы бір куәлар табылған. Осындай қатты күйзеліс үстінде отырса да:

– Петрушкинді бір минут те көзден таса қалдырмаңыздар. Қазір ол да қарап жатқан жоқ, – деді.

– Бұл іспен лейтенант Байкин шұғылданады.

– Бұл жұмыс Қожашқа қол емес. Капитан Карповқа неге жүктемедіңіздер?

– Петрушкин Карповты жақсы біледі. Олар бұрын өзен жағасында кездескен. Ал ет комбинаты лейтенант Байкиннің участогы. Оның келіп-кетіп жүргеніне ешкім мән бермейді.

Осы мезгілде телефон шылдырлады. Кузьменко трубканы көтерді.

– Сізді тыңдап тұрмын!



– Телефон соққан Колпашников екен. Лейтенант Майлыбаевты іздеп жатса керек. – Сені парторг сұрап жатыр. Бәрін айтып түсіндірерсің. Қызбаланба, мақұл ма? Қазір Покровкаға барып қайтам. Өткен түні бір топ бандиттер сақтық кассасына түскен. Күзетшіні өлтіріп, сейфті өздерімен бірге алып кетіпті. Сол жаққа барып қайтқаннан кейін менің де түсініктеме жазуым керек. Ине шаншарға уақыт таппай жатқанда, бұл да қырсық боп жабысты.

Майлыбаев шығып бара жатқанда, кабинетке лейтенант Байкин кірді. Көңілді. Кідірмей, төрге тұра ұмтылып, Кузьменкоға қолын берді.

– Петр Петрович, амансыз ба? Халыңыз қалай?

– Құрдас кісідей амандасып, аяғын айқастырып, креслоға шірене отырды.

Кузьменко тұнжырап, төмен қарап:

– Сізге аса жауапты міндет жүктеліп отырғанын білесіз бе? Бұл іске жауапты қарау керек! – деді. Байкин полковниктің ұсынысын білмейтін еді.

– Қандай тапсырма?

– Лейтенант Майлыбаевқа айып тағылып, жұмыстан шеттетіліп отыр. Басқарма бастығы бұл істі сізге жүктеуді ұйғарды. Бұдан былай Петрушкиннен және Масловадан көз жазып қалмаңыз.

Әңгіменің не жайында екенін біліп алғаннан кейін Байкин жадырай түсті.

– Полковниктің өзі: осы істі созып алдық, Қожаш. Осыны қолыңа алсаң қайтеді деп сұрап жүр еді. Бүгін шақырып алып тағы айтты. Қайта-қайта тілек қып қоймаған соң қарсылық жасамайын дедім.

Майор Кузьменко полковник Дайыровтың лейтенант Байкинмен сөйлеспегенін, шақырмағанын біла тұра үндеген жоқ.

– Сіз бұл жұмысты шындап қолға алып, жеделдетеді деп сенем. Алдымен бұл жайындағы материалдармен мұқият танысып шығыңыз. Талғатпен сөйлесіңіз. Жалпы жағдайды біліп алыңыз.

– Мен не істейтінімді өзім білем ғой. Ол жағынан қам жеменіз.

Байкин басқармадан шығысымен ет комбинатының поселкесіне қарай тартты. Коридорда қарсы жолыққан Талғатқа қарамады. Онымен сөйлесуді өзіне лайық көрмеді.

### **ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ**

Күн бесіннен ауса да, жалын атқан леп өкпені қабып, тыныс тарылтады. Кузьменко ет комбинатынан жаңа бір әзірде қайтқан-тын. Петрушкин өзінің жұмыста тұратын кезегін қатарынан екі рет өткізіп жіберіп, жұмысқа бармады. Комбинаттың шаруашылық бөліміне телефон соққанда «ауырып жатыр деген қысқа жауап алды. Тексере келгенде бюллетень алғанын білді. Дәрігер қарап жатқан кезде қояншығы ұстаса керек. Жүріп-тұруға біржола тыйым салыпты. Содан бері Петрушкин далаға да шықпады. Кузьменко телефон соққанда Байкин біраз үнсіз тұрып:

– Дәл қазір ме? Жарайды! – деп, жауап қатуға ерінген кісідей трубканы іле салды. Ол асықпады, өзін біраз күттірді. Жұмыс басты боп тұрған кісі тәрізді қиналып, болдырып келді. Жайлап креслоға жайғасты. Кузьменконың сөзін күтті.

Кузьменко Қожаштың осы жасанды қылығынан жалыққандай ренжіген түрмен төмен қарап отырып сөйледі.

– Бақылауға алған кісіміз бір жеті бойы көрінбеді. Үйіне кірудің қисынын таппадым. Тегі сіздің барып қайтқаныңыз лайық па деймін, – деді.

Байкин поселкеге жұмыс соңында соқты. Петрушкин үйінде жалғыз екен. Төсек үстінде жатыр. Киімшең, шешінбеген. Үсті-басы шаң-тозаң. Сабалақ сақалының арасына балшық қатып қалған. Жіті көз жер астында жұмыс жасағанын бірден аңғарар еді. Бірақ Байкин елемеді. Қатты науқастанып жатқан адам орнынан тұрушы ма еді деп ойлады.

Петрушкин сақтық жасады:

– Көп күн бойы төсек тартып жаттым. Әлгінде еңсемді көтеріп, дәрет сындыруға шығып едім, соқпасы құрғыр

тағы ұстады. Топыраққа біраз аунатып алды.

Байкин орындық алып Петрушкинге жақын отырды.

– Андрей Алексеевич, мұныңыз қалай? Мен сізді бой бермес шымыр ма десем, осал ма едіңіз?

– Көптен бері ұстамап еді. Айыққан шығармын деп жүргем. Сірә, қайғы, кемпірдің жоғы жанға батып, дендетіп жіберді ме, соңғы жолы қатты соқты. Буын-буынымды алып тастады. Күш-қуаттан айрылған сияқтымын.

Байкин Петрушкиннің қитар Глафирада көңілі барын сезетін. Өзінше әзіл айтты:

– Жасқа дәмесі барды шал деуге қалай ауыз барады?

Петрушкин участковойдың ойын ұқты. Басын шайқап, мырс етті:

– Дені сауда кісінің нәпсісі тыйыла ма? Оныңды бекер демеймін. Жай сыбыс, өтірік десем бәрібір сенбейсіз. Еркектің жас әйелмен жүргені мақтаныш емес пе? Жақсы ырымнан несіне қашайын? Кімге телісең де мейлі. – Петрушкин бір сәт үнсіз жатып:

– Үйде келін бар ма еді? – деді.

– Оны несіне сұрадыңыз?

– Жай, әншейін.

– Петрушкин күрсінді.

– Дүниеде, жігітім, жалғыздық қиын ғой.

– Кісі күндейтіндей халіміз жоқ, Андрей Алексеевич. Қызмет өрлеген сайын санасыз неме өршелене түседі, төбеңе ойнақтайды. Бәрінен қиыны сол...

Петрушкин участковойды бөгеп, әңгіме шығарып, сыр тартты:

– Өзіңізбен тілдесуге ынтық боп жүр едім. Құса қысып, шерлі боп жатқанда, жақсы келдіңіз. Сіз келгенде бұлай көсіліп жатқаным келіспес.

– Петрушкин жалма-жан орнынан тұрып, столға дастарқан жайды.

– Әуре болмаңыз, мен қазір кетем!

– Байкин ықыласына ризалық білдірді. Бірақ өзі орнынан қозғалмады. Жуық арада кете қоймайтын ыңғайын байқаған Петрушкин:

– Жақсы сөз – жарым ырыс деген, лейтенант жолдас. Мен доктордың дәрісінен әбден шайлықтым. Сол құрғыр кісінің қуатын тайдырады білем. Таблеткасын ішсем, жүрегімді көтеріп, басымды айналдырады. Отырыңыз, сол дәрінің уытын қайтарайық.

– Наукас адамсыз, көтере алмай қаларсыз.

– Ажал келсе жан қала ма? Бәріміздің баратынымыз бауыры суық қара жер. Бізге жұмақ жоқ шығар. Аз тіршілікті қапаланбай, сауықпен өткізейік. Кел, дастарқанға жақын отырыңыз.

– Петрушкин тоңазытқыштан коньяк, ет, жас қияр әкеп қойды. Ет қолдан піскен емес, магазиндікі. Қияр да солмаған, тығыршықтай, көкпеңбек. Бақшадан қазір ғана жұлып әкелген секілді. Байкин: «Тамағы жаңа піскен, бұзылмаған. Магазиннен бұған кім тасып жүр?» деген күдік алды да, қырлы стаканның белдеуінен асырып коньяк жұтқаннан кейін ол ойынан айрылып қалды. Бұлар әңгіме қызығына түскен боп, уақыттың өткенін байқамағансып біраз отырды. Петрушкин қонағын әңгімеге алдандырып, қыздырып алып, сыр тартқысы келсе, Байкин әңгіме қызығымен уақыттың өткенін білмеген боп, тегін коньякқа бір тойып алғысы келді. Шөлмекті әрі-бері төңкеріп:

– Магазинде жоқ коньякты қайдан аласыздар? Үйде заводыңыз бар ма? – деді де, жарты стакан коньякты қағып жіберді.

– Жұрттың бәріне берілетін коньяк қайда? Өзіңіздей сыйлы қонақтар келгенде ағынан жарылып қалатынымыз бар.

Байкиннің маңдайынан шып-шып тер шықты. Қабағы ашылып, күлім қақты. Жайдарлы қалыппен Петрушкиннің иығына қолын салды:

– Андрей Алексеевич, сен маған ренжіп жүрген жоқсың ба? Бөлімшеге келгеніңде сені өкпелетіп алдым-ау деймін.

– Жас адам қатын қадірін біле ме? Менің жасыма жеткен соң ұғарсыз. Кемпірден айрылып, қатты ашынып жүрген кезім еді. Кісі күйінгенде не демейді. Ашумен байқамай бастығыңа барып шағындым. Өзімнің сол қатемді біліп, алдыңнан ақталып өтсем деуші едім. Жассың, болашағың

бар. Жүрегің кең болса, өзіңіз кешіріңіз.

– Петрушкин кәдімгідей көзіне жас алды.

– Ой, Андрей Алексеевич, сен қайдағыны айтып кеттің? Ол әңгімені ұмытқаным қашан? Бауырым, милиция одан да жаман сөзді естіп жатады. Оның бәріне үйренгенбіз.

Петрушкин түсінбегендей бажырая қарады:

– Кісіге жақсылықтан басқа ниетім жоқ еді. Қайдан білейін?

– Эх, сен бишара дым да түсінбейсің ғой!

– Қожаш иығын көтеріп, кең тыныс алды. Саусақтарымен бос шөлмекті шертіп отырды да, стакандағы коньякты лак еткізіп аузына құя салды. Көк пиязды иіскеп тістеп, қатты кекірді. – Кейде қайдағы жоқты ойдан құрап, кісіге бәле тілейтініміз бар, осыдан сақ болуымыз керек. Ұқтың ба? Білем... сен түсінбейсің.

– Бізде кісі ойын ұғарлық не сана бар дейсіз? Тек осы жұрт азғана тірлігімізді қызғанбаса екен дейміз.

– Өзіңнің саңлауың бар, бірдеңе сезесің ғой деймін. Оқасы жоқ, мына Қожаш тұрғанда қорықпа! Құдайға құдыретімен жетпегенімен, адамнан келген ажалдан жұлып алам.

Арашашыңды мына мен деп біл!

– Байкин ыңыранып орнынан тұрды. Бөлмелерді қыдырып, әрі-бері жүрді. Ысқырып ән салды.

– Мына бөлмелердің бәрі өзіңдікі ме? Бір... екі... үш... ауызғы үйді қоссақ төрт. Матренаның ескі үйі тағы бар. Мұның бәрін қайтесің?

– Жұрт салып жатқан соң, солардан қалмайық деген талас бәсеке де! Әйтпесе, қайбір сән тасып салды дейсіз?

– Бұл бөлмелер ылғи осылай бос тұра ма?

Петрушкин Байкиннің ойын ұқты:

– Бұл үйді өз меншігіңіздей көріңіз. Қай мезгілде келсеңіз де, есік ашық. Мен кілетке жата салам.

– Байқұсым-ай, жүрегің адал-ау. Кісі ойын айтпай ұғасың. Әзірге қоя тұр. Керек кезінде өзім айтам.

– Ықтиярыңыз білсін.

Қожаш ертеңіне басқармаға келгенде оны асыға күтіп отырған Кузьменко:

– Не жаңалығың бар? – деп Қожашты сауалмен қарсы алды.

– Кеше мен ол үйде болдым. Петрушкиннің ауруы қатты. Дәрі қонбаса, түбі кісі қатарына қосылуы екі талай.

– Петрушкин шын ауырып жатыр ма? Соған көзің жете ме?

Қожаш шамданды.

– Байқауымша, майор жолдас, сіз Петрушкинге ғана емес, маған да сенбейді екенсіз. Мен көргенімді айттым.

– Сізге сенбесек, ондай тапсырма бермеген болар едік. Сонымен Петрушкин науқас, төсек тартып жатыр дейсіз. Мақұл, көргеніңізді рапортқа жазарсыз.

– Мен жазып қойғанмын.

– Қожаш қолтығына қысып алған папкасын ашып, бір парақ қағаз ұсынды.

Кузьменко шапшаң көз жүгіртті де:

– Жақсы! – деп тартпаға салды.

– Бүгін маған беретін тапсырмаңыз бар ма? Оперативтік тапсырма әрдайым бастықтың бұйрық-жарлығымен орындала бермейді. Әрбір қызметкер өзі тапқырлық көрсетуі керек. Кузьменко дәл қазір оған не дей қойсын? Қожаш жауап күтіп тұрған соң:

– Жұмыс уақыты қазір басталды. Жағдаймен танысайық. Қажет болса шақырармын, – деді,

Кузьменко оперативтік деректермен таныса бастады. Бұл күндері шаштараз Сигалов та жұмысқа шықпаған. Мейрам кезінде жұмыс істегені үшін қосалқы демалыс алса керек.

Капитан Карпов рұқсат сұрап кабинетке кірді.

– Отырыңыз, Григорий Матвеевич.

– Карпов креслоға жайласып, папкасын стол үстіне қойды. Кузьменко сөзін жалғастырды.

– Кеше лейтенант Байкин Петрушкиннің үйінде болды. Ол қатты науқас көрінеді. Сөйлескен кезде орнынан тұра алмапты.

Карпов таңданды:

– Шынымен ауру ма екен?

– Мынаны оқыңыз! – Кузьменко лейтенант Байкиннің

жазған рапортын ұсынды. Карпов асықпай екі қайтара оқып шықты да, рапортты Кузьменкоға беріп жатып:

– Петрушкин аса сақ, әккі адам. Оның әр сөзін, кимылын бағып отырып, тұтпасақ, оны жалаңаш қолмен ала алмайсың. Қайткенмен де одан тіл тартқан дұрыс болар еді. Глафира барып тұра ма екен, біліп пе оны? – деді.

– Қатты жатқан науқас адаммен бұл жайында сөйлесуді лайықсыз көрсе керек. – Кузьменко орындыққа жотасын тіреп, шалқая отырды.

– Мен сізбен осы жайында ақылдасайын деп едім. Басқармаға түскен арыз қолымызды бөгеп қойды. Петрушкинмен тура барып сөйлесіп, жауап ала алмайсың. Жәбір жанды қорлағандай боп көрінесің.

– Басқа бір сылтау тауып өзіңіз барып қайтсаңыз қайтеді?

– Жақында болғанмын. Енді қисыны жоқ секілді. Байкиннен кейін қабаттасып менің барғанымды қалай көреді?

– Жағдай қиын екен.

– Осындайда Талғаттың жоқтығы сезіліп-ақ тұрады.

– Кузьменко күрсінді.

– Дүкенші Тюнинді сырт қалдырғанымызға Талғат тәнті емес. Бір сәт көзден таса етпеген жөн дейді. Оның ойынша дүкенші Петрушкиннің байланысшысы есепті.

– Меніңше, мұның қисыны бар. Дүкеншіні араға делдал еткен адамдар оны еркіне бос қоя бермейді.

– Бұл істі кімге тапсырсақ екен? Өзіңіз қолыңызға алсаңыз қайтеді?

– Петрушкин де, Тюнин де мені жақсы таниды. Оларды үркітіп алуымыз ықтимал.

– Тюнинге алдын ала ескертіп қоямыз.

– Мен оған сенбеймін, ол екі жүзді адам. Егер бұл іске Талғатты тартсақ қайтеді?

Кузьменко шошып кетті:

– О не дегеніңіз, үстімізден арыз түсіп, жаманатқа ілігіп жатқанда, бұл ұсынысты ешкім де қостамайды. Қайта жала үстіне бәле тілеп алармыз.

– Талғат – коммунист, офицер. Осындай қиын сәтте көмектесуге правосы неге жоқ. Шындыққа жүгінсек, осы шытырман істің түйінін шешкен Талғат емес пе?

– Оны маған несіне айтасың? Бәрін білем ғой. Бірақ басқа жұрт бұған келісе қоя ма?

– Мұқан Дайыровичпен сөйлесіп көріңіз. Шындықты айтыңыз, меніңше полковник қарсы болмайды ғой деймін.

Осы кезде ішкі телефон шылдырлады. Кузьменко трубканы көтергенде, даусынан таныды. Полковник Дайыров екен. «Келіп кетіңіз!» деген бір-ақ ауыз сөз айтылды.

Кузьменко қабылдау бөлмесінде сәл бөгелді. Полковник өзіне тағы біреулерді шақырған секілді. Аздан соң подполковник Колпашников қабылдау бөлмесіне келді. Ол Кузьменкоға қол беріп амандасты да, секретарь қызға бұрылып:

– Сәуле, полковник жалғыз өзі отыр ма? – деді.

– Қасында кісі бар.

Кузьменко мен Колпашников кабинетке кіргенде полковник жас жігітпен әңгімелесіп отыр екен. Оның сөзін құптай, бас изей береді. Кузьменко мен Колпашниковты көріп, еңсесін көтерді.

– Төрлетіңіздер, – деді де, қасындағы жігітке қарап:

– Бәлкім, таныс шығарсыздар, – деп бұл екеуінің лауазымын атап таныстырып өтті. Колпашников жас жігітті таниды екен. Жылы лебіз білдіріп, күлісіп қол алысты.

Кузьменконың өз басы бұл жігітті сырттай шырамытқанымен, жөнді танымайтын. Соны сезді ме, Дайыров:

– Жөн білісудің артықтығы болмайды, танысып қой. Майор Нәсір Бөгембаев, мемлекет хауіпсіздігі комитетінің қызметкері, – деді де, Кузьменкоға қарап:

– Петр Петрович, мына жігіт Петрушкин жайындағы мәліметті түгелбілгісі келеді. Мемлекет хауіпсіздігі комитеті ұзақ жылдар бойы соғыс кезінде ауыр қылмыс жасаған опасыз сатқынды іздеп жүрсе керек. Ол фашистердің 10-а СС зондеркомандасында қызмет атқарған. Бұл қандықол баскесерлер 1942 жылы Қырымның бейбіт халқын қырып, Мариупольде, соның артынша Ростов облысында болып, кейінірек Дондағы Ростов қаласында сан мыңдаған елді



мекендерді өртеп-жайпағаны сізге мәлім болар. Сол командада Штерн деген біреу қызмет атқарған. Туған жері – Поволжье. СС зондеркомандасы Дондағы Ростов қаласының халқын жаппай жазалаған кезде Штерн солардың арасынан шыға келген. Ол жүздеген адамдарды өз қолымен өлтірген. Қауіпсіздік органдарындағы мәлімет бойынша Штерн партизандарға қарсы ұрыста қатты жараланып, госпитальға түскен. Куэлардың көрсетуінше операция үстінде өлген.

Бірақ қолда бар материалдарды саралаған кезде, соның біреуі Штернге ұқсастау болған. Анықтай келгенде ол Петрушкин болып шығады. – Дайыров бір сәт үнсіз отырды да: – Біздің осы жұмыстан Талғатты шеттеткеніміз асығыстық болды ма, қалай? – деп Кузьменкоға қарады.

Кузьменко осы сәтті пайдаланып қалғысы келді.

– Біз Талғатқа маңызды жұмыс тапсырайық деп едік, полковник жолдас. Егер сіз қарсы болмасаңыз...

– Қандай жұмыс?

Кузьменко Карповтың ұсынысын айтып шыққанда Дайыров бір сәт ойланып отырды да, Колпашниковқа қарады:

– Меніңше, бұл бөлімшенің ішкі жұмысы. Біз оған араласпайық. Ал Байкиннің арнайы жазған рапорты мені қанағаттандырмады. Байкин мәселенің өзегіне түсінбеген секілді. – Ол Кузьменкоға қарап: – Мемлекет қауіпсіздігі комитетіндегі жолдастар Петрушкиннің өткендегі қылмысты ісін жете зерттеген. Майор Бөгембаев осы мәселемен әдейі келіп отыр. Мен Петрушкинмен шұғылдануымыздың мәнісін түсіндірдім. Әйткенмен сіз қолдағы бар материалдармен таныстырып шығыңыз.

– Құп болады, жолдас полковник!

Бұл күні Нәсір Кузьменконың кабинетінде ұзақ отырып, Петрушкиннің жеке ісімен танысып шықты.

– Әрбір фактіні бал жинаған ара секілді терген екенсіздер. Мына жігіт табиғатында қылмысты ашуға жаралған ғой. Қараңызшы, дүкеншінің Петрушкинге сигаретаны берген кезеңін айнытпай қалай дәл жазған. Әрбір қимылын қалт

жібермеген. Бұл кезде мен де дүкен маңында жүрген едім. Бірақ, бөгде адамды байқамаған сияқты едім. Ал ол мені байқап қалыпты.

– Нәсір Талғаттың жазған анықтамасына тәнті болып отырды.

– Неге оны бұл жұмыстан шеттеттіргенсіздер?

– Қылмыстылармен байланысы бар, пара алды деген арыз түсті.

– Шын солай ма?

– Қылмысқа қарсы күресіп жүрген адам қылмыс жасай ма? – деп Кузьменко қарсы сұрақ қойды.

– Менің өз басым арызды қаламаймын, домалақ арызға сенбеймін.

– Домалақ арызға ешкім мән бермейді ғой. Ал мынау арыз милиция қызметкерінің өзінен түскен.

– Арыз жазған кім?

– Бастықтар бізге баяндамайды.

– Өкінішті екен.

– Нәсір бір сәт үнсіз отырып: – Петрушкинге берген сигаретаның ішінде не барын біз де анықтай алмадық. Әйткенмен құтыдағы тез әсер ететін у емес пе екен деген ой келеді. Оның ішінде микропенка да болуы мүмкін. Петрушкинді осында шақырып, жауап алсақ кайтеді? Вице-президенттің машинасын рұқсатсыз ұрлап мінгені одан жауап алуға жетіп жатыр.

– Қазір оны шақыра алмаймыз.

– Неге?

– Петрушкин науқас, тұра алмай үйінде жатыр.

– Сіз оған сенесіз бе?

– Мен дәрігерге сенем, оның бюллетені бар.

– Мен дәрігермен таласпаймын, Петр Петрович. Соңғы кесікті сөз солардікі. Әйткенмен, анықтағанның терістігі жоқ.

### **ОН СЕГІЗІНІШ ТАРАУ**

Осыдан бір жеті өткен соң, Петрушкин бюллетенін жаптырып, жұмысқа шықты. Сырқаттың ізі қалмаған. Демалыс үйінен қайтқандай өзі тың. Қаба сақалын иек

ұшына ғана қалдырып, дөңгелектеп күзеп, сәндеп қойған. Мұрты да келісті, сақалымен ұштасқан қиықша мұрт. Түрі ажарланып, жасарып кеткен. Милиция басқармасына шақыртқанда ол осы қалпын өзгерткен жоқ.

Майор Бөгембаев жауапты өзі алмақ болып, Кузьменконың кабинетінде отырған-ды. Петрушкин кабинеттегі бөгде кісіні көріп, кілт тоқтап, артымен шегіншектей берді.

– Азамат Петрушкин сіз боласыз ба?

– Нәсір еңсесін алға беріп түйіле қарады. Петрушкин кипақтай бастады.

– Иә, мен едім... Начальник шақырған соң келіп едім. Жүрегім лүпілдеп, қуанышты сезіп еді, мұнысы не екен, ә?

– Майор қуанышты хабарға шақырып па еді?

– Жоға, менікі жай далбаса үміт қой.

– Құпия жасамасаңыз, білуге бола ма?

– Мен кемпірімді жоғалтып жүрген бақытсыз жанмын....

Нәсір езу тартты:

– Қандай кемпірді айтасыз? Өзіңіздің әйеліңіз бе? Мен естімеген едім. Мынауыңыз қызық екен. Кемпіріңізді қалай жоғалтып жүрсіз?

– Мұның тарихы ұзақ, – деп, Петрушкин қатты күрсінді.

– Бұл жайында жазған арызым бар. Онда бәрі айтылған.

– Қағаздан гөрі кісінің өз аузынан естіген тәуір ғой. Қиынсынбасаңыз, айтыңызшы.

– Біреудің жарасын ашып, күйінішін қоздыруға құмар болсаңыз, айтып берейін, – деп, Петрушкин мұнды түрге еніп, күйік батып жүрген кіседей сөйледі. Милицияға бұрын белгілі жайды қайталап шықты. Нәсір сөзін бөлмеді. Ықыласпен тыңдаған кейіп көрсетті. Петрушкин сөзін аяқтап болғанда:

– Матрена Онуфриевнаны осы уақытқа дейін таппағаны қиын екен. Кузьменко жолдас сізге не айтып еді?

– Не десін, іздеп жүрген көрінеді. Бүгін әдейі шақыртқанына қарап, дәмеленіп қалып едім. Сізге дәнеңе айтпаған екен ғой.

Кабинетке майор Кузьменко кірді. Майор Бөгембаев

Петрушкинге әңгіме айтқызып қойып, өзі 10-а СС зондеркомандасында қызмет еткен Курт Штерннің суретін Петрушкиннің қазіргі суретімен әр қырынан асықпай салыстырып отырған.

Петрушкин Кузьменконың сұсты түрін көріп, сескене бастады:

– Начальник жолдас, сіз шақырды деген соң келіп едім...

– Жұмысқа қашан шықтыңыз?

– Екі-үш күн боп қалды.

– Жұмысқа шығысымен хабарласты деп едік. Неге келмедіңіз?

– Сырқат тарағанымен, дәрігердің емі қала ма? Күніге шақырып маза бермейді. Қанша айтқанмен жан тәтті ғой.

– Жан тәтті болса, біреудің машинасын рұқсатсыз неге мінесіз? Апатқа ұшырасаңыз қайтесіз?

– Қандай машина, жолдас начальник?

– Ұмытып қалдыңыз ба?

Петрушкин басын шайқады:

– Сірә, милициядан кісі ештемені бүгіп, жасыра алмас,

– Майор Кузьменко Матрена Онуфриевнаға қатысты мәселеге келгенде, көбіне Петрушкинді шақыртпай, өзі іздеп баратын. Бұлай ресми шақыртқан емес. Шақыру қағазын көргенде Петрушкин қатты қорыққан. Өзіне тағылған жеңіл кінәні естігенде, жадырап қоя берді.

– Жолдас начальник, мен бұрынғы шофермін ғой. Шофердің сырын білесіз. Судай жаңа машинаны көргенде дәтім шыдамады. Әй, мейлі, Сібір айдап жіберсе де, бір айдап көрейінші деп отырғаным рас. Айыпты санасаңыз, қандай жаза қолдансаңыз да ризамын. Өзіңіз білесіз, мен шер құсып жүрген адаммын ғой. Көңіл жадырай ма деп ойладым.

– Сіздің кәсібіңіз етікші емес пе? – деді Нәсір сөзге килігіп.

– Қазір ғана сіз солай деген сияқты едіңіз.

– Соғыс бейбіт мамандықтың бәрін өзгерткен жоқ да? Бізде батальон комиссары болды. Әй, өзі де ағып тұрған шешен еді-ау. Сөйлегенде аузы-аузына жұқпайтын. Бұрын үлкен қызметкер деп жүрсем, жай мұғалім екен.

– Қазір қай мектепте істейді?

– Былтыр дүние салды. Өз қолымнан зиратына топырақ салдым. – Петрушкин көзінің астымен Нәсірге бір қарап:

– Шоферлікті мен соғыста үйрендім. Қолға түскен машинаны жүргізе беретінбіз. Ешкім право сұрамайтын.

– Қазір право алдыңыз ба?

– Машинаны қос қолдыдан кем жүргізбеймін. Бірақ правоны маған кім берсін? Бізде осы күні кісінің өзінен гөрі қағазға көбірек ден қояды.

Кузьменко Нәсірдің қасына орындық қойып, тақалып отырды. Нәсір столдың суырмасын ашты. Кісінің көзі, мандайы, бір жақ беті, иегі бөлек-бөлек түсірілген көп суреттерді қатар-қатар қойыпты. Бұл суреттер әр адамдікі болғанымен, бір-біріне қатты ұқсайды. Кузьменко Петрушкинді алдандыру мақсатымен:

– Андрей Алексеевич, тыңдап отырмын, айта беріңіз, – деді.

Нәсір Петрушкиннің қадалып отырғанын байқап:

– Біз Андрей Алексеевичпен бірталай әңгімелестік, – деді тартпаны жауып.

– Матрена Онуфриевнаның хабарсыз кетуі кімді болса да қайғыртады. Қайткенмен де шұғыл шара қолдану керек.

Кузьменко Нәсірге қарап:

– Біз осы уақытқа дейін Андрей Алексеевичке көмектесіп келдік. Ал ол милициядан жалтарғысы келеді. Машинамен қайда барғанын айтпай отыр.

– Қайда барды дейсіз. Алақанның қышуы қансын деп, Медеу жақты бір айналып қайттым. Машина жүргізуді ұмытпаған екенмін. Жолда милиционерлер тосқауыл жасамады.

– Жалғыз ба едіңіз?

– Қалай дейін, начальник жолдас, қасымда кісі бары рас еді.

– Ол кім?

– Шынымды айтайын, қасымда қитар Глафира отырған. Сүліктей қайқиған кара «ЗИМң-ді көріп: «Мынадай машинаға отырған кісінің арманы бар ма екен?» деп қиялдағаны. «Ей, келші, осы үшін сотты болсам мейлі!»

деп қасыма отырғызып алдым да, Медеуді бір қыдыртып қайттым. Машинаның дәнеңесіне тигенім жоқ. Сол қалпында орнына әкеп қойдық. – Осы сәтте Петрушкин өзінің тұтылғанын аңдамады.

Кузьменко елеусіз сұрады:

– Әрине, қыздың өтінішін орындамау еркекке қолайсыз. Бірақ рұқсатсыз машинаны міну қылмыс екенін ұмытпаған да жөн.

– Қайтесіз, жолдас начальник. Сондай оқиға болды. Кіналымын. Қандай жаза қолдансаңыз да еркіңіз

Кузьменко Нәсірге ақыл салды:

– Не істейміз, Нәсір? Штрафпен шектелеміз бе қалай?

– Машинаны бүлдірмесе, солай етуге болар. Протоколда штрафтың не үшін салынғаны айтылса болды ғой. Бірақ Андрей Алексеевич Медеуге кіммен барғанын, бұдан былай мұндай жүгенсіздікті істемейтіндігін айтып түсініктеме жазсын. Әйтпесе финанс орындары өзімізге тиісіп жүрер.

– Қазір жазу керек пе?

– Иә.

– Қажет болса жазайын.

– Петрушкин ұсынған қағаз-қаламды алды.

Кузьменко түсініктеме хатты оқыды да:

– Төлеуді ұмытпаңыз! – деп штраф қағазын ұсынды.

– Айтқаныңыз орындалады.

Кузьменко Петрушкин кеткенде суретке анықтап қарап алу үшін тартпаны ашты. Нәсір қолын қағып, бөгей берді:

– Петр Петрович, сабыр етіңіз, қазір Петрушкин қайта кіреді.

– Сөйткенше есіктен Петрушкиннің қылтиған басы көрінді.

– Начальник жолдас, мына қағазбен кез-келген жинақ кассасына төлеуге бола ма?

– Иә, болады! – деп Кузьменко бас изей берді. Петрушкин есікті жапқанда: – Оның оралатынын қалай білдіңіз, Нәсір? – деді.

– Петрушкин өзінің жай-күйін айтқанда сіз оған ден қоймай, тартпадағы суреттерге үңілдіңіз. Ол сезіктеніп тықыршыды. Сол күдігін анықтау үшін ол тағы қайта

кірді. Біздің жайбарақат сөйлесіп отырғанымызды көріп, көңілі жай тапқан секілді. Милиция «басқа қылмысын таппаған соң» Петрушкин бұдан былай өзін еркін ұстап, именбей әрекет жасауы мүмкін. Осы сәтте оның жасырын пиғылын білеміз. Біз Петрушкиннің Сигаловтан басқа тағы кімдермен байланыс жасайтынын білуіміз керек. Әзірге оны «еркінең қоя бергеніміз жөн.

– Петрушкиннің кейбір белгілері сіздің Штернніңізге ұқсайды. Қабағы, көз қарасы айнымаған. Бірақ мынаның шықшыты шығыңқы, жақ сүйегі ірілеу. Бетін бүркеген мына қағазды төменірек түсірсеңіз, бет әлпеті мүлдем өзгеріп кетеді.

– Штерннің бұл суретін оның 1942 жылғы жеке делосынан таптық. Суретке ол 1941 жылдың аяғында түскен. Соғыстың біткеніне, міне он бес жыл өтіпті. Сонда бұл фото жиырма жылдан аса уақыт сақталған. Әрине, барлық белгінің сай келуі қиын. Әуелі бұл аралықта кісінің мінез-құлқы өзгеріп кетеді. Біз асықпаймыз. Әлі тексереміз.

– Нәсір бөлек-бөлек қиынды суреттерді конвертке салып, аузын кілейледі де:

– Соғыскезінде армияда ерекше бөлімде істедім, тұтқынға алынған фрицтермен сөйлесуге тура келді. Олардың көбі дөрекі, менмен келеді. Артын аңдамайды. Петрушкинге сондай мінез жұққан секілді. Вице-президенттің машинасын мінген күні қасында Данишевская болмаса да, оны куәға тартуы осыны аңғартады, Данишевскаядан жауап алады деп ойламайды.

Петрушкин басқармадан шыққаннан кейін ешқайда бұрылмай, тура поселкеге тартты.

Шапшаң барып, оңашада Глафираны нығыздап қоймақ. Глафира үйінде еді. Петрушкин құшағын жайып, айқайлап кірді.

– Глаша, келші, қасыма отыршы!

– Шегіншектеп қашқан Глафираның қолынан тартты.

– Өзіңді көргенде қозып кететін сайтаным бар. Сірә, жақсы көретін шығармын, Әйтпесе қайбір қатынға жармасып жүр дейсің мені? Кейде өзімнен өзім отырып қайран қаламын. Осы дүниеде сен тек мен үшін жаратылған

секілдісің. Бүгін бойымды қуаныш кернеген бір шақ еді. Сен оның мәнісін сұрап білгің келмейді.

– Кірмей жатып, кісінің есін шығарып жібердің. Сұрауға мұрша бердің бе? – деп Глафира ақталды.

– Немене, кемпір байқұстан хабар бар ма? Тірі ме екен?

– Ой, сен қайдағыны айтып кеттің ғой.

– Петрушкин күйінген түрмен теріс бұрылды.

– Сені бағып-қағып күткеннен басқа, ол бейшараның қандай жазығы бар?

– Жазығы жоқ екенін өзім де білемін. Бірақ өзін тұрғанда, ол бәрі бір маған қатын боп жарытпас еді. Бұл дүниеде өзіннен басқа жар жоқ маған. Ғашықсыз өмір тұл екен ғой. Мен енді ғана ұққандаймын. Сен қасымда отырсаң, кемістігімнің орны толғандай боп тұрады. Кембағалдығымды ұмытам. Өзіңе ынтығып қарай бергім келеді. Өзімді ұстай алмай, әбігерленем, оны сөкет көрсең, кешір.

– Еркекке ұстамды болған жөн ғой.

– Ех, Глаша, бұрын машинаны рұқсатсыз мінгенім қырсық боп жабысып, сотты боп жүрем бе, сенің бақытыңды бекер байлаймын ба, деп жүруші едім. Соңымнан қалмаған сор көлеңкесінен құтылдым. Штраф төлеп, бәлесінен арылып келдім.

– Қуаныштымын, Андрюша!

– Глафира Петрушкиннің шашын уыстап өзіне тартып, маңдайын маңдайына түйістірді.

– Енді бізге тірі жан бөгет жасай алмайды. Біз мәңгі-бақи бірге тұрамыз!

– Петрушкин қатты құшып, сүйіп аймалады.

– Білгің келсе, сені қасымда бір сәт болмады деген сөздің өзін жақтырмаймын. Майор: «Сен машина ішінде жалғыз емес едің, қасында кім бар? – деп дікендеп қоймаған соң, «Қасымда отырған Глафира!» дедім. Тегі сенен сұрай қалса «рас дей сал. Әйтпесе тағы да кісінің мазасын алып жүрер.

Глафира Петрушкиннің кеудесінен итеріп, кейін шегінді.

– Сен машинаға басқа кісімен отырдым демеп пе едің? Мені көрсетуің қалай?

– Глаша, мұнша үрейленгенің не?



– Андрюша, кешір. Милициямен байланысым келмейді.

– Онда қиналмай-ақ қой, жаным. Басқа әйелмен отырдым десем басымды кесер дейсің бе? «Басқа деген сөзден аулақ боп жүрегіңе дақ салмайын деп едім. Мейлі, өзің біл. Сенің дегенің болсын.

Глафира Петрушкиннің мойнынан құшақтап, бұралып алдына құлады. Сақалын да сипалады. Керіліп, шалқая түсті. Осы сәт Петрушкин не жасаса да оның қылығын теріс көріп, қарсылық көрсетер ойы жоқ еді...

Петрушкиннің мақсаты бөлек еді. Сырты күлгенімен іші түтін. Дүкенші тараптан қатер ойлайды. Қисынын тауып Глафираны Тюнингке жіберіп алмақ.

Ол Глафираның тамағын сақалымен қытықтап:

– Мені шын жақсы көресің бе? – деді.

– Онда біз бүйтіп отырмас едік қой?

– Сені бір жерге жұмсасам қайтеді?

– Қазір ме?

– Тап қазір.

Глафира таң қалды: Петрушкин әлгінде гана өзін-өзі ұстай алмай құтырынып отыр еді, лезде суып, басыла қалған. Еркектің құбылмалы болатыны несі? Әйелдің көңілі нені қалап тұрғанын ұқпай ма? Петрушкин Глафираның ойын айнымай тапты. Темірдей жаңғыз қолымен әйелдің денесін езгілеп сипап:

– Сені бекер жіберер дейсің бе? Өзіңнің аяғың, балтырың қандай әдемі! Сыптай түп-түзу!

– Жалаңаш балтырын сипалап, қам жасай бастады. Глафира оның кіріспе мылжыңын тыңдаған жоқ. Көзін жұмды. Осы мезетте біреу есікті қатты тоқпақтап, әлсіз ілмекті шегесімен жұлып алды.

– Бұл кім?!

– Глафира мен Петрушкин есікке жалт қарап, бастарын көтеріп алды. Төртпақ жуан дара өңмендеп кіріп келеді. Қолы томардай, кесек, жуан. Дара күштің иесі екенін айнытпай танытады. Шықшыт үстін осып кеткен айғыз таңба бар. Сол жақ құлағы жоқ. Түбінде шеміршек қалған. Шұнақ құлақ, дәу қара.

Глафира үрейленіп ұшып тұрды:

– Шұнақ құлақ? Мына бәле қайдан жүр? – деп денесімен Петрушкинді қалқалай берді.

– Неге келдің мұнда? Кім шақырды сені?

– Шұнақ құлақ қанталаған көзімен сүзе қарап, қасына тақап келді.

– Былай тұр! – деп қағып жібергенде, Глафира екі бүктеліп бұрышқа ұшып түсті. Неге арашаламайды дегендей Петрушкинге жалтаң-жалтаң қарады. Ол жаңғыз қолын желкесіне жастанып, аяғын айкастырып, төсекте шалқасынан жатыр. Шұнақ құлақ түйіліп үстіне төніп келгенде именбеді. Шұнақ құлақ Петрушкиннің бас-аяғына көз жүгіртті де, жиіркеніп, Глафираға бұрылды.

– Ех, Глаша, саған құдай бүтін адамды да жазбаған екен! Кеше шұнақпен жүріп едің, бүгін шолақты тауыпсың. Жас, ажарлы болса бір сәрі, ал мына шалдан не қасиет таптың. Түбі сен, Глаша, бақытсыз боларсың!

Петрушкин папирасының сабағын шайнап, езуіне жүгіртті:

– Глаша, маған сіріңке әпере салшы. Бұл ұсқынсыздың сөзін тыңдап қайтесің. Түрмешімен сөйлесуге жиренем.

Шұнақ Петрушкинге тап берді:

– Сен ит, аузыңды жап! Әйтпесе, ербиген сақалыңды иегіңмен қосып, мылжа-мылжасын шығарамын.

– Күшін қарай көр өзінің!

Шұнақ томардай қолын көтере бергенде Глафира баж ете қалды:

– Хакім, тиме оған!

Шұнақ құлақ күжірейіп бұрылды.

– Қорықпа, кембағалды ұру кәсібім емес!

– Осы сәтте Хакім бүйірден тиген соққыдан қалай ұшып түскенін білмей қалды. Әлден уақытта көзін ашқанда сары сақал төбесінде төніп тұр. Шұнақтың есін жиғанын біліп, бүйіріне тағы бір тепті.

Хакім бүйірін ұстап орнынан тұрды:

– Бізде олай емес, былай ұрады!

– Петрушкинді түйіп қалғанда, ол тәлтіректеп барып, бүктүсіп отыра кетті. Есін жидырмай кеңірдегін қысып

жібергенде, мұрнынан қан бұрқ ете қалды.

– Хакім, қолыңды тарт! Сен тағы кісі өлтіресің! – Глафира бажылдап арашаға түсті.

– Сен салдақы, үніңді өшір! Мен кісі өлтіріп көрген емеспін! – Хакім Петрушкиннің кеңірдегінен қолын босатып, орындыққа отырды. Петрушкин есін жиды. Сүйретіле тұрып, кереуетке қисайды.

– Қолың қандай қатты. Сүмбе секілді. Абайламасаң, кісінің ішек-қарнын ақтарарсың.

Хакім ымыраға келіп, темекі тартты.

– Мен де бұлай ойлаған жоқ едім. Қаперсіз соғады екенсің. Кайдан үйренгенсің?

– Сен көп былжырамай, сіріңкенді берші.

– Петрушкин қолын созды. Хакім сіріңкені беріп жатып:

– Сырт түрің нәзік, ал ұрғанда талдырып жібересің. Осындайды кинодан көргенім бар. Шпиондарға түрлі тәсіл үйретеді екен.

Петрушкин шапшаң сөзін бөлді:

– Түрмеден бе?

– Иә.

– Қашып шықтың ба?

– Жоқ, амиссиямен.

Петрушкин шұнақты кеудесіне нұқып қалды:

– Өкімет кешірім береді, босатады, ал сен оның атын дұрыс білмейсің. Амнистия десеңші!

– Түрмеден шығып алған соң, қалай айтса да бәрібір емес пе?

Глафира көйлегінің омырауын жұмырлап ұстап, жылжып басып, Хакімнің қасына келді.

– Сені босатты ма? Кінәнді кешірді ме? Құдай-ау, рас па? – Хакімнің иығынан сипалады. – Жүдеп қапсыңғой!

– Түрмеде ешкім маңдайыңнан сылап-сипамайды!

Петрушкин шұнақты шынтағымен түртті.

– Шын атың кім?

– Естімедің бе? Хакім деді ғой.

– Бұл не отырыс, Хакім. Үйге жүр, сенің түрмеден шыққаныңды жуайық.

Хакім бажырая қарады:

– Сен осында тұрмайсың ба?

– Жоқ, өзің секілді жолшыбай соқтым. Мен жалаңқай, жалғыз адаммын. Жақында кемпірім қайтты. Іш пысқанда осында келіп-кететінім бар.

– Кемпірің неден өлді?

Петрушкин бұл сұраққа үйіне келгенде жауап қатты:

– Неден өлді дейсің бе? Өзім де білмеймін. Екі кештің арасында жоғалып кетті.

– Сен де өтірікті соғады екенсің. Кемпір жоғалушы ма еді?

– Хакім қарқылдап күліп, саусағымен мойнын егеді.

– Кәлләсін өзім кесіп алдым десеңші!

– Сен бүйтіп әзілдеме, отпен ойнамайды. – Петрушкин арақ, ащы қияр әкеп қойды.

– Кісі өлтірсем бұлай жүрмес едім. Мені еркiме қоя ма?

– Қорықпа, мен кісінің сырын сақтай алам.

Біраз уақыт өткеннен кейін Петрушкин Глафираның үйіне жалғыз оралды. Глафира үрейленді:

– Хакім қайда?

– Сен оны сүйесің бе?

– Ол менің байым болған.

– Қорықпа, ол қалаға кетті.

Петрушкин қараптан-қарап отырып, өзіне өзі сөйледі.

– Ақымақ адамды жаным сүйеді. Неге дейсің бе? Ақымақтан серік тапсаң, өмір сүру оңай. Алдап, әуре боп жатпайсың. Сілтеген жағыңа қарай ыға береді. Мынау да дүмбілез топастың бірі.

Глафира үндемеді. Кеудесіне қолын қусырып, басын төмен салды. Кешегі күндерді есіне түсірді. Онда Хакім мұндай емес еді. Төбелес десе жайнап кететін. Құлағын қанжар сылып кеткенде де мыңқ етпеген. Салбыраған шеміршекті жұлып тастап, бір өзі үш адамды жалаңаш қолымен жайратқан. Қаланың уақ шпаналары Хакімді көрсе тым-тырақай қашатын. Сол балуан жігіт шолақтың бір тепкеніне шыдай алмай, бұралаң етіп құлай кетті. Кешегі өзі көрген Хакімге ұқсамайды. Хакімді техникумның соңғы курсынан ұстап әкеткен. Оның «амнистияң деген сөзді

білмеуі таңқаларлық жай. Әлде түрме кісіні есеңгіретіп жібере ме?

– Ойланып қалдың, сірә, шұнақты қимайсың-ау деймін. Қасыма келші!

– Петрушкин Глафираның қолынан тартты.

– Жібер!

– Глафира жұлқынды.

– Қалаға бар деп едің ғой. Қайда барайын?

– Сені әурелеп қайтем? Шұнақты жібердім. Өзі түрмеден шыққан адам. Бой жазып жүріп қайтсын. Ондай жаттығу пайдалы оған.

– Оны қайда жұмсадың?

– Сенен жасыратын сырым жоқ, Глаша. Бәрі өзіңнің камың. Көптен бері «Москвич» сатып алуға ақша жинап жүрген едім. Арасында заемнан ұтқаным да бар. Осы күні жең ұшынан жалғаспаса қиын. Қалағаныңды ала алмайсың. Осында таныс дүкенші бар еді. Соның машина сататын магазинде кісісі бар екен. Дүкенші араға жүрмек болған. Өзіне делдал ақысын беріп қойдым. Машина түсті ме екен, біліп кел деп, шұнақты соған жібердім. Машина ала алсақ біз бұлай отырмаймыз, Глаша. Жер-дүниені шарлап, саяхат жасар едік. Қасымда өзің отырсаң болғаны.

– Петрушкин құшақтамақ болып, икемдеп еді, Глафира илікпеді. Қолын қағып тастады.

– Қойыңызшы!

– Көңлің соққанда өзің айтарсың. Мен кеттім!

– Петрушкин Глафирадан жауап күтіп босағада бір сәт тұрды.

Глафира қолын кеудесіне қусырған бойы қозғалмады.

## ***ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ***

Талғат «Есік қонақ үйінің алдында, дүкеннің тұсында қалтасын қарап әбігер болды. Бір-екі кісіні тоқтатып сіріңке сұрады. Ешқайсысы темекі тартпайды екен. Талғат Шұнақ құлақты анадайдан таныды. Петрушкиннің үйінен шығысымен қалаға түскенін естіп, алдын тосқан.

Талғаттың қасынан өткен адамдарды тоқтатып, әлде нәрсе бірдеңе сұрай қоятынын ол да байқаған секілді. Қаннен-каперсіз жүре берді. Талғат оны да тоқтатты:

– Сіріңкеңіз бар ма?

Хакім Талғаттың бас-аяғына состия қарады. Қалтасынан сіріңке алып шықты.

– Темекі тартатын кісінің қалтасында сіріңке жүруі керек. Талғат сигаретаны үсті-үстіне сорып, түтінін жұтпай сыртқа шығарды.

– Темекі құмар кісінің қалтасында шегетін темекісі таусылып, жұрттан сұрап тартады. Мұның сөкеттігі жоқ. Ал сіріңке сұрағанның не айыбы бар?

– Темекінің жөні бөлек, таусылып қалады. Сонан соң сұрайды.

– Тартасың ба? – Талғат болгар сигаретасын ұсынды. Алтындаған сарыбас темекіні көргенде Хакімнің дәті шыдамады.

– Біреуін тартайын. Шет елдікі ме? Дәмі қалай?

– Мен мұның дәмін ажырата алмаймын. Жаңадан үйреніп жүрмін.

– Көріп тұрмын, әуелі жөндеп ұстай да алмайсың.

– Жай зеріккен соң ермек етейін деп едім. Осында біреумен жолығуым керек еді.

– Оның кім? Қыз ба?

– Әрине.

– Қалыңдығың шығар.

Талғат Хакімнің бетіне карап жымыды. Оның ту сыртында көшенің бойымен өрлеп келе жатқан таксиді, оның ішінде отырған адамды көзі шалды. Басына қалпақ киген. Үлкен қара көзілдіріктен маңдай асты көрінбейді. Петрушкин екенін сақалынан шырамытты. Шұнақты өкшелеп, ізін бағып келеді. Талғат тротуардың шетінде көрінген қызға қолын көтеріп, қуанған кейіппен тұра жүгірді.

– Сәуле, мен мұндамын!

– Жүгірген бойы Сәулені қапсыра құшақтай алды. Осының бәрі бірер секундтың ішінде, Петрушкиннің көз

алдында өтті. Егер Сәуле машинаға қарама-қарсы келе жатқан болса, Петрушкин жасанды екенін бірден аңғарар еді. Сәуле Талғаттың далбалақтап жүгіріп келе жатқанын көргенде шошып кетті.

Жарқылдап күліп:

– Сонша сарғайтқаның не? – деді де, бетін тақап сыбырлады.

– Сәуле, сенің көмегің керек боп тұр. Көп ұстамаймын. Үрпимей ғашық болған қыздың кейпін білдір.

Сәуле тұла бойы дірілдеп, от боп жанды. «Кұдай-ау, еркек не деген аңқау, өзінің бұл жігітке іштей ғашық екенін ол неге ұқпайды? Әрі-бері өткендегі қас-қабағы, жүректің дүрсілі осыны айтып тұрған жоқ па?» Талғатты бір күн көрмесе қатты зарығатынын неге білмейді? Полковник Кузьменконы шақыра қалғанда, Сәуле телефон соқпай, сонау үшінші этаждан бірінші этажға дереу өзі жүгіріп келетін. Талғаттың Кузьменкоға жиі келіп тұратынын сезіп, бір көріп қалуға ынтығатын. Сөйткен Талғат өзі тілек айтқанда Сәуле қалай қарсы тұрсын.

Талғат Сәуленің үндемей тоқтап қалғанын байқап:

– Сіз көңілі бар қыз секілді икемге келсеңізші! Әлде жолыңыздан қалдырдым ба?

– Менің көмегім керек болса, ерік сізде. Жұмсай беріңіз.

– Рахмет, Сәулеш!

– Талғат нәзік саусағынан қатты қысты. Сәуле қолын тартып алмады. Жігітке тығыла түсті. – Тыңда, Сәулеш, қазір дүкенге тоқтамай біреуді іздеген боп қонақ үйге кіреміз. Сен менің айтқанымды істейтін бол!

Сәуле Талғатты дәл ұға қоймады. Сөйткенмен оның айтқанын жөн көріп тұр. Мақұлдап басын изеді. Бұлар қонақ үйде көп бөгелмеді. Төменге түсті. Дүкен алдында кезек сиреп қалған екен. Талғат Хакімге естіртіп:

– Сенің кесіріңнен қонағымыздан айрылып қалдық. Бөлмесінде жоқ. Олар бізді қашанғы күтсін. Өзің бір сағаттай кешігіп келдің. Осы уақытқа дейін қайда жүрдің! – деп Сәулеге зекіді. Кәдімгідей ашуланып, ұрысып тұр. Сәуле құлақ ұшына дейін қызарып, от боп жанды. Талғат қабағын

түйіп: – Отыра тұр, жаңа газет алып кетейік, – деді. Кезекке Хакімнің артындағы бір кісіден кейін тұрды.

Хакім кезегі жеткенде терезеге басын сұқты. Гүжілдеген дауысы естілді:

– Оқитын газетің бар ма?

Тюнин байпаң қақты:

– Сізге қандай газет керек еді?

– Айталық, «Спорт газеті.

– Ой, бұл газетті сұраушылар көп, соңғы номерді алдыңғы күні алдық. Одан кейін келген жоқ. Сағат бесте почта әкеледі. Бәлкім, соның ішінде жаңа номерлері болып қалар. Отыра тұрыңыз.

– Әзірге ермек ететін бірдеңе бар ма?

– «Араны алыңыз, ішінде қызық суреттері бар.

– Жаксы, біреуін беріңіз!

Хакімнің талайдан бері газет-журнал ұстамағаны көрініп тұр, «Ара журналының сыртқы бетіндегі суретті аударып, төңкеріп ұзақ қарады.

Дүкен сыртына артқы кабинасында әйнегі жоқ тырбиған машина тоқтады. Бір қап газет-журнал әкеп тастады. Қабы қосқабат сары қағаз. Тюнин қапты кіргізіп алды да, Шұнаққа ымдады. Хакім дүкенде ұзақ кідірмеді. Қолтығына «Спорт газетін қысып, ресторанға бет алды. Осы мезетте көшенің арғы бетінде, аялдамада тұрған Петрушкин де машинаға отырып, төмен қарай кетті.

Осыдан екі күн өткеннен кейін Хакім ресторан ішінде төбелес шығарып, милицияға түсті. Милиционер ұстаған кезде өршелендеп қарсыласпады. Ығына көніп берді. Аудандық бөлімшеге алып келгенде таныс адамына кезікті. Ол Байкин еді. Қос милиционердің еңгезердей шойын қара жігітті айдап келе жатқанын көріп:

– Әй, сен Шұнақсың ба? Қайдан жүрсің? Сені түрмеден босатып па еді. Әлде қашқынсың ба? – деп сұрақты жаудырды.

– Менің атым Шұнақ емес, Хакім екені сізге мәлім болар!

– О, кешіріңіз, мәртебелі Хакім мырза! Сіздің ашулана-



тыныңызды білмедім!

– Атыма лайық, құдай әкімдікті бермегеніне өкінемін.

Байкин Хакімді күлкі еткісі келді:

– Хакім мырзаға әкімдік тисе қайтер еді?

– Алдымен жолсыздықты тияр едім. Екіншіден сен секілді милаудың сыбағасын берер едім.

– Әй, сен ит не деп тұрсың?!

– Байкин тап берді.

– Сені Үршіт айдатып, мүрдем кетірем, түрмеде шірітем.

Хакімді алып келген милиционерлер аңырайып тұр. Екеуі қазақша ұқпайтын еді. Аяқ астынан мұндай жанжалдың шыққанына таңырқайды. Олар лейтенанттың бажылдауының мәнісін түсінбей тұр.

Бөлімшедегі кезекші аға лейтенант кірді.

– Бұл не қылған айқай? – деп милиционерлерге, сонан соң Байкинге қарады.

– Мына бандиттің көзін жою керек, – деп Байкин Хакімнің кеудесін нұқыды. – Мұны білем, қанішер, баскесер адам. Түрмеден қашып келген шығар. Өзін апарып қамап тастандар!

– Сабыр етіңіз! – деп, кезекші аға лейтенант қабағын түйді.

– Лейтенант жолдас, сіз жұмысыңыздан қалмаңыз. Біз мұнда өзіміз қарап тексереміз.

– Байкин кеткеннен соң кезекші лейтенант Хакімді қасына отырғызды.

– Бұл не қылған жанжал? Маған түсіндіріңізші.

– Өзіңіз бәрін естідіңіз. Мен не айтамын. Сумандаған тілін қолқасымен жұлып алар едім. Әттең...

– Қолқасымен дейсіз бе?

– Иә, келесі жолы бұлай бейберекет сөйлемес еді. Қолым бос болмады. Көрдіңіз бе, байлаулы.

Аға лейтенант шапшаң бұйырды:

– Мынаны кім байлаған? Шешіндер!

Милиционерлер ақтала бастады:

– Еңгезердей неме, жолда бұлқынып жүрсе, жазым ете ме деп қорықтық. Бұларға сенім жоқ. Абайламаса қиын...

Екеуі оңаша қалғанда аға лейтенант:

– Бұлар дәрекілік жасады деп ұғасыз ба? – деді темекі ұсынып.

– Бір жаман мінезім – кісінің ащы сөзін көтере алмаймын. Жауап қатуға олақпын. Амалсыз жұдырық ала жүгіремін.

Аға лейтенант милиционердің жазған актісін оқыды да столдың үстіне қойды.

– Сіз жігітті сүйген қызының алдында, тамам жұрттың көзінше сабадыңыз. Бетіне таңба түсірдіңіз. Білсеңіз, мазақтың ең үлкені осы емес пе? Ол жігіттің сіздің жұдырығыңызға қайтаратын жойқын күші жоқ. Амалсыз таяқ жеді. Ашу үстінде қару жұмсаса қайтер едіңіз? Милиционерлер килікпесе дәл солай болар еді. Міне, қылмыс деген осы.

– Ақиқатына жетсеңіз кінәлі мен емес. Алдымен жігіттің өзі тиісті. Би кезінде байқамай аяғын басып кетіп едім. Мені жатып сөкті: «Музыка үнін ұқпайтын өгіздерге не жоқ екен мұнда деп серіктерін бір күлдірді де, бидің бір айналымында қасыма тақап келіп:

«Сізге би билеуден гөрі шошқа қорасының боктығын тазалаған лайық деп күліп өтті. Би биленіп біткенде столға келіп: «Неге жауап қатпайды десем, құлағы жоқ саңырау екенсіз ғой. Бүгін газетті оқыдың ба? Соқырлар мен мылқаулар қоғамына кісі керек екен. Менің ағайым жұмыс істейді сонда. Бәлкім, сол жерге қызметке тұрарсыз деп тағы кекетті. Жұрт күлген сайын сөзін мәнерлеп, өрши түседі. «Сен жігіт маған тиіспе, әзілді қой! – деп бір-екі мәрте ескерттім. «Қарай гөр, өзінің тілі бар!» деп кекетуін қоймады. Ал менің не істеуім керек? Жұдырық жұмсауға тура келді.

Телефон шылдырлады. Кезекші аға лейтенант трубканы көтерді.

– Кезекші аға лейтенант Жетібаев тындап тұр!

Иә, солай, осында... Қашан? Қазір ме? Жақсы. Қалай? Мақұл, майор жолдас.

– Кезекші трубканы қойды да, Хакімге:

– Сіз облыстық милиция басқармасын білесіз бе? – деді.

– Біліп қайтем, менің бір басыма аудандық милиция да жетеді.

– Қазір облыстың милицияға барасыз. Тоғызыншы кабинетте сізді күтіп отыр.

– Мені ме?

– Иә!

– Мені кім айдап апарады?

– Күзетсіз жүре алмайсыз ба? Қосып беретін адамым жоқ, өзіңіз барыңыз.

– Жолда қашып кетсем қайтесіз?

– Қайда қашасыз?

– Мәселен, Піспекке!

– Піспек алыс емес. Зеріктірсе өзіңіз келесіз. Өзірге қош болыңыз.

Хакім облыстық басқармада коридор ішінде біраз жүрді. Тоғызыншы кабинетті келген бетте тапқан. Кіруге батпады. Қағазға үңіліп, шапшаң басып келе жатқан Сәуле қабырғаға соқтығып қалдым десе керек, тәлтіректеп кейін шегініп басын көтерді. Кесе көлденең тұрған дәуқара жігітті көріп:

– Сізге кім керек? Тоғызыншы кабинет пе? Мына бұрылыстағы есік қой, – деп жеңінен сүйреп жанын қоймай есіктен кіргізіп жіберді. Хакім қыздың қолын қағып тастауға батпады.

Кузьменко босағада состиып тұрған Хакімге:

– Таңатаровсың ба? Мұнда кел, жақын отыр! – деп орындық ұсынды да, қасындағы Нәсірге таныстырды. – Хакім Таңатаров деген жігіт осы. Ауыл шаруашылық техникумында оқыған. Соңғы курста оқып жүріп кетті.

– Хакімге қарап: – Сізді қашан босатты? – деді.

– Түрмеден шыққалы жарты айдан асты.

– Қайда тоқтадың? Данишевскаяның үйіне ме?

Хакім таңырқады:

– Оны қайдан білесіз?

– Басын төмен салып, қабағын түйді.

– Айтқандай, Глафира да түрмеге түскен еді ғой.

– Біз түрмеден шыққандардың тізімін алмаймыз.

– Глафира бұзылған. Ол өзінің антын бұзды. Мен онда бармаймын. Шолақтың қолтығына тығылған соң одан не сұрайсыз.

Нәсір ұқпады:

– Шолақ дегеніңіз кім?

– Көршісі білем, қолы жоқ шал. – Хакім өзінің Петрушкинмен Глафираның үйінде қалай кездескенін айтты. Төбелескенін де жасырмады.

– Төбелестік дейсіз бе?

– Иә.

– Қалай, кәдімгідей ме? Кембағал адамға қол көтеруге қалай дәтіңіз барды?

– Ондай шолақ екі-үшеуінді жайратар. Мына күшпен өзімнің қалай сұлап түскенімді білмей қалдым. Ішек-қарным ақтарылды ма десем, әйтеуір аман екен. Қимылына көз ілеспейді. Қол-аяғы бірдей қимылдайтын тас дене.

– Солай де! Маған әлсіз, күйгелек жан көрініп еді.

Хакім болған жайдың бәрін айтты.

– Төбелескен бойы ләм демей қалаға кете бердіңіз бе?

– Иә.

– Өтірік айтуға да қабілетіңіз бар екен. Мен олай ойлаған жоқ едім. Неге дейсіз бе? Күш иесі уақ сөзден аулақ, мәрт келеді. Арамдық жұғыспайды. Ал сіз осыған жақындаусыз ба, қалай? Петрушкинмен оның үйінде отырып, «таныстық үшін, «достық үшін ішкеніңізді неге ұмыттыңыз?

– Сізге мұны кім айтты?

– Хакім ыршып тұрды.

– Отырыңыз!

– Нәсір иек қақты.

– Айтасыз ба, жоқ па?

– Түсінбеймін!

– Хакім басылып отырды.

– Менің өз басым сөз тасудан аулақпын. Бірақ кісі құпиясын сақтай білемін. Ал мынау ит «тісіңнен шығарма деп өзі жалынады да сіздерге сөз тасиды. Хакімді тағы сөзден жығып, адастырып түрмеге тықпақ ойлары бар ғой! Ондай сасық қулық жүзеге аспайды.

– Қылмыс жасаған кісіге темір тор алыс емес.  
– Біреудің құпиясын сақтай білу қылмыс па?  
– Қылмыскердің құпиясын сақтау қылмысты жасырумен бара-бар. Мұндай статья сізге таныс болар. Сонымен, дүкеншіге қанша ақша бердіңіз?

– 500 сом.

– 500 сом екенін қайдан білдіңіз? Санадыңыз ба?

– Жоқ, оны Петрушкиннің өзі айтты. Және ақша ашылмаған, белдеуінде банкі қаттаған «500ң деген сан бар.

– Ақшаны дүкенші Тюнингке қалай бергеніңізді толығырақ айтыңызшы. – Нәсір алдында жатқан қағазға белгілер жасады да, Кузьменкоға ұсынды. Ол шапшаң көз жүгіртіп, басын изеді. Хакім бұған зер салған жоқ. Төмен карап отырып сөйледі:

– Петрушкиннің үйінде бір жартылықты оңай босаттық. Оның өзі көп ішкен жоқ, маған берді. Сол сәтте у берсе де тайынбас едім. Шолақ менен кешірім сұрады. Глашаның алдында таза екенін айтып, ант ішті. Ендігәрі жуымасқа уәде берді. Арақ кекті шайды, татуластырды. Кетуге ыңғайланғанымды көріп: «Аз ғана өтінішім бар, жолшыбай бере салсаң қайтеді?» – деп, ақшаны ұсынып тілек айтты. Маған жұрт сенбейді ғой. Шолақтың сенімі жүрегімді жылытты. «Мұны кімге берейін?» деп сұрағанымда, дүкеншінің түр-түсін айтты. «Машина алайын деп ақша жинап жүр едім. Соның машина сататын магазинде танысы бар. Сол иттің тамағы жаман – деді. Шолақтың сөзін жеткізіп тұрмын. Дүкенші жатып тулады. «Сендер бүйте берсеңдер мені құртарсыңдар! Бір жолғы аман қалғаным жетер!» – деді. Мен аң-таң болдым. «Жолшыбай бере сал деп сұраған соң» – деп кетуге ыңғайландым. «Сен тұра тұр, артындағы жігіт кетсін!» деп сыбырлады да, аздан соң: «Оның сәлемдемесі жоқ па?» деді. Газетке ораған ақшаны ұстата салдым. Үстімнен ауыр жүк түскендей болды. Ақшадан құтылғанымға қуандым. Ол газетті шапшаң ашып, белдеуіндегі цифрды көріп жымың-жымың етті. «Шолаққа айт, сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр. Менен жауап алды. Әрең құтылдым. Ұмытпа, айтып бар!» деп күбірлеп қалды.

– Петрушкинге бұл сөздерді жеткіздіңіз бе?

– Онда барғаным жоқ деп сіздерге айттым ғой. Қызғаныш қозып, абайсызда біреуін жазым етем бе деп қорқамын. Түрмеге екінші рет отырғым келмейді.

Нәсір алдында жатқан «Казбекті ашып, темекі ұсынды:

– Темекі тартыңыз.

– Хакім темекі тұтатып тартқанда:

– Түрмеге не үшін отырдыңыз? – деді.

– Не үшін отырғанымды өзім де білмеймін.

– Қалай?

– Солай!

– Бәлкім өткен істі еске түсіру ыңғайсыз шығар!

– Өзімнің арым таза. Он рет қайталасам да қынжылмаймын.

– Біздегі мәліметте: Данилов Артур деген жігіт қоймада қосалқы жұмысшы боп істеген. Момын, жуас. Сіздер қойманы тонау ниетімен Артурды азғырдыңыздар. Ол көнбейді. Артурдың да Глафирада көңілі болады. Қыздардың жатақханасы алдында төбелесте сіз Артурды өлтіруге серт бердіңіз. Антыңызды бұзбадыңыз. Сол түні оның өлігі қойма алдында табылды. Солай ма?

– Шындықты тілесеніз айтайын: ол кезде мен техникумда оқитынмын. Глафира ательеде киім тігетін. Ерлі-зайыпты кісі құсап тұрғанмен ресми тойды жасаған жоқпыз. Бәрін кейінге қалдырдық. Оқу біткен соң жасаймыз дедік. Бір күні жатақханада оқушылар кеш өткізді. Бұл кешке сіз айтқан Артур да келді. Кешке ішіп келген екен. Менімен бірге оқитын Дмитрий деген бала бар еді. Оның қарындасы өзінен бір курс төмен оқитын. Артур келісімен Светаға тиісті. Света шашы беліне түскен, ақшыл сары әдемі қыз болатын. Дене тұлғасы ағасы секілді емес, кесектеу біткен. Би арасындағы үзіліс кезінде Артур Светаны далаға сүйреп шығарып, қараңғы жерге апарып тұншықтырады, езгілейді. Жасырынбақ ойнап жүрген уақ балалар көріп қалып, айқай шығып Светаны арашалап алдық. Артурдың шын аты бұл емес, басқа, оның бүркеншек аты «Удав деп еститінбіз. «Удав бекер әрекет жасамайтынын сездіріп оңашада

Светаны ұстап алып, тағы да қинайды. Қыз ырқына көнбейді, қарсылық көрсетеді. Алыс-жұлыс, қызыл-ала қан үстіне Дмитрий келіп қалады. Ол шыдай алмайды. Жатақханаға жүгіріп барып өткір балта әкеп, «Удавтың» басын шабады. Бар шындық оқиға осы.

– Сізді неге қамады?

– Осы оқиғадан екі күн бұрын мен Артурмен жатақхана алдында шекісіп қалған едім. Біздің жанжалымызды вахтер көрген. Сотта басты куә сол болды. Мен де «айыбымды мойындадым. Қойманы тонау үшін өлтірдік дедім. Бір сөзбен айтқанда Светаның абыройын төккім келмеді...

– Дмитрий ше?

– Ол өзінің айыпты екенін, Артурды өлтіргенін айтып бар жерге хат жазды. Одан да жауап алған болатын. Ол да Светамен байланысты шындықты бүкті, жай өлтірдім, деді. Оған ешкім сенбеді. Өзін күлкі етті. Кейін арнаулы комиссия шығып, бәрін анықтады. «Удавтың» кім екенін білді. Бізді ақтап босатты.

– Қазір не істеп жүрсіз?

– Мен мұнда Глафира үшін келген едім. Екеуміздің дәм-тұзымыз жараспай ма деймін. Ертең Талғарға кетем. Қалған сабақтарды экстерно тапсырсам ба деген ойым бар. Светадан телеграмма алдым, Колхозда агроном екен. Өзіне шақырады. Техникумды бітірсем, сол жаққа кетем.

Таңатаровтың сөзін түрегеп тыңдап тұрған Нәсір:

– Қалада бір жеті қалуға мүмкіндігіңіз бола ма? Бізге көмегіңіз керек боп қалуы мүмкін.

– Кімге көмектесуім керек?

– Айталық, майор Кузьменкоға, маған. Жалпы милицияға көмектесуіңізді сұраймын. Жаңа сіз өз басыңыздан жақсы мысал айттыңыз. Біз басқа біреу жөнінде сондай қатені қайталағымыз келмейді.

– Жақсы, – деп Хакім орнынан тұрды.

– Мен Краснодар көшесіндегі 25-үйде тұрамын. Қажет кездерінде келейін.

Хакім кеткеннен кейін Нәсір дереу генералға телефон соқты. Петрушкиннің дүкеншіге Таңатаров арқылы бес жүз сом бергенін айтты.

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

Полковник Дайыров мәжіліс алдында Кузьменконы өзіне шақырды, Полковник жайдарлы. Орнынан тұрып қол берді:

– Петр Петрович, жұмыс көп, адамдар жетіспейді деп қиналып едіңіз. Майор Бөгембаев біздің жұмысымызды жеңілдетіп, ауыр салмағын өзіне алғысы келеді. – Полковниктің қарсысында отырған Нәсір күліп басын изеді. – Өз адамдарымызға ескертіңіз: бұдан былай Петрушкиннің мәселесімен шұғылданып жүрген басқа оперативтік қызметкерлер майордың рұқсатынсыз бұл іске араласпайтын болсын. Бірақ бұл сізді жауаптылықтан босатпайды. Іс біржола аяқталғанша Майлыбаев екеуіңіз майор Бөгенбаевқа көмектесетін боласыз, – деді де, қоңырау соғып секретарь қызды шақырды. Сәуле кірді.

– Қызметкерлер жиналды ма? Кірсін!

Оперативтік мәжіліс қысқа бодды.

– Қылмысты іздеу бөлімі соңғы кезде үлкен жұмыс істеді. Мемлекеттік қылмыстың бетін ашты. Мен өз атымнан майор Кузьменкоға және капитан Майлыбаевқа алғыс айтамын. – Подполковник Колпашников пен Нәсір Бөгенбаевтан басқа қызметкерлер Кузьменколардың қандай тапсырмаларды орындап, нендей қылмысты ашқанын жөнді ұға қоймады. Подполковник сөзінің соңында Кузьменкоға қарап:

– Сіз Покровка оқиғасымен шұғылданыңыз. Жинақ кассасын тонаған бандиттер ізін таптырмай жүр. Олар кассаның бір жарым тонна сейфін өздерімен ала кеткен. Қырғыз жолдастармен хабарласқан жөн. Қаладан тарайтын жол аз. Егер олар Құлжа жолына түссе өрісі тар, алысқа бара алмайды. Талдықорғанға кете алмаса керек, ол жаққа сіңісу қиын. Беттерін Батысқа түзесе Піспекке соғады. Осымен байланысты Москвадан жолдастар келе жатыр. Сіз алдынала әрекет жоспарын жасаңыз. Соңынан тағы ақылдасармыз.

Осымен мәжіліс жабылды.

Кузьменко жоғары этаждан төмен түсіп келе жатқанда коридорда жүрген Байкинді көрді. Қожаш полковниктің оперативтік мәжіліс өткізіп жатқанын алдында естіген.



Өзін мәжіліске шақырмағанына күйінді. Оны Кузьменкодан көрді. Ыза қысып, кіжінді.

Кузьменко қасынан өтіп бара жатып:

– Лейтенант Байкин, маған кіріп шығыңызшы! – деді.

Кузьменконың ресми сөйлеуі Қожаштың ашуын онан әрмен қоздырды. Бірақ майорға батып сөйлей алмады. Жалтақ, жағымпаз мінезіне көшті:

– Майор жолдас, маған тапсырма берейін деп пе едіңіз?

– Отыр, Қожаш.

– Кузьменко Байкиннің алдына темекі қойды. Өзі жай-ласып отырып:

– Матрена Онуфриевнаны іздейміз деп біраз әуре-сарсаңға түстік. Өзімізге де, өзеге де тыныштық көрсетпедік. Енді бұл іс осымен тамамдалды. Сіз өз бөлімшеніңізге барып қызметіңізге кірісе беріңіз. Әлгінде бөлімше бастығымен сөйлестім. Ол сізді күтіп отыр.

Қожаштың бұл әңгімеге көңілі толмады. Майор одан әлде нәрсені жасыратын секілді. Іштей Кузьменкоға да, Талғатқа да кектенді. Басқармадан шығып келе жатқанда есік алдында Карповқа жолықты.

– Қожаш, аман ба, хал қалай? Ортақ қуанышпен құттықтаймын! – деп қолын алды.

Байкиннің жүрегі лүпілдеп кетті. Капитанға дәмеленіп қарады:

– Мені ме? Немен, Григорий Матвеевич?

– Естімедің бе? Майлыбаевқа капитан деген атақ берілді!

– Кімге? Майлыбаевқа дейсің бе? Капитан?! – Қожаштың өңі қашып, сұп-сұр болып кетті. – Не үшін? Қылмыс жасағаны үшін бе?

– Сен оперативтік мәжіліске қатысқан жоқ па едің?

Қожаштың «мені шақырмадың деуге аузы бармады. Үйреншікті өтірігін айта салды.

– Полковник бір жұмыстар тапсырған еді. Сонымен жүріп кешігіп қалдым. Келсем, мәжіліс басталып кеткен екен. Баса-көктеп кіруді ыңғайсыз көрдім.

Капитан Карповтың оқыс жаңалығы Қожашты күй-гелектікке салды. Оған бұл жалғанда әділет жоқ сияқты

көрінді. Қайткенмен де Талғатқа тосқауыл жасап, оны мұқатқысы келді. Оған қарсы қандай әрекет жасай алады? Ойланып келеді. Сәуле есіне түсті. Көшені айнала беріп бұрыштағы автоматтан телефон соқты.

– Сәулешпісің? Бұл мен, Қожаш қой! Амансың ба, жаным. Сабағың қалай? Ой, жарайсың, Сәулеш! Енді төрт-бес жылдан кейін білдей юрист боп шығам десеңші! Қуаныштымын. Сәулежан, Сәулеш, өзіңмен оңаша сөйлесетін әңгіме бар еді. Қалай жолықсақ екен? Бүгін дейсің бе? Бірақ қазір қолым тимейді. Полковниктің тапсырмасы бар. Кешке жолығайық. «Аралда күтемін.

Сол күні кешке Қожаш Сәулені «Арал ресторанының алдында, көпірдің аузынан күтіп алды. Қыз енгігіп, терлеп кеткен.

Ресторанда кісі аз. Түкпір жақтағы столдарда, қараңғылау жерлерде екі-үш адамның басы көрінеді. Шырмауықпен қоршалған беседканың ішінен көңілді дауыстар шығады. Қожаш бұрылып қарады. Ала тақиялардың ішінде екі әйел отыр.

Анастасия Қожашты көріп, көзін қысып жымың етті. «Дүние кең, бәрімізге жетеді!» – дегендей шырай білдірді. Қожаштың жүрегіне қызғаныш үйеледі. Анастасияны мына алыпсатарларға қиғысы келмеді. Бәрін қуып шығып құшағына қысқысы келді. Бірақ батпады, ынжықтығы басты.

– Анау әйел сізбен амандасты. Танисыз ба? – деді Сәуле.

– Осындағы көп қатындардың бірі де, қайсы бірі ағаңның есінде қалсын! – Қожаш Анастасияның жүрегіне қызғаныш отын ұялатпақ боп, Сәулемен иық тіресіп, тақасып отырмақ еді. Қыз ыңғай бермей, столды айналшақтап ығыса берді. Қожаш қызды қыстаудың қисынын таппады. Сәулені ала көзімен атып, бұрқ ете қалды.

– Жеп қоятындай бұ несі екен? Мені әйел көрмеді дейсің бе?

Сәуле от боп жанды. Ернін тістеді. Қожаш Анастасияның алдында жас қызбен жаңа танысып жүргендей кейіп көрсетті. Сәуле қарама-қарсы отырған ғой. Қожаш алға ұмтылып, басын төмен салып, сыбырлап сөйледі. Жас қыздың жүрегін

қытықтап, еркіне қоймай елтіп, әкетіп бара жатқандай қимыл байқатады, Ал өзінің айтқаны мынау еді:

– Сәуле-жан, полковникте өткен мәжілісте қандай мәселе қаралғанын білмедің бе?

– Қожаш Сәуленің Талғатта көңілі барын сезетін. Майлыбаевтың шен дәрежесі жоғарыласа, Сәуле қайткенменде білуге тиіс.

– Жоқ, білмедім. Онда не қарапты?

– Сәуле Қожаштың өзінен сұрады.

Байкиннің көңілі жай тапты. Карповтың айтқаны бекер екен. Ол күлімдеп Сәулеге қарады. Өзінің қызды шақырғандағы негізгі мақсатына көшті.

– Сәулеш, бұлай жаңалықтан шет жүрсең, өмірден құралып қаласың. Құлағың түрік болғаны жөн.

– Ағай, мен сізді ұқпадым. Бүгінгі мәжілістің маған қандай қатысы бар?

Байкин басын шайқады.

– Өзің біле ме десем, естімеген екенсің ғой. Талғат жайында білмеуің қызық екен.

– Ағай, не дедіңіз? Талғат қылмыс жасаған ба?

Байкин күрсінді:

– Сәуле-жан, сен әлі баласың. Көп нәрсені ұқпайсың.  
– Қыздың нәзік саусақтарын алақанына салып сипалады.  
– Серік боп, қызметтес жүрген адамды даттау қиын. Өзің білесің, мен Талғатқа титтей қиянат ойламаймын. Арамдық жасасам, бұйырмасын. Бірақ оның істеп жүрген ісі адамгершілікке жатпайды.

Сәуле үрейленді:

– Ол соншама не жасапты?

– Мұның өзі ұзақ әңгіме, Сәулеш. Осы уақытқа дейін бір адамға тіс жарып көрген емеспін. Өзің сұраған соң ғана айтып отырмын.

– Қожаш кружка толы сыраны түбіне дейін сімірді де Сәулеге қызыл портвейн құйды. Сәуле қол тигізбеді. Қожаш аузы-басын сүртіп әңгімесін жалғастырды.

– Сен осында, бір кемпірдің жоғалып кеткенін естіген шығарсың. Иә, ет комбинатында істейтін бір мүсәпірдің

қатыны. Бейшара арызданып келгенде бастығы Кузьменко боп:

«Ей, қайда кетер дейсің, таныстарында қыдырып жүрген шығар – деп мән бермеді. Істі өзім алып жүргізіп, «кемпір өлген деген қорытындыға келдім де, полковникке пікірімді айттым. Ол мені қостады. Кемпірді өлтірген қылмыскерді іздедік. Аты-жөні белгісіз, қолда белгісі жоқ адамды табу оңай ма? Күндер өтіп жатты. Кузьменко полковниктің кәрінен сескеніп, Талғат екеуі жалған документ жасады, шолақтың өзіне жабысты. Мен: «Қылмыскер ол емес, басқа адам деп қарсы тұрып алдым. Дәлелдер келтірдім. Бәрі менің айтқанымға көнді. Ақыры қылмыскерді Тастақтан таптық.

– Қылмыскер кім? Әйел ме?

– Өзі жас, тығыршықтай келген сұлу әйел екен. Кісі өлтірді деуге аузың бармайды. Боз сарайдай жеке меншік үйі бар.

– Кісі тонап байыған неме де!

– Әрине, әйтпесе жесір қатын соншама дүниені қайдан алсын? Үйін тінткенде байқус кемпірдің сумкасы, шәлісі табылды. Сөйтсе де ол қатын ешкімнен қаймықпайды, сайрандап жүр. Аң-таң болдым. Неге ұсталмай жүр деп байқасам, сенетін кісісі бар екен. Біздің майор бір беткей кісі ғой. Талғаттың азғырма тіліне еріп, ақиқаттан жалтарды.

– Ол әйелге Талғаттың қандай қатысы бар?

– Қатысы бар жай сөз ғой, Сәулеш. Әуелі ол әйелді қамауға алған жерінен қашырып жіберді. Тексеріс жасағанда бұлар бұрыннан таныс, әмпей-жәмпейі бір екен. Жесір қатын бойдақ жігіттен несін аясын. Талғат еркін малданып келген.

Сәуле көзі жасаурап, қалтырап орнынан ұшып тұрды:

– Рахмет, мен тойдым.

Қожаш ресторанның шыққанда Сәулені қолтықтап алды. Басын иығына салып сыбырлап келеді.

– Сәулеш, Талғаттың опасыз қылығы сен түгіл, бәрімізді ашындырды. Комиссия ісін қарап сотқа берсе керек. Өзіңе қиянат жасаған кісіні аяуға болмайды. Саған кейде қылжақтаушы еді ғой. Соның бәрі мазақ екен.

Сәуле жауап қатпады. Үйіне қарай тұра жүгірді.

Қожаш тасырлап жүгіріп бара жатқан Сәуленің ту сыртынан қарап тұрды. Әлден соң қараңғы бұрышқа кіріп жоқ болды.

### ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ

Сәуле айна алдында тұр. Өз түрінен өзі шошынады. Реңі кісі көргісіз. Жақ түктері үрпиіп, беті қуарып, көз еттері домбығып кеткен. Мөлдір қарашықтары қанталап, от шашып тұр. Қоңырау соғылғанда шошынып, тұла бойы дір ете қалды.

Полковник Дайыров қайта қоңырау бергенде зілдей кара есікті зорға ашты. Ақырын басып ішке кірді. Столға жақындамай алыстау тұр. Әмірін алысымен тез шығып кетпек. Дайыров шұқшиып қағаз өңдеп жатқан.

– Мынаны тез баса қойыңыз! – деп қағазды Сәулеге ұсынды да: – науқастан амансыз ба? – деді.

– Денім сау, полковник жолдас. Түнде кітап қызығына түсіп жәй жатып едім...

– Онда оқасы жоқ.

Сәуле қағазды қасына қойып, машинкаға асылып бір сәт отырды. Көз қиығы «МІНЕЗДЕМЕде капитан Майлыбаев жолдас... деген сөздерге түсті. Қағазды жұлып алып көкірегіне басты. Талғатқа берілген жақсы мінездеме еді.

Сәуле қолы қолына жұқпай шапшаң баса бастады.

Байкин кірді. Ол Сәуле Талғаттың үстінен арыз жазып отыр десе керек.

– Сәулеш-жан, амансың ба? – деп жылмиып, күліп қасына келді. Машинка үстіндегі қағазға үңілді. Сәуле жалт қарап:

– Сіз оңбаған пасық адам екенсіз! – дегенде, мінездеме мәнін ұққан Қожаш шошып шегіншектей берді.

Қабылдау бөлмесіне майор Кузьменко кірген еді. Ол Сәуленің сөзін естіген секілді. Қожаш безек қақты:

– Ей, мына қыздың есі дұрыс па? Мен жәй, әзілдеп едім. Талғат екеуіміз құрдаспыз. Осылар қазақтың әзілін түсінбейді!

Сәуле Кузьменконы сыйлайтын. Жасы үлкен кісінің

алдында Байкинмен ұстасып жатуды өзіне мін көрді. Басқан қағазын алып, Кузьменкомен бірге полковниктің кабинетіне кірді. Дайыров мінездемеге қол қойып жатып, Сәулеге көз қиығын тастады. Ілезде екі беті қарттай боп құлпырып, әдеміленіп кеткен. Әлгіндегі азап табы қалмаған. Қыз деген шапшаң өзгереді екен-ау деп ойлады полковник.

– Мына қағазды қазір жіберіңіз! – деп адресі көрсетіп, мінездемені қолына берді.

– Жарайды, – Сәуле шапшаң шыққанда Қожаш ізін суытыпты.

Байкиннің дегбірі кетті. Сәуле сырымды ашады, іс насырға шабады деп қорықты. Осы қысылшанда өзіне серік іздеді. Басқармадан шығысымен ет комбинатының поселкесіне тартты. Оның өз басы осы күнге дейін Петрушкинді кінәлы санаған емес. Момын, бейшара адамның соңына түсіп жүргені үшін, Кузьменко мен Майлыбаевқа іштей кіжінетін. Байкиннің ойынша Кузьменко Матрена Онуфриевнаны өлтірген қылмыскерді дәл таппады, өзі жауаптан құтылу үшін Петрушкинге жала жауып отыр деп ұқты. Енді қисынын тауып Петрушкинді Талғатқа қарсы жұмсамақ. Байкиннің өз басы Кузьменко мен Талғаттың екеуіне бірдей қарсы тұра алмайды. Талғат қараланса, Кузьменко сау қалмайды. Байкин осындай тәсілмен өзі жазған арызды нықтай түскісі келді.

Қожаш поселкеге келгенде, Глафира үйінде еді. Жұмысқа баратын Петрушкинге тамақ әзірлеп жатқан. Ол учаскелік милиционерді көріп:

– Қожаш, аман ба? Бүгін қабағың салыңқы ғой. Қызметіңді жоғарылатпай жүр ме, қалай? – деді.

– Маған үлкен қызметтің керегі не, Глаша? Оны қаласам, бүгін-ақ бола салмаймын ба? Осым жақсы. Жоғарылап жүріп құлап қалсам, кейін орнымды аңсап жүрермін.

– Қожаш қарқ-қарқ күлді. Суық күлкі, шаттық нышаны білінбейді. – Бастықтар бүгін маңызды жұмыс тапсырып еді. Соның жәй-жапсарын білейін деп осы жаққа бұрылдым.

– Құпия болмаса, қандай іс екенін айтсаңшы.

– Айтсам, шошып кетесің дедім ғой. Сені бекер уайым-

датып қайтем. Алдымен өзім тексеріп, анықтап алайын. Құдай біледі, солардың жасап жүргені теріс.

Петрушкин үйінен шығып келе жатып, Глафираның учаскелік милиционермен сөйлесіп тұрғанын көріп, қайта бұрылды. Қақпа саңлауынан сығалап тұр. Дауыстарын естімегенмен қимылдарына қарап, әңгіменің сыры мол, маңызды екенін шамалап тұр. Бір кезде Глафираның таң қалған, сонан соң күлген түрін байқады.

Петрушкиннің қасына сатпақ Савелий келді. Аузы сасық, ішіп алған. Петрушкин оны сөзге тартты.

– Савелий, қалың қалай? Көрінбейсің, көршінді ұмыттайын дедің бе?

– Сен бойдақсың, мен бойдақ. Менің қатыным өлді, сенің қатының жоғалды. Сенің жас келіншегің бар, ал менде дым да жоқ. Бұл жалған жаратылысында әділетсіз жаратылған білем. Жұртқа тең қарамайды. Анау жалпиған тамда бір әйел тұрады. Сенің көзің жасқа түседі ғой, оны білмейтін шығарсың. Сол оңбаған әрі-бері өтсем дылмындап қоймайды. Жасың қаншада деп сұрасам, «басқаға кәрі болсам да, саған жаспын дейді. Менің нем шығындап барады. Бір күні үйге шақырдым. Кір сасып кетіп едім. Бір жағынан киім-кешегімді жуғызып алайын дедім.

– Сен, Савелий, қусың-ау!

– Петрушкин құтыртып қойды.

– Сен тыңда әуелі, Андрей. Әлгі әйел сөйлесе тілі күрмеліп, ысылдай береді. Бұнысы несі деп, қасыма отырғызып әрі-бері қараймын. Сөйтсем, құдай соққан неменің аузында бір тісі жоқ, қаусаған кемпір.

Бір рюмканы жұтқаннан кейін қылжиды да қалды. Сенің Глафираң, несін айтасың, бетіне қаны шығып, күйлеп жүр. Өзі ақылсыз да емес. Бір еркектің жардай жары болуға жарайды.

– Менің Глашам жаман қатын болмайды. Бірақ өзін білесің, мен үйде бір тәулік болмай, күзетте тұрамын. Бұрын еркін жүріп қалған әйел, көңілшектікке салынып кете ме деп қорқамын. Сен боссың, көз қырынды сала жүр. Көз майынды төлеймін. Қарыздар болмаймын.

Арақ тілеп тұрған Савелий қуанып кетті:

– Өзіңнің бірдемең бар ма? Құрғырың кеңірдектен өткеннен кейін жорғалап жөнелеміз ғой.

– Ішкің келіп тұрса, үйге кір. Бөтелкенің түбінде қалған-құтқан бірдеме бар шығар.

Савелий алақанын шапалақтап, Петрушкинді асықтырып, қолтықтай үйге кірді. Столдың үстінде аузы ашылған арақ тұр екен. Савелий стаканның белдеуінен асырып құйып жіберді де, сіміріп салды.

– Сенің Глафираға күдік жасауың бекер емес. Дәмін татқан ба, милиция атаулы осыны төңіректен шықпайды. Аңада жындыбазарда біреуі шыркөбелек айналдырып еді. Тағы да мына біреусі келіп тұр.

– Савелий оңай жолмен ішетін арақ тауып алғанына іштей қуанып отыр. Глафираны даттай түссе Петрушкиннің қызғанышы күшейеді, бақылауды нықтап, арақты көбірек береді деп ұқты. Біраз уақыт өткеннен кейін бұлардың үстіне Глафира келді. Ол Петрушкинді оңаша шығарып алып:

– Андрюша, үйге жүр. Саған ет қуырып қойдым, – деді де: – жұмыстан шыққаннан кейін участковоймен сөйлес. Ол маңызды іспен жүрген көрінеді.

– Жүрсе мейлі, онда менің қандай жұмысым бар?

– Сол маңызды ісінің саған қатысы бар ма деймін. Сыр тартып едім, айтпай қойды. Аузына арақ тисе мылжындап кететін әдеті бар. Сонда бірдеменің ұштығын шығармаса, казір діні берік, дәнеңе айтпайды.

Петрушкин ойланып қалды. Жалғыз қолының сыртымен сабалақ сақалын сипалап тұрып:

– Мен жұмыстан ертең кештетіп шығамын. Арақ-шарап алып, тамақ әзірлеп қойсаң қайтеді? – деді.

– Қай үйде жасайын?

– Өзіңнің үйіңде әзірле.

Глафира көшені бойлап кетіп бара жатқан Байкинді шақырып, дауыстады:

– Қожаш, ертең біздің үйге келесің бе?

– Неменеге?

– Ертең менің туған күнім.

– Онда кімдер болады?



- Кімдердің болуын қалайсың?
- Мен сенің оңаша қалуынды тілеймін.
- Қойшы, мені қайтесің. Оданда фабрика да бірге істейтін құрбымды шақырайын. Өзі жас, әрі сұлу.
- Танымайтын кісіге әуестігім жоқ.
- Маған көңілің ауған екен, мейлі. Қай уақытта келесің?
- Ертең қолым тимейді. Бүрсігүні келем. Сағат алтыдан кейін соғамын.
- Күтем сені, Қожаш!

Осыдан екі күн өткеннен кейін уәделі сағатта Байкин Данишевскаяның үйіне келді. Глафира үйде жалғыз, стол үстін жайнатып қойған. Глафира Қожашты көрісімен қуанған болып, үйге қолтықтап алып кірді.

- Үйде ешкім жоқ, па?
- Менің жалғыз болуымды тіледің ғой.
- Сенің ақылың бар, – деп Қожаш Глафираны аймалап, құшақтады. Глафира қарсылық көрсеткен жоқ. Төрге отырғызып арақты өз қолымен құйды да:
- Не үшін ішеміз? – деп, Глафира күлді.
- Сені туған күніңмен құттықтаймын.
- Рахмет!

Байкин алды-артына қарамай рюмканы қағып салды. Глафира ернін тигізді де қойды.

– Сенің етті жақсы көретінін білемін. Ет асып жатырмын. Қазір нанын салып әкелем.

– Глафира ауыз үйге шығып кетті. Қожаш қарап отырмады. Оңашада бір-екі рюмканы тағы сілтеп жіберді. Глафираға көңілдене тиіспек. Егер ол қолын қағып, бұлдана қалса, ішіп алған арағын, мастығын сылтау ете қояды.

Глафира табақпен етті әкеліп, столдың үстіне қойды.

Қожаш Глафираның білегінен тартып, қасына отырғызды. Иығынан құшақтап:

- Сенің денсаулығың үшін! Әрдайым осылай жомарт бол! – деді.

Глафира Қожаштың белінен құшақтап, жалаңаш мыңынын сипалағанын сөкет көрген жоқ. Ашық үнмен, сықылықтап күліп, Қожашты қоздыра түсті.

– Кісінің денесін құр бекер жыбырлата бермеші!

Бұлар ұзақ отырды. Қараңғы түскен. Үйдің шамы жағылған жоқ. Қожаш екі аяғын көсіліп жіберіп, шалқая жатып әндете бастады.

Қожаш қасына Глафира келгенде, белінен айқара құшақтап бас салды.

– Жіберші, ұят болады!

Осы мезгілде біреу есікті қақпай дауыстап кіріп келді.

– Үйде кім бар? Глафира, шамды неге жақпағансың?

– Петрушкин жарықты жаққанда төсекте көсіліп жатқан Қожашты көрді. Глафира киімін түзеп ысырыла берді.

Байкин шалқайып жатқан күйі қолын ұсынды.

– Петрушкинсің бе? Амансың ба? Қайдан жүрсің?

– Иә, мен, начальник жолдас! Аманбыз ғой. Өздеріңнің арқаларыңда жүріп жатырмыз. Жұмыстан шығып едім. Мына Глафира айбалтамды шарықтап бер, отын жара алмай жүрмін деген соң бұрылғаным.

Қожаш қолын шошайтып әмір етті:

– Неге тұрсың, Петрушкин? Отыр! Глафираның бүгін туған күні. Кел, соның денсаулығы үшін көтеріп қояйық.

– Мен мұны қойып едім. Сіз айтқан соң болмас.

– Петрушкин столға жақын отырды. Глафира басталмаған жартылықты әкеп қойды.

– Біздің Глаша, қонақты қалай сыйлауды біледі. Көрмейсің бе, саған басталмаған арақ әкеп қойды.

– Қожаш Глафира өз меншігіне тигендей еркінсініп сөйледі. Рюмканы сырып, арақты стаканға құйды. – Кел, ішейік!

Қожаш әбден қызды. Есін білмейтін халге жетті. Петрушкин де бұлғалақтап, мас болған кейіп білдіріп, басы салбырап кеткен. Қожаш оның иығынан тартқылады:

– Біз еркекпіз, солай емес пе? Глашаның денсаулығы үшін ішуіміз керек.

– Өзіңіздей үлкен кісімен тізерлесе отырып, табақтас болу бізге үлкен ғанибет. Сіз аса ақылды адамсыз. Ұлы адамдар сөйтеді.

– Андрей Алексеевич, біз екеуміз доспыз. Қазақта мұны тамыр дейді. Тамырлар бір-бірінен сыр бүкпеуге тиіс.

– О не дегеніңіз, оған сөз барма, начальник. Мен қынаптағы кездігің тәріздімін. Қалай сілтесеңіз де еркіңіз. Салған жерінен қадаламын.

– Тамыр болған соң мен саған сенемін.

– Қожаш басы қалтаңдап орнынан көтерілді.

– Білесің бе, бізде ақымақтар көп. Мен ақымақ кісілерді жек көрем. Олардың не айтатынын білесің бе? Матренаны өлтірген сен дейді. Түсіндің бе? Сен! Ха-ха-ха!

Петрушкиннің үрейі ұшты.

– Мен!

– Иә! Қандай топастық десеңші. Сендей кембағал әйелін өлтіре ме екен? Өлтіріп қайтеді? Ұнамаса, ажырасып кете бермей ме? Бізде, бауырым, нағыз қылмыскерді таппағанда жәбірленушінің өзіне жабысатын әдетіміз бар. Біз осыдан арылуымыз керек. Бірақ сен байқа. Тіс жарып біреуге айтып жүрме!

– О не дегеніңіз, начальник. Бұрын өзіңіздің тұлғаңызға қарап сырттай мәз болушы едім. Кісінің ақылы иығындағы шенімен емес, басымен өлшенеді екен ғой. Ақылыңызға дән ризамын.

– Шен керек болса қазір-ақ ала саламын. Республикалық басқарманың өзінде істейтін тамырым бар. Оған телефон соқсам жетіп жатыр.

– Қожаш қолы қалтырап, стаканға арақ құя алмады. Петрушкин көмектесіп, өз қолымен ішкізе бастады.

Глафираның бажылдаған даусы шықты:

– Андрюша, қой, берме! Араққа күйіп өлсе қайтесің? Бәлесіне қалармыз.

Петрушкиннің екі көзі қанталап кеткен. Көзінің ағы қыпқызыл. Глафираға ашумен қарады:

– Сөйлеме, арақтан кісі өлмейді!

Үйдің іші тастай қараңғы. Терезенің қақпағы жабық. Саңылаудан сыздықтап болымсыз сәуле түседі. Қожаш көзін ашып біраз жатты. Таңдайы қаңсып, өзегі кеуіп барады. Тұруға дәрмен жоқ. Жан-жағын сипалады. Қалайы кружкаға қолы тиді. Ішіп еді, жылымшы татыды. Арақ қосылған жуынды екен.

– Глафира, кел, қасыма жатшы!

– Ешкім жауап қатпады.

– Глаша, неге үндемейсің?

Осы мезгілде сырттан айқай-шу естілді. Бәрі жапатармағай бір жаққа жүгіріп бара жатқан секілді. «Бұл жұрт неге шуылдап жүр?» деп ойлады Қожаш. Басын көтерді. Қолын созып, қараңғылықты қармалады. Саусақтары жұмсақ денеге тиді. Ақырын сипалады. Глафира екен. Қорылдап ұйықтап жатыр. Әрі-бері жұлқылап еді, оянбады.

– Глаша, неге жатырсың? Тұр!

– Ол қозғалмады.

Қожаш тәлтіректеп орнынан тұрды. Есікті ашқанда күн арқан бойы көтеріліпті. Шақшиған күнге қарай алмай, бетін қолымен қалқалап, жасыра берді.

## **ЖИЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ**

Басқарма партия ұйымының секретары подполковник Колпашников бюро мүшелерімен бірге Майлыбаевтың үстінен түскен арыздарды қарап жатқан. Бюроға Кравченко да қатысты. Арызданушылар ретінде Анастасия Алтынбаева мен Ольга Лукина шақырылды. Анастасия сарыала киімді өңшең тұлғалы еркектерді көріп, тамсанды. Ерекшеліктерін бөлек танығысы келіп, әрқайсысына көз тоқтатып қарайды.

– Сіз Майлыбаевты білесіз бе? Бұрын онымен жолығып па едіңіз? – дегенде селт етіп, алақтап, бойын тез жинап алды.

– Кім дедіңіз?

– Талғатты танысыз ба?

– Оныңыз кім? Өзі жас адам ба?

– Сіз оны шынымен білмейсіз бе? – подполковник Колпашников таңданды.

– Сіз оны жақсы білем деген сияқты едіңіз.

– Жалпы еркектерді білем. Бірақ ондайдың атын естіген емеспін.

– Сіз аға лейтенант Талғат Майлыбаевты білуіңіз керек. Басқарма бастығына жазған арызыңызда: «Милицияның

аға лейтенанты Майлыбаевтың істеп жүрген ісі милиция қызметкері деген атаққа сиыспайды. Ол Галина Маслова деген әйелмен ашына...ң

– Ойбай-ау, еркектің әйелмен жүргені қылмыс па екен? Еркек болған соң жүреді де! Күндеп қайтем. Еркек пен әйел ләззат таппаса бұл дүниенің шақшиған жарығында қандай касиет бар?! Суық көрден несі артық!

– Сіз кішкене сабыр етіңіз!

– Сөзін бөлгізбей басқаға тыңдатып үйренген Кравченко тіксініп қалды. Ол арыз текстің жатқа оқып жалғастырды. «...Маслова өзінің сүйгені Талғат арқылы Кузьменкомен танысады. Жесір қатын ортақ үйге айналады. Маслованың қылмысы ашылып, қамауға алынған жерінде Майлыбаев оны босатып, бір түнде қашырып жіберді. Маслова қайырымын қайтарып бес мың сом берді. Ол параны екеуі бөліп алды... деп едіңіз. Ал бүгін танатын секілдісіз. Әлде біреулер қыстап, жолдан тайдырды ма?

– Қыстағанда оңай көне қоятынымды қайдан білдіңіз?

– Азаматша Алтынбаева, мәселе аса күрделі, мұндай іспен әзілдеуге болмайды. Дұрыс жауап беріңіз!

– Қандай арызды айтасыз? Түсінсем бұйырмасын.

– Анастасия ойланды. Лукинаға қарады. Кім еді? – дегендей сұрақты пішінмен иек қақты. Әлден соң:

– Ә, енді есіме түсті. Қожаш айтқан анау жігіт екен ғой!

– Қожаш деген кім? – Кравченко қасындағы кісілерге қарады.

– Сіз Қожашты білмейсіз бе?

– Анастасия екі иығын көтерді.

– Милицияның қызметкері, офицер.

Подполковник Колпашников кім туралы екенін аңғарды:

– Лейтенант Байкин жолдасты айтасыз ба?

– Иә, сол.

– Аға лейтенант Майлыбаевты танымасаңыз, оның пара алғанын қайдан білесіз?

– Қожаш айтқан соң жаздық.

– Сонда сізге жалған арызды лейтенант Байкин жаздырған екен ғой.

– Колпашников Кравченкоға қарады. Бұл екеуінің таңданып қалғанын байқап, Анастасия:

– Қожаш айтқан соң, Ольга Степановна екеуміз жаза салдық. Ол милиция лейтенанты. Милиционер өтірік айтып жалған арыз жаздырмайтын шығар.

Осы мезгілде майор Кузьменко кірді. Ол бюроға шақырылған еді. Кравченко Кузьменконы көрсетіп:

– Сіз мына кісіні танысыз ба? – деді.

Анастасия майордың бас-аяғына қарады. Басын шайқады.

– Жоқ, көрген адамым емес.

Подполковник Колпашников Кузьменкоға бұрылып:

– Анастасия Алтынбаева Ольга Степановна Лукина арызды Байкиннің айтуымен жазған. Бұл екеуі аға лейтенант Майлыбаевты өмірінде көрмеген. Галина Маслованы танымайды, – деді.

Кузьменко сұрақ қойды:

– Майлыбаевтың пара алмағанын біле тұрып қалайша жаздыңыздар?

– Біз Қожашқа сендік.

– Иә, солай. – Лукина басын изеп қостады.

– Қиылып сұрап тұрған соң, қағазды аяймыз ба, жаза салдық.

Коридор жақтан айқай-шу естілді. Бір әйел кезекшімен жанжалдасып жатыр. Ерік бермей, мәжіліс үстіне жұлқына кірді:

– Сендер осы не бағасындар? Бұл не деген масқара! Байкин деген біреу: «қараңды көрсетпе, сені қатаң жазамен қамағалы жатыр. Ақиқатқа жеткенше жан сауғалай тұр. Бекер күйіп кетесің!» – деген соң, тіліне еріп Жамбылға кетіп едім. Одан қайтып келгеннен кейін тағы қыр соңымнан қалмай қойды. «Өзіңе көр қазба, айтқанымға көн!» – деп, хат жазып жіберіпті.

Подполковник Колпашников Маслова берген қағазды алып жатып:

– Ол сізден не сұрайды? – деді.

– «Аға лейтенант Майлыбаев дегенге бес мың сом пара бергенім рас, деп қағаз жазып бер. Әйтпесе қараңғы қапаста

шірітем. Кісі өлтірген сенсің!» деп дікендеп қоймайды. Мұнысы не сұмдық! Милицияның зұлымдықпен күресуге шамасы келмей ме? – Төрде отырған Кравченкоға қарап: – сіздердің қайсыларыңыз бастық? Байкинді тиюға шамаларың келе ме, жоқ па? Келмесе тура үлкен бастықтарыңа барам.

– Меніңше, әңгіме түсінікті ғой деймін!

– Подполковник Колпашников Кравченкоға қарады.

Мәжіліс үстіне капитан Карпов шапшаң басып кірді. Кузьменконың қасына тақап келіп, құлағына сыбырлады:

– Петрушкиннің үйі өртеніп жатыр!

– Лейтенант Байкин қайда?

– Кузьменко ұшып тұрды.

– Қайда екенін білмеймін. Екі тәуліктен бері үйіне келмеген.

Подполковник Колпашников үш әйелге қарап:

– Сіздер үйлеріңізге қайта беріңіздер. Керек уақытта өзіміз хабарласып шақыртып алармыз, – деді.

Колпашников, Кузьменко, Карпов үшеуі машинаға жедел мініп, ет комбинатының селосына қарай тартты. Үй айналасында үймелеген жұрт, көбі қатын-қалаш, уақ балалар. Үй әбден өртеніп біткен. Төрт қабырғасы қаңқайып қалған. Өрт сөнген шақта, қоңыраулатып өрт сөндірушілер де жетті. Әр тұста бықсып, көмірленген бөренелерді сүйреп, құлатып үй ішін күл-қоқыстан аршып жүр. Аз уақыттан кейін Нәсір мен Талғат та жетті. Қастарында ғылыми-техникалық бөлімнің сарапшылары бар. Кузьменко түпкі үйдің қоқысын көтеріп жатқан. Нәсір қасына келді.

– Бұдан екі күн бұрын біздің жігіттер лейтенант Байкиннің осында жүргенін байқапты. Ол Данишевскаямен сөйлескен. Сіз Байкинді осында жіберіп пе едіңіз?

– Жоқ, ол бұл жұмыстан босатылған.

– Қазір қайда?

– Іздеп жатырмыз. Жұмысқа шықпаған, үйінде жоқ.

Өртшілер, сарапшылар тамның төбесі басып қалған төргі үйді аршығанда әбден күйіп біткен, сүйегі қалған өлікті көрді. Аршу жұмысын дереу тоқтатып, өлікті зерттей бастады. Әр қырынан суретке түсірілді. Ұзын-көлденеңі өлшенді. Өліктің

сол жақ қолының орны жоқ, күлтесі жанған. Капитан Карпов бойшаң ғой. Жұрттың иығының үстінен қарап тұрған.

– Байқұс күйіп өліпті, – деді. Оның бұл сөзіне ешкім жауап қатқан жоқ. Еденді қопарып жатқан Кузьменко Карповты шақырды.

– Тақтайы қандай қалың. Екі жағын бұрандап, бекітіп тастапты. Шегесінен ажырату қиын боп жатыр. Мына шетін сүйменмен көтерші, – деді. Аздан соң погребке түсті. Қабырғалары жалпақ тастармен қаланған. Жігі білінбейді. Кузьменко әр шаршы тасты ұрып, тыңдайды. Еденге жақындау плитаны соққанда балға дүңк ете қалды. Жұмсақ затқа тигендей шақылдамай-ды. Қашау салып, тастың жігін ашқанда ар жағынан кісі сиярлық қуыс көрінді. Қол фонарь сәулесін түсіргенде түбіне жарық жетпеді. Ұзалаң кең қуыс.

Кузьменко қараңғы қуыспен еңбектеп біраз жүрді. Бір-екі жерде қабырға құлап, топырақ басып қалыпты. Оны аршып біраз әбігерленді. Қуыстың сыртқы есігі қоқыс төгетін сайдың жарқабақ бетінде екен. Майор Кузьменко үсті-басы топырақ боп есіктен шыққанда сатпақ Савелий жарқабақтың үстінде ыржиып күліп тұр.

– Начальник жолдас, кімді іздеп жүрсіз? Майор Кузьменко үстін қағып, Савелийдің қасына келді.

– Сіз көршілеріңіздің бәрін жақсы танысыз ба?

– Бұл поселкеде он жыл тұрамын. Мен алғаш келгенде мұнда үй түгіл бір тал ағаш та жоқ болатын. Бәрі көз алдымда өсті. Неге білмейін. Бұл поселкенің кәрі-жасын түгел танымын.

– Мына көршің қайда?

– Кузьменко Петрушкиннің үйін нұсқады.

– Петрушкин бе? Байқұс сырты бұқпантай көрінгенімен намысқой ер неме екен. Күйікке шыдамай күйіп өлді.

– Күйікпен өлгені қалай? Сіз не туралы айтып тұрсыз?

– Өздеріңіз қусыздар-ау, онашада ұялмай жасайсыңдар да жұрт алдында түк білмегенсіп, аңқау бола қаласыңдар. Біз де адамбыз, алдап қайтесіңдер. Үндемесек – білместігіміз емес, сыйлағанымыз. Жұрттың сол сыйын ұқсандаршы! Петрушкин байқұс осының бәрін көре тұрып шыдамады.



Осында Глафира деген қатар қыз бар. Түрінің кемістігі демесең, бір еркекке лайық-ақ қатын. Киінсе, антұрған құлпырып кетеді. Өзінің дене бітімі сыптай әдемі. Соған Петрушкин құмартып жүрген. Үйленсем деген ниеті де болды-ау деймін. Алдыңғы күні сендердің учасковойларың келіп бұлардың шырқын бұзды. Мас боп, әбден әлек салды. Жанжалдың басы Глафирадан басталды. Петрушкин қимай қызғаныш жасап еді. Бишараны әбден жерледі: «Кемпірінді өлтірген өзіңсің, сенің көзіңді жоям!» деп қорқытқан соң байқұстың зәресі кетіп, Глафираны тастап қашты.

Майор Кузьменконың қасына оперативтік қызметкерлер, бұл төңіректегі кісілер жиналып қалған. Лейтенант Байкин де осылардың арасында жүр. Кузьменко Савелийге состия қарады.

– Не сөйлеп тұрсыз? Глафираны тастағаны қалай?

– Кәдімгідей қасына қалдырып кетті.

Байкин баж ете қалды:

– Жолдас майор, бұл азаматтың айтып тұрғаны шылғи өтірік. Маскүнемнің сөзіне сенбеңіз!

– Әй, сен кімді маскүнем дейсің?

– Савелий шап ете қалды.

– Білсең, мен сенен арақты көп ішпеймін. Түпсіз, нағыз жалмауыз сенсің. Өтірік болса, кәне айтшы? Сен қазір ғана Глафираның жылы төсегінен тұрдың ғой. Оны мына жұрттың бәрі біледі.

Алдыңкүні «осылардан қорқам, қасыма отыра тұршы!» деп Глафира шақырған соң барғанымда мені үйден қуып шығып, бөтелке лақтырғаның кәне! Оны да бекер дейсің бе?

Қожаштың түсі кісі аярлық еді. Үсті-басының мыж-мыжы шыққан.

Пенжагінің етегі сірне-сірне, көзі көлкілдеп, беті домбығып ісіп кеткен. Савелийдің сөзін қостаған дауыстар шықты:

– Шалдың айтқаны рас!

– Обалы не керек, бұл байқұс ішеді демесең, өтірік айтпайды.

– Глафира шақырған соң, құлқыны жаман неме, ебелектеп

бара қойып еді. Басын әрең алып шықты ғой!

– Қоршаған жұрт Байкинге жеңіс бермеді.

– Майор жолдас, сіз мені мына топырдың талқысына салып милиция офицерін қорлап тұрсыз. Бұлардың бәрі алаяқ, алыпсатарлар. Сөзіне сенбеңіз. Әйтпесе мен шағым етемін!

Кузьменко терісіне сыймады.

– Сіз мұнда не ғып жүрсіз? Поселкеден аулақ жүр дегенім қайда?

Байкин Кузьменконы кекеткендей ыржиды:

– Сіз, майор жолдас, Петрушкинге бекер жабысасыз. Ол екеумізден адал. Оның өліміне жауап беріп жүрмеңіз!

Майор Кузьменко қысқа бұйырды:

– Шапшаң басқармаға барыңыз. Өз ісіңіз жөнінде рапорт жаз! Түсіндіңіз бе?

Байкин топтан жарылып, басы салбырап ақырын аяндады. Өртенген үйдің қасында жүрген Талғатқа көзі түсті. Үстіндегі киімі жіптен шыққандай судай жаңа. Төрт жұлдыз тағылған зерлі погоны күнмен шағылысады. Қожаш қызметті Талғаттан бұрын бастады. Бөлімшеге келгенде дәрежесі бір саты артық еді. Талғат кішкентай жалғыз жұлдызбен жүргенде, Қожаш лейтенант болатын. Аз жылдың ішінде Талғат шен дәрежесі өсіп, жоғарылап кетті де, Қожаш өспей қалды.

Петрушкинді соңғы жолы көрген куә сатпақ Савелий еді. Нәсір оңашалау шығарып алып, аты-жөнін сұрап, сұрақ қойғанда:

– Сендердің қайсыларың бастық, қайсыларың үлкен-сіндер? «Ең үлкен начальнигінің қолына табыс ет – деген марқұмның өтініші бар еді. Тіріге қадірім кетсе де, өлетін кісіге сыйлы екем. Марқұмның аманаты мойныма парыз болмасын, – деп ышқырын көтеріп шалбарының ауын шешті. Төрт бүктелген қағазды алып Нәсірге берді.

Нәсір қағазға шапшаң көз жүгіртіп, Талғатқа берді.

– Өлім алдындағы ақырғы хат па, қалай ойлайсыз?

Талғат асықпай оқыды. «Мен кембағал, мұңлы жан едім. Арызданып бармаған жерім қалмады. Әділет таппадым.

Өмірден түңілдім. Бұған кінәлі милицияның майоры Кузьменко мен оның сыбайластары. Мені көрге тыққан осылар. А. Петрушкин. Аздан соң Талғат:

– Бұл хатты қайтем? – деді.

– Өзірге қалтаңа салып қой. Кейін ақылдасармыз. Са-рапшылар бір қортындыға келе алмады. Шамамен былай топшылады: «Петрушкин қатты мастықтың салдарынан үйге байқамай от қойып алған. Өзі түтіннен тұншығып өлген. Немесе темекіден өрт шыққан. Алдымен киімі, үй-мүлкі жанған. Нақты қорытынды лабораториядан кейін шықпақ.

Талғат Петрушкиннің ниетін әбден зерттеген еді. Жүзбе-жүз сөйлеспегенімен айласы мол адам екенін сырттай бақылап таныған.

Өз мақсатына жету үшін талай өлікті аттаған адамның оңай өле қалғанына сенгісі келмейді. Петрушкин ұзындау, сұңғақ бойлы еді. Ал мына күйген адамның бойы қысқалау. Күлденген дене де қомақты, жуан. Бірақ шала жанған ботинка – Петрушкиннің аяқ киімі. «Кісі өртеніп өлгенде бойы кішірейе ме?» деп ойлады Талғат. Қасына Кузьменко келді. Қабағы түскен. Осы сәтсіздікке өзі кінәлі кісідей киналып сөйледі:

– Абайламасақ арадағы арамза да дұшпан екен. Кеш білдік. Өйтпесе мұндай жайға ұшырамас едік.

Бұл іске әуелде оны қатыстырғанымыз қате болған.

Талғат өз ойымен әлек еді. Өртүрлі жорамал жасайды. Ол ойы өзіне қисынсыз көрінеді. Алдында кісі өліп жатқанымен нақ соның Петрушкин екеніне көңілі дауамайды. Қарсы дау айтуға дәлелі жоқ. Кузьменконың әлгі сөзіне ол:

– Петр Петрович, мемлекеттік автоинспекциямен хабарласайық. Машинасын ұрлатқандар жоқ па екен? Соны анықтасақ қайтеді? Үшеуі басқармаға оралғанда, Нәсір Талғаттың пікірін жақтады:

– Жеке меншік машиналар мұқият тексерілсін. Бізде тілхатпен біреудің машинасын айдап жүргендер көп. Соларға зер салынсын. Және шаштараз Сигаловтың қайда жүргенін шапшаң анықтау керек. Оның гаражында машинасы жоқ көрінеді. Кіммен кеткенін де білген жөн.

Талғат пен Нәсірдің күдігі Кузьменконың көкейіне қонбады. Іздеген адамы өртеніп, қара күйе болып жатыр. Петрушкиннің өлгенін көрген куәлар да бар Кузьменко телефон трубкасын еріксіз көтеріп:

– Енді аруакты іздейміз бе? – деді.

Нәсір күлді:

– Қажет болса, Петр Петрович, аруакты да іздейміз.

### **ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУ**

– Түріңе қарасам, жас бала екенсің. Ал сөзің кісіге инеше қадалады. Мен әкеңмен құрдас адаммын. Мұнша жәбірлеп, қинағанда саған не түседі? Кісінің түсіне кірмеген қайдағы жоқ пәлені әкеп таңасың? Бес жүз сом ақшаны не үшін берді дейсіз? Ол не қылған тегін ақша? Көрсем, ұстасам бұйырмасын. Петрушкинді танымаймын. Менің өзің сияқты жеткіншек ұлым, бала-шағам бар. Сақалымның ағында солардың алдында маскара еткеніңіз қалай?

– Тюнин көзінің жасын сығып алды.

– Болашағың, үмітің бар баласың. Мені бекер зарлатпай өз ықтиярыма жібер. Біреуді жылатқанда мұратқа жетесіз бе?

Талғат дүкенші Тюниннен екінші рет шақырып, жауап алып отырған. Өзіне қойылған кінәны мойындамай бәрінен танады. Бірінші берген жауабын магнитофонға түсірген еді. Бүгін де сол сөзін бұлжытпай қайталайды.

– Сенің қолыңда күш, билік бар. Өз мақсаттарына жету үшін бәлкім қол жұмсарсыңдар. Бірақ өзімнің жанымның адалдығына кәміл сенем. Сендердің жол-сыздықтарыңа адал арымды қарсы қоямын. Сіздің жалған протоколыңызға қол қоймаймын. Осыны біліп қойыңыз.

– Азамат Тюнин, мен ойдан құрап протокол жазбаймын. Қағазға айна-қатесіз өз сөзіңіз жазылады. Тыңдаңыз!

– Майлыбаев магнитофонды қойғанда Тюнин өз сөзін естіді.

– Егер осы айтқан сөзіңізде жалғандық болса, кейін өкпелемейсіз.

– Әрине... Солай. – Тюнин қипақтап қалды.

– Мен өзімнің білгенімді айтамын.

– Әлгінде жеткіншек ұлым бар дедіңіз. Аты кім? Қайда істейді?

– Бірінші қатыннан туған бала ғой. Ажырасқанда шешесінде қалған. Ер жеткенше алиментін алып тұрды. Әкелік парыздан құтылғам. Сібір жақтағы құрылыстың бірінде прораб көрінеді.

– Азамат Тюнин, сонымен сіз Петрушкинді білмейсіз?

– Ондай кісіні танымаймын.

Талғат қоңырау берді. Күзетші солдат кірді.

– Куэгер Таңатаровты шақырыңыз!

Хакім кірді. Бұрышта бүрісіп отырған дүкеншіге, сонан соң Талғатқа қарады. Қасына тақап келді. Таңырқап тұр. Бұл жігітті бір жерде көрген секілді. Иә, соның өзі. Қонақ үйдің алдында жолыққан. Темекі тарта білмейтін жігіт. Оның қалында уыздай жас қыз болған. Бұл дүкеннен газет алғанда қыз орындықта отырған...

Талғат Хакімнің танығанын сезді. Оны елемегендей:

– Таңатаров, сіз мына азаматты танысыз ба?

Хакім дүкеншіге бұрылды:

– Өзін жақсы білмеймін. Бірақ бір жолы жолыққаным бар.

– Қалай кездестіңіз?

– Мен бұл бәлені көргенім жоқ. Өтірік айтпасын.

– Тюнин бұлқына тұрды.

– Отырыңыз, азамат Тюнин!

– Талғат Хакімге қарап: – Айта беріңіз, – деді.

Хакім Таңатаров Талғаттың өзіне белгілі жайды жаймажай түгел айтып шықты.

– Мен ақшаны бергенде мынау дүкенші «Петрушкинге айта бар, сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр!» деді.

– Жә, жетеді, өзім айтам, – Тюнин Хакімге оқты көзімен қарады.

– Азамат Тюнин, айта беріңіз, тыңдап отырмын.

– Кешір, азамат тергеуші. Менің Петрушкинді білетінім

рас еді. Өзі сұйықтау кісі болған соң, қырсығы тиіп кете ме деп есімі аталғанда шошып кеттім.

– Онымен қалай таныстыңыз?

– Мен Петрушкинмен «жынды базардаң танысқан едім. Арзан жас етке қарық боласың деген соң, біреулердің сілтеуімен сол жаққа бардым. Етті өлшемейді, дорбалап сатады. Базардың нақ ортасында сыраханасы бар. Сыраhanaға кірсем, іші ығы-жығы, кісі көп. Алдыңғы жағында шолақ адам тұр.

Кезегі жетіп қалыпты. «Ала шық деп екі саптыаяққа ақша бердім. Сыраны алып шыққаннан кейін бірге отырдық. Бірге іштік. Ілезде танысып кеттік. Онда ол қазіргі үлкен үйін тұрғызып жатқан. Төбесін жабатын шиферге ақшам жетпей тұр деп қиналды. Ішкен адам көңілшек, бес жүз сомды қалай суырып бергенімді білмеймін. Әні-міне деп жүріп сол ақшаны бермей созбалаңға салды.

– Сіз Петрушкинмен танысу, оған бес жүз сом беру хикаясын осы жерде ойдан шығардыңыз. Алғашқы ниетіңіз бұлай емес еді. Сонымен, сізді тыңдап отырмын.

– Менің басқа айтарым жоқ. Қарыз ақшамды алғанымға кінәлымын ба? Үйім бітпей тұр деп қиналған соң, бишараның қажетін өтейін дедім.

– Сіз Петрушкиннің өртеніп кеткен үйін айтасыз ба?

Тюниннің беті күлімдеп кетті. Талғатқа тура қарады:

– Ол бишараның үйі өртеніп кетті ме? Обал болған екен.

– Қарызға алған ақшасын Петрушкиннің бөтен біреуден жасырып беріп жіберуі қалай? Өзі неге әкеп бермеді.

– Шолақтың бұл сырын ұқпадым. Оны өзінен сұраңыз.

– Тюнин сығырайып көз қиығын тастады. Талғат сабырлы жауап қатты:

– Петрушкин қазір ауруханада жатыр.

– Не боп қапты оған? Өзі аман ба?

– Аман. Аз күннен кейін сізбен беттестіреміз. Сонда өзіңізге қиын боп жүрмесін.

Кузьменко мен Нәсір басқа бөлмеде Тюниннің жауаптарын тыңдап отырған. Петрушкиннің үйі өртенгенін Тюнинге білдіріп қойғанда, осыны жас тергеуші бекер айтты,

байқамады, тәжірибесіздік жасады-ау деп екеуі қынжылған еді. Талғат Тюниннің алдын торып, оның Петрушкинмен беттестіруді сұрайтынын сезіп, әдейі алдын-ала жорта айтқанын білді.

Талғат орнынан тұрды.

– Сіздің әлгі айтқан хиқаяңызға сенелік. Бірақ қарызға берген ақшаны алған кезде «сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр деп Петрушкинді сақтандыруыңыздың мәнісі қалай? Бұған қарағанда Петрушкин қылмыс жасаған. Оны сіз жасырып отырсыз.

– Азамат тергеуші, мен оның қылмысын білмеймін.

– Бәлкім, ол сіздің қылмысыңызды білетін шығар.

– Қойыңыз, мен қандай қылмыс жасаппын?

– Оны өзіңіз айтқаныңыз жөн.

– Мен адал адаммын. Бұл жала!

– Қылмысты жасыру – кінәны ауырлата түседі. Қажет десеңіз, есіңізге салайын. Дүкен ұстаудан бұрын аптекте істедіңіз. Әйелдерге түсік тастататын дәрі бердіңіз. Сіз осы жолмен пайда тапқыңыз келді. Бір жолы сізден дәрі сатып алған қыз, оны ішкенде кенет соқпасы ұстап, қайтыс болды. Сіз қатты қорқып, аптектең бездіңіз. Ол кезде уландыратын дәріні қызға кімнің сатқанын анықтай алмап едік. Сіз екенін соңынан білдік.

Тюнин екі алақанымен тізесін сипалап:

– Мен ешкімге у дәрі берген емеспін. Ал ептеп дәрі жасап сатқаным рас. Оны мойындаймын.

– Жас қызды кім өлтірді? Сізден алған дәріні ішпесе ондай қайғылы оқиға болмас еді. Сіз тағы да қылмыс жасап отырсыз.

– Петрушкин менің аптекте істегенімді естіп, бір дәрілер тауып бер деп қоймай жүретін.

– Милиция ізіне түсіп жүр деп Петрушкинді сол үшін сақтандырдыңыз ба? Азамат Тюнин, жалған сөздің де қисыны бар. Әлгінде қарызымды алдым деп едіңіз, енді аптек хиқаясын қозғадыңыз. Поселкеде аптек бар. Петрушкин керекті дәрісін содан сатып ала алады. Мұнда сізді араға жалдауының сыры бөлек. Шындықты айтқыңыз келмесе өзіңіз біліңіз. Кейін өкінесіз.

– Шынымды айтсам, кешірім бере ме маған?

– Оны сот шешеді.

– Азамат тергеуші, мен совет заңының әділдігіне сенемін.

Кінәмды мойныма алғанымды ескерер деп ойлаймын. Өзіңізге алдында айттым ғой, бар бәле сол «жынды базардан» басталды. Арақтың желігі қоя ма, Петрушкин екеуміз құшақтасып, әндетіп сыраханадан шыққаннан кейін оның үйіне келдік. Кемпірі момын адам екен, үнсіз қарсы алды. Күйеуін сөккен жоқ. Сол үйде отырып тағы іштік. Петрушкин мойнымнан құшақтап сыбырлады: «Искеткенде шапшаң ұйықтататын дәрі тауып бер. Аса қажет боп тұр, – деді. Сол сәтте: «Осының жас әйелге көңілі түсіп жүрау деген ой келді де, «жарайды дей салдым. Ол «әжетіңе жаратарсың» деп бір қат ақшаны төс қалтама жып етіп сала қойды. Үйге келіп санасам аттай мың сом. Ертеңіне Петрушкин дүкенге келді. Осы ақшасын қайтып алғалы жүр ме деп зәрем кетті. Ол сұрамады. Дәрінің қашан әзір болатынын білді. Бір күні сыртқа серуендеп қайтуға шақырды. Ішіп отырған кезде ол «Рахмет, саудагер, сенің көмегіңнің арқасында кемпірден құтылдым, – деді. «Қалай деп шошып кеттім. «Сен үрейленбе, ешкім білмейді. Жетіқабат жердің астында жатыр. Өзі тілімді алмай әбден зықымды шығарып еді. Тіпті мені өкімет органына айтам деп қорқытты. Енді сол өкіметіне шағымданғанын көрейін, деп қарқ-қарқ күлді. Алған ақшаны сол сәтте бетіне лақтырып жібергім келді. Бірақ қимадым. Өлер кемпір өлді, жерде жатқан мал жоқ. Ақшаны неге бекер шашам деп ойладым. Осыдан соң Петрушкинді бірталай уақыт көрмедім. Оның бұл дүниеде барын ұмытқандай едім. Белгісіз адам екі қорап сигаретаны тастап кеткенде соны Петрушкин келіп алады деп ойлаған жоқпын.

– Қораптағы шынымен сигарета ма еді?

– Сырты темекіге ұқсағанымен біреуі көгілдір түсті порошокпен нығыздалған. Дәмі тотияйын секілді, удай. Екінші құтыға темекі толтырылған.

– Мұны неге айтпай жасырдыңыз?

– Айтуға жүрексіндім.



– Сонан соң...

– Петрушкин дүкенге келіп екі қорап сигаретаны сұрағанда өзім таңдандым. Осы пәледен тезірек құтылғым келді. «Ашқан жоқсың ба?» – дегенде: «темекімен әуестігім жоқ дей салдым.

«Сен фармацевтермен таныссың. Алдағыны жасап бере салшы, қарыздар болмайын деп өтінді. Петрушкиннің істеп жүргені қисық екенін сездім. Жылан арбаған торғайдай қарсы келе алмадым. Дәрінің рецепті ақшаның белдеуіне ораған қағазда жазылған екен. Сол рецепт бойынша таныс кісілерден дәрі-дәрмек іздедім. Құрамы күрделі боп, дәріні құрастыру қиынға түсті. Жоғын басқа дәрімен ауыстырдық. Рецепт бойынша дәрі дайын болғанда өзім таңдандым. Сахар кайнататын күл секілді, түсі қоңырлау бірдеме.

– Дәріні сізден кім алды?

– Қонақ үйдің қарсысында шаштараз бар. Соған апарып бердім.

– Шаштаразды танысыз ба?

– Бұрын көрген адамым емес, білмеймін.

– Петрушкин осы үшін төледі ме?

– Иә, әлгі шұнақтың әкеп берген ақшасы сол болатын.

– Сіз осындай «қызметіңізбен екі адамды өлтіруге көмектестіңіз. Бұл ауыр қылмыс.

– Азамат тергеуші, жұрттың нендей пиғылы барын мен қайдан білейін? Өтініп сұрап тұрған соң қолдан келгенді аяғың келмейді. Оның үстіне күн көру керек. Аз ғана айлық тұс-тұстан түскен алименттермен кетеді. Жол-жөнекей кіріс кірмесе қиын. Өздері ұсынып тұрғаннан кейін қиғың келмейді. Ақшаның арамы жоқ, қайда салсаң да өтеді. Өз кінәмды сіз айтқан соң ұғып отырмын. Үлкен әбестік жасағанымды білдім.

Күзетші солдат Тюнинді алып кеткеннен кейін капитан Майлыбаев Кузьменко отырған бөлмеге келді. Кузьменко орнынан тұрып қарсы алды.

– Талғат, сен үлкен жұмбақтың сырын аштың. Петрушкин өзінің әйелін дәрімен есеңгіретіп, сонан кейін өлтірген екен. Кемпірді мұнша қинап өлтіргені қалай?

– Біз Петрушкинді ұстап, тергеуге алғанда мұның сырын әлдеқашан шешер едік.

Нәсір әңгімеге қосылмай, бір шетте сарапшылардың берген қорытындыларын салыстырып жатқан. Ол қағаздан бас көтерместен:

– Мұнда өртенген кісінің күлі мен жанған үйдің күлі арасында айырмашылық бары айтылған. Өлік өте жоғары температурамен өртенген, күлі майда. Ал үйге тиген жалын ондай өткір емес, ағаштар көмірленіп қана күйген, – деді.

Нәсір Талғатқа бұрылды:

– Сіз бұған қалай қарайсыз?

– Дүкеншіден жауап алған кезде Петрушкин соңғы жолы дәріні не үшін жасатып алды? Сонысы кісі өртейтін дәрі емес пе деген ой келген еді. Үй-ішін өрт шалғанда жанатын мүлкі стол, шифоньер, орындық секілді ағаш дүниелер ғой. Үйдің едені, төбесі де өртенсін делік. Мұның бәрі кісінің сүйегі балқитындай қызу бере алмайды. Олай болса біреу үйге от қоймастан бұрын өлікті аса ыстық жалынмен өртеген. Күл арасында айырмашылықтың болуын осыдан деп білемін.

– Мен де солай ойлаймын, – деді Нәсір басын изеп.

Кузьменко қайран қалды:

– Өртенген Петрушкин емес пе? Онда ол кім?

– Мен де соны ойлап отырмын.

– Нәсір қағаздан басын көтерді.

– Біз кеше ғана орталық архивтен материал алдық. Біздің көп жыл бойы іздеп жүрген Штерніміз төрт мүшесі сау кісі деп ұғып жүрген едік.

Оның қолынан, кеудесінен жараланғанын білетінбіз. Оны көрген куәлар бар. Ал ол кейін жарасын әдейі асқындырып, қолын алдырып тастаған әрі бетіне пластикалық операция жасатқан. Сөйтіп кісі танымастай өзгеше адам болып шыға келген. Осындай айлакер адамның оңай өле қалатынына сенбеймін.

– Өртенген өліктің бойы тым қысқа. Сол шаштараз Сигалов емес пе? – деді Талғат.

– Сигалов аман-сау, міне көріңіз! – деп Кузьменко Сигаловтың телеграммасын алдына қойды. Телеграмма Іле

поселкесінен жіберілген. Кассирша әйелдің атына келіпті. Өз атынан үш күнге еңбек ақысыз демалыс сұрап арыз жазуды өтінген.

Кузьменко Талғаттың бөгелгенін көріп:

– Бұған не айтасыз? – деді.

– Телеграмманы Сигаловтың өзі берген бе?

– Оны кім бергенін қайдан білейік. Мұндағы жазуда Сигаловтың аты-жөні көрсетілген. Петрушкинді тіріге жорысаң ол өзінің жүрген жерін жарияламайтын шығар.

Нәсір қолын артына ұстап бөлменің ішінде әрі-бері жүрді. Ол Кузьменконың қасына тоқтап:

– Меніңше, Петр Петрович, телеграмманы Берген Петрушкин бе деп ойлаймын. Тегі оқиға былай болған сияқты: Петрушкин Байкиннен милиция ізіне түсіп жүргенін білгеннен кейін, Данишевская екеуіне ұйықтататын дәрі беріп, өзі дереу Сигаловты шақырады. Машинасын мініп келуді сұрайды. Сигалов қаннен-қаперсіз оның үйіне келеді. Петрушкин дәрімен есеңгіретіп, оны өлтіреді. Қолын шабады. Өртейді. Осының бәрін бітірген соң жер асты жолымен шапшаң шығып, Сигаловтың машинасына отырады. Екеуі бұрын Ілеге жиі баратын. Кісі қысылшаң шақта өз әдетін қайталағанын білмей қалады. Петрушкин де сол әдетіне басып Ілеге тартады. Поселкеге жеткенде ары жүруге өрісі тар екенін сезеді. Есін жияды. Қуғыншылардан құтылу үшін оған уақытты ұту керек. Мұндай кезде ол не істеуге тиіс?

– Сигалов болып телеграмма беруден басқа амал қалмайды, – деді Талғат, – Ол біздің Сигаловты іздейтінімізді біледі.

– Дұрыс айтасыз, – деді Нәсір қостап.

– Петрушкин тірі, қайткенмен де оны іздеп табу керек.

– Савелий шал Петрушкиннің өлгенін өз көзімен көрді. Соңғы хатын табыс етіп отыр. Мұны бекерге шығарасыз ба? – деді Кузьменко.

– Петрушкин бұл хатты Савелийге бұрын жазып берген. Сірә, үйді өртер алдында, Сигалов келместен бұрын жазып, оның қалтасына салған болуы керек. Өйткені Савелий бұл қағазды қай уақытта бергенін білмейді, ұмытып қалған.

Өрт шыққанда мастығы тарамаған Савелий үйге жүгіріп кіреді. Өртенген өлікті Петрушкин деп ойлайды. Мұның бәрі Петрушкиннің әдейі құрған торы. Аңқау Савелий оны аңдамаған.

Кузьменко орнынан тұрды:

– Не бұйырасыз, майор жолдас? Қылмыскерді қай жақтан іздегеніміз жөн?

– Іледен телеграмма бергеніне қарағанда ол бұл бағытта болмайды. Құлжа жолы қысқа, Кеген асып кете алмайды. Сонда қайда бет алуы мүмкін? Тек Піспек қалады. Ар жағында Ташкент, Қызылорда асатын үлкен жол бар.

– Петрушкиннің ерекше белгілері тым көп. Ашық жүре алмайды. Оны елсіз жақтан іздеген дұрыс, – деді Талғат.

– Мұның да қисыны бар, – деді Нәсір сәл ойланып. – Сигаловтың машинасының түсі қандай еді? Көк түсті «Волга» ма? Сондай машинаның Фрунзе жаққа өткен, өтпегенін білсін. Шапшаң іздеу салайық.

Бір сағаттан кейін Нәсір мен Талғат Фрунзе қаласына жүріп кетті.

### **ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ**

Талғат көзін ашты. Үйдің іші аппақ. Төсек те кіршіксіз таза. Қасында отырған қыз да ақ халат киген.

– Сәуле, бұл сен бе? Мен қайда жатырмын?

– Талғат басын көтерейін деп еді, тұла бойы зіл тартып қозғалтпайды. Сол жақ қолтығы, жүрек тұсы ине сұққандай шаншып өтті.

– Қиналып жатқан жоқсыз ба? – Сәуле Талғаттың ашық омырауын қымтап, сүйір саусақтарының ұшымен көзін сүртті. Мөлдір кара көзі жайнап кетті. Екі бетіне сәл қызыл ойнаған. Ашық ажары Талғатқа соншама сұлу, әдемі көрінді. Сәуленің нәзік қолын алақанына салып сипалады. Өткен күндерді есіне алды. Ауруханаға қалай түскенін ойлап жатыр.

Олар сол күні Фрунзеге жүріп кетті. Бұл уақытта Нәсір Бөгенбаев бастаған оперативтік топ қырғыз астанасына

жетіп үлгерген еді. Олар Петрушкиннің қайда бет алғанын шамамен анықтап та үлгерді. Екі тәулік бұрын көк түсті «Волга» көрменің тұсынан өтіп, тура тауға бет алған. Айдаушы жалғыз. Қасында кісі жоқ. Үлкен қалада машинаның көзге түсу себебі қаладан шыға берісте асханаға сыра тасып жүретін арбакештің арбасына соқтығысып, машинаның сол жақ көзі күлталқаны шығып қираған. Темірлері жапырылыпты. Сонда да машина тоқтамай өткен. Арбакеш шофердің күн даулап, жанжал шығармай өз бетімен кеткеніне қуанған. Машина ішінде отырған кісі Петрушкин екенін оперативтік топ бірден аңғарған еді. Қираған машина үлкен жолдың бойымен ашық жүре алмайды. Кісі көзіне көп көрінбейтін елсіз бұрма жолға түседі. Олар машинаны жырақ жолдан іздестірді. Келесі күні тауды кескен қия жолдың қуысынан қираған машинаны тауып алды. Айдаушысы жоқ. Тіпті із қалдырмаған. Оның қайда кетуі мүмкін? Жақын маңайдағы ауылдарға бара алмайды. Сініспейді. Фрунзеге оралады. Қаладан іздестірген жөн десті. Талғаттың өз басы Петрушкиннің бұл жақта тиянақтай қоятынына сенбеді. Қала оған таныс емес. Қонақ үйге қона алмайды. Түнеуді сұраған тосын кісінің тілегі күдік туғызады. Амалсыз ол Алматыға қайта қайтады. Қала сырлас, онда таныстары бар. Ол үйлерде жасырынып жүре алады. Талғат өзінің бұл пікірін айтқанда Нәсір қостады.

– Машинаның осы тұста қирағанын көргеннен кейін өзін осы маңнан іздейді деп ойлайды. Бізді әлекке салмақ амалы бұл. Талғаттың айтқаны дұрыс. Ол бұл жерде емес. Нәсір Алматымен сөйлескенде генерал мұндай жорамалды қисынды санады. Әйткенмен оперативтік қызметкерлердің бір тобының Фрунзеде қалып, іздестіру жұмыстарымен айналысуын қажет деп тапты. Әсіресе Фрунзе – Жамбыл асатын жолдардың бойын қадағалау керек екені айтылды. Нәсір сол күні Талғат екеуі Алматыға қайта оралды. Талғат ұзақ күндер Петрушкиннің ізіне түсіп, бақылауға алғанда оның біреудің үйіне аялдағанын, я түнегенін көрген емес. Бірақ Тастақтағы «Голубой Дунай деп аталатын шайхана Петрушкиннің рахаттана дем алатын орны секілді еді.

Қаланы шарлап шыққаннан кейін ол осы жаққа бұрылып, шайханаға соғып тамақтанатын. Ұзақ отырып сыра ішетін. Буфетші әйелмен әзілдесетін. Буфетші жесір әйел. Петрушкин астына қабын төсеп отыра бастағанда ол қасына жетіп келіп, столдың үстін реттеп, Петрушкиннің мұнда келгенін теріс көрмейтінін сездіретін. Петрушкинді қаланың қай тұсынан іздеу керек дегенде Талғат осы буфетші әйелді есіне алған еді.

Әншейінде кеудесін көтеріп, тайтандап жүретін менмен әйел жасқаншақ, қорғаншақ боп қалған. Баяғыдай емес, келім-кетім кісілерге күдіктене, сескене қарайды. Мұның бәрі бекер емес екенін Талғат бірден аңғарды. Петрушкин буфетшінің үйіне жасырынғанын сезді. Буфетші үйінен бір қадам шықса есігін кілттеп, жан-жағына көз салып абайлап қарайды. Әр жолы терезені тақылдатып белгі береді. Оперативтік топ бірнеше күн буфетшінің үйін бақылауға алды. Бірақ ішке кіре алмады. Көршілеріне де есігін ашпайды. Не істеу керек? Буфетші жеке меншік үйде тұрады. Қора-жайы бөлек. Жалған өрт шығаруға ұйғарысты. Сырыққа мақта орап, керосин құйып, от қояды. Терезе тұстан әрі-бері бұлғайды. Лаулаған жалын көтерілгенде «өрт!» деген айқау-шу шығуға тиіс. Үйде жатқандар аңдамай, атып шығатыны айқын. Қылмыскерді осындай қапылыста ұстамақ болды. Талғатқа мұндай тәсіл қызық әрі баланың ойыны сияқты көрінді. Қараңғы түнде лапылдаған от кәдімгідей өртке ұқсаған еді. Буфетші әйел бажылдап, есіктен тұра қашқанда, Петрушкин терезені бұзып, қиратып шыққан еді. Сол сәт ол өрттің жалған екенін ұққан секілді. Көзіне қара көрінсе талғамай атып, бақ ішіне жасырынғысы келді. Талғат үлкендердің ісін тамашалап, көрші үйден жүгіріп шыққан баланы денесімен қорғаштап, нақ түптен атылған оққа кеудесін тоса берді. Құлап бара жатып өзі де атып қалды. Петрушкиннің жаңғыз қолынан пистолеттің сусып, түсіп бара жатқанын көзі шалды. Одан арғысы есінде жоқ. Білмейді... Талғат әлсіз саусақтарымен Сәуленің қолын қысып: – Мен осылай көп жаттым ба? – деді. Сәуле Талғаттың ыстық қолын кеудесіне басты.

– Жок, сіз жәй ұйықтап жаттыңыз. Палатаға дәрігер кірді. Талғаттың тамырын ұстады. Маңдайына алақанын салып:

– Енді қауіп жоқ, – деді. Кузьменко қасына Нәсірді ертіп Талғатқа кірді.

– Петрушкин өзінің әйелін өлтіргенін мойындады ма? – деп сұрады Талғат амандықтан кейін. Кузьменко есік жаққа жалтақтап қарап:

– Талғат, саған сөйлеуге жарамайды. Өйтсең дәрігер мені қуып жібереді. Бәрін өзім айтам, сен тыңда. Петрушкин біреуден жұмбақ хат алғаннан кейін қуаныштан мас болып отырып, байқамай фашистердің жазалаушы отрядында қызмет еткенін Матрена Онуфриевнаға сыр етіп шертеді. Зәресі кеткен Петрушкин бұл сырды Масловаға айтып қойды ма деп қорқады. Оның үйінен келген бетте дәрі иіскетіп есеңгіретіп, басын балтамен шауып тастайды. Өлікті кілеттің табанындағы цементтің астына көмеді. Алғашқыда ол кемпірдің сүйегін өртеп тастағысы келеді. Дәрінің қоспасында қателік болған ба, от алмайды. Амалсыз кілетке апарып көмеді. Ашқанда байқадық: Өлік иістеніп, былжырап аға бастаған екен. Куәгерге Глафираны шақырған едік. Көрден шығарып жатқанда Глафира шыдай алмай бетін басып: «Осындай да жауыздық болады екен!» деп жылаған қалпы үйіне тұра жүгірді. Ал чемодан ұрлатқан қонағымыздың кім екені анықталыпты. Міне, бар оқиға осы. Дәрігердің маған берген уақыты бітті. Өзірге қош боп тұр. Қазір Покровкаға бара жатырмын. Бандиттер әлі қолға түскен жоқ. Қалғанын келген соң сөйлесерміз. Кузьменко жайлап басып шығып кетті. Талғат Сәулеге қарап еді. Иығына басын салып ұйықтап отыр екен.

Талғат оятпады, ақырын құшақтап бауырына тартты.

1965 – 1969 жыл.



## МАЗМҰНЫ

Қ. Исабай «Әрқашан озып жүрді».....3

Роман және повесть

ҰЯСЫНАН БЕЗГЕН ҚҰС(*роман*).....12

ҚАСТАНДЫҚ (*повесть*) .....228



**Кемел Тоқаев**

**Шығармалары**  
**3-том**

*Құрастырған Жақау Дәуренбеков*

Редакторы *Ш.Рақымбекова*  
Корректоры *Ж.Шайкенова*  
Суретшісі *Е.Кожобаев*  
Техникалық редакторы,  
компьютерде беттеген *Ж.Дәуренбекова.*

ИБ №1026

Басуға 22.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$  Офсеттік  
басылыс. Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т.  
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен 5000 дана + баспа есебінен  
350 дана.  
Тапсырыс №

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 050009,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
тел.: 8 (727) 394-38-20.

TOKYAEB

Kemen

ISBN 978-601-251-136-9



9

7 8 6 0 1 2 5 1 1 3 6 9